Л 2009
19657к

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ



ЕЛЕҢ-АЛАҢ





ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ

ЕЛЕҢ-АЛАҢ

РОМАН

АЛМАТЫ
«ЖАЗУШЫ» 1984

Пікір жазғандар: *Қ. Мухамеджанов, Ғ. Қайырбеков*

Каз 2

© «Жазушы», 1984

БІРІНШІ БӨЛІМ

ТӘУЕКЕЛ

Сүлеймен:
Ұрпақ келер, ұрпақ өлер,
Ал қара жер
Мәңгі бақи қала берер.
Экклезиаст, 1 тарау, 4 тармақ

Егер біз Азияны тек үстінен жөңкіліп ете шықпай біржола иемденіп алғымыз келсе, онда бұл жұрттарға бір қатар рахыммен қарауымызға тура келеді; Олардың бізге адалдығы біздің оларға ықпалымызды әрі тұрақты, әрі баянды етє түседі... Ол халықтарға өзіміз де бірдеңе үйретпей, олардан өзіміз де бірдеңе үйренбей осынша үлкен мемлекетке ие болып тұра қоюымыз тіпті мүмкін емес.

Квинт Курций Руф. «Александр Македонский тарихы» М., 1963, 331 бет.

Жуырда ғана осында келген қырғыз-қайсақтар мен башқұрттар үшінші күні императордың кунст — камерасында болып, ондағы сирек кездесетін заттарды қызыға көрді.

«Санкт — Петербург ведомостілері», 1734, № 27, 118 бет.

— Астапыралла!

Қиыр-шиыр қалтарысы көп ұзын шұбақ қара көлеңке жайдың әлде бір қуысынан пыр етіп жарғанат ұшқандай оқыс шыққан осы бір әжептарқы дауысқа манадан бері жағаларын ұстап, арқаларын аяз қарығандай қаралай түршігіп келе жатқан қалың дүрмек ошарыла тоқтады.

Мұнда келгелі кеңірдегі сорайып ылғи алға түсіп алатын Нияз сұлтанның көзі алайып кеткен. Оймыш терезенің түбіне қатарласа жайғасқан қос шыны ыдысқа қарап қатыпты да қалыпты. Мөлт-мөлт бірдеңеге шүпірлей толған шыны құтылардың біреуінде қылқа мойынынан қырқып алынған еркектің басы, екіншісінде әйелдің басы қылт-қылт жүзіп жүр.

Қолына жіңішке таяқ ұстап, аузы-аузына жұқпәй қақсай жөнелген құс мұрын, қызылсары кісінің әр сөзін Мәмбет мырза сол бойда қағып алып, қазақшалай бастайды.

— Мына сұлу жігіт — Вилим Монс деген кісі. Екатерина патшаханымның қарауында қызмет істеді. Патшаханымға арыз айтып келгендерден пара алады екен деп айып тағылып, Петр патшаның пәрменімен жауапқа тартылды. Соттың үкімі бойынша басы кесілін, міне, осы арадан бір-ақ шықты. Ал мынау — Гамильтон деген сұлу бойжеткен. Бұл әйелдің сұлулығына Петр ағзамның өзі қатты тәнті болыпты. Бұның басын алдырған — Екатерина патшаханым. Екеуі де көрерге көз керек көрікті адамдар емес пе!

Арт жақтағы нарт күрең кісі үйсін Оразкелді батыр:

— Қызталақ, асқан сұлулық та абырой таптырмайды екен ғой! — деп күңк етті.

Бөріктері шошайып қаздия-қаздия қалған қазақтар мен башқұрттар естерін енді жинап ду күліп жіберді. Орындарынан дүркірей қозғалды. Олар езу жиып үлгермей жатып, Нияз сұлтан тағы да:

— Астапыралла! — деп жағасын ұстай алғаны.

Сейтсе, бұл жолы ерең-сүрең сұлтанның маңдайын мұп-мұздай бірдеңе жалап өткендей болыпты. Жалма-жан жоғары қараса... О тоба!... Жуандығы білектей сала құлаш сары ала жылан айыр тілін салақтатып төбесінен төніп тұр.

Жұрт та жапатармағай жоғарыға қарады. Айлапат төбеден салбырап-салбырап түсіп келе жатқан сансыз жылан. Олардың арғы жағынан көздері бақырайып көп балық самсайды.

Құе тұмсық кісі сұйықтау езу тартты. Жыландардың да, балықтардың да әлдеқашан жандары жаһанамға кеткенін, бұларды әуелі дәріге сап кептіріп, әдейі осылай көрмеге іліп қойғанын сетігенде оңсыз да айран-асыр қалып тұрған түздіктер одан сайын іштерін тартты. Нияз сұлтанның көзіне жылт оралып, ерінін бір сылп еткізді.

Үш қабат заңғар ғимараттың қай бөлмесіне аттап басса да, көздері атыздай болады. Естімеген елде көп деген осы екен ғой. Сегіз аяқты қозы, үш басты қозы, екі құйрықты, алты аяқты қозы, екі басы бар сәби, үш аяғы бар сәби болады деп кім ойлаған! Мына бір әйел мен еркек әуелден осылай бір-біріне жабысып туыпты. Ал әне бір абжыланның аузындағы тұк-тұк нәрсе кәдімгі екі қабат әйелдің құрсағынан жарылып алынған екі апталық шарана дейді.

— Жүре берсең, көре бересің деген осы да! — дейді жұрт таңданудың орнына күрсініп.

Өйтеуір олар мінген күймелердің зыр-зыр доңғалақтары ең мігір тауып керген емес. Мәмбет мырзаның жалп-жалп аузына да ең тыным жоқ. Қайда барса да қақ ортаға шығып ап, әр қайсысының жүзіне бір-бір қарап қойып, қақсап тұрғаны. Құдайдың қара жері құрығандай қалқыған теңіздің қақ ортасындағы тоқымдай-тоқымдай көп аралды қуалай салынған, қайда барсаң да — сыз иісі, қарағай иісі аңқып, қайда барсаң да — жаңа шашылып жатқан жаңа шаһарда бұлар бұрыннан да білетін бірдеңе кезіксейші, сірә! Тұяқ басты қара жерге тақылдатып тас төсеп тастайды дегенді осыннан көріп келеді. Ымырт үйіле үйдің де іші емес, ай даладағы тас бағанаға ілулі шойын құтыға зығыр майын құйып, самсатып самала жағып қояды дегенді осыннан көріп келеді. Міне, мына бір абажадай аңқал-саңқал қораның қай қуысына бас сұқсаң да — көк түтін, лапылдап жанып жатқан от, шаң-шұң балға дауысы, жабыр-жұбыр адам дауысы. Хиуаның базары да тап бұлай қиқуласып жатпас! От боп лаулаған елде бір қызыл сұйық елде бір науамен елдекайда жеңкілдеңдеп барады. Сол бір қызыл тасқын маңайына жақындатпайды. Маңайын шіркеу алтабы ұрғандай бөсіп ұялысып жатқан

шарпиды. Әлгі бір аспан шәйдай ашықта-ақ күн күркірегендей қып жер тіп көкті қақыратa гүрсілдеп, от қақыратын зеңбірек деген нәлесі осында жасалатын көрінеді...

Не көріп, не қойғаныңды дұрыс түсініп үлгермей жатып, зырзыр күйме селкіл қағып тағы да бір жаққа ала жөнелді. Тағы да сол — аңғал-саңғал аран аула. Тағы да сол — құмырсқадай құжынаған көп халық. Ертелі-кеш қой сауып, қозы айырғанның өзінде құлақтарын басып бәсіп кете жаздайтын қыр адамдары мына жұрттың дәл мынадай ың-жыңға милары ашып кетпей күні бойы қалай шыдап жүретіндеріне қайран қалып, аяқтарын әзер алып, жан-жақтарына жалтақтаумен-ақ естері кетеді. Үюлі жатқан тау-тау бөренелер. Зың-зың ағаш кесіп жатқан аралар. Айланат ауланың төрт жағы бірдей зәулім үй. Қайсысының қай қабатына көтерілін, қай бөлмесіне енсең де, көретінің — шашылып жатқан темір шегелер, дар-дар жыртылған кенеп маталар, теңкиген-теңкиген ағаш кескіштер. Мұңкіген май иісі, бояу иісі. Бір құлазыған кең аулада мауыздай-мауыздай сегіз жүз еркек қаз-қатар тізіліп ұзындығы бір құлаш темір істікпен кенеп тігіп отыр.

— Мыналарың не?

— Суда жүзетін кемелердің желкені.

Ертеден қара кешке осылай салпақтайтын да жүретін қазақтар мен башқұрттардың тамсана-тамсана таңдайлары жауырды, бастарын шайқай-шайқай мойындары ауырды. Сонда да жалығатын түрлері көрінбейді. Мәмбет мырза ала таңнан жетіп келіп: «Ал, кеттік!»— десе, етектеріне сүріне-мүріне орындарынан дүр көтеріледі.

Васильев аралындағы бір қабат сылама үйдің ауласына қоңыраулатып кіріп, қоңыраулатып шығып, дүрлігетін де жүретін осы бір шолақ шерудің қақ алдындағы сары ала күймеде тұрулі пердеден төңірегіне тесіле қарап келе жатқан ырғай мойын бала жігіттің жанары қайда түссе де, көз алдына бір көрініс келденеңдеп тұра қалады. Онда нық ортасы еді.

Жаңа жауған аппақ қарды аямай шимайлап келе жатқан бұлардың күймелері әшекейлі үш қабат үйдің алдына кеп тоқтады. Астанаға келгелі сәнді үйлердің талайын көрген серуенші мейімдар оған тап пәлендей таңғала қойған жоқ. Одан гөрі анадай жердегі өңіреп қатып жатқан сіре мұзға таңырқай қарасады. «Үйдің іргесіне мұз қатырудың да сәні болғаны ма?»— деп таңданысады.

— Міне патша сарайына келдік,— дегенде барып, бәрі: «Рас па?» дегендей Мәмбет мырзаның бетіне жалт-жалт қарасты.

Ақтарылмаған бейтаныс топтың алдынан шыққан өңшең бір сары ала нық сыптығыр адамдар құрақ ұшып жол бастай жөнелді.

— Мынау бірінен-бірін өткізіп жұтынтып киіндіріп қойған әдемі жігіттер патшайымның балалары ма екен?

— Патшайым канша төлшіл болса да, тап осынша кәп баланы төлқұжаттап бір өзі қайдан танисын!

— Енді қалай деп ең? Жер түбінен келген ханзаданы патшазадалар шығып қарсы алмай, қайдағы бір қаратаяқтар шығып қарсы алып тұр ғой дейсің бе?

— Қара таяқтарға мынадай киім қайда!

Сыптығыр сары ала иық еркектер сый қонақтарға ере жүрмей ыздиып-ыздиып қос қапталда қаз-қатар тізіліп қалып барады. Өзара күңкілдескен қалың дүрмек жалт-жұлт еткен мәрмәр сатыларды «Иә, біссіміллә» деп еппен басып, жоғары көтеріле бастады. Айнадай жалтыраған абажа есіктер олар жақындай бергенде өз-өздерінен айқара ашылып кетеді. Сол-ақ екен ар жағынан екі жақ босағадан әлекей-шүлекей киінген біреулер жарқ ете қалды. Маңдай алдарында аршындай басып үш адам кетіп барады. Үшеуінің де үсті-басы жалт-жұлт еткен оқалы киім. Үшеуі де белбеулеріне салақтатып қолақпандай алтын кілт тағып алыпты. Бұлар талай абажа есіктен өтті. Кенет олардың бәрінен де үлкен, жалтырата аптап тастаған айлапат есікке жете бере алдыңғы үшеудің екі шеткісі екі босағаға ығысты да, қақ ортадағысы ата қаздай алшаң басқан қалпы самаладай жарқыраған кең жайға қойып кетті. Бұлардың аяқтарының дыбысы жерден емес көктен шыққандай, көз жауын алар зәулім сарайдың төбесі сатыр-сұтыр жаңғырыға жөнелді. Оң жақ қанатқа иықтарын жалаңаштап өңшең бір аршын тәс сұлу әйелдер тізіле қапты. Сол қанатта бұттары сыптиып, еттерімен ет тар шалбар киіп, омырауларына жарқ-жұрқ моншақтар тағып алған, шаштары дудыраған, әйел екендерін де, еркек екендерін де айырып болмас әлдекімдер самсап тұр.

Бала ханзада қос жанарын әзәзілдей азғырып, алактатып алып бара жатқан қос қапталдағы алабажақ қауымға зер салмауға тырысып, оқтау жұтқандай сіресіп бақты. Алдында келе жатқан кісі қолындағы аса таяқты жалтыраған емен еденге дүңк еткізе қадап, біреуге ұрсып тұрғандай ақыра тіл қатты.

— Қырғыз-қайсақ ордасының ханы Әбілқайыр Мұхамбет Қазы баһадүрдің елшісі Ералы ханзада!

Ералы жалма-жан жер тізерлеп, маңдайын үш рет еденге тигізді. Соңындағы нөкері де оның істегенін істеп, жер ұшық жасағандай тұқшыңдаса кетті. Сәлден кейін ханзада орынынан көтеріліп, сонау Уфадан шыққалы Мәмбет мырза құлағына құйып келген жаттанды сөздерді сүре оқып тұрғандай үйреншікті мақамға салып саудырата жөнелді.

— Уа, нұрсипатты, асыл текті, патша ханым, мейірбанды алдияр тақсыр! Әкем Әбілқайыр өзінің тілегі бойынша әм өзіңіздің алдиярлык шарафатыңыздың арқасында қарауындағы күллі қазақ ордасымен бірге қол астыңызға біржола мойын ұсынып, Сіздің ұлы алдиярлық қамқорлығыңызға ие болып отыр. Өзіңіздің алдыңыздағы үмбеттік парызын адал атқаратындығының белгісі ретінде мені мынау алдиярлық ақ адал құтхана ордаңызға елшіліккке жіберді. Мен әкемнің атынан, алдияр тақсыр, аяғыңызға жығылып, осыншалық рахымыңызға шын жүректен рахмет айтып, бізді өзіңіздің алдиярлық шапағатыңыздан қағажу

қалдырмай, панаңызға ала көріңіз деген үмбеттік тілегімізді білдіруге келдім.

Жүрексіне шыққан бала дауысына жұрт сілтідей тына қапты. Қос қапталдағы иғі жақсылар көзі жаудырап, екі беті балбұл жанып, түсініксіз тілде тақылдап тұрған қаршадай ханзаданы әрі таңырқап, әрі мүсіркеп ішіп-жеп барады. Тек дәл төрде бір олақ қыздың жиған жүгіндей оқшау қауқиып тұрған дөңкиген үйікте ғана сес жоқ, бала ханзада, қапелімде, оның не екенін аңғара қойған жоқ. Жаңа Мәмбет мырза «осылай қара» дегендей иегін қозғап ишарат қылғасын, екі көзін содан аудармады. Өзін ақ шытырамен қымтап қойған ба қалай... Үсті-басынан алтын тәгіліп келе жатқандай қырық құбылады. Жарқ-жұрқ еткен әлде бір алмас ұшқындар жанарыңды тілгілеп тік қаратпайды.

Азғантай үнсіздіктен кейін жалт-жұлт етіп тәрге таман орналасқан сары ала шоғырдан әлдекім тамағын кенеді.

Ералының оң жағындағы Мәмбет мырза:

— Вице-канцлер граф Андрей Иванович Остерман мырза,— деп сыбырлады.

Қызғылт сұр киім киген ақ сұр адам жүзін бұған бұрып тіл қатты. Мәмбет мырза оның аузынан шыққан әр сөзді сол бойда-ақ қазақшалап бақты. Ханзада бірақ мынау сырбаз кісінің соншама бипаздап айтып тұрған сөзалаң әңгімесіне бәрібір түсінбеді. Бар түсінгені — ақ патшаның бұларды өз қоластына алатын болғаны.

Екі қарынан екі кісі демеп қақ төрдегі көз қарлықтыра жарқырап тұрған қақыра үйікке қарай алып жүрді. Бірінен бірі өткен алмас моншақтар мың сан құбылып ештеңені дұрыс аңғартпады. Аңғарғаны — қарсы алдынан қорғалаған айдың бетіне ұқсаған бір көмескі кескін көлең еткендей болды. «Қорғалаған айға тура қараушы болма! Онда мыстан кемпір отырады. Тура қарасаң, кірпігіңді жұлып ап, қари қып тастайды»— деуші еді үлкендер. Мына бір жұмбақ кескінге де ол дұрыстап қарай алмады. Сонда да көзінің қиығы бедірейіп тұрған тайпақ маңдайды, оның астынан әнтек әуелеп қалған қолағаштай қоңқақ мұрынды, үй-ішіндегілердің бәрінің төбесінен асырып, кеңістіктің бір түкпірінен әлдеқандай оданы бірдеңеге назары ауғандай, одырая қараған отты жанарды шалып қалғандай. Өмірінде тек осында келгелі ғана көріп жүрген көшедегі көп шомбал шойын мүсіндердің біреуін жұлып әкеп, үлде мен бүлдеге орап, қарсы алдына қақ төрге қонжита салғандай.

Екі қолынан ұстап келе жатқандар кенет жеңінен тартты. Ералы жер тізерлеп отыра кетті. Дәл маңдай алдында жаңа жауған аппақ қардай боп үлпілдей тәгіп жатқан әлденеге ерінін апарып еді, сусыма жібек екен. Барымташының шоқпарындай зілбатпан бірдеңе сол иығын жанап өткендей болды.

Ол — Анна патшаның шығыс елдерінен келген елшілерге орыс падишалары көрсететін ілтифаттың мезіретін жасап, иығынан қаққаны екенін кейін Мәмбет мырзадан сұрап білді.

Сол бір қас қағым сәт енді, бала ханзаданың есінен кетер

емес. Одан бері де талай уақыт өтіпті. Бұлар келгендегі аппақ қар бықсыған тұманға жем болды. Бықсыған тұман сіркіреген ақ жаңбырға, сіркіреген ақ жаңбыр лайсаң нөсерге айналды. Тоқым-тоқым аралдардың арасындағы көкше мұз күтір-күтір жарылып қызыл су көтерілді. Қызыл су телегей теңізге ұласты. Соның қай-қайсысының тұсында да бұлар тыным тапқан жоқ. Күнде осылай жөңкіліп бара жатқандары. Күнде осылай таңдай қағысып, бас шайқасып айран асыр болып түнеме үйлеріне қайтып келе жатқандары. Күнде көретіндері жабыр-жұбыр көп халық. Жапан түзде көз ұшынан бір карайған ия көрініп, ия көрінбес еді. Ал мұнда күнде ас беріп, күнде қыз ұзатып жатқандай сапырылысқан бір адам. Тіпті құдайдың қара жерін былай қойғанда, қалқыған судың беті де қаптаған адам. Бұларды қалтылдақ қарағай астауға мінгізіп су ортасында самсап тұрған көп қарауытқанға апарса ығы-жығы кемелер. Құ тақтайдың үстіне патшаның ордасындай қып зәулім сарай сап тастапты. Соның бәрін астарындағы тылсым тұңғиыққа батырып жібермей жеті қиян жер түбіне аман алып барып, аман алып қайтатын анау жел кернеп, асау жылқының танауындай делдиіп-делдиіп тұрған желбірек кенептер дейді. Өңшең бір ысқырынған едірең мұрт біреулер, өңшең бір белуардан жоғары тыр жалаңаштанып алған еңгезердей еркектерге аяқтарына қыл қадаған ағаш қалып байлап беріп, ерсілі-қарсылы жер үйкелетіп, тақтай жуғызып қойыпты. Айғыз-айғыз ағаш еден қашан айнадай жалтырап шыға келгенше тыным тапқызбайды. Әлгі бір ысқырынған едірең мұрт еркектер қалталарынан кіршіксіз ақ орамалдарын суырып алып, тақтайды сипап көреді де, сәл дақ жұқса қайта жуғызады. Оған бола апшып жатқан ешкім көрінбейді. Отырықшы жатақтың қырман айналған моңғұрт мәстегіндей тағы да емпеңдей жөнеледі. Сахарада мынандай таукыметкке кім көнеді. Кез-келген жалба тымақ атасының сақалын боқтағандай аспанға шапшып намыстанып шыға келеді. Мұндай-мұндай итің-итің «катын шаруа» түгілі түйе матап, тай жығатын «еркек шаруаға» қолғабыс сұрасаң да «пәленшеке» дегенді әбден айызын қандыратындай қып ынты-шынтыңды салмай, еріңіңнің ұшымен салғырт айтып қалсаң, қонышына тығулы камшысын қолына алып, атақанына шырт түкіріп, сырт айналып жүре береді. Ал мыналардың борбайларынан тер сорғалап, борсақ-борсақ жортып, тыным табатын түрлері жоқ. Сөйте тұра, ағалары катын алып, соның тойында шашу теріп жүргендей ыржың-ыржың күліп мәз-мейрам. Сонда да қастарына барып: «Мынау не»,— деп бірдеңе сұрасаң, өңменіңнен өткізе едірейе карап: «Соны да білмейсің бе, маубас»,— дегендей ықтарын комдап, бұлданып сөйлейді. Бұл тарапта бұларды қомсынбайтын тірі пенде болсайшы, сірә! Көшесінде кетіп бара жатсаң, үйлері екеш үйлеріне дейін: «Алпыншақ-жалпыншақ мыналарың кім өзі?»— деп төбеңнен төніп, некірейе карап тұргандай. Тіпті делбе ұстаған атшысы мен босаға бакқан сакшысына дейін ит көрген ешкідей едірейе көз тастайды. Құдды бұлар мынау жалпақ жердің бетін катар басып

жүрген өздеріндей екі аякты жұмыр басты пенделер еместей. Не де болса, көздеріне көрінбей, араларына тұрып ап, екі жақты бір-біріне иліктірмей, кеуделерінен кері итеріп баққан әлде бір арапшы сиқыр бардай.

Басқаны былай қойғанда, ең болмаса, екі жақтың шөбі мен тау-тасының бір-біріне бірдеңесі ұқсасайшы!

Ызғындай шаһарда көздеріне ыстық көрінетін тек Мәмбет мырза ғана. Ол да мұнда келгесін сыпайы киініп, сызданып жүретінді шығарыпты. Жылтырап киініп, жылмиып тұрған кісіге жолап кетсең, бірдеңе жұқтырып алатындай, караптан қарап қаймығып бітеді екенсің. Кейде бала ханзада өзін қашанғы қара жерден әлде бір құдіреттің күшімен біржолата ажырап кеткендей сезінді. Маңайында баяғыдан бері көріп келе жатқан үйреншікті нәрселерден ештеңе көзге түспейді. Мынадай қалқыған қалың судың ортасындағы шаһарда тұрып, өзіңнің әлі жер басып жүргеніңе сенудің өзі оңай емес секілді...

— Астапыралла!

Қалың қиял құшағындағы ханзада селк ете түсті. Бұрылып қасында отырған Нияз сұлтанға қарады.

— Ералыжан, мына қызықты көрдің бе! — деді Нияз сұлтан көзі күлімдеп, терезеге тұтылған жібек шілтерді ысырып.

Ханзада қапелімде ештеңе аңғара алмады. Байқағаны — ымырт түсіп қалыпты. Қарауытып көрінген үйлердің әйнегінен шам жылтырай бастапты.

— Әне, аспанға қара!

Келгелі бірінші рет аңғарып тұр. Шүпірлеген жұлдыздар шығыпты.

— Анау Үркер ғой!

Иә... Үркер... Жарлы үйдің ошағының басындағы болмашы күлдей сұйқылт бозарытып шашылып жатыр.

Бала ханзаданың көкірегіне тығылып отырған әлде бір бозторғай қанатын қомдап талпынып-талпынып калғандай. Мынау әлі ызғары кеппеген сылпық көктемде, жан-жағы қалқып жатқан телегей су жат жерде құлағына бір тамыз айында туырлық арасынан шілделік шырлағандай өте-мөте сүйкімді, өте-мөте таныс дыбыс келді. Ол өз көңілінен бейуақ оянған тылсым сағыныштың талықсы үні еді. Ол бұны алғаш сонау Найзакескеннен аттанып бара жатып аңғарған-ды. Айдалада жолдарына аңтарыла қарап қалған айғыр топ адамның қақ ортасында состиып тұрған әкесі әлі көз алдында. Кейінгі жылдары иығы жығылып еңкіш тарта бастаған тұла бойында сыр бермеген тек ырғайдай ұзын мойыны. Жанарын қайда салып, назарын кімге аударып тұрғанын сездіргісі келмегендей, томаға көзін енді кіреукеленіп келе жатқан көкжиектің әлдебір тұсына кадап, қазықтай шаншыла қалыпты. Жат елшінің соңында артына жалтақ-жалтақ қарап бара жатқан бұған да көзі жөндеп түсіп тұрмағандай. Түні бойы анасын тас кып құшақтап, бауырына басын тығып, көрер танды көзімен атқызып шыккан қаршадай баланың пәлен күннен бері каралай қабынып кеудесіне симай келе жатқан жи-

регі өмірінде алғаш рет сонда шаршыды. Әкесін аяп шаршыды. Оның ырғайдай мойыны қаншалықты қақшия түссе, екі иығы соншалықты зілбатпан ауыр жүк басып тұрғанын да сонда көргендей болды. Содан қашан жал асып, қараңғы ымырттың ішінына біржола сіңіп жоғалғанша артына жалтақ-жалтақ қарауымен болды. Бұларды шығарып сап шоқ тоғайдың шетінде қалған айғыр топ та міз бақпады. Бұл да артына жалтақ-жалтақ қарауынан бір танбады. Қашан жанары тұлдыр мұнардан басқа ешнәрсе ажырата алмай адасып қалғанда барып, құлағының түбінен осындай бір талықсы үн шыққандай болған. Жалтақтап жан-жағына қараған. Қою іңірде көзіне не шалынушы еді... Сол бір бозторғай содан бұлар Уфаға жеткенше көздеріне көрінбей, соңдарынан ерді де отырды. Уфада патшаға кеткен Мәмбет мырзаны күтіп алты ай қыс сарылып жатқанда да сол бір жұмбақ құс мұның құлағының түбінен ұя салып алғандай шырлады да тұрды. Содан тек осы жылдың басында осы орыс астанасына келіп, елшіге көрсетілетін ырду-дырдуға араласқалы бері құтылғандай болып жүр еді. Енді, міне, аяқ астынан тағы да шырлап қоя бергені.

Сөйтсе, бұлар елден кеткелі де жыл жарым болып қалыпты. Одан бері екі қыс, екі көктем, көріп тұр. Қазір ғой қыр көкпеңбек... Төл аяқтанды. Уыз сүйылып, сүт ағарды. Мынандай ақ айран ымыртта қой сауып, қозы айырып азан-қазан боп жатқан шығар.

Ал мында, әлі салқын... Мұз қақырап, сең жүргені жақындаған... Аспан астында тебінгідей қара жер қалмай телегей-теңіз болды да кетті. Жұрттың бәрі жан-жақтан жапатармағай шапшып қоя берген жойқын судың жолына тосқауыл тұрғызып әлекке түсті... «Қызыл шұнақ қыстың басында келген бұлар әлі жатыр. Қазанның татарымын»— деп құран ақтарып отыратын шоқша сақал, шегір көз еркектің тап-түйнақтай қора-қопсысының бұлар әбден есін кетіріп қобыратып бітті. Байғұс қашан келсең де, қақпасын айқара ашып қазынып тұрғаны. «Жарықтық өзі жаңсы кісі екен!— десе, Мәмбет мырза: «Ханзада келе жатқанда қақпа ашудан сәрініп, оны не қара басыпты?»— деп күңк ете қалады. Бәлкім, ол сөзінің де жаны бар шығар. Анада патша сарайына барып жүргенде Хиуа елшісіне жолығып еді, олардың көріп жатқан күндері күн емес көрінеді. Ертелі-кеш әскердің шөп көжесінен басқа нәр татырмайды дейді. Бейшара хиуалық бұларды мұсылманның үйіне түсіргенін, қыстай қазысы бес елі жабағының етін жеп шыққандарын естігенде: «Бұлар бұрын қалмақтарды сүйтіп талтандатушы еді, енді сендерді талтандатайын дегендері ғой!»— деп күрсінген-ді.

Жағдайлары канша жақсы болғанмен жат жердің аты жат жер емес пе! Жалықтырайын деді. Бұл күнде ертемен Мәмбет мырзаны көрген сайын: «Айтатын не жақсылық хабарың бар?»— дегендей бетіне жалтақ-жалтақ қараумен болады. Әккі неме ар жағын аңғартпай сүйкылттау езу тартады да қояды. Тек бүгін ғана қасына кеп, ығынан қағып: «Қана болмаңыз, енді

сәл шыдаңыз!» — деп еді. Енді, міне, Нияз ағасы мынау іріген айрандай ағал-жағал аспанның әлде бір пұшпағынан Үркерді тауып алып жүрегі жарыла қуанып келеді. Кім біледі, елге қарай жол түскелі тұрған шығар. Мынау аспанның өзіне көзің түсе бермейтін ығы-жығы дүниеде бұлар мініп келе жатқан қамашау күркенің перделеп тастаған оймақтай әйнегінен жылт етіп Үркер сығалағаны қайдан тегін бола қойсын! Күнде бүйтсе, білмей жүр ме! Мәмбет мырза әлгінде ғана басқа күймеге отырып әлдеқайда асығыс аттанған-ды. Күндегісі осы. Таң атқаннан қастарынан қалмай таңжылмай еріп жүріп, бесін ауды-ақ, тықыршып бітеді. Баласы жылап қалған әйелдей асығып қоштасып, әлдеқайда зытып береді. Бүгін, бірақ, күндегідей емес күлімдей қоштасты. Мұндағылар неткен бітеу жұрт еді! Тықақтап сұрап отырмасаң, ештеңені алдын ала аңғартпайды. Ең болмаса, ертең қайда болатыныңды да алдын ала айтпайды. Түннен аман өрсең, ертең сиыр сәскеде барып бір-ақ білесің! Бірақ, қашан кәрсең де асығыңды алдап ұтып алғысы келіп жүретін жылмаңтәс балалардай, сыр бермей, жымпиып жүретін жылмақай неменің бүгін езуіне ие бола алмай, жымыңдай амандасып, жымыңдай қоштасуында бір гәп бар шығар...

Бала сұлтан басын терезеден әкетпей, тесіле түседі. Түнгі аспанның төсінен көзіне оттай ыстық әлде біреу төне қарап тұрғандай. Қазір құмардан шыққанша қарап қалмаса, көзінен бұлбұл ұшатындай... Үркер... Иә, сол... Бозарытып жатыр...

Иә, бұлар әлі жарықтық қара жердің үстінде екен... Салқар сахараның әлде бір түкпіріндегі бұлар кеткелі жолдарына қарап, екі көздері төрт болып отырған қиян қазақ ауылы мен мынау кекірейген меңмен шаһар ұланбайтақ бір қара жердің бетінде екен... Көкіректерін қанша көкке көтергендерімен мұндағылардың да аяқтары аспаннан түсе қалған ештеңелері жоқ екен. Олар да өздері секілді қалтаң-құлтаң жұмыр басты пенделер екен... Бәрінің де мына дүниеге келісі мен кетісі бірдей екен... Бәрінің де төбесінде бір аспан... Бәрінің де аяғының астында бір қара жер... Бәрінің де көктегі жұлдызға қарап ертеңіне бал ашқан далбаса тіршілік...

Жастайынан үлкендердің ауызын бағып өскен сұлтанзада бозғылт аспан пұшпағында шашырап жатқан сол бір күлдей шоғыр топ жұлдызға қиындағы ауылын көргендей қадала қапты.

Суыт күймелер ымырттың сұйқылт мұнарына сүңгі түсті.

Айлапат кең жайдың бұрыш-бұрышына тығылған селдір мұнар бірте-бірте қоюланып, үй-іші күңгірт тартты.

Қақ төрде абажадай жайма төсекте шалқасынан түсіп ойға шомып жатқан императрица шырақшының келгенін күтпей, қолын созып, бас жағындағы оймыш таған ға орнатылған шырағданды жақты.

Лап ете түскен жіңішке жалыннан етжеңді кексе әйелдің көмірдей қара отты көздері оқыс жарқ ете қалды. Шытынған қабағы мен қорасан талаған бұжыр-бұжыр бетінде, әлдекандай

құпия құлыштың не ашудың дабы екені белгісіз, бір шиыршық атқан өжет сұс бар. Орнынан ұшып, тұрып әйелден гөрі еркекке жарасымды аршынды қадыммен анадай жердегі атам заманғы бір венециялық шебер қызыл ағаштан нақыштап жасаған дөңгелек столды ойыншықтай ойната көтеріп әкеп, төсегінің қасына жақындатып қойды. Сосын тамағының асты албырап ісініп тұрған жуан мойнын ойқастай бұрып есік жаққа қарады. Әлгінде ғана аяғының ұшымен басып еппен кіріп, еппен шығып кеткен вице-канцлер қатты серіппей қаусыра жапқан қапсырма есік ырсиып қайта ашылып кетіпті. Барып мықтап жауып қайтты. Дөңгелек столдың үстіндегі шиыршықтаулы қағазды сосын барып қолына алды. Орауын жазбай біраз дағдарып отырды.

Көз алдына кеңесшілері самсап тұра қалды.

«Ойлануға тұрарлық нәрсе. Қытай, Индия, Жоңғария мәселелерін қырғыз-қазақ мәселесінен бөліп қарауға болмайды»,— дейді Остерман бұл жолы көзін алып қашпай, тіктеле қарап.

«Европа Американы мұхит асып барып ашып жатса, Россия өз іргесінен ашады»,— деп Бестужев-Рюмин сыздиды.

«Қапы қалмай тұрғанда қимылдағанымыз дұрыс!»— дейді Бирон кешкісін бұның төсегіне келіп, кеудесінде айқасып жатқан зіп-зілдей қос білегін былай ығыстырып, тамағынан иіскеп.

Сондағы кай-қайсысының да нек артатыны — мынау қолына ұстап отырған шиыршықтан оралған қатты қағаз.

Амалсыз орауын жазды. Сенаттың обер-секретарының тап-түйнақтай әдемі жазуы патшайымның бас қатырып жатуды тағы пәлендей жақсы көре қоймайтын асау ойын үйреншікті дағдыл жолынан ала қашып, қайдағы бір қоян жымындай шымшытырық қиыр-шиырларға бастайды. Сәл оқып көреді де, қайта кідіреді.

Сонымен әлгі қырғыз-қайсақ дегендері ешкімге бағынбайтын тәуелсіз, қойдың құмалағындай шашырап жатқан кәп жұрт болды ғой! Өздері шетінен атарман-шабарман жауынгер келеді деседі. Солардың ханы Әбілқайыр көл астындағы отыз мың халқымен, ру басыларымен 1731 жылы орыс бодандығын қабылдапты. Қазір бір ұлы мен інісін осында жіберіп отыр. Жарайды, бұнысы түсінікті әңгіме...

Патшайым тағы да қолындағы қағазға көз жүгіртеді. Әй, мынау не шатып кетті-ай?! Әлгі қырғыз-қайсағың бір орда емес, үш орда боп шықты ғой. Ендеше, әлгі Әбілқайыр бұлардың бас билеушісі дегендері қайда?! Үш ордасы несі.

Алайып төңірегіне қарайды. Көзіне ешкім түспеген соң, қайтадан қағазға үңіледі. *«Елу мыңбай халқы бар. Үлкен орданың өз алдына дербес ханы бар. Бұхара, Ташкент, Түркістан және жоңғар қалмақтары билеушісі Қалдан Шеріннің күнгей шығыс маңын қоныстанады»*. Сайтан алғыр, мынау қалай-қалай сандырақтайды-ай...

Патшайым әлгі айтылып отырған өлкелердің әйтеуір шығыста, әйтеуір ит арқасы қияндa екенін біледі. Бірақ қайдасы қай-

сысының күнгейінде, қайсысы қайсысының шығысында екенін ит білін пе!

«Екіншісі — Орта орда. Шәмеке деген ханы бар... Халқы жиырма мыңның шамасында... Бізге бодан болғылары келмей қарсыласып бағуда» Қарай көр!

Патшайымның дөңес мандайына білемденіп бір сызық тартылды. Ерінін жымқыра қысып біраз отырды. *«Бірақ Россияның Әбілқайыр мен Үлкен ордаға жасап жатқан жақсылықтарын көріп, олардың да көп ұзамай бодандыққа мойын ұсынуы ықтимал. Өйткені, олардың қонысы екі орданың ортасына орналасқан. Башқұрттар өз жеріміз деп есептейтін Торғай өзенін бойлап көшіп қонады».*

Осы араның тұсына көлденең белгі қойылыпты. Остерманның жазуы. *«Уфа мен Қазаннан түсіп жатқан хабарларға қарағанда, Орта орда жиырма мың әскермен башқұрттарды шауыпты. Башқұрттар қоршауға түсіп, тас-талқан болып жеңіліп, орыстардан қол астарыңызға алыңыздар деп өтінуге мәжбүр болыпты».*

Міне, гәп қайда жатыр!! Ана жолы, оған да төрт жыл болып барады екен, Таймас Шаймов деген башқұрт тай-тай асыл тері артып әкеп, бодандық сұрап, Орал тауының арғы жағынан көлкөсір жер алып кетіп еді, сүйтсе, қайсақтардан құқай көргесін амалсыз келіп жүр екен ғой! Бұл немелердің жалба тымағының асты толған айла-шарғы болса керек. Оп-оңай сазға отырғызып кете берулері мүмкін. Осыдан төрт жыл бұрын келген елшілері Әбілқайырды күллі қырғыз-қайсақ жұртының бас ханы деп еді, енді, міне, ол неме үш орданың біреуінің ғана билеушісі болып шықты.

«Ал үшіншісі — Кіші Орда; жоғарыда айтылғандай, біздің қол астымызға өтті. Өздері теңіз деп атайтын Арал көлі маңайын, Қарақалпақтар мен Жайық арасын, орта орда мен башқұрттар арасын, өздерінің ең жақын көршілері болып табылатын Жем мен Жайық бойын жайлайтын қалмақтар шекарасын қоныстанады, башқұрттардың көп жерін тартып алған»...

Қанша қайталап оқыса да, әлгі Кіші Орда дегеннің қай араны мекендейтінін бәрібір ұға қоймады. Шамасы, мына Кирилов қайсақ даласына Мәмбет Тевкелев емес бұл, Анна Иоановна, барып келді деп ойласа керек!..

Қол астындағы қоңырауға қол соза берді де, тоқталып қалды. Бір күрсініп қойды.

«Ол ордаларда ханнан гөрі ру басылары әлдеқайда беделді. Олар өз хандарының қол астындағы жұртының саны артып, дәулеті өсіп, қатты күшейіп кеткенін қаламайды. Сауат танитын адамдарын хан сайламайды. Хандар мұрагерлік жолымен сайланады. Ханның балалары сұлтан деп аталады.

Әлгі ордалар ауыздары бір болып, өзара тату-тәтті тұрған кездерінде Арал теңізіне құятын Сырдария (немесе өзен) бойындағы Түркістан, Сайрам, Ташкент деген атақты провинциялар мен қалаларға, соларға қарасты жерлерге иелік құрыпты. Ол үлкен-кішілерде, аталған өзен мен басқа да өзендер бас алатын жерде, ал-

тын кені бар көрінеді. Осыдан бірнеше жыл бұрын ордалар өзара алауыздыққа ұшырап, айтылған ұлыстарды жоңғар қалмақтарының билеушісі тартып алыпты.

Аты жиі аталатын Әбілқайыр хан қырғыз-қайсақ хандарының ең атақтысы және ақылдысы. Әйелі біреу. Одан бес ұлы бар. Оның біреуі қазір осында. Ол әлсіндей жабайы десе де қиянат болмайтын арда халықтың арасында жүріп-ақ, ұлы императрица алдиярдың қарауына өз еркімен отіп, тек өзі мен өз төңірегіндегілерді ғана емес, қарақалпақ ханын да қарауындағы жұртымен бізге бағынуға көндірді. Үлкен орда да соның араласуымен бодандық сұрап отыр. Ол өз алдына таяу жерден, Ор өзенінің Жайыққа құяр сағасынан қала салуды ұсынады. Өзі аракідік, сонда келіп тұрып, патшаға қызмет көрсеткісі келеді. Елші барған кезде бодан болуға көңілері келмей тулап шыққан жұртын иліктіруде қандай еңбек еткені Тевкелев журналында екжей-текжейлі жазылған». «Ор өзені» деген сөздің тұсына белгі соғылыпты: «Бұл өзен ежелден Россияға қарайды: башқұрттар мен қырғыз-қайсақ қоныстарының аралығында. Жайықтағы казактар қаласынан 400, Уфадан 300, Сакмардағы жаңа казак қалашығынан 150 шақырым жер».

Е, бұл неме баяғыдан бері осылай адам түсінетіндей қып жазбай ма!

Патшайым қолтығындағы құс жастықты бір умаштап қойды. Неге екені белгісіз, көз алдына анадағы қабылдауда қызылды-жасыл киіндірген қуыршаққа ұқсап қазданып тұра қалған қаршадай бала келді. Жәудірей қараған көздері, қалқиған құлағы, шіңкілдей шыққанмен, асықпай баппен сөйлеген дауысы... Бәрі есінде екен. Қимыл-қозғалысы, сөз тастасы тәрбие көргендігін аңғартқандай. Сол балаға қарап отырып, көшпенділердің де төрт аяқтылардың соңында текке шапқылап жүрмегендерін, олардың да бірталай нәрседен хабары барын сезген сияқты еді. Іргесінен қала салуды өтінгеніне қарағанда мына ханың тап анау айтқандай қара жаяу көрінбейді ғой! Жарайды, сондағы ойы не екен, көрейік...

«Әсіресе, ханның мына пиғылдары айрықша назар аударуға тұрарлық деп біледі:

1. Олар жоңғар қалмақтарынан қатты жәбір көріп отыр; ұлы императрицаның қол астына өткесін, соларға кеткен ұлыстарын кері қайтарып алмақшы».

Иә, иә... Патшайым бұғағын бір сипап қойды.

«2. Өздері сияқты жабайы Еділ қалмақтары ханының басындағы дәуренге қарап, өз қолындағы билікті күшейтіп, қарауындағы халықтың алдында айбынын асырмақшы».

Қош... Бұнысы да жөн болсын!

«3. Көрші халықтар мен аралдықтарды ұлы императрица ағзамның қол астына бағындырып, сол арқылы өзі де үлкен абыройға жетпекші». Мына жалба тымағыңның дәмесін қарай көр!

Патшайым бір ырғалып қойды. Қорасан талаған бұжыр беті-

не лып етіп қан көтерілді. Езуіне күлкі жүгірді. Басын қайта-қайта шайқап қойды.

Кирилов патшайымның дәл осы арада осылай бір лып ете қалар риза көңіліне су сепкісі келгендей, одан әрі былай деп жазыпты: *«Мұндай алаңғасар жұрттың тап онша пәтуалы бодан болып жарыта қоймасы, сірә, белгілі».*

Патшайымның қабағы түйіліп кетті. Әлгі бір көңілденіп қалғанын ешкім көріп қоймады ма екен дегендей жан-жағын тағы да бір сыздана тінтіп шықты. Абажа жайдың ішінде өзінен басқа тірі пенде жоқ екеніне көзі жеткенде барып, кекжиген басын төмен иіп, қағазға үңілді.

«Бірақ, бұларды басыбайлы бағыныштылар ретінде емес, Россия мүддесі үшін қыруар пайда келтіре алатын халық ретінде азын-аулақ артықшылықтар мен жеңілдіктер жасап, алдарқатып ұстай тұруға әбден болады».

Патшайым иегін қасыды. Обер-секретарь Кириловтың мынадай қырық бұлақ қым-қуыт пікіріне шамданып, қолындағы қағазды оқымай-ақ қойғысы келіп, манаурап біраз отырды. Сосын сояудай-сояудай ұзын кірпіктерінің астынан келгіре қарап, маржандай тізілген әдемі әріптерге қайтадан көз жүгіртті.

«1. Күні бүгінге дейін олар Россияға бағынышты Қазан, Жайық, Уфа, Сібірдегі шекара тұрғындарына озбырлық жасаумен келді; кішігірім қол жиып кеп тиісіп, жыл сайын малдарын, жандарын барымталап әкетіп, арғы жақтарындағы Бұхара мен Хиуаға апарып, құлдыққа сатып жіберіп тұрды; көпестерге де керуендерін тонап көп жәбір көрсетіп бақты. Әрине, бұған көзбен көріп, қолмен ұстатқандай даусыз айғақтар табыла қоймайды, бірақ дәл осылай болып келгеніне еш күмәнданбаса да болады. Өйткені, Хиуа мен Бұхарада мыңдаған орыс тұтқындары құлдықта жүр. Оларды бұлар апарып сатпаса, кім апарды?.. Халқының саны жүз мыңнан асатын қырғыз-қайсақ ордасы қол астымызға қарайтын болса, Россияның әлгі айтылған ұлыстары қазіргіден әлдеқайда тыныш дәурен сүрген болар еді».

Патшайым қауырсын қаламмен әлгі сөйлемнің тұсын бір түртіп қойды.

«Қалмақтар, сол сияқты, башқұрттар да бұрыннан ұлы императрица алдиярдың қол астында болатын. Енді олардың қатарына үшінші жұрт — қырғыз-қайсақтар келіп қосылды. Үшеуі бірбірімен қатты қырбайы. Алдағы уақытта да оларды сол дүрдараз қалыптарында ұстау керек. Егер қалмақтар мінез шығарып жатса, оларға қазақтарды айдап салуға болады. Алда-жалда қырғыз-қазақтар да бүлік шығарып жатса, онда оларға қалмақтар мен башқұрттарды аттандырамыз. Сөйтіп, олардың, орыс әскерін еш мазаламай-ақ, бір-біріне өзара айдап салып, өз ырқымызда ұстауға әбден болады.»

Анна патшайым шошақ еткізіп басын қайта көтеріп алды. Дәл соны күтіп тұрғандай, шыракшы кіріп келіп, барлық шырағданға от берді. Содан ба, жоқ, мынау қолындағы қағаздың

қызығына енді беріле бастағандықтан ба, самаладай жарқырап қоя берген үй-іші бір түрлі көңілденіп кеткендей көрінді.

«Әлгі Ор өзенінің сағасына салынар қала жайына келсек, Әбілқайыр хан мен башқұрттар ол тек қазақ билерін аманатқа ұстау үшін ғана емес, Бұхараға, Бадахшанға, Балқы мен Индияға емін-еркін товар тасып тұратын сауда жолын ашуға да көп пайда тигізер еді деп айтады. Мұндай дәме бір кезде ұлы Петр император қаржы да, адам да аямай, Астраханнан қарақұрым шерумен аттандырған Александр Черкасскийдің Хиуадағы қателіктерінің салдарынан жүзеге аспай қалған-ды. Терістік ендіктің 52 градусында салынатын әлгі қаланың мұндай мақсатқа өте-мәте қолайлы екені рас. Одан Арал көліне қара жермен жүрсеңіз де, су жолымен жүрсеңіз де, бар болғаны бес жүз шақырымдай ғана сапар шегесіз. Бұл Астрахань арқылы жүргеннен әлдеқайда жақын, әлдеқайда қауіпсіз. Ал Арал көлінен әрі қарай, Бұхара мен Бадахшанға, тіпті Индия шекарасына дейін кемемен жүзіп баруға болады.»

Патшайым қағаздан басын көтеріп, төңірегіне қарады. Самала шырағдандар: «Оқып отырғаныңыздың бәрі рас!» — дегендей жымың-жымың етеді.

«Бадахшан елкесінің Россияға керек болатын себебі — онда қыруар байлық бар: алтын, лағыл, меруерт, зубаржат дегендеріңіз шаш етектен. Ол аймақты бұрын Самарқанд, кейін Бұхара хандары иемденіп келген-ді. Осыдан бірнеше жыл бұрын олар Бұхара ханының қауқарсыздығын пайдаланып, өз алдарына дербес ұлыс болып бөлініп кетті. Қазір хан дегенді білмейді, республика іспетті; жұрт сайлаған қырық шақты ру басыларына бағынады. Елдің айтуынша, өзі билеп тұрған кезде Бұхара ханы Бадахшаннан құйма алтынның өзінен бес жүз пұт және де көп асыл тас тарту-таралғы алып тұрыпты. Қазір ру басылары: жұрт жылына бір-ақ рет бәрі бір мезгілде он күнге тауға барып асыл тас теретін болсын, сол жолы тапқан олжасын, қанша болса да, бір жылға мәпаха қылсын деп патуаласыпты. Қалған уақытта — бір-біріне сенбей, біреу-міреу тауға барып қоймасын деп бәрі жабылып қатты торуылдайтын көрінеді. Соған қарамастан, жерінде неше алуан миуа мол өсетіндіктен, әрі әлгіндей алтын мен асыл тастары болғандықтан, оның үстіне зергерлік құрып табыс табатындықтан ол өлкенің халқы әлі де өте дәулетті тұрады деседі. Олардың көк желкесіндегі жоңғар қонтайшысының мұндай қазыналы өлкеге өлімін сатары, әрине, түсінікті. Россия мұндай қыруар байлықты қауыпты көршісіне оп-оңай өңгертіп беріп, тып-тыныш отыра алмайды. Егер құдай сәтін салса, кездейсоқ қауып-қатерден аман болсақ, алыстағы Америкадан аса мол дәулет тасып алып отырған гишпандар пен португальдар секілді біз де орыс әскерінің мазасын алмай, жаттың жарақты қолын пайдаланып-ақ, әлгіндей ересен байлықты бір өзіміз иемденіп кете аламыз».

Императрица «осы өңім бе, түсім бе?» дегендей қолындағы қағазды аударып-төңкеріп бір қарап шықты. Империяның Бас

канцелариясы тіркеп, мөр басқан документ екендігіне әбден көзі жеткен соң барып қайта үңілді.

«Егер бұған жолдағы башқұрттар мен қырғыздардың, тағы басқа бұратана жұрттардың тарапынан келер қауіп-қатерді айтып кумандаиатындар табылып жатса, оның орынсыз екеніне бірнеше мысал келтіре аламыз. Біріншіден, егер Иван Васильевич патша Қазан мен Астраханды татарлардан тартып алмағанда, башқұрттар да бізге өз еркімен мойын ұсынбай, ар жағындағы түздіктерге ұқсап жақын жерден жағаласып өтер жауларымыз боп қалған болар еді. Құдай сәтін салғанда, қазір түздіктер де ұлы императрица алдиярдың ырқына жығылып отыр. Екіншіден, башқұрттан бізге бағынышты Уфа ғана. Онда башқұрттардың жүзден бірі де тұрмайтыны белгілі. Соған қарамастан, олар кешегі шведтер мен поляктарға ғана емес, түріктер мен қырымдықтарға қарсы соғыста да бізге адал қызмет етті. Ал олардың баяғыдағы көтерілісінің жәйіне байыппен көз жүгіртсек, оған көбіне-көп бұрынғы жағдайларынан айырылып, Сергеев пен оның қарауындағылардың балық аулатпай, жел диірмендерін тартып алып, үстеме салық салып, көптеген жақсы-жайсаңдарына арақты күштеп ішкізіп, мас қылып, суға лақтырғандары секілді бейбастықтары себепші болды. Үшіншіден, бір кезде ұлы Сібір де қазіргі Бұхара ұлыстары секілді басып алуға аса ыңғайсыз бет-бетіне бытырап жатқан жат өлке еді ғой. Соны алты жүзақ адаммен барып жаулап алып, Қытайға апаратын ұланғайыр жол ашып алмап па едік. Қазір бізге сонау Жапонияға жетуден де дәмете алатындай жағдай туып тұрған жоқ па? Осы бір атақты үш ұлыс Россияға қосылып, олардың халқы орыстармен мидай араласып, өз-өзінен жоғалып кетпейінше, біз баяғыда Россия талай рет бастан кешкен Бату, Темірлан тағы да басқа мұсылман билеушілерінің ұлы жосқын жорықтары секілді жойқын шабуылдар зобалаңынан мәңгі бақи құтыла алмаймыз».

Анна патшаның бойына бір діріл жүгіріп, қараптан-қарап жүрегі шаншып өткендей болды. Біріне-бірі қосылып бұлдырап кеткен әріптерден басын көтеріп, кірпігінің арасына оқыс оралған түсініксіз кіреукені саусағымен бір сүйкеп өтті. Мына Кирилов тек ландкарталар сызатын шимайшы ғана емес, арқалы ақын да екен ғой. Ұлы Россияның басына орнаған орасан бақытты қалай жеріне жеткізіп дәл айтқан. Бату, Темірландардың да, оларды шығарған көшпенді жұрттардың да бақтарының осы тайғаны тайғаны-ақ шығар...

Императрица өн бойын бір жұмбақ жалынға шарпылтқан әлгі бір тұстың қапталына иректей тіркелген қыстырма жазуға назар аударды. «Бату мен Темірлан — Алтын Орданың патшалары — ұланғайыр ұлыстары мен жер қайысқан әскерлері болған. Еділдің төменгі сағасындағы астаналары Ахтубаны Астраханмен бірге Иван Васильевич патша жаулап алған».

Дүние кезек деген осы. Мынау пәлен айдан бері бұның аузынан қандай сөз шығар екен деп, есігін бағып, ерігіп жатқан молиме елшілері сол бір кезде аспан астын тітіреткен тентек орданың

тұқым тебері деп кім айта алар?! Кешегі жер көкіректердің кеудесі бүгінде қалай-қалай өр боп кеткен, кешегі өр көкіректердің кеудесі бүгінде қалай-қалай жер боп қалған!

Патша одан арғы жазуға масаттана көз тастады.

«Мұншалық ұлы шаруаға қаншалықты сенімді екендеріне әлі көзіміз анық жете қалмаған сырмінез емес әрпіл-тәрпіл жұртты пайдаланғаннан пәлендей пәтуа шыға қояр ма екен деп күмән айтушылар табылып жатса, оған да сәлгі тарихтан талай-талай мысал келтіре аламыз. Басқасын былай қойғанда, қол астындағы отандас европалық әскердің емес, азиялық бұратана әскердің күшімен-ақ талай елді тізесіне басып, өз державасын ұлғайыр ұлғайтқан ұлы Александрдың ерліктерін-ақ алайықшы. Сондай жаттың қолымен от көсеп, жаттың дәулетін жамбасқа басатын қарқаралы дәурен Россияның да басына туып тұрса, одан қайтып бас тартпақшымыз? Алыс аймақтарға қол созған дәмеміздің еш пайда түспеген күннің өзінде еш зиян да шекпейміз ғой. Сонымен, әлгі сөз болып отырған жаңа қалалардың қаншалықты пайдалы екеніне күмәнданудың еш жөні жоқ.

Бұл айтқандарымыз көп кісіге құрғақ қиял боп көрінуі де ғажап емес. Бір кезде Американы іздегендерді де талай билеуші тәлкек қылған. Бірақ, артынан не бары бір жылға жетер-жетпес уақыт ішінде Американың көп жерін, әрі жақсы жерлерін, әлгі бақ қуған даңғой гишпандар иемденіп қойғанын естігенде, алдымен солар бармақтарын тістеген-ді. Жоғарыда айтылған өлкелерге жоңғар қалмақтары билеушісі көптеп көз сүзіп келеді. Олар қазірдің өзінде талай Шаһарды бауырына басып алды. Осы бетімен аталмыш аймақты да иемденіп кетіп жүрсе, ондай көршінің Россияның да көсегесін көгерте қоюы неғайбыл. Оның үстіне, Бадахшанның байлығынан парсылар да хабардар. Олар бір кезде қырғыздардың қиқуынан тауқымет тартқан біздерге ұқсап түріктмендердің тіпті қашты барымталарына әбден зығырдандары қайнап отыр. Сойткен парсылар ар жағындағы түріктермен киікілжіңдерін аяқтап, не көңілдеріне басқа бір әзәзіл ой қашып, аттың басын әлгі айтылған өлкелерге қарай бұрар болса, ондай қоңсылықтың да бізге опа таптырып жарытпасы белгілі».

Бұл сөздерді оқығанда императрицаның әлгіндегі көңілі су сепкендей басылды. Жалма-жан қауырсын қаламға жармасып, жаңағы түсқа белгі соқты. Бирон ның: «Қапы қалмай тұрғанда қимылдап қалу керек»— деп неге қипақтай беретіні енді түсінікті болды.

Императрица обер-секретарь Иван Кириловтың кесте қайығандай әдемі жазуына үңіліп біраз отырды. Сосын құс мамық төсекке сұлап түсіп, төбеге қарап ұзақ ойланды. Бирон ның, Остерманның, Минихтың Бестужев-Рюминнің ауыздары жалпылдап талай айтқан үйреншікті сөздерінің есіне біреуі түссе, біреуі түспейді. Кирилов мына қағазына Түркия мен Персияны бекер қыстырып отырған жоқ. Россияның күнгейінен көптен бері күңірсіген күйік иісі шығады да тұрады. Ол өрт Россия Азия құрлығының түскейіне түгел жетіп алғанша басылмақшы емес.

Ұлы Иван патша Қазан мен Астраханьды алып, Еділді басынан аяғына дейін басыбайлы орыс өзені етіп беріп кетті. Ұлы Петр орыс желкенін Каспий теңізіне шығарып, Таяу Шығыстың да тап онша тақым создырардай алыста емес екенін аңғартты. Ол Россияның бір аяғын Каспий теңізінің батыс жағалауына нық бастырғанмен, екінші аяғын шығыс жағалауына нық бастыра алмай арманда дүниеден салды. Славян әлемінің екі ұлы өзені Днепр мен Еділ құятын Қара теңіз бен Каспий теңізі Балтық пен Камчатка аралығын алып болуға айналған Россия империясының тегеурінді тақымына бұлтыңдап бір жола түспей келе жатқан екі көк тайынша іспетті. Ол екеуін орыс тақымына бұйыртпай мәңкітіп келе жатқан екі сәйгел — Түркия мен Персия. Екеуі де дағара сәлделі мұсылман мемлекеттері. Екеуінің де орыс патшалығы дегенде атарға оқтары жоқ. Бірақ, бір тәуірі, екеуі өзара ит пен мысықтай. Біреуінің жағасына жармассаң, екіншісі қол ұшын бермейді, қайта: «қап, бөлем, өзіңе де керегі осы еді» деп масаттанады. Соны пайдаланып Петр патша 1722 жылы Персияға қарсы соғыс ашты. Грузия патшасы VI Вахтанг пен армян католикосы[1] Есай Ғасан-Джалаянның жәрдемімен азғантай мерзімде қыруар табысқа жетті. Мұсылман падишаларын ит етінен жек көретін Кавказ христиандары орыс әскерінің жолында қоғадай жапырылады да отырады. 1723 жылы 12 сентябрьде осы Петербургте жасалған келісім шарт бойынша Каспий теңізінің батыс және түстік жағалауындағы Дербент, Баку қалалары мен Ғилан, Мазандеран, Астрабад аймақтары Россияның қанжығасына өңгерілді. Бұны, әрине, Персиямен қанша дұшпан болғанмен, Түркия да жақсы көре қоймады. Оған Азиядағы Түркияның ғана емес, Европадағы Англия, Франция, Австрия, Венециялардың да іштері қыз-қыз қайнады. Әсіресе, Англия онсыз да от басқандай болып отырған түрік сұлтанының бір күні оң құлағынан, бір күні сол құлағынан сыбырлап, қолтығына шоқ қыстырып бақты. Мұндайда Франция қайдан қарап қала алсын?! Бірақ Портадағы[2] орыс елшісі Николай Иванович Неплюев француз елшісі де Бонанға екі мың сом ақша мен бір мың үш жүз бұлғын терісін қолтығына қыстырып, көмейін бітеген-ді. Петр патша Дербенттен кері қайтқанда Порта сарайы «уһ» деп демдерін бір алған-ды. Бұл тыныштық та ұзаққа созылмады. Түріктің әккі сұлтаны парсы шахына наразы Грузияға қол ұшын берген боп басып кірді. Вахтанг патша кешегі кергігенін ұмытып енді сұлтанға құрақ ұшты. Ал сұлтанға керегі де осы еді. Күніне қырық аунақшып отырған грузин патшасын бір жола өз ыңғайына қаратып алып, бергі жағындағы Дағыстаннан орыс әскерін қуып шықпақ. Сөйтіп, Кавказдағы мұсылман халықтарынан біржола қол үзіп қалмасқа қам жасамақ. Ол енді Қырым, Кубань, Каспий маңы мұсылмандарын да желіктіре бастады. Жер түбіндегі Хиуамен одақ жасады. Баяғыдан бері бірінің қолы бірінің жағасында келе жатқан Түркия мен Персия енді жағаласса да көк желкелерінен

[1] Католикос — армян шіркеуінің діни басы.

[2] Түркияның өкіметін сол тұстағы европалықтар осылай атаған.

мысықтабандап үнсіз жылжып келіп қалған мына айбынды елге жалтақ-жалтақ қарап қойып жатқаласары сөзсіз. Екеуі де сәл қолдары босаса, ең алдымен, орыс жақ шекараларын бекітіп алуға жан салып бағады. Иә, қазір Түркиямен де, Персиямен де жағдай онша мәзді емес. Ол екеуін күллі Европа Россияға қарсы айдап сап желіктіріп бағады. Ал ол екеуі, сәл мүмкіндіктері болса, Каспийден арғы далалардағы ойдым-ойдым мұсылман хандықтарымен жең ұшынан жалғасып алуға тырысатындары күмансыз. Ендеше, ол екеуі өзара қызыл шеке боп жатқанда, алдарын орап, әлгі хандықтарға Россияның бұрын жетіп алғаны дұрыс. Европаның ақ қаптал саясатшылары айтып жүргендей, Петр патшаның батыстағы көршілерімен ақ алмастың жүзімен сөйлессе, шығыстағы көршілерінің жүрегіне жол табар қайдағы бір «кілт» іздеп баққаны рас еді. Сол кілт Россияның қолына енді түсіп тұр. Ол — мынау бодандық сұрап отырған қазақ хандығы. Тевкелевтің төбесін көкке тигізіп, екі езуін екі құлағына жеткізіп жүрген де сол. Кириловты осынша сайратып отырған да сол.

Не де болса, мынау ұсыныстарға қол қоймас бұрын кеңесшілерімен тағы бір ақылдасып алғанды жөн көрді.

Ертеңіне, 1734 жылы 1 май күні, шетіне «Жоғарыда келтірілген ұсыныстар біздің аса мәртебелі алдиярлық тарапымыздан мақұлдау тауып, ол бойынша мынандай шараларды жүзеге асыруға пәрмен етеміз: 1) Ор өзенінің сағасына қала салынып, оған бұдан былай дербес ат қойылсын; 2) бұл қала үшін жасалатын жеңілдіктер мен артықшылықтар белгіленіп, біздің бекітуімізге ұсынылсын; 3) бұл қаланы салып, онда қызмет атқару үшін қанша кісі керек болса, сонша тептерлер [1] мен бобылдар [2] бөлінсін; 4) қаланы тәртіпті ұстау үшін бастапқы кезеңде мына гарнизондардан: Уфадан жарты полк, Қазаннан бір немесе екі полк сонда көшірілсін; 5) Уфа полкінен армия полкіне ауыстырылғандар осы экспедицияға қайтарылып берілсін, ал олардың орнына гарнизонды толықтыратын рекрут [3] пайдаланылсын; 6) Уфадағы дворян роталарының жартысы мен казактар, сондай-ақ Уфа және Мензелиндегі әскер қатарына енді шақырылатындар сонда алынсын; ол Жайық пен Сақмар казактары қанша керек болса, сонша жіберілсін:, 7) башқұрт тарханлары мен мешерлері де қанша қажет болса, сонша жіберілсін; 8) жаңа қалаға қажетті зеңбіректер, мортирлар мен фальконеттер тиісті аммуницияларымен, жабдықтарымен және мамандарымен Екатеринбургте да-

---

[1] Тептерлер — Еділ бойынан қоныс аударған, патшаға алым-салық төлейтіндердің дәптеріне тіркелген татарларды башқұрттар осылай кемсіткен.

[2] Бобылдар — мүгедектігіне не кәрілігіне байланысты салықтан босатылған кіріптар қызметшілер.

[3] Рекрут — жазаға тартылып не жалданып әскер қатарына жаңа шақырылған адамдар.

йындалсын, ал оқ дәрі мен қорғасын керегінше Уфа мен Қазаннан қамтамасыз етілсін; 9) Уфадан бұрынғы жалақының үстінен жиналатын алым-салық ешқайда жіберілмей, осы экспедицияның мұқтажына жұмсалсын; 10) қырғыз-қайсақтардың биі Бөкенбайдың барымташы башқұрттар алып кеткен адамдары тегістей еліне босатылсын; сондай-ақ Рогорвикке[1] жер аударылған қарақалпақ өліп қалмаса, баласымен бірге Жайыққа қайтарылсын; 11) жоғарыда айтылған шараларды жүзеге асыру обер-секретарь Иван Кириловқа жүктелсін, оған жәрдемшілікке Алексей Тевкелев мырза тағайындалсын; керекті адамдары осыннан және Москвадан тауып беріліп, қолдарына біздің нұсқауымыз бен пәрменіміз табыс етіліп, екеуі әлгі сапарларына тезірек жөнелтілсін; бұның нәтижесі бізге хабарланатын болсын. Анна»,— деген бұрыштама соғылған қағаз императрицаның қолына жеткенше қанша қолдан өтсе, сонша қолға қайтып оралды.

Алдияр тақсыр бұрыштама салған қағазбен танысқандардың қай-қайсысының да көздері күлімдеп қоя берді. Әсіресе, Иван Кириловтың қуанышы қойнына симады.

Сенаттың обер-секретарының қоңырқай баспанасының астыүстіне шығып әбігерге түскеніне жарты айдай болып қалды. Өздерімен бірге ала кететін нәрселердің бәрі буылып-түйілді. Басы артық ұсақ-түйектің қажетке асатыны базарға апарылды, көршілерге таратылды, қажетке аспайтыны қоқыс төгетін шұқырлардан барып бір-ақ шықты.

Әлі күнге жиылып болмаған обер-секретарьдың кабинеті. Бұрын столдың үстінде, шкафтардың, терезенің алдында, орындықтың үстінде шашылып жататын көп кітап, көп қағаз, шиыршықтап оралған ландкарталар, енді жерде тырдай жалаңаш тақтай еденде ию-қию жайрап жатыр.

Қашан көрсең — асығып-үсігіп әлде бір жаққа кетіп бара жатып, қашан көрсең — асығып-үсігіп әлде бір жактан қайтып келе жатып мұрынынан шаншылатын да жүретін обер-секретарь қызметінен оралысымен кеңсе киімін шешіп тастап, үстіне әншейінде қойма жұмыскерлері киетін арзан матадан тігілген желең шапанды іле салып, білегін сыбанып іске кірседі. Бірақ, бәрібір шағын кабинеттің ішіндегі қараптан-қарап басыңды айналдыратын бейберекет қоқыр-соқырдың мұрты да шағылмайды.

Өйткені, қашан бас сұқсаң да, обер-секретарь қақ ортадағы қақпағын шалқайта ашып тастаған темір сандықтың қасында жағын таянып, қабағын шарта түйіп, қалың ойға малтығып тұрғаны.

Пәлен жылдан бері көзінен бір сәт таса қылмай, іздеген уақытында я оң шынтағының, я сол шынтағының астынан сопаң етіп шыға келіп, әрдайым я кеңседегі, я үйдегі жұмыс столының үстінде арнаулы құтыларда самсап сап түзеп тұратын қайшы, қағаз қиятын пышақ, мық шеге, ине-жіп, сызғыш, циркуль, желім, өшіргіш, сия сауыт, қалам сауыт, папье-маше, дәптерлер,

[1] Рогорвик — Эстониялағы гавань. Ол тұста мемлекет алдында аса кінәлі адамдар сол гаванның құрылысын салуға каторғаға айдалған.

альбомдар, газет жыртындылары, сарғайып кеткен хаттар — бәрі-бәрі енді, міне, көзіне оттай басылады. Ешқайсысын мұнда тастағысы жоқ. Олар қалып қойса, барған жерінде де дәл осылай самсап қарсы алдында тұрмаса, бұның ертең жұмысы жүрмейтіндей, үйірінен айрылған жылқыдай қаралай қоңылтақсып бітетіндей көрінеді. Осы бір ауызға алуға да татымайтын арзымсыз ұсақ-түйектен ажырап кетсе, бұны өзгелер түгілі өзі де тани алмай қалатын секілді. Не десең, о де, аяқ астынан айы оңынан туып, тасы өрге домалап шыға келген мынау жолы болғыш мырзаны күні кешегі қағаз басты хатшы Кириловпен байланыстырып тұрған жалғыз жұрнақ — осы бір қоқыр-соқыр. Қазір, құдайға шүкір, онда бір кісідей дәреже де, билік те, тіпті дәулет те табылады. Айтқанын екі етпей құрақ ұшып жүрген бағыныштылар да жеткілікті. Төңірі жарылқап, өкшесінде нәлі жоқ жайдақ етікпен еңіреп қатқан көкше мұзды басқандай, қашан тайып кетер екем деп қаралай жүрегің суылдап бітетін қолда ешқандай күш жоқ лауазымсыз, шен-шекпенсіз бүгежек күннен де құтылды. Енді бірер жылдан кейін ұлы империяның сонау Еділден арғы ен шалғайында өзінен басқа «әй» дер әже, «қой» дер қожа болмай, шаршысына толып шалқып отырмақшы. Соны ойлағанда күндекүнде көре-көре, қол ұшында тұра-тұра өз денесінің бір мүшесіндей болып кеткен мына бір нәрселердің қадір-қасиеті бұрынғыдан бетер арта түседі. Қайсысын алып кетерін, қайсысын тастап кетерін біле алмай ерте күнді кеш қылып дәндәнай боп тұрғаны.

Қарап тұрса, бұл үшін мына дүниеде олардан қымбат, олардан қастерлі бірдеңе болуы мүмкін емес. Әу баста-ақ қайыршыдан сәл тақыл, аштан өлмес, көштен қалмас күйі бар қағаз көшірушінің үйінде жарыққа келген бұның бүкіл тағдыры дәл мынау қарсы алдында шашылып жатқан болмашы дүниесымақтарға байланысты еді. Әуелде де сны қатарға қосқан осы қалам, сия еді. Әйтпесе, қаланың бір шетінде алапестердің моласындай ағал-сағал боп ала бөтен жұтырайып жататын етікші, арбакеш, отыншы, кір жуушы — қайдағы бір қағылған-соғылған ұсақ кәсіпкерлер тұратын бықынажай махаллада туып өскен бұл секілді тілік өкше тіміскіге күндердің күнінде дәл мынандай бақ-дәреже бұйырар ма еді, жоқ па еді?!

Есіне осы ой түскенде көкірек тұсының көбесі сөгіліп, өз-өзінен жиіп ала жөнеледі. Кәсіп қуып тамақ асырап, бұйырмыс тап қылған ұрғашыға көңіл қосып, тұрмыс құра салған, ғашықтық, тағы сондай елжіретпе, елітпе сезімдер жайын тек кітаптардан ғана оқып білген қара шекпен кеңсе қызметкері он бойын осындай бір осал сезім тосыннан билеп алғанда қапелімде аяқ астынан ауырып қалғаннан саумын ба деп, қараптан-қарап қобалжып бітер-ді. Енді, міне, бұндай нәзік сезімдерге де бірте-бірте бойы үйренер түрі бар.

Иә, расында да, бұл қайырды осы ортан қолына өле-өлгенше өшпейтіндей құс бітірген қауырсын қаламнан көріп келеді.

Көзін қағаз тесіеп, қолын қалам жауыратқан әкесі марқұм: «Ең болмаса, балам өмір бойы төрт қабырғаның ортасында қама-

лып қалмай, ел қатарлы жел сүйіп, жер көріп, ауа жұтып өтер ме екен»,— деп бұны он үш жасында Москвадағы тұңғыш навигация мектебіне[1] әкеп тапсырған-ды. Бірақ, теңізшілікті мұның маңдайына жазбапты. Мектепті ойдағыдай бітіргенмен, денсаулығы жарамай түкпірдегі Елецке қағаз көшіруші болып кетті. Петр ағзамның кезіндегі талай кеңселердің астын-үстіне шығарған кезде қалаудың бірінің түсында, стольник[2] Холопов жер-жерден жиған әкелген қағаз-қаламға ебі бар он екі жас өспірімнің бірі болып, ол қайтадан астанадан бір-ақ шықты. Қағаз көшірушілерді мекеме-мекемеге бөлгенде, оның шөбі құпия қылмыстар тексеретін кеңсеге түсті. Өз айтқаны болмаса, өзгенің сөзіне көп құрақ ұша қоймайтын қиқар мекеме бұған бірден стол қимай, әуелі біраз уақыт көше кездірді. Қазірдің өзінде есіне түскенде қараптан-қарап төбе-құйқаны шымырлайтын сол әзірейіл қызметтен құтылғаны да осы қаусырсын қаламның арқасы еді. Әйтпесе, кім біліпті, әлге дейін жағасын түріп, мыжырық қалпағын көзіне түсіріп киіп, қалтарыс-қалтарысқа тығылып ап, өткен-кеткеннің тықырын аңдыған көп жансыздың бірі болып сирағы шығып сандаңдаумен жүрер ме еді, қайтер еді... Қайыптан-тайып бір бастық бұның жазған жасырын ақпарын оқыпты. Мазмұнына қалай қарағанын өзі білсін, жазуы қатты ұнапты. Атамзаманғы түнеріңкі сұр үйдің бір абажадай бөлмесінде күнде ертемен зілбатпан темір есіктегі сығырайған жалғыз терезеден қашан атымды атап айқайлар екен деп тықыршып тапсырма тосып, оны алғасын бәйбішесі өлген үйдің асханасынан бет-бетіне безе жөнелетін аш тарақандай жан-жаққа тырым-тырағай зыта жөнелетін көп тыңшының арасында кезек күтіп отыратыны әлі кәз алдында. Сонда тіпті бір-бірінің бет-аузына дұрыстап қарамайды да екен. Жағасын түріп, желкесін күдірейтіп теріс қараған күйлері бастыққа өтеді. Сол бедірейген қалыптары бастықтан шығады. Сол, жақ ашпағандарымен қалтарыс көшелермен жұмсаған жаққа жөнелп береді... Сол күні бұған кезек ең соңынан келді. Қатыны өліп, оң жақта жатқандай тұнжырап отыратын бұқа мойын бұқпантай бастық қарағай тосқауылдың аржағындағы бүрсеңдеп тұрған бұған құдды ол тапсырма ала келмей, қарыз сұрай келгендей, алақандай көзінің қан талап тұрған бар тамырын бадырайтып алая қарады.

— Кирилов, тергеушіге бар.

— Неге?

Қанша тосса да, жауап болмады. Кирилов абайсызда нәжіс басып кеткен баладай жан-жағына жалтақтай қарап тергеуші отырған бөлмеге жасқана аттады. Мұздай суық абажа бөлмеде арқасына тон жамылып қорбиып отырған тергеуші жөн де сұрасқан жоқ, анадай жердегі жалаңаш қарағай столды негімен нұсқады. Сүйтіп бұл қылмыскерлер мен куәлардың жауабын жазып

---

[1] Навигация — су қатынасы.

[2] Стольник — патша сарайы дәстарханына басқөздік этетін ұлыққа берілетін құрметті лауазым.

отыратын хатшы болып орналасты. Сенің өзіне көзінде төбесі көкке жеткендей қуанып еді.

Күнде зіркілдеген жекіру, ақыру. Күнде сарт-сұрт кісі сабау. Күнде жан-жағы қызыл қан. Сол қан қасаптың ортасында бұл тұқшыңдап қағаздан бас көтермейді. Қара мұздай қапаста ыстық сорлы ішкендей тұмсықтарының ұшы шып-шып терлеп, ылғи білегін түріп жаланып жүретін қиқоз жендеттердің тепкісінен шығып, қиралаңдап белін көтере алмай отырған бейшаралардың езулерінен қара қан сорғалап отырып айтатын сөздерін қағыс жібермей қағазға түсіріп, қарағай столда қақ төрде қақырайып жауап тыңдайтын қаққан қазықтай қақшиып отырып-ақ, кейде кейбір қылмыскерлердің тергеуіне келіп, анадайда қақырайып отыратын талай ақ жаға шонжардың назарына ілігіпті. Оны тіпті өзі де сезбепті. Бірде бұл жазып шыққан әйгілі іспен танысқан патша сарайындағы мәртебелі тақсырлардың бірі:

— Жазуы қандай әдемі. Мына жігіт бізге керек екен?— деп жата қалып жабысыпты.

Сол-ақ екен бұл сенат құрылғанда, содан барып бір-ақ шықсын. Әуелі қағаз көшірді. Сүйтіп жүріп секретарьлыққа қолы жетті. Ол кездегі сенат қазіргідей қаңырап бос тұрмайтын. Ертелі-кеш есігі жабылмайтын. Оған тек қызмет бабымен кіріп-шығатын ресми ұлықтар ғана емес, ұлан-байтақ Россияның о шеті мен бұ шетінен дау қуған, қиял қуған сан-сияпат адамдар сабылып келер де жатар-ды. Оның бәрін құшақ жая қарсы алып, көлитіп мәслихат құрып отыруға мәртебелі тақсырлардың уақыты да жетпейді, құлқы да соқпайды. Көпшілігі осы Иван Кирилов секілді шығарып салма сөзге жетіліп алған аққаптал кеңсе қызметкерлерінің алдын көріп қайтқандарына мәз болады.

Бірде тапа тал түсте бұл отырған бөлмеге қайдағы бір сусар, бұлғын, сілеусін, қарсақ, барыс — әйтеуір бұның коргені бар, көрмегені бар — неше қилы түз тағылары қаптай жөнелгені. Сейтсе есіктен екі иығына екі кісі мінгендей еңгезердей біреу қорбаңдап кіріп келеді. Әлгі бір аяқ астынан шұбыра жөнелген жер қайысқан көп аң да соңау қауқиған топына жапатармағай жабысып алыпты. Қапырық бөлменің ішін тайғаның қышқылтым шайыр исі көрнеп қоя берді. Басқан жерін ойып жіберердей боп, сырлы еденді зар қақтыра келген бейтаныс мейман амандық жоқ, саулық жоқ бірден беліндегі қайыс белбеуін жұлқылай бастады. Әлгінде Кириловтың көзін атыздай қылған көп аңның терісін тұтас қалпында бір-біріне қалай болса солай құрай салған құрақ тонын иығынан бір жұлқып сыпырып алып, ортасынан бір бүктеп столдың қарсы алдындағы орындыққа қобыратып тастай салды. Сосын үстіне шалжиып өзі отырды. «Мынаның кім еді?»— дегендей бұның бет-аузына алая қарады. Солай біраз шаншылып отырды да, астындағы орындықтың арқалығына асулы ені жарты қарыс қайыс белбеуіне қол созды. Оған байлаулы аң терісінен жасалған жан торсықты салдыр-гүлдір шайқап-шәйқап қойды. Қарағай орындықты қақыратып жіберердей керіле шалқайып, қолындағы торсықты бұған ұсынды. Торсықтың өшекейі Сібірдегі

көп бұратаналардың біреуінің қолынан шыққанын аңғартып тұр. Бұл жымиып:

— Рахмет,— деп басын шайқады.

Құдды бір пешке таптанып отырғандай күреңіте қызарып албырап алған алпамса кісі түздай көкпенбек көздерін тағы да бір шаншылта қадап өтті. Сосын «ендеше, шаруаң білсін» дегендей, тойған торайдың бүйіріндей томпиып тұрған жанторсықтың селтиген жаңғыз пұшпағын едірейген жирен мұртының астына апарды. Жұдырықтай жұтқыншағын бұлт-бұлт ойнатып, бірдеңені қылқ-қылқ жұта бастады. Ашырқанған мезірет жасап танауын тыржитты. Жанторсық байланған белбеуін орнына қойды да, оң тізесін зіп-зілдей жұдырығымен бір нұқып алып сөз бастады. Ол сонау жер түбіндегі Якутскіден келіпті. Казак атаманы Афанасий Шестаков көрінеді. «Үкімет басындағы Сенатқа айтып кетер бір-ақ ауыз сөзім бар»,— дейді. Сондағы айтпағы мынау төбесінен ыс-ыс сабаны салбыраған күйе шатырлы Россиядан бір қадам былай аттап шықтың-ақ — тұнып тұрған байлық. Мұншама ағылтегіл дәулетті тайга мен түздің көк инені құйрығынан түрте алмайтын қайдағы бір салдыр-салақ жалаң бұттары бостан-босқа рәсуа қылып отыр. Мына мұхит пен ана мұхиттың арасындағы ұлан байтақ өлкенің асты мен үстіндегі көлкөсір қазынаны қажетке жарата алатындай орыстан босқа ұсынақты жұрттың қарасы бұл төңіректе әзір көрініп тұрған жоқ. Соншама көлкөсір жер біздің түреніміз бен қайламыз тимесе, осы жабайы қалпында жата берер түрі бар. Қашан балағын түрініп, балтасын асынып орыс шаруасы келер екен деп солдаттыққа кеткен байын күтіп тыпыршыған ту қатындай қаралай жонынан жыртылып айырылып жатқан анау ақ селеулі даланың, одан арғы сыңсыған ну ормандағы әлі күнге адам түгілі ит піскемеген, құрт-құмырсқаға жем болған есіл мәпаханың обалын ойлайтын уақыт келді емес пе? Мұнда бықсыған қалың тұманның ортасында патшаханымның тажын тастатып, іш көйлекшең қалпында көретін бір-екі келімсектің не деп шүлдірлегенін естиміз деп құлақтарыңыз салбырап қалғып-мүлгіп отыра бергенше, қайда жол түсер екен деп табаны қышып, балтырын қасып үйіне сия алмай отырған байғұс мұжықтарға: «Барыңдар ана шығыс өлкелерге, батыңдар ана байлыққа!» — деп айтпайсыңдар ма, түге?..

Афанасий Шестаков айтарын айтты да, аспандағы құдайды ма, жердегі патшаны ма, жоқ мынау қарсы алдында мұның махорка ыстап тастаған сағал-сағал сары тістерінің арасынан тағы кандай сөз шығар екен деп телмеңдеп отырған Иван Кириловты ма, кімді екені белгісіз, әйтеуір біреуді жер жастандыра боктады да, тарғыл тонын қолтығына қыстырып тайып тұрды. Бірақ, қағаз қажаған қара шекпен хатшының көкірегін кыж-кыж қайқатып, көкейіндегі әлде бір қызыл құртты түртіп оятқан тайғаның тоқтық пен шайыр аңқыған әзәзіл иісі бөлменің ішінде аңқып қала бар-ды.

Сосын-ақ бұл келген-кеткендердің қай тараптан келгенін, жөрлерінің табиғаты кандай екенін, көршілерінің кандай өлкелер

екенін, олар жайында не білетінін ала бөтен көп қаузайтынды шығарды. Әсіресе, астанаға әлі беймәлімдеу шет аймақтардан біреу-міреу келе қалса, құдайы әбден береді. Әскери жорықтарға қатысқан не сыртқы істер коллегиясының тапсырмасымен бір жаққа барып қайтқан біреу-міреуді естісе, соңынан қалмай жүріп жат өлкеде не көріп, не қойғанын тәптіштеп сұрап алады. Естігендерін ұмытып кетпей тұрғанда дереу қағазға түсіріп отырады. Карта жинауға құмарлығы да сонда оянды. Енді ол мәжілістестерінің айтқанына ғана қанағаттанып қоймай:

— Барып қайтқан жағыңыздың жөн-жобасын долбарлап қағазға сызып бермес пе екенсіз?— деп қолқалайтынды шығарды.

Сенаттың басқа қызметкерлеріне істері түсе қалса, қалталарын томпита келетін көнігі келімсектер бұған жолығатын шаруалары шыққанда қолтықтарына ораулы шимай-шимай қағаз қыстыра келуді әдетке айналдырды.

Кириловтың столының тартпалары мен шкафтарында ондай ораулы қағаздар күннен-күнге көбейе берді.

Соның қызығын бұл ақыры көріп тынды. Ол кезде терістік майданының жағдайымен басы қатып жүрген Петр патша андасанда астанаға бір соғып кеткен тұстарында сенатқа қалай да бір кіріп шығатын.

Әлге дейін есінде... 1724 жылы декабрь айында Сенат мәжілісі үстінде Сібір жайында әңгіме туып қалды. Бір қапталда аяғын айқастырып тастап терезедегі әлекей-шүлекей қырауға қарап өзімен өзі боп отырған патша:

— Сібір аймағының картасы бар ма? Әкеліңдерші..,— деп дүңк еткені.

Стол басында отырғандар көздерінің астымен бір-біріне қарасты. Ондай картаның жоқ екенін бәрі де біледі, бірақ: «Жоқ»,— деп айтуға ешқайсысының батылы бармай отыр. Соны іші сезіп қойған патша әдейі оларды қинай түскісі келгендей қайтадан терезе жаққа қарап, қайтадан өзімен-өзі болып кетті.

Мәжіліс тым-тырыс. Бәрі де көздерінің қиығымен патшаны аңдулы. Міне, оның жылмиып жатқан қара мұртының шалғысына күлкі ілінді. Сол жыминған қалпы қазір бұларға бұрылып қарайды. Патша алдияр беттеріне қарап отырғанда, бастарын көтермей жанарларымен жер шұқып кетуге олардың қақылары қайсы?! Амалсыз көздерін тіктеп, патша жаққа жүздерін бұруға мәжбүр болады.

Сол-ақ екен патша ағзамның жылмиып жатқан құндыз мұрты лезде барлық жылтынан айрылып, кірпідей тікірейіп түрегеледі. Жымсия күліп тұрған нұрлы жанары кенет әлем тапырық танып әпірейіп алады. Сосын шекелей қарап тұрған асқақ басын аспандата шалқалап:

— Бүйтіп Сенат болғандарына!— деп бір сыбайды.

Сол жолы патша ағзам аузын енді аша бергенде Кирилов орнынан көтерілді:

— Алдияр тақсыр, ондай картаны Сібір мен Камчатка түбе-

гінің қолда бар схемаларынан құрастырып сызып шығуға болады!

Жұрт сілтідей тыпып қалды. Мұндайды ешкім күтпеген. Тұтанғалы тұрған ашудың жолын бөгеген бұл қайсысы еді дегендей патша орнынан атып тұрып шаншыла қарады. Көмейіне іркілген зәрлі сөзді қайда жіберерін білмегендей бірер жұтынып қойды. Сосын құп-қу жүзіне қан теуіп, көзі самаладай жарқырап:

— Ендеше сол картаны бір тәуліктің ішінде өз қолыңнан жасап шықпасаң, қара жердің бетін басып болдым дей бер, көгершінім,— деді.

Қаздаңдай басып есіктен шыға жөнелді.

Залдағылар орнынан көтеріліп, состиып тұрған бұл жаққа көздерін бір-бір тастап есікке беттеді.

Ертеңіне алдында жатқан жаңа сызылған картаны көргенде патша столды жұдырығымен бір қойып:

— Кирилов, өзің есектен де өткен ерегеспе неме екенсің?— деп шаңқ ете қалсын.

Төбе дір етіп, шамдалдар шайқалып кеткендей. Бұның қолына ұстап тұрған көрсеткіш шыбығы сылдыр етіп жерге түсті.

Патша алдындағы жаюлы жатқан көлдей қағазға үңіліп тұрып, сылқ-сылқ күлсін.

Жұрттың көзі одан сайын адырайып барады. Кирилов дәл екі шықшыт тұсынан шып ете қалған мұп-мұздай екі тамшының кенет пышақтың жүзіндей өткір бірдеңеге айналып дәл алқымдыққа барып инедей қадалып тұрып алғанын сезіп тұр. Тырп етсе ұлпа тамағына кірш етіп кіріп кетердей.

Патша тағы да жүзін сұытты.

— Брюс!

Бір бұрышта иығы салбырап кеткен орыс ақсүйектерін үнсіз қызықтап тұрған шотланд Брюс ұйқыдан шошып оянғандай селк ете түсті.

— Бері кел!

Брюс жасқаншақтап патшаға жақындады.

— Бүріспей тезірек жүріңіз...

Бейшара Яков Виллимович негі қалт-қалт етіп аяғын жылдамдата басты.

— Сені де тау-кен істері коллегиясының президенті дейді-ау. Қайдағы бір қағаз көшірушінің жасағанын әлі жасай алмай келе жатсыңдар. Кирилов сендердің Россияның ғылымын құлпыртуға анау керек, мынау керек деп жазған неше бір шимайларыңды талай көшіріп шықты. Оның жасағанын енді сендер көшіресіңдер. Бәлкім, қолдарыңнан карта жасау келмегенмен, жасалған картаны көшіріп көбейтіп беру келетін шығар.

Брюс:

— Құп болады, алдияр тақсыр,— деді дауысы қалтырап.

— Кирилов!— деп ақырды патша.

Кирилов одан сайын сіресе түсті. Алқымына тіреліп тұрып

алған әзәзіл ине одан сайын мұп-мұздай боп, көкірегін аяз жалағандай қарып барады.

— Сен бүгіннен бастап Сенаттың обер-секретарысың.

Жым-жырт жұрт аяқ астынан жел көтерілгендегі шалғын басындай оқыс толқынып, біреулердің тіпті «Уh» деген дыбыстары да шығып кетті.

Патша алдындағы қағазды шпыршықтан орады. Қарсы алдында қаздиып тұрған Брюстың оң қолтығына әкеп өзі қыстырды. Оқшау қалып қойған Кириловтың қасына кеп арқасынан қақты. Мұртын бір жыбыр еткізіп есікке бұрылды.

Қалған шонжарлар да патшаның істегенін істеп, бұның қасына келіп, сәл аялдап, бастарын изеп, сырттағы күймелеріне зытып берді.

Абажадай сенат залында жалғыз қалды. Не болып, не қойғанына түсінбегендей. Сілейіп әлі тұр. Әлгінде ғана патша шығып кеткен жаққа бұрылып қарай беріп еді, алқымына әлдене шым етіп қадала кеткендей болды. Жон арқасы мұздап қоя берді. Мана патша келеді деп асығып-үсігіп жүргенде қағаз тігетін пнені ұмытып кетіп орнына салмай, абайсызда жағасына қадалып қалып жүргеннен сау ма! Жалмажан қолын мойнына апарса... Омырауы малмандай су. Екі шықшыттан құйылған ащы тер жұтқыншақтан төмен саулап, көкірегін шылқытып тастапты. Қалтасынан орамал алып, бұрыштағы айнаға бұрылды. Сөйтсе... Көзінің алды сора-сора. Өзі де білмепті. Манадан бері үнсіз жылап тұрыпты.

Кирилов сүлдері құрып қапталындағы орындыққа сұлқ отыра кетті. Басын көкірегіне алып, екі пығы бүлк-бүлк етіп, қапелімде жұбана алмай, ұзақ солқылдады.

Бұл оның өмірінде бірінші рет жүрегі жарыла қуанғаны еді.

Содан былай сенаттың аты аталған жерде жұрттың есіне ең алдымен Кирилов түсетін болды. Обер-секретарьдың кабинетіне тағы да бір айлапат стол қойылды. Кирилов қолы қалт еткенде соған барып карта сызады. Бірте-бірте балғыдан бері шынтағын жауыртқан байырғы жазу столын атымен ұмытуға айналды. Ертелі-кеш күйбеңдеп абажадай сызу столының қасынан шықпайды. Ертелі-кеш қолынан сызғыш пен өшіргіш түспейді. Бір жаққа жолаушылап барып қайтқандар ең алдымен соған кеп бір соқпаса, бастары ауырады. Бір жаққа жолға шыққалы жүргендер де шырқ айналып соны табады. Бірде оған тұла бойында сүйек пен еттен ештеңе жоқ, тұп-тұтас сом болаттан құйылғандай мып-мығым біреудің кіріп келгені. Теңізші. Бірінші дәрежелі капитан. Қызыл шырайлы дөңгелек жүз. Еркектерден гәрі әйелдерге келісіңкірейтін қою керме қас. Жұмсақ жұмыр пек. Тек орақтай мұрын мен бармақтың басындай теңге мұрт қана айбын шақырғандай. Кирилов тани кетті — Витус Беринг. Россияға қызметке жалданып келген дат теңізшісі. Жиырма жыл жан аямай еңбек етіп, ағыл-тегіл қан төгіп, жарғақ құлағы жастыққа тимей жүргенде екінші дәрежелі капитан деңгейінен аса алмай қойғасын қолды бір-ақ сілтеп отставкаға шықты деген. Бірақ, еліне

кетпей, Выборгке барып үй-жай алып орналасты деген. Қызметте жүргенде берілмеген бірінші дәрежелі капитан лауазымы отставкаға шыққасын берілген. Өзін жұрт басынан өсіз асырмайтын шамшыл, кіді, намысқой кісі атайтын. Ендеше сондай төкаббар неме басқа ұлық жетпегендей бұған қалай бас сұғып жүр...

Мейман Кириловтың ойын аяқтатпай, жөнін өзі айтты.

— Камчаткаға экспедиция аттандырғалы жатыр деп естідім. Рас па?

— Рас.

— Ендеше, соған сұрансам, мені жіберер ме екен. Ол жақта аң терісі әрі арзан, әрі өте көп деп еді. Осында әкеліп қымбатына сатып, ырзық айырмасам, ыңыршағымыз айналуға қалды. Ақыл сұрай келдім.

Қыршаңқы теңізшінің айтып тұрғаны қалжың шығар дейін десе, көзінде жылт еткен жымысқы ұшқын жоқ, қадалып қайсар қарайды.

Жүріс-тұрысы, тұлға-тұрпаты, айтса айтпаса да, тапжылмас табандылықты аңғартқандай. Өзге әріптестеріндей асып-төгіліп көп те сөйлемейді екен. Аузын әр ашқаны мен аяғын әр басқаны есепте сияқты. Сол мінезінен де өрге баспай жүрген түрі бар. Біздің қайран Россияда мық шегедей қадалтып айтқан мығым пікірге қашан дес беріліп көріп еді. Бәрін алдын-ала тәптіштеп, жүз қайтара кесіп-пішкен жүйелі ұсыныс, жосықты жобаның кімге қажеті бар! Ондайды сп-оңай мақұлдай салғаннан қай шонжар, қандай ұлық абырой табады. Қарауындағылардың қатырдым деп әкелгенінен қате таппаса, ол қақырадай боп несіне бастықпын деп отырады. Оның ақ қағаздың бетінде сенің қаламыңнан гөрі айыпын жимай батыл жортатын сойылдай сойқан қаламына да бірдеңе қалдыр. Сонда ғана ол ертең: «Егер мен мынадай кілтипанын таппағанда, бұл мұндай мықты боп шықпайтын еді!» — деп осындай іргелі іске өзінің де қосқан үлесін оңды-солды айтып мақтану үшін де әлгі жобаны бекітуге қол қолын бірдей кетереді. Бұл айлаға Петр өлгелі күллі Россия басшасынан кеңесіне дейін түгел жетіліп болуға айналды. Қайран император былшылдап бара жатса төбесімен көк тіреген талай шонжарды төтесінен бір қайырып тоқтатып тастап, есіктегі қағаз көшірушінің жүйелі сөзіне құлақ асқанын басқа кормесе де, Кирилов көрді ғой. Қазіргі шонжарлар сөзіңнің жүйесінен гөрі көйлегіңнің түймесіне көбірек мән береді. Үй сыртындағылардың сөзін тінткілеген мен үй ішіндегілердің көзін тінткілегенді ел басқару деп ұғады. Кеменгер отырар жерде кемпарық отырса, сойтпегенде қайтеді. Мынау қиқар теңізші де мына қалпымен есік жағалап ештеңе өндіре қоймас. Әлгі ниеті рас болса, бұған біраз нәрсені «әліппеден» қайта бастау керек сияқты...

Капитан Витус Беринг әлгіндей ақылға уақытылы құлақ асып Камчатка сапарына уақытылы аттанып кеткен-ді.

Дегеніне жетіп, екі езуі екі құлағында тұрған мәз-мәйрам теңізшіні көргенде Кирилов сүйқылт жымиды. Әдеп пен тәртіп,

үнсіз бағыну мен ұқыптылықты сауыт қып киініп, лауазымды ордаға тымпиып кіріп, тымпиып шығып жүрген қойдан қоңыр кеңсе қызметкерінің көкірегінде әлде бір бұралқы күшік шәуілдеп үріп қоя бергені! «Талай сабаздың көз көрмеген қиян түкпірлерге жасалатын талай сапарына өзім себепші болдым. Ал менің өзім осындай жорықтарға қашан аттанам? Әлде осылай, әкем марқұм айтқандай, мынау төрт қабырғадан бір қадым аттап шыға алмай, шар тарапты қиялмен шарлап, шақша басым шарадай болып, стол айнала сенделумен бар дәуренімнің өткені ме?!»

Жұмыс десе ішкен асын жерге қоятын, басқа жұрт, басқа кісілердің не істеп, не қойып жатқанында көп шаруасы бола бермейтін Кирилов дәл мынандай бұралқы күшік өзінің де көкірегінен күрке салып ала қояды ғой деп ойламаушы еді. Қапелімде шошып қалды. Оның ішінде тағдырдан бір кісідей-ақ өгейлік көрген әлгі теңізшіге іштарлық ойлағанына қатты ұялды. Содан ба екен, қит етсе, оның атын аузынан тастамайтын болып алды. Тіпті жуырда патшаға берген жаңа экспедицияның жоспар-жобасында да Берингтің Камчатка сапарын таусыла мақтады. Кирилов кісі қызғанышты тек осылай ғана жеңуге тиісті деп ойлайтын. Әйтпесе, жаныңа бір қадалып алған жады тікен қашан қаныңды бұзып, қолыңа қанжар ұстатып, қалтарыс тостырғанша, тыныш таптырар ма! Адам мен аңның жалғыз айырмасы да сол кісінің өн бойын өртеп бара жатқан қызғанышты аяусыз баса біліп, әділетке жүгіне алатындығында емес пе?! Қызғаныштың дегеніне көнген қай мықтың да ақыры қабаған тобеттің кебін киіп, азуынан айырылып тынатын. Қызғанышты жеңіп, өзіңді өзің қайрап өрге бастасаң, кім біліпті, күндердің күнінде сенің де айдарыңнан жел есер? Жел еспеген күнде де, ешкімге қиянатың тимей, бетіңе шіркеу түспей өтесің ғой!

Енді, міне, шынында да, бұның айдарынан жел ескелі тұр!

Кирилов сандыққа үңіліп, екі қалың фолиант[1] алып шықты. Әуелі үстіңгісін ақтарып көрді. Бұл — мұның он жыл уақыт жіберіп, көз майын аямай сарқып, қалтасын әбден қаққан, зарығын көрген ең қадірлі еңбегі. Оның жолында істемегені жоқ. География мен тарихты зерттеді, математиканы үйренді, әскери коллегия мен адмиралтействодан шықпай геодезия мен картография негіздерімен танысты. Артынан жан-жаққа жол шығып бара жатқандарды шақырып алып, оларға жер-бедерін қалай белгілейтінін, картаны қалай сызып, қалай оқитынын үйретті. Оның арманы — жүз жиырма картадан тұратын үш томдық «Россия атласын» бастырып шығару. Міне, соның жиырма алты картадан тұратын алғашқы томы өлдім-талдым деп биыл әзер жарық көріп отыр. Сенат соқыр тиын көмек көрсетпеді. Бәрі — өзінің жиған-тергені.

Қолындағы кітаптың алғашқы бетіне үңілді. «Күллі Россия империясының барлық патшалықтары, губернияларының, провинцияларының, уездері мен шекаралары, қалалары мен олардың төңі-

[1] Үлкен форматты көлемді қалың кітап.

регі, монастырлары, слабодкалары, селолары, деревнялары, заводтары, жел диірмендері, өзендері, теңіздері, көлдері, белгілі таулары, ормандары, батпақтары, даңғыл жолдары орыс геодезистерінің қал-қадарлары жеткенше жасаған ландкарталары бойынша тыңғылықты зерттеліп, қандай бойлық пен ендікте жатқандықтары анықталып, мейліншe дәл көрсетіліп, жер атаулары латынша және орысша жазылған бұл атласы Иван Кириловтың еңбегі мен ықыласының жемісі болып табылады!» Сонша лықты шұбалаңқы болғанмен, өте-мөте дәл айтылған емес пе! Расында да, бұл атыласта орыс жерінің қазіргі бедерінде кісінің меңіндей белгі болса да қағыс қалдырмай түгел көрсетуге тырысты.

Биылғы жыл — жолының оңғарылған жылы. Әлгі атластың бояуы әлі кеппей жатып, сыртына орысша және латынша «Үкімет басындағы Сенаттың обер-секретары Иван Кирилов 1734 жылы Сенат-Петербургте хал-қадар әлінше еңбектеніп құрастырып шығарған Россия империясының бас картасы» деп жазылған тағы бір туындысы басылып шықты.

Екеуінің де ә дегеннен желі оңынан туа кетті. Петербург пен Москва оқымыстылары екеуін де пышақ үстінен таратып алды. Шетел ғалымдары да Россиядағы таныстарына хат жазып: «Кириловтың кейінгі екі кітабының басы артық бір-бір данасы табылмас па екен»,— деп қиылатын көрінеді.

Сол екі кітабының бір-бір данасын сыртын алтынмен аптап әшекейлеген қымбат сандықшаға салдырып, қалай апарып берудің ретін келтіре алмай қиналып жүргенде бұны Остерман өзіне шақырсын. Барса әлгі екі кітапты патша іздетіп жатыр екен. Сол арада Кирилов ақылына қатты риза болды. Күллі Россия империясы атласының алғашқы бетіне суретшінің соңынан қалмай жалынып-жалпайып жүріп түспал сурет салдырған-ды. Онда Россия басына алтын таж киіп, шашын бос жіберген ақ кейлекті әйел кейпінде бейнеленген-ді. Әйелдің көз алдында — жазира алқап, теңіздер, таулар, ормандар, қалалар мен селолар; аяғының астында — глобус, карта, географиялық зерттеулерге қажет құрал-саймандар.

Императрица екі том шытырман шимайдың басқасын ұқпаса да, тап осы түспал суретті ұққан түрі бар. Артынша-ақ Остерман қайта шақыртты:

— Анадағы сыйлығыңа аса мәртебелі таж иесі қатты риза болды. Сен жайында көп сұрады.

Сол екі ортада Тевкелев елшілігінің қортындыларына байланысты жобаны жазып шығу бұған тапсырылды.

Енді, міне, соның арқасында күні кеше бұл алдияр тақсырдың қабылдауында болды.

Кирилов жиналыс-жиындарда ғана болмаса, патшамен ешқашан бетпе-бет кездесіп көрмеп еді.

Императрица апартаментіне шақырыпты. Қылдырықтай жіңішке имек аяқтары бұратылып үзіліп кетейін деп тұрған нәзік диванда алшиып бір алпаңса әйел отыр. Белінен төмен қа-

рай түбін бұрқыраған жүн орамалмен шырқ айналдыра орап алыпты. Бұл отырысы алтын тажды падишадан гөрі тағ атпай жатып тіназар малайларға үй жинатып, онысы ойынан шықпай, әбден қалжырап, жұмсақ орындыққа сүре жығылған бейімаза бойбішеге келіңкірейді.

Остерман үрдіс бойынша табалдырықтан аттамай жатып бойын тіктеп, келістерінің мән жайын баяндағалы жатыр еді, императрица ауыз аштырып үлгертпеді.

— Ә, Андрей Иванович, төрлет, көгершінім,— деді немере бағып қалған мейірбан әйелдердің мәймөңке үнімен.

Остерман алдияр тақсырдан дәл мұндай кішіпейілділік күтпесе керек, қапелімде қайтерін білмей қипақтап қалды.

— Алдияр тақсыр, бұл кісі...

— Білем, көгершінім... Иван Кирилович, қысылма, төрге өз!

Патша қарсы алдына сұшау қойылған екі креслоны нұсқады. Кирилов буындары дір-дір етіп алғын әсер басады. Мұнан да рәсім бойынша қабылдағаны жақсы еді! Сарт-сұрт кіріп, тақ-тақ шаруаңды баяндап, сын беріп шыға жөнелер ең... Мынандай жайғасып отырып сәйлесер жайбарақат мәжілісті кім күткен! Абайламай ішін шығарып алып жүрмесе, жарар еді...

Сақшасы ұстап отырғандай басын таңып алған императрица бұларды одан сайын таңғалдыра түскісі келгендей:

— Кешелі бері тісім сырқырап мазам кетіп жүргені,— деді жағын басып.

Мына қалпы ешқашан ешкімге ештеңе деп зекіп тіл қатып көрмегендей. Даусынан жұмсақ мейірім мен қажығандық қана сезіледі. Шексіз билік, өктемдік, жұртты қаралай пұшайман қылып қоятын айла-шарғы дегендерің ешқашан түсіне де кіріп шықпағандай.

Кирилов аң-таң. Патшаға керегі сол. Тақ мініп, таж киген кісінің қай-қайсысының да әдеті осы. Оны басқа білмесе де, Кирилов жақсы біледі. Бірақ, таж иесі ағзам өзіне тап бүйтіп елпілдей қояды деп кім ойлаған!..

Императрица оның ойын сезіп қалғандай, байсалды дауысқа көшіп:

— Иван Кирилович, жобаңызды мұқият оқып шықтым,— деді көмірдей қара отты көздерін бұның жүзіне ұзақ тоқтатып.

Мынау бекзесін түбіт орамалға орап ап, тісі ауырып, қабағын кіржитіп отырған қажыңқы бойкүйез әйелдің тұлға-тұрпатында кісіні қаралай айбындыратын бір жұмбақ құдірет барын Кирилов сонда барып байқады. Салтанат залында бар асылды үсті-басына үйіп-төгіп жарқ-жұрқ кіріп келгенде жұрттың көзі ең алдымен императрицаның қолапайсыз үлкен мұрнына түсетін. Шексіз билік иесі монархтарға тән астам мінезбен айналасына көзі түспей шекелей қарайтын. Сонда қолақпандай үлкен мұрын көкке шапшыған шу асаудың алдыңғы тұяғындай шодырайып аспанға ілініп тұра қалушы еді. Соның өзі-ақ мәрмәр залдың, хрусталь шамдардың, асыл таж, алтын тақтың, жақұт пен меруертке малынып келіп отырған зиялы қауымның барлық сән-салтанатын

— Сен жобаңа дұрыс жазыпсың. Жаңа бодандарымызға жабірден тәрк етіп мәнсіздендіріп жібергендей көрінетін. Ал енді, міне қасында отырып қарағанда тап ондай ерсі ештеңе байқалмайды екен. Рас, қорасан талап тастаған күлгін қызыл құж-құж бетті әдемі деп айта алмайсыз. Мынадай қылдырық аяқ қыл белдікті қымбат диванның мынандай батпан денені сынып кетпей қалай көтеріп отырғанына да қайран қалмауың мүмкін емес. Алайда, осыншалық сұрықсыздықтың бәрін бір басына соншама үйіп-төгіп берсе де, тап мына әйел тап анау айтқандай адам шөшыр құбыжыққа айнала қоймапты. Ол әлде, қанша дегенмен, таж иесі патшалығынан ба екен?.. Келбетінде ұзақ ұңіліп қараған кісі оның бойынан соншалықты өте таныс бір нышандарды қалай да байқар еді. Бірақ, оның не нышан екенін, қапелімде, тап басып айтып бере алмас еді.

Кирилов та сондай дудамал халде отыр.

— Ұсыныстарыңның көпшілігі көңілге қонады. Қонатыны сонша, тіпті, шіркін, осының бәрі қашан жүзеге асар екен деп асығасың.

Императрица көзінің қиығымен сынай қарады. Бұл орнынан тұрғалы жатыр еді, «отыра бер» деп ишарат жасады.

— Дәл айттыңыз, алдияр тақсыр!— деді бұл қайта отырып жатып.

— Экспедицияға жүктелетін міндеттер мен оларды қалай жүзеге асыру керектігі жайындағы нұсқауларымыз жақын арада дайын болады. Солай емес пе?

Остерман орнынан көтерілді.

— Әлбетте, алдияр тақсыр!

— Отыра бер.

Остерман орнына қайта жайғасты.

— Қанша баптан тұратын болды.

— Қырық бір бап.

Императрица жымсынып қойды.

— Иван Кирилович, ол жобамен таныс па едіңіз?

— Әлбетте, алдияр тақсыр.

— Қалай дейсіз?

— Өте орынды нұсқаулар деп білем.

— Ендеше, дұрыс екен.

Екі жақ бірдей деңгейдегі орындықтарда отырса да, біреу шыңның басынан, екіншісі етегінен тіл қатқан адамдардай шүйіркелесіп кете алмай, қойылған сауалдарға жауап қатысып қана отыр.

— Ол жақтың жәйін біз сізден жақсы білмейміз, Иван Кирилович,— дейді императрица сәл үнсіздіктен кейін.— Барғасын бәрін көріп алып, ретіне қарап іс қыласыз ғой. Бірақ негізгі мақсатты ұмытып кетуге болмайды. Ең алдымен, бізге әлі дұрыстап мәлімдеп болмаған бағыттағы мен мәліметтерді, әсіресе [illegible] бағдарлық жөн. Олар бір-бірі[illegible]

ласып кетіп жүрмесін. Әлгі Әбілқайыр ханның бізге әлі күнге ыңғай танытпай отырған Хиуаға қарсы қандай әрекетін де қостай бергеніміз дұрыс. Бірақ, оқ берсек те, қару берсек те, әскер беруге болмайды. Және бір ескеретін жағдай — аманат ұстаудың жәй-жапсары. Солай ғой, Андрей Иванович?

Остерман басын изеді. Екеуінің алдын ала ақылдасып қойғаны сезіліп қалды. Императрицаның аузынан шыққан әр сөздің ар жағында қанша кісі, қанша ақылы тұрғанын кім білсін? Айтып отырған ойларының ұлы аңғары өнеукүнгі өзі жазған жобаға соғады. Кейбіреуі былтырдан бері Бестужев-Рюминнің құлағына құйып баққан өз ақылы. Солардың көпшілігін бұған Тевкелев айтқан. Оған бұны жапан түздегі жалбағай тымақтар құлақ қағыс қылыпты. Соның бәрі жолда Остерманның, Биронның көкірегіне бір-бір түнеп шығып, енді, міне, патшаның ауызымен өзіне қайта айтылып отыр. Таж иесі оның бірін де сезбейді, түнде түсінде құлағына қызыр сыбырлап кеткендей еш қысылмастан өзеурей сөйлеп, өжектей дәлелдейді. «Билік шіркіннің бір құдіреті осы-ау! Талайды, астындағы атынан аударып түсіріп, өзің мініп кетсең, басқаға жараспағанмен, саған жарасады. Талайдың көкірегіндегі ойын қазып алып, ауызындағы сөзін қағып алып, өзіне айтқызбай, өзің айтсаң, басқаға жараспағанмен, саған жарасады. Оған бола шалабын шайқайтын ешкім табылмайды. Қайта ертең жұрт ортасына барғанда, әлгі пікірдің әуелде өз көкірегінен шыққанын ұмытып, «кеше патша ағзамның қабылдауында болған да өй дейді, бүй деді» деп жар шашып бағады. Дуалы ауызға дауа жоқ деген осы...»

Тосыннан тап болған қиқар ойдың ырқына беріліп бара жатқан Кирилов тізгінін тез тартып ала қойды. Императрицаның сөзіне қатал ұстаздың алдындағы ұялшақ шәкірттей тырп етпей сыздия қарап тыңдап отыр:

— Аманат мәселесінде башқұрттар ауызымызды аз күйдірген жоқ. Елге симай жүрген қайдағы бір қиық құлақтарын аманат қып әкеп тастап, артынан обал-сауабына біз қалып, талай тауқыметті тартқанбыз. Жер жұтып кетсе де, ешкім іздемейтін қайдағы бір обыр ауыз масылдарға тегін киім, тегін тамақ, тегін төсек болғанымыз бар. Бұл жолы да соның кебін киіп жүрмейік. Қырғыздардың халыққа қадірі өткен, айтса сөзінің, өлсе өзінің іздеуі бар аяулы адамдарын ғана аманатқа ұстайық. Ол үшін аманатқа ұсталатын адамдардан ел ішіндегі таласты өз әдет-ғұрыптары бойынша терген-тексеретін сот құралық. Кез келген жанжалына араласып, жамантты боп жатамыз ба? Өз дауларын өздеріне шештірелік. Сонда олар бізге қайдағы қағылған-соғылғандарын емес, ақыл иесі азаматтарын ғана аманатқа беретін болады. Біздің бұратаналарға бұйырар әр шапанымыз, әр сыйымыз, әр лауазымымыз оларды тырп еткізбей қылғындырып ұстап отырар бір-бір қыл тұзағымызға айналуға тиісті. Солай емес пе, Андрей Иванович?

Бұл жолы вице-канцлер зерделі шәкірттің дұрыс жауабына риза болған кеңпейіл ұстаздай рақаттана бас изеді.

— Сен жобаңа дұрыс жазыпсың. Жаңа бодандарымызға жасалар ашу-айбарымыз өзіміздің не көзімізден, не сөзімізден сезілмесін. Біздің қаһарымыз оларға қалмақтың қамшысы боп, казактардың балтасы боп, башқұрттардың найзасы боп тисін. Ал азғантай жақсылығымыз, рахымымыз болса, оны өзгеге жем қылмай өз қолымыздан беріп, өз аузымыздан айтайық. Қит етсе жекіп сөйлеп, желкелеп сабап алатын олар біздің орыс мұжықтары емес. Біздің мұжықтардың конбіс жағы неғұрлым көп төмпештесең, солғұрлым емешегін үзе түседі, ал қиқар жағы шу асаудай тулап-тулап ел көрмеген, жер көрмеген қиян өлкелерге безіп кетеді. Сол жақтан жаңа аймақтарды жаулап алып, біздің жерімізді кобейтеді. Мына бұратаналардың бетіне алая қарасаң, сырт айналып, Қытайға не күнгейден күнде азғырып отырған мұсылман патшаларына беріле салуы ғажап емес. Өйтіп, қолға өзі түсіп отырған батпан құйрықты өзіміз итке лақтырған болмайық. Мүмкіндігінше, алдап-сулап бағайық. Бастан секіріп бара жатса, итір-қылжыңға салып жүрмей, ендігәрі беттен алмайтындай қылып, бел омыртқаларын үзіп біржолата жер тістетіп тасталық.

Бұл жолы Остерман мен Кирилов жарыса бас изесті.

Императрица өз сөзіне өзі қатты риза боп кетсе керек, кілт кідіріп:

— Ал енді сен сөйле, Иван Кирилович,— деді.

— Алдияр тақсыр, айтқаныңыздың бәрін бұлжытпай орындауға барлық күш-жігерімді аямаймын. Көрсеткен сеніміңіз үшін өле-өлгенше өзіңіздің алдыңызда шексіз қарыздар боп өтемін,— деді Кирилов орнынан атып тұрып.

Түрегеліп тұрып сөйлегенде дауысы манадан бергідей күмілжі шықпай, саңқ ете қалғандай болды. Бұл жолы императрица «отыр» деген ишара жасамады. Остерман да орнынан көтерілді.

— Қандай қолқаң бар?

— Алдияр тақсыр, біз бара жатқан өлке бұрын-соңды зерттелмеген өлке. Біздің экспедициямызға зерттеуші мамандар өте-мөте қажет. Сондықтан бізге Москвадағы славян-латын академиясының ең үздік шәкірттерін және ағылшын капитаны, астроном әрі математик Эльтон, ботаник профессор Гейнцельман секілді таңдаулы оқымыстыларды бөлуге пәрмен етуіңізді сұраймын.

Императрица сәл ойланып қалды.

— Ақылдасып көрерміз. Тағы қандай бұйымдарыңыз бар?

— Алдияр тақсыр, тілмаш Алексей Иванович Тевкелевтің империя алдындағы еңбегі лайықты бағаланатынына сенім білдіруге рұқсат етіңіз.

Императрица бір жымнып қойды. Сонда барып аңғарды: императрицаның жымиғаны Петр патшаның жымиғанына ұқсайды екен. Бірақ, оның күлкісін жылтыраған мұрты жұмсартып жіберуші еді. Ал мына патшайым жымиғанда жайбарақат кезіндегідей емес, бет-ауызы тым ызғарланып кететін сияқты. Келбетінде де немере ағасына ұқсастық байқалады. Оны сұлу да, сұсты көрсететін кесек кескін мына кісіні тым сиықсыздандырып жібереді екен.

— Иә, Тевкелев тапсырманы ойдағыдай орындады. Біз оған полковник атағын беретін болған жоқ па едік, Андрей Иванович. Айына мың сом арнайы жалақы белгілейміз. Бірақ, көмекшіңізден алдын ала сүйінші сұрап жүрмеңіз! Империя тағы алдындағы еңбек ешқашан ескерусіз қалмайды. Солай емес пе!

— Әлбетте, алдияр тақсыр.

Императрицаның әлгі сөзінің қандай тұспал екендігін қоштасып жатып вице-канцлер аңғартқандай болды.

— Ал, көріскенше күн жақсы, Ваше превосходительство!

Остерман барлық дауыссыз дыбыстарға салмақты сала сөйледі.

— Сау, тұрыңыз, Ваше сиятельство!

Мынау не деп кетті? Ваше превосходительство! Қайдағы превосходительство!.. Бірақ, мұның ауызынан артық-ауыс сөз өлсе шығар ма! Шамасы, патша ағзамның... Сонда, қалай, бұны бірден статс-советник дәрежесіне көтергендері ме!.. Солай болуы мүмкін бе өзі!.. Статс-советник...

Кеңсе төңірегіндегі қитұрқының жәй-жапсарын жатқызып ергізетін Кирилов Петр патша рәсімге енгізген екі жүз алпыс екі қызметті он төрт түрлі сатыға бөліп, әбден жіліктеп жіктеген дәрежелер кестесінде «превосходительство» деген титул үшінші және төртінші сатыдағы шендерге, атап айтқанда генерал-майор, генерал-лейтенант, өкілетті статс-советниктер мен құпия советниктерге телінетінін есіне алды. Ендеше, сенаттың обер-секретары үшін нағыз ылдидан шауып төске озған деген осы болды!

Үйге жеткенше аяғын қайдан басқанын өзі де білмейді. Әйтеуір есікті құлаштай серпіп ашып қалғанда дәліздегі шарайнадан күндегі тұнжыраңқы обер-секретарьды емес, жасы биыл аттай қырық беске шығып тұрғанына қарамастан оңашада қызбен жолығып, жолы болып қайтқан бозбала жігіттей екі бетіне нұр теуіп бал-бұл жанып тұрған бейтаныс еркекті көрді. «Сәламатсыз ба, Ваше превосходительство!»,— деді оған әзірге кемді күн обер-секретарь бола тұратын Иван Кирилов мейірлене қарап.

Билік маңында бүйтіп бір-ақ ырғып биікке шығып жататындардың болмай тұрмайтынынан Кириловтың да хабары жоқ емес-ті. Бірақ қай заманда да талғампаздығымен көзге түсе қоймаған көңілшек бақыт құсының тап бұл жолы бүйтіп кісісін тауып қонғаны, шынында да, таңғалмай болмайтын жәйіт еді.

Өкімет бар жерде өсек гулемей жүре ме! Ертең императрицаның пәрмені шыққанда Петербургтың не деп сыпсыңдасатынын бір тәңірдің өзі білсін... Не де болса, Кирилов дегеніне жетті!! Оның арманы — әншейін жоғары лауазым, қолайлы қызмет, ертеңнен бастап төленгелі тұрған айына үш мың сом жалақы да емес! Оның арманы көңілі сүйген игі істерге ынта-жігірін аямай жұмсауға мүмкіндік алу еді. Оның арманы — Россияның мүддесі жолында бойындағы бар қасиетін сарқа жұмсау еді. Сол керегіне қолы бір жетсе, енді жеткелі тұр.

Кирилов мұны ойлағанда қалаған жігітіне тұрмысқа шыққалы жатқан қалыңдықтай беті лып-лып дуылдап, көзінің алды

дөңгеленіп жүре берді. Қиян өлке... Қиямет шаруалар... Бәрі де ұлы Россияға, орыс халқына керек істер...

Кирилов былайғы жұртқа әншейін жабы көңіл қарапайым жан көрінгенмен сондай бақкұмар-тын. Оған бүгін бар да, ертең жоқ падишалардың тажымен бірге жарқырап, бірге сөнетін бақ емес, мәңгі құлпыра берер Россияның атымен бірге аталар баянды бақ, баянды даңқ керек!

Міне, тап сол даңқтың төбесі енді көрініп тұр! Ол — ертеңгі сахараға бет түзейтін мынау ұлы сапары...

Бұл мына сапарына өзінің ең жақсы көретін адамдарын ертіп бармақ! Ең жақсы көретін заттарын ала бармақ! Ең аңсарлы жоспарларын да сонда жүзеге асырмақ!

Міне, біраздан бері жазып жүрген «Күллі орыс мемлекетінің гүл жайнаған келбеті» атты еңбегінің қол жазбасы. Мұнда Россияның он екі губерниясының жәй-жапсары екжей-текжейлі баяндалмақ. Мұнда Россияға жаңадан қосылып жатқан өлкелер мен халықтар туралы, олардың салт-санасы жайында да айтылмақ. Ертең өзі бара жатқан башқұрттар мен қырғыз-қайсақтар елі туралы да тараулар қосылмақ. Бұл қол жазба қашан соңғы нүктесі қойылғанша, бұның қолтығында жүреді. Бір минут көз алдынан қалтарыс тастамайды. Ал мынау Петр ағзамның кабинет секретары Алексей Васильевич Макаровтың тапсырмасы бойынша «Терістік соғысы тарихын» жазуға жиналған деректер. Қап, кеше алдияр тақсыр: «Тағы не қолқаң бар?» дегенде есінен сарт шығып кеткенін қарашы! Сенат архивындағы көп құнды кітапты тұсында тарихи еңбек жазамын деп бұрынғы вице-канцлер Павел Петрович Шафиров үйіне алдырып алып еді. Құдай оныcын құп көрмеді. Петр ағзамның қаһарына ұшырады. Ондайлардың артында қалған дүние-мүлікіне тек таж иесі мен бас прокурордың пәрменімен ғана жақындауға болады. Патша алдиярдан рұхсат сұрауға енді кеш. Обер-прокурор Анисим Масловтың бұндай шаруаға тәуекелі тұра ма, жоқ па — кім біліпті!

Иван Кирилов кабинеттің бір бұрышында бөлек сандықта жатқан қоқыр-соқырларға көз тастады. Ол — ертең өзі аштыратын башқұрт, қырғыз-қайсақ, қарақалпақ мектептерінің керек-жарағы. Бұратана халықтарды оқытпай болмайды. Олар оқып, сауат ашып алса, өзімізге сор деген қисынсымақ бос былшыл! Оқымаған қас наданға сөз дарымайды. Ол да бір, мінілмеген шу асау да бір. Асауды ылғи арқандап ұстау керек. Үзілмейтін арқан бар ма! Ақыры бір тарпып тайып тұрады. Ал бас үйреткен ат та бір, есіктегі ит те бір! Атты бастықтыратын темір ауыздық емес, қан сорпасын шығарып кеп, кермеге байлаған соң ауызына ұстатар тәтті жем. Бұратана жұрттар үшін ондай дәмін бір алып алса, түртіптіп маңыңнан шығармайтындай әзәзіл жем — оқу білім. Орыс емес жұрттардың баласын «өздерінің табиғи тілі» мен біздің тілімізде бірдей оқытқан дұрыс. Біздің оқу-біліміміздің дәмін сонда түсінеді. Бұл жағынан өздерінің қалтасы қаншалықты қарынды, ол біздің мектептерімізді бай етпейінше сонда таза көздері жоғалмақ. Тек әкімшілік ешін қамға болмайды. Кейбіреу

біржола бездіріп те жібере алады. Ал ақ қағаздың бетіндегі ақылды сөз әдемі әйелдің шырайындай ғой! Ол ант атқан айналсоқтатып шығармайды, ғой! Арбап алады!!! Ғылымы, мәдениеті, оқу-білімі жоқ халық та бір, өзінің енесі жоқ жетім қозы да бір. Кімнен ауызданса, соған ереді.

Тек мына сапарға аман-есен аттанып кетсе екен. Алдымен қолға алатын шаруасының бірі осы бұратаналар мектебі болар еді.

Тәтті қиялдың құшағына біржола енген Кирилов алдындағы қақпағы ашулы жатқан сандықты шамалыда байқай қояр түрі жоқ.

Бөлменің іші сол баяғы қобыраған қалпы.

Содан бір қарбалас басталды да кетті.

Қазақ елшілігі тоқтаған үйдің тар ауласы абыр-сабыр. Бәйбек төленгіт пен Құттымбет би елге қайтпақ. Ханға барып мындағы хабарды айтпақ. Оның: «Тағы не боп қалды?» деп каралай күпті болып отырған жүрегін орнына түсірмек. Императрицаның хаты мен сәлем-саухатын жеткізбек. Патша ханның орыс мемлекеті алдындағы еңбегі үшін рахмет айтып ұлы жүз билері Төле, Қодар, Сатай, Ханкелді, Бөлек батырларға бодан сұраған өтініштерін қабыл алғанын қабарлауды сұрайды. Қазақтың екі биіне Уфаға дейін үш башқұрт биі жолсерік болып барады. Сапарға аттанатын бес би ғана емес, елшіліктегі барлық қазақ, башқұрт кешеден бері базарға барып, дүкен аралап мәре-сәре. Бұрын-соңды мұндай майтымақтарды көп көре қоймаған орыстың, шет елдің саудагерлерін айран-асыр қалдырып, балық бөлісіп жатқандай қауқылдаса сөйлеседі.

— Қалай, мынау біздің қатынға сияр ма екен?

— Оны менен неге сұрайсың? Сенің қатыныңның сауырын сипап көрді ғой дейсің бе?

— Мына біреуі немене? Әйелдікі ме, еркектікі ме?

— Алды тілік, түймелі болса — еркектікі, бітеу болса — әйелдікі.

— Қатып кеткен жоқ па? Мұндағыдай сақтиян етікті Хиуа мен Бұхарадан таба алмайсың!

— Әттеген-ай, ұрын баратын жастан асып кеткеніңді қарашы! Әйтпегенде мынандай көк етікпен барша балдызыңды оң жақта отырғандарында-ақ тоқал қылып қайтар едің?

— Бұлардың насыбайы қандай болады екен?

— Насыбай десең, анау қайыған інгендей қайқандап тұрған сары қатыннан ал! Шалқаңнан түсіреді!

— Рас айтасың ба-ай! Жерлерінде жапақ өспейді, изен өспейді. Бұлар күлді қайдан алып жүр екен?!

— Көп былшылдамай көзіңе қара! Ышқыр бауың салбырап кетіпті. Әрлі-берлі өткендердің біреуі аяғымен басып қалса, айдай жұрттың алдында масқара боп жүрерсің? Жан-жағың тола әйел...

— Ештеңе етпес, көп болса, көрімдік берер...

— Мынау қауға сақалдың иегінде қанша бит жүр екен?

— Немене, тұқымға алып кетейін деп пе ең?

— Әй, анау арбаға мініп бара жатқан Мәмбет мырза ғой. Ойбәй, қалмайық! Адасып кетерміз.

— Ол емес. Мәмбет мырза әне башқұрттармен сөйлесіп тұр. Мұнда Мәмбеттен де басқа сары иық толып жатыр.

— Маған анау алақандай көк ала қағазыңның біреуін қарызға бере тұрмайсың ба? Мұндай боларын білгенде, былтыр Уфаның базарына оп жылқы емес, бір үйірді түгел айдап әкелдірмес пе ем.

Осы бір қауқылдасқан айқай-ұйқай кешеден бері жатқан үйлерін де бастарына көтерді.

— Мына төлеңгітке сенім жоқ. Құтеке, менің түйіншегімді қатынасқан адамнан біздің ауылға өзің жеткізіп бере көр.

— Бүгін жамбасыңа басып жат. Қатының ертең исіңді алып, мауқын бассын!

— Қойсайшы. Сен сны қағытам деп, бізді жылатарсың.

Елге сәлемдемелерін жабық күймелердің арттарына салып жатып та, ауыздарына тыным жоқ.

— Әй, орақ мұрын төлеңгіт. Құтекемнің ні жұмсақ. Ертең Опаға барғанда біздің дүниемізді бір түгендеп шыға көр. Әйтпесе, мына естектер ертең «жезнәкайлап» алдарынан шығатын балдыздарына базарлыққа беріп кетіп жүрер.

— Жоға, тәйірі. Башқұрт пен қазақ жылқы ұрламаса, мүлік ұрламайды.

Қауқылдасып жүріп арбалар да тиелді. Енді жұрт қалжыңды қойып, аттанғалы тұрғандарды бір-бірлеп оңаша шығарып ап, ауылдарына, үйлеріне, қатын-балаларына айтып жіберер аманаттарын сыбырласып жатыр.

Өзге жұрттан оқшауырақ тұрған Ноғай жолындағы Тілеу-Құбақан болысының биі Тоқшара Түйтеев Құттымбет бидің қасына барды. Башқұрттардың ішінде осында келгелі қабағын ашпай томырық жүргені осы. Жағдай сұрағандарға: «Ас жақпай жүр»,— деп сырғақтайды. Не де болса, ішінде бір бітеу жарасы бар. Мана базарға барғанда да жұртқа ұқсап темір-терсек, шүберек жатқан жаймаларға жуымай, үріккен аттай состиып анадайда жалғыз тұрды. Еліне айтар несі бар екен? Башқұрттарды көрмей тұрғандай, қазақ биін жағалағаны қалай?

Онда Құттымбет батырдың шаруасы болмады. Анадайдан емексіп келе жатқан башқұрт биіне құлағын тоса берді.

— Құтеке, ертең Уфаға барғанда ұлығының кеңсесіне соқпай сірә кетпейсіздер. Сонда аула сыпырып жүретін бір башқұрт шалы бар. Мына кітапты сол кісіге бере кетпейсіз бе? Анада осылай шығарымда Қылмақ-Абыз: «Қазанға соқсаң, «Мұхтасар» ала кел деп еді. Қайтарда Қазанға кідіретін, кідірмейтінімізді, кідірсек те, қанша кідіретінімізді кім біліп жатыр?! Осындағы бір татардан бұйымынызған алдым. Әлгі шалға айтарсыз: Қылмақ-Абызға жуық арада қатынасатын бір адамнан беріп жіберер.

Башқұрт бәі қолқасын айтуын айтқанмен, әлденеден қаймығып, қипаңдап тұр.

Құттымбет:

— Жарайды. Киелі кітап қалған темір-терсектен ауыр болар деймісің! Ала кетейін. Оған бола қам жеме,— деді.

— Мың да бір рахмет. Жаратқан жорткында жолыңды қылсын.

Жүретіндер қалып бара жатқандардың жаппай қолдарын алып күймелеріне отырды.

Әлгінде ғана ауыздары жалпылдап ажың-күжің әңгімелесіп жатқан қазақтар мен башқұрттар күлкілерінен тыйылып сөстия-сөстия қалыпты. «Шіркін-ай, біз қашан өйістіп елдерімізге қайтар екенбіз?» деп тұрғандары тұнжыраңқы көздерінен сезіліп тұр.

Сарыла күткен күн де келді-ау ақыры. 1734 жылы 10 июнь күні статс-советник Кирилов таңғы шайын ішіп болар-болмаста есік қағылды.

— Ваше превосходительство, сізге таж иесі ағзамнан шақыртушы келіп тұр.

Кирилов орнынан атып тұрды.

Бұл жолы императрица оны ақ мәрмәр мен алтындатқан әлекей-күлекейден көзің тұнатын әшекейлі залда қабылдады. Бір жақ қапталда рәсім бойынша киінген Бирон, Остерман, Бестужев-Рюмин, ғылым академиясының президенті Корф сыздия-сыздия қалыпты.

Императрица бүгін аса айбынды, аса байсалды. Дүнкілдей шығатын дөкірлеу дауысын жұмсартқысы келді ме екен, әуелі сәл күлімсіреп басын изеді. Сосын Остерманға:

— Баста,— деп бұйырды.

Мұндайда мұнтаздай киініп, ширақ сөйлеп, ширақ қимылдап шыршық атып шыға келетін Остерман айналасы төрт-бес адамның емес, қалың жиынның алдында тұрғандай жіңішке дауысын әнтек көтере сызып, әр әрпін шегедей қадап, тақ-тақ тіл қатты. Ол әуелі таж иесі ағзамның осыдан бір күн бұрын бекіткен Ор өзенінің сағасына салынбақ жаңа қаланы Оренбург атамақ хақындағы пәрменін оқып шықты. Қолындағы жалтылдақ қапсырманы сарт еткізіп жауып, қаздиып тұра қалды.

Императрица тамағын кенеді.

— Сен салатын қаланы бұлай атағанымызға қарсы емес шығарсың?

— Әлбетте, алдияр тақсыр!

Императрица Остерманға тағы да бас изеді. Вице-канцлер бұл жолы Оренбург қаласына жасалатын жеңілдіктер мен артықшылықтар тізбесін оқып шығып, тағы да жарға кеп тірелген тағалы аттай кілт етіп тұра қалды.

— Жобамен алдын-ала танысып па едің? Алатын-қосатының бар ма? Түгел мақұлдайсың ба?

— Әлбетте, алдияр тақсыр!

Императрица тағы да бас изеді. Остерман алдындағы дөңгелек столдан жалтырата әшекейленген қатырма қағазды алды. Әбілқайыр ханға жіберілмек грамота екен. Вице-канцлер бажайлап оқып шықты да, тағы да сіресіп тұра қалды.

— Бұның да жобасымен алдын-ала таныстырылып па еді? Ертең барғасын әр әрпі мен әр сөзін тыңғылықты түсіндіріп бере аласың ғой?

— Әлбетте, алдияр тақсыр!

Остерман тап әлгіндей екінші қатырма қағазды қолына алды. Бұл — Сәмеке ханның Россияға бодан болу хақында қайталап берген өтінішіне жауап грамота.

— Бұнымен де таныссыз ғой!

— Әлбетте, алдияр тақсыр!

Ендігі оқылған — Ұлы жүз қазақтары, батырлары мен билерінің, атап айтқанда Қодар би, Төле би, Ханкелді батыр, Сатай батыр, Бөлек батырлардың бодандық сұраған хатына жауап.

— Бұны да мақұлдайсың ғой!

— Әлбетте, алдияр тақсыр!

Ең соңында патша ағзамның Оренбург экспедициясының құрамы жайындағы пәрмені жарияланды. Онда аты аталған адамдарды Кирилов бұрыннан білетін. Көпшілігін бұл сапарға өзі ұсынған. Сонымен экспедицияның құрамына Тевкелев екеуінен басқа Арал теңізінде пристань тұрғызып, кеме қатынасын жолға қою үшін бір теңіз поручигі, бір мичман, бір штурман, екі кондуктор, бір боцман, бір хатшы-боцман, алты матрос, бір қайық шебері, оның көмекшісі, екі қайық жамаушы, екі десятник және төрт балташы, жаңа қала мен ондағы әскери бекініс құрылысы үшін инженер чиніндегі бір капитан, бір поручик, екі кондуктор, қала шаруашылығын жолға қою үшін бір майор, он прапорщик, екі унтер-офицер, он үш капрал, геодезиялық зерттеулер жүргізу үшін екі поручик, төрт подпоручик және екі прапорщик, кеңсе қызметі үшін бір бухгалтер, бір іс басқарушы, оның көмекшісі және қағаз көшіруші, артиллерия қызметі үшін екі бомбардир және төрт канонир енгізілді. Кирилов оларды өзі іріктеп алып, жолға шығуға сақадай сай әзірлеп қойған. Мұның үстіне Москвадан бұларға бір кен зерттеуші, бір аптекарь, бір ботаник, бір тарихшы, бір суретші, бір штыкюнкерь, бір прапорщик, бір комиссар, он жеті унтер-офицер, бір кеңсе қызметкері, оған көмекші, төрт қағаз көшіруші, көмекшісімен бір хирург, оқымысты священник және славян-латын академиясының бір топ студенттері қосылмақшы. Россияда бүгінге дейін мұндай үлкен экспедиция ұйымдастырылып көрген жоқ! Ол аз десең, Пензаның жаяу әскер полкі, Уфа гарнизоны, Вологда полкі, Уфа дворяндары мен казактарының тең жартысы, Уфадан, Мензелинскіден, Бирскіден әскерге шақырылатын жастар да бұның отрядына кірмек. Жайықтан арғы ұшан далаға бұрын-соңды мұншама көп орыс қарулы қолы аяқ басып көрген емес! Мұншама күш бұған дейінгі

қарапайым қағаз көшіруші Кирил Кириловтың баласы, Иванға сеніп тапсырылып отыр.

Кириловтың толқып кеткені соңша, екі тізесі дір-дір ете қалды. Императрица сауалының тек соңғы жағын ғана құлағы шалды.

— ... риза шығарсың!

— Әлбетте, алдияр тақсыр!

— Башқұрттар мен қырғыздар даласына қыз ұзату тойына бара жатқан жоқсыңдар. Талай қауіп-қатер кездесуі де мүмкін. Ондайда орыс мундиріне дақ түсірмей, бастарыңды пидаға шалуға пейілсіңдер ғой?

— Әлбетте, алдияр тақсыр!

— Ендеше, Россия, орыс халқы, Россия тажы мен тағы Отан алдында еңбегі адал ұлдарының қызметі мен ерлігін қаншалықты қастерлей білетінін бір сәт естен шығармассыңдар!

— Әлбетте, алдияр тақсыр!

Кириловтың көзіне дым жүгіріп тамағы құрғақсып барады. Дәл мынау сәт орыс мемлекетінің талайдан бергі бір арманының жүзеге асырғалы тұрған айтулы сәт екенін мына алтын жаға шонжарлар ұға ма екен? Ұқса, Бестужев-Рюмин ғана ұғатын шығар. Ал, анау қасындағы үш немістің не ойлап тұрғанын кім біліпті? Өздері жараткан аттай боп қаншардай қатып сіресе-сіресе қалыпты. Үйреншікті жағымпаздықтары ма, жоқ мына сапарының қаншалықты тарихи маңызы барын олар да сезе ме?! Сезсе, басқа басқа, ал мына бұл баяғыдан бері сан-сапат оқып, әр үтір, әр нүктесіне дейін жаттап алған, қажет десе, әу баста өз көкірегінен шығып, одан бері қолдан қолға өтіп, мынандай тап-таурын күйге түскен, айтпаса да түсінікті қағаздарды бірінен соң бірін ежіктей оқып беріп, сағыздай созғылап, қайталап пысықтатып қайтеді? Одан да «жолың болсын» деп арқасынан қағып шығарып салмай ма! Мына күннің не күн екенін басқаларды былай қойып, тап осы императрицаның өзі түсіне ме екен! Біле білсе, таққа отырғанынан бергі бес жылдың ішіндегі ең бір айтулы күні осы ғой. Петр Алексеевичтің өзі өле-өлгенше армандап өткен ісі емес пе еді бұл! Жарты ғаламдай жалпақ Азия қолға өзі келіп түскелі тұрған жоқ па! Бұндай дәуренді саған дейінгі ауызымен құс тістеген талай падиша көре алмай кеткенді. Күн күйдірген күнес Азия саған дейін ешбір Европалық билеушіге сауыны болған мама сиырдай сауырын төсеп тұрып алмаған-ды. Ұғамысың бұны, таж несі, тақ несі ұрғашы! Бәксеңді Европаға басып, етегіңді Азияға шашып шалжиып отырған сенде де арман бар ма екен, сірә! Анау күні қолыңа Остерман апарып ұстатқан еңбегімде мен сені солай дәріптегем. Сонымды түсініп істе мейлі, түсінбей істе мейлі, мына көрсеткен сенімің үшін алдыңда мәңгі қарыздармын. Әттең мынау жаттан үйренген жаттанды салтанатың көзімнің де, сөзімнің де лық-лық актарылғалы тұрған талай сел нөсерін бөгеп тұр. Шіркін-ай, дәл мынандай күні дәл мынандай жерден қалайша шаранқа жұмсалатын шауын кел малайдай сіресін кіріп, сіресін шығып кете алам! Ең

болмаса, «рахмет» деген жаңғыз ауыз сөзімді айтуға жағдай туар ма екен, жоқ па екен...

Императрица тамағын кенеді. Тағы да бірдеңе айтпақ қой. Иә, сәт...

— Жарайды, жолың болсын, көгершінім!

Толқып тұрғанын сездіргісі келмей қатқылдау тіл қатып еді, дауысы тарғылданып шықты.

Кириловтың қуанғаннан жүрегі жарылып кете жаздады. Екпеттей құлап, императрицаның жер сызған шұбалаң көйлегінің етегіне ернін басты. Ауызы айта алмағанды денесі білдіріп, екі иығы селкілдеп ала жөнелді.

Арада бес күн өтті.

Неваның кемерінен асып төгіліп жатқан көлкөсір айдынына желкендері жалтылдап бес кеме шықты. Жағада құжынаған көп күйме, қол бұлғап жатқан, көздерін сүртіп жатқан ығы-жығы жұрт. Аспан ашық. Делдие керілген көп желкендер жағалаудағылардың көздерін қызықтырғылары келгендей ұзақ бұлаңытып тұрып алды.

Таң атар-атпастан су шашып тастаған тас көшелер, сызғышпен сызғандай тіп-тік тартылған каналдар, ойдым-ойдым парктер мен скверлер, әлі де болса, көкке самғап кете алмай, жер бауырлап жатқан жатаған қаланың бірен-саран еңселі сарайлары мен шпильдері көп жұртқа иг арқасы қиян боп естілетін алыс өлкеге аттанып бара жатқандардың көздеріне шоқтай басылып, екі жақ жағалаудан жарыса созылып қалмай ілесіп келеді.

Бас-аяғы отыз бір жылдың ішінде миы шыққан жұтпа батпақтан мынандай ұлы шаһарға айналған астананың жәй-жапсарына әбден қанық Кирилов не көрінсе де, көзін ала алмай, еміреніп тұр. Кісі ішінде жүргенде байқамайды әйтпесе, Петербург, шынында да, қанатын кеңге жайып, қарыштап өскелі тұр екен. Әттең, Петр ағзамның көзі тірі болғанда ғой! Онда астана тек бұл ма, сендігі кісі таңы алмастай боп құлпырып кетпес пе еді...

Кирилов қайда қараса да, император ағзамның әлі күнге жүзеге аспай төрк боп жатқан армандарын көргендей. Анау — көз ұшындағы Котлин аралы. Баяғыда Полтавадан жеңіспен оралған соң, Петр патша астананың орталығын сол аралға орнатпақ болған. Аралдың бетіне қолдың саласындай қып шаршылап каналдар тартып, солардың бойына дворяндарға, көпестерге, ірі-ірі кәсіп иелеріне бәсекемен үй салдырмақ-тұғын. Тіпті, 1712 жылы мыңға жуық шонжар әулетті аралға көшіру туралы указ да шығарған. Ол әулеттердің тізімін Сенат бекіткен. Бірақ, оған ұзаққа созылып кеткен терістік майданы мүмкіндік бермеді. Оның үстіне жау отіндегі арал қорғаныс жағынан да қолайлы болмай шықты. Енді, міне, ол бүгінде Кронштадт — Жаңа қаланың жау бетіндегі бір қамалы.

Астана императордың соңғы көргенінен көп өзгеріп жарымапты. Үйлерінің көбі — сол баяғы бір қабат сылама. Оларды сыртынан қыш кірпіштен қаланған боп көрінетіндей қылып, қызылмен бояп қойыпты. Тұсында әуел бастағы қарағай лашықтардың орнына осындай тәпене сыламалар салына бастағанына Петр патша қандай қуанып еді! Содан олардың орнына қыш кірпіш үйлер алмастырғанша қандай асығып еді! Күллі Россияда тек осы Петербургте ғана қыштан үй салып, көшелерге шамдал орнатып, парктер мен скверлер жасауға рұқсат еткен-ді. Жаңа астанаға байланысты шаруа шыққа, марқұм императордың көзі шоқтай жайнап кетуші еді. 1716 жылы француз архитекторы Леблон жасаған бас жобаны көруге Сенатқа келгені әлі есінде. Көлкөсір столдың о шетінен бұ шетіне шыққанша жайғасқан сәнді макет көздің жауын алады. Император қулана жымиып әр нәрсені бір сұрап қояды. Аққөңіл француз одан сайын буырқанып шабыттана сөйлейді. Орыс астанасы әлденеше ғасырлардың стилі ию-қию араласып бытысып жатқан Римге де, Парижге де, Венаға да ұқсамауға тиісті. Дәл мына макеттегідей сырдың тіліндей созылыңқы әлпіс жасап, бір-ақ түнде орнап қалған жұмбақ қаладай бір қалып, бір нақышпен жинақы салынбағы керек. Адмиралтейство аралындағы құрылыстар шаншылған найзадай тік тартылған түзу көшелердің бойына орналасады да, Васильев аралында ондай көшелердің орнына сәнді каналдар қазылады.

— Мм,— дейді патша.

— Ол үшін қазіргі үйлердің бәрін құлатамыз, қазіргі каналдардың бәрін қайта көміп, басқа каналдар қаздырамыз.

—Мм!

Патшаның едірең мұрты жымпиып қапты. Архитектор одан сайын иығын қомдап қоқилана түседі. Кенет патша ерең-серең қолын сермей созып, Леблонның иығына сарт еткізді.

— Несін айтасың, әдемі-ақ! Жаңа Венеция!

Онсыз да жағасы жайлау тұрған архитектордың екі езуі екі құлағына жетті.

— Бірақ...

Леблонның ұзын кірпіктері тікірейіп түсті.

— Біздің климат Венециядағыдай қысы-жазы қайықпен қатынасып тұрғанды көтермейді. Оның үстіне, достым...

Патша қалтасын қағып-қағып қойды.

Сөйтіп, сәнді Венеция көзден бір-бір ұшты. Бірақ, Кирилов күннен күнге көркейе түскен жаңа астанадан сондағы көз алдарында бір сағаттай тұрып жоқ болған әдемі елестің әлде бір ышандарын танып қалатын сияқты еді. Міне, соған көзі енді жетіп келеді. Анау оқтай түзу Нева проспектісі қандай әдемі! Оның екі қапталынан үш-төрт қатар жасап тіккен ағаштар қандай әдемі. Олардың арасындағы оқ жыландай сумаңдай ағылған тас соқпақтар неткен ғажап! Патша соның бәрін соңына түсін жүріп өзі істетіп еді ғой. Егер орқайсысы бес фунттан кем емес үш тас салып келмесе арбалар мен шаналарды, сондай жиырма-отыз тас салып

келмесе, кемелер мен қайықтарды Петербургтың карасын да көрсетпей, қаңтартып қоятын. Астананың көшелеріне тасты солай төсеткен! Ал, анау Адмиралтейство аралының қақ ортасындағы жан-жағының бәрі каналмен қоршалып, пейіштей құлпырып тұрған көлкөсір көк арал — Жазғы бақ. Қазіргі Петербургтің шаршы төрі сол. Ондағы әр ағашта, әр мүсін мен әр орындықта ұлы патшаның күс-күс қолының табы жатыр. Дүниенің төрт тарапынан әкелінген әр алуан ағаштар мен гүлдер, шаршылап, дөңгелентіп қырқылған сәнді бұталар, кесте төккендей нақыштап екен көркем гүлзарлар, шағаладай аппақ колонналар мен статуялар, ойдым-ойдым алаңқайлар мен ұзыншұбақ серуен жолдары, көкке шапшыған фонтандар мен жер бауырлап жатқан үйме-жүйме гроттар, мәрмәр беседкалар мен шамдал бағандар, бірте-бірте бір тұтас жасыл шаршыға айналып, көзден бір-бір ұшып бұлдырай бастады. Ал сонау жан-жағын желкен камап тұрған Адмиралтейство. Адмиралтейство мен Жазғы бақтың арасында бірінен бірі өтіп қаздай тізіліп Петр тұсында салынған бекзадалар сарайлары бұлар жағадан алыстаған сайын шіл богындай шашырап құрдым ақ ноқаттарға айнала түсті. Каналдардың жиегі бөренелермен көмкеріліпті. Ол бөренелерді балдыр көміп кетіпті. Қарсы жағалауда қабағын ашпай түйіліп Петропавловск қорғаны тұр. Қорған ішіндегі Петр мен Павел соборының мыс жалатқан жылтырақ шпильдері сонадайдан көзіне шаншылып қаратпайды-ақ.

Васильев аралы әлі бос жатыр. Бұрын жер түбінен мен мұндалап тұратын Меншиков сарайының қасынан бірен-саран қара-құрақ көрінеді. Сенатқа, Синодқа және коллегияларға арналып салынып жатқан атақты он екі коллегия үйі енді-енді бітіп келеді. Одан аулағырақта жаңа салынып жатқан Келім-кетім сарайының қаңқасы қарауытады. Кунст-камераның жаңа үйінің маңы ығы-жығы адам. Аралдың шет жағындағы алаңқайда бірен-саран шалқасқа шабдар сиыр жайылып жүр. Қозықұйрық төрген сары үрпек балалар көйлектерінің батпақ жұғып сатпақтанып қалған етегін кіндіктерінен асыра көтеріп анадайда айдын бетінде сән түзеп қаздай қалқып бара жатқан бес кемеге ауыздарын ашып аңқиып тұр.

Каналдардың өзенге шығар тұстарындағы көпірлердің көбін тот шала бастапты. Император тірі кезінде бұл көпірлерді өзі кеп тексеретін. Бір жолы қасына астананың бас полицмейстрі генерал-адьютант Девиерді ерте шығыпты. Арғы түбі Португалдық теңізші келімсек Антон Девиер иненің көзінен өтетін жылмаң төстің нағыз өзі еді. Бекзада дәулетті біреуді көре қалса, желімдей жабысып, ауызы жалпылдап сөйлеп беретін. Патша ағзамға тап келгесін не жорық! Құлағын сарсытып-ақ бақса керек. Кенет Мойкадан өтс бергенде, император көпірдің бір ақауын көріпті.

— Мынау не!

Әлгінде ғана ауызы-ауызына жұқпай келе жатқан полицмейстердің көмейіне күм құйыла қалғаны.

— Көкешім,— депті патша,— ана көпірдің үстіне барып тұр да, белбеуіңді ағыт!

Айдай жұрттың алдында полицмейстрдің шонданайын күнге қаратып қойып шпедей қылып берген император қолындағы қанқан қамшыны аттыға ұстатып, солығын әзер басып:

— Көкешім, көпірлерді өзің келіп тексеріп тұру керектігін, ең болмаса, мына құйрығыңның жарасы жазылғанша естен шығара қоймассың,— депті.

Сосын күймесіне отырып, шалбарын тартып кие алмай, әбігерге түсіп жатқан генерал-полицмейстрге:

— Болсаңшы, бауырым, жүрмейміз бе енді?!— деп айқайлапты.

Бұл әңгімені астанаға жайған Антон Девиердің өзі-тұғын. Мұртын сылап қойып, мақтанып айтатын. Император ағзамның алдында бөксеңді жалаңаштап тұрып, өз қолынан таяқ жеу үшін де біраз дәрежеге жету керек қой! Бақұмар келімсек соны неге түсінбесін! Өзінің төгін кісі емес екенін сездіру үшін әдейі айтатын.

Астанада қиран тұрған көпірлерге бола басы ауыра қоймайтын салбөксе ұлықтар әлі де баршылық. Бірақ, оларды осылай оқтын-оқтын шонданайларын сипаттырып тәртіпке шақырып қоятын ақыл кез-келген билеушіден табыла бере ме! «Қайран, император!»— деп күбірледі Кирилов. Ол тірі болғанда, мына сапарға бұларды өзі аттандырып салмас па еді!

Кириловтың кеңсірігі ашып, көзінің алды жыбырлап қоя берді. Күнде-күнде көріп жүрген ет-ене шаһар бірте-бірте бедерінен айрылып, көз ұшындағы көп қарауытқан не екендерін ажыратып болмас әлде бір бұлдыр елеске айнала бастады.

Қаладан ұзаңқыраған сайын Нева айдындана түсті. Көк жүзіне түбіттей тұтіліп шүйке-шүйке ақ бұлттар көтерілді. Жағалаудың екі бетіндегі ну ағаштар сиреп, кәк ормандар сонау көк жиекке шегініп, қашықтап кетіпті. Оның есесіне жайған керегедей боп сіресе ұстасқан нар қамыстар көбейіпті. Айнала ашыла түскен. Көздің де томағасы алынғандай, ту-ту алыска құныға шаншылады. Шіркін, кең дүние-ай! Әлі орынында екен ғой! Оны ешкім әлі тар аулаға тығып, қарағай қамашауға қамап қоя алмаған екен ғой!

Манадан бері Кириловтың қасында міз бақпай төңірекке қадала қарап келе жатқан Ералының жүрегі бұлқып-бұлқып қалғандай болды. Мынандай телегей су, жардай тігіліп, жиі өскен нар қамыс есіне тағы да салқам сахарасын әкелді.

Жылда осы уақытта төл аяқтанатын. Жылда осы уақытта құм арасының қапырығы күшейіп, кене сасып кететін. Жылда осы уақытта жабағы жүн қырқылатын. Тай-тай жүн теңдеген керуендерді Бұхара мен Хиуаға аттандырып салып, қалған ел үйлерін жығып, жылы ықтасын, жұмсақ төбінді тастап, қатқыл

өріс, салқын белдерге бет түзейтін. Сонау Хиуадан сәл-ақ бері Адам ата[1] бойындағы ұлан құмды қыстап шыққан хан ауылы жайлауға көшкенде Сырдың тап Аралға құяр сағасы маңынан өткелдеуші еді. Қазір де сол үйіреншікті сүрлеуімен Сары Арқаның самиян жазираларына қарап бағыт алып бара жатқан шығар. Сырдың бойы да тап мынау терістік дарияcының бойындай боп, бабына келіп балбырап жатқан шығар. Қағанағы қарқ, сағанағы сарқ арсы-күрсі дарияның жағасына жете бере көштер шөгерілер-ді. Теңдер түсіріліп, талдан тізіп жасаған жадағай салға тау-тау боп үйілер-ді. Балақтарын тізеден асырып шиыршықтап түріп алған жағаның қара сирақ жатақтары қолдарына сырғауыл таяу ұстап, бала-шаға мен дүние-мүлік тиелген қалтылдақ салындыны арғы жағаға қарай ақырын жылжыта жөнелер-ді. Қызыл құмды тізеден кешіп, төрт қолтығын түгел ақ көбік көмген атан нарлар ақ айран дарияға түсуден тайқасоқтап бақырып-шақырып бағар-ды. Ақыр соңында басқа-көзге төпеп берген қамшы мен сойылдан амалдары құрып жөңкіле аққан жойқын суға жөнеп берер-ді. Бір-біріне бұйдаларынан тізіп тастаған жарықтық жануарлар төрт аяқтарын бір жақ қапталдарына жан тәсілім сермелеп, бір бүйірлеп малтып бағар-ды. Күнгей жағаның маса-сонасынан әзер құтылған бейшара көшті терiскей жағаның маса-сонасы ызыңдап әндетіп жалана тосып тұрар-ды. Әншейінде көзі-басың күп боп ісіп, тозақ көрінетін сол бір күндердің өзі осындайда жадыңа түскенде жаныңды жадыратар бал дәурен екен ғой! Енді, міне, сол үйреншікті өміріне қайтып оралатын күндеріпе де көп қалған жоқ. Шіркін, көктемде көшкеннен артық не рахат бар дейсің! Кеш жөнекей тай жуасытып, құнан шаптырып жарысқаннан артық не рахат бар дейсің? Ауыл Сары Арқаға жеткенше талай жерге қонып, талай еру болатын еді-ау! Сонда жұрт бірер күн түнемеге қалқа тігіп, түтін түтеткенше жас өспірімдер мен балалар маңай-маңайдан шағыл тастамай кезіп, жуа теріп, көсік қазып кететін. Қойыны-қонышыңды топырақ-топырақ жуа, көсікке толтырып әкеп, ашы айранға турап салып, ағаш зереңнің шетінен еріне сораптап, түрулі іргеден сағым шалған жасыл белдерге қарап қиялға батып отырсаң ғой, шіркін...

— Ханзада!

Бұ кім тағы! Тай жарыстырғылары келіп жүрген көп шалдуардың бірі ме?

— Ханзада!

Ерссек кісінің дауысы. Ералы сәлк ете түсті. Қайда тұрғанын ұмытып кетіпті. Төңірек нағып ағарып кеткен!! Анау көз ұшындағы көлге жүгірген шөл үйірлердің соңында тұмшаланып тұрып алып, көпке дейін сейілмей қоятын ақ тозаңдай ақ саумал тұман қайдан шыққан? Ақ саумал тұманды аямай жыртып, қақ ортасынан сорайып шыға келген әне біреу немене? Мына бір жатаған қайықтарға жанатармағай мініп алып, жабыла ескек ескен көп

[1] Амудария мен Сырдария арасындағы өзен.

кісі қайдан тап болған! Бұлардың алдын орап, қапталдасып не істегелі жүр?

— Ханзада...

Ералы аңтарылып сол жақ нығындағы Мәмбет мырзаға бұрылды.

— Анау алдымыздағы Шлиссельбург қамалы.

Ханзада ештеңеге түсінбей есеңгірей қарады.

— Бұл бұрын Орешек деген орыс қорғаны болатын. Біраз жыл шведтердің қол астына өтіп, осында отыз жыл бұрын Петр патша қайтарып алды.

Қамалға жақындай бере ақ саумалданып жатқан Нева екі тармаққа бөлінді. Әр қайсысына он екі ескекші екі бөлініп жайғасқан көп қайық бұларды қос қапталдарынан қоршап ап оң жақ салаға бұрды. Қамал бүкіл бір аралды тұтас алып тұр екен. Дәл судың кемерінен басталған құс боп ұшып өтпесең, ат шаптырып ала алмастай қып, аспандатып өрген зәулім қызыл қорғанның өн бойына кеңірдектерін созып зеңбіректер самсайды. Соқайып-соқайып көрінген үшкіл мұнараларды басын жалтыратып қаңылтырмен қаптап қойғандай жарқ-жұрқ етеді. Анау қыш қабырғалардың қалыңдығы құлаштан асады дейді. Мұны алғанда орыстың әскері әуелі жағалай қоршап ап үш күн бойы зеңбірекпен атқылапты. Оған да болмаған соң, құмырсқадай құжынаған көп қайықпен түбіне дейін барып, арқан сатылармен жоғары өрмелеп, өлгендері өліп, өлмегендері қансоқта боп жүріп, ақыры жаудан босатыпты.

Енді, міне, сол тас қорған айдалада жаңғыз жайылған қызыл кардай маңқиып бір қапталдарында қалып барады. Кеше кештегі қоштасар қабылдауда патшаханым: «Ханның өтінішін орындап, екі өзеннің айырық сағасынан еш жау ала алмастай тас қамал салып береміз»,— деген. Сонда ол қамалдары да осы қорғандай болады-ау. Оның да анадай боп қаздай тізіліп, шар тарапқа шаншыла қадалып, зеңбіректері самсап тұрады-ау. Ханзада бір сәт қамал басында көкірегін самалға тосып желпініп тұрған жез қалпақты әкесін көргендей. Шіркін, ондай дәурен орнай қалса, мұның әкесінің мұртын балта шабар ма! Мынандай тас қорғанның қасында атқа мініп, найзаларын шошаңдатып келген жоңғарлар түйеге үрген күшіктей күлкілі боп қалатын шығар. Шіркін-ай, тезірек орнаса екен сондай дәурен. Әкесі мұны көргенде жүрегі жарылып кете жаздайтын шығар. Оған мынандай тас қамалдың жай-жапсарын айтып бергенде төбесі көкке бір жетіп қалмас дейсің бе!..

Бала ханзаданың ойын түсініп қалып, «Әлбетте!»— деп мақұлдап қоя бергендей, қамалдың барлық зеңбірегі күркіреп ала жөнелгені. Бір емес, қатарынан он рет күркірегені. Зәулім қамалдың үсті көк түтіннен көрінбей кетті. Ханзаданың көз алдынан бір сәт жылт ете қалған жаңағы бір рахат көрініс те жымның да жоғалды. Әлгінде ғана бүкіл мойынына қалың тұрып жел қалпақты әкесі де, мынау оқыс күрсінуден дір ете қалып, түйық

құшағына қайта кіріп бара жатып ұлына: «Мынауың тағы не пәле?»,— деп алая қарағандай.

Әлгі бір тықақтаған ересек дауыс тағы естілді:

— Ханзада, қамал сіздің мына келісіңізді қошаметтеп, зеңбірек атып жатыр...

Дауысынан таныды — Мәмбет. «Қошаметі мынау болса...» Ойын аяқтатпай көп зеңбірек тағы да жарыса күркірей жөнелді.

Жүрегі дір ете қалған бала ханзада сосын қайтып жан-жағына қарай алмады. Өз-өзінен лоқсып, басы айналып бара жатты. Кеше қабылдаудан қайтып келе жатқанда Мәмбет мырза сапарға аттанатындардың жартысы Мәскеуге дейін осылай су жолымен барады да, жартысы күймелерге, арбаларға тиеліп құрғақпен кетеді деген. Қазақ елшілігі сол қара жермен баратын керуенге ілессе керек еді. Мына қамалдан өткесін көп ұзамай жағалаудан бұларды күтіп тұрған күймелер көрінуге тиісті. Соларға тезірек жетсе екен.

Әлгі бір қоңырсыған күйік иіс қолқасын қауып, көзін ашытып барады. Ханзада мына арадан құтылғанша асықты. Екі көзін тарс жұмып алды. Құлағына бір емескі үн келеді. Баяғы шілделік... Жоқ, боз торғай... Қайта шырлап қоя берді.

Содан олар жүректері сол алып ұшқан қалпы Мәскеуге жетті. Ол арадан бесеу емес, он бір кемеге тиеліп ырғалып-жырғалып аттанды. Ханзада мен елшілік бұл жолы да қара жермен жүретін болды. Қоңыр күздің басында салдырта желген көп күйме алтын крестері жарқырап, күміс айшықтары жылтырап көз жауын алып тұрған көп мұнаралы үлкен шаһардан өтті. Хиссаларда көп айтылатын Қазанның Қара қаласы осы көрінеді. Жердің тоңы әбден еңіреп қатып, әуелі жапалақтап түскен мамық ұшқындар бірте-бірте пәлен күн қатарынан сыбап жауған қарға айнала бастаған қызылшұнақ қыс түсе көздерін талдырған көк жиектен дөңбек төбелердің баурайында жайылған жылқыдай бытырай түтіндеп жатқан Уфа да көрінді.

Ханзаданың құлақ шекесіне қонып ап, талмай сайрап келе жатқан жұмбақ құс одан сайын қылғына шықылықтай жөнеледі.

Шашырай біткен дөңбек төбелерді қуалай салынған ұзын шұбақ қаланы қыстай айқара басып жатып алған омбы қар еріді.

Қаланы екі жақтан көмкере ағатын екі өзенді құрсап жатқан сіре мұз піскен қауындай сатыр-сұтыр айырылып, жөңкілін сең жүрді.

Дарияның сатыр-күтірі арылып, айдыны әбден тұнған кезде шалқи ақкан Ақ Еділдің шығыс бет жағалауына әуелі қаптап ақ найзалар шаншылды. Сосын сол қаптаған қара құрым найзаларға қарай қаладан дабыл қағып шығып, лек-лек әскер шубырды. Тығырық бөрілері, дәрбаза нөмірлы қаптар сылдыратып жарқылдаған ені қаптаған борын-соны ауырді. Қаптың тайға таяу

әскер мен артиллерия жайғасты. Ал артқы жаққа, өзен бойына штабтың шатыры мен офицерлер тұратын киіз үйлер тігілетін болды. Аш ішектей шұбатылған ұзын керуен лагерь орналасатын жерді төрт жағынан түгелдей қоршап сыздиып тұрған сәнді саптың алдына төрт қадымдай жерге кеп шөгерілді. Саптағы әскерден алдын-ала бөлініп қойған адамдар ілгері шығып, шөгерулі жатқан түйелердің бел арқандарын шешті. Тай-тай теңдер қос қапталға сырғып-сырғып түсе қалды. Арқалары босаған атандар мен нарлар былқ етпей терсінді бүйірлерін күнге қақтап, ауыздарын рахаттана қайшылап, бырт-бырт күйсеп жатыр. Солдаттар әр қайсысы өз бөлімдеріне алдын-ала бөлініп берілген шепке апарып қаз-қатар тізіп шатырлар мен киіз үйлер тіге бастады. Айналасы он бес-жиырма минуттың ішінде әлгінде ғана қоқырсып жатқан көп жүк сымдай тартылып көше-көше қылып жарыстыра тігілген сәнді лагерьге айналды.

Өзеннің аргы жағасында көрі-жасы қалмай анталап тұрған Уфа тұрғындары ауыздарын ашып қатыпты да қалыпты. Дала бетте сонадай-сонадайдан шоқ-шоқ салт атты түздіктер көрінеді. Олар да тымақтары шошайып, осы жаққа қарап аңқиып тұр.

Қосын тігіп жатқандар оларды одан сайын таң қалдыра түскілері келгендей шырақ басып, шапшаң қимылдайды. Кенет біреудің шаңылдай шыққан ащы айқайы естілді.

— Көліктер жайылысқа жіберілсін!

Сол-ақ екен манадан бері көндері жылтырап көлбей шөгіп жатқан көп түйе атып-атып түрегелді. Белдеріне салақтатып қылыш байлап, қолдарына ұшын білектеріне орап қамшы ұстап ат мініп, аршындай қимылдаған бір топ казак түйелерді шұбыртып өріске айдап шықты. Лагерьдің екінші жағында өрелеулі аттар өзен бойына қарай шапшып жайылып барады. Ық жақ бетке қаз-қатар тізіліп қазандар асылды. Қасапшы солдаттар анадай жерге, аулаққа апарып тайынша жығып жатса, екінші бір тобы қабан үйтіп жатыр. Біреулері төркөз ауларын сүйретіп өзенге балық сүзуге тартты. Балақты түріп тастап, қармақ салып отырғандар қаншама!

Айдалада шыратыла шыққан түтіндер жақтан жас еттің, пияздың, бұрыштың — дәмдеп-дәмдеп пісіріліп жатқан тәтті таңсық тамақтың ісі аңқып қоя берді.

Қызық құмар жұрт ерінлерін бір-бір сылп еткізіп үйді-үйіне тарай бастады.

Мынандай жер-аяғы кең бостанға шыққандарына қыстай тар шарбаққа қамалып-қысылып-қымтырылып біткен әскер де мәресәре. Экспедиция қарамағына берілген бөлімдер алты ай қыс жан-жақтан үсті-үстіне шұбырып келді де жатты. Үйреншікті гарнизондарынан бауырларын біржолата көтеріп шыққан әскер бөтен қаладан баспана таба алмай, аттарына берер жем таба алмай, қару-жарағын қояр қойма таба алмай, апанынан су шыққан арлан бөрідей, онда шапқылап, мында шапқылап, көресіні әбден көріп шықты.

Қыс бойы Кирилов та бір тыным таппады. Қасына воевода

Кошеловты, полковник Тевкелевті, хатшысы Петр Дьяковты ертіп алып қиян түкпірдегі қоңырқай қаланың көшесінен көше тастамай, сенделеді де жүреді. Ауладан аула қоймай, түгел аралап шықты. Ең болмаса он аттың басы сиятын қора-қопсының, он солдаттың басы сиятын баспананың бәрі есепке алынды. Кирилов тіпті қаланы қойып, маңайдағы деревняларды кезіп кетті. Қазан, Ноғай, Сібір, Орыс жолдарындағы барша түп[1], барша болыстың билерін шақыртып сөйлесті. Сөйтсе, төрт жолдың бойын жайлайтын башқұрттың қырық төрт болыс елінде ешкімге ешқандай алым-салық төлемейтін бір мың төрт жүз отыз бір түтін тархан шаңырағы, біреуі түлкі, біреуі құндыз, біреуі сусар, біреуі бал жиып салық төлейтін сегіз мың үш жүз тоқсан бес түтін қара сүйек шаңырақ бар екен. Кирилов солардың бәріне түтін басы екі шана шөп, екі қой немесе бір тайынша әкеп беруге бұйырды. Ондай салықтан тек ертең экспедицияға керек көлік, арқан, киіз тауып беретіндер ғана босатылды. Аспандатып шөп тиеген нар шаналар Уфаға қыс бойы шұбырды да жатты.

Енді, міне, сүйткен тауқымет те артта қалды. Вологда полкінен басқа келетін әскер тегіс келіп болды. Кирилов мынау онсыз да титықтап бітуге айналған Уфаны одан әрі қинай бергісі келмей жолға шығуға бел буды. Манадан бері өзеннің арғы жағына топырлай жиылып, лагерь боп жайғасып жатқан қалың әскерге қызықтап қарап тұрған қала халқы: «Осынша көп обыр ауыздан құтылғанымыз өтірік пе, шын ба!»— деп, іштерінен тәуба айтып тұрған шығар.

Осынша әскерді қыс бойы асыраумен қоса, жарты жылға жетер жол азық пен көлік әзірлеп беру де оңайға түскен жоқ. Елсіз-сусызға кететіндерге қыстай үй сайын қара нан кептіріліп, олар ағаш қабығынан жасалған жеңіл қорапшаларға салынды. Қос қабаттап тігілген кенеп қапшықтарға арпа, сұлы, жарма қапталды. Ішіне алты шелек су сиятын емен кеспектерге арақ пен спирт толтырылды. Ал тұз, бұрыш, темекі дегендеріңіздің қисабы жоқ.

Құла түзге кетіп бара жатқан қарақұрым қосынға керек емес нәрсе болсайшы! Жүк артқан түйелер мен мініс аттарды жолжөнекей суару үшін жеңіл ағаш астаулар жасалды. Киіз үйлер мен жолым үйлерді жабатын қанша өре киіз жиналды! Күрек, мосы, шелек, арқан, жіп, балта, балғалардың санына жетіп болмайды. Орта жолда керегі болады деп, ұстахана әзірлеп, сған қажет көмірге дейін алдын-ала дайындалып қойылды.

Барған жақтарында ру басыларын алдап-сулау үшін алынған шапан тігетін жылтырақ маталар, оларды әдіптеуге керек алтын, зер, күміс оқалар, күмістеген сүйек шақшалар, көйлектік пұліштер мен жібектер, шаршы орамалдар, тарақтар, қол айналар, инелер, іш киімдік шыт-шыбырлар, күміс сақиналар мен айшықтар секілді ұсақ-түйектердің өзі бірнеше тай.

---

[1] Башқұрттардың рулық құрылысында тәйпалардан тарайтын тармақтарды осылай атаған.

Оның үстіне жаңа қаланы салуға, ойда жоқта түздіктер шабуыл жасай қалса, қорғануға қамдалған қару-жарақ тағы бар!

Ертең осыншa артынып-тартынған қарақұрым керуен қаптай еріп түрегелгенде бұл маңайдағы түз елінің де зәре-құты қалмайтын шығар. Тек ертең таң атсын де! Тек, төңірім, сәтін салсын де!

Бұл қосында: «Иә, сәт!». «Иә, сәт!»— деп, жүрегі алқымына тығылып, алабұртып жүрген жаңғыз Кирилов қана емес-ті.

Қазақ елшілігі жайғасқан үш киіз үй ол түні керер таңды көздерінен атқызды. Түйелердің бырт-бырт күйсегені, өзен бойындағы өрелі аттардың шұрқыраса кісінескендері су бойындағы ню-қию көп дыбыс құлақтарын қытықтап ұйықтатар емес. Көрмегелі үш жылға айналып бара жатқан самиян сахараларына топ етіп төбеден түсе қалғандай... Ай да сол күні әбден шаршысына толып туар ма! Төңірек тапа тал түстей жарқырап, кең дала әбден дені жайыла керіліп талмаурады да жатты.

Ертеңіне күн көтеріле дабыл қағылды. Шатыр-шатырдан атып-атып түрегелген сансыз әскер өзен бойына жуынуға жүгірді.

Сәске шамасында жауынгерлер шаршы жасап сапқа тұрды. Как ортаға зер шашағын жарқылдатып жорық альтары әкелінді. Құдай жолы құлшылық басталды. Мойнына алтын керсть асынған оқалы киімді маңғаз священник өне бойы күнге шағылысып, нұрға малынып, ауырлай басып сапты аралап келеді. Әр солдат пен әр казактың алдына барып, бата беріп, үсті-бастарына қолындағы күміс шарадан киелі су тамызады. Солдаттар мен казактар еріндері күбірлеп, жаппай шоқынып жатыр.

Священник төрт қанат сапты түгел аралап шыққасын күндей күркіреп орыс гимні күңіреніп қоя берді.

Тек сапта тұрғандардың ғана емес, таң атпай жатып анадай-анадай жерге жиыла қалған қызық құмар халықтың да тұла бойын дүр түршіктірген салтанатты әуез басыла бере, гүрс-гүрс зеңбірек атылды. Зеңбіректің үні енді өше бергенде сатыр-сұтыр дабыл қағылды. Сымдай тартылып сыздия қалған қалың әскерге қозғалыс кірді. Әскери бөлімдер лек-лек болып Кириловтың алдынан қошамет көрсетіп шерулеп өтті. Сосын әр қайсысы өз шатырларының қасына барып тұрды.

Дабылдар тағы да дүрсілдеп ала жөнелді.

— Жүк тиелсін!

Киіз үйлер мен шатырлар әп-сәтте жығылды. Қаз-қатар сап түзеп шөгерілген ауытты, жазылы түйелерге тай-тай жүк теңделе басталды. Айналасы жарты сағатқа жетер-жетпес уақытта барлық түйе, барлық арба жүктеліп бітті. Сол кезде: «Жиналыңдар!»— деген дабыл берілді. Адамдар мен түйелер міз бақпай сап түзеп тізіліп тұр.

Кирилов күмістелген ер-тоқым салынған шаңқан боз атқа мініп, әуелі казактарға, сосын жаяу әскер мен артиллерияға барып, сапарларына сәт тіледі. Жауынгерлер әр сөзді мық шегедей қадалта айтып, сақ-сақ жауап берді.

— Марш!

Кернейлер мен дауылпаздар жорық маршын ойнай жөнелді. Жұрттың бойын бір алабұртқан қуаныш кернеді. Лек-лек сайтар қимылдай бастады. Алға атты авангард — жәукем қол шықты. Үш казак жүздігі аттарын билете басып ілгері озды. Олар жарты шақырымдай жерге ұзаған соң барып, төрт рота жаяу әскер мен тоғыз зеңбірек қозғалды. Кириловтың күймесі мен ханзаданың күймесі соларға ілесетін болды. Олардан кейін офицерлердің жүктері тиелген арбалар мен санитар арбалар жүреді. Негізгі әскери күшке сосын барып жол тиеді. Олардың жартысы түйелі керуеннің алдына түседі де, жартысы соңынан ереді. Әр он түйені бұйдаларынан бір-біріне тіркеп бір кісі ұстайды. Сондай он кісі жетектеген жүз түйе бір бөлік құрайды. Әлгіндей жиырма бөлік — артынып-тартынған екі мың түйе маң-маң басып жолға түсті. Арнайы сақшы сайтар ерткен жаңа қаланы салатын қаружарақ тиелген ауыр арбалар солардан кейін жүрмекші.

Шерудің екі қапталында жарты-жарты шақырымдай жерден қос қабат түзеп қос қанаттың жәукем қолы шұбырады.

Осынша ұлан-асыр қолдың соңынан жарты шақырымдай жерден алты казак жүздігі мен тоғыз зеңбірек арьергард — артқы жәукем қол болып ілеседі.

Бәрі де алдын-ала тәптіштеліп қойылғандай дәл шықты.

Кернейшілер мен дауылпаздардың қолдарында тыным жоқ. Солдаттар мен казактардың ауыздарында тыным жоқ. Күркіретіп ән салып келеді.

Көптен бергі арманды сапар басталды да кетті. Көз ұшында көк жиекте шоғыр-шоғыр салт атты башқұрттар күнгейге қарай бет түзеген ұлы шеруге қапталдаса шауып барады.

Аспан астына теп-тегіс көк пүліш төсеп тастағандай айнала жап-жасыл. Батыста — тасыған қазандай кемерінен асып-төгілін Ақ Еділ жатыр. Шығыста — көз ұшында шоқ-шоқ тоғайлар қылаңытады. Арттарында — дөңбек жалдардың басында бұлардың жолдарына көзін сатып Уфа қарап тұр.

Май тоңғысыз сәуірдің күні жарқырап-ақ бақкан. Мынау салтанатты шерудің ажарына ажар қосқысы келгендей қылыштардың қынабы мен мылтықтардың сүңгісіне шағылысып ойнап, бірте-бірте биіктеп барады.

Қызыққұмар топтың көбі артта қалды. Тек қос қанталдағы салт атты башқұрттар ғана тарқайтын емес. Екі бүйірдегі атты казактарға жақындап-жақындап келеді де, дүркіреп кейін сеpпіледі. Сосын бірін-бірі қуып ұшан далаға қарай шапқылап ала жөнеледі. Көк жиектегі ну жыныстарға барып сіңіп біржола жоғалады да, сәлден кейін қайта көрінеді.

— Бұлар неге мәз-майрам!— деп сұрайды былайырақ шыққасын ақ боз атын адьютантына беріп, күймеге келіп отырған Кирилов қасына жайғасқан Петр Дьяковқа бұрылып.

— Көктем шықты-ақ, бұлар көбелек қуып ойнаған балалардай асыр салып келеді,— дейді Дьяков [illegible]
[illegible]

күні Алексей Иванович, Сергей Костюков үшеуіміз киіз жинап барғанда ауыл сайын «Қарғатой» жасайтын едік деп қапылып жатқан-ды.

Кирилов таңырқап қасын керді.

— Қарғатой?

— Иә... Олар жыл сайын ұзақ қарға ұшып келгенде: «Енді көп ұзамай көктем туады»,— деп қуанып той жасайды екен. Қарғатой дегендері сол. Ауылдан жарты шақырымдай ұзап барып жерден қазып ошақ жасайды. Қазан асады. Қарға тойға еркектер қатыспайды. Қатын-қалаш пен бала-шаға ертеден қара кешке өздерімен өздері мәре-сәре болады.

— Сонда не ермек қылады?

— Бала күрестіреді, жұмбақ айтысады, тіпті бала таппаған жас келіншектер мен жасөспірім қыздар балақтарын түріп алып жаяу жарысады. Әйтеуір іштері пыспайтын болса керек.

Кирилов хатшысына қызыға қарады. Келгеніне бес-алты ай болмай жатып мұндағы ел жайында не сұрасаң да, тап осылай ағыл-тегіл ақтарыла сөйлегеніне риза болып отыр. Әуелде де көп қағаз көшірушінің ішінде осы бір дөңгелек жүзді, кесек пішімді жігітке көңілі бітуші еді. Домаланған етжеңді жігіт дене бітіміне қарамастан қашан да құрақ ұшып, ұршықтай үйіріліп тұратын. Айтқаныңды екі етпейтін. Дер кезінде сақадай сай қып әзірлеп қоятын. Анада экспедицияға іс қағаздарына баскөз болатын кісі қарағанда, есіне алдымен осы түскен-ді. Оған: «Таныстарыңның арасында зерек жас жігіттер болса, маған жолықтыр... Біздің экспедицияға білімді адамдар өте керек»,— деп тапсырған-ды. Сонда Москвада бұған бір тісі ақсиып күліп тұрған ақсары жігітті ертіп әкелгені.

— Жігітім, атың-жөнің кім?

— Михайло Ломоносов.

— Қайда қызмет істеп жүрсің?

— Оқимын.

— Оқушысың ба? Қайда оқисың?

— Славян-латын академиясында.

Кирилов біраз сыр тартып көріп еді, көзі күлімдеген кең маңдай ақ жарқын бозбаланың талай нәрседен талабы да, хабары да зор екенін аңғарды. Бірақ, славян-латын академиясының басшыларының: «Ең таңдаулы шәкіртіміз. Шетелге оқуға жібермек ойымыз бар?»,— деп қадалып отырып алғаны. Петр Дьяков оны Архангельск жақтан таниды екен. Дьяковтың әкесі Вологдадан Сухон және Терістік Двина өзендерімен Архангельск портына шетелге сататын астық таситын саудагер-ді. Петр соған еріп жүрып, неміс және голланд тілдерін үйреніпті. Москваға оқу іздеп келіп жүріп, шыны заводының директоры Эльмсенмен танысыпты. Соның қарауында істеп жүргенде Кириловтың көзіне ілігіп, сауда таможнясына тілмаш боп орналасқан-ды. Енді, міне, жиырма екі жасында Оренбург экспедициясының әрі хатшысы, әрі кеңсе басқарушысы, әрі бухгалтері.

Ақ жарқын жігіт өзі секілді ақ көңіл жастарға үйір. Ломо-

носовты да сол жарқылдап жүретін мінезіне бола ұнтатса керек. Мұнда келгелі бір аяқ-қолы серейген арық жігітті қасынан тастамайды. Экспедиция кеңсесіне тағы бір іс жүргізуші керек дегенде Мәмбет Тевкелев сол сыдиған ұзын тұра, немені тауып әкелген-ді. Баяғыда қазақтар арасына барғанда қасында болыпты. Ол да сойдақ тістерін соқитып ауызын ашып жүретін ақ пейіл жігіт секілді. Петр Дьяков екеуі оңай тіл табысты. Жұптарын жазбайды. Сергей Костюковты көргенде қазақ елшілігіндегілер де мәз болып қалысты: «Мынау баяғы Сартайлақ қой»,— деп қаумаласа кетті. Костюков тайлақ десе тайлақ. Қашан көрсең, мойыны сорайып, аяғын аннан бір, мұннан бір басып көстеңдеп келе жатқаны. Сүйтіп жүріп, осы өңірде туып өскен неменің білмейтіні жоқ көрінеді. Әлгінің бәрін Петр Дьяков содан естіп алып жүр. Бұл экспедицияға мынау түз жұртының әдет-ғұрпын, мінез-құлқын қалт жібермей бақылап, қағазға түсіріп отыратын көзқарақты кісілер өте керек. Елінің мінезін білмей тұрып, жеріне де денден кіре алмайсың. Күні кеше сонау Петербургте жүргенде башқұрттар жайында қанша зерттеу, қанша ақпар оқыды. Бірақ, соның көбі бұл халықты жақын танып, жақсылап біліп алмай тұрып, сырт долбармен жаза салынған мәліметтер екен. Олардың көп мінезіне осында келгесін қанығып отыр.

Ойға шомып кеткен Кирилов кенет:

— Жарма! Жарма беріңдер!— деген оқыс айқайдан селк ете түсті.

Оң жақ қапталдағы ортасында басына айшық шаншылған көк қарағай мешіті бар кішкентай ауылда бір топ бозбала жігіт:

— Жарма! Жарма беріңдер!— деп үйден үй тастамай шапқылап жүр.

Петр Дьяков жымиып бір күліп қойды.

— Мына жігіттердің атқа мініп, үй-үйден жарма жиып жүргеніне қарағанда, бұл араның жері әбден дегдіп, соқа салатындай болғаны ғой. Әне, көрдіңіз бе, соқаларын тіпті қыр басына шығарып та қойыпты. Ертең-бүрсікүні жер жыртуға кіріседі екен. Ондайда бұлар сабантой жасайды екен дейді. Жас жігіттер ауыл аралап жүріп, былтырдан қалған өлі астықтың соңынан — жарма жиып алады. Сосын олжаларын ауылдан алысырақтағы жер ошаққа асып қойған ортақ қазанға апарып сала береді. Жарма әбден жиылып болғасын бүкіл бір рулы елге жететіндей ботқа пісіріледі. Ботқа пісіп жатқанда ауыл-аймақтың еркек кіндігі түгел жиылып бір-бірімен белдесіп, бала жарыстырып, ат шаптырып тамашалайды. Мұндай тойға бір ауыл ғана емес, қоңсы отырған бірнеше ауыл жиылып, көкпар тартысады. Көкпарға бұрын сойылмен ұрып жығып алған бөріні тартады екен, қазір қой не ешкі тартатын көрінеді. Әне, анау нығына күйенте асып өзен бойынан су алып келе жатқан келіншектің жолын кескестеп жүргізбей тұрған көп жігітті байқадыңыз ба? Олар одан орамал сұрап тұр. Орамал бермесе, қамшының астына алудан да

тайынбайды. Әне, аңғарып отырсыз ба, келіншек амалсыз қалтасына қолын салды... Әне, анау ағараңдаған — орамал. Оны елден ала бөтен өңменде жүрген әне бір шабдар аттыға берді. Әне, шабдар ат айдалаға ала қашты. Қалғандары дүркіреп қуып берді. Бұны орамал алып қашу дейді. Бүкіл ауыл солардың жарысқанына қарап мәз болып жатыр. Жаңағы орамал берген келіншектің өзі күйентесін ығына қайта салумен шаруасы жоқ, тісі жарқырап күліп тұр. Өздері, не де болса, бір көңілді халық!

Иә, Петр Дьяков айтса, айтқандай, бүгін таң атпастан аттарына мініп алып, атанақтап шапқылаумен жүр.

Кирилов бұларды тап осындай жарқылдақ қабақ ақ жарқын жұрт шығар деп ойламап еді. Әлде әлгі сызқабақ шалдың әсері ме екен...

Кириловтың мығына күлкі жүгірді. Көз алдына күнде көріп жүрген бір үйреншікті көрініс келе қалды.

Екі босағасы мен маңдайшасын оймыштап тастаған зіп-зілдей қарағай қақпа айқара ашылады да, ішінен бірінен бірі аумайтын бір өң үш ат жеккен күймелі шана атып шығады. Жай кимылдап, ныгыз басатын сыз қабақ шал танауларынан бу атқылап тасырлап шауып өткен үш жылқыға, олардың соңындағы шанаға, шанадағы бурадай-бурадай кнім киіп күдірейіп-күдірейіп отырған кісілерге көз қиығын да салмастан созаландап барып қақпаны қайта жабады.

Кирилов осында келгелі кірген-шыққан сайын әлгі шалға қалай да бір қарамай өтпейді. Бұрын ол воеводаның қорасын сыпыратын еді. Кирилов өз алдына жай алып, сонда көшкенде, оны да бірге ала кетті. Сырықтай ұзын сыриған шалдың тұла бойында доғалданып, жұмырланып жаратылған ештеңе жоқ. Қалақтай жағына қылыш жанығандай. Суалған екі ұртқа тақала беріп қайта тікірейіп кететін қияқ мұрты, қашан көрсең де, тышқан тықырын аңдып қалған аш мысықтың құлағындай едірейеді де тұрады. Сүйір иегіне сүмие біткен сүңгі сақалы да төбелесқұмар әтештің құйрық жүніндей селтие қалған. Ешқашан кісіге тіке қарамайтын екі шегір көздің ортасында орақтай итиіп оратыла біткен құс тұмсық едірең мұрттың астындағы қаймыжық ерінмен әрі асып түсуге әлденеден қаймыққандай, шаншыла үңіліп, шапши тоқтапты. Жарғақ бетіне ылғи қан теуіп қызаратын да жүретін осы шал, сыртынан қарағанда, нағыз шатынаған шатаққұмар адамның сойы. Бірақ, міне алты айдан бері күнде көріп жүр — шатақтаспақ түгілі біреуге жақ ашып сөйлесіп жатқанын көзі шалған емес. Ертелі-кеш екі қолы ербеңдеп бірдеңе істейді де жатады. Қашан көрсең — өзінен де ұзын сырғауыл сап сыпырғыны құлаштай сермеп аула тазалап жатады. Қашан көрсең — емен күбілерді шанаға тиеп алып өзен жаққа су алуға кетіп бара жатады. Қашан көрсең — қара балтасын қарағай бөренеге кадай шаншып отын жарып жатады.

Сырғауылдай сыриған сыз қабақ шалға шаруа жеткілікті. Қоңырауластың кірін қоңырауластың шығын жататын күймелердің бәрі асығыс. Бәрінің шаруасы әрі маңызды, әрі тығыз. Ал ша-

надағы үстіндегі бурадай тоны аз болғандай, сыртынан иығына тағы бір тон жамылып, тізесін және бір тонмен айқара кымтап алған суыт жолаушылар шетінен кердең, шетінен шамшыл. Біреулері — сонау Екатеринбургтен. Кен ісін басқаратындар. Біреулері — Қазан мен Вологда, Мензелинск мен Самара горнизондарының өкілдері. Біреулері — Жайық казактары атаманы мен нөкері. Бәрі де қоңырауларының сыңғырын жер түбінен естіп, дер кезінде алдарынан қақпанды шалқайта ашып тастап шаншылып тұрмасаң, қырау қатқан қыртыс қабақтарын одан сайын түйіп алып, зәрлене қарайды. Бірақ, оларына бола асып-сасып жатқан сыз қабақ шал жоқ. Әлде бір сиқыршы айтпай біліп тұрғандай, қарағай қақпа арындап келе жатқан аттардың алдарынан қараптан-қарап өзі-ақ қақ жарылып жүре береді.

Кирилов Еділ бойы мен Орал тауындағы орыс ұлықтары аз болғандай, жан-жақтан башқұрт ру басыларын жинай бастады. Біреулері желі азынаған құба даладан сеңсең киіп, біреулері сыңсыған орман арасынан сусар мен бұлғынға оранып келетін мақғаз билердің бабын табу орыс ұлықтарының бабын табудан оңай көріне қоймады. Бірақ, сырнған сыз қабақ шал олардан да тәп айылын жиып, қысылып-қымтырылып жатканы шамалы. Сол кеңірейген қалпы аттарынан түсіріп алып, сол кеңірейген қалпы тақымнан босаған құр жануарларды ат қорага карай сүйреп апа жөнеледі.

Сыз қабақ шал асығып аптықпаса да, бәріне үлгереді. Сыз қабақ шал қабағын бір ашпай тұнжырап жүрсе де борін дәл өз ойындағыдай қып тындырып кояды.

Кириловтың Уфаға келгендегі түздіктер жайындағы түсінігіне де ең алдымен өзгеріс енгізген сол кора тазалаушы шал еді. Оның орыс жиһанкездерінің жазғандарын оқығаны бойынша, бұлар қаракетпен шұғылданғаннан гөрі қымыз ішіп қызара бөртіп бос жүргенді ұнататын салбөксе жұрт болса керек еді. Мына шалға қарағанда, олардан аскан тындырымды қызметші табуың қиын сияқты. Бұрын олар о десең, мә деп жағаласа кетер шадыр халық деп еститін-ді. Әлгі шалға карасаң, ең бір сөзі сатулы сабырлы халық осылар ма деп каласың.

Кирилов қызметшісінің мінезіне карап, енді башқұрт біткеннің бәрі сондай сыз кабак суық жұрт деп ойлай бастаған-ды. Ол пікірін шалкақтап кіріп, шалкақтап шыққан башқұрт билерімен жолығысы одан сайын орнықтыра түскен-ді. Бірақ кейінгі кезде түйе жинай барған отряд та, киіз жинай барған отряд та, киіз үй мен аркан жіп жинай барған отряд та кеңілдері бітіп, «өздері бір елегезек жұрт» деп келеді. Ал Сергей Костюковка айтқызсаңыз, тіптен ауызының суы құриды. Одан естіп алып, міне, Петр Иванович Дьяков та ауызын ашып, көзін жұмып отыр.

— Ваше превосходительство...

Кирилов қасындағы Дьяковка карады. Дьяков екі беті балбұл жанып алабұртып отыр. Қанша дегенмен жиырма екідегі жас жігіт емес пе! Жолдың екі бетінен көргендерінс каралай елегізіп келеді.

Шынында да, төңірегің еліктірсе, еліктіргендей екен! Сылаң Еділ қырық аунақшып бұраңдай ағады. Арғы жаға жарқабақ биік кемер. Оның үстіне сыңсыған қарағай, не сыңсыған ақ қайың. Ал бергі бет жайдақ жайпауыт. Оқтын-оқтын шалқып жатқан Ақ Еділ мынау ұланғайыр даланы біржолата көл-көсір көміп кететіндей әсер қалдырады. Шығыс жақ көкжиектің қарауытқан шоқ тоғайлары азайып, жылмиған жазық басталғалы тұр. Кей тұста жыпырлап ақ көбелек қонып отырғандай жауқазын өскен алаңқайлар ұшырасады. Кей белден қаптай өріп қалың жылқы шыға келеді. Маңағы көз ұшындағы көп салт аттының да қала қоятын түрі байқалмайды. Әлі де қаптал дасып келеді. Сонадай жерден сорайып бір оқшау сырық көрінді. Сырықтың басына жалбыратып әлем-жәлем қызыл ала шүберектер байлап қойыпты. Сырықтың қасында қаңтарулы аттар тұр. Қара-құраң жеткілікті. Жан-жақтан қылтиып-қылтиып шығып жатқан көп салт аттылар. Бәрі де солай қарай бет түзеген.

— Анау сабантой ететін жер. Оқшау сырғауыл жан-жақтан келетіндерге алыстан көрінсін деп әдейі қағылған. Ар жағы тегістік екен. Бәйге шаптыратын шығар,— дейді Петр Дьяков.

Әлем-жәлем сырғауылдың қасында байлаулы тұрған аттарына барып, жапатармағай ерге қонған бір топ кісі топырлай шауып кеп, шығыс жақ қапталдағы шолғыншыларға бірдеңе деп қамшыларын селтеңдетіп жүр. Шошаңдаған қамшылары біресе қалың шерудің ортасындағы көп күймені, біресе айдаладағы жаңғыз сырғауыл жақты нұсқайды. Қоярда қоймай жүріп бірер шошақ тымақ үш казакқа еріп бұларға беттеді.

— Ваше превосходительство,— деді казак жасауылы танаурай сөйлеп.— Мынау шәшмектердің[1] бүгін бір үлкен мейрамы екен. Сабан той дей ме, қабан той дей ме! Сайтан алғырларға дұрыс түсінбедім. Сіздерді соған шақыра келдік деп жолымызды кескестеп жүргізбей қойғаны, «Дастарханларыңа осынша мол қол барып қонжиғанда, өздерің иманды ауыздарың сылп етпей, құр қалып қойып жүрмейсіңдер ме!»— десек: «Ендеше ұлықтарыңа апар, тойымызға құтты болсын айтып, шашу берсін. Әйтпесе, алдарыңнан ала арқан кереміз. Оны аттасаңдар жолдарың болмайды!»— деп, тақымдарына басып алған арқандарын көрсетіп жалаң-жалаң етеді.

«Мына қауға сақалыңның айтып тұрғандарының бәрі рас»,— дегендей қасындағы екі көсе башқұрт жымың-жымың күліп қояды.

— Тойларың құтты болсын, биыл қамбаларың астыққа толсын!— деді Кирилов екі жігіттің көзіне кезек-кезек үңіліп.

Олар әуелі бір-біріне жалтақ-жалтақ қарап алып, сосын бұған: «Сөзіңізге құлдық»,— дегендей қамшылары саландаған оң қолдарын көкіректеріне апарып иіліп тағзым етті.

---

[1] Патша ұлықтары бәрша бұратана жұрттарды осылай кемсітіп атаған.

— Жасауыл, бұларды арттағы обозға апарып, тойларына шашуға бірер жәшік крендель бергіз,— деді Кирилов.

Жасауыл мен қасындағылар артқы жаққа қарай жортып ала жөнелді. Петр Дьяков екі езуі екі құлағына жетіп, ыржиып күліп қойды.

Шынында, соның айтқаны дұрыс секілді. Мыналарың бала секілді аңқылдаған ақ көкірек жұрт болмасын! Әйтпесе, есі дұрыс кісі мынадай жер қайысқан қалың қолды тойға шақыра ма?

Бұларға керегі де сол — ақ көңілдігі мен қонақжайлығы. Қонақжай болса, араларына тез сіңіседі, ақ көңіл болса — айтқандарына оңай көндіреді. Ал қалғаны жүре-жүре келе өзі-ақ түзеліп кетеді. Ұлы Россияға тек мынандай бай өлке ғана емес, тіл алғыш арзан қызметші де аса қажет. Орыс тәрбиесін көрсе, өздерінен оп-оңды қызметшілер шығатын түрлері бар сияқты. Әлгі сыз қабақ шал соның бір куәсі емес пе! Тек сыр алдырмай тұрғанда мына ұлан байтақ өлкенің өне бойына түгел жайылып қоныстанып алу керек. Сонда өзінің өнері мен кәсібі жоқ әуейі халық бұлардың істегенін істеп, айтқандарына оп-оңай-ақ көндігіп кетеді.

Біраз күннен бері тыным көрмей жүрген Кирилов әлгі бір тәтті қиялдың құшағына еніп, көзі ілініп бара жатыр еді, құлағына жабыр-жұбыр дыбыстар келді. Қараса — шығыс жақ қанатқа тағы да бір елу-алпыс салт атты башқұрт келіп, қамшыларын сермелесіп бірдеңе деп өжеңдесіп жатыр. Бұлар енді дәндеген күліктей қапталдаса шапқылап шашу тілейді де тұрады ғой. Мыналар да сабантойға шақырып жүрген көп саппастың сойы сияқты. Келсін, жол үстіндегі жолаушыдан бірдеңе сұрап тілемсектеніп тұрудың инабатты халыққа жараспайтын ұнамсыз қасиет екенін айтып, ендігәрі жолдарын бөгемеуді талап етіп, ит терілерін бастарына қаптап жіберсін.

Кирилов күймесінің қапталында салт атпен келе жатқан адьютант шалғыншыларға жалау былғалап: «Башқұрттарды бері жіберіңдер!»— деп белгі берді.

Қарақұрым салт аттыдан бұл жолы да екі кісі бөлініп әлгі жасауылға ерді. Бұл жолғы башқұрттар манағыдай жас өспірім жігіттер емес екен. Екі қаба сақалды дөңгелек жүз еркек анадай жерге кеп оң қолдарымен кеуделерін басып сәлемдесті. Сосын манағы жігіттердей арсаландап күлмей, қастарындағы жасауылға салқын бұрылып: «Мына ұлыққа біздің айтқанымызды айт»,— дегендей ым жасады. Қызыл танау жасауыл манағыдай аптыға сөйлемей орнықты тіл катты.

— Ваше превосходительство, бұлар оңған шаруамен келіп тұрған жоқ. Бізге осы арадан кері қайтыңыздар дейді. Сіздердің сйларыңызды біліп қойдық, бақ ортамыздан ойып тағы бір қала салып, өзімізді өз жерімізге зар қылмақ екенсіздер дейді. Айтқанды тыңдап кері қайтыңыздар, әйтпесе жаңа қалаңыздың бәрібір күл-талқанын шығарамыз дейді. Егер осы айтқанымызды орындасаңыздар, біз бұрынғы ақ патша [illegible] қала береміз дейді.

Жасауыл сөзін бітірер-бітірместе екі қаба сақал башқұрт: «Айтқанының бәрі рас»,— дегендей бастарын изеп, үн-түнсіз жауап тосты.

Кирилов мұндайды күтпеп еді. Жалт етіп хатшысына қарады. Петр Дьяков: «Айтып тұрғандарың рас па?»— дегендей башқұрттарға қарады. Башқұрттар міз бақар емес.

— Біз ұлы императрица ағзамның жұмсауымен келеміз. Башқұрт жұртын да сол императрица ағзамның боданы деп білеміз. Ал бодан жұрттың өз билеушісінің пәрменін екі етуге қақысы жоқ. Сондықтан сіздердің талаптарыңызды орынсыз деп табамыз. Мұндай оспадар қылықтарыңыз үшін сіздерді жазалауға болар еді. Бірақ, бір жолға кешірім жасаймын. Ендігәрі мұндай мінездеріңізді көрсем, аямаймын. Сіздерді осында жұмсап отырғандарға бұл айтқандарымды бұлжытпай жеткізуге пәрмен етемін.

Кирилов ызаға булығып түтіге сөйледі. Екі башқұрт сол міз бақпаған қалыптары аттарының басын кері бұрды.

«Міне, саған сабантой керек болса!»— деп ойлады Кирилов екі шабарманның соңынан тесіле қарап қалған Дьяковқа кіжіне көз тастап.

Содан әлгі арадан көп ұзамай жатып, жолдың екі бетіндегі манадан бері ерсілі-қарсылы далаңбай шабыс пышақ кескендей тыйылды. Әр жер-әр жердегі әлем-жәлем сырғауылдардың түбіндегі асулы қазандар да адыра қалыпты. Салт атты башқұрттар қос қапталдағы жал-жалдың басына шығып, мықындарын таянып қаз-қатар тізіліп тұрып алған. Содан қашан бесін ауғанша екі жақ қапталдан бұларға түйіле қарап, шаншыла төніп тұрған суық қабақтар жиілей түспесе, азаймады. Бесін ауғасын барып жал-жалдың басындағы башқұрттар аттарының басын кері бұрып, ту сырттарындағы ұшан далаға қарай үнсіз аяңдасып бара жатты.

Таңертеңгі қағанақтары қарқ, сағанақтары сарқ бейқам шеру енді қос бүйірлерінен әлде бір суық жебелер сұғына төніп тұрғандай екі жақ қапталдарына жалтақ-жалтақ қарауды көбейтті.

Кириловтың жырта қарыс кең мандайының қақ ортасынан білемденіп бір сызат жүгірді. Таң атқалы жайма шуақ нұр шашырап келе жатқан отты жанары оқыс мұздап тұнжырап сала берді. Ту сыртынан аяз қармап алғандай қараптан қарап тітіркеніп қойды.

Әлгінде ғана сұқты көздерімен ата қарап ұзатып салған сұсты шоғыр араларына төрт-бес қыр түскесін аттарына қамшы басып, сондарынан үн-түнсіз еріп келе жатқандай. Шерудегілер арттарына бұрылып, қайта-қайта қарап қойысады. Кейінгі жақта ызаға булығып долырған көздің астындағы көк білем іскіктей көлкілдеп көгілдір белдер тұр. Жанарың түскен сайын бедіреңе түседі. Қапталдағы қалақ жауырын қайқы дөңдердің басында қарауытқан қалың бұталардың тасасында да бұқпақтап бірәулер жүргендей. Алдарында алыстан-алыстан бой көрсетіп, [illegible] сіңіп келе жатқан айдай биіктер де [illegible]

тоскауыл тығып тұрғандай. Көзің неге түссе де, көңіліңе сезік қашырады.

Жан-жақтарына жалтақтасқан ұлы шеру суыт ілгері тартып келеді. Манағы айбыны кетіп, шөбі қалың от жерден мың-сан тұяқ жарыса таптап, жайпап берген соң амалсыз ірметіле көтерілген сұйқылт тозаңға көміліп, жермен жексен аласара түскендей. Атты казактардың күміс қындары да көктегі күнмен жағаласа жарқылдайтын жылтынан айрылып, жуасып, құр салақтап келеді. Зеңбіректер құладүзге дендеп кірген соң, қазақ ауылдарының арасында адасып қалған қаңғыма саудагердің қоқыр-соқыр тиелген шиқылдақ арбасындай зырылынан жаңылып қикалақтай бастады.

Бірінші күні ұзыншұбақ шеру мынау жылмық жон жымыскы бүйіраттардың арасынан ұзаңқырап шығып, манағы суық көздерден әбден қара үзіп кеткілері келгендей, қашан күн ұясына конганша аял жасамады. Түнемелікте кешегідей сәнді қос тігілмеді. Күні бойы сарсыл аяңмен болдыртып келе жатқан түйелер мен аттардың белдері босап, самсаған сақшылардың алдында өріске жіберілді. Арбалар мен зеңбіректердің маңына қалай болса солай киімшең кисая кеткен жүріссоқты жұрт дем алып қарк болмады. Таң атқанша аспанға карап жұлдыз санап жатқандай көздері ілінбеді. Сәл сыбыс шықты-ақ, шошаң еткізіп бастарын көтеріп алады. Ештеңе байқалмаған соң қайта жатып, көкке карап қайта бақырайысады.

Ертеңіне де жан-жақтан каптағайлап келе жатқан қалың жау көрінбеді. Кешегідей сары ымыртқа дейін салпақтамай, жарық барында еру жасалды. Бұрнағы күні Уфа түбіндегі төртіппен қос тігіліп, көліктер өріске айдалды. Түні бойы жұрт құлағы елеңдеп шыкканмен, төңірек тыныш болды. Ертеңіне жұрт та, ат-түйе көліктер де аяқтарына сергек мінді. Енді жұрттың дендері жайылайын деді. Жер түбінен түнерген шоқ-шоқ тоғайлар азайып, далиған жазықтар көбейді. Уфадан шыққалы тілдерін жұтып қойғандай үн-түнсіз келе жатқан едірең мұрт казактар мен солдаттар күркіреп ән бастады. Ол күні шеру айдаладағы айналасы ат шаптырым саумал көлдің басына тоқтап, көліктерін суарып, балық сүзіп мәре-сәре болысты.

Ұшан далаға ұзап шыкқан сайын көңілдің алаңы басылайын деді. Жұрт бұрынғыдай үркесоқтамай, көк жиекке көздерін ұзағырақ қадайды. Тіпті барар жерлеріне қанша қалғанын есептей бастаған сабаздар да бар! Төңіректен ұшқан құс, жүгірген аңнан басқа тірі жан көрінбейді. Сонда да кос пен көліктерге күзет мықты. Әсіресе өріске айдалатын жылқыларды атты казактар таң атқанша тікелерінен тік тұрып торып шығады. Ай астында қылаңытқан сәл нәрсені қарауылға алып, жақындай түссе, жайратып тастайын деп, жаланып тұрғандары. Бірақ, әлгі карайғандар таң ағқанша сол жатқан жерлерінде бүк түсіп жатып алады. Жарық түскесін барып караса, не дөңбек тас, не бұта болып шығады. Түні бойы көзі әпірейіп шыққан казак қарғыс атқыр

қара тасты, не бұтаны ата-бабасынан батпандата бір боқтап, жылқыларды қосқа айдайды.

Таң атқанша көк жасыл алқапқа тортасынан айырған сары майдай сар шұғыла төгіп, аспан астын жылт-жылт сиқыр сұлулыққа бөктіріп шығатын айлы түндер таусылды. Енді күннің көзінің қалай қарасы жоғалды, солай жер бетіне омырауы уда-дуда қара бурадай қою қараңғы бауырлай шөгіп, төңірек тас табыттай тып-типыл тар қамашауға айналады. Өрістегі бақташылар алдарындағы малдың о шеті мен бұ шетін анық байқай алмай, таң атқанша бір-біріне алыстан тіл қатысып, бақырып-шақырып жатқандары. Солары әбден ағаттық екен..

Бір күні таң атқаннан бері қыр арқасын ер, мойындарын қамыт қажаған байғұс мақұлықтар қырдың жаңа ұйып келе жатқан уыз ірімшіктей кілкілдеп тұрған қалың ажырығына ауыздарын кесей салып, енді-енді бүйірлері бұлтия бергенде қою қараңғының арасынан әлдене жарқ-жұрқ ете қалғаны. Жүздеген сиқыр шоқ бір жарқ етті де, шашырай жоғалды. Құлақтарын кесіп алса, білмейтіндей боп, құныға жайылып жатқан қалың жылқы аяқ астынан қара жер қарс айырылғандай қақырай бөлініп, әлгі жарқ-жұрқ ете қалған жаққа қарама-қарсы тұсты бетке ұстап жөңкіліп берсін! Қапелімде, желімдей ұйысқан қараңғының арасына әлде бір жұмбақ тау орнап, енді сол ойда жоқта опыр-топыр құлап түскендей айнала аламан-асыр...

Казактар мылтықтарын жұлып ап, басқа-көзге қарамай тарсылдатып ата жөнелген! Шошынған үйір одан сайын бұлқанталқан. Әлгінде ғана жандарына майдай жағып бара жатқан қалың ажырықты да, тылсым тыныштықты да, нәрі бойындағы көк қылтанақтың құлағына күйдей жұғымды күрт-күрт күйреген дыбысын да біржола ұмытқандай. Шұрқырап, кісінеп, еліріп алған. Жайбарақаат қосқа қарай жапырыла ұмтылып, өңмеңдей төніп келеді.

Түн ортасында тап мынадай алапат қайдан тап болғанына түсіне алмай, төсектерінен атып-атып тұрған қалың топ, көйлекдамбалшаң ерсілі-қарсылы соқтығысып жүр. Қою қараңғыны дал-дұл жыртып келе жатқан көп тұяқ жолында не тұрса да, қарар емес. Сатыр-сұтыр. Шатыр-шұтыр... Құлап жатыр... Қирап жатыр. Ойбайлап бақырып жатқандар қаншама! Зіркілдеп әлдекімдерді боқтап жатқандар қаншама!

Еліріп алған хайуандардың олардағы шаруасы қанша! Бірін-бірі қағып, ілгері өңмеңдей түседі. Талай шаңырақ шатынап сынды. Талай арба төңкеріліп қалды. Талай шатыр тұяққа ілігіп сүйретіліп барады. Мұндайда онсыз да жандары мұрындарының ұшына кеп, естері қалмай тасырлай жөнелген есер тобыр, одан сайын құйрықтарын теуіп, жан-жақтарының шәт-шәлекейін шығарды емес пе! Кейбір алаңғасарлар, қапелімде не болып, не қойғанын түсініп алмай, әйтеуір, мылтықтан қорықпайтын не бар дейсің» деген бос далбасамен тарс-тұрс атып жатыр, атып жатыр. Бірақ, бір еліріп алса, шамалыда сабасына түсе қоятын жылқы хайуан ба? Жолындағының бәрін кимелеп, өлімін сатып, өң-

меңдей түседі. Қостың тас-талқанын шығарып, айдалаға безіп кеселі! Сол қалыптары біраз жерге барды. Алдарынан тағы да бірденелер жарқ ете қалды. Талай жануар қапелімде жалт бұрыла алмай, омақата құлап, қалың тұяқтың астына түсті. Еліріп алған есер нөпір енді кері салды. Жайрап жатқан қосты: «Жаңағы жаңағы ма, енді көріп ал!» дегендей қайтадан баса көктеп жапырып өтті. Ол түнгі мына сойқанға төрт аяқты жылқы түгілі, екі аяқты жұмыр бастылар түсіне алмады.

Таңертең тұрып қараса — жан-жақтары жайрап жатыр. Төңкерілген арбалар, қирап қалған кереге, уық. Төрт аяғы көктеп келіп теңкие құлаған жылқылар. Іштерінде тапалып қалғандары да, оқ тиіп өлгендері де жеткілікті. Адамдардан да шығын жоқ емес. Талай кісі майып боп, бебеулеп жатыр.

Төңірек түгел шұрқ-шұрқ тұяқ ізі. Кімнен келген, қайдан келген кесепат екені белгісіз. Жылқыларды санатқанда, өлі-тірісін қосқанда түгел боп шықты. Сонда өз-өздерінен осынша шала бүлініп, бұл жануарларға не көрінген?!

Орыстардың бас ұлығы қасында Тевкелевті, Дьяковты, жол көрсетуші башқұрттарды ертіп, сол маңайды қарап шықты. Кеше алғаш жылқы үріккен жерден көнелікті зираттың ізі кезікті. Қостың күн батыс бетінен де өн бойларын қына басып кеткен құлпы тастардың жұрнағы ұшырасты. Ақсақалдар: «Көне молаңан түнде от шығатыны бар. Жылқылар содан үріккен болмасын»,— десті. Кирилов: «Башқұрттардың мына айтып тұрғандары рас па?»— дегендей, қазақтарға қарап еді, басы Нияз сұлтан мен бұларды қарсы алуға Уфаға келген Мырзатай болып: «Солай болса, солай шығар»,— дегендей ықтарын қикаңдатысты.

Ойда жоқ жерде ойсырай шығынға ұшыраған үлкен шеру жаралыларын арбаға тиеп, қираған дүниелерін жолда қалдырып, ілгері қозғалды. Бас ұлық асты-үстіне шығып, жайрап жатқан жұртына қарап басын қайта-қайта шайқайды. Қабағы салбырап түсіп кеткен. Ол күні тағы да күн байығанша аял жасатпады. Алдын-ала жолаушы жіберіп, молалықтан ада таза жер қаратты! Жұртты бірден жатқызбай, кезек-кезек көз шырымын алдырып, күзетті күшейтті. Бірақ, ол түні ойда жоқ ештеңе бола қойған жоқ.

Сүйтіп тағы да түнемеліктің сәні кетті. Қостың жан-жағына ұңғысына доп салып зеңбірек иірілді. Содан сескенетіндей енді қайтып ұйқы бұзар тасыр-күсір жолыға қоймады. Бірақ, бір түні тағы да... Аспан асты баяғыдай аламан-асыр тулап ала жөнелгені. Шошып оянған жұрт құлақ тіксе — тасыр-күсір тұяқ дүбірі, пысқырынған жылқы дыбысы. Тағы да беттерін тұп-тура қоска бағыттап, салып ұрып келеді. Аспанға мылтық атқызып, абай-қоқай жасап көріп еді, оған тоқтайтын емес. Енді сәл кідірсе, мына қос баяғының кебін киіп, тағы да тапалып қалмақ.

Кирилов:

— Ат!— деп ақырды зеңбіректерге.

Төрт-бес зеңбірек түн қараңғыны қақырата сөгіп гүрс-гүрс ете қалды. Қапелімде тым-тырыс бітіп қалып, қайта ашылған

жүрт құлағы азан-қазан кісінеген, шыңғырған жылқы даусын естіді. Әлгінде ғана таудан аққан сел тасқындай лақылдап келіп қалған тосын дүсір кері лықсып, бірте-бірте алыстай берді. Бет алды құладүзге беле жөнелген қалың жылқыны казактар жабыла шапқылап, таң алдында зорға қайтарып әкелді. Таңертең — түндегі доп түскен жерде талай жылқы жайрап қалыпты. «Қап, зеңбіректерді құр дәрімен оқтап атқызсамшы!»— деп өкінді Кирилов.

Содан өріске кеткен жылқының саны кеміген үстіне кеми берді. Талайлар көлік жетпей жаяу салпақтады. Арбалардың жүктері ауырлап, жүрістері мандымай қойды. Күзетті қанша күшейткенмен жылқы азайған үстіне азая түсті.

Мынандай мазасыз сүргін талайды қажытты. Әсіресе, ханзаданың қабағы қату. Уфаға жеткелі шытыңқы қабақ ханзаданың маңдайы бүйтіп жиырылып көрмеп еді. Жағасы жайлау жайбарақат жүрген-ді. Былтыр Уфаға жете бергенде жолдарын тосып тұрған айғыр топ адамды көргенде көзі шарасынан шығып кете жаздаған. Бәрі — түлкі тымақ. Бәрі — қынаға боялған бурадай тон. Бәрінің қолында — бұзау тіс дойыр. Бәрінің көзі — жүздеген шана жарыса шапқылап келе жатқан Қазан жолында. Зулап келе жатқан шаналар тұстарына келіп кілт тоқтай қалғанда жаңа ғана жер ойып жіберердей мығым тұрған қазақтар солқ ете түсті. Жасқаншақтай басып шанаға қарай жүрді. Қарсы алдарындағы нарттай қызыл тон киген нардай қара бұзау тіс дойырын бекемдей ұстап, сол қолын күн қағып тұрғандай қарға қарығып жасаурап кеткен көзіне апарып, күймелі шанаға үңіле қарайды.

— Нағашы!

Нардай қара қапелімде әлгі дауыстың қайдан шыққанын білмей қорбаңдап қалды.

Ханзада күйменің есігін серпіп ашып секіріп түсті. Дала ызғып тұр екен. Сирағын шағып бара жатқан мұздай суықтан тез құтылғысы келгендей күртік қарды шиқылдата басып емпеңдеп жүгіріп келе жатқан Мырзатайдың құшағына күмп берді. Тері исі, тер исі томар бояудың исі, дала исі. Басына шауып көз алды тұманданып бара жатты. Қалған айғыр топ адаммен амандасуға мұрша бермей, орыс сақшылар екеуін жетектеп күймеге әкеп қайта тықты.

Жылы жерге келгесін нағашысы қиығы қызарып кеткен ала көзін төңкере қарап тұла бойын бір тінтіп шықты. Көзінде бір жымысқа күлкі тұр. Масаттанғаны. Дымданып бара жатқан тұмсығын бартиып-бартиып ісіп тұрған күректей қолымен бір сүйкеп, тері шалбардың тізесіне сүртті.

— Ал, бала, қалай барып қайттың? Ақ патшаның қызы жоқ па екен? Күшік күйеу қып қолына ұстап қалды ма деп зәреміз зор түбіне кетті ғой. Үш жыл бойы суға батқандай зымқайым жоғалған соң қайтып ұсбалжымассың. Ту, бұдан да жететін күн бар екен-ау!

Осының өзі өңім бе, түсім бе дегендей бет-аузына тағы біраз тесіліп отырды да, қайта сөйлеп кетеді.

— Немене, тұмсығыңның астына күйе жұқтырып алғансың ба? Мына неменің мұрты шығатын түрі бар ғой! Нағашыларыңа тартқансың-ау. Төрелердің негі көпке дейін шелдеген терідей жалтырайтын да жататын.

Қолын жүгіртіп бұғана сүйегін ұстап көрді.

— Арықтапсың... Қарындарың ашқан жоқ па?

— Жоқ.

— Үсті-басыңнан бір бөтен иіс шығады ғой. Доңыздың етін жегенсің-ау, сірә.

— Құдай сақтасын.

Сенбегендей. Кең танауы жыбыр-жыбыр етеді. Көзіндегі қуақы ұшқын одан сайын маздай түсті.

— Рас. Рас. Бақалшының лөпкесінің иісі шығады. Әлде жұпар сабынның иісі ме? Киіміңнен шығар. Киімің түгел өзгеріпті ғой.

Ханзада нағашысының бұл қылығына рахаттана күліп алды.

— Қалай, базарлық көп пе?

Ханзада басын изеді.

— Маған не әкелдің?

— Барғасын көрсетем ғой.

— Байқа, әке-шешеңе не әкелсең, соны әкелдің екен деп дәметпеймін. Бірақ, осыдан Нұралыға әкелгеніңнен арзан түсті бар ғой... Онда өз обалың өзіңе. Біз де базар шығармыз. Сонда нағашыңның қалтаңды тақ толтырып беретін ерік, мейіз, алуасынан қағыласың. Ертең күзде Хиуаға жылқы сатуға жүргелі отырмын. Қайын жұртыңа соғып, күйеулерің орыс патшасының қызын алатын болыпты деп, қалыңдығыңды торықтырып қайтам.

Ханзада оған сылқ-сылқ күліп мәз болған.

Содан бері Ханзаданың езуі бір жиылған емес-ті. Бұларды ұзын жолдың үстінен қарсы алған айғыр топ адамның ішінде немере ағасы Қылыш-Мұхамбет сұлтан мен Мұқамбет қажы да бар екен. Олар бір топ билерді ертіп, патша сарайына елшілікке кетті де, бұлар осы ұлы шеруге ілесіп елге беттеп келеді.

Нағашысымен жолыққасын өздері жоқ үш жыл ішінде елде не болып, не қойғанын түк қалдырмай түгел сұрап біліп алды.

Мырзатайдың әңгімесін естіген сайын Нияз сұлтанның жүзіне шырай жүгіріп, күлімдей түседі.

— Е, бәсе, солай болса керек еді!— деп компияды.

Нияз сұлтан мәз болса, мәз болғандай екен! Баяғыда бұлар Найзакескеннен аттанып кеткесін, Сәмеке де Уфаға ат шаптырып, елші жіберіпті. Орыс ұлықтары Мәмбет мырза қазақ даласында жүрген кезде жасаған қысастығы үшін Сәмеке елшілігін астанаға жібермей, ауылдарына кері қайтарыпты. Сосын-ақ Әбілқайырдың иығы асып шыға келіпті. Басқаны былай қойғанда, қонтайшының өзі күнара ат шаптырып, елші салып, татулық сұрапты. Хан тумаластарының жоңғар қолында тұтқында қалған әйелдерін тартуталғылармен артынтып-тартынтып әкеліп салыпты. Қалдан Шерін қол астындағы Ұлы жүзді Әбілқайырдың інісі Жолбарыс

пен үйсін Төле бие тапсырып, қытайлармен соғысуға еліне кетіпті. Қазір қазақ пен жоңғардың арасында ешқандай қақтығыс жоқ дейді. Соны пайдаланып, Жәдік тұқымының кейбір сұғанақ сұлтандары сұқақтап Түркістанға қайта-қайта барғыштап жүр дейді.

Мырзатай Ералыға қарап:

— Сенің қайын атаң да бір зобалаңнан қалыпты. Хиуаның инактары[1]. Жолбарысты тақтан түсіреміз деп біраз компандасқан екен, ауыздарына алалық түсіп, оларынан ештеңе шықпапты,— деп қойды.

Уфадан шыққалы бері ұзақ жолда айтылмаған хабар қалмады.

Әр әңгіме айтылған сайын бала ханзаданың көңілінде пәлен жылдан бері бұғып жатқан сағыныш одан сайын ұлғайып, көкірегіне симай барады. Әр дөңге көтерілген сайын ауыл көрініп қалатындай бір қопандап қояды. Ештеңе көрінбеген соң, лып ете қалған көздегі шыра қайта сөніп, тұнжырап сала береді. Оның үстіне, мына бір жылқы дүрбелеңі... Жалпақ сахараның шетіне ілігіп, әке-шешемді, ағайын-бауырларымды енді көрем бе деп отырғанда тағы қандай пәлеге тап болам деген уайым еніп, түн баласы көз ілмей шығады. Күндіз де қарық болып жатқаны шамалы. Мына шеруде не көп, жалдамалы қалмақ пен татар көп. Жол көрсетуші башқұрт көп. Қауқылдақ Мырзатай жол-жөнекей соларды шақырып ап, хабар сұрамаса, басы ауырады. Олар күніне бір сұмдықты ойлап табады да отырады.

— Әй, сендердің мына жылқыларыңа не көрініп жүр?— дейді Мырзатай.

— Обырдан келген кер болмасын.

— Ол не пәле тағы?

Мырзатайдың мына сауалын естиді де, әңгімешіл башқұрттар өздері-ақ айтқылары келіп, тілдері қышып тұрған хабарларын көмейлеріне іркіп, қарызға беруге ақшасын қимай тұрған аяншақ саудагердей, көзін сығырайтып, бет-аузыңа ойқастай қарап, біраз кергіп алады. Бірақ, қанша дегенмен, мынау кәукілдек қазақтың қасында отырған бала ханзададан айбынып, сөзін бастайды. Солақ екен, қайдағы сұмдықты қайдан тауып алатындары белгісіз, бірінен соң бірін көздерінен тізіп, шұбырта жөнеліседі: «Егер өлген адам «иә, құдай» деп жайына жүрген кәдімгі жұмыр басты пенде болса, оның жаны денесі суымай жатып, кеудесінен ұшып кетеді. Ал тірі кезінде-ақ ібілістің айтқанына еріп, соның негізінің астында жүрген тозақы біреу болса, оның жаны обырға айналады. Башқұрттар ондай адамды сиқыршы дейді... Сиқыршыны тірі кезінде-ақ білуге болады. Олар ара-тұра шикі ет жеп, аузын қызылдап алмаса, қарап жүріп қауқарынан айырылып, қаурап қалады. Сондай шикі ет жеп отырған кісіні үстінен шығып, қолын көкке көтертіп қойсаң, қолтығының астында шұқырайған тесік тұрса — сиқыршы болғаны. Баяғыда бір жігіт көруге көз керек

[1] Орта Азия хандары сарайларындағы ең ықпалды шенжарлар осылай аталған.

сұлу қызға үйленіпті. Келіншегі алғашқы түні: «Саған қояр жаңғыз-ақ тілегім бар. Орындайсың ба?»— депті. «Орындаймын!»— депті. Сұлу сонда: «Егер мен тірі жүрсін десең, қолтығымның астына көзіңді салушы болма»,— депті. Жігіт содан келіншегі киініп-шешініп жатқанда тұла бойына көзім түсіп кетпесін деп теріс қарап тұрады екен. Бір күні аңға кетіп, ауылдан ұзап шығар-шықпаста аты ақсап, кері қайтыпты. Есіктен мойнын сұқса, іште қақ төрде басы айнадай жалтырған тақыр бас біреу қос бұрымы салбыраған қолаң шашты қолына алып қарап отыр дейді. Жігіт төрге бір-ақ ытқыпты. Барып өлгі сұмырай неменің қолын артына қайырып, қолтығын ашып қараса, жұдырық сиятындай боп үңірейіп бір тесік тұр. Жігіт қолды салып жіберіп, жүрегін суырып алады. Құбыжық сол арада мерт болады. Сөйтсе, баяғыдан бергі сұлу құштым деп жүргені — сиқыршы екен.

Ондай сиқыршылар өлгенде кеудесінен обыр шығып жер-көкті кезіп кетпесін деп өкшесіне тебен ине шаншиды. Ал егер молада жатқанда әлгі инесі түсіп қалып, обыр жер бетіне қайта шығып, өткен-кеткен жолаушыны арбамасын деп, қабірді қазып, мүрденің көкірегіне темір қазық қағады. Әнеу күні қостың қасынан табылған көне зиратты ақтарып, темір қазық қаққанда мынадай пәледен бір жола құтылатын едік».

«Сонда обыр көзге көріне ме?»

«Көрінгенде қандай... Күндіз тек құр кеудесі бар, кіндіктен төменгі жағы түгел жоқ, омалып отырған тобан аяқ шал көрсең, сол — обыр... Кешке ол жарғанатқа айналады. Қараңғы түнде от болып ұшып, сенделіп жүреді. Жолындағы жан иесінің денесіне қонып, қанын сорып, жанға-малға індет таратады».

«Ендеше, мына жылқыны оттатпай жүрген сол ғой. Қосқа келуге мылтық пен зеңбіректен, оқ дәрінің иісінен сескеніп, өріс-тегі жылқыға тиіп жүр екен-ау...».

«Мүмкін ши мұрын шығар. Ши мұрындар да атқа мініп, асыр салып жарысқанды жақсы көреді дейтін емес пе еді? Мынау көптен бері ел қонбай, керуен өтпей, құласып жатқан құба түздегі құр тақым жүрген құбыжықтар ойда жоқта орасан көп жылқы үстіне келгесін құмарымыздан бір шығып қалайық деп желпініп жүрген болмасын. Ши мұрын да адам сияқты дейтін қариялар. Қақ маңдайында жалғыз көзі болатын көрінеді. Оны ұстап алып бал аштырсаң, өзің түгілі кейінгі жеті тұқымыңның не көріп, не кешетінін түгел айтып береді екен».

Кеңірдектері сорайған сөзуар башқұрттар бірінің ауызындағы сөзді бірі қағып алып әкетеді.

«Биыл сондай құбыжықтардың өріп кеткен жылы дейді ғой. Орманға барсаң — толып жүрген шәрәлі, тауға барсаң — тас сайын, үңгір сайын бір пері. Ойда жоқта оңаша шыққан кісінің бәрі із-түзсіз жоғалып кетіп жатқан көрінеді. Кейбір ауылдар былтыр қыста ел аралап, киіз, арқан жинауға кеткен еркек кіндіктен түге айрылып, шуылдап қатын-бала ғана қалыпты»...

«Болса, болар. Биыл қыс бойы күні-түні ызыңдап боран ұлыды да тұрды ғой. Перілер ұйлыққанда солай болады дейтін. Қыс

бойы құтырынып шыққан перілер жазда қайдан жайбарақат жатсын!».

«Бәсе, бұл суға жақын отырған жұртта үрей жоқ көрінеді. Күн шықтаса болды, бір қара бұлт үйіріліп келіп, су ішінен бір-бір аждаһаны желкесінен бүре көтеріп суырып алып, әлде бір жаққа алып кетеді дейді».

Қазақтардың көздері адырая түседі. «Аждаһа ұшушы ма еді?»

«Пәлі... Көдімгі жылан бар емес пе. Сол жүз жылдан кейін аждаһаға айналып, қайда бұлақ, қайда құдық, қайда өзен, қайда көз бар, соны барып сағаламай ма? Мың жылдан кейін жұһа болып, суға барған адамды, әсіресе, сұлу қыздар мен келіншектерді жұтып күн көрмей ме? Бірақ құдіреті күшті құдай ажаданаһаны жұһаның жасына жеткізбей, бұлт боп келіп, көтеріп әкетіп, Қап тауына асырып тастайды. Әйтпесе, Орал тауды паналаған башқұрт қауымы әлдеқашан тып-типыл болатын еді».

«Апырай, ә! Пәлен күн жол жүріп келе жатқанда бір жылан кезікпеп еді. Бәсе, бәрі аждаһаға айналып кеткен екен-ау!».

«Әй, кім білген... Мынадай жер қайысқан қалың қолдан жылан екеш жылан да сескеніп, безіп кетпеді дейсің бе?...»

«Қайдам... Тап мұндай шаруадан адам сескенгенмен, сайтан сескене қоймас. Қайта ібілістің құтыратын кезі осындай опыр-топырдың тұсы ғой!

«Әрине... Жер түбіне сапарға шығып келе жатып, жол-жөнекей қанша әулие, қанша аруақтың тұсынан, ең болмаса, қол жайып, бата да қылмай, сілейіп-сілейіп өте шықтық».

«Сен де айтады екенсің. Ақ патшаның ұлығы айдаладағы мұсылманның әулиесінің басына түнеп, ақсары бас жығып, жер тізерлеп құран оқып, құдайы айтып отырса, жаныңа жағар ма еді!!».

«Оны айтасың, бұл Уфаның маңындағы ауылдарға орналасқан әскер отын таба алмай мола кезіп, қанша сайғақты отқа жақты. Қанша мешіттің іргесін ық іздеген солдаттар нәжістеп кетті».

«Аруақтар да қарап жатпаса керек. Қыста Шыршалы деген ауылдан соғым жинай барған жүз елу солдаттың елуі тірі қайтпай қалды ғой. Жылы үйге кіріп, жылы-жұмсаққа белшеден бөккен немелер моншаға түсеміз деп ылаң салыпты. Жұрт жапатармағай монша қыздырыпты. Пәлен күн қарлы боранда салпақтап келген немелер шырша иісі аңқыған моншада әр қайсысы бір тамақ асым шабынып шықпай қойыпты. Алғашқы кезекте түскендерінің бәрі аман қалыпты да, ал түн ортасы ауып кеткен соң, ең соңғы кезекте түскендердің біреуі тірі шықпапты. Бәрі де буға пісіп қалыпты. Сөйтсе олар — үй пелері: «Түн ортасы ауғасын моншаға түспеңдер. Моншаның кезге көрінбейтін киесі болады. Түн ортасы ауғанда, елдің ең соңынан солар жуынады. Олармен жарысып, суға түскен адам ақыры бір жаманатқа ұшырайды», деп қанша қақсаса да, тілдерін алмапты».

Қырықты тауындағы қырғын да сондай әбестіктің салдары-

нан болған деседі гой! Көлік жинап келе жатқан жиырма атты тау арасында бокселері тырдай жалаңаш, қар қауып өліп жатыр дейді. Артқы тесіктерінен бір-бір жапырақ ақ шүберек, қызыл шүберек жалбырап шығып тұр дейді. Сөйтсе, ұзатылатын қыздар тау несінің көңілін аулап, тал-талға теңге байлап, шүберек байлап, елмен, жермен, құрбы-құрдасымен қызойнақ жасайтын оңаша алаңқайды әлгі ноқайлар жұрт түзге отыратын жер екен деп қалса керек. Киелі ағаштан бір-бір шүберекті жұлып ап, қаз-қатар отырып, іштерін босатысқан. Арты жаңағыдай боп тынған!».

Башқұрттар бастарын шайқасады.

Бала ханзадаға бұл әңгімелер әуелі бір қызғылықты ертегілердей естілуші еді. Келе-келе көңіліне үрей ұялап, кейде тіпті түсіне кіретінді шығарды. Жастыққа басы тисе болды, қайдағы бір ауызы үңірейген үңгірлерге тап болады. Үңгірдің аузында екі анары салбыраған тырдай жалаңаш ак сары қыздар күнге қыздырынып отырады. Көздері көкпеңбек. Денесі уыздай аппақ. Жанарына бір қарадың-ақ, көзіңді енді қайтып ажырата алмайсың. Жады немелер жымың-жымың күліп, қараңғы үңгірдің түп жағын нұсқап, ымдап шақырады. Бұл, қапелімде, айтқандарына көніп, енді ұмтыла бергенде, тастан ырғып түскен сұлу қыздың аяғының екеу емесіне көзі түседі. Жалғыз аяқ. Жалғыз балтыр. Маңдайындағы көзі де жалғыз. Бұл жалма-жан жалт бұрылып қаша жөнеледі. Жалғыз аяқ қыз аттатпайды. Қуып жетіп, ту сыртына жабысып мініп алады. Жан ұшырып қашып келе жатады. «Құтқарыңдар!» — деп айқай салып келе жатады. Сүйтіп жатып оянып кетеді. Ақ тер. Көк тер. Басы төсектен салбырап түсіп кеткен. Құс жастық екі жауырынның арасында қалған. Жүрегі тарсылдап, кәлимасын қырық қайталап, таң алдында қайтадан көзін іліндіреді.

Не де болса, ұйқысының ұйқы болмай-ақ қойғаны! Біресе бір кекілі жалбыраған балаға еріп бүлдірген теруге бара жатады. «Бүлдірген, ана сордың ар жағында!» — дейді бала. «Апырай, сортаң жерде де бүлдірген өсетін болғаны-ау»! — деп ойлайды бұл. «Қорықпа, мына сорды кесіп өтсек, тез жетеміз», — дейді бала. Бұл жасқаншақтап сорды басады. Былқылдақ. Бір аттайды, екі аттайды. Әлгі былқылдақ сор бірте-бірте жұтып барады. Міне — тобықтан асты... Міне, тізеден асты... Міне — кіндіктен де асып барады... Табанынан бір мұздай суық қарып бара жатады. «Әй, сен мені қайда әкелдің?» Қасында бала жоқ. Анадай жерде қашып барады. Сорға бататын түрі жоқ. Қояндай орғып-орғып қояды. Сөйтсе, іздері бұдан қашып бара жатқан емес, бұған қарай жүгіріп келе жатқан кісінің ізіндей боп, теріс түсіп қалып жатыр. Бұл жан ұшыра бұлқынады. Оянып кетеді. Көрпесі тізесіне дейін түріліп қалған. Кейде ұйықтап жатқанда екі бұты талыстай әдемі әйел шашы дудырап көкірегіне карғып мініп, қос бұрым құсатып екі нығынан асырып, артына түсіріп қойған салаңдаған үлкен емшектерін кезек-кезек ауызына тыққыштап емізіп отырады. Әр үрпісі Мырзатай нағашысының бас бармағындай. Ұйқылы ояу санасы бұның албасты екенін біліп

жатады. Албасты баяғыда балаларынан айрылып қалған әйел көрінеді. Содан бері түн баласы ұйықтап жатқанда адамдардың арасынан өз перзенттерін іздейтін көрінеді. Пәлен жылдан бері бауырына ерін тимей көкірегі сыздап, келген мұңдар неме талайларды осылай тұншықтырып өлтіріпті. Бұл да солардың кебін киіп жүрмесе...

Жалма-жан бұлқына бастайды. Екі қолымен кеудесіне мінип отырған еңгезердей әйелді жұлқылай бастайды. Жандәрмен сояның кетеді. Көрпесі тұмсығына кептеліп, тынысы бітіп қалыпты. Ал, бұдан кейін ұйықтап көр...

Онсыз да жүдеу көңілді одан сайын жүдете түскісі келгендей жол ұзара түседі. Шілде шыжғыра түседі. Биік-биіктің басын сағым шалып аспанмен тайталасып тұрып алады. Ойпаң-ойпаңды ойда жоқ бір көк шалқарлар толтырып, дүние сапырылысып қоя береді. Төңіректің балауса иісі азайып, жүріссоқты аттар мен түйелердің қолаңса иісі күшейе түседі.

Қиялшыл бала ауылын ойлай-ойлай шаршады. Үш жыл жүрген сапарын ойлай-ойлай шаршады. Ұйқылы-ояу келе жатып, не өңі, не түсі екені белгісіз әлемтапырық елестерге беріледі. Сығырайтып ашып алған көзіне өңшең бір телегей теңіз мол су іліге-ді... Әлденелер жапатармағай жүзіп барады... Әлденелер қанталдаса жүзіп келеді. Аннан-мұннан таздың басындағы тақиядай жапырайып жатаған аралдар көзге шалынады... Аралдарда ақ шаңқан мұнаралар... Қып-қызыл қорғандар... Бұлары немене Петерборға қайтып оралғаннан сау ма... Әлде мынау әлгі көп мұнаралы көк мұнар Қазан ба... Дүниені қалайша бүйтіп қалқыған су алып кеткен... Әлде қара жерді қайтадан топан басып, Еділдің суы Жайықтың суымен араласып, орыстың жез мұнарлы шіркеулері мынау жапан түзге жапатармағай қалқып жүзіп келген бе... Дала болғасын ауыл ұшыраспас па еді... Жайылып жатқан қой, жусап жатқан жылқы ұшыраспас па еді... Бірі жоқ... Айдалада маңқиып-маңқиып жеке жайылып тұратын түйелер де кезікпейді... Әйтеуір, әлде бір жаққа сабылып келе жатыр. Жүзіп келе ме, жүріп келе ме... Оны да білмейді... Қалада келе ме, сахарада келе ме... Оны да білмейді... Отыр ма, тұр ма, жатыр ма... Ол да беймәлім... Әйтеуір, беталды құла дүзде лағып келеді, лағып келеді... Дүние беймезгілде қапысын тауып тап болған қара сойыл барымташының алдына түскен малдай бытысып кеткен... Анау арт жақтарындағы дөңкиген не... Баяғы Петербордан шыға беріп көретін тас қамал ғой... Қазір дүркіретіп зеңбірек ататын шығар... Жоқ. Әлде мынандай қалқыған топанда оқ дәріге су тиеді ме екен... Шынында да, әлгі тас қорған тарсыл-гүрсілсіз жайбарақат жүзіп келеді... Зеңбіректердің үңғысы үңірейіп тұратын кетіктерінен бірдеңелер сорайды... Түйелердің мойыны... Мына жарықтықтар оған қайдан тап болды екен... Дүниені қаран су алып кеткесін сонда барып паналағаны ма... Міне, қызық... Иә, мына тас қорған, шынында да, түйе қора жасауға таптырмайды екен... Оған мың түйе де, мың-мың түйе де оңай сиып кететін шығар. Жарықтық жылқылар қайда жүр.

Әне, олар қалқып келе жатқан көп нәрсенің арасында құлақтары селтиіп-селтиіп жүзіп келеді... Қойлар ше... Олар көрінбейді. От жерге біреу айдап апарып тастамаса, өз қамын өзі жей алмайтын бейқам немелер ең болмаса аяқтарын сермелеп тыпырлауды да білмей әлдеқашан құрдымға батып кеткен шығар... Әне бір салындылар шөп пе, жоқ өлген қойлардың қаңқасы ма... Не де болса, үндері шықпайды... Момындардың көретін күні қашан да осы. Анау жылқылар, анау түйелер... Сан жағынан олар қойдан көп емес. Бірақ, еттері тірі болғансын, жағаласып-жармасып, оліспей беріспей келеді. Ертең мынау топтан су тартылғанда аман қалғандардың арасында олардың да тұқымдары болады... Ал қой... Қойды қой... Қой сияқты қоңырларға мұндай аласапыраннан аман қалу қайда... Мұндай сұрапылдың тұсында тек айлалылар мен еті пысықтар, көкіректерінде қыжыл барлар мен талақтарының биті барлар ғана аман қалады... Көрерсің, осыдан ешкі екеш ешкі мен түлкі екеш түлкіге дейін аман қалады. Түйе екеш түйеге дейін тас қорғаннан мойынын созып тұрғанда әлгі кебенек келгірлер патшаның ақ шаңқан сарайында сақалдары шошаңдап сатыдан сатыға орғып-қарғып мәз-мейрам боп жүрген шығар... Баяғы қақ төрдегі қақыра тақта тұмсығын желге төсеп түлкі отыр ма екен, жоқ басын бағып бүк түсіп борсық жатыр ма екен... Не де болса, пысықтар өлмейді... Заман қашан да пысықтардікі... Баяғыда Мырзатай нағашысы солай дейтін... Апырай, сонда бұл енді ел қарасын көре алмайтын болғаны ма... Әкесі мен анасына маңдайын піскетіп, тай мініп, көсік қазып, жуа тере алмайтын болғаны ма... Қара жерді қаран су алып кетсе, қайдағы құмақ, қайдағы көсік... Қара жерді қаран су алып, дүние асты-үстіне шығып аламан-асыр болып кетпесе, бұрын мынау көне молалар шошайып тұрар айғыр жолдардың басында қайдағы тас қорған тұрар ма еді!.. Қара жерді қаран су алып, дүниедегі нәрселердің бәрі үйреншікті орындарынан жаңылысып, бірімен бірі ию-қию араласып кетпесе, түйенің қомында туып, аттың жалында өскен бұл мынандай тас қамауда не бітіріп отырады... Неге анау кең даланы кезіп кетпейді... Құрық пен сойылдан басқа қару қажет емес қазақ сахарасына мына бір келінің аузындай үңірейген-үңірейген шойын түтіктер не бітірем деп келе жатыр... Қазақтар бұнымен не істейді? Айран ұйытады ма? Құрт қайнатады ма? Әлде саудагерден сатып алған қайдағы бір дәрі-дәрмек сары жапырақтарын салып, насыбай түйе ме? Не істейді бұлармен... Мынау жеті бабасы көрмеген асай-мұсайлардың бәрі өзіне еріп келеді... Тышқандай балаға бұл не қылған құрмет, бұл не қылған қошамет. Әлде қара жолдың астында ұйлығысқан көп қорқау қаннан қаперсіз қотанға өзі бастап барсын деп шетке шыққан қотыр тоқтының соңына еріп келе ме... Бұл не... Маңырайын десе дауысы шықпайды. Мыналар бұның тамағын қарнап тастағаннан сау ма? Жоқ, қан жоқ... Қолына жылымшы ештеңе жұқпайды... Міне, қызық... Тамағы аман... Жұтқыншағы аман... Кеңсірігі аман... Өңеші аман... Бірақ, дауысы жоқ... Дауысы қайда кеткен?.. Сонда мына жұтқыншақ, мына

кеңірдек, мына өңеш не бітіреді? Алдына келген қоюды қарбытып, сұйықты қылғытуға ма? Жоқ, бұған дауыс керек... Неге екені белгісіз — даусының қандай екенін ұмытып та қалыпты... Айқайлап ән салғысы келеді. Тамағын бұл кенейді, әнді басқа біреулер салады. Күркіреген бөтен ән. Таудан дүркіреп көшкін құлап келе жатқандай. Көшкін не қар, не тас емес, өңшең адам. Өздері шетінен кеңірдектерін жыртып ән салып келеді. Құлақ шекелеріне дейін қызарып кеткен. Ештеңеге қарайтын түрлері жоқ. Анау күнгі қара нөпір жылқыдай баса көктеп келеді. Ештеңеден тайқитын, тайсалатын түрлері жоқ. Өздері де, үндері де жойқын. Көзін ашып қарағысы келеді. Бәрібір ештеңе көре алмайды. Манағы көл-көсір сел боп қалқып жатқан су да көрінбейді. Соның бетіндегі сенделе жүзіп бара жатқан көп салынды да көрінбейді. Тек үн... Күркіреген бөтен үн... Толастар емес... Құлағын тұндырып барады... «Жә, тоқтатыңдар, түге!» Тамағын кенеуін бұл кенейді, бірақ басқа біреулер айқайлайды. Жаңағы күркіреген қалың үн жым-жылас. Жым-жырт тыныштыққа еліп жатыр. Дел-сал ұйықтап кете ме қайтеді... Әйтеуір көз алдында бір көгілдір шарана ғана көлкіп тұрып алып, басқа ештенені байқатпайды. Солай ұзақ жатады... Тағы бір уақытта тасыр-тұсыр дыбыс шығады. Бірақ тұяқ дүсірі емес. Әлде тұяқ дүсірі ме... Иә, тұяқ дүсірі... Оның үстіне құмға аунатып жүгері қуырғандай тысыр-тысыр тағы бір дыбыс шығады. Бұл не болды екен, түге?.. Бір уақытта ол да басылады. Бір уақытта біреу кеп мұның ығынан қағады, маңдайына алақанын ұстайды. Сосын аузына әкеп бірдеңе тосады... Ащы, удай ащы... Кекіреге көп жайылған түйенің сүті... Жоқ, одан да ащы бірдеңе... Айыра алмайды. Қайта-қайта аузына ұстайды. «Іш, іш» деп қолқалайды. Жоқ, «ем, ем» дей ме? Емі несі? Мына бір ағараңдағаны не пәле тағы? Баяғы албасты кеудесіне тағы да мініп алған ба? Екі емшегі бұрынғыдан да ұзара, үлкейе түскен бе? Бұрын екі иығынан асырып тастап, екі жауырынын ұрғылатып салақтатып жүретін еді. Енді екеуін мойнына бір-бір орап алып барып, ту сыртына жіберетін болыпты ғой. Екеуінің ұшында екі қара құрт жорғалап келе жатқандай. Енді сәл кідірсе, ерінін шағып алатындай... Бұл жалма-жан қолын сермелеп, көзін ашып алады... Қыстыкүнгі күртік кардай аппақ бірдеңелер маңдай тұсынан күрт алыстай береді де, орнына қайдан сап ете қалғаны белгісіз, Мырзатай нағашысы шыға келеді.

— Көзіңді аштың ба, жаным...

Бұл не дегенін өзі білмейді... Езуін бір жырады да, қайтадан бір буалдыр елеске кіріп жоғалады.

Сөйтіп неше күн жүргені белгісіз... Бірде көзін ашып алса, анадай жерде бір адамдарды қаз-қатар тізіп, қолдарын көкке көтергізіп, арқанға керіп тастапты. Кіндіктен жоғары жақтары тырдай жалаңаш. Қолдарын керген арқанның екі ұшын екі жақта екі атты ұстап келеді. Қолдарын көкке көтерген еркектердің қолтықтарында бірдеңе қарауытады. Мыналардың обырлар болғаны ма? Ана қарауытқандары әлгі көп айта беретін тесіктер ме

екен? Жоқ қылшық сияқты. Тіпті күнде көп жүрген еркектердің қолаңса иісі тұмсығына келгендей... Әндеше, бұлардың бүйтіп қолдарын көкке көтергізіп қойғандары несі? Бұлардың кім болғаны...

— Мыналар кім?

— Иә, жаратқан алла! Ақсары бас садаға! Есіңді жинадың ба! Бұлар ма? Бұлар әлгі естектердің айтып жүрген обырлары ғой...

Обырлар дейді... Сонда анау қолтықтарындағы қарауытқан... расында да тесіктер болғаны ма? Соған қазір қолдарын салып жіберіп, тыпыршып тұрған жүректерін тайдай тулатып суырып алып, анау ала шаңыт ақ бұрқылдақ жолға лақтырып тастап, мынау көп доңғалақпен үстерінен көсілте тақтап өте ме...

Көз алды тағы да қарауытып қоя берді. Маңайындағы тасыртұсыр сықыр-сықыр, сыбыр-сыбыр үн де өшкен. Тылсым қараңғы. Тылсым тыныштық. Тек тұла бойының күйіп-жанып бара жатқанын біледі. Тек тілінің таңдайына жабысып шөлдеп жатқанын біледі. Қаталап барады-ау, қаталап барады... Су іздесе, төңірегі құлазыған шөл. Көкжиектегі көгерткен бірдеңеге қарай жүріп келеді... Қанша жүрсе де, жеткізбейді. Тілі добалдай боп ісініп барады. Аузына сыяр емес... Су... су... қанша қақылдаса да, дыбысы шықпайды. Бұның дауысын кім тартып алған... Әнеки, су, су... Тамағын бұл кенегенмен, айтуын басқа біреу айтады. «Әй, су әкеліңдер, су сұрайды». Біреулер бірдеңені әкеп аузына тосады. Добалдай қалың бірдеме... Баяғы албасты әйелдің ит басындай саландаған емшегі емес пе. Одан енді сүт емес, су шығатын болғаны ма!.. Жоқ, мынауы су да емес, сусылдаған құм ғой.... Тұз салып керегеге іліп қоятын дорба секілді бірдеңенің пұшпағынан сусылдап құм төгіліп жатыр. Бұл қолымен қағып жіберді. Әлдене даңғырлап әлдекайда ұшып кеткен. Бұл тағы да көкжиекте кілкіп тұрған сұйқылт мұнарға қарай емпеңдеп салып береді. Кенет бірдеңеге сүріне кетеді. Бақса, аяғының астында орыстардың ішіне су толтырып, белдіктеріне асып алатын қалайы құтысы жатыр. Сыртын кенеппен қаптап қойыпты. Қоңырайып көрінеді. Ішінде су болса керек. Тығынын ағытып, ауызына ұстайды. Тағы да су емес, құм саулайды. Тағы да қолымен бір-ақ серпіп, әлдекайда атып жібереді. Бұл жолы даңғырлай жөнелмей біраздан соң барып дүк ете қалады. Су... су... Қызыл өңеші үріп ысқа ұстап қойған қозының қарынындай қаудырап кеуіп қапты. Сәл жұтынса, шытырлап сынып кететіндей. Су... су. Шынында да, мынау кең дүниенің бетінде бір ұрттам су қалмағаны ма... Айдалада жападан жалғыз тұр. Алақтап жан-жағына қарайды. Сол баяғы құлазыған құла түз. Аспан да айтақырдай бедірейіп жалтырап жатыр. Екеуі де күдер үздіргендей. Кенет отыра қалып, жоқ жата қалып, жер тырналай бастады. Шанақтың түбін қазсаң, ылғал топырақ шығады. Соны тамағыңның астына бассаң, таңдайыңның кеберсігені басылады дейтін кәриялар. Сахарада өскен баланың есі кірер-кірместе еститіні малдың жәйі, шөптің жәйі, жолдың жәйі, өрістің жәйі... Маңа-

йында, ең болмаса, жаңа төсек жоқ. Жаңа төсек түгілі құраған құ төсек жоқ. Бұл маңайда бағзы заманнан бері ел болмаған. Ендеше, жантақ табылғай да... Әне, бірденеқөгерітеді... Жер бауырлап қасына барды... Жантақ... Тікені қолына кіріп барады... Шып-шып шыққан өз қанын еріне апарып еді, сор татиды. Жантақ түбін жалма-жан қаза бастады. Әлгінде ғана құмдауыт топырақ сияқты еді. Енді қараса — өңшең бір көне-құсқы шүберек. Шұбатылып шығып жатыр, шығып жатыр... Шамалыда, таусыла қояр түрі жоқ. Өңшең шүберекке өніп жүрген бұл қандай жантақ... Жер тырналағанын қоя қойып әлгі көгертіп тұрғанға қараса... Жантақ емес... Мойыны ұшып кеткен көк шыны құты... Жаңағы қолын қанатқан тікен емес, шөлмек екен... Қап... Күдерін үзіп, жер бауырлап жатып, солқылдап келіп жылады... Сосын екі шекесі бүлкілдеп, басы қаңғып бара жатқасын, шалқасынан аударылып түсіп аспанға қарады. Сол-ақ екен әлдеқайдан бірденеғүрс-гүрс ете қалды. Найзағай ойнап тұр ғой... Аспан шәйдай ашық... Қайдағы найзағай! Сытыр-сытыр... Жауын... Бірақ маңайына тиіп жатқан бір тамшы жоқ. Сол баяғы бедірейген аспан... Сол баяғы құлазыған құла түз... Бірденеғаты да жер көкті шатыната күрс-күрс ете қалды... Мынау, шынында да, күннің күркірі. Бірденс, шынында да, жарқ-жұрқ ете қалды.... Мынау, шынында да, найзағай. Найзағай ойнағанда шайтан қашып, жан иесінің тұрағын келіп паналайды демеуші ме еді?! Мұнда ешқандай тұрақ жоқ... Өзін келіп паналамаса. Келсе келсін... Шайтан болса, шайтан болсын... Әйтеуір бір серік табылса екен. Шайтан болса да, судан шыққан шайтан болса екен... Ең болмаса, тұла бойында ылғал қалған шығар.. Тағы да қара жер қақ айрыла гүрс ете қалды. Бұл жолы ол жерден басын жұлып алды. Сәйтсе... Анадай жерде... Тап мұның желке тұсынан көкжиектен аспанмен тайталасқан қазанның күйесіндей қап-қара түйдек шаң көтерілді. Биіктеген сайын ұлғайып, биіктеген сайын қарауытып барады. Күн батыс бетті қара күйе қаптап келеді. Барған сайын далиып кең аспанға тұтаса жайылып барады. Бедірейіп жатқан шәйдай таза қанылпезер аспанның өзіне зар болатындайсың. Әлгі алапат қара дақ өсіп келеді, өсіп келеді... Енді байқады, сол қара дақка әлдене шұбатылып ілесіп келеді. Әуелі жылқының еріне қадалып салақтаған сүліктей бірденееді. Барған сайын ұлғайып барады. Қара дақ та қара бүркіт сияқты... Басы, қанаты көрінбейді. Оның орнында шудадай ұйысқан қара тұман, қара бұлт... Ал, қос шеңгелі ап-айқын сойдиып-сойдиып көрінеді. Сол тегеурінді, тырнақтарға әлде бір құбыжық ілініп қалыпты. Екі шара табақтай екі көзі шекесінен шығып барады. Қазір-ақ ұясынан атып шығып, домалап жерге түсіп қалардай. Жандәрмен оларға қарайды. Көк желкесінен бүрілген әлгі құбыжықтың созаландаған денесі ең соңында балықтың құйрығындай екі айыр құйрығы көрінеді. Үсті-басы балықтың үсті-басындай. Жоқ, жоқ, жыланның үсті-басындай... Жылт-жылт етеді. Ирелең-ирелең. Бүре ұстаған қос шеңгелмен жағаласып келеді. Жиырыла қалып, айыр құйрықпен салып-салып жібереді. Қос шеңгел бәрі-

бір айрылар емес. Денесін қайтадан төмен салбыратып жіберіп, әрлі-берлі ырғалтып кереді. Қос шеңгел бәрібір жіберер емес. Айыр құйрықты қадалта қадап, жабысып ап, қара жерді көрсе-қорс тырмалай береді. Отырықшылардың соқа салып жыртқан аңыздығындай қарс айырылып із қалып барады. Қос шеңгел бәрібір айрылар емес. Әлгі құбыжық біресе ыңыранады, біресе ысылдайды. Біресе құйрығын шиыршықтай орап қос бүйірін кезек-кезек ұрады. Қос шеңгел бәрібір айрылар емес. Жер сызған айыр құйрық бұған да жақындап қалды. Енді болмаса анау қақырата көрсе жыртып бара жатқан қара топырақпен араластырып бұны да қарнап кетуі мүмкін. Әне — тіптен тақап келіп қалды. Әне — кенет құйрығын жиралаңдатып көкке көтерді. Жиралаңдаған денесінен әлденелер жылт-жылт саулап жатыр. Шамасы, әлгі жылтылдақ қабыршықтары шығар. Күміс-моншақтай құйылып келеді, құйылып келеді. Міне, зуылдап бұның да төбесінен өтті. Ол жалма-жан көзін тарс жұмып алды. Бетіне әлденелер сау-сау төгілді. Бір-екеуі ерініне тиіп еді. Тамшы... Бал татыған мөлдір су. Құбыжықтың тұла бойынан тамшы саулап барады. Жұрттың аспаннан бір әлемет қара бұлт кеп, көлден суырып көтеріп әкететін аждаһа дегендерінің осы болғаны ма? Ендеше, бұл маңайда тұщы көл болғаны ғой!.. Әлгі бір-екі тамшыдан тұла бойына жан кіргендей рахаттанып жатыр. Сығырайтып көзін ашты. Қара бұлт жеңкі көшіп барады. Әлгі құбыжық бұлқынып түсіп қалудан күдерін біржолата үзіп, енді қара бұлттың ішіне ирелеңдеп сіңе түсті. Ол араласқан жерге әлдеқайдан күн нұры түсіп, жалт-жұлт ете қалды. Әуелі көгерді, сосын қызарды, сосын сарғайды... Қара бұлттың бауырында кемпірқосақ ойнайды... Құбыжық кемпірқосаққа айналыпты...

Ол таңданып көзін бақырайтып ашып алды. Қапталдағы күймеге жегулі ақ боз аттың құйрығында да қырық құлпырып кемпірқосақ ойнап барады. Дірілдеп тұрған жалында да жалт-жұлт қызылды-жасыл жолақтар бұлеп тұр. Жаңағы қара бұлт ту-ту алысқа көкжиекке ығысып кетіпті. Аспанның қақ жартысына жаңа тоқылған басқұрдай жалт-жұлт етіп, алып кемпірқосақ асылыпты. Ауада мөлт-мөлт ылғал бар.

Ханзада басын көтеріп, күйменің ашық пердесінен қолын сыртқа созды. Жанға жайлы майса самал ерке күшіктің тұмсығындай мұп-мұздай болып, оның пәлен күннен бері оттай лаулап жатқан ұлпа алақанын жалап-жалап қойды.

— Иә, алла, ақсары бас садаға. Басыңды көтергенің рас па, айналайын.

Мырзатай нағашысы қалбаладан бет-аузына үңілді.

— Не боп қалды, нағашы?

— Не болмады, шырағым...

Мұндайда бұтқа толып компиып сөйлейтін нағашысы мына жолы жасып сөйледі.

Бұл ауырғалы бір аптадан асыпты. Бір апта бойы маңдайына қол апартпай лапылдапты да жатыпты. Пәлен күн түзге түнеп

келе жатқанда бірдеңе иектен кетпеді ме деп Мырзатай тызалақтапты.

Осы керуенмен бірге келе жатқан Бұхар молдасы Мансурахунға жүгіріп барыпты. Білетін әулие-әмбесінің бәріне жалбарыныпты. Әлде солардың шарапаты ма... Әлде, бір апта бойы орыс балгер қасынан шықпап еді. Өзі бір ұшып-қонған шошаңбай пәле екен. Мынаның қолынан лақ бағу келмесе, ауру емдеу келе қоймас деп жолатқысы келмеп еді... Мың болғыр, әй-шәйіңе, қолынан қаққаныңа қарамайды, аяқ-қолыңа оратылып жүгіреді. Әлде соның шарапаты тиді ме... Әйтеуір, арты қайыр... Мырзатайға айтқызсаң, әлгі башқұрттардың қорқынышты әңгімелерінен жүрегі шошынған, не мыналардың көздері тиген... Бесіктен белі шықпай жатып ақ патшамен табақтас болып келе жатқан қаршадай балаға кім таңғалмады дейсің... Таңғалу, таңырқау да — дұшпандықтың бір белгісі... Анда-санда бір соғатын бөтендердің сәл нәрсеге, бастарын шайқап, таңдай қата бола қалатындары тегін ғой дейсің бе! Ең болмаса тіліміз өтіп, көзіміз тиіп, бірдеңесі бүлініп, құрығанда бота-тайлағына қоскіндік келсін деп әдейі істейді. Дегенмен, мына балгер білгір екен... Қазақ емшілерден ешқандай айырмасы жоқ. Ем-дом дегенің қайда да бір екен ғой. Кітап ашу керек болып еді, сандығынан суырып ап, кітап ашты... Ішірткі беру керек болып еді, қағазға орап ішірткі берді. Шөп қайнат десең, шөп қайнатты. Бұл білетін емнен, әйтеуір, мойынына бой тұмар таққан жоқ, су бүркіп түшкірген жоқ, ст жаққызып мұңал ошақ аттатқан жоқ... Бірақ қардай оппақ шүберекті суға малып, маңдайына жапты. Қардай оппақ мақтаны суға батырып, ерініне су тамызды... Асты-үстіне түсті... Бұл да әбден ит зықысын шығарыпты. Ішірткі бергенде талай рет қолын серпіп жуытпапты. Кішкентай темір құтысынан су жұтқызбақ болғанда, жұлып алып лақтырып жіберіпті. Қағазға түрген ақ ұнтақ берген екен, аузына топырақ құйып жібергендей түкіріп әлекке салыпты. Әншейінде ес-түсін білмей сұлық жатқан адам әлгіндей ем-домның тұсында кісі қайран қалар әлемет қайрат тауып қарсыласып бағыпты. Бұл, әсіресе, сол қарсыласқанынан қатты ескеніпті... Әдетте бірдеңенің салқыны тиген адам маңайына жан жолатпай арпалысып кетуші еді. Шамасы, бұрын дәрі-дәрмек ішпеген адам да тосын емге тап сол құсап бой бермей, сермеленіп қалатын секілді.

Ал, мына жауын тек бүгін жауып тұрған жоқ көрінеді. Үш күн бойы төпеп берген сол нәсердің де көрсетпегені жоқ дейді. Мына шерудің оған дейін де талай рет ит зықысы шығыпты. Өрістегі жылқы ешқашан түгел қайтпай қойған соң, бір күні күзетке Мәмбет мырзаның өзі барыпты. Қазақтарды қаққан қазықтай тапжылтпай сақ ұстапты. Түн ортасы ауған тұста әлдекайдан әлдене жарқ ете қалыпты. Алдын ала әзірлеп қойған мергендер жапатармағай оқ жаудырыпты. Баж ете қалған бір-екі адамның даусы шығыпты. Мәмбет мырза бет алды дүрліккен жылқыны казактарға тастап, қасындағы бір рота солдатпен қою қараңғыға бөліне сүңгіп бара жатқан аз дүсірдің соңынан са-

лыпты. Аямай атыпты. Талайлар оққа ұшыпты. Талайлар аттан домалап түсіп қалыпты. Мәмбет мырза солардың бес-алтауын алдына салып айдап әкеліп, ертеңіне көш жөнелерде керуендегі қазақ елшілігінен басқа мұсылмандардың бәрін тізіп қойып, жер-жебірлеріне жетіпті.

Сөйтсе, арттарынан араға бірер қыр тастап, соңдарынан қалмай еріп келе жатқан башқұрттар қараңғы түсе тасадан шыға кеп, жайылып жатқан жылқыға тап береді екен. Қойындарынан шақпақ тас суырып, бір-біріне үйкелеп от шығарып, үріккен жылқының бір бөлігін алдына салып айдап әкетеді екен. Барымташылардың бәріне аян бұл қулықты жол көрсетуші башқұрттар, қанша дегенмен, қандастарын аяп айтпапты. Қазақтар: Бәлесінен аулақ!» деп айтпапты. Соған өлердей ыза болған Мәмбет мырза:

«Әлгі көкіп жүрген ши мұрындарың мен обырларың — міне, мыналар. Кәне қолтықтарынан үңірейіп тұрған тесік табындар да, қолқаларын суырып ап, алақандарыңа төгіп, алдыма әкеліңдер»,— депті.

Әншейінде жымсия күліп жайбарақат жүретін етшең сары кісі қатты қайнап кеткен самауырдай екі иінінен әзер дем алып зіркілдеп ала жөнеліпті. Қара жерді теуіп-теуіп қалғанда тығыншықтай кісінің дөңгелене бөлініп шығып тұрған майлы боксесі өн бойынан су өтіп суықта қалып дірдектеп тоңған көбенің құйрығындай дір-дір етеді дейді.

Қапелімде ашуы басылмай керуендегі башқұрт пен қазақтан ешкімді тастамай алты тұтқынның қаруларын көкке бір-бір көтерткізіп, қолаңса сасып тұрған қолтықтарына тұмсықтарын бір-бір сүңгітіп шығартқызыпты.

«Қалай екен, тесіктері үңірейіп тұр ма екен? Бәлкім, қазір көздеріңе түспей тұрған шығар. Біраз жүрген соң барып пайда болар!»— деп шаңқ-шаңқ етеді дейді.

Содан тұтқындардың қолдарын төбелеріне көтерткізіп, бір арқанмен шандып буып, екі жақтарынан екі атты кісіге жетектетіп, соңдарынан төрт аттыға кезек-кезек қамшылатқызып қуғызып, үш күн бойы енеден туғандай тыр жалаңаш жаяу айдатыпты. Көш жөнекей ерген шыбын-шіркей солардың лыпасыз тәндеріне емін-еркін жабылып, мәз-мәйрем боп қалыпты.

Ханзаданың әнеу күнгі есін бір жиып алғандағы көргені сол екен.

Айлалары білініп қалған башқұрттар енді ашық қимылға көшсін. Соңғы жақтағы жәукем қолға түсіп біраз шығындар етіпті. Қос қапталдағы жәукем қолдар да шығынсыз емес көрінеді. Жер қараның өзінде тұтқиылда тасадан тап беріп, көзді ашып-жұмғанша ұйпа-тұйпаларын шығарып тайып тұратын башқұрттарға үш күн қатарынан жаңбыр жауып, тіптен құдай береді. Жәукем қолды қойып қақ ортадағы негізгі қолға тиісетінді шығарды. Осы жуықта оқ-дәрі тиелген арбаларға тамызық лақтырып қырып кете жаздапты. Құдай сақтағанда, су киіз жанбай қойып аман қалыпты. Арбалардың біразы ыңырсыған жаралы-

лар. Талай жаралы солдат пен жаралы казакты башқұрттар алдарына отырғызып әкетіп жүрді. Талай ауыл құл-құтанға жарып қалатын болды.

Кешеден бері бас ұлық ең жақын көмекшілерін алды-арттарындағы, қос капталдарындағы жәукем қолдарға жіберіпті. Зеңбіректерді де соларға таратып беріпті. Бүгін башқұттар қос капталға қалың қолмен тиісіп, жапырып кетпек болған екен, бас ұлық тоқтай қалып ұрыс ашыпты. Барлық зеңбіректен оқ жаудырып, башқұрт аламанын қанқасап қырып салыпты. Манағы күркір аспандағы найзағайдікі емес, жердегі ұрыстікі көрінеді.

Ханзада сыртқа көз тастады. Аспан шәйдай ашылып келеді. Манағы бір қара бұлттар көк жиекке сырғи-сырғи әбден көз таса болыпты. Қыр шөбінің жаңбырдан кейінгі айырықша жұпар иісі аңқып қоя берді. Бірақ құбылаға қарай салдыртып келе жатқан ұзын шұбақ керуен бүгін күндегісінен де тұнжыраңқы. Жұрттың басы кеудесіне түсіп кеткен. Ауыздар үнінен қалып, тұяқтар мен доңғалақтар ғана есі кете езілген саздақ топырақты аямай жаныпып, зіркіл қағып келеді.

Содан бұлар өліп-талып осы бір аша түбекке де жеткен. Терістік жақтағы анау ашушаң кісінің қабағындай алыстан түксиіп тұрған қара биіктің басына шыға келген шерудің көзіне ең алдымен құбыла бетте көкжиекті тұтаса көмкеріп жатқан тағы бір айғыр қара жал түсті. Екі қара жалдың арасы телегей теңіз. Шалқып жатыр. Су екені де, сағым екені де белгісіз. Сынаптай мөлтілдеп көлкіп жатқан шалқар айдынның қақ ортасында дөңкиіп әлдене қарауытады. Көлді кешіп барып тұныктан су ішіп сазға бауырын төсеп салқындап жатқан жылқы тәрізді. Бөгелектеп, бас шұлғып жатқандай, бұлдырап көзге анық шалынбайды.

Кирилов пен Тевкелев шеруді тоқтатып, биік төбенің басына шығып, әлгі алқапқа қарай қолдарын үсті-үстіне сермейді. Қастарына келген ханзадаға, Нияз сұлтанға, Мырзатайға Мәмбет мырза әлгі қарауытқанның күн батыс шетін көрсетті.

— Орынбор әне!— деді.

Ханзаданың құп-қу жүзіне қан лып етті. Анада орыс астанасынан шыға бергендегі калқыған судың қақ ортасында тұрған ондаша қорған көзіне елестеді. Сол тас қорғанның басында төңірегіне манаурай көз тастап, ата қаздай алшайып, жағасы жайлау жайбарақат тұрған өз әкесі келді көз алдына. Жақындауға үңірейген зеңбіректер мен орыс мылтықтың күнге шағылысып жарк-жұрқ еткен істігінен қорқып, жал-жалдың тасасымен жымып бара жатқан қыл жалаулы жау келді көз алдына. Тас қорған түгілі анау шалқар көлден аттап басу қайда оларға! Ондай ақымақ табылып жатса, қызыл қорғанның қабырғасынан көк ала түтін бұрқ етіп, қызыл жалын арасынан атанақтап қара доптар атып шыққанда аттары ерлерін бауырларына алып тайып тұрар да, қызылкөз дұшпан қу тезектей шашылып жатар анау шалқар көлдің жағасында...

Сүлесоқ тұрған баланың кешегі науқастан әлі құлантаза айыға қоймаған зіп-зілдей басында әлдене зың ете қалды. Көптен

бері үні өшуге айналған баяғы бір жұмбақ шымшық пұлағының түбінен қайта шықылықтап қоя бергені.

Әттең бірақ сол бір жанына майдай жағып бара жатқан әдемі елес тез тарқады. Ең алдымен мынау кең алқапты кемерлеп кілкіп жатқан шалқар кол тез тартылды. Сөйтсе, ол су емес, сағым екен. Ұзыншұбақ шерудің алды ойға құлап үлгермей жатып әлгінде ғана қалқып жатқан телегей теңіздің құрдымға сіңгендей ғайып болғаны. Орнында қақалып қалың өскен қара жусан. Әлі күнге балауса қалпы. Басындағы балапанның түгіндей майса көгі әлі қурамапты да, қатаймапты. Соны сағым шалғанда мынау кең қолат айдын көлге айналып шыға келеді екен. Қара қолаттың қақ ортасында мынандай шүйгін шөпке әбден тойып, анау сылқылдай ағып жатқан дариядан әбден қанып, енді біраз тыраңдап, тұла бойының құрыс-тырысын жазғысы кеп аунап жатқан ту биедей жалтырап жатқан жалпақ жон дөңбек жал сұлапты. Оны екі жағынан ирелеңдей орағытып екі өзен тоғысыпты. Терістігіндегі — Жайық. Күнгейіндегі — Ор. Арты терістіктегі қайқаңдаған қара биіктің басына енді көтерілген керуеннің алды сол екі өзеннің айқасар сағасына кеп тоқтады.

Жас келіншектің омырауындай үлбіреп тұрған көк шүйгінді есірік күйеудің орынсыз қамшысындай осқылап айқыш-ұйқыш зеңбірек ізі, арба ізі айғыздай жөнелді. Әлгінде ғана түгі жылтырап, сауырын самалға, бауырын күн нұрына аялатып рахаттанып жатқан көк ала ту биедей оқшау жалдың әп-сәтте-ак үйпа-тұйпасы шықты. Мың жылдан бері де құлак шошынардай өрескел дыбыс естімей тыныштықта маужырап жатқан жымжырт алқаптың денесін дүр түршіктіргендей шақыр-шұқыр үн көбейді. Мың-мың қасапшы қаз-қатар тұра қалып пышақ жанығандай ертелі-кеш шақыр-шұқыр. Анда-санда жер ошак қазылғаннан басқа көбесіне зақым тимей ту жатқан құйқалы топыраққа ертелі-кеш мың-мың темір күрек, қайла, сүймен кірш-кірш қадалып, қайзалап бағады. Опыр-топыр топырақ омырылып, тырс-тырс шөп үзіледі. Құдайдың бары мен жоғының арасындағы баянсыз шаң-тозаңынан топырақты түзіп, оны балуанның жотасындай тұтас жатқан қара жерге айналдырып тұрған сиқыр күш — мың-сан нәзік тамыр мынау ойда жоқта төбелерінен түсіп төмпештей жөнелген мігірсіз соққыдан бырт-бырт күйреп жатыр. Көк ала ту биедей көлбеп жатқан бұла жал көзді ашып-жұмғанша-ақ терісі сыдырылып, көбесі сөгіліп жайрап қалды. Енді оны бұтын бұт, қолын қол ұшалап-мүшелеу дегенің сөз боп па! Пәлен мың пышаққа тап болған қара жер қасқыр тартқан жылқының қаңқасындай ырсиып, қансырап жатыр Мал қасапты талай көргенмен, жер қасапты кім көрген! Шерудегі қазақтар әуелі бұған жағасын ұстады. Бірақ, дүниеде қазақтай үрегей, қазақтай үйірсек халық бар дейсің бе?! Ол неден шошынбай, неге бас ұрмай жүр еді?! Келе-келе әлгіге де үйреністі. Үйреніспей де қайтсын... Күнде-күнде көретіндері осы. Сыбанған білек. Қаршқарш тіс қайраған ашқарақ темір. Жайраған жануардың қанжынындай қорс боп шашылып жатқан қызыл топырақ. Жер ас-

тынан мың-мың Моді қатар шығып келе жатқандай үсті-басы шаң-шаң адамдар. Ағыл-тегіл тер. Айғыз-айғыз бет-ауыз. Күс-күс қолдар. Ертеден — қара кешке көкке топырақ атқылаған мігірсіз жұмыс. Аспандағы күннің көзі де топыраққа көміліп қалғандай. Анадағы балбырап балауса тұрған алқаптың бар шөбі шаң-тозаңның астында. Екі беттегі екі дарияның да лайы көбейген. Жел осы беттен тұрғанда кең жазира сахараға алапат шаң борайды. Көктегі бұлт та осы тұстан өткенде бір көрсе басар күлге аунатып тұрғызып жіберген арзымсыз ұрғашының етегіндей сатпақтанып қалады. Бұл маңайда жорғалаған кесіртке екеш кесірткенің денесінде бес елі тозаң тұрады. Сонда да таусылын бітпейтін құдіреті күшті құдайдың топырағы да көп екен!!! Сол тауыстырып бітуі мүмкін емес топырақты тауыспай тынбайтындай ертеден қара кешке екі бүктетіліп құнжаңдайтын да жататын құдіреті күшті құдайдың солдаты да мықты екен! Қайтып жалықпайды, қайтып іштері пыспайды десеңші!

Күнде шығыс беттегі катпар шоқының басына барып, ертеден қара кешке дейін шоқынып-шоқынып жайғасып ап, жер қазып жатқандарды қызықтайтын қазақ елшілігіндегілердің карап отырып-ақ іштері пысып кетеді. Қарап отырып-ақ белдері ұйып, қарап отырып-ақ бойлары ал-сал тартады. Ал әлгі қара жердің бір қабат астына тірілей кіріп ап, мықшыңдап жатқан сабаздар бір шарудан кейін бір шаруа ойлап табады. Әуелі біреуі қолына қорағаш ұстап, екіншісі бақшырайған дөңгелек шынымен сығалап жер таңдады. Сдан әлгі таңдаған жерлерін шырқ айналдыра өлшеп шықты. Өлшеп шыққан жерлеріне әр жер — әр жерден қаз-қатар қазық қақты. Сосын сол қазықтарына арқан керді. Сонда айналасы ат шаптырым шаршы алаң боп шықты.

Сол шаршы алаңға бір күні таңертең бәрі кеңірдектерін соза әндетіп келіп, шыр айнала сапка тұрды. Қолдарында бір-бір күрек. Жүздері жалт-жұлт етеді. Малынтып оқалы шекпен жамылған орыс пірадары күңірентіп дұға оқыды. Сосын қасындағы қаба сақал серігінің қолындағы күміс тостағаннан үш саусағының ұшымен іліп алып, сапта тұрған сарбаздар мен болашақ қорғанның шекарасын ұшықтап шықты.

Жұрт араларына қос құлаштай жер тастап, қолдарына күрек пен шоқыр ұстап қаз-қатар тұра қалды. Анадай жердегі шошақ төбенің басындағы едірең мұрт үш дауылпазшы қолдарындағы таяқшаларын сермелей жөнеліп еді, көп күрек пен көп шоқыр көк масаты тың топыраққа кірш-кірш кадала кетті. Шаң-шұң адам дыбысы. Тақ-тұқ темір дыбысы. Үш күннен асар-аспаста-ақ кеше ғана жіп керулі тұрған шаршы алаң шыр айнала ор қазылып қоршалды. Ордың тереңдігі екі кісі бойы да, ені бір кісі бойындай. Әлгі ордың ішкі бетінен түйелі адамның бойы жетер-жетпестей қып жал топырақ үйілді. Оның ішкі жағын да, сыртқы жағын да шаршылап шым ойып әкеп жағалай бастырып шықты.

— Ай, мыналары несі-ай! — деп сұрайды Мырзатай жанына жуып кеткен не татар, не башқұрттан.

— Қорған ғой! Бұлар жаудан осылай қорғанады ғой.

— Астапыралла!.. Адам мен адам, қылыш пен қылыш, найза мен найза сайысса керек еді. Адамға жал-жал топырақты, атқа қазулы орды қарсы салып, өздері сонда тоғыз құмалақ ойнап отыра ма? Бізде, қапелімде, жан қысылғанда болмаса, мұндай айлаға жүгірмейді ғой. Ондай да құдайдың тау-тасын сағалайды емес пе! Ал мынау жау келмей тұрып, алдын ала жағалай қымтанып, тірілей жерге кіріп алып отырады деген не сұмдық!

Оның бұл сөзіне әлгі башқұрт пен татар түгілі Ералы жиенінің өзінің қосыла қояр түрі көрінбейді. «Ай, нағашыеке-ай, тыңғалмасқа таңғаласың-ау!»— дегендей үн-түнсіз басын шайқады.

Мырзатай таңдайын қағып отырғанда талай шаруа бітіп болды. Солдаттар мен казактар жер қазып жатқанда башқұрттар болашақ қорғанның ішіне кіріп, арбаларындағы азық-түлік, бөрене, құрал-саймандарды түсірді. Түйелерге артылған жүк түсіріліп, штаб офицерлері мен аға офицелерге киіз үйлер мен жолым үйлер тігілді. Ұзындығын он екі құлаш, биіктігін үш құлаш қып азық-түлік салынған қаптар бөлек жиналды. Астынан ылғал тартпас үшін бөренеден төрт таған жүк аяқ жасалды. Жауын шаң өтпесін деп әуелі кенеп жабумен, сосын өре киіздермен, оның үстінен тоқыма шетен төсеніштермен бастырып жабылды.

Жүктерден босаған арбалар мен түйлер аз кем тыныс алып, жаңа құрылысқа керек заттарды әкелуге Уфаға қайта шұбырды.

Адамдарда күні-түні мігір жоқ. Шағын-шағын топтарға бөлінген. Әркім өзінің қай топта екенін біледі. Әр топ өзінің не істейтінін біледі. Біреулер саз топырақ қазып, қырман айналдырып, балшық басады. Екіншілері оны шаршы-шаршы ағаш қалыптарға салып нығыздайды. Үшіншілері қораптан шыққан шаршы-шаршы шым тастарды кептіріп, үйік-үйік қып қалап жинайды. Кейбіреулері қорғанның ішінен мұз салып қоятын, оқдәрі сақтайтын ұра ойып, болашақ казарманың табанын орнықтыратын жер қазып жатыр. Аспаз еркектер анадай жердегі биіктің жел жақ мүйісінен наубайхана мен асхана тұрғызып әлек. Әп-сәтте ұстахана да бітіп, іске кірісіп кетті.

Күні кеше бұрқырап шаңы ұшып жатқан, одан екі бетін бірдей шым шаршылармен тегістеп қалап бастырып шыққан жал қорғанның төрт мүйісінен төрт қыш мұнара салынып, төрт тарапқа өңешін создырып төрт зеңбірек орнатылды. Енді сол шаршы қоршаудың ішінен тас қорған салынып болып, әскер мен зеңбіректер шатырларын сүйретіп сонда көшіп қонды.

Кәктегі күнге айбат шеккен өткір күректердің шаруасы тек бұнымен біте қояр түрі жоқ. Әлгі шағын шаршы қорғанның сыртынан одан да үлкен шаршы алаң өлшеп, оған да шыр айнала ор қазылып, оның да ішкі бетіне жағалай айғыр жал топырақ үйіліп, тоғыз жеріне қыш тастан тоғыз мұнара тұрғызылып, тоғыз зеңбірек орнатылды. Енді сол жал-жал топырақтың үстіне тастан шыр айнала қорған салынбақ. Сонда мынау бір ін, бір іннің ішінде бес ін деген балалардың жұмбағындағы айтылатындай қым-қуыт орлар мен қым-қуыт тас кедергілерге қандай жү-

рек жұтқан жауыңның да жолай қоймағы қиындап кеткен түрі бар. Әлгінде ғана айнала сұқтанып тұрған сұғанақ көздерден қаймыққандай теріс айналып, жонын төсеп жасқаншақтап тұрған жал топырақтар, ауыздары үңірейіп тоғыз зеңбірек орнатылған соң, айналаға өзі үрей шашып қоя бергендей.

Мырзатай енді: «Шаппаған, шабамын деп айтпаған жаудан қорғанып, жаңбыр жаумай су болып отырған күніңді ұрайын»,— деп боқтайтынынан тыйылып келеді.

— Мына полесінің басқасын былай қойғанда анау үлек түйенің мойынындай сорайып-сорайып тұрып алған қызыңды ұрайындарынан-ақ атымыз үркіп жақындай алмаймыз ғой,— деп қояды.

Әбден айнадай қып тазалап, күнге шағылысып жал-жұлт еткен мыс зеңбіректер оның сөзіне жымың-жымың күліп тұрғандай.

Осындай қыруар жұмыс бар болғаны бір айдың ішінде жасалды. Жұртты тағы да шаршы алаңға шырқ айналдыра сапқа тізді. Ортаға тағы да жарқ-жұрқ орыс пірәдары шығып, жаңа біткен жал қорғандар мен мұнараларға, жұрттың үсті-басына күміс тостағаннан үш саусағының басымен іліп алып су бүрікті. Жалт-жұлт етіп қаз-қатар тізіліп тұрған отыз бір зеңбірек үш рет гүрт-гүрс ете қалды. Үш рет аспанға доп атылды. Ғасырлар бойы қатты айқай да естімей, жым-жырт тыныштыққа бөгіп тұрған дел-сал алқап дүр түршігіп, туғалы мұндайды көрмеген бір талай қазақ сол күні күңірсіген оқ-дәрі исін иіскеді. Қос өзеннің бойындағы құс біткен қиқулап аспанға көтерілді. Құрақ арасында балдыр тамсап жүрген балық біткен желбезектері дірдір ете қалып, тереңге сүңгіді. Шөп екеш шөптің арасы да бүлкбүлк. Даланың түлкі, қарсағы, борсығы, тышқаны, жыланы, кесірткесіне дейін жан дәрмен әлдеқайда безіп берді. Маңайдағы қара дөңдердің үсті де бастарымен қайғы боп маңып бара жатқан үйір-үйір киік, қарақұйрық, құлан. Тым-тырс жатқан дүниє дүр қозғалып әлдеқайда қопарыла көше жөнелетіндей. Екі өзеннің суы да бұрынғысынан бетер жоңкіле аққандай. Мынадай төтен жаңалықтан бәрі үркіп, бәрі безіп барады.

Үрікпей, безінбей тұрғандар кеше ғана күрек қажап тастаған қолдарына мылтық ұстап сап түзеп самсап тұрған мынау жирен мұрттар. Кеше мынау жағалай ор қазылып, қоршау салынбай тұрғанда ай астында құлазып бос жатқан құла түзден қаптап жау өріп келе жатқандай көп жалтақтаушы еді, енді өз үйлерінің ауласында жүргендей талтаң-талтаң етеді. Дауыстары да шаңқ-шаңқ етіп айбарлы шығады. Жер түбінен артынып-тартынып алып келген қоқыр-соқырларын өздері қазған індігештеріне тыққыштап, әлгі індігештерін көше-көшеге бөліп, сызық сызып, әркім өз індігешінің маңына сынық шөп түсірмей сыпырып әуре боп жатыр. Қолдары қимылдаса болды, әкелері базардан келгендей улап-шулап көңілденіп кететін жұрт екен.

Олар шаруаларын бітіріп жайлана түскен сайын пәлен күннен бері бостан босқа сарылып жатқан қазақ елшілігі үзеңгіге аяғымыз қашан тиер екен деп қипақтап бітті. Бұлар аз болған-

дай бас ұлық Әбілқайыр ханға хабаршы шаптырып, қыпшақ жаңа қонысқа жасалатын тойға арнайы қонақтар жіберуін өтінді.

Бұны естігенде Ералы төбесі көкке жетіп қуанған-ды. Ағайын-тумаларымды көрем гой деп, солармен бірге, амандық болса, елге қайтам гой деп қуанған-ды. Жаяу кет десе, кетуге-ақ пейіл... Балағын түріп ап қазір-ақ жүгіре жөнелер еді. Бірақ, не керек...

Күні кеше кешқұрым бас ұлық өзіне шақыртып алып «Келесі көктемде жаңа қала әбден салынып бітеді. Сонда тойға әкеңді шақырамыз. Сені де еліңе сонда жібереміз. Оған дейін осында боласың»,— деді. Әншейінде ол бұған жүзін жылытып мәймөңкелей сөйлеуші еді. Бұл жолы көмейіне зіл жиып нығыз сөйледі. Бет-аузы баяғы Уфадан шыққан күнгідей емес. Мыж-тыж.

Көзі ұясынан шыға жаздап аларып кеткен. Екі ұртына қылыштың ізіндей екі айғыз әжім түсіпті. Дөңес маңдайын да шынымен қаптап қойғандай. Сұп-суық. Бұны бірден торықтырайын деп, әдейі осылай ызғарлана тіл қатып тұрған болар. Жаңа қоныстың тойына Нұралы келеді деген. Соның алдында бұл мінез шығарып жүрмесін дейтін секілді.

Той дастарханында бас ұлық бұның бір жағынан өзі отырып, екінші жағынан Мәмбет мырзаны отырғызып, сағынып көрген ағасына жақындатпады. Баяғыдан көп есейіп, ересектеніп кеткен Нұралы інісіне анда-санда бір көз тастап қойып маңғаз отыр. Сөзі де нығыз. Жүріс-тұрысы да нығыз. Кескін-келбетіне кесектік, тұлға-тұрпатында бөлекше бір қайрат пен айбар бар. Ел үсті шаруаға да ысылып қалғаны байқалады. Қасындағы орыс ұлықтарымен терезесін тең ұстап, нығын керіп, алпамса көкірегін аша түседі. Бұл дегенде шығарға жаны басқа Мырзатай нағашысы тым алыста қалыпты. Оны соңғы екі-үш күнде көріп те жарымады. Оның орнына Уфадан бірге ілесіп келе жатқан Мансұр деген Бұхар молласы көбірек жағалап кетіпті. Бұған дейін маңына жолап көрмеген бір көк құтандай серейген қалтылдақ бас ақ сұр адам қолына қағаз ұстап, қалам ұстап, «әкеңе суретіңді салып беріп жіберем» деп қайта-қайта келгіштеп кетті. Шымшық торғайдай ұшып-қонған тағы бір бөтен біреу ауызын ашқыздырып, тілін шығартқызып көріп, кеудесіне құлағын тақап көп тыңдады. Бұндай әбігердің басталғанына бүгін үшінші күн... Осыдан үш күн бұрын ұйқысынан енді ояна бергенде қайдағы бір бұл көрмеген асыл маталарды құшақтап екі-үш кісі жетіп келді. Содан бұның бойын өлшесін, белін өлшесін, кеудесін өлшесін... Әйтеуір бұның бойында олардың қолы тимеген жер қалмады. Кеше қайта-қайта шақырып алып, әлі ақ жібі алынбаған су жаңа киімдерді кигізіп, шар айнаның алдына алып барып, шырқ айналдыра қарап тыным тапқызбады. Мана таңертең құбыла беттегі айғыр жалдан бір топ салт атты көтерілгенде алдарынан ұзатылатын қыздай қып үлде мен бүлдеге орап бұны алып шыққан-ды. Алыстан жол соқты, жел қақты болып түтігіп келе жатқан қыр қазақтары сағағынан үзілгелі тұрған қызғалдақтай қызылды-жасылды боп құлпырып тұрған талдырмаш бала жігітке таңырқай қарасқан. Қазақ қай кезде шүберекке

жарып көрген! Оның үстіне жоңғарлар үйреншікті базарларынан алысыраққа қуып тастағалы ініндерін жаңарта алмай жүрген. Ауылдастарының шыдамсыздау жағы қолды созып жіберіп, бұның үсті-басын сипап көрген. Енді, міне, өзінен-өзі қысылып, үлбіреп екі ұлықтың ортасында отыр. Бұдан басқа қазақтар қоламтадан шыққан боршадай қап-қара. Ал бұл болса, піспеген собалақтай боп-боз. Қазекең қашан да жүзі бозаң адамды дімкәс кісі деп ұққан. Жаңа оңаша жолығып қалғанда бәрі «Денің сау ма? Өңің боп-боз ғой!»— десіп жатты. Өңіне қарағанда бастарын шайқап, киімін көргенде көздері қызыл шоқтай жайнап қоя берген. Қазір де бұның үсті-басына, отырыс-тұрысына көзінің астымен қарап отырғандар аз емес. Бала ханзада соны байқағанда бір масаттанып қалғанымен, қазір солардың бәрі аттарына мініп ап, ауылдарына тайып тұрғанда, мынау кіл бөтен адамның арасында бір өзі қалып қоятынын ойлағанда, алқымына әлдене лық тіреліп тұрып алады.

Кешеден бері солдаттар қолдарынан ара мен балта түспей тақтайдан тұрғызған ұланасыр дастарханның басындағылардың бар назары осы жақта. Салтанатты киінген бас ұлық үсті-басы жалт-жұлт етіп орнынан көтерілді. Әр сөзді шегедей қадалтып орнықты сөйлейді. Сөзі біте бергенде жұрт алдарынан қоян қашқандай атып-атып түрегеліп, қолдарын көкке сермелеп, айқай салып қоя берді.

— Мыналарға не көрінген?

— Патша ағзамның ғұмыр жасы ұзақ болсын!— деп жатыр.

Мәмбет мырза бұның сауалына асыға жауап берді де, жұртқа қосылып өзі де айқайлай жөнелді.

Күркіреген қаһарлы үн теңіздің толқынындай өрекпи көтеріліп, барған сайын ұлғайып, мың-сан жерден сермелеп тулақ қаққандай құлақ жаңғырықтыра қалтырап тұрып алды. Шамалыда басыла қоятын түрі жоқ. Олар тоқтайды екен деген күдерлерін үзсе керек, қамалдағы отыз бір зеңбірек түгел күркіреп қоя берді. Бір емес, екі емес, әлденеше рет гүрс-гүрс... Әр гүрсілдеген сайын аспанға мыңдаған қызылды-жасылды шоқтар ұшып шығып ұзақ қалықтап тұрып алады. Мынандай қаһарлы күркірден жылт-жылт жымыңдап тұрған жұлдыздар да безіп жоғалған. Жаңа толған жарық ай да дүниені тітіренткен әлгі бір гүрсіл тағы шықса, шырт етіп сынып түсетіндей дір-дір етеді. Бірақ, оған қарайтын зеңбіректер бар ма, үсті-үстіне күркілдейді. Соңғы бір гүрсіл басыла бергенде әлдене сатыр-сұтыр ете қалғаны. Қамалдан тысқары алысырақтан шыққан сияқты. Қырпық жалдың басында ескілікті қорым бар еді. Соның ортасында жабайы тастан қалай болса, солай салған шомбал күмбез тұрған-ды. Соның бір жағы опырайып құлап түссе керек. Тасыр-тұсыр тас домалады да, басыла қалды. Солдаттар мен казактар ду күліп жіберді. Қолдарындағы мөлт-мөлт сұйық толы ыдыстарын ауыздарына апарды. Қырдан келген қазақтарда өң жоқ. Мана бұның жүзіне тесіле қараған күрең беттер қазір ақ шүберектей боп-боз

боп қуарып көрінеді. Еріндері мігірсіз қыбырлайды. Шамасы, үсті-үстіне кәлима қайырып тұрса керек.

Нарттай қызарып бусанып алған бас ұлық тағы да орнынан көтерілді. Бұл жолы да манағыдай дауысын нығарлай созып сөйледі. Не айтып тұрғанына бұл түгел түсінбеді. Әйтеуір сөз арасында «Әбілқайыр хан» дегенін құлағы шалып қалады.

— Хан иенің құрметіне марапат айтып тұр!— деді Мәмбет мырза ханзаданың құлағына сыбырлап.

Жұрт тағы да күркірей жөнелді. Зеңбіректер тағы да гүрсілдеп қоя берді. Аспанды тағы да ақ, қызыл, жасыл, сары оттар жапты. Жұлдыздар тағы да жып беріп жоғалып, жылт етіп қайта көрінді. Ай тағы шарт сынып кетпей әзер қалды.

Енді Мәмбет мырза сөз алды. Бір жолы Нұралы ханзаданың, екінші жолы Ералы ханзаданың құрыметіне қошамет айтты. Екі дүркінінде де жұрт орындарынан дүркірей көтерілді. Екі дүркінінде де жұрт жапатармағай жабырласып, кеңірдектерін жырта айқай салды. Екі дүркінінде де зеңбіректер жер қақтыра зірк-зірк етті. Екі дүркінінде де ай мен жұлдызды бүркеп, аспанға қызылды-жасыл оттар шашырады.

Ашық аспан астындағы сол думан түн ортасында зорға тарады. Түн ортасында кернейшілер сап түзеп тұрып алып, манадан бергі тасыр-күсірдің есесін қайтарғысы келгендей, құлақ құрышын қандыра құйқылжыта күй шалып жұртты ұйқыға шақырды.

Ертеңіне қазақ елшілігіндегілер елдеріне қайтты. Ералы ханзада бас ұлық пен Мәмбет мырзаның қақ ортасында қалтиып тұрып сұлқ қол былғап шығарып салды. Мырзатай нағашысының құлағына ғана сыбырлап: «Анда-санда адам жіберіп хабар алып тұрыңдар!»— деді. Ералының қасында исі қазақтан табын Қотыр батыр қалды. Алпамса денелі бұжыр бет батыр: «Келесі көктемде ханзада біз екеуміз де елге қайтамыз»,— деп қояды. Бала ханзада «иә» дегендей иегі кемсеңдеп бас изегендей болған.

Одан бері де, міне, он айдың жүзі ауып барады. Ел тарапынан ешқандай хабар жоқ. Хабар болатын реті де жоқ. Былтыр елшілік елдеріне бара, суық күз түсе, ауылдар бұл маңайдан алыстап көшіп, соңау күнгейдегі құм шағылдардың арасына сіңіп кетті. Ол жақтан жас төл аяқтанбай шыға алмайды. Жабағы жүнді қырқып барып көш бетін терістікке бұрады. Көштің алды Сары Арқаның дөңдеріне жетсе, енді-енді жетеді. Сол күн жақындаған сайын бала ханзаданың шыдамы таусыла түсті. Таң атса болды, ат сұрап мініп, маңайдағы биік-биіктің басын кезіп кетеді. Көз ұшынан бейсаубат жүргінші көрінбес пе екен деп, қарайған іздейді. Ең болмаса, көзіне қашқан аң ілікпейді. Аң екеш аң да бұл арадан безіп кеткен. Безбей де қайтсын! Мынау екі өзеннің тоғысына былтыр күзде пайда болған қара шоғыр соңдарына көк түтін салып шығынтып болды. Жолап кетсе, шыбындай қырып салады. Қан қасап қып әлгі бір індігештеріне тасып алады. Былтырдан бері қоректерін осы аңмен айырып келеді. Енді, міне, зәрезап болып, олар да жолайтын емес. Аң болмағанда күнде

жер астынан іліне су кеткен тышқандардай шұбырып шыға келетін тосын тобыр мына көктем, мына жазға жете алар ма еді, жоқ па еді... Бас ұлықтың былтырғы: «Көктем шыққанға дейін қаланы салып бітеміз» дегені әншейін бос әңгіме боп қалды. Былтырғы күзден бері көзге түсетініндей ештеңе бой көтере қойған жоқ. Оған мұрша да болмады.

Нұралылар аманатқа қалып бара жатқан бауырымен қоштасып, елдеріне қайтқасын бірер күннен соң аттарын ақ сабын қып терлеткен жиырма шақты атты келді. Келді де жерге кіріп кеткендей із-түзсіз ғайып болды. Не деп келгендерін кім біліпті... Әйтеуір Петербордан шыққандағы жазық маңдай жадырақ жүз Кирилов адам танығысыз өзгеріп кетті. Қабағы тарс жабулы. Ала көзі шатынап алған. Жанына жолап кеткенге бір ақырып қалады. Жұртқа жер қаздыруды, балшық илетуді тыйып, қайтадан қару-жарақ тазалатты. Ер-тұрман жөндетті. Арбалардың доңғалақтарын майлатты. Ертеңнен қара кешке дейін түнерді де жүрді. Оны көріп Мәмбет мырза да ширығып алды. Бас ұлық солдаттар мен казактарға жекіріп жатса, бұл башқұрттар мен татарлардың екі аяқтарын бір етікке тықты. Олар сүйтіп бір жүрді. Бір күні таңертең жұртты әдеттегідей сапқа тұрғызды. Саптағы адамдардан кісі тастамай қастарына барып үсті-бастарын, қару-жарақтарын қарап шықты. Сол міндерін көрсе, жер-жебірлеріне жетіп, табанда қайта түзетті. Сол күні жұртты түске дейін қазықтай қағылтып тұрғызды да қойды. Кешқұрым оларды екіге бөлді. Түн қараңғысын жамылып біреуін өз соңына ертіп бір бағытқа, екіншісін Мәмбет мырзаның соңына ертіп екінші бағытқа жолға салды.

Ертеңіне таңертең қорс боп қазылған аша түбекте бар болғаны екі мыңдай ғана әскер қалыпты. Оларға бастық боп қалған арық көңқақ мұрын Чемодуров саптың алдында екі қолын артына ұстап, қойқаңдап көп жүрді. Сосын басын көтеріп ап, анадай жерде жиюлы тұрған күрек-қайлаларды көрсетіп:

— Жұмысқа кірісіңдер,— деп шаңқ етті.

Бұрынғы-бұрынғы ма, жағалай жылмық жон қара жалдар қоршап тұрған аша түбек тіпті құлазып қоя берді. Анау жалдардың ар жағында кімдер тұрғаны, олар не істегелі тұрғаны — бәрі жұмбақ. Кешегі ымырт түсе жолға шыққандардың шұбырып іздері ғана жатыр. Олар да терістік баурайға көтеріле беріп, жым-жылас болған. Олар қайда кетті, неге кетті? Оны да жөндеп ешкім білмейді. Бас ұлық барда ыржалақтап қайда жүрт темекі тартып, әңгіме дүкен құрып жатса, сол арадан шықпайтын Чемодуров енді ине жұтып қойған иттей тызалақтап топқа жуымайды. Шырқ айналып азық-түлік қоймасының, оқ-дәрі қоймасының қасынан шықпайды. Тәптіштеп борін санап жүр. Күрек пен қайлаға дейін қырық қайтара санап шықты. Оның неге керек болғаны белгісіз. Әлде іші пысқасын ермек таба алмағаны ма? Олай дейін десең, бір қолымен белін таянып, екінші қолымен желкесін қасып, әлденеге айырқанып келіп тұрғаны. Іші пысқан кісі өйтуші ме еді?! Жұмбақ, бәрі жұмбақ...

Жұрттың да бұрынғыдай емес, жұмысы жібейді. Сәл қимылдайды да, қайта отырады. Бастары қосылса — гу-гу еңіреме. Әңгімеге араласпайтын Ералы ханзада мен Қотыр батыр ғана. Олар жұрттың не айтып жатқандарына түсінбейді. Жаутаң-жаутаң ауыздарына қарайды. Ал басқалар болса, бір-біріне ауыздары желімше жабысып қалғандай, бастарын ажыратпай сыпсыңдасады да жатады. Тымақтары салпылдап келе жатқан екі қазақты сырттарынан «үшінші пост» деп келеке қылатын көрінеді. Өйткені, оқ-дәрі қоймасы мен азық-түлік қоймасынан кейінгі көздің қарашығындай сақ күзетіп бағатындары осы екеуі көрінеді. Әуелі оған бұл екеуі шамданып жүрді. Кейін баяғы Бұхарлық Мансұрахун келіп түсіндіргесін арқаларын кеңге салатын болды.

— Е, мейлі... Найсаптар біздер үшін ақ патшаның алдында бастарымен жауап беретін болса, бізге одан артық не керек!— деп Қотыр батыр кеңк-кеңк күліп қояды.— Егер осыдан тұла бойымнан бір тал қылшық шығын болатын болса, қатын патшаң біздің қатынның алдында басымен жауап беретін болады. Бұлардың сол нәрсеге бастарымен жауап беретіні жақсы екен.

Бұхар молдасы тарқылдақ батыр күліп құмарынан шыққанша, ауызын ашып қарап отырады, сосын кітабын ашып, ханзадаға дәріс үйрете бастайды. Қотыр батыр ондайда насыбай түйеді, қамшы өреді, одан да іші пысып кетсе, наубайхана, асхана жағындағы башқұрттар мен татарларға барып хабар тыңдайды. Қайтып келгесін ханзадаға: «Мыналарының шаруалары шартарап болып жатқан түрлері бар-ау, шамасы. Анадағы талтаңдарынан айрылып қалыпты. Ұры жырада тай жығып жатқан қорқау қасқырлардай жан-жақтарына көп жалтақтайтынды шығарыпты»— деп қояды.

Қостағылар бұлардың салт атқа мініп жақын маңайға сейілдеп қайтатындарын да жақтыра қоймайтын түр танытты. Соңдарына ертіп жіберетін сақшыларының саны көбейе түсті. Бұрынғыдай қажың-күжің хабар сұрасатын татар, башқұрттарды ертпей, солдаттар мен казактарды ғана ертеді. Олары сәл ұзап шықтың-ақ, алдарын орағыштап, қамшыларын шелтеңдетіп, қосқа қарай қайырмалап бағады. Ең болмаса, көз жетер жерге дейін көсіліп жатқан маң далаға жанарың талғанша телміре қарап, құмардан шығуына да мұрша бермей, айнала қара жалдардан асырмай, мына бір тар қолатқа тордағы торғайдай, тыпырлатып қамады да қойды.

Ханзада бұрын өзін қадірменді мейман сезінуші еді. Шідей мойынын көкке созып, онсыз да шалқақ басын әнтек асқақ ұстаушы еді. Енді сол көкірегі күн санап жығыла түсті. Аяқ-қолында сылдыраған кісен жоқтығы мен салпаңдатып жұмысқа салмайтыны болмаса, тұтқыннан несі артық?! Отыр десе отырып, тұр десе тұрады. Тіпті қалаған кісілерімен де тілдестірмей, құрқұлақ болуға айналды. Жұрттың не деп жатқанын да білмейді. Қажет десеңіз, өздері бас қосып өткізетін көп мәслихаттарына да қостырмайды. Бұлардан әлгі шыршық сәлделі үнді

көпесінің жағдайы жақсы. Ол әйтеуір жұрттың арасында жүреді ғой! Жұрт не айтса да, тісін ақситып, аузын ашып күліп тұрғаны. Ол екеш ол да орысша біледі. Жылма-жыл Астраханьға келіп, сауда жасап жүріп үйреніп алыпты. Үйрене алмаған жаңғыз нәрсесі — суыққа төзімсіз. Қара суық басталғалы үстіне түйенің жабуынан басқаның бәрін жамылып алды. Сонда да безгек соққандай тісі тісіне тимей сақылдайды да жүреді. Байғұс сонысына қарамай, қақаған қызыл шұнақ аязда керуен тізіп еліне аттанады. Жолда Бұхараға соғады дейді. Бас ұлық өзін былтыр күзде: «Бұдан былай еліңнің саудагерлерін Астраханьға емес, Орынборға әкеліп тұр»,— деп әдейі алдыртыпты. Сол бұратана көпестің өзі мына шуылдақ көп тобырға ханзададан гөрі бір табан жақын адамдай.

Осында кім көп, бұралқы мен бұратана көп екен!!! Шоқынған татар, шоқынбаған татар, естек, шуаш, боғұлдарды былай қойғанда орыстан арғы іргелі елдердің де талай сығырағы толып жүрсе керек. Бас ұлық бәрін жерден жеті қоян тапқандай жинай беріпті, жинай беріпті. Әлгі бір ұшып-қонған шошақай дәрігер де орыс емес бөтен көрінеді. Жақ жүні ұрпиіп ол да бебеу қағып өліп барады. Сүйтіп жүріп тыным таппайды. Күніне бір соғып, ханзаданың үсті-басын қарап, көзін, тілін, тісін көріп, арқасынан бір қағып кетеді. Ханзададан басқалар ең азы түшкірсе де: «Доктор Родэ!», «Доктор Родэ!»— деп әз-әулие тұтып, соңынан қалмай сүмеңдейді де жүреді.

Ол тек бұлардың қасына ғана өз аяғынан келеді. Сонысынан ба, ағадайдан қарасы көрінсе болды, ханзаданың тұла бойы қаралай шімірігіп жүре береді. Шешіндіріп, о жер-бұ жерін шұқылап түртіп көретінін жақтырмайды. Қотыр батыр да қаралай тыжырынып бітеді.

Есіктен арсаңдай кіріп қолын ұсынған дәрігерге:

— Тәйт, нәйсап, қолыңды ала жүгіріп, қажыға барып келіп отырмаған шығарсың. Кім көрінгеннің қолтығын қасып, шабын сипап шыққан ол немең қай ауруыма дәрі бопты. Жу, әрі!— деп қара құманды негімен меңзеп бір зекіп қояды.

Дәрігер жалма-жан жүрелеп отырып қолын жуады. Қалтасынан орамал алып сүртеді.

Сонда барып Қотыр батырдың қабағы жылиды.

— Ал, мылжың неме, тағы не сұрайсың?

Дәрігердің жанындағы жылмақай башқұрт Юмаш аузы-басы сусылдап сөйлей жөнеледі.

— Батыреке, бұл кісі қырғыздардың, тойыс қазақтардың ем-домы жайында мағлұмат жинап жүр екен. Білгеніңізді айтып беріңіз, сауап болады?

— Сен сумақай да сандалады екенсің. Жүн жақ көпірге жөнімді айтып қайдан сауап табайын. Одан да қарап отырғанша күн өткізейік те. Ал не сұрайды екен?

Юмаш қасындағы он екі жасар имек мұрын су тұмсық балаға қарайды. Онысы неміс дейді. Су тұмсық жүн жаққа қарайды. Жүн жақ, қоя болған тайлақтай тамағын қықылдатып бірдеңе

деп былжыраңтайды. Оның былжырағын әлгі қаршадай су тұмсық бала сағыз шайнағандай қайзалап Юмашқа айтып береді. Отқа түсіп кетер көбелектей елпеңдеп отырған сумақай естек бір жымиып Қотыр батырға бұрылады.

— Доктор Родэ мырза қырғыздар, тойыс қазақтар...

— Мына доңыздың тойысы несі? Қазақ саған қашаннан бері тойыс болып еді!

— Батыреке, ашулана көрмеңіз, ол әншейін әлгі немене еді, әншейін әдетім ғой!

— Өйткен әдетіңнің басына біздің қатын сарысын...

Сумақай Юмаш батырдың ашуын басқысы келіп жырқ-жырқ күліп қояды.

— Батыреке, бұл кісі айтады, қазақтар көзі ауырғанда не істейді екен дейді?

— Көзге жел тисе, оған не ыстық сары майға, не түйенің ыстық сүтіне малып, мақта басса немесе жаңа сойылған қойдың бауырын тартса, бәрі де болмаса, қабырғаны отқа ұстап, ыстықтай көздің қызыл етіне тигізсе, іріңін сорып, ісігін қайтарады. Көз қарыққанда, құрым киізді тесіп томаға кигізеді. Ақ түссе — меруерт моншақты ұнтап түйіп, оны ерітілген балық майына араластырып, май жасап, оймақтай теріге жағып, ауру көзге байлайды немесе кіндіктен жалғыз туған кісіге аш қарында үргізеді. Теріскен шықса — ине байлайды не жас нәрестенің дәретімен жуады.

Сумақай Юмаш мұқтасардың ежігін айтып отырғандай бипаздай соза сөйлеп су мұрын балаға жеткізеді. Су мұрын бала оның айтқанын да екі есе көп қылып жүн жақ дәрігерге түсіндіреді. Ол қолындағы дәптерге құнжыңдап жаза бастайды. Ол екі ортада Қотыр батыр шақшасынан алақанын толтыра насыбай төгіп, оны бас бармағымен мытып үйіп, тілдің астына тастап жіберіп, ірге жаққа тістің арасынан сыздықтата түкіріп, рахатқа батып отырады.

Әлде бір уақытта сумақай Юмаштың суылдақ еріні тағы да жалпылдай жөнелді.

— Бұл кісі қы...

— Тап қызыңды ұрайын сенің. Қырға қырық келіп, қанша қозының обалына қалсаң да, қазақ пен қырғызды айыра алмайақ қойдың-ау.

— Ойбай, батыреке, кінә менен. Доктор айтады, сендер басы ауырғанда не істейді екен дейді.

— Е, бас па?

Батыр ойланып қалады. Талай рет сойыл тиіп басын жарып алғаннан басқа басы ауырып көрмеген кісі қапелімде не айтарын білмей аңырып қалады. Сосын қит етсе, басының сақшасы ұстап жатып алатын бәйбішесі есіне түсіп, қоқиланып сөйлеп кетеді.

— Е, басың ауырса, бір кесе таза суды үйдің маңдайшасынан шашып жібер де, содан таматын тамшыны жинып алып, шашыңды сула. Оған да қоймаса, қолыңа ұсталмаған жаңа күміс сақи-

на сал. Тіпті оныңа да қоймаса, еркек ауырса ұрғашы мал сойып, әйел ауырса еркек мал сойып, тері былау жасап, күн шыққанша ұйықтат... Айтпақшы, ол жел тигендегі ем екен ғой... Иә, иә... Не күн шығып келе жатқанда, не күн батып бара жатқанда бір тостағанға су толтырда, ішіне үш тал бұрыш пен үш тал қалампыр сал. Науқас кісіні құбылаға қаратып отырғыз да, су ұрттап ап, бетіне екі бүйіріне, арқасына су бүркіп ұшықта. Су біткесін тостағанды ауру кісінің басынан үш айналдырып аулаққа лақтырып, ауруға тоғыз қабат кшім жапқызып, өзің де аулақ кет...

Жүн жақ мынаны естігенде көзін адырайта бір қарап қойып, қағазына үңілді.

Қотыр батыр ауызындағы көк қоймалжыңды ытқытып тастап, сақалын сүртіп, қалтасынан істік алып, мұртын таулайды.

— Батыреке, ал тіс ауырғанда ше?

— Тәйір-ай, бұл неме соны да білмесе, жұртты қалай емдеп жүр?! Кәдімгі далада дудырап өсіп тұратын тікен-тікен меңдуананың дәнін алады да, темір табадағы шыжғырылған ыссы майға салады. Соның буына ауызыңды ашқызып жүрелеп отырғызады. Басыңа шапан жауып бүркендіреді. Табаның қасына, сенің алдыңа бір аяқ су қояды. Аузыңнан аққан сілекей соған құйылады. Сосын азу тісіңді жеп, бебеулетіп жатқан құртты шақырады. Міне былай!

Қотыр батыр орнынан көтеріліп, жер тізерлеп отырды да, дауысын көтере созып, әндете жөнелді.

Тұйғын, тұйғын, түйе қыл,
Ағайынды жиылдыр.
Ақ желегің сала кел.
Ақ саусағың мала кел!
Сары бас тұйғын,
Қара бас тұйғын.
Ызғыма тұйғын
Үңгіме тұйғын,
Суырма тұйғын,
Сыздама тұйғын,
Жайлаған жерді жау алды,
Қыстаған жерді ұры алды,
Жайлаған жерден қашып кел,
Тасыған суды басып кел,
Жетер-жетер, күйт-күйт,
Басар-басар, күйт-күйт,
Арқадағы алты құрт,
Аркаласып келер құрт,
Желкедегі жеті құрт,
Желкелесіп келер құрт.
Ауыздағы алты құрт,
Азуласып келер құрт
Басар, басар — кә, кә,
Басып келер — кә, кә!
Жетер, жетер — кә, кә,
Жетіп келер — кә, кә.
Тұйғын, тұйғын — кә, кә,
Түйірлеп келер — кә, кә!

Қотырдың көзі ежірейіп кеткен. Қожалақ-қожалақ беттегі екі түйір айқыш пышақ екі көзі алайып шығып барады. Су мұрын бала отырған орнынан қазықтай қағылып қатыпты да қалыпты. Шошақай дәрігер де жым болған. Тек сумақай Юмаштың ғана қара тонының қалта тұсы құсқан басқа жайылып тұрған буаз шыбыштың бүйіріндей бүлк-бүлк етеді. Қотыр батыр оған ежірейе бір қарап өлеңін тоқтатты.

— Әй сығырақ, сен неге бүлкілдейсің? Немене, қайыненең қарсы алдыңнан күнтимесін қайшылап жалаңбұт отырып қалып па?

Юмаш беті күреңітіп, шашалып барып тоқтады.

— Ойбай, батыреке, өлеңге емес, өзіме күліп отырмын. Бұның бәрін мыналарға қалай түсіндіріп бере алам деп отырмын.

— Е, ол жөніңді өзің біл!

Қотыр батыр тағы да шақшасына жүгінді.

Үш тілмаш бұл жолы әкесінен қорыққан балалардай бір-біріне сыбырлай тіл қатты.

Қотыр батыр есіктен атанақтай кірген үш немені дымдарын ішінде қып пұшайман күйге түсіргеніне жау қайтарғандай масаттанып отыр.

Біраздан соң Юмаш батылсыздау тіл қатты:

— Пышақтан, қылыштан болған жарақатқа не істейді?

— Не істесін, иманжапырақ басады, сиырдың кепкен жапасын шүберекке орап таңады, күйдіріп киіз басады.

Дәрігер қаламын шиқылдатып қағазына түртті.

— Мына кісі айтады, жылан шаққан, ит қапқан адамдарға не істейді екен дейді?

— Жылан шаққан кісіге терлік жабады, ит қапқан адамды әйелдің бұтының арасынан өткізеді.

Үш сығырақтың езуінде тағы да жымысқы күлкі жылт ете қалды.

Юмаш сығырақ бүгежектеп тағы да тіл қатты:

— Мына кісі айтады, сіздің халықта қояншық ауруы бар адамдар ұшыраса ма екен?— дейді.

Қотыр батыр «мыналар тағы да тәлкекке басты ма» дегендей ызғарлана қарады.

Юмаш қамшы жеп қалған таздай мүләйімсіп көз тастады.

— Ел болғасын есірігі болмас па? Қазақта да талай қояншық бар. Қояншығы бар адамға қоян ұстатып, қойынына салады.

Юмаш батырдың жауабын ерінінің ұшымен неміс балаға жеткізді. Неміс бала да қипақтай-қипақтай дәрігерге түсіндірді.

Шошақай дәрігердің сұрауының таусыла қояр түрі жоқ. Қаламын аузына тығып бір сорып алады да, бір сауалды тағы да жалп еткізеді.

Мына сауалына Юмаштың көзі әпірейіп кетті.

— Батыреке, мына доктор айтады, сіз әйелдердің ауруы жайлы не біледі екен дейді?

— Немене?

— Әлгі әйелдердің ауруы жайында...

— Немене, мен қатынның ауруын біліп қатын ба екем? Қалай ауыратындарын сыр қылып айтатындай мен оларды ң әбісыны ма екенмін. Бәсе, манадан бері жөн сойлеп отыр ма десем төлкек қылып отыр екенсіңдер ғой.

Қотырдың оң қолы қамшы тығулы қонышына бара бергенде сумақай Юмаш табалдырықтың ар жағына атып шықты. Қалған екеуі де дүркірей көтеріліп есікке беттеді.

Үшеуі шығып кеткесін бұл әңгімені манадан бері үнсіз тыңдап отырған Ералы ханзада ішін басып күлсін кеп... Қотыр батыр оған шамданарын да, қосыла күлерін де біле алмай, біраз ақырып отырды. Сосын қолындағы қамшысын қонышына қайта салды.

— Не де болса, ханзаданың көңілін бір көтердім-ау! — деп бір мырс етіп, шақшасын суырды.

Содан қайтып дәрігер қанша келсе де, көр-жерді сұрап бұлардың бастарын қатырмайтын болды.

Шынында да бұлар қызық екен! Мынау ызғындай жұрттың ішінде қолына мылтық ұстамай, қалам ұстаған бірен-саран кісі кездессе, қай-қайсысын да ғұлама деп дабырайтады. Ғұлама дегеннің қарқарадай сәлдесі болар еді жалтыраған иір мойын құманы болар еді. Ертелі-кеш ел сыртына барып шабынып дәрет алар еді. Сосын жарықтық әр қайсысы атан түйеге жүк болғандай қалың кітапты жайып салып, ішінен күбірлеп, бір-бірлеп парақтап ашып оқып отырар еді. Ол өзі ешкімнен ештеңе сұрамас еді? Қайта жұрт одан сұрар еді. Ғұлама кісі сақалын сылалап қойып, бипаздап жауап қатар еді. Сауалына жауап алған адам мәндайы жерге жеткенше иіліп, ұйып тыңдар еді. Бұлардың ғалымы қызық! Өзі ештеңе білмейді. Бәрін жұрттан сұрайды. Ылтыр бас ұлыққа еріп келген екі көзіне қоқан арбаның екі дөңгелегіндей әйнек байлаған бір ұзынтұра күні бойы індігештің ауызын бағып, тышқанның суретін, қоңыздың суретін, кесірткенің суретін салып, «мынаны қазақтар не дейді?», «башқұрттар не дейді?» деп көрінгеннің шалғайына жабысып әбден мазалап бітіп еді. Сау болғыр, бас ұлықпен бірге кетіп құлақты тынышытты. Әйтпесе, жылда бұлар қоңыз қоздатып, бақа боталатып отырғандай, «бұлардың еркегі қайсы,— ұрғашысы қайсы?» деп әбден миды ашытар еді. Оны да бұлар: «өсімдіктер мен жан-жануарлар жайында білмейтіні жоқ үлкен ғұлама» деп дабырайтқан. Ата сақалы аузына шыққанша түйені қалай қайытатынынан хабарсыз жүрген ол не қылған данышпан екенін ит білсін!

Сол қауға бастарың үш ұйықтаса түсіне де кірмейтінін талай нәрсені тақымын таралғы, алақанын сойыл қажап тастаған барымташы басымен өзі білетініне Қотыр батыр бір күдірейіп қояды.

Онсыз да мақтаншақ кісіні одан сайын масаттандыра түскісі келгендей енді бұлар жатқан үйді әлгі бір шимайшы неме көп айналсоқтайтынды шығарыпты. Серендеген неме баяғы Мәмбет мырзаға еріп қырға келетін Сартайлақты қасынан бір тастамай-

ды. Екеуі бірінің аяғы біріне шатысып қалардай болып, бір жертөледен екінші жертөлеге кіріп сүмеңдеп жүргендері. Екеуі де ұзын сирақ, екеуі де шимайшы, екеуі де әр нәрсені бір сұрап жұрттың құлағын жауыр қылатын әдеті. Екеуін құдай тауып қосқан. Бұлардың бір жақсысы қастарына әлгі сумақай башқұртты ертпейді. Не де болса, өздері былжырақтап бірдеңе түсіндірген болады. Сартайлаққа еріп келгіштеп жүріп, әлгі шет жерлік шимайшы да бұларға үйір болып алды. Ағылшын дейтін жұрттың адамы дейді. Арғы түбі саудагер көрінеді. Мына жаңа өлкемен қалай сауда жасап, қандай бұйым әкеліп, қандай бұйым әкетудің жай-жапсарын білейін деп келіпті. Оның үстіне сурет салады.

Келген сайын амандық жоқ, саулық жоқ:

— Солай тұра қалыңызшы, салып ала қояйын,— деп жабыса кетеді.

Ханзаданың суретін саламын деп талай қағазды шимайлады. Қотыр батырдың суретін салам деп талай қағазды шимайлады. Онысымен қоймай, қолындағы парағын:

— Ұқсай ма, ұқсамай ма?— деп тұмсықтарының астына әкеп қайта-қайта тыққыштайды.

Ұқсаса, ұқсайтын шығар. Әйтеуір, ханзаданың мойнының қылқиып кеткені рас.

Әлгі шимайшының салмайтыны жоқ. Қотырдың саптама етігін, дойыр қамшысын, жалбағайын салғанда мәймите қояды. Ханзаданың үсті-басындағы киімінен де ештеңе тастаған жоқ. Әр қайсысының әр параққа бөлек-бөлек суретін салып, астына бұдан атын сұрап алып жазып қояды.

— Бұл не керек?— деп сұрайды Қотыр батыр.

— Ғылымға керек. Мұндай нәрсе ғылым үшін өте-мөте маңызды,— деп шүлдірлейді Сартайлақ.

— Сонда сенің ғылымың менің ауы салбырағаң іш киімімнен гөрі маңыздырақ ештеңе таба алмағаны ма?— деп мәз болады Қотыр батыр.

Онысына әлгі екі серең аяқ шамданудың орнына қосыла күледі.

Не де болса, олар келгенде маңайларына татарлар мен башқұрттарды жуытпай, құр құлақ отырған Ералы ханзада мен Қотыр батырдың құдайлары бір беріп қалады. Жан-жақтарында не болып, не қойып жатқанын да солардан естіді. Сөйтсе, бас ұлық пен Мәмбет мырзаның былтыр күзде іздерінше суыт аттанып кеткені тегіннен-тегін емес екен. Баяғыда бұларды Уфадан шыққаннан бастап өкшелейтін башқұрттар әбден желігіп алса керек. Содан қазір бас ұлық пен Мәмбет мырза қастарына қалың қол ертіп, екеуі екі жақта ереуілші башқұрттармен алысып жүрсе керек. Қазір бүкіл Башқұртстан тұтанып тұр дейді. Мұндағы жұрттың аш-жалаңаш отыруының себебі де сол көрінеді. Былтыр күзде Мәмбет мырза бұларға алты жүз шана қыс киім жіберсе, Ай өзенінің жағасында башқұрттың Құлеке батыры тонап алыпты. Жақында үт айында Саянтөс дейтін қыстақтың халқы

осындағы орыс әскеріне азық-түлік жинап жүрген Мәмбет мырзаның қасындағы қолға тиіпті. Тілмаш бір түннің ішінде бүкіл қыстақты өртеп жіберіпті. Ертеңіне тағы да сондай елу қыстақ өртеліпті.

Олардың әңгімесін тыңдап отырсаң, жағаңды ұстайсың. Былтыр жел тоқсанда осындағы бастық түлен түрткендей сақылдаған сары аязда бес жүз кісіні сапқа тізіп терістікке қарап аттандырған. Бірақ, олар ертеңіне бес адамның өлігін, жүз елу адамның сүлдесін арқалап қайтып оралған. Қақшаңдаған қу шұнақ аяз қойсын ба? Бірер қырдан аспай жатып, баудай түсіпті. Бірақ ол сорлылардың қайтып келіп те тапқан абыройлары шамалы. Чемодуров мырза ауызынан ақ көбік атып айқайды салсын кеп! Арағa екі күн түспей жатып айғыр топ адам тағы да сақылдаған сары аязда жолға шыққан. Басқа сол жолға шыққан жеті жүз жетпіс үш адамның бес жүзі жолда үсіп өліпті,сексені аяқ-қолдан айырылыпты. Сөйтсе, олар Жайықтың арғы бетіндегі бір орыс шаһарына киім-кешек, азық-түлік әкелуге жұмсалыпты. Енді, мені, бар қорлары таусылып келеді. Жан-жақтан қайыр жоқ. Башқұрттар мұндайларды биылғы қыста аштан қатырамыз, сосын бұл араға өздері де жоламайды деп жүрсе керек.

Ханзада мен Қотыр батыр іргелерінде осындай сұмдықтар болып жатқанынан да бейхабар екен. Тәсектері салулы, оттары жағулы, тамақтары пісірулі — қайдан білсін!

Қыс, айтса айтқандай, қатты түсті. Сыртқа аттап шығуың мүмкін емес. Алақандай терезеден тыста құтырынып тұрған қарлы құйынға телміре қарап қадалып отырғаның.

Мұндай қыста, мұндай аштықта жұмыс қайдан өнсін! Былтырғы қазылған ордың көп жерін күртік көміп тастады. Маңайдан қорек таба алмаған аш қасқырлар сол күртік қардың үстімен қорғанға кіріп жылы түтін шығып жатқан мұржалардың ығына тығылып, түні бойы ұлып шығатынды көбейтті. Ондайда сақшылардың оғынан тоңқалаң асқан бөрілер таң атқанша орындарында жоқ болып шығады. Қайда құритындарын әлі күнге дейін ешкім анық айтып бере алмайды...

Ол қыста қу құлқынның істетпегені бар ма! Жел тоқсан туаақ жазда қаптап-қаптап қаттап-қаттап жиып қойған айғыр жал азықтың түбі көрінді. Жұрт боғұлдар мен мешерлердің бастарына жастанып жататын теңдеріне телмірді. Оның да қарасын құртқасын, азын-аулақ көлікке көз аларту көбейді. Талай адам ойықтан балық ұстаймыз деп мұздың астына кетті. Талайлар қопа кезіп, қабан аулаймыз деп жүріп, жұтпаға түсіп жоқ болды. Талайлар қансонарда қоянның жымын қуалап жүріп, қорқауларға жем болды. Азын-аулақ тірі қалғандардың өздері көктемге күп боп ісіп зорға жетті.

Ералы ханзада енді жер-көкке сыя алмады. Таң атса болды, ұятты қойып, Чемодуров мырзаға барып ат сұрайды. Онсыз да басы қатып жүрген неме қабағын тарс жауып біраз түксіп отырады. Сосын күңк етіп көмекшісін шақырады. Өкшесі мыжырылған қисық табан етігінің қонышын жүре түзеп көмекшісі

көрінеді. Оған бастық негізгі мақсат жанзаданы көрсетеді. Қисық табан етік сүйретіле басып сыртқа бастайды. Сыртқа шыққасын сыз топырақты өкшесімен қайзалап жаншып біраз тұрады. Онысы — ойланғаны. Сосын қайтадан орнынан сырғып көтеріліп ат қорада беттейді. Ат қорада жете беріп қақпаны бір теуіп қалады. Әлгінде ғана бастықтың алдында мүлдәйімсіп тұрған қисық өкше ат қораның қақпасының алдында сыз балшыққа қарш қадалып қаздия қалады. Қақпадан танауы кержиген шалғы мұрт казак басын қылтитады. Көмекші маңағы бастығына ұқсап, жанзаданы иегімен нұсқап, желең шинелінің жағасын бір тартып қойып, жертөлесіне тайып тұрады. Енді кертік танау казак кергиді. Жанзада мен Қотыр батырға алара қарап, теріс айналып, ауланың түкпір жағына қарай зекіре тіл қатады. Сосын ол да желең шинелінің жағасын бір тартып қойып, дік-дік басып әлде бір жаққа таіып тұрады. Көп ұзатпай ер-тоқым салынған екі ат жетектеп, бес атты казак көрінеді. Жетеуі ерге қонып, қорғаннан шығып, күн шығыс жақтағы қара жалдарға қарай шоқыта жөнеледі.

Көз ұшында — көк нілге бөгін бұлдырап жатқан кек белестер. Көшіп келе жатқан ел, жол шығып келе жатқан жолаушы түгілі, босып келе жатқан аң да көрінбейді. Маңайдағы індердің суыры мен борсығына дейін құрып кеткен. Аш қорғанның қайласы мен күрегі қыстың көзі қыраудың өзінде тоңды ойып, төбелерінен түсіп, көкелеріне көрістірген. Мынандай құласыған кеңістікте қыбырлаған тірі жан түгілі шаң көрудің өзі мұң.

Жанзада қанша қадалып қарағанмен, кеше де солай, бүгін де солай. Бедіреіген белестер бұлк етпестен бұк түсіп жатып алған.

Жанзада сонда да күдерін үзбейді. Қара жалдың басына шығып қылқандай мойыны үзіліп кеткенше, кеңірдегін созып, көкжиекке қарап телміреді де тұрады.

Мамыр өте бере ту-ту алыстан көз ұшынан бозарытқан бірдеңе көрінді. Сағыныштың мөлдір шығы көлкештеген жаутаң жанардың алдынан әзәзілдей азғырған әлде бір әдемі елестер бұлдырап қоя береді.

Мамыр өтіп, маусым да орталап келеді.

Қасқыр талаған жылқының қаңқасындай терістіктен түскейге құлай салған мыж-мыж Мұғаджардың шығыс бүйірін о жер, бұ жерден тесіп аққан жыланшық өзендерден бастап сонау ең Ырғыз, ту Торғайға дейінгі ұланғайыр өлкенің бныл құйқалы жылы. Алабөтен ақпандата кірген ызғарлы қыс күнгей мен күн шығыстың сумаңдаған қызыл желіне көпке дейін бой бере қоймай, киіздей тұтасып тегіс түскен қар кешеге дейін көбесі сөгілмей бүтін жатты. Мұғаджардың жыра-жықпалының көлеңке беті мен Қаракұмның қара томарлы қалың түлейлерінің сәуле жете алмастай терең түкпірлерінде сарең қатын сақтаған қозы қарының құрышындағы сарқынды майдай сарғайып кеткен сұр қарлар әлі ұшырасады. Ондай қалың қар қойсын ба, сәуірдің аяғында жер мен көк айырып болмастай боп қалқыды да кетті. Алатағанақ жазықтарда оқшау біткен кемер таулар шалқар

айдынындағы шашыранды аралдардай қылтиып-қылтиып ұзақ уақыт су ортасында тұрды.

Телегей теңіздің тартылғаны жуырда ғана. Салқын топырақ біразға дейін бойы жылымай, күйті келмеген қақсал інгендей бедірейіп жатты да қойды. Бірақ, салқар аспанның шаршы төріндегі алтын баулы қазығының сар жібек бұйдасын шұбалта созып желіп жеткен Сарыатанның ыстық қоламтадай пәрменді бауыры нені шыдатпақ! Алғашқы күндерде-ақ ылғал бауырайлардан бықсыған бу ұшып, аптаның аяғында кезеріп жатқан көн топырақ түбіттеніп, келесі аптаның басында жер-жаһан қызға қарайтын жасқа жеткен жас өспірім бозбаладай бой сәнден, мұрт сылайды. Дүр көтерілген жаңа тіршілік қауырт, қарқынды өрбиді. Жүлгелер мен өзектердегі күнге қураған қақпа шекпенді қайыршыдай бүгежектеп тұрған тал мен шілік үлде мен бүлдеге оранып таранып шыға келеді. Тыр жалаңаш тыртиып жатқан таңқы етек құмақтар көк масатыға бөленіп көкіректеріне гүл қадапты. Әншейінде жоғалған түйедей айдалада жападан-жалғыз маңқиып-маңқиып тұратын аңғал-саңғал жақпар биіктердің өздері картайғанда қатыны өліп, тоқал іздеп, амалсыз сақал-мұртын күзеп, жасанып шыққан мәужір еркектердей жасыл мен қызылды аралас жамылып, әсіре әлеміштеніп алыпты.

Жер бетінің қай пұшпағында көк орай. Өз-өзінен жасанып-сылаңған осынша әдемі дүние көпке дейін құлазып бос тұрды. Әуелі қиқулап ұшып құс келеді. Елсіз айдындар азан-қазан боп, бауырын төсей қонған майса мамықты емірене құшып бақты. Көде түптері, тал бұтақтарына ұя орнап, жұмыртқа төгілді. Жарық дүниені, қаздардың қаңқылы, аққулардың сұңқылы, үйректердің сусылы, бұлдырықтардың былдырықтары билеп алды.

Күн жылығасын қара жердің қойынынан тек көк қана өрбіп қоймай, құрт-құмырсқа, жәндік атаулы да жапатармағай өріп кетті. Індерінің аузында селтиіп-селтиіп шықылықтап отырған саршұнақтарды, балпақтарды, борсықтарды көріп, арсаландап аш қасқырлар жортты. Ұялардағы уыз жұмыртқаға айыр тілдерін жаландатып жыландар сумаңдады. Жапан дүзде де еңсесін жазбайтын бұқпантай тасбақалар бармақтай басын сұңқақ еткізіп бір шығарып, сумаң еткізіп қайта тартып ала қойып, бір жүріп, бір тоқтап, әлдеқайда тарбаңдап барады. Тышқан құлақ, ши тірсек кірпілер сиңдандан шауып келе жатады да, әлденеден секем алып, тікенінің бәрін тікірейтіп бүрісіп жата қалады.

Сонда да мынау ұлан-асыр өлке әлдекімдерді күткендей. Сәнкиген кемер биіктер, дөңкиген қара жалдар, шалқыған кәусар көлдер бәр-бәрі сонау күнгей жаққа көздерін сататындай. Сонау алыс-алыс қара бұйраттардың ар жағынан олардың аңсай күткен біреулері келе жатқандай. Олар аяқ баспай тұрып, мына дүниенің ажары түгенделіп, базары қызбайтындай.

Мамыр өтіп, маусым түсе, даланың ажары әбден шаршысына толады. Жетілмеген желек, піспеген шөп қалмайды. Алқаптарға алқызыл қызғалдақтар қаптап, шеңгелдерге дейін гүл атады. Алыстан үлбіреп тұрған ақшылтым, көкшілтім, қызғылт, сар-

ғылт үйме төмпектерге емпендеп жетіп барсаң, көдімгі қараған-ның, теріскеннің, құсқанбастың, түйесіңірдің тікен-тікен бұталары болып шығады. Ауаның нілі көбейіп, көкжиекке қаспақтанып мұнар тұнады. Тіс сағынып балбырап тұрған түзге алдымен тақымы ұзын тағылар жетеді. Қалың өскен көк шалғынды көрпедей бүркеніп, бүлкілдетіп киіктер мен қарақұйрықтар жосып келе жатады. Бірақ, мынау көлкөсір дүниенің бәрібір ортасы толмайды. Мынау ұлан-асыр думандата жөнелгелі тұрған өлкенің бәрібір алаңы басылмайды.

Соны сезгендей күндердің күндері түскейдегі айқай жалдардың бастарына қылт-қылт қарайғандар көтеріледі. Көтеріледі де айқай қыранның басында аз-кем ат үсті мәжіліс құрып, бір қатары сонау тұтасып жатқан ту Ырғыздың түбектеріне тартса, екінші біреулері Мұғаджардың сілемдеріне бет түзейді.

Найзаларын салақтатып, айбалталарын жалақтатып, жау түсірердей боп келе жатқан бұл шоғыр — көш басы, шолғыншы топ. Мал екеш малдың жайын да бес қаруың белінде жүріп бекем қамдамаса болмайды. Қауқылдаскан қалың дүрмектің көбі қыл иек шал-шабыр. Ат ұстар жастардан баскасы кілең көре қалғандар мен біле қалғандар. Ауыз жаппай жалпылдап сөйлеп келеді. Биылғыдай өртеніп тұрған отка тіл-көз тимесе екен деп, «тіфәтіфә» түкіріліп қойысады. Көш басын қайда тіреген дұрыс деп таласады. Қауқылдаса-қаукылдаса төңірек түгел көрінетіндей айқай биіктің басына шығады. Найзаларын шошандата отырып, қай көшті қайда шөгеретіндеріне пәтуаласады. Атқосшы жастары арттағы көшке жұмсап, өздері ілгері тартады.

Ауыл қондыруға лайық ажарлы тұстарға келгенде біреумиреуі аттан түсе қалып, қанжығасынан қазық алып қағып, басына белбеуін не қамшысын іліп таяқ шаншып, тіпті болмаса, белуардан келетін ен шалғынның басын түйіп: «Біздің ауыл осы араға кідірсін» деген белгі жасайды. Сосын аттарына қонып, басқа ауылдар түсетін орын іздейді.

Жер құйқасы қалыңдаған сайын қарқ-қарқ күлкі күшейіп, аттың жүрісі өнеді.

Көш басы шоғырдан кейін түскейдің жолынан шұбырып мал көрінеді. Мал шетінде тұғыр мінген малшы-жалшы мен тай мінген бала-шаға. Олар малды көш жөні мен отынан, суынан қалдырмай жайбарақат жайып жеткізу үшін ерте кеткен. Бірнеше отардың арасында қазан-ошақ, төсек-орын артқан бірер түйе. Күн шамал, ылғал болса, қаукитып күрке тігеді. Күн ашық болса, түнектегі мал шетіне құрт-құмырсқа, жылан-шаян жорғаламасын деп шырқ айналдыра қыл арқан тастайды да, соның ортасына кнімшең-кнімшең қисая-қисая кетіседі. Іштеріндегі ең ересегі түнде мал өрсе, біліп жату үшін қолына қошқар байлап жатады.

Олардың жол азығы да осы отардың өзінде. Қарындары ашса — қой сауып, жұмырларындағы ащы айранға сүт қосып, қойыртпақ ішеді. Кештеу туған саулықтардың желінін қақтап уыз қатырады. Іштері пысса — қошқар сүзістіреді. Ауыздарын

жаппай ертегі айтысады, жұмбақ айтысады. Дауыстары ашықтары шырқыратып ән бастайды.

Қойым жайып келемін бозғанаққа,
Өзім тойып келемін қағанаққа,
Ауылыңның тұсынан ән шыркасам,
Баягы айтқан уәдең бар ма, жоқ па?!

Мұндай ұзақ көші-қонда, әсіресе, қойшылардың құдайы береді.

Жарық ерін, жалаң ауыз қойшы тек қойыртпақтың дәмі мен қойдың жәйін ғана біліп қоймай, күні бойы талай-талай қиялға батады. Төңірегіндегі қыбыр-жыбыр тіршілікке зер салады. Қазаққа табиғаттың талай сырын қойшының таяғы мен қой торының аяғы ашып берген.

Жарық ерін, жалақ ауыз қойшы тек қой ғана бақпайды, ой да бағады. Қойың от жерге тап болып, бір жұлғаны бір май болып, тыныш жайылып жатса, шалқаннан түсіп, ойға батпағанда, не істейсің! Қазақтың талай дастанын, ертегісін, жұмбағын, әндері мен жаңылтпаштарын осы қойшыекеңдер туғызған.

Далиған даланың қақ төрінде таяқ құшақтап талтайып тұрған қойшының көңілі кезеген, көзі көреген, жүрегі сезеген. Өйтетін де реті бар. Жұрт қыста сары кидың табына талтанып, жазда салқын көлеңкеде шалжиып рахаттанып жатқанда, аяз бен аптапқа қақталып, табиғаттан төлкек көретін кім? Қойшы. Әншейінде жұрт алдында сыланып-сипанып сырбаз сөйлейтін бай мен бардың тышқақ қозының құйрығына шыбын қонса, камшысын ала жүгіріп, ауызынан ақ ит кіріп, қара ит шығып, ашуын қайтаратыны кім? Қойшы. Адамнан келер тауқыметтің де ауырын тартатын қойшы. Пәтуасыз дүниенің асты-үстінің сырына ондай жетік адам жоқ.

Сөйткен неме қысы-жазы мал шетінде жападан-жалғыз жарылып кете жаздап тұрады. Көзі көлденең қарайғанды шалыс жібермейді. Алыстан шаң көрінсе, жау екенін, мал екенін алдымен аңғарып, алдымен хабар беретін де сол. Алыс-жақынның хабарына алдымен құлақтары түрік жүретін де сол. Өйткені, өткен-кеткен айдалада тұрған қойшыға соқпай кетпейді. Мал іздеп жүрсе, жоғының хабарын содан сұрайды, дау іздеп жүрсе, жанжақтың хабарын содан сұрайды. Хабар сұрап тұрып, біраз хабар шашып кеткенін өзі де аңдамайды.

Сөйткен неменің әңгімесін асықпай тыңдайтын караға қарқ боп қалатын кезі — елдің осындай жазғытұрым қыстаудан көктеуге, көктеуден жайлауға, күзге салым жайлаудан күзеуге, күзеуден қыстауға көшетін тұсы. Ондайда ауылдағы тайға тақым сала алатын бала біткен: «Көшпен бірге ірметіліп жүретін қыз емеспіз ғой» деп малшылармен бірге мал айдасады. Қойшы-жалшы әңгіме-дүкенге сонда бір жарып қалады.

Қазақтың талай баласы жер сырын, ауа райын, мал жайын, оттың ретін, жолдың қамын осындай көші-қон тұстарында қойшылардан білген. Ата-аналары айта бермейтін талай қитұрқыны

да солардан естігсн. Былапыт сөз, қиямпұрыс қалжың, мал мен жанның еркек-ұрғашысының білмей болмайтын жағдаяттары дәнеңеден хабары жоқ балғын саналарға осындай сапарларда мәлім болған. Мұндай көштер тек жаңа аяқтанған жас төлдің ғана тақымын созып, борбайын ширатып қоймай, талай жас ұрпақтың да көзін ашып, көңілін тереңдеткен.

Қой айдағандар көш басшылардан нысана қылған ойға құлап, қос тіге бере, биік жалдың басына ұбырып-шұбырған тізбектізбек көш те көтеріледі-ау ақыры! Түйдек-түйдек тізбектердің алдында қалы кілем, оймыш текемет қоршаған сары атанға жайғасқан бәйбіше бастаған үлкен үйдің көші жүреді, отаулардың көштері рет-ретімен соған ілеседі. Әр көшті жүрісі жайлы атан бастаса, шаңырақ артқан қара нар тамамдайды. Түйе қапталындағы көбежелерден, терек бұтағындағы ұядан мойын созған қызыл шақа балапандардай иектері қызарып, сәбилер қылтияды. Көштің екі жақ қапталы шоғыр-шоғыр желең аттылар. Шолпылары сылдыраған қыз-келіншектер.

Ұзақ жолдан шаршап-шалдығып келе жатқан сарсыл көш қонатын жерлерін, құйқалы шалғын мен айдын көлдерді көргенде қайта сергіп қоя береді. Жабыр-жұбыр үн мен ду-ду күлкі қайта естіледі.

Елсіз өңір ен қызыққа енді батады. Анадайдан: «Кімнің ауылы?» дегенде, «Пәленшенің ауылы» боп мен мұндалап көрініп тұратындай көтеріңкі орындарға, пытыханасы көп қалыңнан қашық, шуаш сіңді суаттардан аулақ, жал бұйраттар мен қыраңдардың самал соғар қыр арқасына, сай қуалап аққан өзен, бұлақтардың тұнық басына таман, әрине, ақ үйлі бай ауыл қонады. Ондай салтанатты ауылдардың үстін шаңдатпас үшін қолат-қолаттың қалтарысына шаруа бабымен отыратын қара үзікті малшы-жалшы ауылдар қонады. Тіршіліктің қызылды-жасылды ажарлы жағы жарқылдап жал басына шығады да, көн-тезек, ыс-шуашпен байланысты күйелеш жағы жарбиып тасаға тығылады.

Қыс қысылып, енді, міне жаз жазыла бастаған көшпелі дәурен бәрібір көңілді, бәрібір шат-шадыман.

Алқара көк дөңбек жоталарды сауырлай тоқтаған көштердің түйелері арқалары босап, жайылысқа шыққан тұстарында шымқай ашық ауаға шым-шытырық кесте төгіп керегелер жайылды, аспандап шаңырақтар көтерілді, шүпірлеп уықтар шаншылды. Сол бір шым-шытырық қызыл күрең көп сызықтың өз әшекейі аздай әлекей-күлекей баулар байланып, қызылды-жасыл басқұрлар тартылды, қос қапталға кереге сыртынан шымырулы ши ұсталып, оның үстін уыздай аппақ үзік, туырлық қымтады. Әлгінде ғана жым-жылас бос жатқан тұлдыр кеңістікке әлде бір алып самұрық құс қонып, судыратып ақ жұмыртқа төгіп кеткендей. Ширатылып түтін ұшып, көук-көук ит үрді. Өрістен түйе боздап, көлдеуде жылқы кісінеді.

Жаз шаршысына толып, ен жайлауға ел көшіп қонғанша қалдырылған талай шаруаға қол енді босайды. Қоңсы қонған

ауылдар бір-біріне барып қонысқұтты айтысады. Қыста аяқтанған балалардың тұсауы енді кесіліп, көктеуде туған балалардың шілдеханасы енді жасалады. Былтыр жазда өлгеннің де, күзде өлгеннің де, тіпті қыс басында өлгеннің де асы ертең тап осы сары жұрт сары жайлауда беріледі. Ұзатылған қыздың айттырулы жеріне де, үйленетін жігіттің қайынына да хабаршы енді жөнеледі. Шешілмей келе жатқан шерменде даулардың кесегі айтылатын келелі жиындар да енді өтеді. Бәрін де шілде түскенше бір жақты қылмай болмайды. Одан кейін сонау сона тоңатын қоңыр күзге дейін күн ысып кетеді де, қонақтың да, қонақ иесінің де шырқы бұзылады. Бұған дейін қозы әлі піспей келді, ісек әлі іспеп келді. Ағарғанның да уызы тарқамай, қымыз бен шұбаттың уыты жетілмеді. Жылқының иықта жалы, жіліншікте майы тұтаспады. Палуанның қайраты енді тасып, жүйріктің арыны енді өршіді. Шырыны кетпеген шөпке жайылған малдың шырышы көп жас еті бәске жеуге болбыр, жүрекке тимейді.

Бәрінің де дер кезі енді келеді. Оған дейін күн-түн демей әлгі айтқан келелі шаруалардың керегін қамдай берген дұрыс.

Жаңа тігілген үйлер, ту сырттарынан қарағанда, іргелерін белдеуге дейін соңкпте түріп, көл кешкелі тұрған қоқи қаздай қызыл сирақтанып алған.

Жан-жақтан шалғын иісі, көк жуаның иісі, су бойындағы жалбыз иісі аңқиды.

Үйге сиып отыра алмайсың. Жүгіріп сыртқа шыққың келеді де тұрады. Сыртқа шықсаң — қалың біткен бидайық пен еркек желді күнгі көл бетіндей өз-өзінен бұлықсып бұлқынып жатқаны. Қақалып тығыз өскен майқара жусан, мортық, ажырық, ебелек қырықтықтан қаймыққан семіз көбенің жон арқасындай қараптан-қарап дір-дір етеді. Көз ұшындағы айтақырлар мен көлдеу тұрандар көктемдегі қар суынан әлге дейін шалқып жатыр. Жел жоқтың өзінде тұнба айдын бойжеткен киіп шыққан көк шәйі көйлектің қатармалы етегіндей білем-білем әжімденіп апты. Жан-жағынан анталай тап берген көп жылқыдан үріккен қаз, үйрек көл айнала шүйіп, қайтадан қонар оңаша іздейді. Көктеуде отырғанда-ақ жал-құйрығы күзелген тоғынақы құлын-тайлар бүйірлері жылтыңдап, айдынды кешіп-кешіп барып, кенет аяқтарының астынан шоршып түскен ақ шабақтан шалғы тиген майса құрақтай жапырыла жалт беріп, жағаға қарай шалп-шалп безіп береді.

Тау сілемдері — бидайдай бытырап, қадала жайылып жатқан отар-отар қой. Шыбынсыз жазда құлақтарын кесіп алсаң да, білместей болып, кенедей жабысып жатқан бауырсақ құлақ мақұлықтарға «шәйіт» деуден де қол босап, ерігіп қалған қойшылар бәрі үлкен төбенің басына жиылып, бір-бірінен қойыртпақ ішіп, жұмыр татыспақ жасап, отыра қалып тоғыз құмалақ таратып, тұра қалып, қазан доп лақтырып, жата қалып белдесіп мәре-сәре.

Жайбарақат жайылып жатқан жабағы жүндері жолда қырқылған сақа қойлар. Ал биылғы қозы қолат-қолаттың тасасын-

дағы қойшы ауылдардың желкелеріне иірілулі. Күп басы, су аяғы тоғыттардың маңында да солар. Не төрт аяғы бірдей маталып қырқылып жатыр, не кесер бастарына дейін суға батырылып, тоғытылып жатыр. Қырқылғандарын әнеу күнгі көш басшы болған қыл иектер аралап көріп, қол-аяғы серейген ұзындарын, құйрықтары төңкерілген үлкендерін, сүйек бітімі, ет алымы дұрыстарын, маңдай тұсы дөң келгендерін, жүні ақ, бозғылттарын, ай мүйізді ор қасқаларын қошқар қылмаққа бөліп ап, қалған еркек қозыларды мықындарын таянып, алақандарына түкіріп, жаланып тұрған тартқыштардың алдарына көлденең тосады.

Екі беттеріне шып-шып қан теуіп, мұрттары жылтыраған мосқал еркектер бейшара тоқтыларды тырп еткізбей тақымдарына қысып, жеңдерін шынтақтарынан асыра түріп алған қайыс қара білектерін жас төлдің ұлпа таңына сүңгітіп, әлде бір нәрсені сипалап тауып ап, умаштап тұрады да, оқыс жұлқып қап, құйрығынан бір қағып тұрғызып жібереді. Әлгінде ғана қарматпаймын деп қолды-аяққа тұрмаі тызақтап баққан пысықай мақұлық қапелімде не болғанын түсіне алмай, бөксесі көтертпей, сонда да жан дәрмен қираландап безіп бара жатады. Оған қырықтық басындағы ұйып қалған белдерін жазып, шақыр-шұқыр қырықтық қайрап тұрған еркектер тістерін ақситып қарқ-қарқ күледі.

Жаңа қоныста дәулетінің бас-аяғын бір шолып шығайын деп шаруа аралап жүрген бар мен байдың соңындағы көп қошаметші енді көл маңында үйір-үйір үйездеп жатқан жылқыға беттейді. Ол жақта шіңкілдей кісінеген тайдың үні мен сықылықтай күлген баланың үнінен құлақ тұнады.

Таң атты-ақ бала біткен қолдарына жүген ұстап, жылқыға қарай жүгіреді. Қарына құрық ілген жылқышыларға, «ағатайлап» жата қалып жабысады. Қазір жұрттың күні түсіп азды-кем дәурендеп тұрған боқтампаз немелер реті келгенде қолқашы балалардың үйіндегі жеңгелері мен олардың болашақ енелерін сырттан бір сыбап тастап, бір-бір тай ұстап береді. Құйрығын теуіп құтырына шапқылап жүрген бір-бір тай. Майса құмаққа топ-топ домалап түсіп, май құйрықты бір сипап қойып, қашып бара жатқан тайдың соңынан тызақтап жаяу қуып бара жатқан бір-бір бала. Құнан шыққанша, дөнен шыққанша жүген, ноқта көрмей келген шу асауларға тақымы тегеурінді бозбалалар қонжиыпты. Қайраты тасқан жануарлардың аспандаған арынын тез қайтармаққа қайда құм, қайда су болса, соған салып, шағылға малтықтырып, шалқарды кешкізіп, әбден діңкелетіп бағады.

Жылқыны көре келген үлкендер тақымға алғаш түсіп, мөңкіп жүрген қыл құйрықтардың құлқын бақылап, қайсысынан жорға, қайсысынан жортақ, қайсысынан тұлпар, қайсысынан тұғыр шығатынын топшылайды. Сақалдар тынымсыз шошаңдап, мұрттар мігірсіз ширатылады. Шарт-шұрт қол алысылып, бәс тігіседі.

Ауылдардың да маңы абыр-сабыр. Анадай жердегі тепсеңге тартылған желі жақтан саумал аңқиды. Бастарын ақ орамалмен

тарс таңып алып, қолдарына көнек ұстап, сыңар тізерлеп, бір-бір биенің желініне жабысып алған мосқал сауыншы еркектердің бежерімді тұтымынан үрпі ауырып кеткенде басын құрық, аяғын шідер тартып, дымы құрып, әзер тұрған жануар тісін ақситып, көзін алартады. Ешкемердей емінсек екі аяқтылар соның өзіне шаңқ-шаңқ ақырып қояды.

Үйлердің алдындағы жаңа қазылған жер ошақтың қызыл топырағын күл-күйе көлкештеп үлгере қоймапты. Тай қазандарда бырқ-бырқ құрт қайнап, орта қазандарда буы бұрқыраң ірімшік пісіп жатыр. Арасына абайсыз түсіп кеткен сүрдің соңы жалқы жілік сарсуға араласып, әдемі хош иіс шығарады. Соның бәрін місе тұтпай, табақ қаптың түбінен қақпыш бірдеңе тауып әкеп, күлге көміп, етегіне бір сүртіп алып, жұрт көзін ала беріп, жасырып қайзалап отырған жерік әйелдің былайғы дүниемен шаруасы жоқ, бар есіл-дерті етегіндегі жаңғыз тал боршада.

Ақ үйлердің ой жақ бетіне, қашқақтатып тіккен ас үйлердің маңы шыптадан көтеріп самсатып қойған кіл өре. Өрелердің үсті жайылған қойдай бытырай шашылып жатқан ақ ірімшік, сары ірімшік, көкше құрт, тұздақ құрт, ежегей, сарсу, балқаймақ. Көлеңкеде күрс-күрс мес шайқалады. Үй ішінде пыс-пыс саба пісіледі. Ас үй маңынан күңірсіген тоқтық иісі аңқиды.

Соның бәрінен аулақ самиян бүйікке тігілген ақ үйлердің маңы да жабыр-жұбыр дауыс. Шұңкіл-шұңкіл қатындар сөйлеседі. Сылқ-сылқ қыздар күледі. Күнгей бетке шыпта төселіп, жүн сабалады. Көлеңке бетке қазық қағылып, өрмек құрылады. Әйелдер ұршық, қыздар көрпе құрайды. Осыдан биылғы жабағы жүн қолмен иіріліп бітіп домалақ-домалақ жіп болғанша, сосын сол домалақ-домалақ жіп келептеліп боялып шыққанша, боялған жіп өрмек боп құрылғанша, ол өрмек тоқылып бітіп, алаша кілем боп төселіп, бау, бас құр, төсек қап, аяқ қап, қоржын боп кереге басына, уық қарына ілінгенше шуылдаған пақырларға тыным жоқ.

Жер түбінен борбай созды боп көшіп келген ауыл ірге басып отырмай жатып, бітіп болмас қыбыр-жыбырға кірісті де кетті. Әсіресе, балаларда тыным жоқ. Үйдің маңын шаңдатпаңдар дейтін үлкендерден қашып анадай-анадайдағы көгалдарға барып шілдік атады, қашпа топ ойнайды. Тақыр мен тастақ ұшырасса, дөңгелетіп шеңбер сызып, асық атады. Бұта-бұтаның түбін тінтіп, ұя тауып, құсқа тұзақ құрады. Түн баласы ақ көш, ақ сүйек... У да ду.

Осындай ырду-дырдуға онша еліге қоймай қамырыңқы жүрген жаңғыз Бопай ханым ғана. Етженді әйел биыл таралып, нұрлы көзінің маңайына әжім жүгірейін депті. Көз тастасында да, қимыл-қозғалысында да әлде бір салғырттық бар. Ашық іргенің алдына бетіне жұқа шымылдық жауып көлденең қойылған сүйек бас бесіктің ішіндегі сәби әлденеше қыңқылдап, ешкім құлақ аса қоймағасын, шірене тебініп жылағанда барып орнынан тұрды.

Есіктен алау-далау кіріп келіп, төр жақтағы қалы қалта толы көп асықтың шетінен етегі толғанша көсіп алып, сыртқа қарай қайта жүгірген торсық шеке, томаға көз Қожахметке де ләмим үндеген жоқ.

Сыртта қуыршақ ойнап отырған жеті жасар Зылиха әлдеқайда асығып-үсігіп бара жатқан ағасынан қалмаймын деп, дедектеп орнынан тұра беріп еді, Қожахмет:

— Қыз ертпеймін! Өлсең өле қал!— деп тұмсықты бір сорқ еткізді де, өкшесі жалтырап желкедегі үлкен ауылдың балалары жиылып ап асық ойнап жатқан ақ тақырға қарай зымғап берді.

Зылиха біраз жер тепкілеп көріп еді, онысына қинала қойған ешкім болмаған соң, атып тұрып, о да жүгірді. Айқайды салып барады. Қайырыла қояр Қожахмет жоқ. Қасындағы Тұяқ біраз жерге дейін жалтақтап барды да, соңдарынан тұлымшағы желпілдеп томпаңдап келе жатқан қыз баланы аяп, амалсыз кідірді. Көк шалғынға малтығып, өкпесі өше бастаған Зылиханың қасына қайтып оралып, аптығын басқызып, қолынан ұстап, жетелей жөнелді.

Улап-шулап аламан-асырды салып жатқан көп балаға барып қосылған, Қожахмет артына бұрылып, Тұяққа «болсаңшы енді» дегендей қол бұлғалай беріп еді қасындағы байпаңдап басып болмай келе жатқан борпаяқ қарындасын көріп, «қап, бәлем, сені ме?» дегендей жұдырығын көрсетті.

Ашық іргеден бәрін көріп отырған Бопай тентек Қожахмет жаққа ашу аралас жымиып:

— Қап, сенің өзіңді ме!— деп жұдырығын түйіп қойды.

Бірақ оны кім көріп жатыр?! Көтермекіл ойнап кеней айтып, ұтқаны ұтылғанына арқалатып мәре-сәре болып жатқан көп шуылдақ қай іргеден қай шешенің қарап отырғанын не қылсын! Әне жалба-жұлба алпамса біреу қонжиып Қожахметтің арқасына мінді де алды. Ханзадамыз Сары Арқадан тері-терсек артып шаһарына қайтқан Хиуа саудагерінің көк есегіндей тірсегі майысып бүкеңдеп барады.

— Қап, бәлем, өзіңе сол керек!

Жазалы болып қалған ағасын көріп, Зылиха Тұяқ ұстап келе жатқан қолын жұлып ап, алақанын шапалақтап құдайы берді де қалды. Оған Тұяқ ілігіп бірдеңе деп жатыр. Ерке қыз есіріп алған. Басын шайқақтатып, алақанын шапалақтап, секіре басады. Ызақор ағасынан төмпеш көріп қалмаса жарар еді. Абырой болғанда, қасында, әйтеуір араша түсер Тұяқ бар.

Тұяқ өзі бір мың болғыр, жүрегі жұп-жұқа бала. Оңқай асықтай орала кетеді. Әнеу күнгі бұлар осында қонғанның ертеңінеақ кіндік әкеме сәлем беремін деп жаңғыз тайын тепеңдетіп жетіп келген. Осыдан енді ала жаздай осы ауылда болады. Қиян пұшпақтағы қиғаш бұлақтың басында жападан жалғыз сенделуіне алты ай қыс та әбден жеткілікті. Жер аяғы кең жазда дырдуманға араласып көңіл көтерсін!

Ханның Тұяққа деген ниеті о бастан бәлек-ті. Оның үстіне баяғы Дәурен бике оқиғасынан кейін қаршадай балаға қызыр

көргендей табынады. Бір мүшелге енді шығып тұрған балғын көкірек сәбиді құдай әуелден артық парық жаратқан. Басы ханның өзі боп бұл тұқым ніліп-бүгілген сайын ол шалықтап шалыс баспай, татаусыз тал жібектей есіледі де тұрады.

Осы үйдің бала-шағалары өзіне әбден бауыр басып апты. Қожахмет ол келгенде тіптен құдайы береді. Бүгін таңертең Айшуаққа тай жуасытқызып баулығалы жылқыға жүргелі жатыр еді, Қожахмет қояр да қоймай алып қалды. Бесіктегі Әділге дейін ол кіріп келгенде ыржың-ыржың ербеңдеп қоя береді.

Әне қасына Тұяқ барғасын Қожахмет арқаланып қасындағыларға бірдеңе деп өжеңдей жөнелді. Осы баласының өзі алдындағы екі ағасынан гөрі әупірімдеу ме қалай! Олар судай сіңіп, тастай батып жүре беретін жерге бұл қапелімде иліге үйренісе қоймайтын сияқты.

Соны ойлағанда Бопайдың көкірегі бір шаншып өтеді. Есіне анадағы көктеуден көшердегі жиын түседі. Биыл бұлар көктеуді Дәдік құмда өткізген. Жабағы жүн қырқылып, тай-құнан күзеліп, сандарына таңба басылып, қысырақтардың алдына үйір түсіп, қозыны енесінен айырып, жайлауға көшуге не керектің бәрі істеліп болғасын, ел жақсылары бір жерге жиылып көші-қон жайын әңгіме ететін. Ертең жайлауға барғанда кімге қайдан қоныс тиіп, кім кіммен қозы сыбай болатынын ақылдасатын.

Бұрын үш жүз Қаратауда тоқайласып тұратын тұста құрылтай атқарған бұл шаруа қазір іргелі ауылдардағы ноқта басы тойлардың еншісіне тиді. Мұндай жиынның көші-қонды ақылдасумен қоса ауыз түгендесуге де тигізер септігі мол-тұғын. Оның тұсында кімнің ауызы кімге қисаятыны, қай бидің қай сұлтанға тізе қосқалы жүргені айтпай-ақ белгілі болар-ды. Ала қыстай әр қайсысы әр шұқырға тығылып, оңаша түтін түтетіп келген қазақ ауылдары мен әр қайсысы әр құмақты паналаған қазақ руларының көмейі мен көкірегінде не өзгеріс бары сондай жиындарда аңғарылатын. Уыз қымызды ұрттап қойып сөйлеген билердің ауыз ләмінен биылғы жер ыңғайын білмегенмен, ел сыңайын оп-оңай-ақ тани қоятынсың.

Сондықтанда ма, биылғы ноқта басына Әбілқайыр ала бөтен шашылды. Былтыр орыс ұлығы тойына шақырғанда Нұралыдан жеті нарға баса артып беріп жіберген таңсық тағамдарды соғым басы тойдан соң көп шаштырмай тартыңқы ұстатып еді. Сонда бір ойлағаны бар екен. Құдайға шүкір, биылғы қыста Бұхар мен Хиуаның бұларға дегенде қолы ашық болды. Адам ата бойынан екі тарапқа да әлденеше рет қалашы барып қайтты. Базардың қоюы мен қаймағын түптей көтерткізгендерін былай қойғанда, жол-жөнекей салынған хан сыбағаның өзі шаш етектен. Күн шығыстан қызыл шағылға малтығып, түнделетіп қонтайшының хабаршысы да талай соқты. Ол да құр қол сомпиып жетіп келмей, қытайдың жерік асы мен бұлды дүниесін, Тәшкеннің өрік, мейізі мен өзге де базарлығын жүктеген бірер түйе жетелей келетін.

Обалы не керек, Мәмбет мырза сөзінде тұрды ғой. Бұл әулеттің еңсесін Жәдік тұқымынан бір еліге болса да, биіктетіп берді

гой. Уфаға жетпей жатып, артынан: «Жаздық, жаңылдық... Енді ол тентектік болмайды. Бізден де елші ерте кетіңіз. Патшаханымға тағы да яғына бас ұрып, бодан сұраған мына хатымызды ала барыңыз»,— деп қос етек боп далақтап шауып жеткен Сәмеке адамдарынан қасына сыңар кісі жолатпай, тек қағаздарын ғана алып, бәрін тырқыратып кері қуыпты. Абайсызда Әбілқайырдың иығын тағы оздырып алғанын кеш аңғарып, ақылы кеш кірген Сәмекенің ақ жолтай елшілері жел тоқсанның суығында иманды ауыздары сылп етпей үсіп-шашырап елдеріне оралды. Бәрінен де жандарына шоқыншық неменің: «Бұл хаттың хабарын әлбетте Әбілқайыр адамдарынан естіп білерсіз»,— деген сазарыңқы жауабы қатты батты. Онысы аз болғандай, олардан ай кейін ат сабылтып барған Ұлы жүз елшілерін қол кусырып қабыл алып, Петерборға ерте кеткені екі жыл бойы іргеден ши жүгіртіп илікпей қойған қикар ханға еруліге карулы деген осы болды деп істелген әдейі астамдық еді. Оны басқа білмесе де, кас-кабақтың астарына каныс Сәмеке әбден түсінді. Оны басқа сезбесе де Әбілқайыр сезді. Біреуі төрінде теріс карап жатып қуарды, біреуі төрінде шалқалай керіліп отырып қуанды. «Иә, шоқ, иә, шоқ!»— деді. «Қап, сауап болғанын қарашы»,— деді.

Күйеуінің қабағын алты қырдың астында жатып танитын сұңғыла ханым ақ тамағын сүйкімді бозбалаға алғаш аймалатқан балғын бойжеткендей лып-лып балқып қоя берді. Терезелерінің теңеліп қана қоймай, төбелерінің төтен биіктей бастағанын алғаш рет сонда аңғарды. «Иә, сәт! Иә, аруақ, бергеніңе шүкір!»— деді. «Тәуба, тәуба, тап осы бетіңнен танба!»— деді.

Тағдырдың жылы шырайын бір байқаса, «тағы да бере түс» деп талтайып жатып алар Әбілқайыр ма! Тіл алғыш жігіттерінің терлігін құрғатпай тентіретіп, түн баласы солардың ауызына қарап құлағын тосады да отырады. Төшкенде тақ міниіп отырған бауырына астыртын адам жіберіп, жоңғардың сонау арғы калыңында не болып, не қойып жатқанынан сыр тарқызады.

Бопай ханым жан-жаққа жіберген жансыздары айтып келген хабар Әбілқайырдың енді-енді жазылып келе жатқан кабағын аша түспесе, баса түспегенін байқап жүр. Күйеуінің көп жылдардан бері бұрынғы қызыл шырайынан айырылып, желдеген шанаштай ала таганақ ақсұрланып бара жатқан жүзіне кайтадан қан ойнайтынды шығарды. Сызы мол ала көзі шырадай маздап, айырықша қунақ жүр. Әсіресе, торғауыт тараптың хабарын құныға тыңдайды. Оның да реті бар-тын. Баяғыда Мәмбет мырза қазақ арасына келгенде көресіні ол осы торғауыттардан көрген. Сәмеке мен Батыр солардың қолымен от көсеп, жел қуық жұртты бұған қарсы ереуілдетпек боп, канша жерден қақпан құрғанын ойлағанда әлге дейін зығырданы қайнап қоя береді. Сәмеке мен Батыр мықты болса, сол торғауыттармен енді тізе қосысып көрсінші... Міне, Аюке хан өлгелі он жылдай болып барады. Торғауыт арасына хандарының қазасы тұсында түскен ала бүлік өрши түспесе, басыла қояр түрі байқалмайды. Марқұм Аюке баяғыда парсы жорығынан Еділді бой-

лап астанасына қайтып бара жатқан Петр ағзамды Қара жар деген қалашықта кемесінен түсіріп алып, жабағы жығып жал тосып, қолына қымыз ұстатып, қойнына қыз салып қонақ еткен. Әйелі Сыбан Раптаның қызы, Дармабала соны айтқанда әлге дейін аузының суы тамып-тамып кетеді дейді. Қалмақ ханы сонда патша қасына үш ұлын бірдей ертіп барып, ішіндегі үлкені Шерін Дөндікті орныма мұрагер қой деп өтініпті. Сөйткен еңбегі рәсуа боп, көзі жұмылмай жатып, астындағы тағы ағайынның таласына түсіпті. Аюкенің немересі Дөндік Омбыны хан сайлаймыз деп ел шіреніпті. Сол кездегі Еділ бойын билейтін орыс ұлылығының ауызы марқұмның інісі Назардың баласы Доржыға қисайыпты. Шырқ үйіріліп келгенде шөп бәрібір сол Шерін Дөндікке түсіпті.

Ол бұған жақсы болды. Басына күн туып отырған қазақ жұртына оның ішінде Кіші жүзге оңтүстік таяқ ойнатып, шығыстағы үлкен ұяласы, жоңғар қонтайшысының сойылын соғып кете ме деп қорқып еді. Құдай тізгініне қуат бермеген бұлғақ мойын неме өз басымен өзі қайғы болғаны. «Маған бұйырмаған көтен боғымен піссін»,— деп Дөндік Омбы Еділден арғы ен даланы еркін жайлап, теріс айналып ол кетсін. «Ұлығының айтқанын тыңдамады, тақты маған қимады»,— деп ер-тоқымын бауырына алып Назардың Доржысы бұл жүрсін. Оған тентек баласы Лобжы қосылды. Өгей баладан ши шықса, тізгінді өз қолыма алып алам»,— деп байынан қызығы қанбай, қызылы сембей жастай қалған Дармабала сұқсыр Сарытау маңында әлеңкідей жаланып тағы тұр.

Дөнданай күн кешкен торғауыт ханы айнала қамап алған арландардан ықтап қазақтарға «не көмектерің бар?» дегендей көзін күнде сатады. Оған қол ұшын бергеніңе орыс патшасының оң қарамаса, теріс қарамайтынын баяғыда Мәмбет мырзаның тұсында аңғарған. Бірақ, ол найза желектетіп жауға аттанардай заман ба еді! Ералыжандар Уфадан Петерборға қарай аттаныпты деген хабар шығысымен-ақ бұл торғауыт жаққа құлағын түріп қойды. Доржы мен Лобжының мұрнынан бұрынғысынша ақсары бас құрт ырши дейді. Шерін Дөндік сол баяғы алақжұлақ қалпы дейді.

Көптен бері қару ұстамай ақсаусақтанып алған Әбілқайыр алақанына сонда бір түкірді. Оған керегі де осы еді. Жайыққа дейінгі ен жазыққа жарбиып қонып алып, қазақтың жылқысының тақымын жаздырмай отырған Доржы мен Лобжыдан баяғы Мәмбеттің тұсындағы өшті қайтаратын рет бұдан былай келе ме, жоқ па! Аржағындағы ханымен сыспай, орыспен ала көз боп, сүтке тиген күшіктей жиіркеніште жүрген екі немені Жем мен Темір бойынан дүркірете қуып, Жайықтың маса-сонасы көп мазасыз сағасына апарып бір тықты. Темір, Қобда арасындағы Самал дөңдерге Есет пен Бөкенбай ауылдарын қазық қылып қағып, Жем бойына Бопайдың тентек төркіндерін тезектей төгіп кетті. Оған Уфа мен Петербор риза болмаса, ренжіп жатпаған сияқты.

Жемнен бергі қатқыл мен Асмантай-Матайдың бытқылына

қойы мен түйесінің ауызы енді жетіп, тас кенедей қадалып ап отырған шақар Адай ауылдарының айтуынша, үш жыл бойы оқтын-оқтын Күйкен беттен сеңсең бөріктерін селкілдетіп түрікмендерді айдап сап, өздері омалған баладай тырп етпей отырған торғауыттар биыл тағы қимылдай бастаған сияқты. Шамасы, арыдағы Дөндік Омбы мен берідегі Доржының арасына ат жүгіре бастаса керек. Екеуі бірігіп қалтылдақ қайық мінгендей калтқұлт жүрген Шерін Дөндікті төңкеріп тастамақ болар. Әбілқайырдың ендігі қиялы ертең Сары Арқаға барғасын Орта жүз руларының сыңайын байқап ап, ерсе, бірігіп қол жиып барып, Жайықты қосып, Еділден де ат жалдап бір өтіп көрмек. Сонда Шерін Дөндік Еділін бермегенімен Жайыққа дейінгі жайбарақат Жайдақты әке-көкелеп өзі-ақ ұсынар еді. Дөндік Омбы мен Доржыны Еділден түріп қуып тастаса, ар жағында не істейтіндерін өздері білсін! Бұған десе, сосын өлгі шерменде Шерін Дөндіктерін үйтіп жесін! Мұндай қауырт қимылды орыс ұлықтарының алдынан өтпей, қалмақ ханының қолқасын абайламай құлақ асып қойған аңғалдық деп ақталатындай асыға істеп алғандары жөн. Соның өзімен-ақ ұзын аққан Жайықтың арнасынан су ішіп адырына мал жаяр еді.

Ана жолы Петербордан елшілік хабарын әкелген Құттымбет пен қасындағы башқұрттарды қанша тінткілеп сұраса да, патша сарайы бұның торғауытқа баса көктегеніне тап пәлендей апши қоймаған секілді. Былтыр күзде Ор сағасына барып қайтқан Нұралыға орыс ұлығы бұл турасында бірдеңе айтып жүре ме деп қыпылықтап еді, ол сау болғыр да ештеңе демепті. Ол тап бнил жазда да не дей қояр дейсің! Ар жағындағы башқұрттармен ақ түйе бас боп жатыр деседі. Бер жағындағы торғауытқа топалаң тисе де, қайырыла қояр мұршаны қайдан табады?!.

Торғауытқа түсер тор, құрылар тұзақтың маңына Жәдік тұқымын өлсе де жолатпайды. Орта жүздің Жәнібегі мен шакшақ Бөкенбай сияқты батырларының ғана ауызын алып көреді. Олар ыңғай беріп жатса, бәлкім, нем кетеді деп Батыр мен Барақтан сыр тартар. Ереміз десе ертеді. Одан бұл ұтпаса ұтылмайды. Сол арқылы оларға жалпақ жұрттың алдында озып тұрған орасан бағын мойындатқызып алады. Баяғы башқұрт шапқыншылығынан кейін Сәмеке төсектен бас көтермейді деп еді, ыңырсып жүріп, ақыры дүниеден кетіп тынды. Қазір Орта жүзде хан жоқ. Бас таққа жерік көңілі, кім біліпті, осы жолы мүддесіне жетер. Орыстың ұлығы бастапқы қарқынымен келгенде, бұл шаруаны да ендігі бір жақты қып қояр ма еді, қайтер еді... Ар жағынан башқұрт құтырып, қиыны келген істі қындатып тұрғаны ғой. Сондай қысталаң кезде ұтылап қимылдап, торғауыттың жарты жерін тартып алып, қара қазақтың алдындағы абыройын тағы бір мықтаса, өлгі дәмесіне де бүгін болмаса, ертең жетіп қалар...

Осыны ойлаған Әбілқайыр алыс жақынмен арада ат құрғаттырмады. Сонысы әзір зая кетіп көрген жоқ. Баяғыда Сәмекенің башқұрт шаппақ ниетін білін қойып, Таймасқа астыртын ат жүгіртіп еді, бір ұпайын үш ұпай қып қайтарды. Жәдік балалары

мен башқұрт арасын жауықтырды. Патша алдында абырой алды. Сәмекенің өз ордасындағы беделіне нұсқан келді. Басқаны қойып, Барақ пен Батырдың өздері ол жанжалдан ешқандай араласы жоқ адамдар боп көрініп теріс айналып кетті. Өш алмаққа келген башқұрттардың жол-жөнекей шақшақ Бөкенбайдың жазықсыз ауылын жапыра шапқаны нағыз жығылғанға жұдырық болды. Уфа ұлығы араласып, башқұрттардың шақшақтан тұтқын қып кеткен үйлерін түп-түгел еліне қайтарғаны Орта жүздегі Әбілқайыр беделін асыра түсті. Оның үстіне орыстың іргеге келіп Ор бойына қала тігіп жатқаны, Әбілқайыр, Нұралы, Ералы есімін патшаның атымен бірге атап, зеңбірек атып, аспан жаңғырықтыра айқайлағандары олардың да құлағына жетпей жатыр дейсің бе?!

Патшаның бексауытты қолы қолтығында тұрғанда мұның қас-қабағына қарайламай болмай қалғанын талай жау түсінген секілді. Басқа басқа, қонтайшының өзі талай рет елшісін емпеңдетіп есігінен сығалаттырмады ма!..

Естіп жатыр, оның да тап пәлендей айдарынан жел есіп тұрмаған сықылды. Сыбан Раптан өлгесін таққа отырған Қалдан Шерін өз ордасын бөрі тигендей бөрліктіріп алыпты. «Әкемді у беріп өлтірдіңдер»,— деп Аюкенің елшілері мен өгей шешесі Сетержепке қиғыруды салыпты. Төрт елшіні дарға асып, өгей шешесін үш қызымен қоса астарына қазық қағып өлтіріпті. Сетержептен туған Шона Доба Еділ бойындағы торғауыттарға зытыпты. Бір кезде қазақ даласын қанқасап қылған көкжалың қазір Еділ бойының ен тоғайында қасқырдай сүмең қағып жүрсе керек. Баяғыда Мәмбет мырза осында келетін тұста жоңғар мен қытайдың елшісі жарысып ақ патшаға барыпты. Екеуі де: «Одақ бола көр!» деп қол жайыпты. Орыс екеуіне де ыңғай танытпай отырса керек. Былтыр Петербор барғандар айтып келді, шүршіттер торғауыттағы Шона Добаны Қалдан Шерінге айдап салып жүрген көрінеді. Ендеше, құба қалмақ пен қара қалмақтың арасына қара мысық жүгірді дей беріңіз, тап қазір екеуі де бірін-бірі аяқтан шалмаса, қол ұшын бере алмайды. Оның үстіне қытайдың дүмпуі тіпті күшейіп кетіпті. Қалдан Шеріннің келмей жатып Ұлы жүз бен Ташкенттің тізгінін Жолбарыс пен үйсін Төле биге ұстата салып, бұл жақтағы әскерді сыпырып-сиырып еліне әкетуі тегін емес екен. Шерін Дондобаға отыз мың қол бастатып Халқаға аттандырған жорығынан нәтиже шықпапты. Жер қайысқан ауыр қол жат жерде жайрап қапты. Азын-аулақ аман қайтқандары ызалы қонтайшының ай балтасынан мерт тауыпты. Мұндай жағдайда Қалдан Шерін қазақтармен қайтып ұстассын! Оған бұлардың жау жағадан алғанда ит етектен дегендей жармаспай тұра тұрғандары керек. Сонда кімнің көңілін ауламақ? Жолбарыс, сірә өз қолында. Сәмеке ақ жамылып ақыретте жатыр. Орта жүзде хан жоқ. Тақ тұл. Оның үстіне орыстың алды Ор бойында. Ендеше солардың одақтасы Әбілқайырдың көңілін ауламағанда кімнің көңілін аулайды?! Ертең қазақтарға бас хан осы болып кететін шығар деп те дәметпейді дейсің бе! Жуырда

келіп кеткен сығырағы бұның құлағына алдағы жазда тумаластарының тұтқындағы әйелдері, құлдар мен күндері дүние-малымен түгел қайтып келетінін сыбырлап кетті. Сөз арасында Ташкендегі Жолбарыстың жағдайын айтып жалпандайды. Төле екеуі шаһар маңының өзбегі мен тәжігіне қамшыларын қаттырақ сілтеп жатқан секілді. Базарға да барған қазақтардың басқанынан жер ойылатындай дейді. Түйе екеш түйесіне дейін егін көрсе, тап-тап беріп, шұқшыңдаған дихандарға күн бермей тұрса керек. Салықтың салмағы да жыл санап артып, хандық, билік те батпандап бара жатқан тәрізді. Саудагер, диханның қожа, молданың арасында күңкіл көп көрінеді. Бірақ, қонтайшы оларға дес бермей қыңқ дегізбей отырған жәйі бар.

Мұны естігенде Әбілқайыр мен Бопай бір қозғалақтап қалды. «Әй, соларды өшіктіріп қайтеді? Базарға сәскеде келіп, бесінде қайтатын айдаланың айдамал қазағының көңілін аулағанша, күні-түні қол астындағы қастық ойласа қанжары, достық ойласа құшағы жақын жұттың көңілін ауламай ма? Жас кезіндегі ауызынан қолы бұрын қимылдайтын асығыс мінезі әлі қалмай жүргені-ау. Үш жүздің тентегі мен телісіне тиырым тапқан үйсін Төле төренің еркелігіне тосқауыл бола алмағаны ғой!».

Ымыртта келіп сәріде аттанатын қонтайшы хабаршысынан бауырына бәсіктік жайын мықтап айтып бағады. Арсы-күрсі неме құлағына ілсе жарар еді...

Ілмес дейсің бе! Қанша тентек дегенмен, бұл дегенде қайырылады. Қаңтарылады. Ол Тәшкенде отырмаса, тап іргесіндегі Ордабасына барып жиын құра алар ма? Тұсынан асып, ту Аңырақайға жетіп, ойран сала алар ма?! Қонтайшының басқа бір қарғылы төбеті отырса, Мәмбет мырза Орта жүз сұлтандарын ілектіре алмай, қанжығасы қоңылтақсып қайтқанда уайымдап жата алмай, Құттымбетті жұмсап қолқа салғанда Ұлы жүздің төрт құбыла төрт биінің қолдарын қойдыртып, мөрлерін басқызып, хат алып, Аралбай мен Оразкелдіні жер түбіндегі Уфаға шапқылатар ма? Қанша дегенмен, кешегі қиын күндерде, қос өкпеден бірдей қысқан Жәдік тұқымы мен Торғауыт зобалаңының уытын қайтарған, бүгін кеп еңсесі біктегенде, айбынын айдындай түскен Тәшкендегі бауыр Жолбарыстың, Хиуадағы құда Жолбарыстың, арал хандығындағы күйеу Мұсаның, інісі Барақтың жетегіне көп желіге қоймаған наймандағы құда Күшіктің қарындастығы болды ғой.

Кіндік байланыс кейде қанат, кейде кісен деген осы да! Батырдан басқасы кісендік жасамады. Батыр да енді көріп алсын! Баяғы Дәурен биік басындағы бетіне түскен шіркей шамалыда кете қояр дейсің бе! Оған да жұрт бұдан былай абайлап-абайлап ерер...

Осының бәрі патшаның қабағы жылып, елшілігін хан көтеріп қарсы алғандығының арқасы. Петербор барып қайтқандарды қайда ас, қайда жиын, қайда айт болса, сонда жұмсап, орыстың астанасында не көріп, не қойғандарын жырлатып қойды. Орыс бергеннің үстіне өзі де қосып, жемсауларын да біраз майлады.

Қыста сонау Жаңадария, Қуаңдария, Адам ата бойларын қыстаған жалпақ елден талай естиді; жұрт арасында ініні жылтыраған біреу көрінсе: «Немене, Петербор барып келіп пе ең?» дейтін мәтел тарапты.

Құдайға шүкір, түтіні тік ұшып, ити оңға жүгіре бастаған сияқты. Енді тек мына жаз жақсылығымен шығып, орыс ұлығы сөзінде тұрып, жаңа шаһарына шақырып, жарқыратып той жасаса, Әбілқайырдың қуғаны жетіп, қашқаны құтылды, айтқаны келіп, атқаны тиді дей беріңіз.

Құдайға шүкір, қозір өзі құлақдар жерде, ақ патшаны білмейді, қалған билеушілердің тап бұлай талабы жанып тұрғандары шамалы. Ине жұтқан тазыдай Ханбалық пен Петербордың арасында кезек қыңсылап контайшының жүрісі анау. Екі бүйірден күнде түртіп, екі тақымнан күнде шымшып кетіп отырған көп күндестен қорлық көріп торғауыт ханының отырысы мынау!

Ағалары келіп, алдары босағанмен, тақтан құдерлерін тірідей үзіп шашалып ішіп, қақалып жұтып Жәдік тұқымының отырысы анау...

«Тәубә, тәубә!».

Жатса да, тұрса да, Әбілқайырдың ішінен, Бопайдың сыртына шығарып сан қайталап айта беретіндері осы.

Мұндайда ел ауызына құлақ, ел қабағына көз түрмей болмайды. Әбілқайырдың биылғы ноқта басы тойға әлдеқашан өлген әкесіне енді ас беріп отырғандай құрыш қалдырмай құйып, нұшпақ қалдырмай төгіп ағыл-тегіл ақтарылғандығы да осыдан.

Биылғы ноқта басы тойға дарияның арғы бетіне өткен елдің ат сабылтпағаны жоқ. Кермедегі көліктерінің таңбасын түгендеген еді, иесі Жанарыстың келмегені жоқ деуге болады. Жеті ру түгел... Бай ұлы түгел... Әлімнен Шектінің бірер атасының ғана таңбасы көзге түспейді. Шөмекейдің де бірер биі өтірік-шынды мылтауы мен «тойы құтты болсының» аралас айтыпты. Бекарыстың қыпшақтың әліп, керейдің ашамай, арғынның көз, найманның шеміш таңбалары да ұшырасады. Бірақ олар қадау-қадау. Арғы қалыңнан емес, бергі шет-шепір көңілдес, қоңсылас ауылдардан.

Кермедегі аттардың санындағы айқыш-ұйқыш таңбалар Әбілқайырдың басындағы айқыш-ұйқыш хәлді де танытқандай. Бір кезде теріс аунап бұлтарып кеткен ауылдар қайта үйірілін келе бастаған. Бірақ тегіс оралып болмаған. Әсіресе, күні кешеге дейін жорықтас, жиындас жүрген Бекарыс таңбаларының сұйықтығы жанға батады-ақ. Ол ну жыныстың қара орман қып қайта үйірілту үшін әлі де көп қам, көп қаракет керек. Олар жоқ жерде қазақтың қай жиынының сәні, қай жорығының соті түсіп еді. Олар араласпаған іс жартыкеш, олар қатыспаған мәжіліс бос дәлдүріш әңгіме. Қазақтың іргесін мықтағысы келген кісі әуелі осы қалыңның ыңғайын табу керек. Жәдік тұқымының ақылы жетпей тұрып айдынды, қайраты жетпей тұрып айбынды көрініп, ортадан ойып орын ала беретіндігі де сондықтан, Бекарыс балаларының көптігінен. Оның үстіне қазақ деген қауым боп

қайта біріккенде, алғашқы шаңырақты солар әкеп тіккен, алғашқы қазанды солар әкеп көтерген. Еділ асып қайтып табысқан Жанарыс пен Алатау жамбастаған Ақарысты бірін аға, бірін іні қып, тізерлесе қалғанда бәрібір төрден өзі шыға келетіндігі де сондықтан. Ол қалынды соңына түгел ерткен Әз Тәукеден басқа адам сірә жоқ. Енді бұл ең болмаса, сол ұзын етек, шұбал жең, мол шапанның бір шалғайын қымтанып бармаса, ертең орыс ұлығының алдында жүдеубас көрінері сөзсіз. Сары Арқаның биылғы салқынында осыған күш салмай болмайды. Ондай қалынды маңына топтау үшін тіптен үлкен дәреже, тіптен үлкен бақ керек.

Кім біліпті, ақ патшаның мына оң ыңғайы сондай дәреженің шеті, сондай бақтың алды шығар.

Ендеше, жаңа қаладағы биылғы жиынның қамын қазірден бастап ойластырғаны жөн.

Биылғы ноқта тойының арғы астары да осындайдан өрбиді.

Той үстінде Әбілқайыр әдепкі байсалды қалпын жоғалтпай, әркімнің әрбір сөзін қалт жібермей тыңдап, әрбір қимылын қалт жібермей аңғарып, мақұлдар жерін қаза жібермей мақұлдап, даулы жеріне шүйіліге кетпей, аса кең, аса ылтифатты отырды. Қашан да күйеуінің оңқай-солақайын тапжылтпай танитын Бопай меймандарының қай-қайсысы да ризалар ықлас, құлық таба білді. Ол күнгі жылғандарды бұлар сынаса, олардың бұларды да сынай келері сірә белгілі. Басы сәл озған адам бір мойын омыртқасын кемшін, бір енін ішінде ұстамаса, қаумалаған қарындасты қарап тұрып жерінтіп алары оп-оңай. Тым елпеңдеп кетсе, бірдеңесін алдап алғалы тұрғандай тіксінтіп алатыны тағы бар. Ортадан шығар — су төкпес жорға мінез кез келген уақытта табыла бермейді. Тізгін иесі еркектікі бір жөн. Кейде әйел мен баланың шөлударлығы алтын басты азаматтың асқар таудай абыройын төгіп жатқанын қайтерсің! Бақ қонған кісінің өзі болғаннан гөрі серігі болу көп қиын.

Соның бәрін баягыдан бері түптеп біліп болған Бопай ханым ол күнгі дастарханның басында мама қаздай байпаңдап-ақ бақты.

Меймандардың бұлардың қонақасына әрі ырза боп, әрі таңырқап отырғаны ә дегеннен белгілі болды. Ырза болатын да, таңырқайтын да жөні бар. Дастархан үстіндегі дәмнің дала қазақтары үшін көбі таңсық, көбі жат. Оның үстіне қайсысының қайдан келгенін естігенде көздері тіптен атыздай болады. Жұрт арасындағы: «Әбілқайырдың ығы аса бастады» — хабардың растығына иланып үйып отыр. Әйтпесе мынау шар тараптың таңсық тағамы мына дастарханның басында тап осылай ию-қию тоқайласар ма еді? Бұның бәрін үндемесе хан құм арасында керуен тонап жимаған болар. Шартараптың бұған құлай бастаған бөлекше ықлас, бөлекше ілтифатының белгісі шығар.

Бұл жиында Бөкенбай, Есет, Төлебай, Алтай, Керелбай, Серке, Арал, Әжібай сынды шүйделілер жоқ. Олар мұндай опыртопырмен бірге қайдан жүрсін! Ішек қырындысын ашысар суб-

хатқа оңаша келеді. Көптен бірге отырып көсіле ақылдасатын бұл не құрылтай, не тұрымтай емес. Мұндайға маңайындағы ру басыларын жіберіп, өздері әзір әліптің артын баға тұрмақшы.

Ноқта басында сөз алып мәслихат қыздыратындай бұл үйге батымды адам табылмай, дастархан үстіндегі әңгіменің көбі таңсық тағамдар төңірегінде өрбіді. Бірақ, Әбілқайырға керегі сол еді. «Таңсық тағам айтылса, таңсық базардың да айтылмай қалмайтынын іші сезіп отыр. Ал, таңсық базар тап бүгінгі мәжілісте айтылсам екен деп, көптен бері көмекейін қышытып келе жатқан құзырлы әңгіме еді. «Нә, шоқ»,— деп іштей қопаңдаған Әбілқайыр лақ ете қалмай, сабыр сақтай тұрғанды дұрыс көрді.

Бопай да ақ-қарасы аймаласа жайнаған әдемі көзін ибамен жүгіртіп, алаулап қан тебінген жұмыр мойынын кербездене қиғаш бұрып: «Ауыздары қыза түссін. Тыңдап алайық, хан ием»,— деген емеурін танытады.

Хан: «Жә, оған бола қысылма! Үндегелі отырған өзім де жоқ»,— дегендей жұрттың кеу-кеуіне құлықтана құлақ тосып, бүлк-бүлк күліп қояды.

Дегенмен, мінез шіркін қандай көр зынданға тықсаң да, қарғып шықпай тұра алмайтын жаннан безді қиқар кісідей ғой. Ноқта тойы хабарының иісі шығысымен ентелеп ертелетіп жеткендердің бірі Сырлыбай еді, нарттай жүзі албырай қызарып алдымен сөйлеген де сол болды.

— Осының көбі — орыстың тағамы. Жарықтық өзі қатындарының ұстаған асы тәтті болатын ырысты халық білем,— деп күлгені.

— Ендеше, Итжемес құрлы шаманың бар. Ел ішінен бір орыстан түскен күң тап та, некесін қиғыз. Қайбір қалың малым шығын болады деп қорқасың.

Сырлыбай абайсызда ұлпа тақымнан шаққан сары шаяндай тілі ащы немеге ажырая қарай беріп еді, Айбастың ұлы Арыстанбай екен.

— Тіліңе шоқ түскір сен екенсің ғой!— деп алдындағы үйме бауырсаққа күректей алақанын көсей ұмтылды.

Үй ішіндегілер ду күліп жіберді.

— Расында да обыр Итжемес осы күні берген қымызыңды ішінде қылшық жоқ па екен деп үріп ішетін болыпты деседі ғой.

— Қатынының тирақ екені рас.

— Апырай, шынында да, Арыстанбайдың ақылының жаңғыз Сырекем үшін емес, бәріміз үшін де жаны бар екен-ау.

— Ендеше қатын мұдарларың бітетін болды. Орыс іргеңе көшіп келді ғой.

Бұны айтқан жаппас Баймұрат. Шеке тамыры әдеттегісіндей білемденіп тұр. Жирен мұрты да тікірейіп апты. Тек шүңірек көздің түбінде ғана әзәзіл ұшқын жылтырайды. Әлгі айтқанының әзіл екенін, некесін екенін ажыратып болар емес.

Не де болса, уытын қайтарайын дегендей төр жақта кеңірейіп отырған сыз қабақ Бәйімбет сықар езуін бүлк еткізіп:

— Ендеше сен жаритын болдың. Орыстан тақым сыбағаны алдымен алатын сен едің ғой,— деді.

Жұрт оқыс мырс ете қалып, ошарыла тоқтады. Көк желкесіне дейін күреңітіп кеткен Баймұраттың әлгі сөз жанды жеріне шық ете қалғанын бірден сезіп, бірдей сезіп тоқтасты. Баяғыда Мәмбет мырза келгендегі қылығын бетіне басқан мына қалжыңды дәукес батырдың басынан асыра қоюы екіталай. Сый төрде тағы бір сойқан шығып кете ме деп қипақтасты. Әбілқайыр мен Бопайдың іштері де бір-бір бұлк ете түскен. Дегенмен, Баймұрат бұл жолы шыдағысы келген құлық танытып бірден шаңқ етпеді. «Елдігің қайда, мынаған табалатып қоясыңдар ма түге! Неге тойтармайсыңдар?»— дегендей отырғандарға алақтай көз тастады.

Соны сезген Бопай ханым:

— Жә, жақсы жігіттің тақымы қашан да салымды емес пе?! Сендер өйтіп менің інімнің несібесіне іштарлық етпеңдер,— деді жұмсақ үнмен наздана жымиып.

Бәйімбет те орайы келгенде ушықты қалжыңның кәрінен жасқанып:

— Апырай, қарына тартпағанның қары сынсын деген осы екен-ау. Бопай Баймұратқа бізден гөрі бір табан жақын екенін сездіріп тастады-ау. Бәсе, со жолы ол неге бәрімізден ала бөтен қитықтанды десек, хан балдыздық базынамды көтерер ме екен деп жасап жүрген қыры екен ғой,— деп жеңілген боп кеңк-кеңк күлді.

— Солайы солай. Апамыздың бауыры жұқа болғанда, жездеміздің сауыры неге қалың болмайды?! Ойынымды көтере алмас десін бе, Баймұрат та жөнін біліп еркелеп жүрген шығар,— деді байұлы ауылдарының адамдары жамыраса сөзге араласып.

Күреңітіп отырған Баймұрат шаруасы түгенделгендей ұйып қалған аяғының белтірлігін ағытқан боп шалқалақтап бір күліп қойды.

Енді жұрт әзілге шаптырмай байсалды әңгімеге көшті.

— Хан ием, сонда мынау жаңа шаһарларында әскерден басқа не болады екен?

Манадан бері сараң сөйлеп, сұйық күліп, қалыс отырған Әбілқайыр жұрттың жабыр-жұбырын басқысы келгендей күлімсіреп сәл үнсіз отырып барып тамағын кенеді.

Қамшы тастасын, емпеңдескен дәукес билердің әдетіне басып, ет тураған табақшыдай сарысы мен қарасы аралас түссін деп сәз сылап, сумаңдап кетпей, әңгіменің байыбын ғана қамтып, қара жоңқалай сөйлейді.

— Неге тек қана әскер болсын?

Жұрт аңтарыла тоқтады.

— Ол қаланы әскер ұстау үшін салып жатқан жоқ. Әскерді қаланы ұстап тұру үшін алып келді.

«Мынау қай жаңылтпашы?»— дегендей жұрт бір-біріне қарасты.

— Жаңа шаһар, ең алдымен қырдың елімен сауда-саттық жасайтын базар ашу үшін орнап жатыр.

Сөзін тағы үзіп, маңайындағыларға көз қиығын салып еді, «құлағымыз сенде» дегендей телміре қалысыпты.

— Ол базарға тек орыстың саудагері емес, орыстан да арғы көп жұрттардың саудагерлері келетін көрінеді. Кейбіреулері осы күннің өзінде сонда жүр дейді ғой.

— Сонда олар туды-бітті көрмеген мына бізге не зәру, не қымбат екенін қайдан біледі?

— Оны білмесе, саудагер бола ма?— деп көп ішінен біреу асыға тіл қатты.

Хан: «Иә, рас»,— дегендей басын изеп:

— Біздің керегімізді тасып әкеп жүрген Үндінің, Қытайдың, мына тұрған Тәшкен, Бұхар, Хиуаның саудагерлері де енді сонда жосылатын болады.

— Қап, мынасы сауап болған екен. Ала шапандылардың өзімізді бір, түйемізді екі мазақ қылатынынан құтылдық десейші...

Мұндай қыстырма қалжыңға хан апшыған жоқ. Үнсіз езу тартты.

— Мұнысы жақсы екен. Олар мына біздің көршілеріміздей емес үлкен ел. Бірде бату, бірде тату боп қырық құбылып отырмайды ғой.

— Қол астына алғасын, мұқтажың мен мүддеңе өзі қам жемес пе?

— Сонда әлгі әскері не бітіреді?

— Базар күзетеді дейсің бе?

Хан бұл жолы қабағын шытынды.

— Ол бізге жұмсалатын әскер емес. Бізге қарсыларға жұмсалатын әскер.

— Сонда бұдан былай торғауыт пен жоңғар қоқаңдағандарын қоятын болғандары ма?

— Қойдырамыз дейді ғой.

Жұрт сенер-сенбесін білмегендей бір-біріне қарасты.

— Шынында да, Мәмбет мырза келіп кеткелі не торғауыт, не жоңғар тышқақ лағыңа тиді ме?

— Рас-ау! Өзіміз тиіспесек, олар тиіскен жоқ.

— Өзің тиіскенде қуа келіп, қиғыру салмағаны іргеңе тақап тұрған іріден сескенгені.

Жұрт бұған ойланайын деді.

— Сонда орыстың мұндай кеңдік жасайтынындай не көздегені бар?

Әбілқайыр бұл жолы жұрттың бетіне жағалай бір-бір үңіліп шықты. Ар жағында қитұрқысы жоқ аңғал сұрақ, бірақ адал сұрақ.

Ешқайсысының жүзінен әжуа, көзінен кекесін көрмеді.

— Отыңа, суыңа тимейді. Малыңның шетінен керегінше ақшасын беріп сатып алады. Хиуа мен Бұхарага қиятын жүнжұрқаң мен тері-терсегіңді орысқа да қиятын шығарсың?

— Әлбетте.

— Ендеше, қотаныңа салар салмағы өзір сол ғана. Одан басқа орыс қызығатындай нәрсе өзіңде де жоқ қой.

Жұрт үнсіз.

— Қош,— деді біреуі әңгіме бұнымен тынып қалмасын дегендей.

— Жеріңнен қорғасын, темір табылып жатса, оны тасып ап, оқ, мылтық, ыдыс-сайман қып өзіңе қайтарады.

— Е, бұнысы дұрыс. Өз қолыңнан келмейтінді өзге істеп берсе, несі жаман!

— Содан басқа салар салмағы жоқ па?

— Неге болмасын, бар!

Жұрт ошарылып қалды.

— Бұдан былай орыстың шек-шебіне тиіспейміз. Олар да тиіспейді.

— Жарайды.

— Бұдан былай орыстың боданындағы елдерге тиіспейміз. Олар да тиіспейді.

— Мақұл.

— Жеріміз арқылы өтетін керуендеріне тиіспейміз. Қайта баратын жеріне жол бастап апарып тастаймыз. Ол үшін тиесілі ақысын аламыз.

Тап бұл қисынға ешқайсысы түсіне қоймады. Жаттан қарымта қайырады, есесін алады деген миға сіңсе сіңер, ал қызмет етіп, ақы алады деген сіңе қоймас. Бірақ әлгіден бері үйреніп қалған ауыздың бірі:

— Жарайды,— дей салды.

— Қолымыздағы орыстың тұтқындарын, жетім-жесірлерін еліне қайтарамыз.

Бір қатары желкелерін қасиын деді. Тегін малшы мен тегін отыншыны қимай отырғандары.

— Қолдарындағы біздің тұтқындарды олар да қайтарады.

— Е, онысы дұрыс екен.

Жұрт гу ете түсті.

— Шарты осымен бітті ме?

— Жоқ.

Хан иығындағы сусып бара жатқан желең шапанын бір тартып қойды.

— Екі халықтың арасындағы бұл пәтуаның кепілі ретінде әр тайпадан бір-бір аманат сұрайды.

Жұрт сілтідей тына қалды.

— Сұрағанда да, өздеріңдей ел жақсыларының баласын сұрайды.

Жұрт көзі шарасынан шығып барады. Жұртпен бірге Бопай да аңырайып қалыпты. Бұл — оның да естімеген әңгімесі еді.

— Сонда қалай, бауырымыздағы баламызды қалай қиып ұстата саламыз?

— Ел мен ел арасы түгілі, ру мен ру арасындағы дауды тыю үшін де талай перзент бітуажа боп кетпеуші ме еді...

Жұрт бәрібір селк етпеді.

— Сонда ол баламыз өмір бақи солардың қолында кете ме?

— Неге, аманат мерзімі біткесін елге оралады. Орнына басқа бала аманатқа барады.

— Бұндай шарты қаншаға дейін созылады.

— Қашан бір-бірімізге сенісіп кеткенше.

— Е, е, е...

Кәбі: «Гәпке енді түсіндік»,— дегендей бастарын изеп қойды.

— Сонда ол балаларымыз орыс боп кетпес пе екен?

— Жоқ, тәйірі. Қазақ салтымен ұсталып, қазақ салтымен күтіледі. Мәселен, біздің Ералыжанның мұсылманша оқуын үздірген жоқ. Қазір жаңа шаһарда Бұхара ахуны Мансұр Абдрахман ұғлының алдын көріп дәріс алып жатыр.

— Ханзаданың жөні бөлек қой. Ол аманат емес, елші ғой.

— Жоқ,— деді Әбілқайыр жұлып алғандай.— Ералы Петерборда елші еді, енді мынау жаңа шаһарда аманат.

Жұрт басын түгел көтеріп алды. Бопай селк ете түсті.

— Аманат деген тұтқын емес. Елші де бір, о да бір. Орыс мемлекетінің сыйлы мейманы. Күтімі, амандығы, тәрбиесі ақ патшаның мойнында. Аманаттың амандығына бастарымен жауап беру — олардың қатты ұстанар қағидасы.

Үй ішіндегілер ханның мынау ширығыңқы дауысынан сескенгендей жасқана сауал қойды.

— Сонда Ералыжан елге қашан оралады?

Бұл арада Бопай құлағын түре түсті. Мына сырды ханымның да білмейтініне жұрт іштерінен аң-таң болды.

— Қашан орнына жаңа аманат барғанда...

— Ол қашан белгілі болады?

— Алдымыздағы жылында.

Жұрт одан арғы сауал тергеу сияқтанып кетерін сезіп, аяқтарын тарта қойысты.

— Е, солай де!— деп тағы да шыдамсыз Сырлыбай сөз бастап келе жатыр еді, тағы да Арыстанбай жолын кескестеді.

— Біздің өзіміз сенен артық болмағанда, баламыз балаңнан артық болар деймісің, хан ием. Көрерміз. Берерміз.

Басқа ешкім ештеңе деген жоқ. Меймандар бата жасасып сыртқа шыға бастады. Жұрт кермедегі аттарына аяңдады. Хан олармен үй сыртында қол алысып қоштасып жатып, Арыстанбайға:

— Сен тағы бір айналып соқсаң қайтеді?— деді.

— Жарайды, хан ием.

Бопай үн-түнсіз бытырай шашылып бара жатқан жұртқа қарап құр сүлдері сұлқ тұрып қалған.

Қашан қонақтар қара үзіп кеткен соң барып, қасына келіп:

— Үйге кірмейміз бе? Не ғып тұрсың?— деген Әбілқайырға аң-таң әпірейе қарады.

Содан Бопай сең соққан балықтай есеңгіреді де жүрді. Шаруаға қарасуға да құлқы болмады. Көштің қамын төлеңгіттер

мен қызметшілер өздері толған, өздері шешті. Нияз сұлтан басқөздік етті.

Ханым соқпа тиген адамдай селсоқ. Бірақ жатып қалмады. Таңертең ербиіп орнынан тұрады, күн бойы қалқиып тұрып жүреді, кешке қарай ештеңе істемесе де, қалжырап төсегіне қисаяды. Өз халіне өзі де түсінбейді. Бұл не уайым ба, қасірет пе, өкініш пе, өкпе ме, ыза ма... Ол арасын кім білген. Әйтеуір, қуаныш емес. Әнеу күнге дейінгі сүйек-сүйегінің бәрі қауырсыннан бетер жеңілейіп, өз-өзінен қалықтап ұшып кетердей боп, елпілдеп жүретін қунақ, сергек күйіне ұқсамайды.

Бопайдың мынау шерменде кейпін Әбілқайыр да көріп, біліп жүрсе керек. «Бірақ, осы сенікі не күйзеліс?»— деп іш ашысып сыр сұрау дағдысында жоқ. Өзі де іш ашпайды. Ішіндегісін білін қойсаң: «Қайдан білдің?» деп тағы сұрамайды.

Содан болар, ертең көшеміз деп түйе тіздеп отырған күні бесін ауа сау етіп түсе қалған үш мейманды ол мейманханаға бастамай, Бопайдың отауына бастады. Онысы — әйеліне «бүгінгі мәжілісте сен де боласың» дегені.

Әдепкі сыпайылықты бұзбай жылы жарқын отырғанмен, іштей тұйықталып алған Бопай көпке дейін мынау бейсаубат меймандардың түр-түсіне де, жүріс-жөндеріне де назар аударманты. Берілер қонақасы беріліп, көрсетілер құрмет көрсетіліп жатыр. Жолаушылар да алдарындағы дастарқан жиылып, үй-ішінің саябырсығанын тосқандай, жол-жөнекей жүріп өткен жерлерінің биылғы от алысын ғана сөз қылып, одан арғыға баспай, жайбарақат отыр.

Қолға су құйылып, тоқ басытқы қымыз ішілгесін де меймандар әңгіменің төтесіне көшпей, кібіртіктей берді.

Хан олардың лебізін тосып, өзі сөз бастамады. Үнсіздік созылыңқырап бара жатқанын байқап:

— Ал, меймандар жүріс жөнін айта отыралық,— деді.

Бопай сонда барып бойын жиып алды. Жолаушылар өзінен тартынып отырғанын сезіп, «шыға тұрайын ба» дегендей күйеуі жаққа көз жүгіртіп еді, «қылп етпе» дегендей үнсіз тұқыртуды ұқты.

Ханым манадан бері ас-су беріп отырған үш мейманының жүзіне енді дұрыстап қарады. Үшеуі де бейтаныс. Екі жағындағы үздік-создық сөйлеп отырған мосқал еркек пен түбіт иек боз бала жігіт қазақ. Киім киісі, сөз саптасы арғын ішінен екендіктерін сездіргендей. Ал, ортасындағы қайта-қайта «аллалап», көмірдей қара сақалын байыппен сипап отырған шоқты көз қыр мұрын жігіт «әйтеуір, мұсылманмын, бірақ қазақ емеспін» деп тұрғандай. Қиғаш қасы, тайпиып кетпей, тік құлағын кең маңдайы, аққұба жүзі, сопақша беті мен сүйір иегі, шалғысы қайқимай қаймыжық жұқа еріндерін комкере құлаған құндыз мұрты, үркек аттың құлағындай сәл нәрседен ойнақшып тұрған қусырылыңқы жұқа танауы бұл тарапқа беймәлімдеу алыс өлкелердің бірінен келе жатқанын аңғартқандай. Бұл табалды-

рықтан аттағалы бата тұсындағы «аллауакпарынан» басқа сес шығарған емес.

Соны кірмей жатып сезген Әбілқайыр сыр мінез емес жылқының сыртында тұрғандай ширығып сақ отыр.

Сөйлеп отырған биқасап шапанның үстінен ақ шәйі сөлдені бұқаршылап қырық қиғаштап жатпай, қыр салтымен, шиыршықтап орай салған қоңқақ мұрын бітіккөз күйек сақал еркек.

Меймандарының жүзіне үңіліп отырған Бопай көп сөзді қаза жіберіпті. Ендігі әңгіменің біріне түсінсе, біріне түсіне алмай, құм кешкен жорғадай біраз малтығып барып, гәпке кейіндеп қанығa бастады. Ортадағы тосын қонақты алыстан келе жатыр деп отырған тұспалы дұрыс боп шықты. «Стамбул», «ер түрік», «паша», «ғазауат» деген сөздеріне қарағанда сонау жер түбіндегі түрік елінен келе жатқан пірәдар секілді. «Қырым», «Қап тауы», «ноғай», «шеркеш», «қабарда», «Сұлақ бойы» дегендеріне қарағанда біраз жерді шарлап шыққан түрі бар. «Түрікмен», «Хиуа», «Бұхар», «Ғазна» деп іргелеткенінен бұл маңайға келгеніне де біраз болғанын аңғарды. «Исі мұсылман», «көпір», «ғазауат» дегеніне қарағанда тегін жүрген жоқ. «Қазақ жұртынан да жиырма мыңдай кісі дәметеді». Мынау әскер сұрап отыр ғой.

— Ар жақтан Еділ бойы, Орал тауы мұсылмандары, бұл жақтан Тұранды жайлаған көп ел, Қап тауы мен Қырымдағы пайғамбар үмбеті, күнгейдегі түркі мен қызылбас тізе қосысса, Ресейге бұл жақтан аяғын тартуға тура келеді. Түрік патшасы бұл жайында бізден былайғы Қытай, үндімен де, өзінен арғы ағылшын, әлиманмен де іш байласыпты. Ендігі бар гәп — осы жақтың мұсылмандарында. Пайғамбарымның жасыл туының астында жиналып: «Дін үшін, тіл үшін, жер үшін қан төгеміз, әліспей беріспейміз!»— деп шықса, қол үшін берер ағайын табылады деп отыр. Башқұрттың қимылына да бұлардың араласы бар білем. Енді солай қарай асам дейді.

Хан құптаған да, сақтанған да нышан танытпай салғырт сейледі.

— Анада осы Орта жүзге Қылмақ Абыз адам жіберіп, көмек сұрапты деген қаңқу шығып еді. Ол не хабар?

— Ондай әңгіме рас. Ертең жайлауға шыққанда ат құрғатпай іргемізді башқұрт тоздырар түрі бар.

— Олар өздері бірдеңе бітіре алып жатыр ма екен?

— Не де болса, бері беттеген қалың әскерді кідіртті. Башқұрттың жылқысына, ағаш үйіне, арқан-жібіне, жылы тоны мен асжеміне арқа сүйеп келген іштің әскері тау-тауда, сай-сайда аштан, аяздан, айбалта, найзадан қырылып жатса керек.

— Сонда орыстар оларға еш қайран қыла алмағаны ма?

— Олар аянып жатыр дейсің бе? Башқұрттың талай қыстағының күлін көкке ұшырыпты. Қатын-балаларын тірідей үйітіпті. Соны істеп жүргендердің арасында баяғы Мәмбет мырза да бар дейді.

Үй-іші жар басына көп тірелгендей аңғарыла тоқтады. Сөлделі қазақ:

— Оңай болса, Ордың бойына жер қайысқан әскермен келген бас ұлық былтыр күзде кеткеннен башқұрт арасынан қайтып орала алмай жатар ма еді!

— Ор бойындағылардан не естігендерің бар?

— Олардың да жағдайларының жарқырап тұрғаны шамалы білем. Жаңа шаһардан Уфаға жеткенше жайрап жатқан орыстың өлігі деседі ғой. Қыс қатты болып, тамақтары таусылып, босып кеткенінің бәрі орта жолда үсіп қырылса керек. Шаһарда қалғандары аудағы балықты сүзіп, індегі борсықты қазып талшық айырыпты. Аржақтағы әскермен арпалысқан башқұрт бұл жақтағы шағын қол өздері-ақ аштан қатады деп көп қарайлай қоймаған, әйтпесе, әлдеқашан індігештерінен шығармай тапап тастамас па еді.

Мына әңгімеден Әбілқайыр тіксініп, Бопай шошынып отыр. Бірақ екеуі де сабыр сақтады. Тап сол арада сылаң сақал бейтаныстың тостағандай үлкен көзі манағыдан да бетер шоқтана түскендей көрінді.

— Соған қарағанда, орысыңның да жаны мұрынының ұшында білем. Өздері аржағындағы теріскей, күнгей, күнбатыс көршілерінің бәрімен араз екен ғой. Борбайын созып, кең көсіліп отырған жайдақ жағы осы біз бет білем. Енді, міне, бұл жақтан башқұрт тулап...

Әбілқайыр тамағы құрғақсып жөткірініп қойып еді, сумақай сәлделі «әңгімені жақтырмай қалды ма» дегендей сөзін бітірмей көзін қыдыртып кетті.

— Жәнібек, Бөкенбай сонда не сәлем айтады?

Ханның сауалы қатқыл шықты.

— Не сәлем айтсын. Мына мейманды апарып сөйлеткіз. Өз құлағынан тыңдап алсын. Жайлауға жеткенше ойлана келер. Біз де ойлана барайық деді.

Әбілқайыр ілгері қарай бір иіліп:

— Жөн,— деді.— Сонда қалай, орыстың биыл бізге қарайласардай жағдайы жоқ болғаны ма?

Сөзшең мейман иығын қиқаңдатты.

— Жә, оны көзбе көз, ауыз ба ауыз сөйлеспесек... Бұл арада неғыл дейміз. Менің айтарым, ертең көш-жөнекей Ордағы шаһарға елшілер жібермекпін. Бір жағынан баламның аман-саулығын біледі. Екінші жағынан, орыс өкіметінің ауыз ләмін аңдиды. Үшіншіден, орыс ұлығынан жағдайды түсіндір деп елші шақыртпақпын. Оған да мұршасы жетпей жүрсе, онда...

Хан тоқтап барып қайта сөйледі.

— Әлгі айтылған әңгіменің рас болғаны.

— Батырларға айта барар басқа сәлеміңіз жоқ па?

— Тіршілік болса, көп ұзамай көрісерміз. Ор бойына менің адамдарыма қосып, олардың да кісі жібергені жөн секілді.

Бопай мына әңгімелердің тұсында ұйқыдан шошып оянған адамдай анадан бергі бой күйездігінен құлан таза арылды. Енді күйеуінің әр сөзін, әр қимылын көңілден таса қалдырмай, байыппен тыңдай бастады.

Бейуақ келген қонақтар ертеңіне таңсәріден асығыс шайланып, қымыздаиын шұғыл аттанды. Әбілқайыр кермеге дейін бірге барып шығарып салды. Бірақ олар табалдырықтан бері аттап кіргеннен әрі аттап шығып кеткенге дейін бір қалпынан ауытқымай, елпілдемей де, кергімей де, ұстамды отырды. Ханның кешегі айтқан хабарларын қалай қабылдағанын анық аңғара алмаған үш мейман көздерінің астымен бір-біріне қайта-қайта қарағыштап, аң-таң аттаныстьі.

Бопай Әбілқайырдың осы бір сабырына қашан да қайран. Кермеден үйге жеткенше көңілінде әнеу күнгі ноқта басы тойда қордаланған томырық өкпенің тоңы жібіп, оның орнын ылғи пышақтың жүзіндей сын үстінде жүретін күйеуіне деген аяныш немдене бастады.

Әбілқайыр сол күні көшті еру қылды. Тіздеулі түйелер тұрғызылып, алысқа айдалмай, ауыл маңына тұсап жіберілісті. Мырзатайды шақыры ап, Бөкенбайға жұмсады.

— Таймасқа ма, Алдарға ма — біреуіне өз атынан кісі жіберіп жайлауға жеткенше хабар алмас па екен,— деді.

Байбекті алдына кіргізіп:

— Сен жүріске қамдан. Көшті күтпе. Қасыңа қалаған төрт-бес кісіңді ерт ішінде Итжемес те болсын. Ор бойына барып қайтасың. Қамданып болып кел. Қалғанын сонда түсіндірем,— деді.

Бопайдың іші сезеді. Әбілқайыр қайда кімді неге жұмсап жатқанына ел сұқтанбасын деп, мыналардың сапарын осы кезге дейін кідіртіп-кідіртіп келіп, енді көшпен әдейі қабаттастырып отыр. Не де болса, түндегілердің әңгімесі ханның көңіліне күдік кіргізді. Әнеу күні мұндай ширығыңқы емес, жұмсақ, бипаз еді. Көптен бергі жазық жатқан маңдайына екі қастың арасынан екі білем ай сызық жүгірткен анадағы ақсақалдардың аманат жайындағы аңтарылысына қоса жаңағы жолаушылардың жұмбақ келісі мен жұмбақ кетісі болып тұр.

Хан іштегі қызылын сыртқа сездірмес үшін түс қайта атқа мініп көштен бұрын жөнелгелі жатқан мал жағына соқты. Бұнда бұрын ондай әдет жоқ еді. Мұнысымен де елдің көзімен алдарқата тұрмақ. Өзін жайбарақат көрсетпек. Елді жайбарақат ұстамақ. Қашан кешегі сөздердің анық-танығы айқындалғанша ел көңілін үйтқытар қыдырма қаңқуларға бөгесін бола тұрмақ. Сол арқылы жұрт көзінде шығыңқы жүрген ныгын қайта жықпай тік ұстамақ. Жаңа аяқтанған жас төл елдің алдымен осыдан екі үш күн бұрын жөнге түскен. Қыркылған қойлардың өзі де жолда барады дейді. Көш солардың шаңы басыла орнынан көтеріледі. Ал ұзын аяқ қатқыл тұяқ жылқы айдамалы малдың алдын, артулы жүктің үстін шаңдатпай төрт-бес күн кейіндеп қозғалады. Қарулы қайратты еркек кіндік соңда қалады. Соның бәрін өз көзімен елеп-екшеп шыққан хан көшін кетер қоныстан салтанатпен көтеріп, жетер қонысқа салтанатпен шөгермек.

Көш жөнекей хан жақсы-жайсаңымен ілгері кетті де, ханымына көңіліндегі түйткілін қапысыз ойлап-толғауына мүмкіндік пен уақытты молынан берді.

Бопай тынықпақ боп түйеге мінсе де, сергімек боп жорғаға мінсе де, күздікүнгі сімсік тұмандай тұмшалап алған жібіскі ойлардан бәрібір құтыла алмады. Әсіресе, анадағы көшердің алдында келіп кеткен күйек сақалдының әңгімесі көңіліне қатты орнап қалыпты. Патшадан қағаз кеп, одақты мықтадым деп, қара жердің өзінде қайықтың үстінде тікесінен тік тұргандай тізеңді қалтыратқан көп күдік, көп күманнан аршылам деп жүрген Әбілқайыр мойынына тағы бір жүк түскелі тұр. Кешегі көмір сақал, құндыз мұрттың жүрісі тегін емес. Енді сорлының басын қазақтың өз дауы аз болғандай жасыл тулы мұсылман дүниесінің ұлы талқысына салар болса, талай көкіректе кемді күн қалғып кеткен қызыл құрт қайта тіріледі. Тірілгенде де дүрілдеп тіріледі. Оны құртар қимайы орыстың тегеуріні бола ма деп еді. Оны да жан-жақтан жарыса тиген шапалақ шайқалақтатып тастаған түрі бар ғой. Күні кешеге дейін арбасының алдына түсіп жүгіріп келген башқұрт тархандарының мынадай мінез шығарғанына, ана жақта өз хандарымен өздері арпалысып, торғауытқа топалаң тиіп жатқанына қарағанда, орыс патшасынан да қауқар қаша бастаған сияқты? Өлген еркек патшаның тұсында елді бетіне қаратпастай мықты болып алыпты десетін еді. Қатын бастаған көш оңған ба... Қайтадан босаңсытып алғаны ғой, сірә...

«Апырмай, сонда, ең болмаса, башқұртқа әлі жетпегені ме?.. Әлде бұл көлденеңнің ұйтқыма әңгімесі ме... Әлгі Ор бойындағы шаһардың хәлі мүшкіл деді-ау... Балық сүзіп, тышқан аулағандардың ортасында Ералыжанның күні не болып жатыр екен».

Бопай ханымның көкірегіне әлдебір шаншу қадалып тұрып алды. Былтырғы Нұралылардың дырду әңгімесіне семіріп, қыстай баласын сағынғанмен, ол тап бұндай қиындық көріп жүр ғой деген күдік ойына кіріп-шықса, не дейсің! Былтырғылардың әңгімесіне қарағанда, орыс қосынында ит басына іркіт төгілің ағыл-тегіл болып жатқан секілді еді. Олар бүйтіп жалап-жұқтап қалады деген кімнің қаперінде бар? Башқұрттардың бас асаулығын да естіген. Бірақ, олардың қылығын қиқар інінің мықты ағаға жасаған еркелігіндей шалдуар бірдеңе санаған. Ол бүйтіп шайқалтып тастады дегенге әлі сенбей келеді. Егер ішінде өз баласы болмаса, түндегілердің башқұрт жайлы айтқанын әр бұта асқан сайын екі есе ұлғайып отыратын көшпенділердің көкіме лақабы санап, құлағына да ілмес еді. Ералыжан... Аманатқа қалғанын айтпадың деп, талағы тарс айрылып жүрсе, ол мынандай қарыны тойып ішер астың өзіне зарығып мүсәпір болып отыр екен ғой!..

Ханымның көңілі босап, тостағандай үлкен көзі тас қайнардың бастауындай шып-шып толып шыға келеді.

Тағы да күйеуі есіне түседі. Күйеуінің баяғыда Найзакескеннен қайтқан сәті есіне түседі. Ауылға жеткенше ат үстінде нық отырып, үй сыртында да атынан нық түсіп, табалдырықтан нық аттаған Әбілқайыр төрге жете беріп, артына бұрылмастан соңындағыларға «бара тұрыңдаршы» дегендей белгі берді. Бопайдан

басқа жұрт дүркіреп қайта шығып кеткен. Олардың сырттағы тықыры алысқа ұзаңқырап кеткен соң барып, хан құс төсекке дүрс құлаған. Жұмық кірпіктерін ашпай, тісі ақсиып, шалқалай құлаған. Жалма-жан қасына жүгіріп жеткен Бопайдың тізесіне сұлқ тастай салған қолы да қан-сөлсіз, былқ-сылқ... Шеке тамырлары адырайып шығып кеткен... Беті құп-қу шүберектей... Кезерген еріні мен ентігіңкі демі ғана кеудесінде жан барынан хабар сездіргендей. Бұндай хәлді ол тек соның алдында ғана, үйіне антқа ұсталатын Тұяқ кіріп келгенде бастан кешкен-ді. Енді, міне, бауырынан шыққан баласы да сондай дүдамал сапарға аттанғанда қайта шамырығып қоя берген жүйкенің шыдамы осыған ғана, өз төріне жетіп жығылғанға ғана жетті. Сырттай қарасаң, кессе қан шықпайтындай ұстамды Әбілқайырдың іштей қайтып мүжіліп күйзелетінін білетін әзір тек бір ғана Бопай.

Ол мұндайда балгер де шақыртпайды. Ұшықтамайды да. Осылай жанынан бір елі шықпай, алақаны мен қос шекесін дамылсыз уқалай береді. Үй маңынан ешкімді жүргізбейді. Ауыл сыртынан ешқайда дыбыс шығартпайды. Бала-шағаға дейін аулаққа қуып салады. Солай екі-үш күн жатқасын барып Әбілқайыр есін түгендейді. Орнынан тұрып, бас көтеріп отырады. Пәлен күннен бері тыйырым болып қалған жұртқа бас сұқтырады. Сосын атына мініп, шаруасына кіріседі.

Соның бәрінде де, күйеуінің неден күйзеліп, неден күйрегенін Бопай өзі болжап, өзі білетін. Ералыжан кеткен жолдың да қаншалықты өткелек екенін Әбілқайырдың сол жығылысынан сезген. Екеуін бірдей аяп үн-түнсіз жас төккен. Содан жарты жылдай сүлесоқ жүрген Әбілқайыр Мәмбет мырзаның Сомекенің елшісін орта жолдан кері қайтарған хабарын естігенде барып шираған. Артынан көп ұзатпай қол жиып торғауыт аттанған. Содан бері оның не сөзінен, не қабағынан жадаулық сезілмегенді. Орта жүзден келген меймандарды шығарып салып, керме басынан қайтып келе жатқанда Әбілқайырдың екі аяғы бір-екі рет бір-біріне шалысып кеткендей болған. Төрге жетіп тағы да құлап түсе ме деп қорқып еді, абырой болғанда, құдай сақтады... Соған қарағанда, түнделетіп келіп-кеткен хабаршылардың сараң сөздерінің ар жағында таудай зіл жатыр. Әбілқайырдың тағы да басы талқыға, ары таразыға түсіп жүрмесе, жарар еді...

Қалай екенін өзі де білмейді. Әбілқайырдың уайымы шыққанда Бопай балаларын да ұмытып кетеді.

Ол бұның тағдырын әуелде де осылай ойда жоқтан ойсырата килігіп еді. Соны ойлағанда әлге дейін екі беті ду қызарады. Ол қашан... сонау... арттарында қалып қойған Қызылқұмның да ар жағында жатқан айдаладағы елсіз тау Бөкенінің жыра-жықпыл көп сайының бірінің ауызында болған оқиға-тұғын.

Бопайдың бала кезде құрыспасы бар-тын. Бірде алты жасында ма, жеті жасында ма түйенің бақалшағын бөпе қып, шүберекке орап, куыршақ ойнап отырып, оң жақ аяғының сіңірі тарты-

лып, бебсулетіп алып бара жатқасын, үйге симай, сыртқа атып шығып, белдеудегі әкесінің атына қарғып мініп, құла дүзге шаба жөнеліпті. «Ойбай, мынаған не болды? Бірдеңе қаққаннан сау ма?» — деп соңынан қуғандарға жеткізбей, құйғыта беріпті. Қашан ат өзі тоқтағанша тізгінді тежемепті. Сөйтсе, ұлы шағылдың арасында жер бауырлап, құм топырақты қарш-қарш асап, жылап жатқан ағасы Бөгілінің үстінен шығыпты. Жарадар Бөгілі мынау жер астынан жік шыққандай тосын көрініске сенбей, өзін бірдеңе иектеп кетті ме деп қорқып, екі көзін тарс жұмып ап, бетін басып, қарындасын қасына жолатпапты.

Атынан түспей тұрған бала қыз күні бойы жер бауырлап жылжып, қос тізесін әрі жер сыдырып, әрі ыстық құм күлбіретіп көресісін көріп жатқан бауырына:

— Көке, атқа мінгес! Бірақ орыныңнан тұрмай, ердің артына қолыңды созып, асылып мін,— депті.

«Мына келіп тұрған не қызыр, не сайтан шығар. Не де болса, айтқанын тыңдайын. Онсыз да, бәрібір, айдалада ит жемеспен өлетін болдым ғой»,— деп, қыз баланың дауыс ыңғайына қарап жобалап, дәу де болса, ерінің арты осы тұс шығар деп қолын құлаштай қарман, орнынан ышқына көтерілгенде әлдене сарт ете қалыпты да, көз алды қара тұманданып қайтадан құлап түсіпті. Сәлден кейін есін жинаса, қасында сол баяғы қарындасы жер тізерлеп отыр дейді. Қасындағы шылбырын салбыратып тұрған көшелі қара кер — әкесі Сүйіндіктің ауыл арасына мінетін аты. Таңғалған Бөгілі орнынан атып тұрса, қос тізесінің қан қақсағаны болмаса, басқа еш жері ауырмайды дейді. Түн ортасында соңынан әлдекімдердің дүрсілдете жетіп келіп, тымағын көзіне кигізіп, дәу күрзімен жауырын тұсынан бір соғып, астындағы атын аударып әкеткенде, неге екені белгісіз, соққы тиген жерден көп төмен бел омыртқасы күтір етіп омырылып кеткендей болған. Содан мана сәскеде есін жинаған. Сөйтсе, шынында да, жауырын тұсында бір ауыр зіл бар да, ал бел омыртқасы қан қақсап шыдатпай барады. Құм қызып келе жатқанын көріп: «Ең болмаса кеше өзім бұрылған үлкен жолға жақындап жығылайын. Өткен-кеткен біреу-міреудің көзіне түсермін»,— деп жер бауырлап тырмыса жорғаласа да, онша көп ұзай қоймапты. Түнде бұны аударып әкеткендердің опыр-топыр іздері анадай жерде сайрап жатыр...

Аң-таң Бөгілі ердің артына жайдақ мініп, қарындасын алдына алып ауылға оралыпты.

Содан Бопай «аруағы бар, арқасы құрысып қалады» атағы шықты. Шынында да, кей күндері қарап отырып елегізеді. Елегізсе болды, не арқасы құрысады, не қолы ұйыйды, не жіліншігі қақсайды. Сол күні біреу не мертіккен, не сынған боп шығады. Қашан соның қасына барып, жарақатын сипағанша, көңілі орнына түспейді. Әсіресе, сүйек жақын, ет жақын адамдарына зақым келгенде от басқандай жер-көкке сыпп отыра алмайды. Қашан ондай адам хабаршы жібергенше, не өзі іздеп келгенше, басының сақинасы ұстап, тіпті астан-судан қалады.

Қыр қазағы мұндай «аруақты» адамдарды әрі сыйлайды, әрі сескенеді. Бой жетсе де, жан-жақтан ешкім құда түсе қоймады. Үш бірдей ұлдың ортасындағы бай жердің бағылан қызы шартараптан кеп жататын жүріс соқты меймандардың аузынан «мертік» пен «сынықтан» басқа сөз шығара алмай «пұшайман» болады. «Бізді пәленше мертігіп сол жіберді» — деп дабырлап жеткендерден басқа аттарын ақ тер, көк тер қылмай-ақ сипай қамшылап, қара құрым айғыр топ боп бабымен келіп, бабымен құда түсер біреу-міреулер қашан табылар екен деп көп күтті. Ең соңында, «әй, ондай сөзді естуден қалған шығармын» деп күдерін де үзе бастап еді. «Құдалық» деген сөзді, шынында да, естімей кетті. Тіпті мынау төрелер ауылына сол бір үрдісті сөзді ешкімге үздіктіре айтқызбай өз аяғынан келді.

Иә, ол бір ұзын хикая... Кейбіреулер бұның ығын оздырам деп дабырайтып айтар, дақпырт. Кейбіреулер бұның шамына тием деп шымшылай айтар шындық. Ол есіне түскенде бұл, расында да, жалданбай жабыланып, айдынданбай аласарып қалады...

Иә, со бір жылы сегіз ауыл ғана адайда жолы үлкен есептелетін. Қосай балалары сырға да, қырға да жақындамай, қыс жайлаған Қызыл құмынан шыға алмай, құба шөлдің Бұхар асар пұшпағындағы үріккен жылқыдай үйіріле топылған Бөкентауда қалып қойды. Оның сырының не екенінен әлі бейхабар. Шамасы, сол жылы да ел ойраттың ойда жоқ көп килікпесінің біріне ұшырап, жаз жайлауға көше алмай қалған секілді. Әйтеуір, сол жолы да әкесі мен Бөгілі ағасының ауылда жоғы есінде. Әйтеуір, сол жолы да тызақтап үйге симай жүргені есінде. Інісі Құрманқұлды қайта-қайта сыртқа жүгіртіп. «Қарашы, ағаң аңнан қайтып келе жатқан жоқ па?» — деп отырғызбағаны есінде.

Содан бір уақытта Құрманқұлдың:

— Бопай апа, ағам келе жатыр? — деп айқайлағаны.

Дауысы тарғылданып әжептарқы шықты. Бұл да орнынан атып тұрып сыртқа жүгірді. Көз ұшындағы Бөкентау кешқұрым көк нілге малынып, тау емес жай әншейін көк жиектің мұнарындай аласарып, жұмсарып, жұқарып кетіпті. Ал одан бергі жайылып жүрген мал мен жанның бәрі батар күннің жарығында алаулай қызарып, ұлғайып ұзарып алған. Тау беттен ауылдың тап іргесіне жетер-жетпес боп екі серейген сырық көлеңке құлапты. Біреуінің қылқандай ұшында құлағын қайшылап бос ат келеді. Екінші көлеңке — інісі. Алдына салақтатып бірдеңе өңгеріп алыпты. Арқарға да, бөкенге де келмейді. Адам секілді. Иә, адам... Жетегіндегі бос ат сонікі болар. Бұл кім болғаны? Тау арасынан арқар аулай кеткен бауыры абайсызда адам атып алып жүрмегей. Неше күнгі тұла бойында сіресіп тұрып алған зіл соған көрінбегей... Қараптан-қарап елегізген жүрегінің алаңы соған көрінбегей...

Бопай тұла бойының оқыс жеңілейіп бара жатқанын аңғарды. Сонда мынау кім болғаны? Пәлен күннен бері бұның қақ

сүйегінің бәрін қақсататындай қай сүйектесі мынадай күйге жетті екен?

Ол аңтарылып тұрғанда Мырзатай да жетті. Құрманқұл жүгіріп барып атының басын ұстады. Ағалы-інілі екеуі біреуді былқ-сылқ көтеріп ішке алып өтті. Бауырларының соңын ала үйге кірген Бопай жақтағы төрге таман сый төсекке шалқалай құлаған жас жігітті көрді. Өңі сілтіден шыққан сүйектей боп-боз. Екі шекесінің білемденіп көк тамыры шығып тұр. Жерден қазып алғандай шүйдесі, мойыны топырақ-топырақ. Қиылып әдемі шыққан құндыз мұртқа да шаң отырыпты.

— Бұл кім?

— Кім екенін білмедім... Арқарлы сайға барсам, су бойының қалың жалбызын дар-дар жыртып бір құла ат жүр. Үстінде ері, басында жүгені. Жөткірініп сыбыс қылдым. Жауап қатқан ешкім жоқ. «Бұл не ғажап»?— деп біраз аңырдым. Құла ат құлағын қайшылап, жүлге бойынан атып шықты. Бірақ қашпады. Едірейіп тұрды да қойды. Құла ат айналсоқтап кетпей жүрген жердегі жақпар тастың көлеңке түбіне барсам, шалқасынан түсіп біреу жатыр. Аттан құлаған дейін десем, тұла бойында жарақаты жоқ. Ұйықтап жатқан адам секілді. Сай бойының сызынан аулақ бөктерге біткен бөлек жақпар тастың көлеңкесіне сұлапты. Әрі-бері жеткірініп көрдім сес жоқ. «Әй, кімсің? Басыңды көтер. Жөніңді айт!»— деп бірнеше рет дауыс қылдым. Қыбырсыз. Мынау не жылан, не бүйі шағып алған адам емес пе?»— деп жақынырақ бардым. Ісінген, қара талақтанып кеткен ештеңесі жоқ сияқты. Ұйықтамас бұрын сай бойынан жалбыз жұлып алып астына төсепті. Жалбызға құрт-құмырска үйір емесін біліп төсеген. Қипақтап біраз тұрдым. Әлгі адамда қыбыр жоқ. «Ау, саған не болған?»— деп бетіне үңілдім. Самсаған қалың кірпіктерін әзер қимылдатып, көзін аша алмай ыңырсыды. Мына күйінде далаға тастап қайдан кете алайын! Артында жақпар тастың қасына жақындатып қойып, былқ-сылқ денені ердің алдына өңгеріп, тізгінімді қолыма ала беріп ем, манадан бері құлағын қайшылап, тісін ақситып үнсіз тұрған құла ат күмбірлей кісінеп, суды кешіп өтіп, қасыма жақындады. Өз тізгінімді тастай беріп, қармап қалып ем, жүгеніне қолым тиді. Содан оны да жетектеп алып, ауылға тарттым. Менің бар білетінім осы.

Мырзатайдың мына сөзі оң жаққа кеп сұлаған бейтаныс мейманның беймәлім сырын одан сайын жұмбақтандыра түсті. Ауылдағы қатын-қалаш пен азғантай еркек кіндік оның жүзіне әрі үңіліп, бері үңіліп, бәрі де бастарын шайқасып, танымайтын болып шықты.

Мейман сол баяғы сұлқ қалпы үнсіз жатыр. Еріні кезеріп кеткен. Жұрт жалма-жан тамырын ұстап көріп, кеудесінде жаны бар екен десті. Енді бәрі Бопайға бұрылып: «Сен болмасаң, біздің қолымыздан не келуші еді. Еңкейсеңші. Қарасаңшы»— дескендей аңтарыла қарасты, Бопайдың бойын бірнеше күннен бері буып келген зіл жым-жылас. «Апырау, мынау бұның сүйегін жер түбінен сырқыратардай кім болды? Көзімнің алды шай-

дай ашылды ғой. Не де болса, дерті кеуде тұсында. Бір ығы бір ығынан аласа ма қалай? Сол жақ ығын көтеріңкі ұстап жүрген-ау шамасы. Қазір де басын солай қисайтып, тіреуіш қылып жатыр».

Бопай жер төсектің қасына тізерлей отыра кетіп, бейтаныс мейманның көкірегін ашты. Үстіндегі сауытын сыпыртып, кеудесін түгел жалаңаштатты. Апай төс қайратты адамның кеудесі. Қолдарының бұлшық еті де білеу-білеу. Садақты коп тартса керек, сол жақ бұғананың басына қос елі мүйізгек біткен бе қалай. Екі жақтың да еті қалпақтай. Кенет көзі оң жақ қолтықтан түймедей көз тыртықты көрді. Шорланып біткен. Бірақ, ескіріп үлгермеген, жаңа жарақат. Үстіне тартқан сорма мақтаның орны былайғы денесінен бөлініп, әнтек ағарып қапты. Оң жақ ығына қол апарып еді. Ол да қалпақтай боп дүрдиіп тұрғанмен, сол жақ ықтан гөрі болбырлау, секілді... Қардың бұлшық еті де түтіліп кеткен бе, білем-білем түйіншектері бір-бірімен тұтаспай, ыдыраңқы тұрғандай. Қос қолын созып жіберіп, екі жақтың саусақтарына үңілді. Сол қолдың саусақтары баданадай да, оң қолдікі — таралыңқы... «Мынаның оң қолын семік шала бастаған болмасын...».

Бопай алдында ұзыннан сұлап жатқан бейтаныс еркектің бет-аузына үңілді. Қыр мұрнының жұқа танауы қусырыңқы. Қасы қалың, бірақ жіңішке. Сопақтау жүзінің шықшыт сүйегі шығыңқы. Бірақ қазірдің өзінде тістесіп қасарысып жатыр. Кең маңдайындағы сызық біткеннің бәрі қастың арасына жүгіріпті. Аузын ашып көріп еді, үстіңгі тістері маржандай — әрі ірі, әрі сұлу. Ал астыңғы тістері жалпиып жаттағанданып кеткен.

Намысқой, ызақор, бірақ ашуын ішке жиятын бітеу кісінің сойы.

Киімінде, қару-жарағында, қалталарында не бой тұмар, не тобық, не көз тас — ештеңе жоқ. Елсіз тауға аң аулай кеткен адам да жай киім киімей, бес қарумен, жорық киімімен жүрсе керек-ті. Жорық киімінде, сырт шекпеннің екі иық тұсында, екі қалта боп, оның бірінде «жанымды сақта, қапиядан аман қыл», екіншісінде — «арымды сақта, масқарадан аман қыл» деген екі дұғалық, екі бой тұмар жатуға тиісті еді. Мұнда соның бірі де жоқ. Бұлай теңдік тимеген, қатарға кіре алмаған төмен нәсіл жарлы-жақыбай жүрсе, бір жөн. Ер-тұрманы, қару-жарағы «қатардамын» «дәулеттімін» деп тұрғандай. Сонда кім болғаны! Шөлдің кіндігіндей, ұры-қарының жолындағы елсіз таудан аң аулағанына қарағанда жүрегінің түгі барлардың сойынан. Жол торығаи арам олжаның құлы деуге бет-пішіні, сүйек бітімі, үстібасы, ізет-зияның ұясындай. Соған қарағанда өзіне-өзі сенген астам біреу... Елсіз түздегі жатысының өзінде тектіліктің исі аңқып тұр. Ендеше мұндай текті жігіттің үйдегі анасы мен жарына, қатын-баласына қайтып бұлай қадірсіз болғаны? Олар нағып мұндай арысты көлденеңнің сұқты көзі мен қапияның қате-қылнатына оп-оңай қия алады? Ең болмаса, тұла бойының бір жеріне нысана байлап, бой тұмар тіқпегені ме? Бет-әлпеті: «Жиырма-

ның үстіне әлдеқашан шығып кеттім»,— деп тұрғандай. Ендеше, өлге дейін үйленбей жүр дейсің бе?! Үйленбеген күннің өзінде анасы, апа-қарындасы бар емес пе? Апырай, жазғандар мұны нағып тап бүйтіп қаңғып жүрген иесіз түйедей тұп-тұлдыр қып нысанасыз-қарақшысыз жіберді екен! Не де болса, шаңырағында бүтіндік жоқ. Әлде анасынан ерте айырылып көз түрткі жетім өскен сорлы ма екен? Содан ызақор, содан намысшыл, содан бітеу боп өскен шығар... Мырзатайдың айтысы: көптен өз қамын өзі ойлап қалған салтанбас адамның сиқы. Сөйте тұра үсті-басының бабын үркітпей, дөрекіленбей, сыпайы сұлу қалпын сақтай білгеніне қарағанда тоңмойын томырықтардың санатынан емес, сезімтал, елгезек, бірақ сонысын сыртқа жая қоймайтын ұстамды адамдардың сойынан. Демек, мұның түйықтығы қатыгездіктен емес, намысқойлықтан, аршылдықтан. Ендеше, бұны ат үстінен алып жыққан да мынау аш қолтықтан тиген жалғыз оқтың әлі күнге құлан таза айығып кете қоймаған зардабы емес, жүректі көптен мүжіп, көптен үңгіп келе жатқан бір терең дерт, тылсым шер. Сол мынандай жота-жота бұлшық еттің өзіне де пысқырмай, жіңішкеден жол тауып, сымдай нәзік жүйке шіркінді ширықтыра-ширықтыра осындай күйге жеткізген.

Бопайдың бойындағы батпан зілдің орнын бір елгезек аяныш жайлап, алдындағы ес-түссіз жігіттің үстіне еміне төне түсті. Мұндай дертті былау жазбайды, сылау жазады, қитұрқы дәрмек емес, алды-артына қаратпас оқыс ықпал, оқыс дәрмен жазады. Мына бейбақтың көкірегін көптен ыстап тастаған күйкі көңілді сәуірдің самалындай ескі-құсқының бәрін үріп-қағып, түре қуып шығар бір өткір де өкпек серпіліс керек. Сүйектегі ақауды ұрымтал қимыл, еттегі жарақатты сіңімді сылау, көңілдегі жадаулықты жаңға медет жылы сөз, жылы мейірім айықтырады. Ал мына бейтаныс жігіттің дерті жылы сөзге илана қоймас, жылы мейірге уана қоймас, сүр дерт, сананы мықтап улаған сарсаң хәл. Жүректің тінін жүн қып түтіп, жүнжітіп келе жатқан жұлын құрт. Жүректі жүрекке жалғап, арам шалмаған албырт қанның қайратымен тұншықтырып қана өлтіре алардай қатерлі мерез.

Бопай қаңғалақтап қалды. Ал-сал. Дәрменсіз. Ақылды көздерден ажар тайып, ажырая қарайды. Жұрт оның мына түрін көріп шошып кетті. «Көлденең көзден аруақ шамырқанып, қолына дауа қонбай отыр ма?»— деп аяқтарының ұшынан басын үн-түнсіз есікке жылысты.

Бопай оның бір де бірін сезген жоқ. Есіл-дерті алдында ұзынынан сұлап жатқан науқаста. Жақын арада ес жия қояр сыңай байқатпайды. Бұған не істеуге болады? Оның бар құдіреті қолында еді. Сүйектері ұн боп қап бебеулеп жатқандардың өздері: «Айналайын сенің қолың тигенде-ақ, көзіміз шәйдай ашылып, жанымыз жай тауып жүре береді»,— дейтін. Мынау сынбаған да, мертікпеген де. Жағдайының нашарлап бара жатқанын байқап, атынан өзі түскен. Жататын жерін де өзі таңдаған. Сыздан, судан, уы бар жәндіктен қашқан. Қашан кірпігін қаға алмастай

дәрменсіз халге жеткенше ақыл-естен айрылмаған. Соған қарағанда, мұның мертігі ішінде — сүйектің мертігі емес, жанның мертігі. Жүрегінің басын жалап, іші бауырын жидіткен сілті құса. Оны қайтып қуып шыға алады? Оны сүйекті қозғап, етті сипап, жүйкені тітіркентіп аластай алмайды. Ал дертті жүректі дірілдете алар ділгер құдірет бұнда жоқ. Мынау жұрт тәнін сипаудан басқаны білмейтін бес саусақтың сорынан уақытысында өз теңімен ойнап та күле алмапты. Бозбалалармен қалай жүздесіп, қалай пейілдесудің жөнін де білмейді. Бұның жүздесіп, бұның тілдесіп келген еркек кіндігінің бәрі — өңшең бір тірі мұсалдат, мүсәпір... Қаралай қайыр-садақа тиетін пақырана. Оларға жүрегің қан жылап аяғанмен, есіңнен танып емірене алмайсың... Ал мына жігіттің дертін ақ пейіл ананың мейірімі, есіл дерті өзі боп, ышқына сүйетін ыстық жардың риясыз пейілі немесе арысым деп асты-үстіне түсе алатындай шаршы жұрттың шапағаты, қошаметі, қадір тұтып қастерлегені ғана айықтыра алады.... Сондай мейірім, сондай ықыластың ыстық табына балқып, аршылмай, аласталмай тұрып, бұл жазылған күнде де не жаны жарым ділқұса, не көкірегіне бұлкынған жүрек орнына қағынды қара талақ жапсырып алған суық жартастай мелшиген қатыбас, не көмейіне күн еңкейтсең де, арғы ішіне иненің жасуындай сәуле жүгірмес тас керең меңіреу біреу боп шығады. Ананың қапасынан қатыгез, қас надан, топас, зұлым боп туатын ешкім жоқ. Бәрінің алдын суытып, ішін мұздататын, қолын арамға, пейілін теріске бастайтын ағайын деп аталар, жұрт деп аталар, кейде тіпті халық деп аталар кенеусіз қара тобырдың керең көңілі, кенде ықласы, кейде тіпті көпе-көрінеу қорлық-зорлығы, қағажуы. Анадан мейір, ағайыннан ықлас, қатардан қадір, халықтан мерей, көрген қай азаматтың өнегесізін, өнерсізін, пасықтығын-жасықтығын көрің пе? Бәрін де болдыртып, солдыртып жүрген өзінің қиямпұрыстығы емес, өзгенің қиясы мен қысасы. Мынадай түр десең түр, тұлға десең тұлға, кісілік десең кісілігі бар азамат бұл қазақтың арасында қай бір айдарынан жел есіп жүреді ғой дейсің? Әлгі бір тоң боп катқан тұңғиық дерт те сол көптің қақ-сұғынан шығар...

Бопай құр сүлдер жігіттің оң жақ қолын бауырына басып, саусақтарының ұшынан сонау нығына дейін бипаздап сипай бастады. Қытығы оянар қолтығына, жарақаты шымырығар тыртығына жоламады. Көрініп тұрған кеселі жоқ сау денесіне саусағының ұшын ғана тигізіп тінте жорғалатып өтті. Оң қолға семік әлі түгел дендей қоймаған. Қарының қолтыққа таман ішкі бетіне әлі ет бітіпті. Оқ тиген кезде шошынған бездің зоры. Сол енді бірте-бірте орши түсер сылай танытады. Өйтсе, әрі кетсе, алты ай-жеті айда сыңар қол мүгедек боп қалады. Ол — тап мынадай аршыл, намысқой, сезімтал, адамдарды төбелерінен тау қопарылғандай ойсыратып кетер орасан соққы. Әлге дейін үйлене қоймаған жігіт болса, күні-түні қасынан шықпай, көңілін аулап, жанын жібітер жар мен жан серік те табылар дейсің бе! Онсыз бұл бәрібір жаңағы айтқан жалбыр қабақ жадау, көңіл

көп қатыбастың бірі болады да қояды. Ондай келеңсіз ғұмыр, кейіс тіршіліктен не пәтуа, не қайыр! Азаптың арты — ашу. Ашудың арты — қара жүрек қайырымсыздық. Қайырымсыздықтың, рақымсыздықтың арты — зұлымдық. Зұлымдық — тек азаматтың ғана емес, ақыр түбі бүкіл жалпак елдің басын жалмайтын алапат қатер. Ұлпа көкірек балаға алды жұмсак ана, ұлпа көкірек атаға — бауыры ыстык жар керек болатыны да жарықтық жаратылыстың әу бастан-ак осы қатыгездік пен осы зұлымдықтың жолына тосқауыл табуға тырысқандығы еді. Сүйекке барар нәрді жұлын арқылы, етке барар нәрді тамыр арқылы дарытатын құдіреті күшті табиғат жүрекке барар нәрді ауа да емес, су да емес, топырақ та емес, тас та емес, сүт пен ет те емес, тәңірінің өзіндей қолына ұстап, көзіңмен көруге көнбейтін сып-сылдыр, жып-жылас тылсым күш көңіл арқылы дарытыпты. Қанша дегенмен, заты әйел ғой, бір еркектің көңілін аулап көруіне болар еді, бірак мынау туды-бітті көрмеген бейтаныс еркектің: «Әу бастан өзімдік боп жаратылған жан-сыбағам сен екенсің»,— деп ынт-жынтымен құлай жығыла қоятынына кім кепіл?!

Бірақ, осы пәлен күн қатарынан тұла бойын айқара басып алған албасты зілден қалай тез арылды? Мынандай арты не боп кетері белгісіз құр сүлдердің қасында отырып, қамырыкты көңілі мұнша нағып тез аршылды?! Нені тауып арылды? Нені тауып айықты? Сүйек туыс жан болса: «Ай далада қалмай, өз қолыма түстің бе, қарлығаштың қанаты боп, ауызыңа қасық қара су тамызсам да, қарындастығымды істеймін ғой»,— деп дәтке қуат етер ең, ал мынау бейтаныс мүсінге неге мұнша елпілдейді, неге мұнша үздігеді?.. Құдай-ау, бұл не болғаны сонда!.. Әлде тағдырдың қарасын қашан көрер екем деп тамсантып қойған аңсарын үйіріп әкеп үстінен түсіргені ме?.. Бейтаныс аңшы мына бетте Амударияның, ана бетте Сырдарияның калың жынысын көрмегендей, айдаладағы алақандай тауға қалай ғана аң қарай келді екен?.. Осы ауылдың іргесіндегі аран аңғарда ессіз-түссіз жатқанында неге үстінен жортқан аң, ұшқан құс, қаңғырма жолаушылардың бірі тап болмай, Мырзатай тап болады?.. Неге, неге...

Соны ойласа жүрегі лып-лып лүпілдеп қоя береді... Тұла бойындағы әлде бір жұмбақ тамырлары дір-дір сілкініп, бөтен денеде байпаңдай жорғалап келе жатқан сүйріктей саусақтарын тітіркендіріп жібергендей. Алақаны албырай қызарып, саусағының ұшы жылып қоя береді. Мұның бойындағы оқыс ысыған асау қан сол бір дір-дір тамырларды бойлап барып манадан бері сілкісең де тырп етпестей боп сұлк жатқан суық денеге, бәтен тәнге дарып жатқандай.

Науқас мейманның маңдай тұсы сол баяғы көгіс қалпы. Оң нығының еті де бозарыңқы. Тек саусақтарының ұшы ғана жұмсарып, тырнағының астына қан жүгіргендей... Иә, сәт...

Бопай ессіз-түссіз жігітке мейірлене қарап, кеудесін тақай еңкейіп, ыстық демім жетіп жатсын дегендей үңіле төніп, семік саусақтарды сипалай берді...

Сойтсе, кеш болыпты, түн орнапты, таң атыпты. Оны қасына келіп, «оразаңды ашшы» деп қиылып тұрған женгесінен білді. Көзгелдек толы тұщы қымызды ауызына апара берді де, науқас жігітке көзі түсіп, қасық сұрап алып, тамызып көріп еді, жұтпады. Мақтаға шылап еріне сүйкеді. Кезерген ерін қимылдамады. Тек сыбырлай ыңырсыған әлсіз дыбыс берді. Қыз көзі шарадай жанып, қуанып кетті. Жан оралып келеді... «Бар, бар, аулақ кет!»— дегендей көзгелдекті женгесіне асығыс ұстата берді.

Әрнеменің басын бір шалған шартарап ойдың үстінде тағы бір жарық күн таусылып, қараңғы түн орнап келеді. Бегілінің отауы бұларға тағы да оңаша қап, жұрт: «Науқастың қалы қалай екен? Бопайдың не өтініш, не тапсырмасы бар екен?»— деп сырттан тың тыңдап кетеді.

Қыз ой үстінде. «Ең болмаса, таныс біреуі болсам етті... Сонда менің мынау ыстық алақаныма жанашыр сөзім қосылып, бұның құрғақ жылдың күзіндей жүдеу көңіліне жұбаныш табар ем... Жұмсартар бүркісін табар ем...»

Мейман сол баяғы сұлқ қалпы. Манағыдан соң қайтып ыңырсыған да жоқ. Жаңғыз-ақ дәтке қуат — тырнағының астына жүгірген ақшылт шырай тарқамапты.

Бопай мынау бөтен денеге үйренісіп алыпты. Тек оң қолын ғана сипалай бермей, кесел шалмаған сол қолын, желкесін, алқымдығын, қос шекелігін ауық-ауық ысқылап қояды. «Кешеден бері бұл неғып ойыма түспеген... Сау дене кеселді денеден гөрі сезімталырақ қой... Бәлкім, тезірек жанданар, тезірек әлденер...»

Түн ортасынан ауып кеткен. Уқалай-уқалай қары талып қалыпты. Сонда да қимылсыз жатқан бөтен тәнге жылу бармай қалса, әлгі бір әлсіз үміттің өзі өшіп кететіндей бетін апарып, иегімен сипалап отырып қалғып кетіпті... Түс көріпті... Түсінде тап осы Бегілінің отауының табалдырығының ішінде мал сойып отыр... Мал дегені, терісін сыпырарда байқады, арлан қасқыр... Жон арқасы көк шуланданып тұр... Өзінен қан шықпайды, ағылтегіл сүт ақтарылып жатыр... Селк етіп қолын тартып ала қойды.

Бопай басын оқыс көтеріп алды. Ұйықтап кетіпті. Әлде бір әлсіз дауыс ызыңдайды. Үй сыртынан шығатын тәрізді... Бұл өзі қайда отыр?... Мынау не дыбыс?.. Екі күн қатарынан ұйқысыз түн есеңгіретіп тастаған ба?

«Су... су... су...»

Түн ортасында үй айналып су сұрап жүрген бұл кім болды?

«Су... су...»

Мына дауыс қасынан шығады ғой.

Атып тұрып қазан-аяқ жаққа жүгірді. Қараңғыда сылдырлатып жүріп тостаған тауып су құйып әкелді. Науқас жігіттің басын жастығымен көтеріп: «Иә, біссіміллә!»— деп ауызына тосты.

Науқас қылқ-қылқ жұта бастады. Сосын басы қайта зіл тар-

тып шалқалай берді. Тағы да үнсіз қалды. «Апырай, мынаның жаны бар ма? Әлгісі атау кересін ішкені болмасын...»

Шошып кетіп, тамырын ұстап көрді. Қылп етпейді. Дауысы шығып кете жаздады. Сол екі ортада ортан қолының ұшы бүлк ете қалды. Лүп-лүп... лүп-лүп... Жүрегі соғып жатыр. Бәлкім, үн қатар...

«Қалайсың?

Еш дыбыс жоқ. Науқас жігіттің сол баяғысынша сұлқ қалпы. Енді Бопай таңның атқанын күтті.

Ертеңіне оң жақтағы жігіттің денесіне қызу жүгірді. Екі беті албырап кірпігін әзер-әзер қақты. Жұрт бұны естіп оқтын-оқтын кіріп шығатынды көбейтті. Кешқұрым ол қаттырақ ыңыранып алып, ыңқылдай бастады. Үй-ішіндегі жабыр-жүбыр үн құлағына барғандай маңдайын жиырды.

Бопай қолымен меңзеп жұртқа: «Шыға тұрыңдар!»— деді.

Үміт пен үрей арпалысқа түсер тағы бір түн келеді. Үшінші түн. Ауыл үстін бір құрым үзіктей жабағы бұлт жауып алды. Үй-іші кешегіден де қараңғы. Сыртта да шілделік шырылынан басқа дыбыс жоқ.

Бопай бүгін құлағын түріп алған. Алдындағы құр сүлдердің кешегідей бір тіл қатқанын күтетіндей. Тіл қатса, бұл да жауап берер еді. Қолындағы мына дірілді бәлкім сол сөзі айқынырақ жеткізер. Көңілдің көңілге жолы сан қилы ғой. Соның ең төтесі сөз деседі.

Бопай әлсін-әлсін құлақ тосады. Науқас кешегідей емес көп ыңыранады, көп ыңқылдайды. Тұла бойы албырап қыза бастады. Көкірекке қайтып оралған шыбын жан дерт тұманын қуып шыға алмай алысып жатқандай.

Кенет біреу тісін қайрады. «Қап... Қап, әттең!» Ап-анық айтылды. Жігіт сандырақтай бастады. Бұны алып ұрып жыққан өкініш болды. Ненің өкініші екен?

Бопай мынау сімсік ойынан тез тыйылып, мақтаға шылап ерініне су апарды. Кезерген ерінін қайзалап тағы да тамсанды. Бұл тостаған толы суды ауызына тосты. Бірер қылқ еткізді де, әрі қарай жұтпады. Тостағанды орнына қойды. Ерінін қайзалақтап бірдеңе іздейді. Қазан-аяқ жақтағы сығырайма шамның жарығы жартымсыз. Ауру жатқан түс қара көлеңке. Сонда да оның жүзі бозараңдап көзге түседі. Науқас жігіт емізік іздеген баладай ерінін қайзалайды. Бопай қолындағы мақтасын тостағанға малып, кезерген ерінін жұмсақ сипап өтеді. Сол жанына жағатындай. Соны іздеп жатқандай. Оң жақ қарын ауырсынып, басын сол жақ иығына қарай қисайта берді. Бұл жалма-жан семік шала бастаған қолға қайта жабысып, саусағынан бастап ысқылай бастады. Сөйтсе, жаны жай тапқандай, басын қимылдатпай, қайтадан сұлқ түсіп жатып қалды. Таң алдында қалжырап ұйықтап кетіпті. Бірақ тағы да тап оң құлағының түбінен күбірлейді. «Қайда жоғалдың!... Кетпеші!.. Тоқташы!..» дейді. Бұл селк етіп оянып, алақанындағы құр сүлдер қолды қайтадан ысқылай жөнелді. Жігіт біраз сандырақтап жатады да, қайтадан

ұйықтап кетеді. «Өкпеле ме... Табамын!» дейді. Үздіге сөйлейді. Еркек адамның еркек адамға тіл қатқанындай емес. Әлде мынау жақында жарынан айрылған бейбақ па екен? Соның құсасынан осындай күйге түсті ме екен...

Бопайдың ет жүрегі езіле түсті. Таң алдындағы бозамық сәуледе көгеріп көрінген жігіт жүзіне үрегейлене үңіліп, кірпік қимылдатқанын аңдиды. Науқас жігіттің сол селсоқ қалпы. Күдер үзген адамның бейтарап күйі. Аянышты жүрек қайтадан шымырлайды.

Осы бір әрі-сәрімен таң да атты. Ол күні жігіт ұзақ ұйқыға берілгендей тыныш жатты. Көкірегі де көтеріліп-басылып анадағы шықтасылы жанның орныға түскенін байқатқандай.

Бопай сол күнгі кешке көңілінен күдік орылып тыңайып жетті. Не де болса, мынау бейтаныс мейман бұның өз қолынан ес жиып тұрар түрі бар. Не жағдай, не құса екенін, бәлкім, сосын өзі айтар. Әйтпесе, мұның қиялы шідерлі аттай маңайдың бәрін кезіп шыққанмен, шығанға бастап әкетер сара жол таба алмады. Жігіт құсасының жәй-күйін анықтап біле алмады. Бар аңғарғаны — әйтеуір әйелдің араласы бар хәл...

Бесін ауа жігіт көзін ашты. Адасқан жанары әуелі шаңырақ қа түсті. Сосын қапталындағы бұны шарпып өтті. Қайтадан шаңырақка қарады. Өз көргеніне өзі сенбесе керек, қайтадан дел-сал ұйықтап кетті.

Қыз жүрегі қайтадан лүпілдей бастады. Кешегі бір түсініксіз үміттің орнына қайтадан бір түсініксіз күдік килікті. Әлденеден қысылатын, қымсынатын сияқты. Әлде мынау қарсы алдында көлденеңнен сұлап жатқан бөгде еркектен қаймыға ма екен. Оны өзі де білмейді. Әлде анау алғашқы күнгі арсыз қиялынан қысыла ма? Ертең науқасынан айығып тұрғасын, емшісінің бұл екенін біліп жүрсе, не дейді? Оның мынау асты-үстіне түскен айырықша қамқорлығын неге жориды? Өтпей отырған бейбақтың өлермендігі демес пе екен...

Бұл арада біреу төбесінен мұздай су тамызып жібергендей дір ете қалады. Әлгі сауалына жауап та іздемейді. Аңтарыла отырып қалады. Өн бойының бәрі құлазып тек құр сүлдері ғана қалқиып отыр. Бұдан гөрі анадан бергі тұла бойын тұтастыра сірескен ауыр зіл жүрегін тызылдатып шымшылаған күпті көңілдің өзі дұрыс еді. Алдында не тұрғанын білмеудің өзі шүкірлік екен ғой! Ал, қазір бұл мына жігіттің ертең өзінің мына отырысын жақсылыққа жорып риза боп кетерін, әншейін әсіре көңілдің әумесер дәмесіне жорып табалап кетеріне қайдан көзі жетіп отыр?! О тоба бұл неме таң атқанша осылайша үнсіз жатса екен, есін жинаса да, ертең жарық барында, жұрт алдында жинаса екен... Ал қазір есі кірсе, ол не дейді? Бұл не дейді? Маңағы сөйлесем, жүрегіне шипа болар ем деген ойы қандай күпірлік...

Біреу бірдеңе дейтіндей... Бұның жаңағы ойын сезіп қалғандай. Құлағын тігіп еді, әлдебір әлсіз дауыс:

— Қайдасың?.. Су әкел, су...— дейді.

Жалма-жан су ұсынды. Бірер қылқытты. Сосын тағы да бірдеңе деп тіл қатқандай болды.

— Кетпеші... Осылай отыра берші... Алақаның қандай жұмсақ еді.

Мынауы не — шыны ма, жоқ сандырақтап жатқаны ма...

Дауысының қырылы азайып, айқындалып қалыпты.

— Неге сипамайсың... Сипашы... Маңдайымды сипашы...

Бопай селк етіп қолын тартып алды. Шоқ ұстап алған кісіше, екі қолын бауырына жиып шоқиып отырып қалды.

Науқас жігіт қозғалақтайын деді.

— Қайдасың... Қолыңды неге тартып әкеттің? Шекем солқылдап барады. Сипашы.

Бопай қолын қайтадан ауру жігіттің маңдайына жүгіртті. Жігіт қайтадан тыныштанды. Рахаттанғандай: «Ым,— м —...» деп ыңыранып қойды. «Солай... міне, осылай... Баяғыдан бері осылай етсең болмады ма...» Бопай қолын кідірте жаздап маңдайын уқалай берді. Жігіт бұған тіл қатып жатқан жоқ. Сандырақтап жатыр. Ең қимас біреуімен сағынысып табысып, жүрегінің шерін соған тарқатып жатыр... Сол шерден арылмай қалпына келе алмайды... Сандырақтаса, сандырақтасын... Жүрегінің басында кілкіп тұрған ірің шерден арылсын...

Бопай тәтті қиял арбауында жатқан ауру жігіттің екі шықшытын жұмсақ алақанымен сипап өтіп, алқымына қол апарды.

Көрпенің астында былқ-сылқ жатқан ып-ыстық қол шал беріп қолын қармап, саусағының ұшын оттай күйіп тұрған еріне апарып ұзақ басты. «Жаным, сәулешім...»,— дейді. Бопайдың көзінің жасы аға берді. Мынау сырбаз жігітті осынша үздіктірген аяулы жанның өзі емесін білсе де, оның мынау риясыз пейіліне бәгесін болғысы келмеді.

Бопай ауру жігіттің ашқарақ құшағының ырқына қалай көніп бара жатқанын өзі де байқаған жоқ. Ағыл-тегіл жылаған күйі өрт боп лаулаған омырауға көміле берді... Мынау ыстық құшақ, әлгі бір үзілген сөз — бәрі де бұған емес... Бәрі де бұл дүниеде жоқ-бары белгісіз бөтен біреудің сыбағасы... Оған ортақтасқанына қынжылмайды да, қысылмайды да... Не де болса, мына пақыр аяғына мініп кетсін... Не де болса тәтті қиялының көгілдір пердесін жыртпай, ыңғайына жығыла бергені дұрыс... Бұған мынадай алапат құштарлық, еркекке тән оңмеңдеген өрескел тегеурін біткені әлі көрер жарығының таусылмағаны, о дүниелік емес, бұл дүниелік болғаны...

Ләмим тіл қатпай, науқас жігіттің ырқына үнсіз көнді. Бөтен біреу екенімді біліп қалмасын деді. Осынау ұрлық ықласына да жарадар көңілге жасаған сауабындай көріп, пейілдене еріді... Мұндай жомарттық тек әйелдердің ғана қолынан келетінін біліп, мына дүниеге әйел боп жаратылғанына мың-мың шүкіршілік айтып, өзінің осы осалдығы үшін ешқашан ешкімнен қорынбаспын да, өкінбеспін де деп ойлады... Мұндай сәтте кісіні бөлекше бір тәуекел билеп алатынына ол кейін түсінді.

Кейін сол бір қас қағым сәт талай рет жанын қыл бұрау салғандай қинап, талай рет қасірет жасына тұншықтырған-ды.

Арада талай жыл өтті. Сол бір бейтаныс мейманның сырын ешкім білмеді. «Жазғанның жарығы таусылмаған екен. Үстінен Мырзатайдың түсуін қарашы»,— деген жұрт ауруынан айығып, атына мініп ауылдан ұзап бара жатқан сұрша жігіттің соңынан.

Бопай жиырманың үстіне шықты. Сылқылған бойжеткеннің жасынан өтіп, кәрі қыз атанар меже де таяп қалды. «Мынадай қасиет мына пақырға қонғанша ана аға-інілерінің біріне бітпей ме екен!»,— десті жанашыр жақын туыс. «Адай Сүйіндіктің қызының сынық пен мертікке ақ сайтаны бар. Қолын тигізбей бір қарағанының өзінде шамалы мертік орнына түсіп шыға келеді»,— деп шуласты атырап. «Бейшара киесі ұстағанда жер көкке сиып отыра алмайды. Жазғанның бағына жақсы біреу жолығып, пұшпағы қанаса, мұндай шамырықпа өз-өзінен қалады. Қасиет пен қатындық бір қанаға симайды ғой»,— деп пыш-пыштады сақа әйелдер.

Ондай қаңқулар құлағына туралап жетпесе де, Бопай естіп-біліп жүрді. Бірақ ол енді ешқайдан құдалық күтпеді. Баяғы бір сұрша жігіт қайта айналып соғатындай көрінді де тұрды. Сол бір түні не болғанын сырқат жігіт өзі де білмеді. Оның түсінде құшқаны бөтен жан... Шерін тарқатып, жүрегін жеңілдеткені де бөтен жан. Оны бір қиял, түс қана деп білді. Ауруынан айығуына ол түсінің ешқандай қатынасы жоқ деп санады. Адай батыры Сүйіндіктің сынықшы қызының қолына түссең, қай сырқатынан да құлан таза сауығасың екен деп кетті. Бірақ, балгер қыздың үш күн бойы күні-түні қасында отырғанын естіп, анадағы түнде не деп сандырақтағанымды естіп қойды-ау, көңілімнің қандай қызыл құртқа шапқанын біліп қойды-ау деп қысылды. Басын көтергесін кетуге асықты. Бірақ, сол асыққаны бекер болды. Бұл оның көңілін емдеймін деп жүріп, оң қарын жайлап келе жатқан қатерлі семікке мән бермепті. Көңілі орнына түскен жас жігіттің сол бір шабытты шағында асықпай қолдағы семіктің де бетін қайтарып алуы керек еді. Ол жарақат оған бәрібір қайыр боп дарымайды. Бойына сіңген сайын қиындай түседі. Ондай күнде ылғи қасында бұл секілді біреу болу керек. Әйтпесе, жүйкесінің тағы бір шамырыққан күні ол қағындыдай асқынып шыға келеді. Сосын дес бермей кетеді. Әлгі бір ұятты түннің қырсығынан оған мына қауыпты айтып та үлгере алмады. Сонысы тағы ұстаған күні ол бұны тағы есіне алады. Әлде тағдыр солай болсын деп сол күн осының бәрінің басын ашып беруіне жігерін жеткізбей қойған шығар.

Бопай сондағыдай темір сауыт боп тұтасып қалар күн тағы қашан келер екен деп тосты. Ол — тосқаны да болды. Бірнеше күн алаңдап өткен-кеткеннің жолына қараумен болды. Күткен адамы келе қоймады. Бірде түнде әлдекім іргені түрткілеп ішке кіре алмай жүргендей болған соң шырт ұйқысынан оянып кетті. Шапанын жамылып сыртқа шықты. Ауыл сыртындағы қалың шіліктің арасына барып ұзақ отырды. Айлы түнде көкжиекте

қатқан қаспақтай бозараңытып жатқан қатпар таудан бұлкілдеп көле жатқан құла атты көріне қоймады. Ертеңіне атқа мінді. Аласа болса да, тік жар боп біткен қылдырық-қылдырық аңғары көп бытқыл таудың біраз шатқалын аралады. Бейсаубат ешкім көзге түспеді. Бытқыл таудың бойындағы бар ащы ағар, тұщы ағарлардың бәріп аралап шықты. Ешқайсысының бойынан су ішіп тұрған құла ат кезікпеді. Сенделе-сенделе ұлы түзден барып бірақ шығыпты. Алдында сапырған теңіздей бұйраланып құмдария жатыр.Шегі мен шеті көрінбейді. Қызылқұмның бұл тұсында өркештеніп шығып тұрар нар шағылдар, дөңбек жалдар жоқ. Осындай бірінен бірі еңсе асырып жарымайтын шиыршық-шиыршық құм бұйраттар. Көкжиекке дейін көсіліп жатқан ұланасыр құм-жазира түгел көрінеді. Бірақ сол құлазып тұрған ұланасыр өлкеде ербең еткен қара жоқ. Не сақалын тарап желкілдеп тұрған шөп жоқ. Не сойдиып-сойдиып шығып тұрған сексеуіл, жүзген жоқ. Олар жоқ болған соң теңкиіп-теңкиіп көлденең сұлап жатқан томар да жоқ. Тап мұндай қара жасырар қалтарыстан да ада тұлдыр жерде аң не бітіріп жүрсін! Аңы жоқ жерде аңшы не бітіріп жүреді. Бұнікі тек бір есек дәме дағы!..

Онсыз да зілдей бойы одан сайын батпандап астындағы атын тілерсегіне дейін құмға малтықтырып кері қайтты. Сонда пәлен күннен бергі сай сүйегі сырқырап қамырығып жүргені кімге көрінді? Апырау, ана жолғы шамырыққаны нағып соған көрінді екен?! Өйтетіндей ол кім болыпты сонша!..

Басы омырауына түсіп кеткен салт атты қыз қабағы салбырап ауылына оралды. Жақындай беріп үйінің белдеуінде тұрған бейтаныс аттарды көрді. Ер-тұрмандарына қарағанда бай ауылдан, бар ауылдан шыққан түрлері бар? Тағы кім мертікті екен? Тағы кім аяғы саландап, қолы былғақтап бұны тосып мұңдар боп отыр екен.

Есіктен кіріп келгенде төрде отырған бес-алты бейтаныс еркек орындарынан ұшып-ұшып тұрды. «Киелі қыз» дегенге аруағынан қорқып кеткен шығар.

Шалбарланып, бұрымына бұрым қап салып, басына түлкі тымақ киіп, қолына дойыр қамшы ұстаған сымбатты қыз тостағандай ала көзін төңкере қарап кіріп келгенде шынында да сұсты еді. Қазір ол айбары қыз күніндегі еркелігімен бірге кетті ғой!..

Бұл қазан-аяқ жақтағы әкесі мен шешесінің арасына тізе бүге бере әлгі қаздиып-қаздиып тұрған алты еркек құлақтарына дейін қызарып отыра-отыра кетісті.

Қоңқақ мұрын ат жақты жүн қабақ түрікмендер тақілеттес Сүйіндік батыр оқыс мырс етіп қызына бұрылды.

— Бұл мейманлар мына Адам ата бойына кеп қонып жатқан төрелер ауылынанбыз дейді. Бұйымы сенде көрінеді. Өздері айтсын!

Алты еркектің ортасынан біреу:

— Шырағым бізді Әбілқайыр сұлтан жіберіп еді.

— Сырқат кім?

— Сұлтанның өзі.

— Оны қарайтындай менен басқа балгер табылмағаны ма?

— Қайдан білейік, бикеш. Әйтеуір сізге барыңдар деді.

Қыз ыңғын тартты. Пәлен күннен бері жауырыны құрысардай сұлтан қай бір бұның екі туып бір қалғаны еді.

— Сырқаты не екен? Сынық па, мертік пе?

— Ол арасын бара көрерсіз.

Бұлары қолқадан гөрі бұйрық сияқтанып кетті.

Қыз белін шешпеген күйі жолға қамданды. Қасына тетелес тентек інісі Мырзатайды ерте кететін болды. Әйтпесе мынау сойдауылдай алты еркекке жаңғыз өзі еріп жүре беруге қымсынды.

Төрелер ауылы былтырғы қыстаған көңдерінен бір көштей аулақ жайдақ құмақта күн суытқанша малдың бауырын ескі жұртқа қапалатпайық деп шегіне қонған екен. Төре ауылы болғанмен қазақтың былайғы бай ауылдарынан асып бара жатқан айдыны байқалмайтын орташа ауыл. Әуелі он-он үйден бөліне қонған отыз шаңырақ көңге таман еміне жайғасыпты. Одан әріректе андыздап алты-жетіден бөліне қонған жалпы қарасы алпыстай бар үлкен ауыл қылаңытады. Екі ауылдың ортасындағы құрағы сарғайғанмен жантағы көкпеңбек тығырық тепсеңде ақ жұмыртқадай алты үй тұр. Сұлтандар мекені сонда екен. Ауыл сыртына жақындай бере бұның серіктері аттан түсті. Інісі мен Бопай да тізгіндерін тартты. Жол серіктерінің бір-екеуі кеп қолтықтарынан сүйеп, аттарын алып қалысты. Олардан он шақты қадым шыға бергенде ортадағы ақ үйдің сыртында тұрған бес-алты адамның екі-үшеуі бөлініп алдарынан шықты.

— Шаршамай жеттіңіз бе, бикеш?

Бопай тымағын бұлғаңдатып күле езу тартты да, тіл қатқан жоқ.

Үй сыртына келгенде тосып тұрғандар да екі-үш басып бұларға жақындады.

Орталарындағы ирелеңгеден біреу:

— Ә, Бопай деген қарындасымыз осы ма?— деді.

Бопай қолын кеудесіне апарып, басын иіп тағзым етті.

— Жүре ғой, шырақ...

Сонда ғана аруағы астам төре шаңырағынан аттағалы тұрғанын сезіп тізесі қалтырағандай болды.

Бір еркек үйдің есігін арқасына салып жол нұсқап тосып тұр екен.

Бопай бойын жинап, сыпайы еңкейіп:

— Бісмілә,— деп табалдырықтан аттады.

Сегіз қанат орданың ішінде қызылды-жасылды жиһаз жоқ. Қақ төрге ортасына қалқанды іліп бас қаруды қаз-қатар қойыпты. Керегенің басында барыстың, жолбарыстың, арлан бөрінің терілері салбырайды. Содан басқа жиһаз, әшекей көзге түспеді. Оң жақтағы қоқырайған-қоқырайған екі-үш құлжаның мүйізіне күмістелген бұқары мылтық, қоқаны мылтық, орыс мылтық күлдірмамай ілініпті. Сұлтанның үйінен гөрі аңшының баспанасына келіңкірейді. Төр мен қазан аяқтың аралығына қойылған

талтайыңқы сүйек төсекте ағараңдап біреу жатыр. Төсектің бас тұсына қалы кілем төсеп, құс мамықта, отырғаны да, жатқаны да белгісіз, жамбастай сұлап бір сар өңді ақ самай мама қатын жайғасыпты. Аяқ жағында бөлек кілемде шөкелеп сүйек басы жіңішке қара торы жас әйел отыр.

— Ә, шырағым, жеттің бе!— деді мама қатын көмейіне қоңырау байлағандай күмбірей сөйлеп.

Бопай үндеген жоқ. Соңына еріп келе жатқан иреңдеген мосқал еркек:

— Кешікпей жеткені жақсы болды,— деді, сосын аяқ жақтағы қара торы әйелге бұрылды.— Бар, Ділмұхамбет жылап қалды...

Жас әйел лып көтеріліп шығып кетті. Бопай соның орнына тізе бүкті.

Әлгі самбырлаған имек қара енді мама қатынға бұрылды.

— Көзін ашпады ма?

— Көзін ашпақ түгілі кірпігін де қақпайды. Баяғысындай қатты жығылды,— деді.

— Апырай, сол бір оқтың қағындысы бар білем. Керейіт Әжі де, Мұқамбетжан қожа да: «құдай сақтағанда, ұшына тимепті. Жазылады. Бір жылға дейін найза шанышпай, садақ атпай жүрсе, қалпына келеді» деп еді. Қалпына келгендей де болып еді. Одан бергі жорықтарға барғанмен, қолына қару ұстамай ләшкердің ұрысына бас-көз болып жақсы жүр еді. Бүгін таңертең ертелетіп садыр Жомарттың ауылынан қалай оралды, солай мынау төсегіне жетті де жығылды. Содан үнсіз. Басын жастыққа салып жатып, бар айтқаны: «Қалжырап қалыппын. Осы ұйқымнан дұрыс оянбасам, Бөкен тауындағы Сүйіндіктің балгер қызын алдырыңдар»— деді. Сосын оянғанын күтпестен-ақ, шырағым, өзіңе ат ұшырттық.

Ирек қара қапылып сөйлесе, жалқын сары мама қатын әр сөзін батпақтан сүйреп шығаратындай нығыздана, нығырлана сөйледі.

— Тайланның айтуынша, ол ауылда да, жолда да, көңілге дік алатындай ештеңе іше қоймапты. Өте көңілді жүріп, көңілді жетіп еді дейді.

Ирек қара артына бұрылып еді. Тау тайлақтай өңкиген біреу мойынын созды.

— Иә, солай. Қанша күннен бері сұлтанның қабақ шытқан жерін байқамадым.

Үй-ішіне астау басына үймелеген нар түйедей қаңқиған-саңқиған еркектер толып кетіпті. Бәрі бұған өнтелей, едірейе қарайды. «Не дер екен, не істер екен?»— деп тықыршып тұрғандары беп-белгілі.

Бопай қасына тым тақау тұрған имек қараға:

— Біреу-міреу түндікті түсіріңкіремес пе екен?— деді.

Имек қара артына бұрыла бергенде, есік жақтағы біреу:

— Бұлардың жарықты жақтырмай тұмшалана келетін әдегі

ғой,— деп бір күңк етіп сыртқа шықты. Түндік еңкейді. Ық беттегі ғана пышақтың жүзіндей сығырайған саңылау қалды.

Бопай тағы да тамағын кенеді.

— Жалпы үй ішінде, үй маңында ешкім болмағаны дұрыс. Ит үргізбей, жылқы кісінетпей, бала-шағаны да көп дуылдатпай, екі-үш күн тыныштық, саябыр тауып бере алсақ, сырқат кісіге тіптен жақсы болар еді. Көмек керегіп жатса өзім айтармын. Анда-санда хабар алып тұрарсыздар. Бірақ, ішке кірмей, үй сыртынан тамақ кенесеңдер жеткілікті. Керек болса, өзім жауап қатам. Жауап қатпасам, көмек керек болмағаны.

Жұрт тілін жұтып қойғандай үн-түнсіз тараса берді.

— Шырағым, әуелі құдайға, сосын бір өзіңе сендік,— деді имек қара бәрі бір самбырлай сөйлеп шығып бара жатып.

— Қарағым, ас-суды қайтеміз,— деді мама қатын орнынан ыңырана көтеріліп.

— Жаңағы мен келгенде осында отырған құрбым бір соғып кетер.

— Жарайды,— деді мама қатын боздаған інгендей күмбірлей тіл қатып.

Бұл сыртқа құлақ тігіп біраз отырды. Жұрт аяғы басылған соң барып үстіне адам жатпағандай, әншейін сәнге жүк жинап қойғандай айыр құлақ төсекке жалт бұрылып еді, көзі шарасынан шығып кете жаздады. Тілі де байланып қалған. Қапелімде жұтына алмады. Сыртқа шыға алмай тұрған өз деміне өзі тұншығып қалғандай. Көзінен ыстық бұршақтар секіріп-секіріп кетті.

Төсекте шалқалай жатқан — баяғы бейтаныс аңшы жігіт.

Содан, міне, бұл осы ауылда тұрып қалды. Содан бері Сүйіндік ауылы Бөкентауды бөрілер мен арқарларға тастап, осы ауылмен ірге ажыратпай бірге көшіп, бірге қонатын болды. Соған арланатын асау төркіндері: «Қара орман қара жұртынан қол үзіп, рулы елімен ұзатылған қыздың шыңырақ артқан түйесіне мініп кеткен төре тұқымының төбеті саритын жерден алыстап көше алмайтын жаман адайлар»— дейтін болды. Жұрт содан бері Сүйіндік балаларын былайғы «тентек адайдан» бөлектеп «жаман адай» атандырды.

Содан бері Мырзатай апасы мен жездесінің изеген иегінің астында, сілтеген қолының ұшында.

Содан екі жыл өткізіп Нұралыға жерік болды. Сосын-ақ бұның толғатқандағы жамбас сүйегінің кемірілiп кете жаздайтынынан басқа тұла бойында ештеңе сырқырап, ештеңе құрыстамайтын болды. Содан бері анда-санда Әбілқайырдың талмасы ұстағанда саусағын сипап, шекесін ысқылайтыны болмаса, қолын сырқат кісінің төніне тигізіп көрген жоқ.

Содан бері қанша жыл өтсе де, хан ие екеуі бір-бірінің өткенкеткенін де, не істегелі жүргенін де тінткілеп көрген емес. Сұраспай білісіп, үндеспей ұғысатынды үрдіс тұтты. Хан иені қайдам, бұл күйеуін сол үшін де ардақтайды. Ол үшін жанын қиып беруге бар. Хан да мұның назары сынатыдай, бәсі түсетіндей рай

танытқан емес. Бұдан бұрын төре тұқымынан алған әйелі бала үстінен өлгесін екі-үш жылдай тұл жүріпті. Сосын бұл тап болты. Одан бері талай бағы озып, басына талай күн түскенде қазақ арасындағы ызғындай төренің талайымен көңіл тату болам деп талай рет кіндік матасқанмен, өзінің басын матаған емес. Баласына төреден талай қыз айттырды, төреге талай қыз ұзатты. Бірақ, төреден әйел үстіне әйел алған жоқ. Астам тұқымның қызы бұның бағын, абыройын тапап кетер деп сескенгендей. Жаудан түскен тұлымдыны да соңындағы батырларына бөліп беретін. Тек соңғы жолы, Доржы мен Лобжы ұлысын шапқанда ғана өйтпейді. Баяғыда Мәмбет мырза келгенде мал берем, қыз берем деп жолдан тайғызбақ болған жады қылықтарына қитықтанды ма, қолынан тізіп берер жылқыларын өрісінен қуып, есігінен аттандырып берер қызын ат үстінде іргеден суырып әкетті. Бұны нәпсіқұмарлықтың емес, намысқойлықтың жолы деп ұқты. Сондағы алынған үш мың қарақөктің екі мың жарымын жұртқа үлестіріп беріп, жарты мыңын жау жақтағы бұның төркінінің өрісінде ойнақтатып қойды. Ол да кеше басынбақ болған жаудың сағын сындыратын қыры шығар. Уыз тақымын ердің қасына қажатып, тайдай тулатып атқа өңгеріп әкелген етегі ашылмаған сұқсыр қызға аттай он айда арландай ұл таптырды. Қазір екіге шығып, Әділмен бірге таласып еміп жүрген ерке күшік — сол Шыңғыс. Жаудан түскен жаудыр көз тоқалды дұшпан қайын жұрттың құлағын қажап жатсын деп басқа ат құрығандай Күңбике деп ататып еді. Шыңғыс туғалы бұл өзі сорлы бейбақтың онсыз та түсіңкі назарын тіптен жер қылмаймын деп Күнбике деп айтқызып жүр.

Ол жолы да бұл: «Хан ием, бұл қай қылығың?»— деп көрген жоқ. Отауын өзі тігіп, төсегін өзі салып берді. Үйіндегі дүние жиһаздың салихалы кісілерге лайық сарала, қоңыраласын өз төрінде қалдырып, қызғалдақтай құлпырған жасқа лайық қызылды-жасылдысын соның төріне көшірді. Күндесіндей емес, ұзатар қызындай қып күлтелеп ұстап отыр.

Бұл дүниеде Әбілқайырдың ұпайы түгенделмей, есесі кетіп жүрген жері, әрине, көп. Ал Бопай ше... Бопай үшін бәрі олжа. Тіпті баяғыда сырбаз сұлтанды құм арасында сенделтіп қойған семік қол да олжа... Армандатпасты алдына әкелген, қиялдамасты қойыныңа түсірген сирек сөт, сирек бақ... Өзіне өз көзі, өзіне өз тілі тиіп кетердей, іштен «тіфәлап» кояды. «Бақсы — құшынаш боп, басы шайқақтап, сарнап кетем бе!»— деп қоркушы еді. Құдай сабасына түсірді. Сақарып кеткенде етегім ашылып, пұшпағым қанамай қояр ма екен?— деп сескеніп еді. Мырза құдай, міне бес ұл, бір қыздың төбесін көрсетті. «Төреден күндес келіп, төбемді тесе ме!»— деп уайым шегіп еді, хан иеге тәңірім еркектерде ұшыраса бермейтін сирек қанағат беріпті. Әлге дейін көңілде жаңғыз-ақ күптісі бар. Намысқой еркек шіркін ауызы бір қызғанда: «Маған келгенде етегің түріңкі екен. Қасыңа менен бұрын кім жантайып еді»,— деп қалса көлденең тосар тойтарысы да бар. Сонау бір сандырақ түнде түсінде кімге үзді-

гіп, кімге елтіп жүргенін ол айта алмас еді, ал бұның жауаптан мүдірмеске тәуекелі бекем. Бірақ хан ие ондай күмәнді бұған дейін ауызына алмағанда бұдан кейін алар дейсің бе! Бұл тек алтын басты асыл тектім құдайдың бүтін көңілін білместікпен қолдан ойып жыртық өкпе жүрген жоқ па екен деген іш күдіктен қысылады. Бұған істеген тілсіз жақсылығының бәрін: «Бетіңе салар салығым болса да, кештім»,— деген әдейі пейіл, әдейі жомарттық па деп қалады кейде... Бірақ, бір құдайдың әділдігіне, өзінің адалдығы мен зайыбының ақылына сенеді. Сенеді де әлі түгел өшіп болмаған сол бір шаланы ұмыт күндердің сусылдақ құмына көме түседі.

Бопайдың ауызына «тәубе» түспей ұйықтап, «шүкір» түспей оянған күні жоқ. Әлі де сол «тәубәсі» әлі де сол «шүкірі». Бірақ Ералыжан Петерборға есен барып, есен қайтқалы бері тон ішінен сауыт кигендей бекем жүрген көңілі соңғы бір мәжілістерден кейін қайтадан секемшіл боп бара жатқандай...

Ондайда осы дәуренін ақылдың таразысына тағы бір тартып көріп, көңілдің арқауын тағы бір ширатып алуға тырысатын. Қайдағы-жайдағыны еске алып, алыс-жақынды тағы бір шолып шығатыны да сондықтан.

Ондайда бұл барша тіршілігінің туын көтеріп келе жатқан күйеуінің әр сөз, әр қылығын әр қадам, әр құлығын қағыс жіберіп, қате ұғынған жерім жоқ па деп қиналады. Ол мүкіс жіберіп қояды екен деп қысылмайды, өзім олқы соғып, ол ойлаған шаруаға ойдай зияным тиіп жүрмес пе екен деп қорқады.

Ана жүрек «аманат» жайын естігенде індегі бөлтіріктерін аяп темір қайзалап арпалысып кететін қақпанға түскен қаншық қасқырдай бұлқынғанмен, соңғы суық сөзді суыт меймандардың мәжілісі алаң көңілін тағы да үйреншікті сабырға, ширақтыққа шақырғандай еді.

Көш жөнекей бабы табылмай аттың ері мен түйенің қомына тікен шыққандай бөксе басып отыра алмағанының да сыры сонда-тұрын.

Қазақтың еркегі малын жанының жолына, жанын арының жолына, арын елінің жолына қиятын болса, ұрғашысы соның үстіне ішінен шыққан баласын қосып, бәрін ерінің жолына қияды. Ал бұл жанның төлі түгілі малдың төлі қарыны ашып зарланса, қосыла көйгейлеп кететін көшпелі жұрт үшін қандай қиын тәуекел екенін басқа білмесе де, Бопай білетіндей болған. Қатын-балам деп елін сатқан ерлер қандай қарабет болса, тіпті елінің жолында ерін сатқан әйел сондай қарабет...

Бопай да осы жолы Әбілқайырдың тағы да басына бұлт, қабағына сыз айналардай салқын сес бой көрсеткенде аманат жайын уайым қылғанына ойсырай қиналды. Құдайдың құлағына шалынып қалдым ба деп қорықты. Қызылқұмнан Сарыарқаға дейін ұзақ жолда қанша әулие кездессе де, түсынан жұртты көлігінен түсірмей, басына барып құран оқытпай, садақа байлатпай, құдайы айтқызбай өткізбей келеді...

Сонда да көңіл шіркінде нысап жоқ екен ғой. Бүгін түнде

түсіне Ералы кіріп жүр. Бұлар іште сары табаққа салып ап сары сазандай аунатып бүйенге қатырған шырын уыз жеп отырғанда, ол түрулі іргенің тұсына келіп, көзін сатып, қолын жаяды. Бұлар оны аяп қолдарын қанша созса да, іргеге жетпейді. Үйдегілердің қайырынан күдер үзген Ералы отыра қалып, топырақтың астына қолын сүңгітіп, бұлқынтып саршұнақ па, борсық па бірдеңе суырып алып шығады. Жаңағы олжасын бауыздамай, іремей, тыпырлатып, тырнағын қадап, жайратып жатады. Әлгі немесінен қан шықпайды, ағыл-тегіл сүт ақтарылып жатады...

Селк етіп оянып кетсе, басы мең-зең... Бет-аузы жоса-жоса жас. Ұйықтап жатып жылап жатыпты. Әлденеше рет кәлимасын қайырып, әлгіндей бір сөлекеттеу түсті жақсылыққа жорып бақты. Баяғыда Әбілқайыр алғаш бұның төркінінің табалдырығынан аттағанда, бұл өзі де түсінде босағада жайратып арлан бері сойып отырмап па еді... Одан да қан ақпай, сүт ағып жатпап па еді... Арты жақсылық болып еді ғой соның... Мұның да арты жақсылық шығар... Ләйім солай болғай...

Содан қайтып ұйықтаған жоқ. Содан бері, міне, құр сүлдерін көтеріп әрең жүр. Әділ күшіктің не тауып, нәрем алып жатқанын өзі білсін. Ал бұның омырауына дейін сарқылған қайнардай бедірейіп алыпты. Бұрынғыдай сал-сал тебіренбейді, саулап иімейді.

Қай тарапқа жанары түссе де, ықыласы құламай, мынау мың-сан көріктің басын қосып, көлкіп тұрған көктемгі дүниеге де әншейін аз күндік арзымсыз нәсібенің тұсынан өтіп бара жатқан сұпыдай салғырт көз тастайды.

Бар назары пәлен жыл бойы бір кермеген баласын тасасына тығып, тымырайып жатқан теріскейдің сонау қатыгез адырларында.

Бар назары сонау күйеуін осында келгелі бір түнетпей ауылдан-ауылға, рудан-руға қондырып, қолды қып әкеткен күн шығыс беттегі Ырғыз бен Торғайдың кең түбектері жағында.

Бар алаңы — сол екі тараптың қайсысынан қара шоғыр бұрын көрініп, бұрын кеп кермеге ат байлайтынында.

Екі жақтан келетін хабарды да елеңдей тосулы: Көктеуден көш көтерілетін күні Орға баратын елшілік атқа тақымдарын салған. Суыт барып, суыт қайтатын ол топтың ендігі оралатын да кезі боп қалды. «Жолаушының кешіккенінен дәмет» деуші еді. Бұл жолы Бопай олар кідірген сайын қолды-аяққа тұра алмай жүр. Ал көрші Орта жүзге кеткен хан ненің де тап былай көсіле шалқып көп кідіріп жүріп алар жөні жоқ-тұғын. Орыс ұлығынан кісі шақыртып отыр. Олар мұнда бағыт түзесе, несіз ордаға кеп не бітіріп жатады? Соны білетін хан неге асықпайды? Әлде Ор бойының хабары ол жаққа бұрын жетті ме? Анада шақшақ Жәнібек пен шақшақ Бөкенбай да Орға кісі жібереді деген. Олары елдеріне қайтып: «Тап онша алып ұшатындай ештеңе жоқ, асықпай-ақ қойыңыз»,— деді ме екен... Не де болса, көп ұзамай Қайыңды Ырғыздың бұл тұсында жиын көбейеді. Хан не де ол сый тараптан қонақсыз қайта қоймас. Баяғы башқұрт шапқыны

тұсында әбден жарасып кеткен Жәнібектің бұл ордадан дәм татпағанына да көп болған. Хан ақылдаса барған боп, шақыра да қайтуы мүмкін. Бұл жолғы жиынға күллі ұлыс жиылмайды.— Ру түгендесіп, тұқым түгендесіп жатпайды. Ор бойынан келетін хабаршылардың ауыз-ләмін тыңдап алғасын, ақылдасуға қанша кісі, қай ру, қай тарап керек болса, соншасы ғана шақырылады. Бірақ, одан бұл жиынның салтанаты төмендемеу керек. Бәрібір, айдын асырып, абырой жиып қалатын жер. Әбілқайырдың көш жөнелер алдында өзін, Нияз сұлтанды, Мырзатайды, Бәйбекті бөлектеп жинап айтқан тапсырмасынан Бопайдың аңғарғаны осы.

Хан әсіресе орданы қай жерге қондыру, қалай орналастыру жәйін көп бажайлады. Баяғы Мәмбет келіп-кететін жылдардағы ырың-жырың жырғалаңнан есен құтылып, ес жинағалы бері Әбілқайыр сырт айбат, дүшпан көз салтанатқа да көп мән беріп жүр. Оның ордасы үш-төрт жыл бұрын тап мұндай ажарлы, тап мұндай салтанатты емес еді. Қазір, міне, Қайыңды Ырғыздың таудан бөлінер тұсындағы бұйра жынысы, майса көгалы, тұнық тұмасы мен лайытпай мөлдір ағатын өзен-өзегі көп бірнеше жотасы мен қолатын бір өзі толтырып шаһарша шашырап жатыр.

Орда сонау ойпаңда жатқан ту түбектерге күзге салым құлап, шілде өткенше осылай тау бауырлап көшеді. Бұл арада құм арасындағыдай қапырық жоқ. Ірге түрсең, желкеңнен соғар самал лебі бар. Бықынажай ел арасы емес, оңаша. Уфа мен жаңа салынып жатқан орыс шаһарына бір табан да болса төтелеу. Қазір де, міне, осы маңайдағы ең биік, ең көрікті жалдың басына келіп қонды. Қақ ортаға оң қанат төрт үй бір-бір керегенің орынын ашық тастап, бір-біріне тіркестіріліп майхана қылып тігілген. Майхананы бір жағынан ханымдардың қонақ қабылдайтын үйлері мен жатын үйлері, екінші жағынан келген меймандардың хан иемен оңашалап жолығып субхат жасайтын сәлемханалары шырқ айналдыра қоршай орналасқан. Қазақтың өз арасы мен көрші ұлыстар, қалмақ, башқұрттардың алдын-ала хабар салмай, төбеден түскендей төтен келім-кетіміне арнап тігілген әзір үйлер майханадан дауыс жетім жерге бөлек жайғасқан. Олар мен екі ортада бас төлеңгіттер, күзет сардарларының үйлері. Ал патшадан, қонтайшыдан, торғауыт ханы мен Хиуа, Бұхардан әдейілеп келетін елшілер алдын-ала үй тігіліп, кілем жайылып, қозыкөш жерден нөкер шығып қошаметпен қарсы алынады. Жәнібек келсе, жәй ру басыларына, атақты батырларға, ата билерге жасалатын құрыметтен де өткен сый, тіпті тақсыз сұлтандардың өзінен асырып, хан көтеріп қарсы алу қатты тапсырылған-ды. Оған тиер орын таза ұсталып, оған тігілер үйлер іріктеліп әзір тұр. Келеді деген хабар тиісімен-ақ, түске дейін самсатып тігеді де тастайды. Өз ұлысында шамалы сұлтаныңды менсінбей, ханның өзімен иық таластыра шығып келе жатқан ел ұстарды ерекше елеп, қастерлейтін тұс осы тұс. Орданың тағы бос тұрған тұсы. Тек марқұм Сәмеке хан келем

десе ғана көрсетілетін сый соған көрсетілу керек. Ол көрген сыйды қазіргі Әбілмәмбет, Барақтар көре алмайтындай қып торықтырып істеу керек. Мұндай сыйды дәметсе Күшік қана дәмете алады. Ол да төрелігін бұлдап емес, құдалығын ғана бұлдап дәмете алады. Жәнібекті бұлай ұлықтауының да мәні болса керек. Шамасы, ол Жәдік тұқымына қылған қыры. Орта жүздің тізгін ұстарларынан менің төбеме көтеретінім осы!»— дегені.

Хан иенің көмей есебін аңғарған Бопай, осы елге арғыннан түскен бірер келінді тауып ап, күйеулерін ертіп, төркіндетіп жіберді. Олар Жәнібектің өз тұрмысын көріп, астан, дәмнен, сыйдан нені жақсы көретінін естіп, біле келмек.

Ордадан көзге түсетін көрнекті орындарға Әбілқайырдан қысы-жазы ірге ажыратпай, бірге көшіп, бірге жайлайтын еншілес сұлтандардың, одан бір табан жыраққа Бопайдың төркіндерінің ауылдары қонады. Олар да жамыраған төлі мен маңыраған малының, үрген иттерінің дауыстары жетпейтіндей боп жырақ отырады. Меймандардың аттары байланатын кермелер де көз көрім жерге алыс тартылған.

Бұндағы шаруаның бәрі сақадай сай. Тек Бопайдың алаңдайтыны — екі тараптың екеуінен де ешқандай сыбыс шықпай тұрғаны.

Алдымен Ор бойынан хабар жетті. Елшілік жолда келе жатқан көрінеді. Бәйбек өзі меймандардың қасында қалыпты. Ордаға: «Хан ие Орта жүзден оралды ма екен? Оралмаса, хабар тигізу керек. Ол келгенше, мен де асықпай, мыналарға жол-жөнекей ел көрсетейін. Ауыздарын ашса, анау не, мынау не деп сұрамайтыны жоқ әуейі немелер екен. Сол ындындарын да біраз қандыра барайын»,— деп Итжеместі шаптырыпты.

Үш баланың әкесі болғанша, инабат біте қоймаған Итжемес жер түбінен ит қуған ешкідей тілі салақтап жетіп кеп, төлеңгіттің сәлемін бір сөзін өзгертпей сол қалпында қайталап айтып беріп, Бопай бәйбіше енді не сұрар екен деп, ауызына қарайды.

Ханым оның не сөйлеп отырғанын естімегендей бажбия қапты. Әлі де бірдеңе естігісі келетіндей. Бірақ мынау салпы ауыз жігіт көмейіне біреу құм құйып кеткендей үндемейді. Басқа шабарман болса, не көріп, не қойғанын лақылдатып төгіп бағар еді. Ең болмаса, баласын көптен көрмей зарығып отырған анаға ол жайында бір ауыз сөз айта кетуге ақылы жетеді ғой. Хан мұны несіне қызығып, осындай барып кел, шауып келге жұмсап жүр? Әлде айтып бар дегеніңнің бір сөзін алмайтын да, қоспайтын бір ауыздығына бола ма?!...

Не де болса, баяғыдай емес. Ылғи ит жұлған торғайдай боп жүретін үсті-басы түзеліп қапты. Ылғи жалақ-жалақ айғыз-айғыз бөп жүретін бет-ауызына шырай жүгіріпті. Өзіне әлгі бір сары қатын құт боп жолыққан. Жұрт: «Салпы ауыздың сар қатыны итше күшіктеп, ауылымызды өңшең бір жарғақ құлақ жалқаң сарыға толтырып жіберетін түрі бар. Оған бір тыйырым табылмаса, көп ұзамай, бір рулы елге айналады»,— деп шуласады. Қай

ұрғашының да іші бұлтиғанына қуанбаса, ренжімейтін қыр салтында сары қатынға тыйырым қайдан табылсын! Қазір Мәриям тағы да ішін теңдеп алып, ырс-ырс етіп әзер жүр. Бір кездегі жұлма тұлым жұпыны қыз қазір сауырына бір үйір жылқы ірсең де сыйып кететіндей жайқалған жалпақ жон сары бәйбіше. Жайнақтаған көзінің өзі-ақ талайдың көкірегіне құрт боп түсіп, қылжақбастар: «Патшадан елші шақыртам деп, Әбілқайырдың не тапқанын өзі білсін! Шын олжалы осы Итжемес. Екі жыл бойы хан ордада қаңтарылып елші жатып алмағанда, мұндай салпы ауыз немеге тап мынандай қатын қайда? Қызылын қызыққан көріп, қолды болып кетпес пе еді!»— деп пыш-пыштайды деседі.

Ондай-ондайды елеп жатса, Итжеместің аты Итжемес болар ма еді! Қашан көрсең, қаперінде ештеңе жоқ, ыржия күліп жүргені. Ертелі-кеш Бәйбек төленгіттің қасынан шықпайды. Өйткізіп қойған және басқа ешкім де емес, хан ненің өзі. Онда тұрған қандай гәп барын бұрын Бопай да сезбейтін. Енді-енді аңғарып келеді.

Әбілқайыр әдетте мұндай суыт жүрісті сырт шаруаға Құттымбет, Сейтқұл, Қарабас сынды ысылған елшілерін, не балдызы Мырзатай сынды базаршыларын жұмсайтын. Кейінгі кезде Уфа жақтағы шаруаға көбіне-көп Бәйбекті қолайлайды да тұрады. Қазан-аяқ төңірегінде жалап-сұқтап қалған жылмаңтөс жігіт әлгіндей шаруаларды оңқай асықтай үйіріп әкетті. Ұлық десең ұлықтың, саудагер десең саудагердің тілін оңай тауып жүр. Бұрынғы елшілер — хан ненің өңшең ілік-шатыс жекжаттары. Қазақ арасында қадірі мол сыйлы адамдар. Олар қайда да өз бастарына лайық құрмет іздейді. Көрген қошаметтері көңілдерінен шықпаса, көкіректеріне сыз жиып, ойсырап қайтады. Оны тағы барған жерлерінің пейілінен көрмей, жұмсаған адамдарының кембағалдығына жорыды. Сондықтан оларды, қанша дегенмен, әдет-ғұрпы жақын мұсылман ордаларына, қалмақ арасына жүргізіп-тұрғызады да, әлі сыр мінез бола қоймаған бір ені ішіндегі орыс арасына ондай-ондайды ойына ала бермейтін жаттекі Бәйбек пен жабытекі Итжеместі жүгіртеді. Ол екеуі тамақтарының тойғандарын біледі, шаруаларының тынғанын біледі, қалған жағына қапа болып жатпайды. Былайғы қазақты жұмсасаң, ертең елге оралғасын: «Көрмегенім қала болсын! Тым құрығанда, асықпай-үсікпей еркін жайылып, түзге де отыра алмайсың! Сиыр құсап кебек жалап атым, ит құсап шылдыраған шөкір шайма бірдеңені нәрем етіп өзім көресіні әбден көрдім. Әйтеуір, етімнің тірілігінен әзер аллалап елге жеттім. Менен басқа жаман-жұманның бірі болғанда орыс кеңсесінің қарағай қақпасының алдында әлдеқашан арам қатар еді»,— деп бұлданып бітеді. Мына орақ мұрын төленгітте оның бірі де жоқ. Ешқашан ештеңеге шағынып көрген емес. Қайта бес-алты ай жол түспесе, күйісі келіспей жүрген малдай ұнжырғасы түсіп кетеді.

Ал енді: «Атыңды ертте, қалаға соғып қайтасың»— дегенде,

қайынына ұрын барғалы тұрған бала күйеудей екі беті бал-бұл жанып алабұртып қоя береді.

Итжемес те нағыз іздегенге сұраған. Оған да тап пәлендей бап пен сыйдың қажеті шамалы. Ауылда да қайбір жабағының шекесін, бағыланның басын ұстап қарқ боп жүр! Қайта сол бозасы мен ботқасы мол қаласының өзі дұрыс...

Ауылға кеп, ай жатқасын-ақ:

— Байеке, құмалақ ашпадың ба? Жол түсіп тұрған жоқ па? Ертелі-кеш айран-шалаптан басқа нәр көрмей, ішім қатып қап, ауылдың ық жағының шөбін бір өзім түбірімен жұлып тықырлап бітуге айналдым,— деп бас төленгітті жағалайды.

Ал Бәйбек:

— Апырай, мына сығыр жыл он екі айда үйіне ең көп дегенда екі рет түнейді. Соның өзінде сар қатыны бұдан аумайтын жайдақ ауыз бір томар басты атып салып отырады. Осы екеуінің не сиқыры бар?!— деп күледі.

Бұл екеуінің ауылда жүруге жалығып, жөл сағынғандағы әңгімелері.

Жарайды, хан иенің орыстарға Бәйбекті жұмсайтындығы тындырымдылығынан болсын. Ал Итжемес ше... Ол сондайлық қандай ойды орып, қырды қырып жүр. Хан мұндайға одан гөрі жөні дұрысырақ біреуді баулымай ма екен?

Оның да себебі бар сияқты. Орыстар тарапына бара жатқан елшіні «Пәлен шаруамен бара жатыр, түген шаруаны бітіріп келе жатыр» деп дабырлай алмайсың. Өйткені ол тарапқа тек қолқа саласың. Ол қолқаңның қалай қабылданары тағы белгісіз. Ондай жерге «Хан иенің пәлендей шаруасын пәлендей қып бітіріп келе жатырмын»,— деп компиятын, қоқи елші мен «Біздің пәленшекең болмағанда бұл шаруаға бұлай бітпек қайда! Қаран су алатын жерден қайран тапқан сабазым-ақ қой біздің пәленшекең!»— деп оны қолпаштаймын деп отырып өзін де біраз қырға шығарып тастайтын бөспебай серікті қайтып жұмсарсың! Мұндай-мұндай алақандай ауызға алты құлып салып ұстар тапсырмаларға елеусіз елші мен ерқара атқосшы дұрыс. Сонда ғана хабарың шашылмай, етегің ашылмай бекем отыра аласың. Қазаққа қырық қайнаса сорпасы қосылмайтын қиякелді Бәйбек қай құрдасына, қай құрбысына барып сыр айтып мақтансын! Бас төленгіттің қандай шаруамен жүргеніне бола басын ауырта қоймайтын Итжеместің балдыр-батпақ әңгімесін бұл осқырынба қазақтың өзі-ақ тындамайды. Оның үстіне ол неменің әйелі орыс. Енді бұл ордаға патшаның ұлығы келмей тұрмайды. «Мұндай тұтқын әйелді неге ұстап отырсың?»— деп қиқу көтеріп жатса: «Тақсыр, бұл әйелге біздің ешқандай қатынасымыз жоқ. Оның күйеуі — міне, мына кісі!»— деп Итмежесті көрсетпей ме! Сонда Итжемес күнде алдарына барып жүрген ескі көзтаныстары болып шықпай ма!

Осындай іш есеп бір кезде аяқ жастанып жүрген Итжеместі де кісі қатарына қосты.

Енді міне, Бопайдың алдына тізерлей жүгініп сампылдап отыр.

— Сонымен неше орыс келе жатыр дейсің?

— Біз барғанда бүкіл шаһар қуанып, түгел еріп кете жаздап еді, бастықтары тек тоғызын ғана жіберді. Оның бесеуі — әскер.

— Іштерінде Мәмбет мырза жоқ па? Баяғы біз танитындардан біреу-міреу бар ма?

— Бар. Сартайлақ бар. Пәлен қайда, түген қайда деп білгендерін сұрап жатыр. Сосын баяғы боқтампаз Балпақ бар. Ол неменің де біраз нәрсе есінде екен. Әсіресе қазақша боқтықтарды ұмытпапты. «Мынаның ар жағында неше отар қой маңырап жатыр?» деп кіндігімді түртікілеп, әбден ит зықымды шығарды.

Бопай күле түсіп:

— Сосынғылары кімдер?— деп сұрады.

— Сосын тағы үш орысы бар: біреуі ағылшын, біреуі неміс, біреуі татар.

— Немене дейсің? Бәрі қанша адам өзі?

— Тоғыз деп тұрмын ғой.

— Жә, жарайды. Бастықтары кім?

— Бастығы бір тентек балаға ұқсап қолды-аяққа тұрмай жүрген ербеңбай біреу.

— Оның бастық екенін қайдан білдің?

— Ханым, білмейтіндей несі бар? Қазақтармен сөйлесетін ең шені кішкентай төменгі ұлық болады. Бұлардың арасындағы біздермен тілдесетіні Құлбай деген татар. Баяғы Мәмбет мырзаның көмекшілерінің бірі деседі. Ол біздің қазақша әңгімелерімізді орысшалайды. Оның орысшасын бір Дию-тырық дей ме, Дию-жырық дей ме, әйтеуір өзі қаршадай болғанмен аты дардай он төрт жасар неміс баласы шұлдірлеп немісшелеп береді. Оның немісшесіне әлгі елтең-селтең ағылшын түсінеді. Соған бола осынша арамтер болғандарына қарағанда нағыз дөкейі сол шығар.

Бұл — Итжеместің аңғарғаны. Ал, бірақ Бопай жөнді ештеңеге қанығa алмай отыр.

— Жарайды. Ералыжанды көрдің бе?

— Көрдім. Соқталдай жігіт болыпты.

— Жағдайы қандай екен?

— Жаман емес секілді. «Сен тамақсау едің ғой, қарның ашып қалмасын»,— деп ауызыма ботқа мен нанды тыққыштап бақты.

Ханым көзіне жас алды.

— Не деді?

— Не десін, «Қожайындар-ай, биыл уызға қарық болдыңдар-ау» деді.

— Алла, жарығым-ай! Сен не дедің?

— Не дейін, «Иә, ханзада, сүт пен айран көп... Бірақ, мынандай нан мен ботқа таптыра бермейді» дедім.

Ханым қинала жымсиды.

Сонымен Итжемес «шаруасын бітіріп» үйіне кетті. Сол бойда-ақ Торғайға қарай ат ұшты. Бопай ой үстінде. Бастықтары ағылшын дейді. Бұл білгенде, орыс патшасының жіберер елшісі не өзімен қандас орыс, не бұлармен қандас башқұрт, татардың бірі болса керек еді. Айдаладағы ағылшынды жұмсағандары қалай? Түсініксіз жәйт екен. Әлде әлгі Итжемес парқына бармай айтып отыр ма?..».

Бопай ол дүдамалдың түбіне жетіп болғанша, хан ат басын ауылға түзепті деген хабар да келді.

Бәйбек күнде шыққан ауылынан бір адамды ордаға шаптырып, хабарын айтып жібереді. Олардың әңгімесі де қиғаш-қиғаш. Біреулері: «Іштеріндегі жөн білетіндері осы екен»,— деп Құлбайды бастық қылып келеді. Біреулері «Мынандай маңқиған марқасқа орыс тұрғанда, қасындағы анандай селтеңбайларға билік қайда!»— деп баяғы боқтампаз Балпақты ұлық деп келеді. Не де болса, бәрінің сөзі, шырқ үйіріліп, әлгі бір ағылшынның жаңғалақ қылықтарының төңірегінен шықпайды. Ол өзі біреудің үсті-басынан жылтырақ бірдеңе көрсе, бала қыздарға ұқсап: «Мынаны қайдан алдың? Бәсі қанша?!— деп жабыса кетеді деседі. Алдыңғы күні қонған бір үйінің ұсынған қымызының ішінде қылшық жүріпті. Мейманның тіксініп отырғанын байқап қалған Бәйбек: «Бізде қымыз әрі тез, әрі дәмді ашысын деп, ішіне жылқының қылын қоса салады»,— депті. Аңқау неме тостағанды басына бір-ақ көтеріп: «Шынында да, дәмді екен!»— деп тамсаныпты. Содан кеше түскен үйінде: «Мынау манағы үйдің қымызындай тәтті емес. Бұның ішінде қылшық неге жоқ?»— деп дау шығарыпты. Сүйтіп жүріп өзі анау-мынау ауруды ақ сайтандай қағып түсетін балгер көрінеді. Өмір бойы екі көзі құтырған иттің көзіндей қызарып жүретін Күдері байды жығып салып, күлдей аппақ бірдеңе сепкен екен, ертеңіне қолмен жұлып алғандай жым-жылас жазылып шығыпты.

Не де болса олардың хабары күн санап даурыға, дүңкілдей түсті. «Әбілқайырға орыстың патшасымен қоса, оның арғы жағындағы ағылшын, неміс патшалары да елші жіберіпті»,— деген дақпырт жоқ қараған, қақпан барлаған, бала құттықтаған, ерулік жескен жүрген-тұрғындардың шалғайына ілесіп, мына бетте Елек, Қобда, ана бетте Есіл, Ертіс арасындағы талай елдің құлағына шалынып, таңдайларын қақтырыпты. «Бұл сұр сайтанның тасы өрге домалайын деп тұр екен»,— дегізіпті. «Әй, бәсе, жоңғар, Бұхар, Хиуа Ташкеннің қыс бойы соған ат сүмеңдетіп шыққаны қайдан тегін болсын. Олар да осындай боларын біліп отыр екен ғой!»— деп көріпкелдік жасап жатқандар да бар сияқты.

Не де болса сол бір дүңк-дүңк дүдамал хабар келе жатқан елшіліктің де, бұл ауылдағы болғалы тұрған жиынының да дабырасын біраз ұлғайтып, айбынын біраз асырып барады.

«Қайдағы қаңғырма біреулер ме, қалай? Іштерінде дұрыс кісінің сойы көрінбейді екен. Ертең ел алдында: «Елшілері осы ма?»— деп табаға ұшырап қалмасақ жарар еді»,— деп қатты

қиналып жүрген Бопай Әбілқайырдың жайбарақат қабағын көріп біраз тыншыды.

Хан ие мына даңғой дақпырттың ауызынан қақпай, онсыз да ел аралап, әбден құмардан шығып келе жатқан бейтаныс жолаушыларды жолдағы ауылдарға көбірек аялдатып, көбірек қызықтатты.

Бұл жолы жұрт жатжерлік жолаушыларға баяғы Мәмбет мырзаның елшілігі тұсындағыдай үрке қарамай, көбірек жанасып, әр нәрсені бір сұрап, бой үйретіп алыпты.

Елшілер хан ордаға бір күндік жердегі кете Тоңаша батырдың аулына жетіп түсетін күні алдынан шығып сәлемдескелі Нияз сұлтан, Мырзатай, Қожахмет пен Тұяқ атқа мінді.

Барса — ұзын жалды бір өзі шүпілдете толтырған кетелер ауылының үсті ығы-жығы. Көрші ауылдар да тайлы-таяқтары қалмай сонда жүр. Қалың шалғыннан қиқалақтап әзер жүріп келе жатқан ашық күймені жолдағы елдерден қосылған көп тамашашы қауым қаумалай қоршап апты. Әйтеуір арасынан Бәйбектің едірейген мұрты мен орақ мұрыны алыстан мен мұндалайды. Қасында — бес қаруын асынған бес атты казак. Алдарында — жирен айғырға шалжия жайғасқан жалқын сары біреу. Оның да мұрты серке текешіктің мүйізіндей селтиіп тұр.

Делбешінің қасында отырған жалбыр шаш жігіт анадайдан ырсия күледі.

Күйме тұсында Нияз, Мырзатай, Қожахмет, сол маңайдың ақсақал-қарасақалдары самсап тұрған ақ боз үйге жақындап кеп тоқтады. Әлгі жирен айғыр міниіп келе жатқан жалқын сары лып етіп атынан түсіп, күйменің есігін ашты. Нән етікпен құдды бір жылан өлтіріп жатқандай жұмсақ топырақты бұрқ-бұрқ тепкілеп, екі өкшесін бір-біріне сарт-сұрт тигізіп біраз жұлқынып алды да, кенет тісі шаншып қоя бергендей, жым-жырт қақшиды да калды.

Күймеден әуелі үстінде тік жаға қара бешпеті, басында қара тақиясы бар ақсұр адам түсіп, жұртқа күле қарап:

— Ассалаумағалейкум!— деп қолын көкірегіне апарды.

— Әліксәлем!

Үлкендер сұйықтау үн қатты.

Жымсия күлген қара тақиялы жолды босатып, жирен айғыр мінген жирен мұрттың қасына жылысты.

Енді мойыны қылқиған бір шікі өкпе бала түсіп, екі беті ду қызарып, басын иді. Олардың қасына, бірдеңеден құр қалғандай, делбешінің қасындағы жалбыр шаш та жетіп келді.

Ең соңында барып әлгі ағылшын түсті.

Жұрттың айтып жүргені рас екен. Шынында да, қызық неме көрінеді. Дудыраған ақ селеу шашын жауырынынан төмен салбырата түсіріп, ұшын бұрым қып өріп қойыпты. Үстіндегі тізесіне жетер-жетпес шолақ бешпетінің белін қыздардың киіміндей тыңқитып қынап тастапты. Ал, енді тіз киімі қырғын! Өзін ақ шәйіден тігіпті. Әрі тар. Әрі жұқа. Бұтымен бұт. Ар жағында не қымтаулы екені бес енеден белгілі боп бадырайып тұр. Жұрт

жырқ-жырқ күле бастады. Алдынан қарасаң бұлтитып, артынан қарасаң тыртитып, әйтеуір, аты лыпа, бірдеңе киіп алған әлгі сабаз дәнеңеден хабарсыз. От басқандай сйнақшып бір орнында тұра алмайды.

Жөн білетін жолаушы алдымен ақсақалдарға кеп қол қусырып сәлем берер еді. Ал мынаның жағасы жайлау. Ыржың-ыржың етеді. Әкелеріне тығылып, жылт-жылт сығалап тұрған қара домалақ балалардың қасына барып, жер тізерлеп отыра қалып, қалтасынан орамал суырып, қаспақтанып тұрған тұмсықтарын сүртіп, маңдайларынан сипайды. Таяқтарына сүйеніп қалт-құлт етіп тұрған қалтақ бас кемпірлердің қолдарына жабысып ерінін тигізеді. Таңсық меймандарды үкілері бұлғаңдап топқа жақындамай алыстан, отауларының сыртынан тамашалап тұрған қызкеліншектерді көзі шалып қап, соларға қарай жер түбінен жер тізерлей тағзым етіп, өз қолын өзі шөп-шөп сүйіп, елпектейді де қалады. Жақсылар мен жайсаңдардың алдына сосын барып келді. Кереметтің көкесі сол арада болды.

Екі көзі тостағандай боп, бұлтиған етті еріндері албырай алаулап, маржандай ірі тістерін ақситып, алдарына жайнақтап жетіп барғанда, үлкендер, қапелімде аңтарылып қалды.

— Астапыралла, мынау өзі еркек пе, әйел ме!— деді біреу топ ішінен.

— Кім болғанда не істейін деп ең? Аяқтасып бірге ұйықтайын деп жатқан нең бар?,— деп екінші біреу күңк етті.

Мейман оларды одан сайын таңғалдыра түскісі келгендей, маңдайына қауырсын қыстырған делдиме қалпағын басынан жұлып ап, жер сыза үш рет ербеңдетіп, мойыны үзілгенше иіліп, қонышын қара санына жеткізіп, жылтыраған ұзын етік киген ерең-серең аяғын көз ілеспес жылдамдықпен бір-біріне шалыстыра ілгері-кейінді үш рет итеңдеп, кісі күлерлік құбыжық қимылдар жасап, елден ерек қошамет көрсетті.

Жұрт арбалған торғайдай ауыздарын ашып қалыпты.

Сілтідей тұнған мына жұрттың естерін жиғысы келгендей жымсия күлген тақиялы ақсұр жігіт ортаға шықты.

— Алдияр тақсыр императрицамыз Анна Иоан қызы ағзамның, күллі Орынбор уалаятының бек Зур хакимі құрматлу ва ғизатлу статс-советник Иван Кирилл угылы Кирилов тақсырының бек құрметлу полковник Мәмбет Құтлық Мамаш угылы мырзаның һәм Орынбур шаһары башлығы подполковник Яков Федор угылы Чемодуров мырзаның пәрменимен келип торған бек ғизатлу мейман Джон Кэстли мырза! Инглиз миллэтинан, Британ мемлакатинан!

Сыптима шалбары бар мейман аяқ-қолын тағы да ербеңдетті.

— Шуши малай тилмаш, Дитрих Люфтус! Немис миллэтинан, Русия мемлакетинан!

Ырғай мойын бала бас изеді.

— Контора ишкари Сергей Костюков!

Манадан бері екі езуі екі құлағында тұрған ұзынтұра сары жігіт қолымен жүрегін басып, басын иді.

— Әй, мынау баяғы Сартайлақ емес пе!

— Иә, соның өзі ғой.

Жұрт бір гу ете қалысты.

— Уфа казаги Сидор Цапаев!

Жалқын сары мұртын ширатты.

— Үшбу ләшкер — конвой!

Аттарынан түспей тұрған төртеу бір-бір жөткірініп қойды.

— Узим Қасымов шаһарынан. Милләтим — татар. Исмим — Құлбай.

Жұрт бір-біріне қарады. Жаңағы бір қылықтарына қарап, қомсынып тұрған мына селтеңбайлары әлгі татар айтқанда тіптен ірілеп кеткен жоқ па! Асылы кісі қызмет жөні неғұрлым түсініксіз, неғұрлым ел естімеген таңсық боп келсе, солғұрлым сырт көзге қадірлі де айбынды көрінеді ғой. Мына жұрттың ойынша мынау ойнақтап тұрған неменің де аяқ-қолы соншалықты жеңіл болғанмен, ар жағы тым зілман жатқан сияқты. «Патшақатыннан бастап талай ұлықтың, Ресейден бастап талай патшалықтың атын ататтырғанына қарағанда бұл зәнталақ қайдан тегін болсын! Таж иесінің не күйеу баласы, не құда баласы, әйтеуір көлденеңнің көк аттысы емес қой! Жұртқа бақ, дәреже үлестіретін үлкен ордалардың есіктің алдындағы малайдан басқаның бәрін өз қандас, өз сүйек шатысынан жинайтыны қашаннан белгілі қағида емес пе!». Көбінің ойы осы.

Өзі ұлық болғасын, жұрттың не ойлап тұрғанында шаруасы қанша, кеудесін желге төсеп, өз тілінде: «Ту, қапалап кеттім ғой!» деді ме, бірденеге деп былдырақтап, басындағы ербиген дудар шашын жұлып алғаны. Ар жағында жылмиып тағы бір шаш көрінді. Жұрт жағаларын ұстасты.

— Астапыралла!

— Мынадайды кім көрген?!

— Қой, мынаның басынан басқа жері де алмалы-салмалы шығар!

— Сиқыршы ма, аруақ па!

— Мұнадайға тегін кісісін жібере ме, киелі кісісін жібергендағы!

— Аруағына сенбесе, бүйтіп ел асып, жер асып нағып жүрсін!

— Бәсе, жер құдіретке ұқсап, талтайып тұрысы бөлек еді-ау!

— Абайлаңдар, дуалап кетпесін...

Мейман мына жабыр-жұбырға елең де еткен жоқ. Шақырайып тұрған күн көзіне тыжырына бір қарап қойды да, қойынынан жылтырақ бірденеге суырып алды. Әуелі құлағына апарып тосты. Сосын зың еткізіп, қақпағын ашып, ішіне қарап жымсиып күлді.

Жұртта ес жоқ. Ұлық қолындағы жылтырақты қасында аңтаң ауызын ашып тұрған Қожахметтің құлағына апарып тақай қойды.

Тентек баланың көзі әпірейіп кетті. Әлгі пәле: «Кет! Кет!»,— деп сыбырлай зекіп тұр. Жаңа өз иесінің жымсиып күлгеніне қарағанда, оған: «Кел! Кел!»— деген болар. Бұны бөтенсінің тұр. Сонда бұлардың темір екеш темірінде де ақыл болғаны ма?!

Әлгі тықылдақты кезек пе кезек құлағына тосқандардың бәрі қайран. Бір қалтылдаған кәрия: «Мен де көрейінші!»— деп ұмсына беріп еді, сар ауыз балапандай шықылықтап жатқан пәлекетті ұстай бергенде, тұла бойы дір ете қап, қолынан түсіп кетті.

Жұрт ішін тартысты.

Ұлықтың серіктері қабақтарын жиырысты. Өзі иіліп жерден көтеріп алды да, құлағына қайта апарып, бірдеңе деп ырсиып күлді.

— Өзі бір өмір бақи ашуланбайтын сабаз шығар. Езуі жиылмайды ғой!

Ол күні жұрт қақ төрде семіз бағыланның ақ уыздай дірілдеп жатқан табақ толы етінен үркесоқтай ауыз тиіп, көп күліп, көп сұрап отырған таңсық мейманның дауысын сырттан естігендеріне де мәз болып, қашан түн ортасы ауып кеткенше Тоқашаның ақ дігердей сегіз қанат үйін айналсоқтап жүрді де қойды.

Ертеңіне елшілік қонған ауылдан түндегі дастархан үстіндегі әңгіме жан-жаққа жаңа лақап боп дүңк-дүңк тарап жатты.

— Жаңа қаланы күзге дейін бітіреміз деп отыр!

— Оның базарына келмейтін ел, түспейтін дүние жоқ көрінеді!

— Айдап баратын малдарды осы күннен семірте беріңдер деді ғой!

— Жолға түйе мен түйекеш беріп тұрсаңдар, ұн мен шайды тегін береміз депті!

— Жаңа қалаға патшаның өзі кеп пәтиха беріп, Әбілқайыр мен ру басы билерге өз қолынан дәм татыратын көрінеді!

— Бәйгеге қосатын жүйріктерің мен алқаға түсетін палуандарыңды осы бастан баптай беріңдер депті!

— Қазақтың да жәй-жапсарына жетіліп қапты. Бөкенбайдың, Есеттің, Төлебайдың ауылдары қайда деп сұрайды!

— Ор бойынан бірге келе жатқан Бәйбекке «Бәке, Бәке!»— деп, кешеден бері қасында жүрген Шағырбайға «Шәке, Шәке!»— деп елпектеп жатыр.

Жаңа елшілік жұртты күлдіргенмен, ешкімді үркітпей-тіксінтпей жайына келеді.

— Ұлықтарының алды қандай жазық! Жібекке мұрынын сүртіп мауытыны аяғына шұлғап отырса да, қойшы-қойманшының өзімен терезесі тең кісіше сөйлеседі екен?

— Біздің төреміз түгілі төленгітіміз төбемізді ойып жібере жаздайды ғой!

— Төленгіт деген не, ханның әлгі бір делқұлының тымағындай желпілдейтін де жүретін жасауылы бар емес пе! Қалбек пе еді, Қалбай ма еді, немене еді! Сол батыр түн ортасында ауылыма дүркіретіп шауып кіріп, жаңа қайып отырған інгеншемнің күйін бұзып кеткені. Шаужайына жабыссам: «Інгеніңнен түсіп

қалғанды қатыныңның құрсағына апарып салып берсін демесең, жолымнан қалдыр ма»,— деп қамшымен бір тартып тайып тұрды.

— Мыналардың базарлығы неткен көп! Жолап кетсең, әтір сабын, айнатарақ ұстата салады.

— Бір ұятсыздар бір барғанда бес барып, әбден қарқ боп қалыпты.

Жұрттың өзінше жылы шырай көрсетіп, сый мезірет жасап жатқан түрі бар.

— Қазақтың игі жақсыларындай түйені түгімен жұтып қоятын алпауыз емес, қанағаттары бар неме ме екен. Мал жетектесең ат-тонын ала қашып, қайдағы бір баланың асығы, қойшының сырнайы, қыз-қырқынның кестесі сәкілді ұсақ-түйекке мәз болады.

Тоқашаның ауылында Сағалбай деген жігіт жұртты қырантопан күлкіге батырыпты. Аттанып бара жатқан қонақтың артынан жүгіріп, бір кішкентай қара қобдишаны көрсетіп: «Қолымда мынадан басқа ештеңе болмай тұрғаны. Алмасаң, өкпелеймін!» — деп жата қалып жабысыпты. Сөйтсе, қобдишаны ашып көрген ағылшын ұлық расында да ауызын ашып, көзін жұмып қайран қалыпты. «Апырай, мынау сенің қолыңа қайдан түсті! Қайдан алдың?» — деп сұрапты. Әлгі сабаз: «Баяғыда осы елге Мәмбет мырза келіп жатқанда, менің Батыр сұлтанға еріп түрікпенге барып қайтқаным бар. Сонда Асмантай-Матайдың құмында ақ патшаның Хиуаға бара жатқан керуеніне тап болдық. Әркім қолына түскенін ала қашып жатқанын көріп, мен де бір нән орыстың мойынындағы күйек қаптай қара былғары дорбасына жабыстым. Ішінен осы шықты. Дорбаны қақыратып сөгіп, былғарысын қатынға етік бас қылып бердім. Мынау әлі жұр еді. Керегіңе жараса, жақсы болды. Ала қой!» — деп қоңырсытып қоя беріпті. Ақсақалдар: «Тәйіт, қайдағыны көкіп барасың! Әйтіп тыныш жатқан жыланның құйрығын баспа! Одан да «Бұхар шығып бара жатқан бір керуеннің түйесін бағып едім, соның бастығы жәдігер қылды» — деп айт!» — депті. Сасқалақтап қалған жігіт: «Айтпақшы, солай екен ғой » — деп әзераллалап құтылыпты. Татар тілмаш түбі шикі іс екенін байқап қап, ақсақалдар айтқан қисынды орысшалады. Ұлық жадырап: «Жарайсың!» — деп Сағалбайдың аркасынан қағыпты. Жұрт тілмаштан: «Сонша қадірлі зат па, бұл немене?» — деп сұраса, ол: «Қағазға сызу сызуға керек құрал» — депті. Оны естіген Сағалбай: «Ту, Батыр сұлтан бірдеңе біледі екен ғой деп жүрсем, тұк сезбейді екен ғой? Бұл орыстардың казан үстінен ет алып жейтін шанышқысы деп еді. Ауызына келгенді соға салыпты ғой!» — деп санын бір соғыпты.

Не де болса, келе жатқан елшіліктің ел аузында жыры көп. Әбілқайыр іргеден тың тыңдап, ойға батады. Анада Орта жүзден әлгі жылтаң көз қаңғырманы ертіп Асан абыз бен Жәнібектің баласы Жауқайтар келіп кеткен күні бір іске белді бекем буған. Мынандай алыпқашты көбейіп тұрған кезде жаңа-жаңа беті бері

қарап келе жатқан мінезсіз ел тағы да түндегідей қыдырмалардың сөзіне еріп, «Башқұртты жеңе алмай отырып, аз орысың бізді жарылқап не қарқ қылар дейсің. Орынборың да бордай тозып құруға айналыпты ғой!»,— деп қайқиып-қайқиып шыға келсе, қайтадан иіктіргенше қай заман?! Соны ойлаған Әбілқайыр ертесіне-ақ Бәйбекті оңашаға шығарып ап, көп ежіктеген:

— Орыстың ұлығына бар. «Қазақтардың арасында түрік патшасының жансызы жүр. «Орыстар Орынборды тастап кетті. Ар жағындағы башқұрттарға әлдері келмей жатыр. Сендер де қол қосындар. Жиырма мың жігітті атқа қондырыңдар!»,— деп осек таратып жүр. Қылмақ Абыздың да уағызшылары күні-түні ат құрғатпай тұр. Хан қалай да елші жіберсін деді. Сол келіп басу айтпаса, мына халықтың түрі жаман,— деп бар»,— деген.

Қадалып айтқан. Қатты тапсырған. Бұл — оның әрі шыны, әрі айласы еді. Бүйтіп үстеп айтпаса, қосып, қопсытып айтпаса, орыс ұлығы: «Өзіміз мұрынымыздан шаншылып жатқанда, елші сұрағаны неткені?»— кергиді ме деп қорыққан. Енді міне, сүйтіп жалынып-жалпайып алдыртып отырған елшісі ордасына да таяп қалды. Ертең мынау аума-төкпе жұрт: «Елші, елші!» деп дабырықтырып жүргендері осы ма! Өзіміздің Бәйбек пен Итжеместің ар жақ-бер жағы ғой!— деп қомсынса, не болмақ!? Ал, елшілер шетінен қымыз ішіп, қызара бөртіп жүрген мұндағы елді көріп: «Хан бізді алдапты-ау! Қаран су алып жатқан ештеңе жоқ екен ғой!»— деп жүрсе, қайтпекші!?

Көп дудамалдың қоршауына түскен хан қашан елшімен өз ауызынан тілдескенше ру басыларына хабар салмай тұра тұрмақ. Елшіден орыс жағдайына өзі қанығып, оны казак ордасындағы жағдайдан хабардар етпек. Былтыр күзден бері: «Жаз шыға жаңа шаһарға шақыртылам. Ру басынан бір-бір аманат әзірлендер!»— деп күпілдеп жүргенде, жаз шыққасын екі жақ бір-біріне аяқ серіппей жатып алса, бодандықтың арқауы босап, арты қожырап кетпегін түсіндірмек. Әзір жол бойындағы аңқау ауылдарға жаңғалақ қылықтарымен жағып келе жаткан жат жерлік елшіні сүйтіп әбден пісіріп алып барып, жұрт алдында шығармақ. Оған дейін біраз көңілін аулай тұрмақ. Қашан онын ел алдында ши шығарып алмайтындай күйге жеткенін көргенде барып, жан-жаққа хабаршы шаптырмақ.

Ертеңінде Тоқашаның ауылына жасауылын жұмсап: «Меймандарды ордаға алып кел!»,— деді.

Сары бесінде жапатармағай шапқылаған қара құрым көл аттының ішінде жалғыз күйме жал басына көтерілді. Ордадан тай шаптырым жерге оқшау тігілген ақ жұмыртқа үйлердің үстін шаң басып кетті. Ол күні олар сонда еру болды. Хан төленгіттері табақ, саба көтеріп апарып, қонақасы берді.

Тамақ үстінде елші:

— Сіздің салтыңызда, сырттан келген мейман ханға қайтып қошамет көрсетеді?— дейді.

Бәйбек ерінбей-жалықпай орнынан тұрып, сыртқа шығып кетіпті. Сәлден кейін табалдырықтан имене аттап, босағадан бір

елі ілгері озбай, жер тізерлей жығылып, басын жерден үш рет көтеріп, маңдайын жерге үш рет тигізіпті.

Елші:

— Апырай мынау бір қиын үрдіс екен. Таң атқанша жаттыға алсам, жарар еді,— деп қынжылыпты.

Бар әңгімесі, бар қылығы — ақ көңіл, нанғыш адамның сойы. Хан енді мынау жаңғалақ елшіні көруге асықты.

Келесі күні айғыр топ адам немісше сыптай боп киініп алған елшіні орталарына алып ордаға беттеді. Бәйбек пен Шағырай екі қарынан тас қып құшақтап алған. Ұрлық үстінен ұсталған біреудей дедектетіп келеді. Майханаға он қадамдай қалғанда: «Сендер тұра тұрыңдар. Мен барып баян етейін»,— деп Бәйбек ілгері озды. Сәлден кейін екі жасауыл шығып, топ ішінен елші мен екі тілмашты ғана бөліп ап, майханаға қарай бастап жүрді.

Қақ төрде — сары ала шапанды хан. Сол қолындағы елші анада көрген Нияз сұлтан. Екеуінің арасында бір кісілік орын тұр. Оң қолындағы күлімдеген бала жігітті де танып тұр. Былтыр күзде жаңа шаһарға барып кеткен Нұралы сұлтан. Одан төмен отырған — сағаттың шықылынан қорқып, құлағын тартып ала қоятын Қожахмет деген бала сұлтан. Екі жақ қапталға ақсақал-қарасақалдар жайғасыпты. Бәрі де анада осылай қарай шығарында Ералы сұлтан мен Қотыр батырдан сұрап біліп алғандай. Бәйбектің түндегі еңкейіп-тоңқайып көрсеткендерінің бәрі есінен шығып кетіпті. «Әйтпесе, мыналарды бір күлдіріп алуға болар еді. Бұларды бір күлдіріп алсаң, ар жағында тіл табысып кете қоюың тап онша қиын емес екен. Өздері бір күліп алмай тұрып, ешкімді елемейді де, сенбейді де екен... Қызық халық... Бірақ, бұл дүниеде қызық емес халық бар ма! Сондықтан жұртқа неғұрлым күлкілі көрінсең, солғұрлым сіңімді боласың...»

Джон Кэстли қалпағын алып, француздар дағдысымен аяғын айқастыра ойнақтатып, үш рет иіліп-бүгілді.

Хан орнынан тұрып, қолын алып, қасындағы бос орынға отырғызды. Жолда қалай жеткендерін, мындағы жағдайларының қалай болып жатқандығын сұрады.

— Елші мырза, енді жүріс жәйін айта отырыңыз,— деді хан мейманының әлгі сауалға жауабын байыппен тыңдап алған соң.

Джон Кэстли үй-ішіндегілердің бас киімшең отырғандарын енді байқап, ол да қалпағын киіп алды. Қадірлі атасының қасына кеп, сыпайысып отырған ерке немередей, екі жаққа жалтақ-жалтақ қарап қойып, әңгімесіне кірісті. Бірақ, аспай-саспай бабымен сөйледі. Әуелі Ералы ханзаданың құрметті ханға, ауыл-аймағына айтып жіберген дұғай-дұғай сәлемін жеткізді.

— Рахмет! Сәламат болсын!— деді хан.

— Саламат болсын!— деп үй-ішіндегілер жамыраса тіл қатып барып, тез тыйылды.

Елші Ералы ханзадамен көптен бері жақын танысып, достасып кеткендерін, бір-бірін тіпті бауыр санайтындарын айтты. Ханнан басқасы қозғалақтап, бір-біріне қарасты. Сосын Кэстли

Ор бойындағы Чемодуровтың атын әдейі ауызға алмай, ту Самарада жатқан Кириловтың тапсырмаларын баяндай бастады. Ең алдымен, оның былтырғы Нияз сұлтаннан айтып жіберген уәдесінде тұра алмағанына қатты өкініп, кешірім сұратқанын айтты; жаңа қаланың күзге дейін бітетінін, соған ханның қалай да шақырылатынын мәлімдеді.

Хан елшінің бұл хабарына ықластана бас иіп, оң қолын көкірегіне басты.

— Биік дәрежелі Иван Кирилов тақсырға дұғай сәлеміне бек ризашылығымды, менің де, алла жазса, амандасып, мәслихаттасатыныма кәміл сенетіндігімді мағлұм еткеніңізді айрықша қалар едім.

Екі жақ қапталдағы жылтырасқан көп көз бұл тұстағы екі мәжілістестің бет-ажарына тесіле қапты.

— Құрметті хан, маған Кирилов мырза, сіз және қадірменді ру басылары алдияр тақсыр императрицаның ырқына көнгісі келмеген қарақшылардың істерінің өрге баспайтынын мұндай бассыздық көп ұзамай сазайын тартатынын жақсы түсінеді, сондықтан да Қылмақ Абыз бүлікшілерінің азғырынды әңгімелеріне құлақ аспайды деп қатты сенетінін хабарлауды бұйырды.

Хан тағы да көкірегіне қол апарды.

— Биік дәрежелі Кирилов тақсырдың өзіміз қақында ондай бөлек сенімде болғанына біздер де зор қуаныштымыз.

— Әлбетте, әлбетте!— деді қос қапталдағы ақсақалдар оны қостап.

Сол ортада қолға су құйылып, табақ жасалды. Тағам үстінде хан елшіге өз қолынан қымыз ұсынып отырып:

— Ресей патшалығы басқа көршілерімен қалай? Башқұрттардың қақтығысынан бөгде қан төгіс жоқ па?— деп сұрады.

— Ұлы империяның ішкі, сыртқы жағдайлары қазір ойдағыдай. Башқұрттармен болып жатқан қақтығыс — соғыс емес, биылғы қыстың орасан қатты болғанын, жер шалғайлығын пайдаланып қалуға тырысқан шәлдуарлық. Ал шәлдуар баланы кез келген көргенді әке өйтіп есіртіп жібере алмайды, құйрығын түріп қойып, біраз шықпыртып алады.

Жұрт көзіне жымың-жымың қуақы от жүгіріп, қолдарындағы қымызды құшырлана қылғытып бақты.

Хан қонағының оң иығынан екі рет қақты. Онысы — әрі әлгі тауып айтқан сөзіне қатты риза болғаны, әрі бүгінгі мәжілістерінің осымен аяқталғанын хабарлағаны.

Жұрт орындарынан дүр көтерілді. Бәрі де тұстарынан өтіп бара жатқан елшіге риза болғандарын сездіріп, екі иығынан жапатармағай қағып жатыр. Сыртта да жиырма шақты адам күтіп тұр екен. Олар да қолдарын ала жүгірді. Өзіне тіккен үйге жеткенше екі иығы ауырып қалды. Келгесін сырт киімін шешіп қараса — саутамдығы жоқ, айғыз-айғыз май.

«Анау айтқан ашық ауыздардың сойы емес. Көңілінде безбені, көмейінде сүзгісі бар нағыз аққаптал қу. Жаңғалақ боп

жүргені қара тобырды қайткенде алдап соғам деген амалы болмасын!»

Мейманы шығып кеткенде ханның басына келген ой осы.

Ертеңіне қолдарына құс қондыртып Мырзатайды және бір топ саятшыны ертіп, елшіні адай Табылдының ауылына алып жүрді. Жолда Мұғаджарды басып өтіп, бара жатқанда құс салып, қайтарда құлан атып, сый қонақтың біраз көңілін көтерді. Мыжық таулардың арасынан қазақтар кен шығады деп жүрген бір-екі жерді көрсетті. Елші атынан түсе қап, былғары қоржынын тырситып тас жиып алды. Хан қалған қазақтардай емес, ұстамды екен. Оның ешбір қылығына жұртқа ұқсап жыртаңдап күлмеді.

Кештетіп ордаға оралған бұларды қасқа маңдайын күн тесіп күреңіте түскен бір шадыр көз сары кісі мен бір еңгезердей қара сұр кісі үй сыртынан қарсы алды. Біреуін: «Жаппас руының бас биі Баймұрат»,— деп, екіншісін Орта жүздегі Жәнібек батырдың туысқаны Төлек батыр деп таныстырды.

— Егер патша ұлығы мақұл деп тапса, жаңа салынып жатқан шаһарға бір мың қой айдатар ем,— деді жаппас биі.

— Иә, кеше машқар Жодік те екі мыңдай еркек қой айдатып жіберер ем деп отырған,— деп хан сөз қыстырды.

Елші:

— Барғасын ақылдасып, көп ұзамай бір хабарын бергізермін,— деп уәде етті.

Төлек елшіні өз ордасына шақыра келді. Шақшақ Бөкенбайдың ауылы күбініп күтіп отыр екен.

Елші тағы да үш-төрт күн сол маңайдағы екі орданың шақырған ауылдарында қонақтап қайтты.

Олар бұл топыраққа аяқ басқалғы сегізінші таң атқанда қадірлі мейманды хан өз дастарханынан дәм татуға шақырды.

Бейтаныс мейманға Бопай ханым қатты ұнады. Оның мынау желқақты күн қақты қыр адамдарының арасында аса сирек ұшырасатын дөңгелек жүзі, балғын қалпын жоғалтпағын қызыл шырайлы өңі, тостағандай-тостағандай тұнық көздері, пістеленіп кетпеген қыр мұрыны, кесектік пен нәзіктікті бірдей қабыстырған ерекше кескіні суретші елшінің қырағы жанарын бірден бауырап алды. Әсіресе, өзі сыйлаған Ералы ханзаданың суретіне қарап отырғанда, көзінен ытқып-ытқып кеткен бадана тамшыларды тіптеп ұмыта алмайды. Соншалықты байсалды, көрікті әйел баладай аңғал көрінді. Елші ханның ортан қолындағы сұйелді көріп, жата қалып жабысып, әуелі оны шарық жіппен орап үзіп, өзегін инемен шұқып тазалап, дәрі жағып бергенде, астыңғы ерінін жымқыра тістеп, кинала бақылап отырған бәйбіше қайта-қайта жүрегін басып, әбден тықыршып бітті.

Күйеуінің аман қалғанына қуанғаны болар:

— Елші мырза, бізге орыстардың құйқылжыған көңілді билерінің біреуін орындап бермес пе екен? Баяғыда Мәмбет мырзаның серіктерінің билегенін көргенім бар,— деді.

— Мен орыс билерін білмеуші едім. Немісше билер ем. Оған бірақ әйел адамнан серік керек.

Мынаны естігенде ханымның екі беті ду қызарып кетті. Қысылғанынан тілмаштан:

— Елші мырзаның әйелі, бала-шағасы бар ма?— деп сұрады.

Ол:

— Бойдақпын,— дегенде де, қалжыңдап тұрған шығар дегендей қымсына күлді.

— Әлде сіздің елде қалыңмалды өте көп сұрай ма? Бізде жиырма-отыз жылқының басын құрасаң, қалаған қызыңа құда түсе аласың?

Елші ханымның жаңағы жауапқа неге аңтарылып қалғанын енді түсініп:

— Жоқ, бізде қалың мал сұрамайды. Қалыңдығым да бар. Үйленуге қол тимеді. Осыдан елге барсам, үйленем,— деді.

«Үйленуге қол тимеді» дегенге жаңғыз ханым ғана емес, үй толы жұрттың бәрі таңғалды. Сөзуар мейманның тағы бір қалжыңы шығар дегендей көпке дейін жүзінен көздерін алмады.

Бұл үнсіздікті оқыс тарс еткен мылтық дауысы бұзды. Жаңа елші мініп келген ат үй сыртында анадай жерде шідерлеулі тұр еді. Сол гүрс етіп құлап, құлын дауысы шыға шыңғырып тыпырлап жатыр.

Жұрт жапатармағай төрге қарады. Елшінің арт жағында өңі күлдей боп Қожахмет отыр. Қорыққанынан дауысы шықпай қалыпты. Не болғанын айта алмай, қолындағы бесатарын ербеңдете береді. Үй-ішіндегілер шошып кеткен.

Елші баланың қолындағы мылтықты жұлып ап, тұрулі іргеден ауыл айналып шүйіп жүрген ақсарыны көздемей басып қалып еді, жалп етіп құлап түсті. Екі көзі төбелеріне шығып кете жаздаған ересектер жағаларын ұстады.

Дір-дір етіп тісі-тісіне тимей отырған бала баж ете қалды.

— Ағатай, ұрыспаңызшы. Ойнайын деп ұстап ем, білмей қалдым.

Мейман үндеген жоқ. Жұдырықтай кішкене мылтықты жамбас тұсында салбырап тұрған үрпершектей былғары қапқа салып қойды. Сосын тізесінде жатқан былғары қапшықтан жылтылдаған қатты қағаз суырып, шынашағын қара сия құйылған ауызы бұрандалы шыны құтыға қайта-қайта малып, ештеңе болмағандай қақ төрде тапжылмай отырған Әбілқайырдың жайбарақат жүзіне жалтақ-жалтақ қарап қойып, суретін сала бастады.

— Бұның қолынан келмейтін пеле жоқ шығар,— деп біреу күңк етті.

Көрбез ханым кезіне сонда барып нұр жүгіртіп:

— Рас,— деп ақ қағаздың үстінде ойнақтап жүрген елшінің саусағына таңырқай қарады.

Сол күні кештігұрым жан-жақтағы ауылдарға хабаршы аттанды. «Екі күннен кейін сәрсембінің сәтіне хан ордада орыс елшісінің келген құрметіне той болады!»— деп жар шашты.

Келесі күні хан ордада сот болатын боп, елші соны көруге барды. Осыдан екі күн бұрын Қалыбек жасауыл құм арасындағы шөмекейлердің жылқысына тиіп, қырық тұяқты құлдыратып қуып бара жатқан жерінен бір жігітті ұстапты. Сұрастыра келгенде — жағалбайлының бір аз атасының баласы боп шықты. Былтыр осы уақытта ұзатылған апасына көрісуге Шөмекейге барыпты. Сол елдегі сұғанақ біреулер мініп барған жүйрік атына қызығып, түнде кермеден ұрлап әкетіпті. «Сонда ішіме қан қатып еді. Өшімді алайын деп істедім»,— дейді. Шөмекейлердің жайлауға көшкелі жылқы алдырып тұрғаны бір бұл емес. Бұған дейін желкедегі башқұрттан көріп келген. Енді, міне, шақшақ Бөкенбайдың ауылына барып келе жатқан Қалыбек тобы мына ұрлықтың үстінен шығып отыр. Бесін ауа көз ұшынан бір жұмарлана жөңкіген оқшау шаң көрінеді. Қапелімде құйын шығар деп мән бере қоймайды. Сөйтсе — әлгі шаң Текшенің тауына жете беріп, қиғаштай орағытып бағытын өзгерткеніне қарап, көңілдеріне күдік қашады. Ағызып соңынан салып береді.

Жігіттің өзінен сұрасаң — шақшақ арасындағы нағашысына сіңбек екен. Бірақ, шақшақта ол айтқан адам болмай шықты. Енді «Шөмекейдің баяғыдан бергі қолды боп кеткен жылқысын башқұрт асырып жіберіп жүрген осы емес пе?»— деген сезік туды.

Хан бұл дауды елші кетпей тұрып талқыға салғанды жөн көрді. Ол: «Мында келгелі күнде жиын, күнде той. Анадағы Ор бойына барғандардың төндіріп айтқан қауып пен қатері қайда! Башқұрт екі арада ешкім ат ізін салыспайды екен ғой деп кетпесін»— деген есеп еді.

Елшінің, бірақ, даудың байыбына барар құлқы болмады. Екі көзі қазылардың алдына апарып жүрелетіп отырғызып қойған алпамсадай нарт қызыл жігітте. Жазық маңдай, қыр мұрын, жан-жағына пандана қараған байсалды жанар... Ұрлыққа қияр жері жоқ... Қай төрге отырғызсаң да, сән беріп, қай сұлудың қойнына салсаң да, қуана құшардай. Қойылған сұрақтарды байыппен тыңдап, байыппен жауап беріп жайбарақат отыр. Күнакар емес куәгердей. Тіпті өзі жауап беріп отырмағандай, анау сақалдары шошаңдаған қазылар төбынан жауап алып отырғандай. Абыржу, қысылып-қымтырылу жоқ.

«Қызық жұрт,— деп ойлайды ішінен жат жерлік елші.— Ұрысына дейін осынша тоқаппар. Қылмыс емес, ерлік істеп кеп отырғандай шіренеді. Бұларды айтқанға жүргізіп, айдағанға көндіру деген миға сіңбейтін іс шығар. Осында келгенше Сергей Костюков құлағына құйып келген сөзі рас болмасын. Шынында да, табиғаттың өзіндей азат, табиғаттың өзіндей асау қауымның сойы ғой»...

— Ата-бабадан қалған жосық: «Ағайынның адал малына не жаны күймей, не ары күймей, не төгілген қанның, не тәрк болған намыстың қарымтасын қумай, әншейін нәпсі құмарлықпен қол салған арамзаның жанына да, арына да кешірім жоқ»,— дейді!

Қазының дауысын көтере созып, айқайлап айтқан мына кесі-

гін естігенде елші өз құлағына сенер-сенбесін білмеді. «Мынау ашылып-шашылып жүрген аңғал жұрт «ар», «мал», «жан» деген ұғымдардың арасына баттитып-баттитып қандай айқын шекара қоя білген!

Енді ол ауызын ашып қазылар жаққа қарады. Олардың ауызынан әлгіндей қисынды үкім шықпағандай. Оны мынау қазандағы ас қашан пісер екен деп, сақалдарын көкке көтеріп, телмірісе қалған жеті еркек айтпағандай. Әлгі үкімді мына жиынға ашық аспанның көзге көрінбес әлде бір төрінен сұңқылдап құдіреттің өзі кеп айтып кеткендей. Мына тымырайған билер мен тайлы-таяғы қалмай топырласып отырған қызық құмар ыржақай тобырға қия қоймайтындай, тым жүйелі пәтуа!

Елші айран-асыр. Қалтасынан орамал суырып сүртініп, тілмаштан.

— Енді не болады екен, біліп берші!— деп сұрады.

Жақын отырған Бәйбек:

— Не болушы еді, өрем қатады дағы! Анау гүжбан қолындағы бес өрім қамшымен тартып-тартып жібергенде, астындағы алпамса қара ат шыбын жанын қайда қоярын білмей безіп береді. Мойынына қыл арқан түскен сұмырай ұры тұла бойын тікен тесіп, бұта тырнап, әбден ит сілікпесі шыққасын, өзінен-өзі-ақ арам қатады. Жаны қай арада шықса, сол араға көр қазып, қара киізге орап, жүзін құбыладан теріске бұрып, тепкілеп-тепкілеп көме салады. Сосын ол да бір, шешектен өлген адам да бір. Моласы екеш моласына да ешкім жоламай, безіп кетеді,— деді.

Еңгезердей төлеңгіт бұны айтқанда отырған орнынан қопарыла бұрылып, қопаңдай қозғалып қойды. Күректей алақанының әлдебір қышуы қанбай қаудырлақ жарғақ шалбарының жылтырап қалған тізелігіне қайта-қайта қатыр-құтыр үйкеп-үйкеп алады.

Елші енді Бәйбекке қадалды. Оның қара торы жүзінде отқа таптанып рахатқа батып отырған кісінің бетіндегідей ерекше бір шырай ойнап, бөлекше бір алабұртқан шабыт шалқиды. Анада хан қасындағы саятшылардан көрген томағасын енді сыпырған қыран құстардай желпіне, еліге қарайды. Әлгі бір сөздерінен де қайдағы бір тапсынған таба мен жаланып тұрған қатыгездік қана байқалды. «Бұл неге осынша желпілдеп отыр? Әлгі қазының ауызынан шыққан әр сөзі таразыға қырық тартылып шыққандай нығыз да тұжырымды үкім бір биік парықты меңзегендей еді. Мынаның мына құлшынысы соның өзіне күман туғызғандай ғой. Шамасы, бұлар не істесе де, көп онша қиналмай істейді-ау деймін. Анау ұры да ұрлық істерде онша ойырқана қоймаған сияқты еді. Жаңағы қазылар да әлгі кесігін айтарда тап онша тебірене толғанбаған болды ғой! Ұрлық түгілі ерлікке, қатыгездік түгілі әділдікке қанша қиналыс, қанша ар азабы керек... Ал бұларға бәрі оңай болғаны ма? Қалай өзі...»

Елшінің мына аңтарылысын әлгі айтқанына нанбай отырғаны деп жорыса керек, Бәйбек:

— Сенбесеңіз, әне көріңіз!— деп ортаға қарай қолын шошайтты.

Күнакардың қасына жалмаңдаған үш-төрт жігіт жетіп барыпты. Біреуі көзіне қара киізден томаға кигізіп жатыр. Біреуі мойынына жан-жағына жалбырап түсіп тұратындай қып, алпыншақ-жалпыншақ құрым байлап әлек. Біреуі онсыз да күн жеп әбден іріп тұрған бөз лыпасын дар-дар жыртып, белуардан жоғарғы жағын тырдай жалаңаштап тастады.

Оларға жөн көрсетіп тұрған қайқы мұрын Қалыбек жасауыл қайқы бас етігін қолп-қолп еткізіп, қойқаң-қойқаң ойқастай бастады.

— Әй, маубас! Бұтына қынаға бояған қызыл жарғақ киіп бұл шірік қайындап бара ма екен! Шешіп таста әрі!

Шаңқ-шаңқ ақырып та қояды.

Жұрттың бәрі бір қырғын-қызық тамаша күтіп тұрғандай. Ауыздарын ашқан да қалған.

Хан ғана оқтын-оқтын меймандар жаққа көз тастайды. Біраздан кейін ортада не болып, не қойып жатқанымен шаруасы жоқтай, назарын елшіден айырмай қойды. Ал елші қара аттың қасындағы қимыл-қыбырды қалт жібермей қадағалап бақты. Әне, жүрелеп отырған нарт қызыл жігітті жұлқылап орнынан гұрғызды. Екі балағына екі жігіт жабысып, жарғақ шалбарды шешіп ап, қастарында талтайып тұрған Қалыбектің қолтығына қыстырды. Соған ба, жоқ ұрының айдай жұрттың алдында ақ бөзден ауын салақтатып шұбалтып тіккен тіз киімшең қалғанына ма, біреулер мырс-мырс күліп жіберді.

Іске енді Қалыбектің өзі кірісіп, шыршықтап орап-орап манадан бері саландатып білегіне асынып жүрген ала арқанның бір шетін тұзақтап, асау бұғалықтағандай, қылмыскер жігіттің мойынына салды, екінші ұшын жалы төгіліп, тілерсегінен түскен жатаған қара атқа шалжия жайғасып, ортаға шығып, маңқиып тұрған гүжбан қараға апарып ұстатты.

Ол қолына тиген қыл арқанның ұшын: «Иә, біссіміллә!»— деп қағып алып, ерінің қасына кіндігімен сүйкей-мүйкей бір итініп қойып, ышқырлығын түзетті.

«Мыналар табиғаттың өзіндей асау ғана емес, табиғаттың өзіндей қатал да жұрт болды ғой»,— деп ойлады сый ұлық орамалын қайта суырып, желкесін сүртіп жатып.

Құдды бір оның не ойлап отырғанын сезіп қалғандай, Әбілқайыр хан қазылар жаққа сақылдай тіл қатты:

— Ата-бабадан қалған жосықта мұндайда жат жерлік сый мейман отырса, одан «Датыңыз бар ма!» деп сұрайтын әдет бар. Алда-жылда күнаһарға ара түсіп жатса, қолынан қақпайтын. Біздің де ортамызда жолы үлкен мейман отыр. Даты жоқ па екен, сұрасақ қайтеді?

Екі тілмаш сыбырлай тіл қатысып, ханның не дегенін аударып берді. Елші үшін бұл күтпеген жаңалық болды. Көкірегіне енді орныгып келе жатқан әлгі бір пікірінің күлі көкке ұшқалы тұрғанын байқап, ішінен: «Қызық жұрт! Қызық заң!»— деп кү-

бірледі. Орнынан тұрып, қара ат жаққа қарап қойды. Мойынына бұғалық түскен мұндар кім сөйлегелі жатқанын көруге көзі байлаулы болып, жым-жырт жиынға шекелей құлақ түріп қапты.

Елші қапелімде аузына сөз түспей, сәл бөгеліп барып тіл қатты.

— Аса құрметті хан! Қадірлі қазылар! Өздерің ұсынған сый мейманның жолымен, күнакардың жанына араша сұраймын! Бұдан былай мұндай бұзақы әдеттен тыйылмайтын болса, мына отырған рахымды қауымға өзі де өкпелей алмас.

Гуілдесе жөнелген жұртты тыныштандыру үшін қазы қамшысын жоғары көтерді.

— Алдияр тақсыр патша ағзамның ақжолтай елшісінің рахым сұраған даты шын пейілден қабыл алынды. Күнакардың жанына кешірім!

Жым-жырт жұрт қайтадан гуілдей жөнеліп еді, бас қазының қамшысы қайтадан шошаң ете қалды.

— Бірақ, арына кешірім жоқ! Суық қол ұры қарабет атанып, осы қадірмен қауымның алдында қырық үйдің табалдырығынан аттап, қырық қазанның түп күйесін бетіне жағып шықсын!

Жаңа ғана сілтідей тынып отырған жұрт гу ете қалды. Елшіліктің ішіндегі біреу тіпті:

— Шын қызық енді басталды!— деп салды.

Күнакардың қасында тұрған жандайшап жігіттер көзіндегі томағаны алды. Мойынындағы арқанды алып, тұзақтаулы ұшымен екі қолын артына қайырып байлады. Жалпылдаған тымағының құлақ бауын байлап, басына теріс кигізді. Даланданған тіз киімінің екі шалғайы сонау ышқырлығына дейін жыртылып алынды. Сосын екі қара саны жылт-жылт етіп, қамшысын үстіүстіне үйірген екі атты мосқал еркектің алдына түсті. Маңайдағы барлық үйге бір-бір кіріп шықты. Мойынынан жоғары жақтың бәрі қап-қара. Баттасқан майлақы күйе. Тек тістері мен көздері ғана жылтырайды. Жиналған қарақұрым жұрттың сыртынан садақа боп жеті рет айналды. Сосын манағы жалы тілерсегіне түскен жабы қараның қасына қайта әкелінді. Арқасына қайырып байлаған қолын шешіп, енді алдына қаратып, екі білезігіне тұсау салынды. Әлгі ала арқанның ұшын аузына тықпалап, тісіне тістетті. Екінші ұшын ат үстіндегі гүжбан қараға ұстатты. Күнакардың ауызындағы жетек арқанды қашан алдындағы гүжбан қара жерге өзі лақтырып тастағанша тісінен шығаруға қақысы жоқ. Өйткені — үкім аттағаны. Үкім аттағаны — ата-бабаның аруағын аттағаны. Ол құран аттағанға барабар күпірлік. Күпірлікке кешірім жүрмейді. Айдаушы арқанды лақтырып тастаған жерде ол тұсау салынған қос қолын төбесіне қойып беті ауған жаққа қаңғып кетеді. Еліне бара ма, басқа жаққа бара ма — өз еркі. Оны аяған кісі мойынына салынған құрымын қазының алдына әкеп көрсетіп, әлгінің айыбын төлеп, қарасынан арылтады.

Елшіге қасындағылар мына жаңа жазаның жөн-жапсарын

түсіндіріп үлгергенше, гүжбан қара тебініп қап шаба жөнелді. Жұрт тұсынан өтіп бара жатқан күнакар жігітті қамшымен бір-бір тартып, қиқулап қуып салды.

Қара ат топ ортасынан анадай жерге ұзап шыққасын, гүжбан қараның қолындағы ала арқан оқ жыландай жиралаңдап атылып кеп кетті. Гүжбан қара атын тайпалта бастырып жиынға беттеді.

Екпінімен омақаса жығылған алпамса жігіт жер сүзіп әлі жатыр. Кенет жүрелеп түрегелді. Жалт етіп артына бұрылып бір қарады. Күнге шағылысып жарқ еткен тістері ғана көрінді. Тәлтіректеп орынынан тұрды. Қалтақтай басып жүріп кетті. Қос қолын төбесіне қойып, қарсы алдында көлкөсір созылып жатқан құла түзді бетке алып безіп барады. Аттаған сайын адымы ширай түсті. Кетіп барады, кетіп барады...

Қылдырықтай боп көзге шалынар-шалынбас жаңғыз қара жаяу ұзай берді. Алақызып алған жұрттың кеу-кеуі үдей берді, үдей берді.

Бүгінгі көрген оқиғасынан қандай тоқтамға келерін білмеген жат-жерлік мейман басын шайқап орынынан тұрды. Жан-жағына қаумалай кеткен серіктеріне ломим үндеген жоқ.

Хан ордадағы сол гу-гу, сол кеу-кеу бір аптаға дейін басылмады. Екі күн бойы жан-жақтан шұбарытып көрініп, шұбырып кіріп жатқан қарақұрым нөпірмен бірге күшейе түсті.

Шақырылған жұрт түгел келіп болғанда жан-жақтағы жиынға тігілген ауылдардан бес жүз атты бөлініп бір шықты. Олар хан ордадан көз көрім кермеге кеп ат байлады. Ол бес жүзден елу адам бөлініп майханаға беттеді. Майханада елшімен сәлемдесіп, жөн сұрасты. Бірге отырып мәслихаттасып, бірге отырып қызылдасып, бірге отырып қымыздасты. Қалған шоғыр ордадағы көп отауға бөлініп қонақасы жеді.

Түс қыңа иіндері жарқыраған сары ала топ майханадан шықты. Топтарын жазбаған күйі кермеге барып аттарына мінді. Манағы бес жүздің қалғандары да аттарына мініп, олардан он ат бойындай оқшау шоғырланып тұрды. Ер-тұрманы жалт-жұлт еткен сары ала жабулы арғымақты жетелеген ханзадалар мен сұлтандар тобы майхананың сыртында ханды тосып тұр. Үстіне жалтылдаған сары ала қамқа шапан, басына алтын зерлі айыр қалпақ киген хан ақ боз атының үзеңгісіне аяқ сала бергенде, жиналғандардың төре жағы: «Арқар, Арқар!»— деп, қара жағы: «Алдияр, Алдияр!»— деп қақақулап қоя берді.

Хан бастаған сұлтандар тобы жолдарында үркердей боп бөлек тұрған елшілікті қосып алып, жәй басып күн батыс жақтағы ығы-жығы ел жиналып қалған жағалай жұмыр жол доңбек жалдар қоршаған тығырық алқапқа қарай бет түзеді.

Елу бидің сары ала тобы шоқыта басып соларға жақындады. Қалған игі жақсылардың қалың дүрмегі орындарынан дүркірей қозғалып оларға ілесті.

Орда маңынан аттанған салтанатты лек найзаларын желпіл-

дегіп айқай салып жатқан ала шұбар алқапқа жете бере ошарыла тоқтады.

Хан ақ боз атын тебініп ілгері шықты. Қолындағы күлтектеген ақ жалаулы найзасын көкке көтерді.

— Уа, жамағат, тыныштал!

Қалың жиынның алдында түс-түстан сол қолына қыл жалаулы найза ұстап қаз-қатар қантай тұрып алған қара ат мінген қатулы жасауылдар сары ала жыландай жуан-жуан дойырлары саландаған оң қолдарын көкке көтеріп:

— Жамағат, тыныштал!! Алдияр хан сөйлейді!— деп ақырды.

Күркірей шыққан қаһарлы бұйрықтан мынау тығырық көгал алқаптағы қалың жиын ғана емес, сонау көз ұшындағы сәкиген сеңгір биіктер де селк ете түсіп, бұға-бұға қалысқандай. Аспанда құс атаулы көрінбейді. Бәрі де жаңағы қатал айқайдан тырымтырағай безіп кеткендей.

— Уа, жамағат,— деді хан.— Бізге күллі Ресей жамағатындағы барлық милләттардың, сонау соның ішінде біздің қазақ жұртының да нұр сипатты падишасы алдияр тақсыр Анна Иуан қызы ағзамның қадірменді елшісі Жон мырза келіп тұр. Ол біздің осыдан төрт жыл бұрын бір құдайға сиынып, маңдайымызды киелі кітапқа тигізіп, шын жүрегімізден берген мүбәрәк антымыздың, сонымен қоса «Әмба жұртымызды ақ туыңның ығына ал!» деген өтінішіміз бен барша талап-тілектеріміздің шарафатына шек жоқ рахымды падишамыз тарапынан зор ілтифатпен қабыл алынғанын мағлұм етерге келіп тұр.

Әуелі хан қасындағы топ:

— Бәрекелде!— деп айқайлады.

Оны әлгі дойырлары саландаған қалың жасауыл қағып алып:

— Бәрекелде!— деп күркіреді.

Оны естіген ығы-жығы, бұйра жондар бірінен соң бірі:

— Бәрекелде! Бәрекелде!— деп жамырай қақпақылдап тұрып алды.

Сол дабыр басылғасын барып:

— Елші мырзаны тыңдайық!— деп саңқылдады хан.

Әлгі ретпен бұл пәрмен де барша жұртқа мәлім болды.

Елші атын тебініп, хан қасына озып, бағана майханада мынау сары ала топпен кездескендегі әңгімесін баяндап берді. Оның тап онша саңқып шықпайтын шәкілдек дауысын тағы да сол сары ала топ қана естіді. Ол сөзін бітіре бергенде сол шоғыр:

— Бәрекелде!— деп айқай салды.

— Бәрекелде!— деп қалың жасауыл күркірей қостады.

— Бәрекелде! Бәрекелде! Бәрекелде!— деп тағы да әлгі ығы-жығы шұбар төбе, шұбар бұйратты қақаңулап тұрып алды.

Сол екі ортада басы хан болып, күллі сары ала топ аттарынан түсіп, жүгендерін қарларына іліп, жүгініп-жүгініп отыра кетісті. Бауырай-бауырайдағы барлық аттардың белі жеңілдеп, барша көрі жас күнгейді бетке алып мұлгіп отыр. Көрінің жүзі

сондай момақан. Бәрінің ынт-шынты ханның оң қолында күңірене сарнап отырған қақыра сәлделі кісінің сиқыр үнінде. Құран білетіннің бәрі соған үн қосып күңіреніп бағуда. Осынау жамыраса күңіреніп отырған көп момын, көп қызырдың дәл осы сәтте сонау көрші бөктердегі бастарын көтермей қадала жайылып жатқан көп қой, көп отардан қандай айырмасы бар? Мынау аттарынан түспей тұрған үркердей елшілік адамдары сонау актылы қойдың шетіндегі оларды «әйт!» деп әргізіп, «шәйт» деп қайырып тұрған шәңкілдек бақташылардан несі өзге?

Мына қалпында мына түздіктер де мойындарын жерге салып, сауырларын шыбыртқыға тосып, алдыңа түсіп бөкіп жөнеле беретіндей-ақ емес пе?! Осынау ығы-жығы адамға толы көгал алқаптан, сонау мың-мың қой мыңғыра жайылып жатқан көлкөсір ұлан жазирадан, аспан астын шірей толтырып жатқан боз даладан тек бұйығы тыныштық пен бұғыңқы момындықтан баска не көріп тұрсың? Бетін ыққа, жонын желге тосқан бүкшеңбай төзімнен баска мінез, «әйт» пен «шәйттің» арасындағы от оттап, су сулаған тұқшыңбай тіршіліктен басқа қимыл-қыбыр, әрекет, қылық көре алдың ба? Тап мынау жаппай жығылып, жаппай жусап жатқандарды киялшыл ұлық Иван Кирилов көрер ме еді? Қалай шалқып, қалай желпінер еді! Шіркін осыны тіпті патшаханымның өзі кеп көрсе ғой! Қайдағы бір каңғыбасқа, шала көпес, шала суретші бұратана Джон Кэстлидің өзіне осылай жусап жатыр! Олар келсе, мына даланың тірі мақұлығы түгілі анау жансыз тау-жоталарының өзі жерменжексен боп үгітіліп кетер ме еді, қайтер еді! Бұлардың таулары неткен жатаған! Көлдері неткен мүләйім! Өзен-бұлақтары неткен таяқты көп жеп қалған тағы иттің құйрығындай бұлғаң, бұралаң! Осынша ұланғайыр мол дүниеде ереуілдеп тұрған, көзге ұрып тұрған не бар? Кіл қоңыр, кіл мүләйім, кіл тапал, кіл жәреуке емес пе?! Биіктен тұрып қарағанда жер бауырлаған аласалықтан, тіпті жым-жылас жоқтыққа барабар жапырайған жатағандықтан, үп десең үгіліп, лүп десең бүгіліп тұрған бор кемік пен әлжуаздыктан артық сұлулық жоқ екен ғой! Тақ мінгеннің аспандап, тақсыр атанғанның батпандап кететіні осыдан екен ғой! Дүниеде биліктен асқан құдірет, бағыныштылықтан асқан мүсәпірлік жоқ екен ғой! Мынау кешегі ауыздықтарымен алысқан ардалар мен асаулар емес пе еді? Бір ғана «бодан» деген сөздің өзі осылай жер құштырып тастамады ма?!»

Мынандай тосын көрініске елшіліктегінің бәрі елтіп қалыпты. Бес атты казак бес қаруын сәндеп ұстап, пәлдене түседі. Құлбай тілмашта да қыбыр жоқ. Бетегеден биік, жусаннан аласа боп үйренген жырынды қу мұндайда айбынды боп көрініп қайтсын. Ертең бәрі бір Ор бойындағы шаһардан әрі қарай аяқ басты-ақ қайтадан бүгежектеуге тура келеді. Мынау арқайын сахарада азды күн шірене тұрайын деп бел омырткамды жаман үйретіп қайтем дейтін болар! Билік деген не, бағыну деген не? — әлі түгел түсініп болмаған Дитрих Люфтус қана мына көріністі қалай ұғын, қалай бағаларын білмей, жан-жағына жаутаң-жау-

таң қарап қояды. Сілтідей ұйып тұрған осынау жым-жырт дүниеде тек дудар бас Сергей Костюковтың астындағы ат қана белі талып кеткендей үсті-үстіне тыпыршиды. Әншейінде ақ жарқын неме маңдайына күн өтіп, мазасы болмай тұрғандай кіржиіп алыпты. Баяғыдан бері мұның құлағына күні-түні құйып, сәл нәрселерінің өзін әз-әулие көріп, көпірте дәріптеп баққан түздіктеріне бір түрлі мұңая көз тастайды. Байқатпай күрсініп те қояды. Бірдеңеден түңіліп тұр. Оның сыры басқаға мәлім болмаса да, Джон Кэстлиге мәлім!

Кәлденең көк атты Джон Кэстли сендей емес, Сергей Костюков, талай нәрсені байқап үлгерді. Түсініп тұр. Сен құсаған ашық ауыздар өзі көрмеген нәрсенің бәрін кереметке, ғажапқа, дүниеде теңдесі жоқ асыл мен ардақтыға жориды. Ал сенің әупірім бастықтарың өзіне ұқсамаған, өзі ұқпағандардың бәрін арам, зымиян, не мұрынына иіс бармайтын арда жабайы көреді. Асаудың бәрін бұғалықтап, арамзаның бәрін желкелеп отырсақ, тыныш болар ек деп ойлайды. Ондайдан алдымен өз тынышы, өз қадірі кететінін білмейді. Бұндай ел, бұндай жұртқа тоқымыңды бауырыңа алып шамданудың да, айран-асыр қалып таңданудың да жөні жоқ. Алдымен көріп, зерттеп біліп ал! Күле қарап, күле сөйле! Кекірейіп келсе, бұған кім үйірілер еді! Жекіріп сөйлесе, кім сырын ашар еді! Біздер, адамдар, басқа жан-жануардың бәрінің тілін таба алғанмен өзіміз секілді басқа жұрт, басқа ұлттардың тілін таба алмай келеміз. Бұлар аңғал болса болар, бірақ арда емес. Албырт болса болар, бірақ асау емес!

Кешегі ұрыға сот, бүгінгі жердегі құдірет, көктегі құдіреттің бәріне имандай ұйып жаутаңдай жалбарынып отырған мынау мінажат, бұрын айтылмаған талай қыры мен сырына көзін жеткізіп тұр. Бұлар да тәр мен тәріпке бас ұрады екен. Ендеше, бұлар да өздеріміздей... Соны тек сездіріп алмайық... Ақылдырақ, айлалырақ, күштірек көрінейік... Өйткені, бұлар өздеріне, өздеріндейлерге мойын ұсынуға көп құлықты емес екен...

Осыны тез түсінген ұлық бұл жұртты тез көндірер түрі бар.

Джон Кэстлидің бұл сапардан мықтап ұғып қайтқалы тұрғаны әзір осы ғана.

Хан қасындағы қақыра сәлделі хәзірет күңіренгенін сәл тыйып, дауысын көтере созып:

— Жұртымыздың Ресей патшалығымен тату-тәтті тұрмақ ниетін құдайым қабыл етсін! Аллауакбар!— деп бетін сипады.

Күллі алқап:

— Аллауакбар!— деп күңіренді.

Ол күні жұрт жиынға тігілген үйлерге тарап, табақ-табақ ет тауысып, саба-саба қымыз сарықты.

Дыр-думан, бәйге, күрес ертеңіне басталды. Содан тағы үш күндей хан орданың үсті құж-құж қайнап опыр-топыр болды да жатты.

Тәртінші күн дегенде тойдың тарағанын паш еткендей шақшақ Жәнібек, Бәкенбай, Дербісәлі, атығай Қожаназар, керей Күлсары, Құттымбет Қоштай баласы, уақ Ақбота, қанжығалы

Төлеміс, қыпшақ Сақа, найман Талбасар, Төле батырлар бастаған Орта жүз тобы бәйгеден озып келген жүйріктеріне қалы кілем жауып, түйе бастаған тоғызды жетелеп Торғай бетке, қарақшыдан аты келген Мөңке, Мойнақ, Мәметек, Айдаралы билер бастаған шектілер тобы Шалқар бетке, палуандары жығып лақылдап күліскен жағалбайлы Серке, тама Тыныбек, Төбел, табын Төлебай, тілеу Қараменделер бастаған жетіру тобы Елек бетке, тайтұяқ бастаған тоғызды жетелеген Кедей, Жайылған, Бақа, Кішкбай бастаған шөмекейлер тобы Ырғыз бетке жылыстан шыға берді.

Бұл жиында ағайындық көрсетіп майлық-саулықта жүрген алаша Байсау, Машқар, Жәдік, Ысық, Бәйтеректер бастаған бай ұлы тобы мен Алтай, Жұлдыз, Кенжалы бастаған кете тобы жиынға тіккен үйлерін ертеңіне көшіріп, өздері елдеріне ұлық басы сұлтандары Нұралы ханзадамен, ханның күйсулері Дербісәлі, Жәнібек сұлтандармен бірге елшілікті жолға салып барып аттанатын боп қалып қойды.

Жиын тарағасын хан орда маңы қаңырап бос қалғандай еді. Кешегі ну жығылған. Кешегі майса тапталған. Жағалай қазылған жер ошақтар өлік күткен қабірдей үңіреййп-үңіреййп сөлекет көрінеді. Енді мынау іргесі тозған жұрттың шаң-тозаңынан үркіп маңайдағы ауылдар соны қоныстарға көше бастады. Жат жерлік жолаушылар аттанса, біз де түйе тіздейміз дегендей, орда төңірегі де буынып-түйілуге кірісті.

Қызылды-жасылды көштерді қызықтап тұрған сый ұлық таң атар-атпастан өз қасына қарай жорғасын тайпалтып келе жатқан Нұралы сұлтанды бірден таныды.

Қоштасуға ханның сәлемханасына кірді. Әбілқайыр қасына Бопайды, ұлыс-бектері — Жәнібек, Дербісәлі сұлтандарды алып оңаша отыр екен. Нұралы екеуі кіріп келгенде, оң жағын нұсқап орын ұсынды. Анадағы ауыл аралатып жүргендегісіндей ақ жарқын да, Қожахмет абайламай жылқы атып тастайтын күнгідей сабырлы да, кешегі жиын тұсындағысындай айбынды да емес, бір түрлі бұйығыңқы. Көзінің алдында көп күнгі дүрбелеңнің табындай боп еміс-еміс көгіс жүгіріпті.

— Иә, елші мырза, жағдай қалай? Жүргелі жатырсыз ба?

Ханның үні қоңырқай, қаяулы.

— Сәтін салса, сондай ойым бар.

Елші де бәсік тіл қатты.

— Сонда қайда қайтпақсыз? Ор бойына ма, Самараға ма?

— Әуелі Самараға барып, Кирилов мырзаға жағдайды баяндап, Орынборға сәсын оралам.

Манадан бері бұның әр сөзіне елегізе құлақ түріп отырған Бопай ханымның шырадай жанған нұрлы көздері солғын тартып қоя берді. Ал хан ыңғын қомдап серпіліп қалды.

— Ендеше мұндағы жағдайды Кирилов тақсырға қаз-қалпында жеткізіп беретініңізге сенем. Ел деген кешегі өзіңіз көргендей. Бүгін жоқтан өзгеге мәз болып, жайраңдап жадырап жүрсе, ертең сәл нәрседен бұрқан-талқан боп, ашулы арыстандай

алас ұрып шыға келеді. Оларды бұлай қырық құбылтпай, бір арнада ұстайын десең, қолыңда әлі берік тізгін, шалқайғанда арқаңды тірер мықты таяныш жоқ. Бар ұмітім — падишамыздың салдырып жатқан жаңа шаһары. Сол тез бітсе екен. Содан бір мықты жай салып ап, әр атаның бір-бір жайсаңын аманат қып, жаныма иіріп қойып, қолыма қияс тартқан қиқарлардың төбесінде ойнақтардай қаһарлы қару ұстасам, бұл тарпаң жұрт тұяғы ашы, тісі қатты тегеурінді айғырдың алдына түскен үйірдей жымып берер еді. Қазір оларды өйтіп тырп еткізбей тұқырта арқандап ұстауға қазығың қай бір мықты! Жыл он екі ай құр жүріп, анда-санда бір құрық көрген жырынды жылқы шамалы да бастыға қояр ма! Оның үстіне шаптан түртер түртіншектер тағы көп. Нобайы мынау иектің астындағы Бұхара мен Хиуадан шығады. Оларды да тұтымға бір алып алсақ, өзгені қақ-сұқтау түгілі өз бастарымен қайғы боп кетер еді. Егер осыдан тағы да бір жарты айға аялдап, қасыңызға, қанша қаласаңыз, сонша нөкер алып, патша мен менің атымнан елші боп, бір-бір аралап қайтсаңыз, бізден болмағанмен, бізді ығына алған патшадан мықтап айбынып қалар еді.

«Мынаның ойы қалай-қалай шалқиды! Бұны пайдаланып, күнгей көршілерін де бір-бір ықтырып алайын дейді ғой!»

Джон Кэстли қазір оған уақыты жоқ екенін, Самарада Кирилов мырза өзін көптен тосып отырғанын айтты.

Әбілқайыр байқалар-байқалмас қып күрсініп қойды.

— Ендеше, әлгі түрік патшасы мен башқұрт тарханларының азғырынды әңгімесі өрши түспесе, өшпейді. Анадағы ұры жігітті көрдіңіз ғой. Олар да соларды арқаланып, айылын жимай кетті. Кешегі жиынның тұсында шөмекей, шақшақ, жаппас, қыпшақтардың жылқысы тағы да шапқын көріпті. Бұл жолы, әрине, анау күнгі жігіт емес. Бірақ, соның өшін қуып жүргендер. Ол — әрине башқұрттар.

Хан бұның жүзіне сынай қарады.

— Бәлкім, бұл жолы болмаса да, келешекте әлгінің бір реті түсер, Кирилов мырзамен ақылдасып көрсеңіз қайтеді.

— Оған күш салып көрейін.

Ханды мынау солғын жауап онша қанағаттандыра қоймаған сияқты.

— Елші мырза, бізге салар қолқаңыз, көңіліңізге алған құлтаңыз болса, айта кеткеніңізді сұрар едік.

Елші ынғын қиқандатты.

— Мүмкін, сізді анада сотта ұры жігіттің дауына араластырғаным, башқұрттарға жең үшінен жалғасып жүрген қарақшыға араша сұратқаным бекер болған шығар. Оның бұзақылығы шынында да қазылардың айтқан қатал үкіміне әбден ылайық еді.

Әбілқайыр тағы да кілт кідіріп, мейманына барлай көз тастады.

Елшіні ханның мына сөзі, шынында да таңырқатып еді. «Бұны қандай мақсатпен сұрап отыр екен? Әлде ақ патшаға қарсы шығып жүрген қарақшыға араша сұрап, ашық ауыздық жаса-

дық дегені ме? Бұл, расында да, ол жағына мән бермепті. Мына аққаптал хан оны әдейі істеген екен ғой. Енді келіп бетіне салық еткенін көрмейсің бе? Онымен не ұтпақ? Бұның соңынан сөз ерткеннен оған түсер пайда қайсы? Бұлар, тек тәр мен тәртіпті сыйлауды ғана емес, оны пайдаланып аяқтан шалуды да әбден жақсы біледі екен ғой. Мұның аты саясат қой. Саясатшы тағы, саясатшы жабайы, саясатшы арда! Саясатшы топас! Құлаққа қандай күлкілі естіледі. Жоқ, жоқ орыс ұлықтары өз бұратаналары жайында әлі ештеңе біліп үлгере қоймапты... Кирилов анада бұнымен сөйлескенде біз: «Ол тағылардың әуелі көзін ашамыз. Оқытамыз. Заңды сыйлауды үйретеміз»,— деп желпініп отыр еді. Мынау алдындағы сығырая қарап отырған түздің қу түлкісі ондай-ондай даңкөкірек ұлықтарға өзі саясат үйреткендей екен... Пәлен күн ашылып-шашылып думандатып, аяғының астында құрдай жорғалап келіп, енді, міне дәл жүрер алдында, бұл әлі дұрыстап аңғара қоймаған бір қыл тұзақтың ұшын қылтитып қоқан-лоқы жасағалы отыр...»

Сұп-сұр сұсты хан жымсиып күлді. Онсыз да аңтарылып отырған жат жерлік ұлықты одан сайын абдыратып тастады.

— Менің ойлағаным — алдымен, әрине, өз басымның тыныштығы. Бұл далада жерден шыққан кісі жоқ. Әр адамның сыртында қырық қабат қалқа, қырық қабат қалтарыс тұр. Соның бәріне көзің анық жетпей тұрып, ол туралы тұжырымды тоқтамға келе алмайсың...

Хан кідіріп қалды. Елші де одан көзін айырмай отыр. «Дұрыс айтасың, қадірлі хан! Басқа айтқаныңның қалай екенін қайдам? Тап осы айтқаның рас. Сондай қалтарыс қалтаның талайы сенің ішіңде, сенің көкірегіңде жатқан сияқты...»

— Оның үстіне, әркімнің де ағайын-жұрты бар. Бізде аталастың жолында ағайынның, баталастың жолында қауымның мүддесін оп-оңай қиып жүре береді. Кеше қолымнан айырып алмағанмен, көңілдеріне дық жиып кететін сүйектестеріңнің ертең маған қай жерден, қайтып қитықтанатынын қайдан білемін? Екіншіден, ақ патшаның біздің даламызға келген ақ жолтай елшісінің қонақасысы үстіне қан төккім келмеді. Онсыз да қос үрей жұрт орыстар рахымды білмейді екен, сәл жаздың болды, басыңды алам деп тебініп тұрады екен ғой деп қорқып кетпесін дедім. Ақ патшаның да қолынан мейірім мен кешірім келетінін көздерімен көрсін дедім.

Елшінің үні шықпай қалды. Мынау үндемес хан қандай көріп кел. Анада орынынан тұрғанда бұның да көңіліне алдымен оралған осы ой еді ғой.

— Солай, елші мырза. Менің жағдайымда әркімнің осылай қас-қабағын аңдып отырудан басқа не келеді? Мынау бет-бетіне жүрген халықтың бар тізгінін жиып алып, осының ақылына сенуге болады деген біреуінің қолына ұстатпай, бұл халықты билеу орыс ұлықтарына да оңай тимейді. Онсыз олар да маған ұқсап әр кімнің қас қабағын бағып, алақтап отырғаны...

Хан мына сөзінің тұсында екі көзін елшінің жанарына мық шегедей қадалтып шаншыла қарап тұрып алды.

Елші де тайсалмаған қалып танытты.

— Орыс императрицасы өз тұтымындағы халықтарды ұстап тұра алар ақыл мен күш таба алатынына сенетін шығарсыз.

Хан күліп жіберді.

— Әрине. Оған менің де күмәнім жоқ. Әсіресе, ақыл жағына кенде емес деп білем. Бірақ, күш... Күш те, әрине, жетеді. Бірақ орыс ғаскері әр сайдың басында, әр бұтаның тасасында, әр қойдың артында қаңғырып жүрген каймана қазақтың соңында бірбір зеңбірегін сүйретіп тоз-тоз боп тозып кете қояды деп және айта алмаймын.

Сып-сыпайы бып-биязы айтылған мына сөзде қанша ажуа, қанша зіл жатыр?!

— Жарайды, Жон мырза, келгеніңіз өте дұрыс болды. Мұндағы ұйтқыма жұрттың көңілін біразға дейін орнықтырып бердіңіз. Бірақ, қаншаға барарын кім білсін?! Қайталап айтсам, қазымырлық көрмессіз. Қашан ұлы падишамыз қазақтың бар тізгінін бір тегеурінді қолға жиып бермей, бұлар бәрібір баян таптырмайды. Сондай жағдайда ғана мынау ала бүлік Хиуа мен Бұхара бұл тараптан аяғын тарта жүрер еді.

— Түсіндім, тақсыр хан.

Хан сәл мүдіріп отырды да:

— Ендеше, бұл гәпті өзгелердің де көкірегіне қондыра жүріңіз.

Хан бұйығы көзін бадырайтып ашып, елшінің жүзіне телміре қарап отырып, біраздан дейін лезде өзгеріп бір жымиып қойды.

— Жон мырза, біздің жұртымыздың ең пәтуалы байлығы — мақалы мен мәтелі. Соның біреуі «Бір күн дәмдемеске, қырық күн сәлем»,— дейді. Азды-көп дәмдес болдық. Сол есіңізде жүрсін деп, мына бір қыл құйрықты түсіп беріп тұрмын.

Нұралы ханның анада құс салуға барғанда мінген меңсіз күрең арғымағын елшінің алдына тоса берді. Әбілқайыр аттың жалынан бір шөкім қыл кесіп ап, ауызына бір асатып суырып, сілекейін алды; басындағы күміс жүгенін алып, орынына күміс шығыршықты нокта тағып, шылбырының ұшын елшіге ұстатты.

— Бізде атты жүгенімен қоса бермейтін салт бар,— деп күлді.— Ал жүйрігіңіз шабысты болсын.

Елші қолын көкірегіне апарып тағзым етті.

— Кирилов мырзаға бір жолы сәлемдеме жібере алмай тұрмын. Құдай сәтін түсіріп жатса, Орынборға шақыртылғанда қамдастыра барармын. Ал мынау сіздің қалыңдығыңызға сәлемдеме!

Күйменің артына отыз қарсақ терісі мен алты түлкі терісі салынды. Екі тілмаштың қолтығына да алты-алтыдан қарсақ терісі қыстырылды.

Сосын жолға бата жасалып, жұрт атқа қонысты. Жүрер жер-

де Цапаев анадай жерде ырсия күліп тұрған Итжеместі шақырып алды.

— Мына бір мен секілді жайын ауыз жалба тымақ біздің шаһарға жалпылдап қайта-қайта неге келе береді десем, күйеу баламыз екен. Қарындасымыздың ана тілін ұмытып қалғаны болмаса, нағыз орыстың қызы екенін, мына жиеннің бет ауызы айтып тұр ғой.

Итжеместің сыртына тығылып тұрған сары баланың басынан Цапаев бір сипап қойды.

— Мына Балпақ не деп тұр?

— Жиенін танып тұр.

— Не дейді, төңірім-ау!

— Қарына тартпағанның қары сынсын деген осы-ау!

— Аман болса, мына боқмұрын сарыдан да түбінде ұлық шығып жүрер.

Цапаев енді Итжеместің тымағын қамшысының сабымен көзіне қарай ысырып:

— Ендігі келгенде біздерге соғып, жиендерімізге базарлық әкетуді ұмытпа!— деді.

Әуелі орыстар ду күлді. Құлбай қазақшалап бергенде, басы ханның өзі боп былайғылар да күліп жіберді.

— Аман болса, енді Бопай ханым ішетін аққұйрық шайды Сарқатын да ішеді,— деп сыпсыңдасты бұл әңгімені алыстан тыңдап тұрған ауыл әйелдері.— Жауда да бір үйің болсын деген осы ғой. Кейінгі кезде мына Балпақ Итжеместің шатпасынан шықпай жүр.

Жолаушылар аттана берді.

Күйменің соңынан шоқыта ілескен аттылардың өзі қарақұрым. Шақшақ Сүйіндік, Ақмалай, адай Құрмантай, тілеу Лақа, Мәмбет, кете Алтай, төленгіт Бәйбек елшіге еріп барып, Самарадағы Кирилов мырзаның алдын көріп қайтпақшы. Төленгіт Шағырай, Жәнібектің шабарманы Лепес Ордың өткеліне дейін бірге барады. Жасауыл Шағырай жолдағы ауылдардан жолаушыларға жол азық жинап, сол өткелдің аузында күтіп тұрады. Біраз ауылды бөрі тиген қотандай бөрліктіріп өткен хабары кеше кешке жеткен. Қамшысы шаншаң, содырлау болғанмен, осындай тапсырмаға одан тындырымды ешкім жоқ. Нияз Сұлтан мен Нұралы сұлтан ат шаптырым жерге дейін шығарып салады.

Әбілқайыр мен бір топ би елшілікті тай шаптырым жерге дейін шығарып салды да, қашан жал асып кеткенше соңдарынан қарап тұрды.

Барған сайын ұшқан қаңбақтай құрдымдана түскен бір шоғыр шаң көкжиекте ұзақ бұлаңытып тұрып-тұрып, бір жола құрдымға сіңіп жоғалғанда барып, билер ханмен қоштасып, елдеріне тарай бастады.

Әбілқайыр тағы да бір бейтаныс жолаушыларды туған күрдасындай құшақтаса қоштасып шығарып салып, тағы да атын аяңдата бастырып ордаға қайтып келеді. Бұл да — міне, өткен күн. Көкірегі бірақ анау айтқандай кенеу тауып қарқ бола қой-

маған сияқты. Көңілдегі көп үміт, міне, қанша жыл болды, көкжиектен әрі ұзап шыға алмай, аттанған жолаушылардың ақ шаңында малтығып жүр. Оның қашан дегеніне жетіп, дені жайылар күні болар екен.

Жаңа тағы да көзі шалып қалды — күймедегі сый ұлық та анадағы келгеніндегі күлегештігін ұмытып ой үстінде кетті. Бұл да, міне, басы кеудесіне кетіп ой үстінде келеді. Бұл думан, бұл жиынның да ықпал-әсері сонау жан-жаққа қылт-қылт безіп бара жатқан көп шаңмен бірге сұйыла, сейіле түсетіндей.

Хан басын көтеріп жан-жағына қарады. Қасындағы Мырзатайды шынтағымен қағып былай ығыстырып, ар жағындағы Айбастың Арыстанбайына иек қағып, қасына шақырды.

— Қалай, құрдас, кеше осы сіздің ауылдың шоғыры тым сұйқылттау көрінген сияқты ғой. Жиырма бес алшынның жанға, малға кенделігі жоқ, ен нуының бірі шөмен еді. Олар нағып тап мұндай жүдеу келгендеріне түсінбедім. Рас, ұсақ үш шөмекейдің қамшысы түгелге жуық. Бірақ ол үшеуінің — бәрі қосылып, бір Бозғылдың қарасын толтыра алмай тұр ғой. Сіздің сол көп ауылдан Келдібайдың екі төлі Киікбай екеуіннен басқа ешкім көзге түспеді. Не ойлағандарың бар еді? Жалтырдың төрт бұйда ұстары — Жәдік, Алман, Шыбынтай, Кенже; қаратамыр Мәмбет, балқы Бәйбек шөмен атамның көшін аркар ұрандының қай ауылының күлінің басына апарып шөгерейін деп жүр? Кейінгі кезде Батыр сұлтанмен екі орталары тулақ сүйреткендей ақ жол боп қапты десетін еді. Қайып баласының сарқыты төртқараның Әйтеке балалары мен Қаратоқа Көшербайынан, қарасақалдың Мырзакелдісінен, кішкене шектінің Қарабас, Қалыбай, Қарабай, Боранбай, Жаңбыршыларынан артылып, шөмекейдің шүйделілеріне де ауысайын деген-ау! Әйтпесе, іргедегі Ырғызда тұрып, аттарына жем түсе қояды ғой дейсің бе?! Кешегі шалқайысқандардың көбі қайтадан шалғайласса да, солар-ақ илікпей қойды ғой. Не біліп жүргендері бар? Әлде көкіректері көлдеудегі көп жылқының пысқырғанына күпті ме? Жарайды, олар солай-ақ болсын! Ал әлгі Бәбиге не жоқ? Бір Байғараның құнын бір алып бітіскен сияқты еді ғой? Құны төленсе, жұққан қанның аршылатыны қайда? Бір кездегі сойылдастары Сырлыбай мен Баймұраттың жүрістері кешегі. Кәрі түйенің қарғыс жетпесінің сіңіріндей сол сығырдың-ақ құрысқан-тырысқаны жазылмай-ақ қойды ғой. Бір жазса, соны сен жазасың! Тілің ащы болғанмен, алақаның жұмсақ. Әрі ара ағайынсың!

Өткір тілді Арыстанбай хан иенің өзіне ұрынып бастап, шағынып аяқтаған мына әңгімесінде талай сөздің ұтыры кеп ауызы қышыса да, үндемеді.

Ханның маңдайында көптен бері ел қонбаған жапан түздегі ескі жымдардай шым-шытырық әжімдер көбейіп, шытынап тұр екен.

Шамасы, әлгі жаңа ғана жан-жаққа сіңіп жоғалған ала шаң мына биылғы қалың өнген қапырық оттың басына орнар ақ тозаңның алды болмаса, соңы болмас түрі бар.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

ЕЛЕҢ-АЛАҢ

Пенде азды-кем тірлігінде артында ұрпағымен де атын қалдыра алады. Бірақ, ондай ұрпақ жан-жануардан да қалмай ма?! Кісінің атын мәңгі-бақи өлтірмейтін оның тірлігінде тапқан абыройы. Мен өз атымның осындай ұлы және даңқты елге де белгілі болғанына шексіз қуаныштымын.

Әбілқайыр хан.
(С. М. Соловьев. Россия тарихы. т. XX, 1559)

Қолыңдағы билікті үлкейтемін деп, қарауыңдағы халықтың санын ұлғайтып, айбынын тым асырып жіберіп жүрсең, оған сол айбынына лайық астам қаситтер дарытасың да, ертең өз ырқыңа көндіре алмай қаласың. Ал енді өз уысымнан шықпайтындай шағын да әлсіз қып ұстаймын десең, күндердің күнінде ол басыңдағы азғантай дәуреннің өзіне зар қалатынындай мүсәпір күйге түседі де, алдымен тап берген дұшпанның шеңгелінде кетеді. Сондықтан, қандай шешім қабылдағанда да, әлгіндей-әлгіндей келеңсіздіктердің аздау жағына ден қойған дұрыс. Өйткені, атымен күдік-күман тумайтындай бірден-бір дұрыс шешім ешқашан таптырмақшы емес.

Никола Макиавелли. «Ой-толғамдар»

«...ешқайдан ешқандай көмек алмай-ақ, мемлекет қызметкерлерін пайдаланбай-ақ, жаңа линия шебін ойдағыдай тартып шықтық; егер көктемнен бері Уфа маңында жіпсіз байланып отырып алмағанымызда осы жазда салынуға тиісті қалалардың бәрін салып, орнатылуға тиісті маяктардың бәрін орнатып бітіріп, енді аңшы қазақтардың саятын тамашалап, рахатқа батып мәз-мәйрам боп жататын едік. Несін айтасыз, өмір сүруге таптырмайтын-ақ жер! Топырағы қапқара. Ормандары, шалғындары, түзде ауланар аңы, суда ұсталар балығы — бәрі-бәрі шаш етектен...»

Орынбор экспедициясы бастығы статс — советник Иван Кириловтың Сыртқы істер коллегиясына жолдаған мәлімдемесінен. Сентябрь, 1739 жыл. Самара.

Кирилов Петербургке жөнелткелі отырған ақпарын пакетке салып жатып, әлденеге ызаланып столды жұдырығымен қойып-қойып қалды. Бұғақ тұсы албырай қызарып, маңдай тұсы көгіс тартып, шеке тамырлары бадырайып-бадырайып шыға келді.

Қап, осы жөтелді ме?.. Кілікпес жерде кілігеді. Ертелі-кеш осылай қиқылдай-қиқылдай, тамағы әбден қарлығып қалған. Көзінен жас ыршып кетті.

Қағаздар, ландкарталар, минералдар, мамонттың тісі, башқұрт даласындағы бір үйіктен табылған ертедегі алып адамның әлдекашан құрап қалған жамбас сүйегі мен милығы ойылған жарты басы ию-қию шашылып жатқан айлапат стол су астына батып бара жатқандай бұлдырай жөнелді. Тынысы тарылып, бұғып демігіп, біраз қиналды.

Бір уақыттарда бәрін басылды-ау, әйтеуір. Басылған құрлы да әбден діңкелетіп бітеді.

Креслоға шалқалап біраз жатты. Әлден соң көзін ашып, кабинеттің ішін бір шалып шықты. Өзінің қайда отырғанына көзі анық жетпегендей, айналасына есеңгірей қарады. Сосын бір қолымен иығындағы ана бір жолы үнді көпесі Маравий Бараев сыйлаған астарына елтірі салып сырыған бұқара ішігінің өңірін қусыра ұстап, екінші қолымен емен столды нығарлай таяның, шайқалақтап орнынан көтерілді. Буын-буынының дірілі күшейе түспесе, басылар емес. Аяғын басса — құдайдың қара жері қақ айырылып ойылып кететіндей. Аңтарылып тұр. Тұнжыраңқы жанарына анадайда жуылмаған шұлғаудай сатпақтанып телміре жылтыраған сұрғылт терезе ілікті. Ілбіп басып солай қарай бет-теді. Келсе — сол баяғысынша. Кейінгі күндері көз алдында тырп етпей тымырайып тұрып алған үйреншікті қыңырқай көрініс...

Қара жерді қаран суға алдырғалы келе жатқандай қанатын кеңге жайып, ағыл-тегіл ақтарыла жөңкіген Еділдің ені осы бір тұста тым даладай далиып кетуші еді. Арғы жаға тіптен көзге шалынбай қалатын. Ол тұста мынау ұланасыр су арна атаулыны атымен ұмытып, аспанның өзіне шапшы жайылып, жер мен көкті түгел қалқытып жібергендей. Көкжиекті мүлдем ажыратып болар емес.

Сондай көлкөсір кеңістікте кыс бойы көз қаратпай жалтырап жатқан да қойған ұланғайыр айна мұз кейінгі кезде адам танымастай. Арттарына айқыш-ұйқыш ақ сызық тастап ерсілі-қарсылы құйғыта жосылтып жататын суыт шаналар да, ертелі-кеш шуылдасып жүретін сырғанақшы балалар да көрінбейді.

Самараның ең думанды жағалауы осы еді. Ол да, міне, тыптыныш. Ығы-жығы адам да, жабыр-жұбыр үн де жым-жылас. «Оның бәрі менің қасым мен қабағыма қарайды. Мен жадырасам, олар да маған жамырай шапқылап, ал мен түнерсем, міне, осылай олар да бет-бетіне безіп кетеді»,— дегендей, көк сұр айдын бүгін тым бедірейіп алыпты. Өңінде ешқандай жылт жоқ. Қыс бойы мығым жатқан сіре мұздың көбесі сетінеп, әр жер — әр жерден қызыл су көтеріліпті.

Россияның тайлы-таяғын түп-түгел осында айдап әкеп, жаппай шанаға отырғызып, үстінен әрлі-берлі сырғанақ тепкізіп, қанша таптасаң да, мыңқ ете қоймайтындай көрінетін жотасы қалың Еділ мұзының дәл мынандай болып қаусай сөгіліп, тозған көрпедей жырымдала бастағаны уақыттың тойтарыс бермес өктем пәрменін ұқтырғандай.

Тап оның Кириловқа онша ұнап тұрғаны шамалы. Сырттағы қым-қуыт жарық дүниеге ауық-ауық осылай терезеден көз салатыны бар еді. Сонда қамырықты көңілі ара-тұра бір жадырап қалатын. Мынау пәлен күннен бері тырп етпей көлбеп жатып алған жадау көрініс онсыз да буынын бекітіп, бойын тіктей алмай жүргенде ұнжырғасын одан сайын түсіріп жіберді. Бұндай телегей-теңіз лайсаңның тұсында ортасында орталықтан кеме

де, шана да қатынаса алмайды. Үш жыл бойы әне жіберіледі, міне жіберіледі деген капитан Эльтон былтыр күзде Самараға келіп бұнымен кездесіп, экспедицияға керекті астрономиялық, геодезиялық құрал-саймандар, керек-жарақтардың бәрін тауып көктемнен қалмай қайтып оралатын болып кеткен еді. Онымен бірге ағылшын көпесі Гок те артынып-тартынып келмекші еді. Екеуінен де суға батқандай хабар жоқ.

Оларды аттандырып салуға ақша аяп, құдайдың жоқ сылтауларын жаңбырша жаудырап баққан Сенатқа бұның айтпағаны, жазбағаны қалмады. Ондағы маубастардың бәрібір құлақ асар түрлері көрінбейді. Олар мынау жаңа өлкені әлі күнге қайдағы бір есірік жалба тымақтар әрлі-берлі құйын қуып шапқылап жүрген құдайға керексіз құла түз деп ойлайды. Мұнда Россия үшін қанша байлық, қанша қазына тұнып тұрғандығында шаруалары қанша! Ол жайында жан-жақты мәлімет жинап, қапы қалмай қимылдап қалатын тұс қазір ғана! Әйтпесе, мынау күніне қырық аунақшыған бұратаналар ертең тағы да бір ши шығарып жүрсе, бұл шаруаның тағы қанша жылға созылып кететінін кім білген?! Оған дейін бұл мынау қалтаң-құлтаң қалпымен қара жердің бетін басып тірі жүре ала ма, жоқ па?!

Көзі ішігінің омырауын қаусыра ұстап тұрған оң қолына түсіп еді. Саусақтарының ұшы барабан таяқшаларының басындай домаланып быртиып-быртиып ісіп кетіпті. Оберь — секретарь кезінде астынан қан теуіп ылғи күреңітіп тұратын жұп-жұқа тырнақтары көгіс тартып қалыңдап, мүйізгектеніп алыпты. Иә, бұл дерт күн өткен сайын меңдей түспесе, беті бері қарайтын емес. Профессор Гейнцельманның шипалы деген шөптерінен ішпегені жоқ. Башқұрт қымызынан да ауыз айырмай-ақ бақты. Былтыр күзге қарай бір шама тынайып қалғандай еді. Қыстан бері қайта әлсіреп кетті. Бұрын оқтын-оқтын экспедиция кеңсесіне кіріп-шығып жүретіні бар еді. Одан қалғанына да біраз болып барады. Қазір үйден шықпайды. Кеңседегі барлық қағазды осында көшіртіп алды. Минералл коллекциялары, гербарийлер, қазбадан табылған заттар, башқұрттар мен қазақтардан жиналған таңсық бұйымдар — бәр-бәріне орын табылмай ыбырсып кетті. Төсегі де осында, кабинетінде. Оқитынының бәрін сонда жатып оқиды. Қолына тиген қағаздардың қай-қайсысының да шетіне микстура тамып, сартаңдақтанып қалған. Сәл басын көтерсе болды, столға келіп жазуына үңіледі. Өңшең бір бастаған да бітпеген нәрселер. «Күллі Россия мемлекетінің гүл жайнаған дәуірі» атты еңбегін қайта жазып жатыр. Мынау бөтен өлкеге келгелі қанша жаңа әсер, қанша жаңа ойлар туды десеңші! «Россияның ежелгі тарихының тигізер пайдасы туралы экстракт» басына осында келгесін түсті. Гейнцельман екеуі бірігіп жазып шыққан Сібір, башқұрт, қазақ хандарының ата-тегі мен башқұрт руларының шежіресі ғылым үшін де, болашақта бұл өлкені дұрыс басқарып, дұрыс билеу үшін де таптырмайтын құнды дүние. Әттең, соны кайта қарап, егжей-тегжейлі түсіндірме жазып шығуға мұрша болмай тұр. «Терiскей согысы тарихы» атымен қол тигізуеіз

жабулы күйінде жатыр. Ең болмаса, мынау «Гүл жайнаған дәуренді» бір жақты қылып үлгерсе жарар еді-ау...

Сол есіне түскенде ұйқысынан шырт оянады. Кейінгі кезде кеңседегі барлық жұмысты қайын атасы Петр Степанович Бахметов пен көмекшісі Петр Иванович Дьяковқа тапсырып, өзі осы қолжазбаларын реттеуге шықты. Бірақ, ыбырсыған көп қағаз шамалыда бой берер емес! Ызадан безгек соққандай қалшылдап, ақыл-естен айырыла жаздайды. Итшілікпен өтіп бара жатқан есіл ғұмыр-ай десейші! Тағдыр жап-жақсы басталып, оңға баса бастаған шаруасының бәрінің ойда жоқта ойранға ұшырап, аяқсыз қалуын әуелден мұның маңдайына жазып қойғандай. Әйтпесе, осы Орынбор экспедициясының сәті қандай түсіп еді! Патша да істемеген жомарттығын істеп еді. Бұл да көре қоймаспын деген дәуренін көзбен көріп, қолмен ұстағандай боп жүр еді. Міне, енді соның бәрінің шөт-шөлкейі шықты!

Ор бойындағы қамалдың жұмысы ойдағыдай басталып, Кириловтың көңілі сабасына енді түсе бергенде, төбеден түскендей түнделетіп жиырма шақты салт аттының сау ете қалғаны.

Сезімтал Кирилов олардың түр-түсін көргенде-ақ шошып кетті. Бәрі қалмақша киініп алыпты. Бәрі жадап-жүдеген. Бәрінің көзінің алды қалта-қалта. Суыт жүрістен әбден діңкелеп келгендері бірден байқалып тұр. Мұның бөлмесіндегі бір-екі башқұртты көріп, қабақтары тарс жабылып, томсарып отырып алысты. Олар шығып кеткен соң барып сөз басталды.

Кирилов мынау бейуақ жолаушылардың әңгімесін тыңдаған сайын жүрегі мұздай түсті. Бөлменің ішінде кімдер отырғаны түгел есінен шығып кетті. Анада ғана өзі жүріп өткен жол ойына оралды. Құлағына ызың-ызың кіріп жатқан сөздер көз алдына көлбеңдеген сурет боп тұрып алды. Өзі соның ортасында жүргендей екі көзі шарасынан шығып барады. Тісі тісіне жабысып қалғандай, ажырата алар емес. Астыңғы ерініне күрек тісі қатты кіріп кетсе керек, бір жақ езуінен жылымшылап қан ақты. Бірдеңе деп айқайлағысы келіп еді, жағы қарысып қалыпты. Ызадан көзінен жас атып кетті. Алдындағы тақтайдан сүріп жасаған жалаңаш столды жұдырықпен бір қойып қап орнынан атып тұрды.

— Доғар!...

Дауысы бастығырылып жатқан кісінің үніндей қырылдап әжептәуір естілді.

Жұрт та орындарынан атып-атып тұрысты. Бәрінің де өңдері сұп-сұр. Бәрінің де көздерінің алды дымданып тұр.

Кирилов содан бері бірдеңеге қатты ызаланса, столды жұдырықпен бір қойып қалатын әдет шығарды.

Расында да, сол бір бейуақ жүргіншілердің айтып келгендері ызаланбасына болмайтындай сұмдық-тұғын.

Ор бойындағы жаңа шаһарды салуға келетін кейбір әскери бөлімдер әлі жетіп үлгермеген-ді. Сондай бір полк Уфадан шығып, анада бұлар жүрген машрутпен қырға қарай бағыт түзепті. Қаладан шыққасын Сарымсақты өзенінің бойына тоқтап, екі

аптадай аял қылады. Ондағы ойлары маңайдағы башқұрт улыстарынан сыр тарту. Елсіз түздегі жыланшық өзеннің жағасында қанша жатса да, қыр басынан қылтиып көрінген бір де бір башқұрт көзге түспейді. Төңіректегі ауылдарға арқан сұрап, қом сұрап барып қайтқандар секем алатындай хабар әкелмейді. Полк командирі Чижов ақырында аттанысқа дабыл қақтырады.

Оқта-текте бір ұшырасатын шағын ауылдар соңдарынан үрпие қарап шығарып салғаннан басқа еш қайран танытпайды. Үш-төрт күннен кейін ондай ауылдар да кездеспейтін елсіз түзге шығады. Шілде орнап, шөбі құрай бастаған мидай жазықта қылт еткен қарайған көрінбейді. Күні бойы жан-жағыңа жалтақтай-жалтақтай жанарың талады. Бірақ, бәрі бір сол жымпиған құба жазық. Бұлдыр сағым. Уфадан екі жүз шақырым ұзағасын жер бұрынғыдан бетер құйқалана түсті. Белуардан келетін қалың бидайықтан жол сорабы зорға байқалады. Аспан шәйдай ашық. Шықылдаған құс үнінен басқа дыбыс та естілмейді. Жаңа пісіп жайқалып тұрған шалғын шөптің нәсі мұрыныңды жарып, бойыңды балбыратып барады. Одан сайын рахатқа батыра түскісі келгендей, тап көкірек тұсыңнан бипаз қыдықтап бір сайқал самал лүп ете қалды.

Біреулер күркіретіп ән бастады. Жұрт қапелімде: «Апырай, мынау өзі қалай болар екен? Дауысымызды естіп қап, бұратаналар шауып кеп жүрмесе, жарар еді»,— деп бір-біріне жалтақтай қарасты. Қысыла-қымтырыла басталған ән бірте-бірте шарықтай түсті. Сол беттерімен шеру өн бойы қалың өскен бидайық пен еркекке қақалып тұрған қалың сайға да жетті. Көңілдеріне: «Жол тосқандар бір ұшырасса, осы арадан ұшырасарау!»— деген күдік қашып, сәл бәсеңдей түскен ән қарсы өрнеуге көтерілген соң қайтадан шалқи жөнелді. Жұрттың есінен қауып-қатер атымен шығып кеткен. Көк шүйіп жүрген ителгі, ақсарылар да қанаттарын серіппей, әнге елтіп, аспан өріне шегедей қағылып, қадалып-қадалып тұрып алғандай. Көкжиек сол баяғы жымпиған қалпы. Әлгі бір ұры сайдан да ұзай түсті. Шолақ самал барған сайын күшейіп бара жатқандай. Шалғын нәсі де мұрынды жара түсті. Кенет сол самал әлдеқайдан бір күңірсіген күйік нәсін әкелгендей. Бетке соққан лептен бір түрлі жалын шарпитындай. Ешқайдан бықсыған түтін көрінбейді. Сол баяғы жылмық жон ұланғайыр дала. Сол баяғы шәйдай ашық аспан. Дегенмен әлгі күркіреген ән бірте-бірте толастайын дегендей. Салқын самал тынып қалды. Ыстық леп күшейе түсті. Көкжиектегі еміс-еміс белестен әлде бір күрең кошқыл қызыл киіктер емпеңдей жөңкіліп келе жатқандай. Қылт-қылт қылаңыта тұтасқан бір — қызыл толқын көк мұнардың астын үңгіп бері қарай лықсығандай.

— Өрт, өрт!

Жұрт жапатармағай көкжиекке қарасты. Алдыңғы жақтағылар жалт беріп кейін бұлтарды. Кейінгілер ештеңеге түсінбей аңтарылып тұр. Полк командирі Чижов астындағы ақ боз атын ойнақтатып бір жақ қапталға шығып, жан-жаққа дүрбі салды.

Алдыңғы жақ түп-тұтас жер бауырлап жалаңдай жылжып келе жатқан қызыл өрт. Әлгінде ғана жайқалып тұрған қалың бидайық пен еркек қып-қызыл от боп шайқалады. Бұлк-бұлк бүкеңдей жүгірген мың-мың от ішін тіресіп қалың келеді. Оның бетін қайтару еш мүмкін емес. Жаңғыз амал — қашу. Қашқанда, бірақ қайда қашарсың?! Жан-жағың жапырыла иілген қалың еркек, бидайық. Маңайдан не тақыр, не тастақ ұшырасса ғой, шіркін!

Дірілдеп тұрған қолдардағы бұлдырап тұрған көп дүрбі жан-жақты жанталаса шолып бақты. Қапелімде ештеңе кезіге қоймады. Бір уақыттарда барып Чижовтың дүрбісіне қара сайдың арғы деңгейінен, күн шығыс жақ көк жиектен жер бауырлап жатқан алып кесірткедей бір жіп-жіңішке сұп-сұр жолақ ілікті. Су түсетін тастақ болса керек, дүрбінің шынысын пышақтай тіліп жалтырап көрінді. Не де болса, соған жетіп, тұяқ іліктіруден басқа амал қалмады.

Чижов саңқылдап бұйрық берді. Жұрт опыр-топыр кері жөңкілді. Бірте-бірте арттағы қызыл жалынның лебі, тамызықтай қаулай жөнелген қалың шөптің сытыр-сытыр үні анық сезіле бастады. Енді көп ұзамай сол сел тасқындай қатайып жайылып келе жатқан от толқындардың қуып жетулері де ғажап емес. Жұрт жан ұшырып ілгері тартты. Салт аттылар бірін-бірі кимелеп, ілгері оңмеңдеп, шиқылдаған арбалар мен күймелер ілесе алмай, артта қалып барады. Төкпектей шыққан тұяқ дүсірі мен жан ұшыра қиқалақтаған доңғалақ сықыры өрт сытырына қосылып, дүние аламан-асыр болды да кетті.

Бұлар қара сайға жете бергенде арғы жақтағы ернектен де жалақ-жұлақ жалын көрінді.

Естері шығып кеткен жұрт қасқыр тиген табындай улап-шулап азан-қазан. Енді мынау қара нөпір екі жақтан сумаңдай қаумалап келе жатқан қызыл жалынның арасында пышақтың жүзіндей боп сау жатқан қара сайдың бойымен шығысқа қарай жөңкілді. Мына сайдың бір ұшы манағы тастаққа барып тірелетін секілді. Енді, не де болса, жан сақтаудың содан басқа жолы қалмады.

Қалың дүрмек белуардан шалғын кешіп, жан ұшырып келеді. Артқы жақтан әуелі баж-бұж айқай, артынша тарс-күрс дыбыстар шықты. Өрт арбаларды қуып жетсе керек. Башқұрттардың ойбайлаған, орыстардың боқтаған дауыстары құлақтарына ап-анық жетіп жатса да, қарайлайтын ешкім жоқ, бәрі жандәрмен ілгері емпеңдейді.

Сумаңдаған қызыл жалындар жыландай ирелеңдеп, құйындай зулап бара жатқан көп аттыны қуып жетіп, шашаларына оратылып, кескестей бастады. Талай жануардың тұяғы үйітіліп, сай іші мүйіз сасып кетті. Құйрықтарын жалын шарпыған талай жылқы қорыққаннан естері кетіп, тізгінге бағынбай аспанға шапшып, шаншылып тұра қалып шыңғырып, оңды-солды ойқастап, қапталдағы аттарға соқтығып аласұрып жүр.

Жалпақ өрт сай бойына кеп тығылған соң, манағы жазық-

тағысындай емес, қоңырсып, бықсып, түтіндеп кетті. Шашасын, құйрық-жалын жалын шалған жануарлар көбейіп барады. Кейбіреулері сирақтарынан бастап лапылдап жана бастады. Олар жандәрмен сай бойына ытқып ернекке жетеді де, тағы да отқа тіреліп, омақаса құлайды.

Қара сайдың бойы бірте-бірте майлақылана түсті. Үйтілген құйқаның, күйген сүйек пен тұяқтың күңірсік исі мұңкіп кетті. Адамның дауысын, жылқының дауысын айырып болар емес.

Жан-жақ лапылдап өртеніп жатыр. Кім өртегені белгісіз. Шошаң еткен қарайған көрінбейді. Әлде бір құдірет жер астынан шығып тамызық тастағандай. Не аспандағы күннен айдалаға от тамып кеткендей.

Не де болса, сай бойындағы өрт гүрілдей жанып, өрши түсті. Қалың дүрмек жапатармағай еңмеңдеп келеді.

Бір уақыттарда бәрін алдыңғы жақ сай түйығына іліктіай ақыры. Тұла бойына от тие қоймаған аман аттар «құтылдық па, құтылмадық па» дегендей тастақ қыраңға қарай жұлдыздай ақты. Оларды көріп, кейінгі аттар да жолдағы отты баса көктей сондарынан салды. Сол дүрбелең әлге дейін жалын жетпей аман тұрған шалғынға отты оздері ап келді. Қорқырап құлап жатқандар қанша ма! Домалап түсіп, мойын омыртқалары үзіліп, жан тәсілім болып жатқандар қанша ма! Аттан түсе салып, қасқа тұранға қарай жаяу жүгіріп бара жатқандар қанша ма! Дүние аламан-асыр...

Қасқа тұранның ар жағы ай тақырға жалғасады екен. Көпке дейін жатып, жақында ғана тартылған айдын көлдің орынында кей-кей жерде шұқанақ-шұқанақ сулар қалыпты. Тұла бойын от шарпыған жануарлар шауып жетіп барып, шалп-шалп аунап жатыр. Қашан құлағанша жаны кеудесіне келген күйік мүскіндер де соған жете беріп әлсіреп өмірем қауып жатыр.

Қасқа тұранның маңы күйген қаңқаға толды да кетті. Аты күйіп, өзі аман қалғандар бар. Өзі күйіп, аты аман қалғандар бар. Екеуі де бірдей күйіп кеткендер бар. Екеуіне де от тимей аман шыққандар өте аз.

Өкшелей қуған өрт қалар емес. Жан-жақтан жапыра қаулап қамап келе жатыр. Айдаладағы алақандай тастақ төбеге тіреліп, еңмеңдей ұмтылып, жалп-жалп құлап жатқан жал-жал жалын толқындар. Көз жетер көк жиек түгел өрт құшағында. Мынау тастақ пен ай тақыр сондайлық көл-көсір от мұқитының ортасында қалған құрдым аралдай. Сол тоқымдай аралда зәрелері зар түбіне кеткен бір шоғыр адам отыр. Көл жақ бетте жалын ай тақырдың өзіне секіріп түсіп, теңкие құлаған аттарды шырақша маздатып жағып жатыр. Ұмар-жұмар домаланған қомағай от тіпті су ортасында әлі жаны шықпай тыпырлап жатқан шалажансар жануарлардың жалына арлан бөрідей қарғып мініп апты.

Жұртта ес жоқ. Орыс та, башқұрт та, қалмақ та, жағаларын ұстап алған. Мынау аламан-асырды салып жатқан от емес, мыңмың жын-перідей.

Құтырынып алған өрт күн батқанша басылмады. Күн батқасын да көпке дейін шар тарап тегіс алаулап жарқылдады да жатты. Бір уақыттарда жел терістікке аунады. Жал-жал толқындар мана өздері типылдап кеткен өртеңге қарай шалқиды. Біразға дейін жалпылдай жүгіріп кеп, бірінің үстіне бірі артылып, омақаса құлап жатыр, құлап жатыр. Алып қызыл самұрықтардай жал-жал қызыл от өртеңге жеткесін бауырларын көтере алмай, қанаттарымен жалп-жалп жер сабалап біраз жатады да, әлден соң дәрмені құрып бықсып өше бастайды.

Ертеңіне таңертең жарқырап күн шықты. Күлегеш күн күйелеш-күйелеш жер бетін келемежден тұрғандай жымың-жымың етеді.

Қақ ортада мойыны ішіне кетіп, тұнжырап тұрған полковник Чижов полктен не қалып, не қойғанын анықтау үшін жүртты сапқа тұрғызды. Екі жүздей адам, алпыс шақты ат, жүз елудей қылыш, жүз қаралты мылтық... Қалғандарының бәрін кеше от жалмаған.

Арттарына қарап еді — үйткен құйқадай қатпарланып қара сай жатыр. О жер — бұ жерден жайраған ат, екпеттей құлаған адамдардың шөкім-шөкім күлдері қарауытады. Арбалардың қаңқалары сайдың арғы бетінде қалыпты.

Чижов астындағы атын әлтек-тәлтек бастырып, ілгері озды. Бетті Уфаға түзеді. Бастары кеуделеріне түсіп кеткен бір шоғыр адам терістікке қарай ілбіп жүріп кетті.

Тағы да сол жым-жырт жапан түз. Тағы да сол шошаң еткен еш нышан байқалмайтын тұлдыр көкжиек. Кешегі өртке ешкімнің қатысы жоқтай. Тәңірдің өзі жіберген зауалдай.

Кешегі қызыл оттың арасынан тірі шыққандардың біразы жолда аштан, шөлден өлді. Жүз елудейі әнеу күні өздері көрген шеткергі башқұрт ауылы отырған қайқаң жалға емпеңдей көтеріліп еді, тып-типыл жүртты көріп, аңтарылып тұра-тұра қалысты.

Кешегі өрттің өз-өзінен тұтанбағаны енді белгілі болды. Басы Чижов болып, зығырдандары қайнап, қолдарындағы қаруларын мытыңқырай ұстап, тістерін шақырлата түсті. Қандарына қарайып келе жатқан біраз тентек жол жиегіндегі індерінің ауыздарында жайбарақат әндетіп отырған сарышұнақтарды көріп, жетіп барып, қынаптарынан қылыштарын суырып ап турап-турап тастады.

Сөйтіп тағы да үш күн жүрді. Төртінші күні түбінде сыздықтап бұлақ шығып жатқан бір жүлгеге келіп шөл басысты. Пәлен күннен бері қалжырап келе жатқанда он шақты кісіні күзетке қойып, отырған-отырған жерлеріне құлай-құлай кетісті.

Катып ұйықтап қалған Чижов білегін тікен-тікен бірдеңе шағып алғандай болғасын, орынынан атып тұрды. Сөйтсе, солдаттарының көбі байлаулы жатыр. Бірқатары жолбарыстай алысып-арпалысып жүр. Чижов та башқұрттардың оң келгенін оңынан, сол келгенін солынан ұрып жығып, тайталасып бақты. Бірақ көптің аты көп емес пе! Оншақтысы бір-ақ атылып, алып

ұрып астарына басты. Қол-аяғын буып байлап тастады. Беріспей жүргендерден де қауқар кете бастады.

Он сегіз драгун, қырық екі солдаттың өліктері жайрап қалған оңаша бұлақ басында бір-бірін көздерімен атысып бес жүздей башқұрт пен байлаулы тұрған тоқсанға жуық жетер-жетпес орыс жауынгерлері бетпе-бет қалды.

Күн қағып тотығып алған башқұрттар тірі пұшайман бұларға жан-жақтан ентелей төніп, зірк-зірк етеді.

— Е, қалай екен, анадағы бастықтарың «кері қайтыңдар» дегенде айтқан тілді алмап еді. Көрдіңдер ме!

— Сол қарғыс атқырлармен былшылдасып, босқа уақыт жіберіп тұрамыз ба? Одан да бәрін осы араға турап тастау керек.

— Жоға, буларды осылай Уфаға айдап апарамыз. Мына далаға аттап шықса, күндерінің қандай болатынын қалғандары да біліп қойсын!

— Қалаға айдап қайтеміз?! Одан да ауыл-ауылға бөліп әкетіп, салпаңдатып қой соңына салып қоймаймыз ба?!

Орысша білетін біреуі байлаулы Чижовқа оң құлағының түбіне тұрып алып, қалғандарының не деп жатқандарын ауызы жалпылдап аударып бақты.

Бір тобы полк священигін қолға алған. Әулие әкейді енеден туған қалпында тыр жалаңаш қалдырыпты. Оларымен қоймай, жан-жағынан жапатармағай сақалына жабысып апты.

— Әй, қауға сақал молда, ал аруағыңа сиын! Бізді келіп атып ұрар ма екен, көрейік...

— Сенің әлгі тақтай құдайыңның киесі кешегі өртті нағыл тойтармады, ә?

— Жоға, бұл қауға-сақалды, айнадай қып күзеп тастау керек!

— Қапалап кеткен шығар. Иегіне жел тигізіп, сауабын алайық!

Сол-ақ екен бес-алты башқұрт бейшара попты алып ұрып астарына басты. Күйек сақал біреуі жалт еткізіп қанынан сапы суырды. Жарғақ шалбарының тізесіне зып-зып жанып алды. Сосын поптың басын тақымына қысып ап, шашын, сақал-мұртын сыпыра бастады. Бейшараның бұлқынғанына, бақырғанына қарар емес. Қайта ол шыңғырған сайын желіге түседі. Май бөкседен оңдырмай шымшып, көк желкеден салып қап:

— Тәйт, найсап, түз жат әрі!— деп ақырып, кісіге емес, түйеге мініп отырғандай әрлі-берлі изеліп қояды.

Дудыраған жирен сақал, жирен шашты найзасының ұшына іліп алған біреуі:

— Бұны өртеп, күлін суға қосып ішкізсең, аусыл сияқты құлантаза жазылып кететін көрінеді,— деп айқайлайды.

Сапысы жалаңдаған күйек сақал әбден желпініп алған:

— Әй, осыны біржолата мұсылман қылып жіберсек қайтеді?!— дейді.

Кеңк-кеңк күлкі қайта қозды.

Поп енді жарық дүниеден күдерін біржолата үзсе керек, көзі шарасынан шыға алақтап, басымен сайдың құлама жарын ұрғылап, сусып түскен құм топырақты қарш-қарш асай бастады.

Құдайлары беріп тұрған қалың тобыр сақ-сақ күледі.

Поптың көзі аларып шығып кеткен. Аузынан қоймалжың балшық ағып жатыр.

— Уай, қарғыс атқан тағылар!— деп ышқынады Чижов.

Есер топ одан сайын мәз болады.

— Әй, сәурік айғырдай қақшаңдаған мына немені де сүйтсек қайтеді!

— Сүндеттеп, әлі де әйелінің обалына қалмайын деп тұрсың ба? Одан да біржола піштіріп жіберейік!

Әумесер топ қолдарын сермесіп бірдеңе жөнінде гуілдесе жөнелді.

Ең соңында біреуі кеп Чижовқа:

— Егер патшаға башқұрт даласына тереңдеп кіруден бас тарту керек деп айтатын болсаң, аман қалдырамыз,— деді.

— Патша сендердей бұзақылардың талап-тілегін қайтушы еді. Патша түгілі басына күн туып тұрған мына мен де сендердей жалаң аяқтарға бас ұрмаймын! Аямаңдар! Атыңдар! Асыңдар! Мені де, мына қалғандарды да қырып салыңдар! Олар бәрібір өкіметке сендердің талаптарыңды жеткізбейді. Қай жерде қолдарын босатсаңдар, сол жерде өздерін өздері өлтіреді. Бірақ, сендердің сәлемдеріңді айтып, ешқайда бармайды.

— Оп-оңай өле салғышын қарай көр!

— Мә, саған, ондай оңай рахат!

Біреу екі саусағының арасынан бас бармағын қылтитып, Чижовтың тұмсығына тақады.

— Ендеше, итке ит өлімі!

— Бұл екі төбет осы арада қалсын!

— Біреуі мынау өліктердің жаназасын шығарәр!

— Әй, сол неме біреуге жаназа шығармақ түгілі өзі арам қатты білем!

— Мына сәурік мықты болса, қасындағыларымен осы арада қамал салып алсын!

Қауқылдасқан қалың тобыр тұтқындарды аттарына өңгеріп, сай бойынан ұзай берді. Қырық шақтысын Уфа төңірегіне апарып тастап, қалғандарын ауыл-ауылдарына бөліп әкетіпті.

Мына хабар тиісімен Уфа воеводосы Петерборға ат шаптырыпты. Әлгі масқара жорықтан тірі қалған бір-екі адамды қасына нөкер қосып, әуелі қалмақ асырып, сосын бәрін қалмақша киіндіріп Ор бойына, Кириловқа жіберіпті.

Хабаршы жігіт ділмар-ақ екен. Құдды бір қыз айттыра барған құдадай, ештеңе қалдырмай бәрін майын тамызып екжей-текжейлеп баяндап берді. Әлгі қарғыс атқандардың полк туын қалай қорлағанын айта бастағанда, Кирилов шыдай алмай:

— Доғар!— деп ышқына айқайлап орынынан түрегелді.

Есіп ертеңіне озер жиып, жұмысты тоқтатып, қарауындағы-

лардың қаққанда қанын, соққанда сөлін алып, жолға әзірлей бастады.

Маңайда бұқпақтап жол торып жүрген жансыздар болса, көріп қалмасын деп қараңғыны жамылып сапарға аттанды. Қайда бара жатқандарын қамалда қалатындардан тек подполковник Чемодуровқа ғана айтты. Оған да: «Тісіңнен шығарма!»— деп қатты тапсырды.

— Әрі кетсе, жарты жылда башқұрттардың желігін басып, қамал құрылысына қайтып ораламын. Оған дейін жұмыс тоқтап қалмасын!— деді.

Есіне сол сөзі түскенде, көкірегі әлге дейін қыж ете қалады. «Қайтып оралды ғой!»...

Одан бері де, міне, үш жылға аяқ басыпты. Ор бойындағы қамал әлге дейін түсіне кіреді.

Суыт жүрген Кирилов қолы әлгі қарғыс атқыр Қара сайға да жетті. Көз жетер жердің бәрі күйе. Ат тұяғынан ұшқан шаң да қап-қара. Аспандағы қара бұлттың арасынан түсе қалғандай, қаһарлы қол баяғы арамза бұлақтың басына кеп ошарылды. Марқұмдардың мүрдесі әлі күнге жинаусыз жатыр. Чижов бұлқына, бұлқына екі білегін арқан қиып, ақсиып сүйегі көрінеді. Ол жарасына қара шыбын быжынай жабылыпты. Полк священнигі сол масқара болған орынынан тұрмастан жан тапсырыпты. Нәлет атқыр бүлікшілер екі тізесінің үстіне полк туын жауып, екі жақ шетін екі үлкен қара таспен мықтап бастырып кетіпті.

Кирилов сол араға аял жасап, марқұм болған отандастарына қабір қазып жерледі.

Шәйіт полктың туын сүйіп тұрып, жер тізерлеп ант берді.

— Жақсылықты білмеген жалба тымақтардың бірі де бірі тірі жүргенде сендердің кектеріңді түгел қайтардық деп ойламақшы емеспіз. Ол мына зұлымдықты жасаған қанқұйлы дұшпанның көзі түгел құрығанда ғана қайтады.

Кирилов ай даладағы моланың басында осы сөзді айтқанда тісі тісіне тиіп сақ ете қалды. Жағы қарысып қалғандай содан қайтып ауыз ашпады. Әншейіндегі көлкөсір жазық маңдайы бір уыс боп бұрысып тырысты да қалды. Екі қасының арасына түскен ай сызық қанжардай қадалып тұрып алды. Ешкім маңына батып бара алмады. Тевкелевтің өзі ләмим тіл қатпай, анадайдан қасы мен қабағына қараумен болды.

Кирилов өмірінде өшпенділіктің құдіретін сонда ұқты. Қай жағына қараса да тісін қарш-қарш қайрап, өшпенділік кезеніп тұрғандай. Анадағы жасыл масатыдай құлпырып жатқан көгал өлкенің өзі сол өшпенділіктің уы тамып қурап күйіп кеткендей. Алыстан көлденең сұлап жатып алатын дөңбек жалдар әлдекімнің долырған көзінің алдында күлтілдеп тұрған ісіктей.

Осынау ұлан-асыр далада сол кіжінген өшпенділіктен басқа ештеңе жоқтай. Сол көк жұлын өшпенділік тиген жерін түйрей кетер тікен боп өсіп, ошаған боп балағына жармасып жатқандай. Сол көк жұлын өшпенділік біресе бас сүйегіңді

тірілей қуратып жібергісі келгендей ап-ашы күн көзі болып қадалып, біресе сап-салқын терістіктің ызғары боп сүйегіңді шағып, көкірегіңнен кері итеретіндей. Сол көк жұлын өшпенділік мынау тырбиған-тырбиған сұрықсыз сұмырай шөптесіннің арасында шаян боп, бүйі боп, қарақұрт боп, жылан боп жорғалап ыңып жүргендей. Сол көк жұлын өшпенділік көзге көрінбес қараңғы түнде ши бөрі боп ұлып, түлкі боп сақ-сақ күлетіндей.

Мына далада сені жақсы көретін ештеңе жоқтай. Бәрі де сені шағып алғысы кеп, тырнап алғысы кеп, тістеп алғысы кеп жатқандай. Жабыса кетеді, жармаса кетеді, жағаласа кетеді. Тіпті ауасы екеш ауасының өзі тіліңді қуырып, тынысыңды тарылтып, өзегіңді күйдіріп бара жатқандай. Маңайдан қайдағы бір күйік иісі, күңірсік иісі, өлексе иісі шығатындай.

Жымиып жатқан мынау жылпос дала нағыз сыр алдыртпас сұр жыланның өзі болса керек. Өңменделеген сайын өкпеңді өшіре түскісі келгендей көлкөсір далия түседі. Шөлдеген сайын бедіреңе, тоңған сайын аңылжың, ішің пысқан сайын құлазы түседі.

Құдай ыққа, саяға, мәуеге жаратпаған мына дала жүргіншіге жақсылық жасау дегенді атымен білмейтіндей. Жақсылыққа қандай кенде болса, қанышпезерлікке сондай мырза. Аспандағы күнінен бастап жердегі жантаққа дейін тек сол қанышпезерліктен ғана тұратындай.

Тамұқтың өзі де тап мына безер даладан асқан тауқымет емес шығар. Мына тамұқтың тауқыметінен өніп-өсіп мақұлық кімді аясын? Селкеу шықсаң қылғыта салуға, қылжита салуға әзір тұратын шығар. Адамдары екеш адамдарының да істеп отырғандары жаңағы ғой. Құдай бұларға тәуелді қыла көрмесін! Бұларға тәуелді болсаң, көретінің әлгі!!! Бұларды тек өзіңе тәуелді қылып қана күн көре аласың. Сондықтан олардың қылмыңдаған көзіне де, жылмиған жүзіне де, жылпылдақ сөзіне де иланууға болмайды! Олары да бір мына даланың сағымы да бір. Оған сенсең — қайтып арам қатқаныңды өзің де білмей қаласың... Баяғы өткен-кеткендердің жазып қалдырғандары ып-рас екен. Талай жерде ауызын күйдірген өкініш пен ызаның дертінен сарғайып кеткендей сол бір көне қағаздардан асқан көріп кел жоқ екен...

Кирилов қанына қарайып келеді. Мына далада уды тек у ғана қайтара алады. Ауасының өзі өшпенділіктің уы боп тұнып тұрған бұл далада тек өшпенділік қана сені өрге бастап, өшпенділік қана саған бірдеңені жүзеге асырғыза алады. Онысыз өзің өшпенділік құрбаны болып кете барасың. Одан да енді жолыңда кездескен жалба тымақтардың бәріне көріңді төгіп, қанға тұншықтырып бақ... Олар аямағанда сен аяйсың ба?! Олар мынау құлазыған ку даласын қимағанда, сен жанаттың төріндей жайсаң армандарыңды, қолға алдың-ақ, орындала кеткелі тұрған ғажайып жоспарларыңды қайтып қия аласың!

Жалба тымақ бұратана елім бар, жерім бар деп бұтқа толғанда, сенің елің, сенің жерің жоқ па екен! Ол тышқақ жылқының сасық құйрығының сатпақ қылын шошаңдатып төбеңе ойнат-

қанда сен императрицаның жібек туын топырақка аунатып кайтып тыныш отыра аласың!

Ұрынған өздері. Өз обалдары өздеріне! Әлін білмес әлек деген осы! Қайткен күнде де іргелі Россия қайдағы бір түз бұзақыларының шалдуарлығына жол беріп отыра алмайды. Тағылықтың алдында тізе бүге алмайды.

Бұл мынау жапан түзге ол үшін аттанған жоқ. Жалба тымақ жабайылықтың алдында өнер-білімнің, ғылымның, цивилизацияның туын жығып беруге келген жоқ. Анадағы Чижов полкына істелген қастандық ең алдымен бұған жасалған қастандық. Қастандықты қатаң жазалау, зұлымдықты жер жастандыру ешқашан қылмыс саналмақшы емес, ерлік саналмақшы.

Тарих мұның басын мұндай сынға салса, одан да сүрінбей өтуге күш салып бағады. Ол, не де болса, шегіне алмайды, неден де болса, тайына алмайды. Өйткені, оның шегінгені — ғылымның шегінгені, цивилизацияның шегінгені, тағылықтың мейманасы тасып, жабайылықтың ныгы асқаны. Олай етіп қойып тірі жүре алмайды. Оның жалба тымақтарды жазалағаны белгілі бір халықты жазалағаны емес, жабайылықты, надандықты жазалағаны болып табылады. Жабайылық пен надандық аңғалдығы мен аңқаулығы арқасында ғана аман қала алады. Ал егер жабайылық пен надандыкка зұлымдық қосылса, ол нағыз жыртқыштыққа айналады. Жыртқыштықты аяуға кешірім жасауға болмайды. Жыртқыштықты аяған ертең соның аузында өзі кетеді.

Расында да, бұл нағып байқамаған... Мына жалба тымақтарды тойғаннан басқа арманы, ырду-дырдудан басқа құмары жоқ аңғал жұрт деп санаушы еді. Баяғыдағы Уфада тұрғандағы үйінің аула сыпырушы шалына қарап, еңбекке үйретсе, өздері қыруар пайда тигізе алуы да мүмкін екен деп ойлаған. Сөйтсе, нағыз екі аяқты ши бөрілер екен ғой. Ығы-жығы Уфада момомакан болып жүргенмен, ұлы түзге аяқ басты-ақ, тісін қайрап, жан-жағыңнан анталай қамап, арс-арс етіп қоя бермеді ме! Анада Ор бойына жеткенше қылмаған қысастығы, көрсетпеген қорлықтары қалды ма! Онда әйтеуір күштері жетпеген соң, дегендеріне жете алмады. Күштері жеткенде, Чижовтың полкінің кебін бұлар да киетін еді.

Соны ойлағанда Кириловтың тұла бойы түршігіп кетеді. Онда бұның барлық арманы адыра қалды дей беріңіз. Тәуба, тәуба! Мынау өңшең қорқау жайлаған жапан түзде әлі күнге аяғынан тік басып, тірі жүргеніне тәуба! Мынау қай-қайдағыны ойлайтын да жүретін сұңғыла басы бір бұтаның түбінде құрт-құмырысқаға жем болып құрап жатпағанына шүкір де!

Ондай күнге жетпеу үшін де мынау жыртқыштардың көзіне көк шыбынды үймелетіп баққаны дұрыс. Есіріп кетпей тұрғанда естен тандыра соққандары дұрыс. Өйтпесе болмайды. Олары, түптеп келгенде, бұлардың өздеріне пайда! Сейткенде ғана олар ерте бастығады. Ерте бастықса, айтқанға тез көнеді. Айтқанға көнсе, алмақтап құр бекерге шапқылай бермей, өнер-білім үйре-

неді. Өнер-білім үйренсе, бұларға да, өздеріне де қыруар пайда түсіреді. Сондықтан қазіргі қаталдығы түптеп келгенде жасаған жақсылығы боп шығады. Олардың болашағына рақымды болғың келсе, қазіргі бұлталағын аяусыз жазалап бақ... Әйтпесе, бұларды көріп, ертең басқалары да құтырып жүрсе... Жалба тымақтың аты бір жалба тымақ... Бүгін ханзадасын елшілікке жіберіп, сызылып тұрғанмен, ертең мынау қайсақтардың да қандай мінез шығаратынын кім біліпті?! Ендеше, мінез шығарғандағы көретін күндері қандай болатынын қазірден бастап көріп алсын!

Кириловтың алақаны ду-ду қышып қоя берді. Жалақтап жан-жағына қарады.

Әншейінде беталды құла түзде қаңғыратын да жүретін башқұрттардан ешкім көзге түсе қоймаған. Көз ұшында бұлтылдаған қарайғаннан дәметсең, жақындай келе не бұта, не суаттан шығып өріп бара жатқан құлан, қаракұйрық, киік болып шығады. Ызаланып келе жатқан кол оларды да талай рет қан-жоса қылды.

Әбден күдер үзе бастағанда жер түбінен әлдене шалқар теңіздей шалқып қоя берді. Көл екен дейін десең, ен бойы өңшең тау-тау үйік. Сол дөңкигендердің арасында қыбырлап-жыбырлап бірдеңелер жүр.

Кирилов жол бастаушылардың біреуін қасына шақырып:

— Мынау не?— деп сұрады.

— Табын қаласы.

— Анау қыбырлағандар не?

— Көлден тұз алып жатқан жұмысшылар.

Кирилов дегенмен тіксініп көп маңайлай қоймай алыстан орағытып бара жатыр еді, кенет...

Әлгі көл бетінде қыбырлап жүргендер ерсілі-қарсылы жүгірісіп қарбалысты да қалысты. Дөңкиген-дөңкиген тұз тауларының тасасынан атқып-ытқып салт аттылар шыға келді. Құйындай ұйтқыған шапшаң жүрістерінен болмаса, қапелімде олардың не екенін аңғара қоюдың өзі де қиын еді. Өңшең бір сорайған-сорайған ақ сырық... Жолда не жатса да қарамай құйғытып келеді. Үсті-бастары шаң-шаң, тозаң-тозаң... Манағы жер түбінен шалқар теңіз боп шалқып көрінген қалқып жатқан су емес, жылмиған теп-тегіс сор болып шықты. Сонау тұз шығарып жатқан түп жағында ғана жұқанақ-жұқанақ судың жұрнағы болса керек. Жиек жағы ай тақыр. Ақ шағылтақ тосап басқан ай тақыр мың-мың күміс ұнтақ шашып тастағандай жалтырап көрінеді. Сол мың-мың күміс ұнтақтың арасында мың-мың ебіл-себіл бірдеңелер желкілдеп шауып келеді. Қапелімде, әлгі бақташы башқұрттар көп айта беретін ши мұрындар екен деп қалатындайсың. Олар да осындай сортауыт жерлерде көп жүреді деуші еді. Ендеше, мынау көз нұрын суырып жылтырап, жалтылдай мың құбылып жатқан ақ шағылтақ кеңістікте жүрмегенде олар қайда жүреді! Жер түбінен бұларды көріп өре түрегелулері мүмкін ғой. Мына қырсық түзде не жоқ дейсің! Ештеңеге де таңғалуға болмайды.

Кирилов көзіме қос көрініп тұрған жоқ па деп дүрбі салды. Жоқ, мыналарың жын-шайтанға келіңкіремейді. Ши мұрындардың аяғы теріс бітеді, өкшелері ілгері, башпайлары артына қарап тұрады деуші еді. Мыналардың үзеңгідегі аяқтарынан тап ондай ештеңе байқалмайды. Аяқтары кәдімгі аяқ. Мұрындары да ерсі шошайып кетпеген. Кәдімгі өзіміздің сығырақ көз жалба тымақтарға тән дөңгелек жүз, доғал тұмсық. Бұлардың бәлен күннен бері жолықтыра алмай келе жатқан бұзақылары. Көктен тілегенді жерден беріп сайда жоқта опыр-топыр шыға келді. Қапы қалмай сілтеп бағатын-ақ тұс. Бірақ, бұларға бірден дүрсе қоя берсең, әп дегеннен жұдырығың қатты тиіп, тез шығынтып алуың мүмкін. Онда бұлар тағы да мынау құлазыған ку медиенге тырағайлай безіп, құтылып кетеді. Жоқ, оларды тап бұл жолы өйтіп аман-есен жіберіп қоюға болмайды. Ұтылап тиісіп қырып салу керек. Ол үшін бірден еңсере соқпай, біразға дейін жеңістік беріп желпілдетіп алулары керек. Сонда бұлар білетін желбуаз жабайылар болса, ар жағында далақтап өлгенжіткендеріне өздері-ақ қарамайды. Сосын жусата бер, жусата бер... Қайдан оқып еді, бұлар қашса құтылады, қуса жеңіледі... Ендеше, олардың қашқанынан бұлардың қашқаны дұрысырақ... Өздері қарақұм ғой... Бес-алты мыңнан асып жығылмаса, жетпей жығылмас түрі бар.

Өңменден шауып келе жатқандардың алдынан о жер-бұ жерден көкшіл түтін бұрқ ете қалды. Алдымен аттан жығылған бұзақылар емес, бұның сарбаздары болды. «Қайта сонысы дұрыс»,— деп қойды ішінен бұл. Өзінің осыншама салқын қандылығына өзі таңғалып тұр. Дойбы ойнаған кісі де тап бүйтіп самарқау тұра алмас.

Көл жақ шетте опыр-топыр басталды да кетті. О жер, бұл жерде опыр-топыр көбейді. Ойнақтап құр аттар шыға бастады. Сарт-сұрт қылыш дыбысы күшейді. Екі жақтың да арқасы енді жіпси бастаса керек.

Кирилов аспанға мылтық атты.

— Бөгелмеңдер. Қаша ұрыс салыңдар.

Аңырып қалған әскер бұның арғы ойын ұқты ма — ұқпады ма, әйтеуір бұйрыққа құлақ салып шажайлай жабысқан жалба тымақтардан сытылып шыға бастады.

— Аруақ! Аруақ!..

Айқай арт жақтан шықты. Масаттанған башқұрт қолының даусы.

Кирилов та: «Иә, сәт!»— деп келеді. Өз есебі тура келді. Әумесер түздіктер енді еліре түседі. Олармен ешқайда бөгеліп шайқаспай-ақ, осылай сүмеңдетіп соңына ертіп алулары керек.

Тиіп-қашып төрт рет шабуыл жасап, төртеуінде де ойсырата соққы ала қоймаған башқұрт қолы отрядқа Уфаға жақындағанша ілесіп барды. Қос қаптадан ойда-жоқта тап беріп, ұйқытұйқы қылады да тайып тұрады. Содан біраз уақытқа дейін қарасын көрсетпейді. Енді «құтылған шығармыз» дей бергенде қиқулап тағы жетіп келеді. Сондай бір көз таса кездерінде Ки-

рилов отрядты үшке бөліп, екі бөлігін тосқауылға қалдырды. Айдау жолдың үстіндегі ортаңғы бөлік Уфа төңірегіне енді тұмсық іліктіре бергенде тағы да қиқу шықты. Бұл топтан үстем түскен бұзақылар әбден желігіп алды. Алты мың кісілік қол түгел қаптағайлап еміне шапты. Кириловқа керегі де сол еді. Тасадағы тосқауыл андыздап шыға келгенде, жол торушылар қатты састы. Тең жартысы ғана әзер сытылып шықты. Қалғандары оққа ұшты, қолға түсті. Сөйтсе, олар — Қазан жолындағы Ақай Қасымовтың қарауындағы башқұрттар екен. Көсемдері әлгі қоршауды бұзып өткендердің арасында аман кетіпті. Ең соңында бір тобы өлермендікке салып әрең құтылып еді, солардың қақ маңдайындағы ала мойнақ шабдар атты сол Ақай боп шықты. Оқ жетпес жерге барғасын атының басын кілт тежеп артына бұрылып қараған. Кирилов: «Бұл не қылған көк жұлып еді!» — деп дүрбі салған. Шабдардың аркасына шаншыла жайғасқан еркектің дене бітімі де, бас қондырысы да шаршы екен. Кеспелтек денеден бірден басталған шар табақтай дөңгелек жүз дүрбінің шынысына әзер сыйып тұрған. Қызыл тамыры білеуленіп кеткен екі ала көз шаншыла қадалған. Телмие қарап тұрған бұның тінткі назарын шалып қалғандай кіжіне тістеніп, шықшытын ойнатқан. Сол бір астам немені мынау қолдарын артына байлап, сүмірейіп алдына түскен сұмпайы немелердің арасынан көре алмағанына қатты өкінген. «Қап, бәлем, ақыры қолыма бір түсерсің!» — деп кіжініп аттанған.

Бірақ, кейін бұның қолына түсуін түскенмен, бұл оған ештеңе істей алмады. Кириловтың ұзын қолы ойда жоқта қысқарып қалып еді.

Алты мың башқұрт қолының жартысын жайратып салған отряд Уфаның ирек көшелеріне дабылдатып кірді.

Уфа бұларды бір кезде қалай үлкен-кішісі қалмай соңдарынан телміре қарап шығарып салса, тап солай анталай қарап қарсы алды. Көк шарбақтың ар жағынан, қарағай қақпаның саңлауларынан, оймыштап тастаған терезе жақтауларының арасынан сығалап бақкандардың қызықтап тұрғаны да, қуанып тұрғаны да, жоқ үрейленіп тұрғаны да белгісіз еді. Бірақ, солай көздерін алмай телміріскендері Кириловтың жанына жағып келеді. Қиын қамалдарды алған қолбасшының өзі жеңген шаһарға неге маңғазданып, неге масаттанып кіретініне енді түсініп келеді. Дүниеде жеңістен тәтті не бар десеңші! Жеңістің дәмін татқан кісі де әлде бір желік бітірер жеміс жеп қойған кісідей өз-өзінен шалыққа берілмейді дейсің бе? Кирилов талай нәрсені армандағанмен, ол бастап шайқасқа түсіп, жеңіске жетем деп армандап па еді. Баяғыдағы қағаз көшіруші Кирилов оқымыстыға айналды. Оқымысты Кирилов бір өлкенің тағдыры өз қолындағы билік иесі ұлыққа айналды. Ұлық Кирилов енді, міне, аяқ астынан таңқыр да батыл қолбасшыға айналды. Алғашқы қадамы сәтті басталды. Шаужайына жармасқан бұзықтарға қанды нокта кигізді. Енді тек осы бағытынан, осы қарқынынан танбауы керек.

Баяғыда Ор бойына аттанарда түскен үйінің қарағай қақпасынан осылай лепіріп аттанған көңілі бір кешке жетпеді.

Кешкі шайдың үстінде Дьяков бас сұқты.

— Ваше превосходительство...

— Ол не?

— Сізге Мензелинскіден хабаршы шабарман кеп тұр?

— Шабарман... Мензелинскіден...

— Иә, генерал Румянцев жіберіпті...

— Румянцев?.. Ол бұл жақта не бітіріп жүр?

Кирилов орнынан ұшып тұрды. Неге екені белгісіз, өз-өзінен қол-аяғы дірілдеп қоя берді.

— Бар... Айт... Кірсін де...

Сырттан мұрты ширатылған серейген ұзын офицер ширыға аттады.

— Ваше превосходительство...

Сызданған ұзын мұрттың астынан сызғыра шыққан көп сөздің не жайында екенінде ісі болған жоқ. Ол ұсынған пакетке қол созды. Сыртындағы қырық жерден жапсырып тастаған сұр желімді бытырлата сындырып, ашып көріп еді... Бәрі түсінікті болды... Патша ағзамның бұйрығы екен. Бұл жақтағы бүлікке астанадағы шонжарлар да қатты дүрлігіп жатса керек... Мына аймақтағы бұрынғы әскердің үстіне үш мың тырғауыт қолы, бір мың Дон казактары, екі мың Жайық казактары қосылыпты. Сол әскерге бас қолбасшы қып генерал-лейтенант Румянцевты жұмсапты. Бұған: «Башқұрт ереуілі басылғанша Румянцевке бағынасың. Оренбург экспедициясының жұмысын кідірте тұрасың»,— депті.

Кирилов қолындағы пакетті қайда қоярын білмей қаңғалақтап тұрып қалды. Бастағы дәурен бір күн болмай ұшты да кетті деген осы! Енді оның оралар-оралмасы мынау бұралқы бұзықтардың желігінің қаншалықты тез арада басылар-басылмасына байланысты.

Баяғыдан бергі жоспарларының күл-талқаны шығып, қанына әбден қарайып алған Кирилов сентябрь айында Мензелинскіге тартты.

Қала шетіне лагерь тігіп жорық үрдісімен орналасқан генерал-лейтенанттың ала шатырына статс-советник Кирилов бастығына емес бағыныштысына келе жатқандай қабағынан қар жауып түнеріп аттады.

Әскери адам болғанмен арсы-күрсілікті жақтырмайтын Александр Иванович орнынан тұрып жадырай қарсы алды.

— Ә, дала Колумбысы, қалай аман-есен жеттің бе?

Ашуға булығып түтігіп тұрған Кирилов дәрежесі үлкен ақ сүйектің алдында иба сақтауға тырысты.

— Жеттік қой, мәртебелі тақсыр!

Екатеринбург заводтарының басшысы Татищев мырза да осында екен. Жап-жалпақ маңдайын жарқыратып жымсия қарайды.

Дүние болса асты-үстіне шығып аламан-асыр болып жатыр.

Ал мына екі ақ сүйек болса жын-ойнақтан бірге қайтып, қыз алдындағы «еркеліктерін» айтып мақтанысқан екі жармес бозбаладай жайбарақат машһурат құрып мында отыр!..

Кирилов мұндай қорлыққа шыдай алар емес. Башқұрт жайы ауызға іліге бере орынынан атып тұрып, анада Қарасай бойындағы масқарадан басына келген ойын қызына баяндай жөнелді.

Қарсы алдында жұмсақ сәкіге белуарынан үйелей жайлы жайғасқан екі шонжардың сол баяғы міз бақпас қалыптары.

— Оқты аямау керек дейсіз, ә!

Румянцев бұның жауабын естіп алып, бір ырғалып қойды.

— Одан басқа жолы жоқ па сонда?

— Өйтпейінше бұл әуре-сарсаң көпке созылып кетеді.

— Оныңыз рас!

Генерал-лейтенант башқұрттардың ереуілінен гөрі мұның қызбалығына көбірек қайғыратын кісіше қабағын шытына сөйледі.

— Бірақ, ондай қантөгіс бұратаналарға қалай әсер ететінін анық білесіз бе?

Кирилов та қолма-қол жауап берді.

— Білетіндей несі бар?! Башқұрттардың қан қапқанына қабырғасы қайысайын деп тұрған қайсақтар мен қалмақтар жоқ. Оларға қайта сол ежелгі бәсекелестерінің жер болып жанышталғаны керек.

Румянцев пен Татищев бір-біріне қарады.

— Мүмкін,— деді генерал ығын бір қозғап қойып.— Қалмақтардың сүйтсе сүйтуі мүмкін. Бірақ, қазір олардың ауыздарына алалық түсіп, өзара кикілжіңдесіп жүрген көрінеді. Қалмақтардың арасында да патша ықпалынан іргелерін аулақ сала тұрғылары келетіндер табылып жатса керек. Ал қырғыз-қайсақтарға келетін болсақ, олар біздің ықпалымызға жаңа-жаңа ілігіп келеді. Үш орданың бүгіндікке тек біреуінің ғана беті бері қарап отыр. Екеуінің қалай қарай аунап кететіні әлі күнге белгісіз. Мұндай жағдайда олардың: «Орыстардан пана іздеп жүрсек, қол астындағыларға кәрсететіндері мынау екен ғой»,— деп шоршып түсулері де ықтимал. Оның үстіне дәл қазіргі кезде бізге екі жақтан бірдей майдан ашу атымен тиімсіз. Сізден жасыратын ештеңе жоқ. Мені осы тарапқа жұмсарда алдияр императормыз: «Күнгейдегі Портамен, соның шылауында жүрген қырымдықтармен, ноғайлармен екі ортадағы көп жылдан бері бітпей де, қоймай да созылып келе жатқан шырғаландарды бір жақты қылатын кез жетіп отыр. Мұндай тұста шығыс бетіміздің дүрлікпей тыныш тұра тұрғаны жөн болар еді»,— деді. Біз мұны патша ағзамның өз аузынан естіп-біліп отырып, мұнда башқұрттарға қатыгездік көрсетер болсақ, күллі мұсылман дүниесін өзімізге қарсы қойып алуымыз әбден мүмкін ғой. Ол бізге, өзіңіз білесіз, онша оңайға түсе қоймас еді.

Кирилов генералдың мына сөзі өзіне тап анау айтқандай

әсер етпеген сыңай танытты. Көзін екі мырзаның екеуіне де кезек-кезек тіктеп кекірейе сөйледі.

— Мен сіз секілді әскер адамы емеспін. Бірақ, менің білуімше мынау түздіктер мен Түркияның арасы жер мен көктей. Түркияның флоты, мықты бекіністері бар. Оның үстіне жарты Европаның ауызын алып үлгерген ел. Ал мынау соғыс ісінен мұрындарына іс те бармайтын арда ерсуілшілерді табанға салып таптап тастау тап онша сіз айтқандай қиын қысталаң шаруа бола қоймас. Бұлардың бүлігінің неғұрлым тез жаныпталғаны қайсақтар мен қалмақтарға солғұрлым жақсы. Олар да біз тараптан енді аяқтарын тарта жүретін болады.

Осы арада манадан бері қаймыжық ерінінің бір жақ езуіне монтаны күлкі жасырып, жымсиып отырған Татищевтың дөңес маңдайы жалт ете қалды.

— Иван Кириловнч, олар аяқтарын тартуын тартар-ау! Бірақ, аяқтарын тартқызамыз деп жүріп, біржолата безіндіріп алып жүрмесек жарар еді. Өзіңіз жаңа айттыңыз. Олардың тұрақты әскері, флоты, өзіндік сыртқы саясаты жоқ. Сол себепті де оларға бір жақтан секем алса, бұлтарып екінші жаққа шыға келу тап онша қиынға түспейді. Оның үстіне, өзара қанша қырқысқанда да, бізден гөрі бір-біріне етенелеу ғой. Түтісулері де, бітісулері де оңайырақ. Башқұрттардың ар жағында қайсақтар жатыр. Қайсақтардың ар жағында жоңғар тұр. Жоңғардың желкесінде — қытай. Кеше бір-бірімен өштесіп, бір-бірлеп біздің қолтығымызға кеп тығыла бастаған бұратаналар енді шошынып қайтадан өзара ынтымақтаса бастаса, біз үшін одан асқан соққы жоқ. Патша ағзамның аңғартып отырғаны да сол болса керек.

Кирилов түксиген қабағын бәрібір ашпады.

— Бәрі де мүмкін. Менің жаңғыз-ақ анық білетін нәрсем — мұндай бүлікті көпке созылтып жіберуге болмайды. Қалған бұратаналардың қалай-қалай шалқалақтайтынын сонда көреміз әлі! Ақылынан ашуы, сабырынан үрейі үстем түсіп жататын тағы ел неғұрлым еңсере қимылдасаң, солғұрлым тезірек тізе бүгеді.

Татищевтің қаймыжық ерінінің бір қиығы тағы да бүлк ете түсті.

— Еңсере қимылдаудың түрі көп қой, Иван Кириловнч! Біздің байқауымызша, башқұрт даласының пұшпақ-пұшпағындағы шоқ-шоқ өрттер әлі бір тұтас алау боп бір-біріне ұласа қойған жоқ. Солардың басы-қосылып кетпей тұрғанда пәрменді әкімшілік шаралар қарастырғанымыз жөн. Өйтпей, бірден жұдырыққа күш салсақ, әлі ауыз біріктіре қоймаған тайпа көсемдері тезірек тіл табысып, бір тұтас қатерлі күшке айналып кетуі ықтимал.

Осы арада Румянцев масаттана жымиып орнынан тұрды. Оған шамданып қалған Кирилов Татищевтің сәуле жоқ жерден сәуле тауып, өз-өзінен жылтылдап, жалтырап тұрған жазық маңдайына ызалана қарады.

— Ал сонда әлгі пәрменді әкімшілік шараларыңыз қандай болмақшы?

Татищевтің орынына Румянцев жауап берді.

— Оны ақылдасуымыз керек. Сіздің келгеніңіз мұндай жақсы болар ма? Әйтпегенде шақыртушы жібергелі отыр ек.

Орал заводтарының іс басқарушысы жымсиып күлді де қойды.

— Мынау айдап әкелгендеріңіз кім?

— Ереуілші башқұрттар.

— Өздерін жақынырақ барып көрсек қайтеді?

— Көрсек, көрейік.

Үш шонжар лагерьдің шет жағында қарулы сақшылардың алдында тізіліп тұрған башқұрттарға беттеді. Қастарына келіп, бір-бірлеп беттеріне үңілді. Орыс шонжарларының не істегелі тұрғандарын біле алмай башқұрттар аң-таң. Башқұрттарға қосылып Кирилов та аң-таң. Румянцевтың бәз-баяғы басқанынан жер ойылатындай нығыз қалпы. Татищевтің көк тайғақ мұздай жалтырап жатқан жымысқы негізінде бір жылпос сәуле діріл-дейді.

Былайырақ шыққасын, Орал заводтарының іс басқарушысы Румянцевқа қарап көзін шүйіріп:

— Мына башқұрттардың киім-кешектеріне, қару-жарақтарына ешкімге қол сұқтырмау керек. Өздерін біздің өкіреңдеген солдаттардың еркіне бермей күтіп ұстаған жөн,— деді.

Румянцев мынаны естігенде селк етіп басын көтеріп алды. Кириловқа қарап:

— Сіз қалай дейсіз?— деп сұрады.

Ыза болған Кириловтың қапелімде ауызына сөз түсе қоймады.

Румянцев адьютантына бұрылды:

— Лагерь бастығына барып әлгіндей деп айт!

«Мынау екі шонжар мұны мазақтап келе жатқаннан сау ма?» Кириловтың қол-аяғы қалшылдап-дірілдеп қоя берді.

Екі шонжардың мазағы бір бұнымен бітпеді. Арада екі күн өтпей жатып, Румянцев бұл қойдай көгендеп әкелген башқұрттарды тағы да сапқа тұрғызды. Нәлеттердің қылшығы қисайса, не дейсің? Сақал-мұрттары май жағып қойғандай жылт-жылт етеді. Үш күн бойы қайын жұрттарына келіп, қыз ойнақта жатқандай, жүздері күреңітіп алған. Бірақ — көздерінде ғана әлде бір абыржушылықтың сесі бар. Таңғалмай да қайтсын! Үш күн бойы оларға әнеу күні, мұның алдында келе жатқандарындағыдай жекіген ешкім жоқ, жекеленген ешкім болған жоқ. Тұла бойларына қылау түспеді. Астан-судан кенделік көрсетпеді. Бұларға неге бүйтіп елбектей қалды. Әлде жазалар алдында әдейі осылай істейтін әдеттері ме? Бәлкім, бұл да табалағандарының бір түрі шығар. Кирилов та солай ойлаған. Ылғи алтын мен асылдың төңірегінде жүріп айлакер боп қалған аққаптал Татищевтің көзіндегі мұттәйім ұшқын тегіннен тегін бола қоймас. Румянцев ештеңе болмағандай нығыз тұр. Тек бұл ғана, кешегі Орынбор экспедициясының бастығы Кирилов қана, саптағы жаудырай қараскан башқұрттарға бір қарап, мығым тұрған екі шон-

жарға бір қарап, ештеңеге түсіне алмай аң-таң. Екі шонжар үш күн бойы бұнымен бір де бір рет тіл қатыспады. Егер олар осыдан бұның көңілінен шықпайтындай іс жасаса, онда аянар ештеңесі жоқ. Тура императрицаның өзіне жазады. «Мына екі шонжар башқұрттармен бітісеміз деп, бүлікшілермен ауыз жаласып кетті»,— дейді. «Ұлы империяның мүддесін аяққа басты»,— дейді. «Мынау ен байлыққа тұнып жатқан ұлан-асыр өлкені зерттеу мен игеруді тағы да полен жылға шегіндірмекші»,— дейді. «Егер арда түздіктер осы жолы дегендерін істетсе, бұдан былай жалына қол апартпай жағаласып кетеді»,— дейді. Ештеңеден тайынбайды. Петербургке аттанып кетеді. Бір күн де кідірмейді... Тек бұның ойынан шықпайтындай іс істеп көрсін бәлемдер...

Румянцев лагерь бастығына бұрылды:

— Тұтқындардың қару-жарақтарын әкелгіз...

«Мынау не істегелі тұр-ай! Бұлары нағыз сатқындық қой! Татищевтен бәрі де шығуы мүмкін! Императрицаның қаһарына ұшырап, талай жылдан бері шет аймаққа қаңғып кеткен неменің оған қай бір іші жылиды дейсің... Мұқатқалы тұрған шығар... Ал мына генералға не жоқ! Патша сарайы бұны әз әулие көрмейтін бә еді ...Императрица мұны министр қоймақшы да болған. Бас тартқан өзі десетін. Енді мынауы қалай? Аяр Татищевтың ықпалына мұнша түсіп, қандай абырой таппақшы. Әлде сарайдан алты қат алыста не істесем де қолымнан қағатын кім бар дегені ме... Жә, артын күтейік...»

Сарт-сұрт кеткен бір сап солдат тұтқындардың қару жарағын ұстап бір капталға кеп тізіліп тұра қалды. Башқұрттар бұрынғыдан бетер аң-таң. Кириловтың қабағы бұрынғыдан бетер түксиді. Оң қолтығының асты біреу біз тығып алғандай сыздап қоя берді. Қарап тұрып алқымы қышып өз-өзінен тұншығып барады. «Мыналар не істегелі тұр? Бұлары опасыздық қой!...»

Румянцевтың дауысы саңқ ете қалды.

— Мен бұл тарапқа ұлы императрица ағзамның арнайы тапсырмасымен келіп тұрмын. Таж иесі қарауындағы жұрттың мынандай бассыздығына қатты ренжулі. Бірақ, бұл бүкіл башқұрт жұртының емес, кейбір бүлікші топтың азғырынды әңгімесінің қырсығы екенін жақсы біледі. Сондықтан да маған башқұрт игі-жақсыларының алдынан әлі де болса, бір өт: «Мынау бұзақылықтарынан үзілді-кесілді тыйылар болса, өткен-кеткенді елемей кешірім жасаймын. Ешкімді жазаламаймын. Ол үшін бірақ башқұрт ру басылары менің өкілімнің алдында өздері кеп мойын ұсынып: «бұдан былай мұндай азғырынды әрекеттен аулақ жүреміз»,— деп құран ұстап, ант берулері керек. Сонда олардың өздеріне де, қарауындағы елдеріне де рахым жасалады»,— деп хабарлауды тапсырды. Сіздердің Россия империясына жасаған қиянаттарыңыз ең қатал жазаға лайық болса да, мен мейірбанды императрица ағзамның атынан бәріңізге кешірім жариялауға бекіндім. Бірақ, тұтқыннан босаған бойда, өз жұр-

тыңызға ұлы императрица ағзамының әлгі дұғай сәлемін бұлжытпай жеткізуге уәде бересіздер...

Тұтқындар саны гуілдесіп ала жөнелді:

— Айта барамыз...

— Уәде береміз...

— Ру басыларын ант беруге көндіреміз...

Татищевтың кең маңдайы бұлт арасынан оқыс шыға келген күн сәулесіне шағылысып жарқ-жұрқ ете қалды.

Румянцев тұтқындар сапын әлі сынай қарап тұр.

Кириловтың қолқасы кеудесіне симай, тұншығып барады.

— Тұтқындардың қарулары өздеріне таратылып берілсін!

Башқұрттар тұрған-тұрған жерлерінде етпеттей құлап, жер сүйіп жата-жата кетісті. Төңірек құлаққа ұрған танадай тыптыныш. Ешкімде үн жоқ. Тек Кириловтың ғана құлақ шекесі әлденеге шыңылдап ала жөнелгені.

Румянцев пен Татищев сыр шашпаған қалыптары бір-біріне қарасты.

Кирилов содан жарты айдай төсектен тұра алмады. Өн бойын бір сімсік тер алып, аю терісінен тігілген қалың тонға оранып жатты да қойды. Бірақ, бұл мынау күннен-күнге діңкелетіп, құртпай тынбауға айналған жегі дерттің сонда жабысқанын білген жоқ-ты. Ондағы бар ойы екі шонжардың бұған айтпай не істегелі жатқанында еді. Бас қолбасшының айлапат шатыры жақтан бұны іздеуші табыла қоймады. Салақ солдаттың шинелінің шалғайындай сатпақ-сатпақ ноябрь аспаны айналаны бір уыс қып көлкештеп алған. Анадағы елді-елдеріне тарап кеткен башқұрттардан зым-қайым хабар жоқ. Айлакер немелер бостанға бір шығып алғасын, енді жалдарына қол апартар ма? Шу асаудай құйрықтарын теуіп, бет-беттеріне безіп алып қайқайған ғой. Ақымақ орыс ұлықтарына сырттарынан сақ-сақ күліп жүрген шығар. Қолға түсіп тұрған басы бұзықтарды құдды бір еркетотай кенже балаларындай арқаларынан қағып, маңдайларынан сипап шығарып салған дұшпандарын ол немелер мазақ қылмағанда мараппаттасын ба? Осыдан бір жан аяқ баспай, тап осылай жым-жырт жатып алмайды-ау, бәлем... Мынау кекірейген екі шонжар көресіні сонда көрер еді... Кириловтың сол тілегін көктегі тәңір естіп қойғандай. Бір тәулік өтті — жан-жақтан хабар жоқ. Екі тәулік өтті — жан-жақтан хабар жоқ. Бір апта өтті — жан-жақтан хабар жоқ. Екі апта өтті — жан-жақтан хабар жоқ. Кириловтың маңайды тұнжырай шолған солғын жанары бірте-бірте шоктанайын деді. Жер беттеніп алған күлгін жүзіне де шырай жүгірейін деді. Аю терісі тонын аркасына іліп, басын көтеріп, самауыр әкелгізіп, шәй сораптайтынды шығарды. Қолды-аяқтай көмекшілерінен маңайдың хабарын құныға сұрайды. Олар да бұның көкірегіндегі күдікті баса түседі: Орыс ұлықтары шақырды екен деп аяқтары салақтап шауып келіп жатқан ру басылары жоқ секілді. Екі шонжар да бұрынғыдай сары ала шатырға кіріп алып, шүңкіл-шүңкіл мошһураттаспай, офицерлерді жиып, қолдарына сызғыш пен қарындаш ұстап, шынтақтарын тақтай

тесіп, қолкөсір столды бір өзі алып жатқан картаға үңілістінді шығарыпты. «Бәсе солай болар... Қылышты қынабынан бір суырмай-ақ, жеңіп қайта қоятындай, башқұрт саған оңай жау емес. Олардың өліспей берісетін түрі тіпті де көрінбейді. Қайта сөйткендері дұрыс емес пе? Соларын сылтауратып, көкелеріне көрістіріп, әбден табанға салып таптап, ендігәрі бастарын көтере алмайтындай қылып жаныштап алмас па? Әйтпесе, бүгін әкекөкелеп жүргенмен, ертең тағы қандай мінез шығаратындарын кім біліпті?! Ішінде алтын толы сандықтың үстінде жатқан арлан итті әуелі ас-су беріп алдап-сулап қолыңа қаратқан жөн болса, жен де шығар. Бірақ, ертең ол тойынып алып, ит аяғына ас құйып тұрған қолыңа шап бермесіне кім кепіл?! Ең дұрысы, о бастан-ақ саған аузын көрсетіп, ырылдағанын сылтауратып, қабаған немені қақ маңдайдан бір қойып, тыржитып терісін сыпырып алып, қаңқасын қоқыр төгетін ұры сайға бір-ақ зыттырған ғой! Сосын алтын толы сандыққа созылған қолыңа кім жабыса алар екен?!...».

Кирилов өз ойына өзі мадиықтанып, қабағы жазылып, маңдайынан тер шұбыра түсті. «Кейде осы біздің ұлықтардың оңоңай шаруаны қолдан қиындатып шыға келетіндері-ай. Орманға барған б.алташы көзіне шоқтай басылған жайсаң самырсынды басына қайдағы бір ұзақ қарғалар ұя салған екен, бұтақтарында құйрығы бұлтыңдап ақ тиіндер жүр екен, түбінде құмырысқаның илеуі бар екен деп аяп, басын шайқап-шайқап кері қайтпайды ғой. Қайта сондай мойынын көкке созған зәулім діңгекті оңоңай сұлатып салып, мол олжаға кенелгеніне масаттанбай ма? Ал егер ондай балташыға көлденең біреулер тап болып: «Жора, мына самырсынды шаба көрме! Желегіндегі, бұтағындағы, діңгегіндегі, түбіндегі тірлік етіп жатқан кішкене мақұлықтарды ая! Ертең өзі-ақ азар-тозар... Құлар... Сонда сүйретіп әкетерсің!»— деп ақыл берсе, ол құлақ асар ма еді?!. Әрине, жоқ! Оған, мұндай ақылды мол олжаға кезіккеніне қуанған жанашыр дос-жарлар тірі де айтсын ба, айтса оның бүйтіп оңай жолы болғанын көре алмаған іштарлар айтарын айтатын шығар... Мынау бұратана өлке — Россия үшін тап сондай таптырмас олжа ғой. Оны тауып тұрған бұл. Енді, міне, бұдан гөрі лауазымы үлкен екі ұлық келіп, мұның жаландаған балтасына жармасып: «Тоқта, шаппа!»— дейді. Айтқандарын тыңдамаса, екі қолын артына қайырып, белиндегі балтасын тартып алудан да тайынар түрлері көрінбейді. Бұдан асқан әлімжеттік болар ма! Бұл тапқан самырсынның өзегі тозып, аяғына өзі кеп, құлағанша қай заман! Оған дейін бұл жер бетінде бар ма, жоқ па! «Сосын мынау самырсынды баяғыда пәленше тауып еді!»— деп кім айтар? Зая кеткен еңбек деген сол болады. Адам түгілі ит екеш ит те өзі шалған аңды оңайлықпен өзгеге алдыра ма! Қашан демі біткенше, тістесіп өлмей ме! Бұл да сүйтеді! Патша ағзамға ауызы жетер күн туса, өз пікірін өткізеді... Тек мынау есер жұрт осылай құтыра тұрғай! Мынау екі ұлықтың құрайлаған құрықтарына өздері кеп бас ұрмағай. Сонда мына өлкені біржолата бауырға басып алу-

ға дәлел де, жағдай да туар еді! Алдап-сулағанға көнбейтін бұзақы жұртты аямай бұғалықтап бағар еді. Тұзаққа шыдай алмаған шу асаулардың өз обалдары өздеріне!!! Ал қыл тұзаққа шыдай алған көнтерілерін бір-бірлеп іштеріне тартады. Оқытады, үйретеді, өздері илейтін терінің бір пұшпағын ұстатып, бұдан былай бөгдемін, басқамын деп ойлайтын бұралқы ұғымнан біржола бездіреді. Күндердің күнінде олар өздерінің кім екенін ұмытып, бұлардың сөзін сөйлейді. Олай оңай көніп жатқандардың сауатын ашу үшін бір арба кітапты қайда барса да қасынан тастамай, тасып келеді. Бірақ, надан жұрттың оп-оңай көндіге қоймайтыны әуелден белгілі. Тағының аты тағы! Бір туламай, бір шаншымай илікпейді. Бұлардың да ондай бұзақы, желігін әуелі аямай басып алу керек. Сонда барып бастарына соққы тиеді. Тоғайдағы құлағын қайшылаған түз бөрісі қашан құйрығын бұтының арасына тығып, жымып келетін есіктегі итке айналғанша талай арланның азу тісі қағылып алған шығар-ау. Бұлардың арасында да ауыз ауызына сыймай жүрген арландар толып жатыр. Солардың мойыны қырқылып бітпей тұрып, бұл өлкені өзімсінуге болмайды. Соны мына екі шонжар нағып түсінбейді?! Бірақ, түсінсе де, солай істейтін шығар. Пәлен жылдан бері шет аймақта жүріп, бұратаналардың ауызынан жырып, дәулет жиып үйренген Татищев секілділерге бұндай итірқылжыңның біржола үзілді-кесілді бітіп қалғанынан гөрі осылай үздік-создық созыла бергені дұрыс шығар. Сонда алыстағы үкіметтің алдында беті шіркеулілер көбейе түседі. Олар араша іздеп жер түбіндегі астанаға бара алмайды, осындағы өздеріне жүгінеді. Жүгіністе қай заманның қазысының да сөзіңнің дәлелінен гөрі қалтаңның көлеміне көбірек зер салатыны белгілі. Ол жағынан Татищевтың даңқы әуелден де жер жарады. Оның сұғанақ қолын басқа түгілі Петр ағзамның өзі де тыя алмаған. Орал тауының бар байлығын бір өзі билеп-төстеп қалған Никита Демидов өзінен де асқан қаптесердің қылығына шыдай алмай, патшаға шағынышты. Сонда патша шақырып алып: «Никита Демидов сені жұрттан пара алады дейді. Сол рас па?»— деп сұрағанда, бұл сабазың беті бүлк етпей: «Рас,— депті.— Бірақ, құдайдың алдында да, сіздің ұлы Мәртебеңіздің алдында да ешқандай күнам жоқ. Пара алу қандай ауыр жаза қолдансаңыз да, ешқандай обал болмайтын ауыр күна, ал еткен еңбегіңнің ақысын алу еш күна емес. Судья алатын жалақысын ақтау үшін түске дейін Приказда отырады, ал түс қайтқасынғы еңбегіне тапқан ақысы қайтып пара саналмақшы.» Патшаға соны айтқан алаяқ Румянцевке нені айтпады дейсің?! Қайран Россияның жарты байлығы параға, жарты ақылы далаға кетіп жататыны қашанғы әдеті емес пе? Ертең ғой осыдан айтқандарын істемесе, мына екі шонжар да бұны патшаға ағзамның алдында сүмірейте жамандап бағады. Арсаландап алдымен жеткендіктерін адалдық, сумаңдап алдымен айтып үлгергендікін ақиқат санайтын кердең көкірек тоң мойын тайыздықтың қолынан тізгін кетпей тұрып, жала мен параның мұртын қай балта шаба алады?! Міне, орыс гене-

ралдарының ең ақылдыларының бірі саналып жүрген Румянцевтың өзі алдына бұдан бір апта бұрын жеткен Татищевтың айтқанына арбалыпты да қалыпты...

Соны ойлағанда Кириловтың зығырданы қайнады. Әлгінде ғана моншақтап ағып отырған ағыл-тегіл тері де аяқ астынан байланып қалады. Өн бойы қара тастай бедірейіп қайтадан ауыр тартады. Құлақ шекесі зыңылдап, мазасы кете бастайды.

Ол күні де Кирилов караптан-қарап құрысып-тырысып отыр еді. Есіктен біреу сарт-сұрт кіріп келіп, табалдырықтан бір елі бері аттамай, сыздиып тұра қалғаны. Румянцевтың шабарманы екен. Кириловтың жүрегі шым ете түсті. «Шақыртып жатыр!» Баяғыдан бері бұнымен еш шаруасы болмаған шонжардың мына қылығын не деп түсінеді?..

Кирилов орнынан құлықсыз көтерілді. Сыртта — күн шәйдай ашық. Бықсыған ноябрь ойда жоқта мамыр айындай май тоңғысыз мөлдірей қапты. Көз ұшындағы қара орман да түксие қарауытпай, жұмсақ көк нілге оранып, мұнартып көрінеді. Генерал шатыры маңында қара-құраң көп. Ілби басып сонда беттеді. Неге шақыртты екен? Татищев екеуінің көңіліне тағы не қашты екен? Әлде патша ағзамнан жаңа пәрмен келді ме?

Жүрегі алабұртып қоя берді. Аяғын жеделдете басты.

Шатырға кіріп келгенде капелімде тілінен айырылып қала жаздады. Самаладай кең баспанада өңшең бір дағарадай қызыл түлкі тымақтан көз тұнады. Шеттерінен тойға келгендей сәндене киініпті. Өңшең бір қасқыр ішік. Өңшең бір күмістелген кісе белбеу. Өңшең бір құдасының төрінде отырғандай манаурай жайғасқан маңғаз немелер. Бір кезде Уфадағы бұның үйі тап осылай қызылды-жасыл боп құлпырып шыға келуші еді. Енді сол төбелерімен аспан тіреп тұрғандай шірене беретін кергіме топ генералдың шатырының төріне самсап кеп қона қапты. Қалайша бұлай боп шықты екен?..

Румянцев сол баяғысынша шаншылып төрде отыр. Татищевтың сол баяғысынша маңдайы мен иегі әнтек жылтырайды. Бұның ден саулығын сұраған боп, екеуі де үсті-басына құрғыта қарайды. «Қалай екен, бәлем!»— деп табалап отырғаннан сау ма?! Шынында да, мына жалба тымақтарға не жоқ? Тым-тырыс жатып-жатып сау етіп жетіп келгендері қай ақылдары?! Өздері есер ғана емес есуас та екен ғой! Қап, мына екі сығырдың айыздары әбден қанатын болды-ау... Екеуінің бет-ауызы, күлкісі ғана емес, қозғалғандағы етіктерінің сықырына дейін «қап, бәлем, қалай екен?»— деп табалап тұрғандай.

Румянцев қаз-қатар тізілген түлкі тымақтарға қарап тіл қатты.

— Орынбор экспедициясының бастығы статс-советник Иван Кириллович Кирилов мырзаны білетін шығарсыздар.

— Әлбетте! Білгенде қандай!

Біреу сәнқ ете қалды. Кекесін аралас дауыс. Есіктен селқос аттаған Кирилов сол арада басын көтеріп алды. Көзі төрге таяу жайғасқан қоңқақ мұрын қара кісіге түсті. Өзге башқұрттардай

қара. Ала көз. Екі шықшыты екі жаққа шығына шапшып шыққан жалпақ бет. Басы да үп-үлкен. Сырт тұлғасы башқұрттардан гөрі күннің көзі, желдің өтінде көп жүретін қазақтарға келіңкірейді. Бұдан тайсалмай бажырая қарады. Жүзінде әжуа, мысқыл жоқ. Әлде бір кісімсінген астамдық бар. Бұны тақиясына тарсынып отырғандай. Тани кетті — Ақай Қосымов. Анада Табын қасы маңындағы шайқаста қолға түспей құтылып кеткен шабдар атты. Мынау сондағы дүрбінің әйнегіне әзер сыйған шарадай бет. Қан тамырлары білемдене қызарған ала көздері де бұзақының бұзақысымын деп тұрғандай.

Енді, міне, айылын жимай алшиып қақ төрде отыр. Есіктен жаңа кірген бұны місе тұтпай шекелей қарайды. Надан неме бұның императрица ағзамның төтенше өкілдігі бар үлкен ұлық, ресми адам екенін не қылсын. Кімнің қамшысы ұзынырақ көрініп, айқайы қаттырақ шықса, соның алдына түсіп жымып беріп, сәл босаңдық сезсе, қайтадан тарпаңдап шыға келмесе, тағының аты тағы болмас еді ғой! Өйтпей де қайтсын... Орыстың бір ұлығы тырп еткізбей тұтқын қып айдап әкелгенде, екінші ұлығы арқасынан қағып босатып жіберіп отырса, оларда қандай пәтуа бар деп ойласын! Пәтуасыздарды кім сыйлаушы еді! Шалжия жайғасқан отырысын жаман неменің! Шамасы, мына май тымақтарды осы азғырып әкелген ғой. Ендеше, әл кешегі қылмысына кешірім алғанын місе тұтпай: «Сендерге пәлен жерде пәлендей еңбегім сіңді»,— деп батпансиды ертең. Бір қызығы, бұлданатын жерде бұлдана білгендердің еңбегі еш уақытта ескерусіз қалмайды. Ал мынау өзіне ұқсап, «Отан қамы», «Россия қамы» деп оттан-судан тайынбай, майлық-сулыққа бірдей жүріп, күні-түні салпақтай беретіндердің не істеп, не қойып жатқанында ешкімнің шаруасы болмайды. Өйткені, қай заманда да еңбекшілдікке, әділдікке, адалдыққа ешкім таңғалып көрмеген. Ол құдайдың күнінің күнде-күнде бір орынынан шығып, бір орынынан бататыны сияқты үйреншікті нәрсе ғой. Жұртты таң қалдыру үшін күннің құлақтанғаны не тұтылғаны секілді оғаш нәрсе керек. Онсыз ештеңе еленбекші де, ескерілмекші де емес. Сосын да бұл заманда жұрт өз еңбегін өзі айтып кеуделерін соғып жүретін болған! Ал еңбегін сату жағынан мынау қу сирақ бұратаналардың алдына ешкім түсе алмайтын түрі бар. Қазір бетіңе күле қарайды да, артынан бір айналып кеп, ең құрығанда, насыбай сұрап атып кетеді... Мына шіркіннің де осынша манауырауында бір мән бар. Ертең-ақ патшаға барып: «Мен болмасам, бұзақы елді бұғалақтай алмайтын едіңдер»,— деп кергіп, әлі-ақ асынып-тағынып, артынып-тасынып карк боп қайтады. Әлгі бір құйрық тұсы бозарытып, қылпылдап тұратын ерсілеу бір торғай болмаушы ма еді: Кең дүниенің өзге құсы құрып қалғандай, қайда барсаң да, көзіңе алдымен солар түсуші еді ғой. Мынау түлкі тымақтар да тап соларға ұқсайды екен. Бүгін былай, ертең олай жалт беріп қылпып тұрған осындай суайттардың екі жүзділігі болмаса, орыс қаруы мынау жапан түзге аттап баса алмайтындай көретіндерін қайтерсіз?! Оларсыз да қауқарсыз елді

емес, ысқаяқ қара. Күнге әбден тотыққан. Сақал-мұрты мөлттей қураған қау шөптей жапырып жаншып баса көктеп кіріп келуге әбден болатынын қайдан білсін! Жоқ, бұл немелер әлгі бейшара құстардан бөлектеу. Ол макұлықтар қыпылықтаса, жандарынан қорқып қыпылықтайды ғой. Бірақ, олар сол қорыққандарының өзін саған салық қылып бұлдап бақпайды ғой. Жоқ, бұлар... құстардан гөрі... Иә, иә, енді тапты... Дәл солай... Бұлар құстардан гөрі иттерге келіңкірейді... Әлгі бір анадайдан кәукілдеп жүгіріп шығатын шабалақ көпек иттер болушы еді ғой. Солардың суыт жолаушылардың суық қабағынан қорқып, ә дегеннен жым болып тайып тұрғандарына қарамай, ат байлап түсіп жатқанында: «Біз болмағанда, бұл үйге қона алмайтын едіңдер»,— дегендей, құйрықтарын бұлғаңдатып, бірдеңе дәметіп, аяғыңа оратылып, шықпай қоятыны бар емес пе!? Мынау бұратаналардың көсемдерінен де сондай бір сасық құлық сезіледі де тұрады. Қасқыр тартқан майып малдың қан-жынын жалап корек айырған көпектердің қотан қорып жарытпайтыны сияқты, бұлардың да көздегендері ел қамы емес, елге тиген жаудың қанжығасынан жырып қалар өз қамы секілденеді де тұрады. Ендеше әлгіндей өз көзінде жатып өзінен өзі бұралқыланып кеткен сұқкөз көпек қорыған қотанға қой түтпейтіні сияқты өз төрінде отырып өз жұртымен өзі жасырынбақ ойнаған жады сығырлар билеген ел қайдан көктесін! Бүгін бұлардың алдынан құйрықтарын бұлғаңдатып шауып шыққан көпектердің ертең басқалардың алдынан шауып шықпасына кім кепіл!? Бүгін бұлардың етегіне жармасып, етігін сүйіп жатқан жәдігөй немелердің ертең өзгелердің аяғын құшпасына кім кепіл? Опасыздардың жәреукесін бітім деп ұққан саясатшысымақтардың өздерінің де түбі шикі көрінеді де тұрады. Әйтпесе, мыналар секілді кеше жағаласып, бүгін ауыз жалаысып отырғандардан не потуа шығып жарытады. Тәйірі, оларға бола босқа әуре болып, уақыт шығындап не керек еді... Тәйірі, азусыз көпекке арсаландатып аяғыңды жалатып не керек?! Одан да қақ маңдайдан қамшымен бір тартып қаңсылатып бездіріп жібермес пе...

Кирилов салғырт басып, бос тұрған орынына озды. Анда-санда бір тіл қатып, меймандарынан сараңдау сөз тартып отырған Румянцев кеудесін кере кербездене бұрылды.

— Бұлар — бізге мойын ұсынып келіп отырған башқұрт ру басыларының алғашқы тобы. Бүгін-ертең қалғандары да түгел келіп болмақ. Оған дейін бұл мырзалар осында қонақ бола тұрады. Бәрі түгел келіп болғасын барып, бұл өлкені қалай басқаратынымыз жәйлі келіссөз баетамақпыз.

Кириловтың ісіңкі сұп-сұр беті бұлк еткен жоқ. Сол есіктен кіргендегі сыз қабақ суық қалпы кекірейіп отыр. Қырағы генерал қиқар оқымыстының қыдиықтанып кіргенін тез аңғарып, жүзін тез бұрып әкетті.

Расында да, айналасы екі күннің ішінде башқұрттардың жүз жиырма биі жиналды. Келмей қалған Ноғай жолындағы бүлікшілердің бастығы Қылмақ Абыз ғана. Одан да хабар болып қал-

мас па екен деп, тағы да бір-екі күн кідірісті. Ат ізін салар Қылмақ Абыз болмады.

Румянцевтың да одан әрі күте беруге іші пысқан сияқты. Қасына қаршыға құстай қақшаңдай басып, шапшаң сөйлейтін татар мырзасы полковник Еделевті ертіп алғанына қарағанда мынау меймандармен тағы бірдеңе істегелі жүр. Лагерьден анадай жерге, аулаққа күмбіретіп сары ала шатыр тіккізді. Оның қасына қаз-қатар тай қазан тізіп, от жақты. Сары ала шатырдың алдына ақ шалмалы біреу шығып: «иә, алла!» — деп сарнап қоя бергенде, пәлен күннен бері сары жамбас болып жатқан билер сыртқа атып-атып шықты. Алшаңдай басып сары ала шатыр жаңқа беттеді.

Басқандарынан жер ойылардай. Кердең-кердең. Кирилов қарадай зығырданы қайнап, қалш-қалш етіп әзер тұрды. Әліге дейін көз алдында... Бірақ, қазір есіне сол түскенде дені жайылып рахаттана қалады. Әлін білмеген әлек деген сол ғой...

Жүз жиырма би әуелі жүздерін құбылаға беріп намаз оқыды. Сосын сары ала-шатырдың босағасына самсатып кебістерін шешіп төрге озды. Шалжиып-шалжиып отыра кетісті. Сақалдарын салалап «иә, аллалап» қояды. Құдаларының үйінің төрінде отырғандай шалқая түседі. Кілгіріп қалған кілегей көздерін быртиған етті беттерінің әлде бір қалтарысына көміп жіберіп, үнтүнсіз ойға шомған болысады. Қаннен қаперсіз. «Ал, біз келдік. Айтатын нең бар?!» — дегендей батпанси қарасады. «Қазір не болар екен?» — деп қам жеп отырған біреуі жоқ. Бұл маңқа немелердің маңғаздық несін алған десейші! Көкіректерін көкке төсеп, кергиді де жүреді. Бірақ, тап сол күні генералдың не дегелі отырғанын әумесер олар түгілі бұның өзі де сезген жоқ-ты. «Апырай, осы екеуі-ақ мына бір май бөкселерді мардамсыта бергеннен жалықпайды екен!» — деп, іштей зығырданы қайнап отырған.

Кенет...

Румянцев тамағын кенеді. Қасына полковник Еделев жетіп барды.

— Қадірлі меймандар! Башқұрт жұртының игі жақсылары! Сіздердің ақ патшаның алдында адал ниетте екендеріңе менің ешқандай күмәнім жоқ. Әлге дейін келіп үлгере алмай жатқан бірен-саран билер болса, олар мынау сіздердің пәуталарыңызды аттап кете алмайды деп білемін,— деді Румянцев.

— Әлбетте!

Майлақы сақал-мұрттар бір-бір желпілдесіп қалды. Кілгірген кірпіктер дүркірей көтеріліп, арғы жақтарынан оттай маздап қоя берген көп жанар генералдың ауызына қадалды.

— Ендеше, осы пәтуаларыңызға көктегі тәңірді куәге тартып, маңдайларыңызды құранға тигізіп, ант бергендеріңізді қалаймын.

Ортаға ширақ басып біреу шықты. Басындағы тығырықтап ораған ақ сәлдесінің бір жақ шеті оң көкірегіне салбырап түсіп тұр. Кирилов — жайнақтаған көзінен таныды. Осындай бір қаба

сақалды Еделевтің қасынан көрсетіп сияқты еді. Сөйтсе — молла екен ғой. Бірақ, жәй күндері бүйтіп басына сәлде орап жүрмейтін.

Ахунның қолында сыртын жасыл сафиянмен қаптаған қалың кітап. Еделевтің қолында дәл сондай жасыл сафиян қатырмамен тастаған көлдей ақ қағаз. Манағы азан шақырған ақсәлделідей сарнатып оқи жөнелді. Оқып болды да, төрдегілерге бірдеңе деп сұрақ қойды. Шамасы, «ұқтыңдар ма?»— десе керек.

Меймандар:

— Әлбетте!— деп жамырасты.

Жұрт сілтідей тына қалған. Бір уақытта қақ ортадан опырыла қозғалып Ақай Қосымов түрегелді. Кердең жүріспен ахунға жақындады. Ол ұсынған жасыл кітаптың деңгейіне жете беріп, тізерлей шөгіп:

— Жаппар хақ пен ақ патшаның алдындағы адалдығыма ант етіп, кнелі кітапты маңдайыма тигізем,— деді гүр-гүр етіп.

Жасыл кітапты маңдайына тигізіп, жүрек тұсына бір басып, ахунға қайтып берді. Полковниктің қасына келіп беліндегі кісіге мықтап байланған кішкентай әмияннан күміс мөрін алып, Еделев көрсеткен тұсқа нығырлап басып біраз тұрды. Сосын мөрін аспай-саспай орнына салды. Аспай-саспай төрдегі орынына қайта озды.

Жұрт орындарынан бір-бірлеп көтеріліп, әлгінде ғана Ақайдың істегенін істеп, қайта кеп отырысты. Сол баяғы маңғаз қалыптары. Шамасы мынау саржамбас құр жатыстан әбден іштері пысқан. Бір-біріне байқалар-байқалмас көз тастасып қояды. «Алар анттарын алды. Бұдан әрі дайын асқа тік қасық қып өздері де ұстамас. Осы қазір-ақ сыңайы, кел демек бар, кет демек жоқ дейтін шығар»,— деп дәметіп отырған сыңайлары байқалады.

Қолдарына буын бұркыратып үйме табақ ұстаған даяшы жігіттер көрінді.

Аксакалдар дәл осы қазір атқа конғылары келіп асыққандай, алдарына келген асты әп-сәтте-ақ тауысты. Жұрттың қолдарын сүртқенін күтіп отырған ахун жүрелей көтеріліп тізесіне мінді. Қонқақ мұрынның астынан қоңырлата шыққан жұмбақ саз жым-жырт. Жұрттың құлағын біраз уақыт бір өзі жайлап, кенет тақпақтата айтылған жай сөзге ұласты. Жұрт дұға сөздерін күңірене қайталасып қолдарын жайысты. Татищев пен Румянцев бір-біріне қарасты. Осының бәрінің неге керек екеніне әлі түсіне алмай отырған Кирилов қана бір қозғалақтап қойды.

Ауада самсай жайылып тұрған сансыз саусақ жапырыла қозғалып майлақы қара, жирен, сарғылт, таргыл сақалдарды бірбір сипап шығар-шықпаста-ақ, Румянцев тамағын кенеді.

— Қадірлі меймандар! Ант бергендеріңіз жөнінде қазір алдияр императрица ағзамға арнайы хабаршы жіберіледі. Қастарыңыздағы нөкерлеріңіз осы қазір елдеріңізге қайтарылады. Олар жұрттарыңызға мындағы хабарларыңызды айта барады. Ал сіздер ел іші тынышталғанша осында бола тұрасыздар. Сіздерге керекті жағдайдың бәрі жасалады. Башқұрт жұртының өздері-

ңіздей сыйлы адамдарының сөздерін жерге тастамай, тезірек ақылға келетініне еш күманым жоқ.

Мынауы расы ма, мазағы ма...

Кириловтың көзі шарасынан шығып кете жаздады. Қапелімде қағыс естіп тұрған жоқпын ба деп, Румянцевке көз тастап еді, ол мейманларына қарап үнсіз қапты. Татищевтің сол баяғы жұқа ерінінің бір жақ қиығына жұмсақ күлкі ойнатып жымсиған қалпы.

Кирилов қақ төрде қақырайып-қақырайып отырған маңғаз билердің аяқ астынан ақымақ болғандарын сонда барып аңғарды. Кекірейген кердең немелер сп-оңай аманатқа айналып шыға келгендеріне өздері де сенбей қалса керек. Ауыздары ашылып қапты. Қап, бәлемдерге әуелден осы керек еді...

Кириловтың тап мұндай айызы қанбас. Лүпілдей жөнелген жүрегі қапелімде көкірегіне сияр емес. Тынысы тарылып, басы айналып бара жатқандай. Орнынан ұшып тұрып, есікке беттеді.

Шатырына келген соң да, көпке дейін тыншыға алмады. «Бұл ақылды кім тапқан? Румянцев па? Татищев па? Кім тапса да, қатырып жіберді...».

Сол күні Кирилов түнде жөтел қыспай тыныш ұйықтады.

Көп ұзатпай-ақ жан-жақтан хабар келе бастады. Ру басыларынан айрылған ауылдар бұзақылықтарынан тыйылып, ел іші тыныштала йын депті.

«Бар пәле осылардан екенін әу баста-ақ біліп ем... Осындай көрінгенге көз сатқан сығырақ күлар болмаса, жылқы соңындағы май тымақтар қызара бөртіп қымыз ішкеннен басқа не білуші еді... Бұлардың күнін үйістіп бір тұтам қылып қойсаң, қалғандары көкелеп өздері-ақ бауырыңа тығылады. Сондықтан бұл суайт немелерді былайғы қалың тобырдан бір жолата ажыратып жіберудің жолын ойлаған жөн. Сонда оның қандай жолы бар?»

Кирилов тағы да қағаз ақтаруға кірісті. Баяғыда Гейнцельман екеуі Ор бойына аттанарда Уфада жатып келік, азық-түлік, арқан-жабу жинағанда алынған башқұрттардың есебін қайта қарап шықты. Қай даруғада қанша тархан бар екенін санады. Бұларды құтыртып жүрген сол тархан деген атақ. Ең алдымен сол атақты жоюға күш салу керек. Солай еткен күнде ғана кеше ат сауырына сыймай алшайып отырған немелердің желігі басылып, асқар таудай көкіректері жермен-жексен боп шыға келеді. Башқұрт атаулы тегіне, дәулетіне қарамай патша қазынасына тегіс-тей салық төлейтін болса, бұрынғы жуан тұқым ел алдындағы беделі мен ықпалынан біржолата айырылады. Сосын-ақ астындағы атының күйі түзелсе, ханға сәлем бермей кететін қырдың кықарлары олардың күні кешегі ел билегендер екендерін қайтсын. Айтқандарына құлақ аспай, бас-бастарына шалқайысып шыға келеді. Бұларға керегі де сол — бір-біріне құлақ аспайтын бейберекет ел. Ондай ешкім-ешкімнің тілін алмайтын жұрттың бетеннің зорлық-зомбылығына тізе қосып қарсы шығуы еш мүмкін емес.

Кирилов қараптан-қарап алақанын уқалап мәз болып қалды. Пәлен күннен сіркесі су көтермей жүрген кісі кенет иығын тіктеп серпіліп шыға келді. Қайда барса да, қасынан тастамайтын Петр Дьяковқа жол сандықтан башқұрт рулары қоныстарының схемасын алдырып, алдына жайып, қызыл көрген қаршығадай төне түсті.

Жер-көктегінің бәрін картаға түсіріп жүрмесе басы ауыратын әдетіне басып баяғыда Ор бойына аттанарда Уфада ұзақ жатып мына схеманы әзірлеткені қандай жақсы болған! Онда башқұрттың қай руы қай жерді мекендейтіні екжей-текжейлі көрсетілген. Қай рудың қанша ата, қанша тармақтан тұратыны, олардың қалай жайғасқаны бәрі есепті. Содан бір аңғарып тұрғаны — башқұрт рулары араларына бөтен-ешкімді сіңірмей ұлтан-ұлтанымен бүтін отыр. Әр жер-әр жерде ғана башқұрттардан жер жалдап алып егін салып, қарағай кесіп кәсіп қылып жүрген мешерлер, тептерлер, бобылдар кездеседі. Бұндай тұтас отырған ну қалыңға тұмсық батыру қиынның қиыны. Сондықтан ел табанын ыдыратпай болмайды. Қазіргідей ел аяғы үзеңгіде жүрген ересуіл кезде руды руға айдап сала алмайсың. Тархан атағын жою — рулық ынтымақты жоюдың басы ғана. Ол ірі-ірі тайпалардың ауыз бірлігі мен тұтастығына көпе-көрнеу нұқсан келтіреді. Тайпалық ынтымақтан гөрі рулық ынтымақты, рулық ынтымақтан гөрі аталастық ынтымақты қолдап, күні кешегі қалың елді бөлшектей бермей болмайды. Ол үшін бұрынғыдай әр рудан бір-бірден ғана би ұстамай, аталастық құрамына қарап, бірнеше би ұстау керек. Сонда би бимен, ата атамен тайталасып, рудың да мәні кетеді. Оның үстіне билерді өмір бойы билікте қалдырмай, белгілі бір мерзімге сайлап қояды. Мерзімі өткесін басқа би тағайындалады. Би бұрынғыдай тегіне қарап емес, қара басының қасиетіне қарап іріктелінеді. Сонда еті пысықтардың бәрі биліктен дәметіп, бірін-бірі өздері-ақ мүйіздеп береді. Бүйтіп тайпа ру-руға, ру ата-атаға ыдырайтын күн туса, олардың арасына кез келген кірме тастай батып, судай сіңіп кете алады. Әлгіндей бобыл, тептер, мещерлерді солай сыналап кіргізіп көбейте берген жөн. Олар жеткілікті мөлшерде көбейіп алған кезде, жалға алып отырған жерлерін басыбайлы өз иеліктеріне алып берген дұрыс. Сонда ғана мына өлкені ен жайлап, емін-еркін жүрген ызғындай елдің арасында ызы-қиқы іріткі туады. Сонда ғана олар көлденеңнен килігіп тұрған бұларды ұмытып, өзді-өздері қырқысып кетеді. Бұларға да керегінің өзі — сол. Олардың қайта қауымдасуына еш қандай жол беруге болмайды. Ол үшін башқұрт атаулы бас қосатын жиын-тойдың бәрі қатаң шектелуге тиісті. Бұзақы ниеттерін дін арқылы өткізіп, дін арқылы ұйымдасып жүрмеулері үшін ауыл сайын қаптап жүрген ақ сәлделі молдаларға тыйым салынады. Даруға сайын бір-бір ахун ғана қалдырылып, оларға ел арасында Мұхамбет дінін таратуға, жаңа мешіт, медресе салдыруға рұхсат етілмейді. Башқұрттардың бұзақы қылықтары өзге көрші жұрттарға да тарап кетуі мүмкін. Оның да алдын алған жөн. Қазақтар мен қалмақтардың қазір бұларға

жұлдыздары қарсы. Башқұрттардың емін-еркін араласып тұратындары — Қазан татарлары. Қазан татарлары бұларға қарағанда әлдеқайда сауатты, әлдеқайда діндар. Мұндай бұзақы жұртты ондай көзқарақты жұртпен жең ұшынан жалғастырып қоюдың тиімсіз жағы көп. Сондықтан башқұрттардың Қазан татарларымен қыз алып, қыз берісулерін үзілді-кесілді тоқтаттырмай болмайды...

Кирилов тым қиял қуып бара жатқанын байқап, кілт тоқтап, аңтарылып тұрып қалды. Анадай жердегі темір керуетіне барып сылқ отыра кетті. Шынтағын керуеттің басына шанши қадап, жағын таянып әлдеқайдағы бір нысана нүктеге қадалып ап, ұзақ ойға шомды. «Иә, бұның бәрі — қолға алуын бүгін алғанмен нәтижесін ерең беретін келешектің шаруалары. Ал, тап қазір қайтпек керек... Ұланғайыр башқұрт даласын бықсытып тұрған мына көк тұманнан қалай арылмақ керек...».

Әлде бір уақыттарда барып орынынан атып тұрып, манадан бері оның ауызына қарап үнсіз отырған Дьяковқа төбеден түскендей дүрс еткізіп ойда жоқ сұрақ қойды.

— Осылардың қолдарындағы қарудың санағы алынып па еді?

— Алынған. Бірақ, Орға аттанар тұста алынған.

Кирилов Дьяковқа «Не деп тұрсың?» дегендей тесірейе қарады. Хатшы жігіт оның мына қарағанына төтеп бере алмай:

— Одан бергі қақтығыстарда олар біраз олжа түсіріп алғанға ұқсайды. Бірақ, оның есебі алынған жоқ еді,— деп қипақтады.

Кириловтың әлгінде ғана шәйдай ашылып, шоқтай жайнап қоя берген отты жанары лезде қайта сөнді.

— Сонда... сонда...

Тағы да ерсілі-қарсылы сенделіп кетті.

— Башқұрттардың қолдарындағы мылтық түгел жинап алынып, бұдан былай қару асынып жүрулеріне қатаң тыйым салынуы керек.

Петр Дьяковтың қаламы жорғалай жөнелді.

Екі қолын артына қайырып ап алшаңдай басқан Кириловқа тоқтау жоқ.

Уездегі ұстаханалардың бәрі жабылады. Қаладағы ұсталардың ел арасына шығып кәсіп құруына рұхсат берілмейді. Башқұрт жерлерін жалға алам, сатып алам деушілерге керекті жағдайлардың бәрі жасалады. Бұл ережені бұзғандар не дарға асылады, не Сібірге айдалады.

Сосын Кирилов басын омырауына жығып, ұзақ сенделіп жүріп алды.

Әлгінде ғана жаздырғанын Петр Дьяковқа дауыстатып оқытты.

— Әр башқұрт қыстағында шағын-шағын әскери қамал салынып қарулы күзет қойлатынын қос!

Дьяков қағазына қайта үңілді.

Кирилов иығын қайта тіктеп алды. Иә, рас, қаттылау. Бұндай шартты башқұрттардың қабылдай қоюы, қабылдай қалса

да, орындай қоюы неғайбыл. Бұдан да сол қабылдамағандары, орындамағандары керегірек. Ондай жағдайда үкіметтің қаруға жүгінуден басқа амалы қалмайды. Қаруға жүгінсе, мынау итіркылжың тезірек бітер еді де, бұл өзінің орта жолда тоқтап қалып тұрған баяғы шараларына қайта кірісер еді. Не де болса, ендігі әңгіме тұсында бұл екі шонжардың алдында ешқандай ымыраға келмейді. Оларға салсаң мынау жанжалдың уытын уақытша қайтара тұрғандарының өзі қыруар шаруа тындырғандай боп көрінуі мүмкін. Ал бұған ойға алған шаруаларын ойдағыдай орындап шыға алуы үшін ол жанжалдың уақытша бәсеңдегені емес, біржолата үзілді-кесілді тынғаны қажет.

Екі шонжар бұл жолы Кириловтың айтқанына қарсы боп жатпады.

Кирилов декабрьдің басында әлгі жаңа ережені бекітіп қайтуға Петербургке аттанды.

Кирилов Петербургтен әрі қуанып, әрі мұңайып қайтты. Қуанғаны — ол Мезелинскіден аттанбай жатып, Ноғай жолындағы башқұрттар қайта қимылдай бастапты. Ру басылары аманатта қалған ел әуелі абыржығанмен артынан: «Найзамыздың ұшын бәрібір қандадық. Орта жолда кідіріп енді опа таппаспыз. Кіл жайсаңды қырықпа тоқтышақтай қылғынта көгендеп тастағаны анау. Бізді де жарылқай қоймас»,— депті. Оның үстіне өлкенің болашақта қалай биленетіні жайлы жаңа ереже де құлақтарына жетіп жатса керек. Оны істеп жүрген — Кириловтың адамдары. «Аманатқа ұсталып қалған билерге келіп-кеткендер көп. Солардың құлағына жайлап жаңа ереженің жай-жапсырын құя беру керек. Ол үшін осындағы қызметте жүрген татарлар мен башқұрттарды пайдаланыңдар»,— деп қатты тапсырып кеткен. Енді, міне, Мензелинскіден ұзап шықпай жатып-ақ, шапқылап жасырын хабаршылар келе бастады. Ноғай жолындағы бүліктің шарпуы көрші Қазан, Сібір жолдарына да тие бастапты. Тевкелевтің Екатеринбург барып, Ор бойындағы қалаға керек деп жиып алынған құрал-саймандары тиелген керуенге Ай өзенінің бойында Құлекеє батырдың жігіттері тиісіп ілгері басқызбапты. Орта жолдан Верхнеяицкіге қайтып оралуға мәжбүр болыпты. Отрядтың онда да бабы бола қоймапты. Адамдардың азығы, келіктің жемі таусылып бара жатқан соң қайтадан жолға шығыпты. Азынаған ала қыста құла дүзде әзер ілбіп бара жатқан оңаша керуенді жаладан отырған бүлікшілер қайдан аман жіберсін! Өлтіргендерін өлтіріп, тірі қалғандарын ауыл-ауылдарына таратып әкетіпті.

Бұны естігенде Кирилов бұрынғысындай бірден қанына қарайып, қалшылдап ала жөнелген жоқ. Үстіндегі бурадай қалың тонының түбіті бұрқырап сыртқа шығып тұрған өңіріне иегін көміп, үн-түнсіз бұйығып ойға батты. Айтпап па еді, бәлем... Бұл

жалба тымақтар пәтуа тауып қайдан тыныш отырсын. Салады әлі дүрбелеңді... Тәк-тәкпен қайтарамын деп тәсіл қойсып отырған немелер енді қайтер екен?.. Жә, бұлары, бір есептен, дұрыс боптьі. Бірақ, Ор бойындағы қаланы айтсайшы! Әлге дейін құрал-сайман жетіспесе, ондағылар да не бітіріп, қарқ қыла қойды дейсің... Шіркін, заман тыныш болғанда ғой, ендігі талай шаруаны бітіріп тастамайтын ба еді!

Соны ойлағанда өне бойын әлде бір бейжай дәрменсіздік билеп, алқымына ащы бірдеңе іркіліп қалғандай, көкірек тұсы қыжылдап алып қоя береді. Осының бәрі мынау қатыгез тағдырдың басқа ешкімге де емес, бұған тап статс-советник Кириловтың өзіне жасап жатқан көпе-көрнеу тәлкегіндей. Қайсы бір май бекселердің жұмсақ креслода мажыра боп манаурап отырып қиялына қашқан талай бәдік ойлары оп-оңай жүзеге асып жатады. Ал, бұның алдын ала әбден елеп-екшеп, қапысыз ойлап-пішкен жоспарының бәрі оп-оңай желге ұшады. Неткен қырсығы арылмаған жан еді! Қалай бұлтарса да, ити қырын жүгіреді де тұрады.

Қыстыкүнгі бұлыңғыр жолдың сол бұлаңытқан қалпы. Кирилов тонының жып-жылы жағасын түре көтеріп, тырс-тырс тұяқ дүсірі мен сыр-сыр шана дыбысына құлақ тосып, сұлық отырды да қойды. Кенет көзі ілініп барады екен... Қарсы алдында аяқтары мәймиген нәзік диванда алшаңдап императрица ағзам отыр. Қорғасынан құйғандай осыншА ауыр бөксені мына бір ерекше әлекей-күлекей әдемі жиһаздың сынып кетпей қалай көтеріп тұрғанына таңырқаған Кирилов капелімде жағын аша алмай, алдияр тақсырға жаутаң-жаутаң қарай береді. Патша бұның қысылып отырғанын сезіп, күлімсірей тіл қатады. «Иә, хәл қалай? Кегершінім? Баяғы жоспарларың жүзеге асып жатыр ма?» Бұл не дерін білмейді. Алдияр тақсырдың күлімсіреген жанары сол жып-жылы қалпы. Тек әуелей қараған құж-құж көңкақ тұмсығы ғана әлдебір астамшылықтан сес бергендей. Жарықтықтың, расында да, Петр ағзамға ұқсайтын жерлері көп екен. Ол да бірдеңеге катты ызаланғанда, не катты ренжігенде де тұмсығын тап осылай тым әуелетіңкіреп жіберуші еді. Императрица солай отырды-отырды да, бір күрсініп қойды: «Жарайды, келген шаруаңды айт!» — деді. Бұл қолындағы пакетті ұсынады. Патшаханым анадай жердегі ағаш таған ның үстіндегі жылтырақ кайшыны алып, пакеттің сыртын байлаған ақ лентаны шорт кеседі. Ішіндегі Румянцев, Татищев үшеуі қол қойған қағазды алып оқиды. Өз көзіне өзі сенбегендей қайта оқиды. Сосын біраз уақыт өзімен өзі боп тағы да үнсіз отырады. Кенет диваннан көтеріле бере, шойырылған белін ұстап, мықшиып тұрып қалады. Ентіге сыбырлап тіл катады: «Көгершіндерім, бұларың қалай? Ол бұзақылардың күннен күнге бастарына шығып бара жатқандары анау. Ал, сендердің ұсынып отырғандарың мынау!»

Императрицаның мына сөзін естіп абыржудың орнына, қуанып кеткен Кирилов көптен көңілде жүрген өз пікірін айтқалы ақтала бергенде, түкірігіне шашалып қалады.

Өз даусынан өзі оянып кеткен Кирилов жан-жағына көз салса,— қабырғасын пәлен қабат жылы киізбен, оның үстінен түбіті жалбыраған аң терісімен қырық қайтара қаптаған жылы күйме. Сығырайған әйнектен сыртқа көз тастаса — сол баяғы шетсіз-шексіз қарлы дала. Тым әріректен түнерітіп орман қарауытады. Құлағына сыр-сыр шана тысыры мен топ-топ тұяқ дүсірі келеді.

Кирилов тағы да ойға батады. Шынында да, патша бұған не дер екен?

Мынандай қызыл шұнақ аязда жер түбінен ат сабылтып барғанда ішегінің қырындысына дейін түгел ақтарып неге айтып бермейді? Неге анау күні үшеуі қол қойған қағаздың көлемімен ғана шектеледі. Соншама неден жасқанады? Башқұрттардың бұл аттап шықпай жатып істеп жатқандары әлгі! Астанаға жеткенше әлі қандай сойқан салатындарын кім біліпті? Оларды бүйтіп құтыртып қоймай, тезірек тезге салу керек!— деп неге айтпайды? Басқаны былай қойғанда, Ай өзені бойындағы әлгі бассыздықтарын неге желеу етпейді? Ол бұзықтардың сазайын неге сөйтіп тартқызбайды?!.

Кирилов Петербургке барғанша сол ойына белін бекем буды. Барған бойда ешқайда аттап шықпай, әлгі ойларын қағазға түсірді.

Көзін ашып-жұмып селқос тыңдаған Остерман:

— Жарайды, тастап кет!— деді.

Кирилов Мензелинскіде жазылған жобаны емес, кеше Петербургте жазылған өз пікірін ұсынды.

Содан январьдің он біріне дейін сарай тарапынан тырс хабар болмады. Он бірі күні вице-канцлерден шақыртушы келді.

Остерман үйреншікті әдетімен өңменінен өткізе тесіреййп бір қарады да, қолына шыршықтап оралған бір парақ қағазды ұстата салып, доңғалақты арбасын үнсіз сырғытып абажадай кең залдың әлдеқандай бір жеріне сіңіп жоғалды.

Алақтап қалған Кирилов ауызын ашып та үлгере алмады. Төрт жағында мелмиген төрт қабырғадан басқа ештеңе жоқ екеніне әбден көзі жеткен соң барып, қолындағы қағазға үңілді. Аяқ жағындағы «Анна» деген төрт әріпке енді жете бергенде, қарсы алдында сығырая қарап отырған Остерманды көзі қайта шалды.

Кириловтың беті ду етіп қызарып кетті. Императрица ағзам оның дербес пікірін түгелдей мақұлдапты. Бүлікшілерді аяусыз басып жаныштауға рұқсат етіпті.

Өз көзіне өзі сенбей алақтап тұрған Кириловқа вице-канцлер малынған қызғылт шапанының жеңінен қылтиып әзер шығып тұрған бүркіттің жеміндей қан-сөлсіз сүп-сүр, сүп-суық қолын ұсынды. Сосын астындағы доңғалақты арбасын тез-тез сырғытып әлде бір жаққа тайып берді.

Қанша тосса да, Остерман сосын қайтып көрінбеді. Кенет қапталдағы айлапат есік сықырсыз ашылды. Еріні шиедей албы-

раған жалбыр шаш жігіт қаладай тістерін түгел ақситып күліп тұр. Бұл — аудиенцияның біткені.

Кирилов тер жаққа бұрылып, басын иіп тағзам етті де, жалбыр шаш жігіттің соңынан ілесті. Алыста жүріп, әбден елеп-екшеп саралап алған не бір ойларын ешкімге айтып бере алмастан, қайтадан шанаға отырды.

Келген шаруасының тап бүйтіп тез біткеніне қуанар-қуанбасын біле алмады. Қуанбайын десе — арманына жетті. Қуанайын десе — тіптен оңай бітті. Ең болмаса істің жәй-жапсарын тәптіштеп сұраған ешкім болмады. Шіріген байдың қол жайған қайыршыға еш қиналмастан бір сөлкебай ұстата салғанындай қылып басы-көзге қарамастан рұқсат ете салды. Ондай оңай рұқсаттың түбінде сұрауы болса жарар еді. Егер бұл мынау бір парақ қағазды жол-жөнекей желге ұшырып алса, артынан: «Орындалды ма?» деп ешкім тексермейтіндей. Сонда бұның пәлен жылдан бері армандап келген шаруаларының бәрі өзінен басқа ешкімге қажет еместей. Сонда императрица алдияр үшін де бұзақы көшпенділердің бұғалықталып-бұғалықталмағанында, жапан түздегі қыруар байлықтың игеріліп-игерілмегендігінде тұрған ештеңе жоқ болғаны ма?! Ол үшін де бәрібір ме...

Кирилов өз-өзінен құлазып қалды. Бір кезде жылармен бәп қоштасқан астана да аз жылда жат боп кетіпті. Петр тұсындағы үріп ауызға салғандай сұп-сүйкімді шап-шағын жазғы сарайды Бирон шектей шұбалтып ұзартып қайта салғызыпты. Нева проспектісіндегі сәнді палаталардың ара-арасында қайдағы бір жатаған үйлер қаптап кетіпті. Патша бағындағы күні-түнгі думан тыйылған. Сап түзеген карусельдер құлазып бос тұр. Петербург жақында ғана өлік шығарған үйдей тып-тыныш. Аузын баққан, басын баққан бір адам. Жақындаса күйе жұқтырып алатындай алыстан бас изеседі. Олардың елдің шетіндегі, желдің өтіндегі бұлардың не бітіріп, не тындырып жатқанында ешқандай шаруасы жоқтай. Бәрінің көзі, құлағы, есіл-дерттері тек патша сарайында. Ондағы бір-бірімен тірескен Бирон, Миних, Остерманның қайысының қайтып кетеріндс. Қырым ханының Портада жатқанын естіп, түстікке шеру тартып аттанған Минихтың ол жақтан қалай оралатынында. Әрі ғалым, әрі сәуегей Крафт гороскоп ашып: «Біз жеңеміз!» депті. Анна Иоановна да сол Қырым жаққа елеңдеп отырып, бұл апарған ұсыныстың ар жақ — бер жағын ойламастан, қол қойып, құтылғанша асыққан түрі бар сияқты.

Астананың өз күйбеңі өзінде. Қалған Россияны қаран су алып жатса да бәрібір. Бір-бірінің жағасына көрсетпей жармасып, бір-бірін аяқтан көрсетпей шалып, алыс-жұлыспен ғұмыр кешіп жатқан үш неміс шонжарының үшеуін де жақтырмайтын орыс ақ сүйектері өзара арақ үстінде күңкілдесіп, өз демдеріне өздері тұншығып жүрген жайлары бар сияқты. Оларын сезіп жатқан патшалары да, ұғып жатқан халықтары да жоқ тәрізді.

Ондай күңкіл-шүңкілдің ұйытқысы Артемий Петрович Волынский екен. Ұзақ жылдар бойы Астрахань мен Қазанда өзі патша, өзі құдай болып қалған неме ұлығы мен шонжары көп

Петербургты қаралай тарсынып, аласұрып жүрсе керек. Кабинет-министрліктен дәметіп, ішінен өлердей жек көретін Бирон-ның қойынынан кіріп, қонышынан шығады деседі.

Мұндай тұман мен бықпырт өсекке белшесінен бөгіп бықсып тұрған шерменде астана алыстан алабұртып келген Кириловтың өрекпіген көкірегіне мұздай су тамызып, басып жібермесе, тасытып қайтарған ештеңесі жоқ.

Астанадан жермен-жексен боп аласарып шыққан Кирилов Орал тауларына неғұрлым жақындай түскен сайын солғұрлым айдындана берді. Ішінде ат басындай алтын жатқандай жол сандығын қасынан бір елі жырақтатпай, шынтағының астына таяныш қып келеді. Әлденеше рет сыңғар еткізіп ашып, ішіндегі анау күні Остерман ұстатқан бір парақ қағазды қайта-қайта оқып шықты. Оқыған сайын әлгінің әр бір сөзі салмақтана, маңыздана түсті. Оқыған сайын күні кеше астана көшесінде сүмпіліп жүрген сыпайы статс-советник пығын керіп маңғаздана түсті. Мензелинскіде бұның келуін тосып, екі көздері төрт болып отырған екі шонжардың алдында абыройы бір асып қалатын болды. Қатардағыдан көтерілген қара таяқ басымен императрицаға айтқанын өткізді.

Таж несінің пәрменін талқыға салып жатуға енді жағдайлары қайсы?! Қыстың көзі қырауда жып-жылы баспаналарын, жайлы орындарын тастап құла түзге әскер шұбыртып, қалай аттанып кеткендерін өздері де білмей қалар. Бұл тіпті сол жорықтың алдында жазылатын бұйрықта не айтылатынын да күні бұрын ойластырып, ішінен қырық қайтара қайталап әбден пысықтап келеді. «Қарақшыларды тырп еткізбей шырқ айналдыра қоршап тастап, өздерін бала-шағаларымен, мал-мүліктерімен шашау шығартпай, түп-түгел қамауға алу керек. Үйлері сол бойда өртеп жіберіледі. Ереуілге қатысқандары тегіс дарға асылады. Былайғыларын қараптан-қарап бастарымен қайғы болатындай қып, көздерін қорқыту үшін олай етпей болмайды. Ереуілге қатысқандардың еркек жағы Сібірге жер аударылады, әйелдері, балалары, қыздары ішкі қалаларда тұратындардың малай керектеріне жалшылыққа таратылып беріледі. Сөйтіп, бұзақы жұрт тұқым-теберімен түгел құртылып жіберіледі».

Петербургтен шыға бере ойына оралған осы бір сөздерді іштей қайталаған сайын тұла бойы қыз-қыз қайнап, бурадай қара тонның жағасын кейін қарай серпе түседі. Енді Мензелинскіге жеткенше, төбесін қаралай көкке тигізгелі тұрған сол бір тарихи сәтті көзімен көргенше асығып бақты.

Бұны Петр Дьяковтан басқа қарсы алған тірі жан болмады. Кириловтың тау жығатындай болып келе жатқан көңілі сылқ түсіп басылды да қалды.

Гүжілдей әндеткен күбі самауыр кеп кірді. Шай екеуден-екеу оңаша ішілді. Апырай, сонда Румянцев бұның астанадан қашан шыққанын әлі естімегені ме? Әлде барған шаруасының жай-жапсарын өзі келіп баяндар деп бастықтығын бұлдап жатқаны ма екен?!. Ендеше, тоса тұрсын...

Шайдан соң да дастархан басында шаншылып біраз отырды. Сосын барып орынынан тұрды. Екі бүйірін таянып, белінің құрысқан-тырысқанын жазды.Түксиген қабағы сонда да қылп етпеді. Жайлап басып анадай жердегі столға жақындады. Қобыраған қағаздарды бір шетке ығыстырып, астындағы шимай-шимай картаға үңілді. Жақында ғана түскен айқыш-ұйқыш сызықтарды көріп, түксиген қабағы одан сайын түйіле түсті. Жүн-жүн қалың қабақ қуалап келе жатқан олжасының деңгейіне енді жетіп, шиырыға түйілген тас түлектей бір жерге уда-дуда жиырылды да қалды.

— Мына сызықтарың не сызықтар?

— Бүлікшілерге кеткен отрядтардың маршруттары. Ноғай жолына генерал-лейтенанттың өзі аттанды. Дем өзені бойында — подполковник Аксаков. Уфа маңы Сібір жолында — полковник Тевкелев. Табын қаласы бағыты сізді тосып тұр.

Кирилов қыр арқасы оқыс кілт етіп екі бүйірін қайта таянды.

— Немене, императрицаның жаңа пәрмені сендерге де жеткені ме?

— Оны кеше алдық. Отрядтар, бірақ, оған дейін аттанып кетіп еді.

Кириловтың аларып кеткен көзінде сайыс үстінде шорт үзіліп түскен алмастың сынығындай әлде бір өткір ұшқын оқыс жарқ ете қалды.

— Сонда қашан аттанды?

— Он бесінде.

Он бесінде бұл әлі Петербургте жүрген-ді. Сонда андағылар бұған әлі жауап бермей тұрып, мұнда астыртын хабаршы жіберіп жүрмесе, бұның патшаға ұсынған әдейі пікірінен Румянцевтың хабардар болуы еш мүмкін емес.

— Ондай шешімді кім қабылдады?

— Генералдың өзі. Саянтөс оқиғасынан кейін бұлай етпеске амалы қалмады.

Кирилов шайқалақтап кетті. Тағы бір абырой табар жерінен қолма-қол айырылып қалды. Бір кезде оның тілін алмай тапжылмай отырып алған екі шонжардың алдына патша пәрменін көлденең тосып, иығын бір асырып қалар тұсы зая кетті.

Әлгінде ғана тас түлектей тарс түйіліп тұрған ашулы қабағы кенет өлген қарғаның өлексесіндей бейжай ыдырап жүре берді.

— Саянтөсте не болып еді?

Петр Дьяков жай-жапсарды түгел тәптіштеп айта жөнелді.

Кириловтың ұққаны — башқұрттар бұл жоқта бұрынғыдан бетер өршеленіп апты. Бұл дәл Остерманға барып қайта жолығатын күні Саянтөс қыстағына келіп қонған Тевкелев командасына түн ортасында үй иелері шабуыл жасапты. Үй-үйге бөлініп қонған солдаттардың бірқатары тәтті ұйқының құшағында жатқан күйлері шәйіт бопты. Дер кезінде полковникке хабар жетіп, дабыл қағылмағанда, ол баяғы Бекович—Черкасскийдің кебін кие жаздапты.

Анада бұл Петербургке аттанып кеткенде аманаттағы Ақай бастаған ру басылары араларынан Мұрат деген биді шақырып: «Ендігі тайталастың жөні жоқ. Елді босқа қырып алмайық»,— деп Қылмақ Абызға елші қып жіберіпті. Ол барған бойында бүлікшілер жағына шығып кетіпті. Дипломатиялық айла-шарғыдан өштеңе шығара алмасын білген генерал-майор амалсыз қаруға жүгінуге бел байлапты.

Петр Дьяков көзінің астымен статс-советникке қарап қояды. Әлгі айтып тұрған хабарларына бір кісі қуанса, Кирилов қуанатын шығар деп ойлаушы еді. Оның сол баяғы тұнжыраған қалпы. Суыққа шарпылып қабарытқан бетінде бұлк еткен бір нышан жоқ. Мелмиген де қалған. Дьяков абдырап сөзін бітірмей тоқтады.

Кирилов өз ойымен өзі. Ал, мына дүниеге түсініп көр. Бұл алыстан астанаға сабылып жүргендей, бұл жақта бітер шаруа бітте жаздапты. Сонда бұның анда сабылған, мында сабылған еңбегі зая кеткені ме?! Оған төңірім әуелден осындай қуанарыңды да, ренжіріңді де біле алмай, екі ұдай жүретін пұшайман тағдырды маңдайына жазған сияқты.

Хатшы жігіттің сөзден тыйылып қалғанын енді барып аңғарған Кирилов:

— Ор бойынан не хабар бар?— деп күңгірттеу тіл қатты.

Ол тараптың да оңып тұрғаны шамалы екен. Шала-шарпы бас паналаған гарнизонды енді аштық жайлай бастапты. Чемодуровтың: «Верхнояицкіден азық-түлік әкеліңдер!»— деп жұмсаған сегіз жүз адамының бес жүзі орта жолда үсіп өліпті, қалғандары тоңып-шашырап Сақмарға әзер жетіпті. Айдалада азықсыз қалған гарнизонның күйі болып жатқанын ешкім білмейді.

Кирилов әлгі дел-салдықтан табан асты серпіліп, орнынан атып тұрды. Құдайдан тілеген де көрген тігерге тұяқ жалғыз норестесінің отқа түсіп бара жатқан шырылын естіген ананың ғана жүйкесі осынша ширығып, түрі осынша бұзылар. Хатшы жігітті бірденеге деп боқтап жібергісі келгендей шаншылып біраз тұрды да, қолын бір сілтеп, ерсілі-қарсылы үй кезіп кетті. Жоқ, енді бұл арада бір сағат та қалуға болмайды. Сонау Ор бойына жету керек. Жан-жақтан жау қамап тұрған бейшара гарнизонды ажал тырнағынан құтқарып алу керек. Ол гарнизон опат тапса, бұның баяғыдан бергі арманының бәрінің күлі кекке ұшқаны. Енді кешіксе олар да Қарасайдың боіындағы кепті киеді. Олардың кегі де әлге дейін алусыз. Сондығы опат болған полктың туын ұстап тұрып берген анты қазір айтылып жатқандай құлағында саңқылдап әлі тұр.

Бір аптадан кейін соңына әскер шұбыртып ол да жолға шықты. Башқұрт жерін қиыр батыстан күнгейлей орағытып қиыр шығысына дейін таға жасап қоршай маздап жанған ереуіл отына жазалаушы отрядтардың аямай өртеп бақкан ереуілші қыстақтардың қызыл жалыны қосылыпты. Кеше ғана ақ түбітке оранып жылт-жылт жымыңдап жатқан қарлы алқап тау-тау күл

мен күйген шалалардың үйіндісінен өлік пен қатпарланып қатып қалған қызыл қаннан көрінбейді.

Мензелинскіден кіжініп шыққан Кириловтың аптығы бірте-бірте басылайын деді. Қайда барса да қызыл қан. Қайда барса да — қызыл жалын, көк түтін. Ормандағы аң екеш аң үркіп, құла түзге безіп кетіпті. Тірі мақұлық кезікпейді.

Туғалы жылы баспананың ішінде стол басында өмірі өтіп келе жатқан Кириловқа мынау күні-түні мігірсіз суыт жүріс тетап оңша ұнап келе жатқан жоқ. Соңындағы ауыр қолдың сұқты көздері де жүйкесін жұн қып түтіп жатыр. Олар: «Мынау оқымысты неме қол бастап не қырар екен?!»— деп кекеп-мошқап келе жатқандай. Намысқой күйгелек кісі есіне сол түскенде жамбасына тікен батып бара жатқандай тыпыршып, жауырынының арасы терлеп-тепшіп қоя береді. Әзір олар сштеңеге ұрынған жоқ. Бұл тарапты оған дейін-ақ айнадай қып тазалап үлгеріпті. Аттарының өлікке сүрінгені болмаса, әзір қолдарын қандай қоймады.

Кирилов ертеден қара кешке аял қылмай салдыртып жүріп келеді. Мынау — баягыда Петербургтен келе жатқанда өткен жолдары. Сонда қайда қараса да — түтіндері ширатыла будақтап жатқан жайбарақат қыстақтар еді. Қайда қараса да — бүйірлері бұлтиып томпиып-томпиып тұрған бүтін маялар еді. Қызыл түлкі тымақтарын қақырайта киген башқұрттар танаулары делдиіп қиқулап аң қуып жүрер еді. Онда бұл қалыңдығына асыққан бозбала жігіттей жүрегі кеудесіне симай, алып ұшып Уфаға жеткенше асығып бағып еді. Бұл жолы ондай емес. Көңілі алай-дүлей. Мензелинскіден ашуға мініп қақшиып шыққан қиқар мойын бірте-бірте көкірегіне сұлай жығылып салбырай түсті. Жағаласа кетер жау ұшыраса қоймады. Жылы үйдің ішінде отырғандағы қызу қарқын басылып қалған. Жайрап жатқан өліктер мен шашылып жатқан қара күл назарын жығып, жан-жағына дұрыстап көз де тастай алмады.

Бұл мына өлкеге бүйтіп көк сүңгі көтеріп, ел үркітіп жүрем деп келіп пе еді? Келе-сала қайдағы бір қызық та пайдалы істерге білек сыбанып кірісіп кетем ғой демеп пе еді. Енді, міне... Алды-артын пайымдамай асығыс қимылдайтын асау ел қаралай қанжарға қарналып, шыбындай қырылып жатыр. Өздері ғана арандап қоймай, бұны да өмір баки көрмеспін, істемеспін деген қара жүзді қан құйылы шаруаға айдап салып отыр. Қалам ұстайтын қолға қылыш ұстатып, қағаз сызатын кісіге адам қырғызбақшы...

Соны ойлағанда тұла бойы тітіркеніп кетеді. Анада Румянцевтың алдында: «Қатаң шараларға бармай болмайды»,— деп қаскайып тұрып алғанда, кімді болса да, бетің бар, жүзің бар демей жайратып тастайтындай-ақ еді. Жоқ, ол тап анау айтқан оңай шаруа емес екен. Өзіне тіпті қол емес екен! Бірақ, амалы қайсы! Бұндай шешімді әрекетсіз баяғы мақсаттарына қайта кірісе алмайды. Ор бойындағы жапан далада жетім торғайдай бүрісіп отырған бейшара гарнизонды көре алмайды.

Осыларды ойлай-ойлай шакшадай басы шарадай болған Кирилов енді бір айналып терезеге көз салғанда төбе-төбенің басында шашылған тезектей бытырап жатқан Уфаны таныды.

Ол мінген күйме баяғыда Ор бойынан қайтқаннан бері соқпаған көз таныс көк қақпаның алдына кеп ат басын ірікті. Сол баяғы қарағай үй. Сол — баяғы мұнтаздай аула. Сол баяғы — еңсегей бойлы ерен шал. Сол баяғысынша сырықтай сорайып қақшиып қатқан да қалған. Лейб — гвардияның сақшысындай сымдай тартылып тұр. Айыр сақалының ұшына ақ қырау мініп алған. Бұларға іркес-тіркес кірген екі-үш күймеден кейін көк қақпаны сарт еткізіп жапты.

Күймеден ауырлап түскен Кирилов аяғының ұйығаны тарағанша ішке кірмей сәл-пәл таза ауа жұтты. Айналасына қыдырта көз тастады. Дүние асты-үстіне шығып жатқанда бұл үй, бұл аулада ештеңе өзгермеген. Бөлмесінің іші де тап бұрынғысындай. Өзі талай түн сарылып, көрер таңды көзінен атқызған абажа стол тап сол орнында тапжылмастан тұр. Стол үстіндегі Петербургтен ала келген құрал-саймандары да бәз-баяғысынша қалана қалыпты. Бұның бәрін Ор бойындағы шаһар біткесін біржола сонда көшіріп әкетпекші еді. Қазір бір басында төрт баспанасы бар. Біреуі — Самарада. Үй-іші де сонда. Бірақ онда әлі дұрыстап бір ай тұрып көрген емес. Ылғи осылай жол үсті жортуылда жүргенде қатын-баласының қасында қызара бөртіп шай ішіп отыруға жағдай қайда! Екіншісі — Мензелинскіде. Румянцев сонда тоқтағасын, бұл да сол маңайдан ұзап кете алмады. Үшіншісі — осы. Төртіншісі — Ор бойында. Көзіне ең ыстық көрінетін де осы — Уфадағы үйі. Өмірінің ең тәтті, ең бақытты айлары осында еткен. Сыртта қақпа тарсылы мен шана сырылы естілсе болды, жүрегі тулап алып қоя беретін. Араға уақыт салмай үсті-бастары қырау-қырау боп казак атамандары мен башқұрт билері балпаң басып есік ашар еді. Сарт еткен өкшенің тақылы мен көкіректі оң қолымен айқара басып, бастарын тағзым етіп тұрған монтаны жүздерден артық бұл дүниеде — әдемі дыбыс, әдемі көрініс болады дейсің бе! Шіркін, башқұрттар сейтіп қолдарын көкіректерінен түсірмей құлдық ұрып тұрған кездерінде періштенің баласындай боп сүйкімді көрінетін. Гейнцельман, Дьяков, қазір Ор бойындағы гарнизонда қалған Костюков үшеуі ел арасынан жазып алып қайтқан башқұрт дәстүрлері, башқұрт хикаялары бұл үшін дүниедегі ең сұлу дастандардай болып естілетін. Оларға қосылып өзі де басын шайқап, таңдайын қағатын. Сол рахаттың бәрі осы баспананың ішінде өткен. Соның бәріне мынау қабырғалар куә.

Кабинеті өзі кеткенде қандай күйде қалса, дәл сондай күйінде тұр. Петербургтен алып келген бар қолжазбалары, бар жоспарлары да осында. Дьяковтың сандығында жүрген осында келгесін башқұрт, қайсақ өлкелеріне байланысты жинап алынған мәліметтер ғана. Ал баяғыдан бері бітіре алмай келе жатқан ең аяулы еңбектері анау қаз-қатар тізілген үш темір кебежеде. Шіркін, жеңінді шынтақтан асыра түріп тастап, анадай жердегі шай

толы стаканға қолыңды оқтын-оқтын созып, шетінен бір жұтып қойып, өн бойыңа бал құйылып кеткендей, арқаңның құрыс-тырысын жазып бір рахаттанып алып, қобыратып қағаз ақтарып отыратын күн қашан туар екен! Біреуіне үңілсең — аяқталмаған қолжазбаң. Екіншісінде — енді бастағалы жүрген еңбегіңнің нобайы! Үшіншісінде — болашақта қолға алмақ істеріңнің жоспары... Ой артынан ой туып, сықырлаған сары аязда кідірмей жүйткіген жүрдек шананың жүрісіндей мігірсіз қалам сықырына құлақ түріп үн-түнсіз отырғаннан артық ләззат болуы мүмкін бе, сірә!

Соның бәрінен мақұрым қалдырып тұрған бір кезде мынау босағадан мүләйімсіп аттап шыға бере нілдей бұзылған қайдағы бір жалба тымақ суайттардың патуасыздығы...

Кириловтың қараптан-қарап көңілі құлазып қоя берді. Бөлмеге сия алмай сенделіп біраз жүрді. Үстіне ешкімді кіргізгісі келмеді. Тіпті Дьяковты да шақырмады. Тымырайып бір бұрышта қаз-қатар тұрған үш темір сейфті бірінен соң бірін столға таси бастады. Ал сосын отырып ап шетінен ақтарсын кеп... Көп жыл бойы беті ауған жаққа қаңғырып-қаңғырып туған үйіне енді оралған кезбе ұлдай қай норсеге көзі түссе де, көңілі елжіреп қоя береді. Біраздан кейін былайғы дүниені атымен ұмытты. Өз жазғандарының қызығына беріліп, қанша отырғанын да сезбей қалыпты. Бір уақыттарда бойын жазып орнынан көтерілейін десе, белі сіресіп тұрғызбайды. Екі бүйрегі төмен тартып алып барады. Тісі де саудырап-саудырап төгіліп түсе қалатындай. Әбден босап кеткен. Онысын не өзінің көптен бері столға отырмай, тұқшыңдаған шұңқима еңбектен суысып кеткенінен не қандай шаруа болса да, ынт-шынтын түгел салып, тістене ойлайтын мінезінен көрерін біле алмай дағдарды. Анадай жердегі төсегіне болдыртып әрең жетті. Сыртта жел ышқына уілдейді. Ақ боранда ай далада қалған бұралқы күшіктей қаңсылаған қайдағы-жайдағы беймаза ойлар бірінен соң бірі көкірегін тырналап, таң алдында кірпігі әзер айқасты. Ертеңіне тұрайын десе, ұйыққа батып бара жатқандай бөксесі зіл тартып тұрғызбады. Көзі бақырайып жатты да қойды. Дьяковтың келгенін тосты. Көмекшісі есіктен бас сұққан бойда, жағдайды бірден түсініп, маңайдағы жұртты тікесінен тік тұрғызды. Бірденені баттастырып мақтаға жағып, дөкеге орап бұның беліне таңды. Бірдемені тостағанға мөлтеңдете толтырып алып келді. Бетінде шәп-шалам қалқып жүрген.

Аузына апаруға дәті тұрмай:

— Мыналарың не быламық?— деп сұрады.

— Жылқының сүтіне бал қосып, тауда болатын бір шөпті араластырып жасалған башқұрт дәрмегі. Белдің сіреспесі мен жүйкенің талмасына бірден бір ем көрінеді. Біздің аула сыпырушы шал әзірледі.

Кирилов өзін-өзі зорлап әзер жұтты. Қалың қымтанып жатып қалды. Ал сосын өн бойы балбырап ала жөнелсін. Үш күн солай жатып, құр атқа мінгендей құнақ түрегелді.

Дьяковты шақырып алып:

— Мына шалды қасыңнан бір елі тастамай, ертіп алып жүр,— деп бұйырды.

Ертеңіне тағы да жол... Күймесіне отырып жатып таныс ауланың ішін тағы бір шолып шықты. Көзі неге түссе де, оттай басылады. Бәрі де баяғы асқар таудай арман қуып келгендегі бейбіт күндерін еске салады. Бәрі де сол бөз-баяғы қалпында. Ол кездегі ойларынан шыға алмай жүрген тек өзі ғана.

Жүрегінің басы кілк ете қалды. Күймесінің есігін жауып жатып сыртқа тағы бір рет көз салды. Жоқ, не дегенмен, бірдеңе жетпейтін сияқты. Анадағыдан бірдеңе өзгерген. Оның не екені есіне анық түспей-ақ қойғаны.

Жүрдек шана сыдыртып қақпадан шыға келді. Ауланың алдында мылтығы шошайып қаба сақал казак тұр. Нені жоқтап келе жатқанын сонда аңғарды. Еңсегей бойлы қыртыс қабақ башқұрт шалы қайда кеткен? Ауланың ішін қашан көрсең де, айнадай жылтыратып қоятын еді ғой. Қап, қайда аударып жіберді екен? Соны сұрайын деп Дьяковқа бұрыла беріп еді, оған кеше таңертең өзі берген тапсырма есіне сап ете қап, қуанып кетті.

Суыт аттанған әскер тағы да ызғыған елсіз түзге шықты. Таныс аула мен таныс баспананың ыстық әсері де бірте-бірте ұмытыла бастады. Көзіңді қайда бұрсаң да — аңылжыған айдала. Көзіңді қайда бұрсаң да — жыландай ширатылып ойнақ салған жаяу борасын. Көлкөсір дала жаяу борасыннан әншейіндегі мығым нығыздығынан айырылып, сең жүрген теңіздің бетіндей жапырыла сынып, әлде қайда қалқып ағып жөнелетіндей.

Кирилов казін тарс жұмып алды. Әлденеге жүрегі қобалжып келеді. Маңайы тас қараңғы. Шынында да бір түнек тұңғиыққа шым батып бара жатқандай. Жалма-жан көзін ашып алды. Құлағына күйме шананың жентек қарды жанши жылжыған таныс сырылы келеді. Ат тұяғының дүрс-дүрс үні естілді. Жоқ, шынында да қара жердің үстінде келеді екен. Қысты күні борасынды қарлы дала расында да шетсіз-шексіз ақ мұхитқа ұқсайды. Бұл мұхиттің қаупы мен қатері ол мұхиттан аз емес. Онда ең болмаса жан-жақтағы жауды тұңғиық су бөліп тұрады ғой. Ал мынау жымпиған жылпос далада еш қорғаныс жоқ. Анау белдердің біреуінің тасасынан есіріп алған жалба тымақтар қаптағайлап шыға келсе... Жә, бұған керегі де сол емес пе?! Өзі тиіскен жаумен тістене шайқасқан деген рахат қой. Бәрінен жаманы осылай екі қолың алдыңа сыймай — бос отырған. Өзі әзірлеген бұйрық бойынша бұлар жол-жөнекей жолыққан ауылдар мен қыстақтардың еш бірін аман қалдыруға тиісті емес. Румянцев пен Тевкелев солай істеп жатқанда, бұның олай істемеске амалы қайсы! Қатаң шараға жүгінуді талап еткен өзі. Ендеше, сол қатаң шарасын өзі жүзеге асырып көрсін. Әйтпесе, жұрт қолымен от көсеген боп шығады. Әрине, оның әу бастағы арманы бұл емес тұғын. Көк мұхитты кешіп Американы ашқан Христофор Колумбқа ұқсап, мынау қарлы төлқындар ойнақ салған айлапат ақ мұхитты емін-еркін шарлай жүре жақын жерден жаңа Америка ашу еді. Оған мына бұзақылар мұрша беріп тұр ма! Саяхатшы-

лықты тастап, сардарлыққа көшуге тура келіп отыр. Сардарлық бар жерде қан төгілмей тұра ма! Ал оқымысты үшін қантөгістің қажеті қанша! Бірақ, қайтерсің, мынандай жағдайда қан төгіссіз ештеңе бітпейді.

Кирилов жағасын көтеріп, жан-жағына көз салмай түнеріп отырып алды. Көз алдына қолына семсер ұстап, құлақтарына шығыршығы салпаңдаған жабайылармен жеке-жеке шығып ақ тер, көк тер сайысып жүрген Колумб келді. Көз алдына лапылдатып шырақ ұстап, жабайылар тұратын шошақ төбе шошалаларға алаулатын от қойып жүрген Колумб келді. Дүниеде одан ерсі не болуы мүмкін?! Бірақ, мұхиттың ар жағында барша дүниеден бейхабар жайбарақат жатқан бейқам елге теңіз саяхатшысы Христофор Колумб кемесінің ізімен қарақшы конкистадорлардың да кемелері ілесіп бармады ма? Ендеше қара жерде түн қатып келе жатқан саяхатшы Кириловтың соңында найзалары кок тіреп қарулы қол келе жатса, несі айып? Қашан да жаңа жер, жаңа елкені жаңалық құмар ақыл ашып, байлыққа құштар ашқарақ қол игермей ме?

Кирилов басына аяқ астында түскен мына қисынға бір түрлі серпіліп қалды. Көкірегінде анадағы башқұрт шал жасаған дәрмектей ию-қию бытысып жүрген быламық ойлар аяқ астынан арна тауып, тұнып сала берді.

Енді ол қобалжығанын қойып, қиыр-шиыр қарлы далаға көз тоқтатып ұзақ қарайтынды шығарды.

Қарлы дала ұланғайыр ұлғая түсті. Кирилов одан сайын тістене түсті. Шіркін, осы беттерімен сонау ызғыған түзде қыс бойы көрмеген қорлығы қалмай екі көзі төрт боп титықтап отырған бейшара гарнизоннан барып бірақ шығар ма еді...

Бедірейген дала белін жазып көсіле түседі. Әлгі бір тәтті қиял шамалы да орындала қоймас кермек уайымға айналып барады.

Кенет олар орағыта аққан ақ Жайықтың айнадай жарқырап жатқан жалтыр мұзына еміне салынған бір аядай қыстақтың үстінен түсті. Қақ ортада сопайып жасыл төбелдірікті мешіт оқшау көрінеді. Тани кетті. Баяғында Орға аттанып бара жатқанда да осы қыстақ алдымен жолыққан. Ана бір тұстан күйентеймен су алып келе жатқан жас келіншекке екі атты жігіт екі жағынан тап-тап беріп орамал сұраған... Орамалды желбіретіп анау шығыс беттегі кең жазыққа қарай құйғытып жарыса жөнеліскен. Ол кезде жер мұндай ақ қар, көк мұз емес, жап-жасыл еді. Анау қырдың ар жағында жылда-жылда қарға той жасалатын қазандық орыны болса керек. Ортасында той кезінде ел көзінде сонадайдан түссін деп қызылды-жасылды орамалдар байлап қоятын жалғыз сырғауыл тұруға тиісті. Бұлардың жолына оратылған кесепат та алғаш рет сол сырғауылдың тұсынан тап болған. Әуелде шашу сұрап шықпай қойған тілемсектер бірте-бірте қоқаңлоқы көрсете бастаған. Бәлкім, кейін Қарасайдағы қырғынды жасайтындар да сол жолғы бұзақылардың ішінде жүрген шығар. Ендеше, дүрбелеңге мынау монтаны қыстақтың да қатысы жоқ

емес. Ендеше. мынау жымпиып жатқан жатаған қыстақ-мыстандар қонысы, өңшең бүлікшілердің алдамшы ұясы. Ендеше, ондай құзғындар ұясы ең алдымен күйретілуі керек. Бұл бүйтіп түк көрмегендей боп, момақансып жер бетінде аман тұрғанда баяғы Қарасай бойындағы шәйіт кеткен сабаздардың кегі қайтпақшы емес. Бұны аман қойса, олардың аруағы бұларды ақыр түбі атпай қоймады.

Аждаһаның ауызындай аран Қарасайдың бойында көк шыбын күж-күж үймелеп жатқан қаңқаның бөксесіне оратылған алтын шашақ полк туын сүйіп, еңіреп тұрып өзі айтқан ант сөздері тағы есіне түсті. Иә, ол айтқанын әлі орындай алмай келеді. Бірақ, бұл орындамағанмен басқалар орындап жатыр ғой. Бәлкім, олар бұның Мензелинскіден қол ертіп шыққанын естіп, жер түбінен тың тыңдап жаткан шығар. Баяғы да — «жоймайсың, қырмайсың» деп дегбірімізді қашырып еді. Жойса қырса, енді ешкім қолын қақпайтын болды ғой,— мошқай қарап отырған шығар.

Олай сынай қарайтындар осы отрядта да толып жатыр. Сонау Мензелинкіден бері мынандай қызыл қаншық боранда суық ердің үстінде иіеңдеп келе жатқандардың талайы: «Ау, қашанғы қанғыра береміз! Құдайдың құла түзіне серуен үшін шығып па едік»,— деп кіжінері хақ. Әйтеуір, абырой болғанда, жолдағы қыстақтардың бәрі баяғыда-ақ күл қапқан екен. Мынау — аман жслығып отырған — бірінші қыстақ. Ал, әуселеңді енді көрелік...

Құла түзде жар жиегінен ғана ықтасын тауып жамбастай жығылған монтаны қыстақ әлі ұйқыларынан тұрып та болмапты. Жана түтіндеген мұржалар қазандықтағы отынның ғана емес, қазандағы тағамның да дәмін бірге алып шыққандай бір тәтті иіс бұрқырайды. Күбірсіп күпсіп отырған бейбіт тіршіліктің иісі. Ештеңеден хабары жоқ байқамдылықтың иісі. Дүниедегі ең қымбат иіс. Жер бетіндегі бар нәсіл, бар діннің өкіліне бірдей ыстық буы бұрқырап, жөргегі аңқыған құдай деген қоңырқай күтханаиың иісі. Бұл иістің ар жағы — жар құшағы. сәби үілі, үбірлі-шүбірлі үрім бұтақтың жадыраңқы үні... Енді, міне, соның бәріне пілдің жолындағы құмырсқаның илеуіндей құм құйылмақшы. Дәу піл құрдым құмырысқаның мұң-мұқтажын, қайғы-қасіретін қайдан түсінсін! Еті селк етпестен тапап өте шығады. Ал, бұлар адамдар емес пе? Бұларға түтін иісі де, қара казанның буының иісі де, жөргек иісі де бірдей тәтті бірдей ыстық емес пе?! Бірақ, амал қайсы... Басқасынын бәрі жарасса да, дәм-тұзы жараспайтын адамзат ауық-ауық осылай бір-бірінің жағасынан алып отырмаса басы ауырады. Қатары көбі, қаруы молы піл бола салады. Саны азы, әлжуазы өз хәлін өзі біліп, алдын ала жолдан тайып, басын бағып бұғып отырмаса, құмырысқа илеуінің кебін киіп жермен жексен жапырылады да қалады. Олар жан дәрмен уын шашып тырбынып қайрат қылғанмен, күштінің аты күшті, өзіп-жаншып, баса көктеп өте шығады. Неге өйтеді? Өйткені — әуелден солай. Күштімен тай-

таласып абырой тапқан әлжуаз болған емес. Қайта жұрт ондайларды: «Әлің білмес әлек — деген осы» деп табалайды. Әлің білмес әлек... Демек мынау кең дүниеде әркімнің өз жолы, өз жәні бар. Соны бұздың-ақ басыңа енді қайтып оңалмас ауыр тауқыметті арқалап алғаның. Пілдің аты — піл. Құмырсқаның аты — құмырысқа. Пілге пілге тән ірілік керек, құдірет керек. Құмырысқаға құмырысқаға тән майда қимыл, майда қарекет керек. Күші асқандар сені соның өзінде жайыңа қойса жақсы. Соның өзінде бір дәу табан құж-құж қайнап жатқан қызу тіршілігінді белден басып өте шықпақшы боп, төбеңнен төніп тұруы мүмкін. Өйткені, пілге тән өріс, пілге тән жүріс керек. Бұл дүниеде солай... Әу бастан құрылып қойған шахмат тақтасындай... Әркім сол ересен тақтада қалағанынша ойнақтап кете алмайды. Кімге қандай жүріс лайық болса солай ғана жүре алады. Оған көнбеген асау жүрістің бәрі бұрыстық. Бұрыстыққа тыйырым бар. Бұрас аттадың-ақ мықтының ауызындағы жемтік боп шыға келесің. Бір тартып, көл-кесір тақтада сен тізе басатын аядай орын табылмайтындай, біржолата дүркіретіп қуып шығады. Амалың құрып, құр кіжініспен күнің өтеді. Құдіреттілер сенің кіжінгеніңді не қылады?! Өзінен асқан тағы бір құдірет табылып, тақсырет тартқызғанша, әлі жететін сені жанши береді, жанши береді... Әуелден ақырға дейінгі заң солай. Заңның білетіні — «болады» мен «болмайды». Ол «обал», «сауап», «лазым» деген аралық ұғымдарды білмейді. Қолында билік бар екен — заңның құлысың. Оны бұзсаң, өзіңді қарпып тастайды. Өзгеге қиянат жасасаң — қылмыс па, қылмыс емес пе — заң біледі. Өзіңе қиянат жасасаң — ессіздік, есерлік. Оны кез-келген жұмыр басты пенденің бәрі біледі. Біліп қана қоймай күледі. Сондықтан қылмысқа баруға мәжбүр болуы мүмкін, бірақ есерлікке ешқандай бара алмайды.

Кирилов өзін кім саналса да, ақымақ санап көрген емес. Ендеше, есерлікке ол да бара алмайды. Мына қыстақты аман қалдырып, бұл сапарында да, бір қадам ілгері аттап баса алмақшы емес. Онда баяғыдан бергі асқар таудай арманының бәрі адыра қалмақшы.. Ор бойындағы жаңа қала түгілі Самарадағы қатын-баласын да сау-саламат көре алмайды. Не бір білектей қыл арқанға жем болып, аяғы салақтап аспанда тұрады. Не мынау бұзақыларға ұқсап, құлақ-мұрынынан айырылып, Роговеркке бірге жаяу-жалпылап жер аударылып бара жатады. Россияны Россия қылған талай шонжарлардың өзі терістіктің әлде бір сасық қапастарында шіріп өлген. Бұл елде туып, не мойыныңды аркан қимай, не аяқ-қолыңды кісенге қажамай аман өтудің өзі үлкен бақыт.

Жоқ, Кирилов ондай есерлікке бара алмайды. Өйткені өзі үшін ғана емес, бүкіл халқы үшін, мынау бірде қорқытып, бірде үркітіп, жұлын-жүйкеңді қаралай жүнжітіп отырса да, жан-тәнімен сүйетін Отаны үшін істесем, тындырсам деген қыруар шаруалары бар. Сол арманына тым таяу тұр. Оның бәрі мына бүліктің

тез біту-бітпеуіне байланысты. Ал оның тез біту-бітпеуі өзіне, өзінің шешімділігі мен табандылығына байланысты.

Статс-советник Кирилов... Иван Кирилович... Ваше, превосходительство, қолыңызға қалам ұстағанда сондай батыл, жүртқа талап қойғанда сондай табанды едіңіз, ал кәні... Қолыңызға қару ұстап, өзіңізге міндет жүктелгенде, қандай екенсіз көрелік...

Құлағы шыңылдап барады. Мына дүние неге жым-жырт. Қарақұрым қолдан елең еткізер бір дыбыс шықпайды. Жұрттың бәрі аңтарылып бұған қарап қалған.

Ол күйімені тоқтатып, ерттеулі сары атына мінді. Өзге офицерлер де шоғырланып соған жақындады. Ешқайсысында үн жоқ. Бірақ бәрінің де көзі жайнап тұр. Бәрінің де көзі сөйлеп тұр. Егер бір кезде өзі ұсынып, өзі қабылдатқан бұйрық орындалса, мыналардың қазіргі істегелі тұрған барлық қияңқылығының жауапкершілігі бұған жүктеледі. Егер орындалмаса, ең алдымен шатақты осылар шығарады. Ар жағы патшаға дейін ол хабарды осылар жеткізеді. Кім біліпті, мұның мойынына дар тұзағын кигізетін де осылардың арасында тұрған біреу шығар...

Бұл оларға қарайды. Олар бұны ішін-жеп барады. Тіпті бұның көкірегіндегі итжығыс түсіп жатқан екі ұдай сезімдерді теп-тегіс көріп-біліп тұрғандай.

Солай... Жастайыңнан атаққа, даңққа құмартып едің. Атақ, даңқ, билік дегенің осы. Олар тегін берілмейді. Тіпті еңбегіңе де берілмейді. Ертең осы биігіңде, осы билігіңде қалу-қалмауыңның өзі де анау салғалы тұрған жаңа қалаларыңа да, жазғалы тұрған жаңа кітаптарыңа да, ашқалы тұрған сансыз байлықтарыңа да байланысты емес. Қазір ауызыңнан бір ауыз сөз оқшау бұйрықтың шығу-шықпауына байланысты. Ол басқа ештеңені білмейді де, мойындамайды да. Бауырым бұл заманда ештеңеге ұмтылмау керек. Ұмтылсаң — жететінің осы. Ештеңе алмауың керек. Алсаң — көретінің осы. Жақсы қызмет, билік лауазым беріп ап, енді, міне, биік ағаштың басына іліп қойып дарға асқандай жан алқымыңнан алып тұр. Билік дегеннің, өкімет дегеннің осындайы бар. Әншейінде сұсымен айбынтып, ешкімді маңайлатпайтын астам өкіметтің жеме-жемге келгенде, арзымсыз ұрғашы мен бармақ басты, көз қыстысыз жүре алмайтын жылпостарға ұқсап кететін жерлері де көп екен. Түптеп келгенде билік дегеннің де сол нәпсіқұмарлықпен, дүниеқоңыздықпен бірге туған ба деп қаласың. Аяр ұрғашы да арзымсыз ләззатына бір ортақтастырса, айтқанын істетіп, қылғынып тұрып алмай ма! Қалтасы бұлтиып, жүзі жылмиып кірген жылпос, жеңінің ұшын жеңіне бір тигізсе болды, есігіңнен күдірейіп шығып, енді қайтып кіргенде — бір жола желкеге мініп алмай ма? Билік те солай! Шетінен бір ауыз тигізсе болды, сосын қайтып сені өз дегенімен жүргізбей қоймайды. Шырқ айналып келгенде, бұл жалғандағы қай нәрсе де, сенің еңбегіңе, білігіңе, дәулетіңе емес, бетіңнің ұяты мен көкірегіңді қыжылдатып, аяқ-қолыңды анау-мынауға ұрындырмай бөгеп тұратын жалғыз тал жібек жіптей нәзік тұзақ — арыңа айырбасталады. Олай екен, әуел бастан ештеңе-

ден дометпей жайыңа жүру керек. Ал ондай ештеңеге талпынбай жайбарақат жайыңа жүретін жабы тіршілік үшін бұл жарық дүниеге келудің қажеті шамалы. Жарық дүниеге келдің екен — арыңды ақыр түбі саудаға бір салмай тұра алмайсың. Бар гөп — дұрыстап саудаласа білуде. Арзанға беріп, қапы соғып қалмауда.

Кириловтың енді саудаласар да реті жоқ еді. Бәрі — баяғыдақ шешілген. Ендігі қалғаны — бастаған істі тындыру. Ол үшін мынау қатал сыннан қалай да аман өтпей болмайды. Аман өтуің үшін аузыңнан қазір :«Өртендер!» деген жалғыз сөз шықса, жетіп жатыр. Бар болғаны жалғыз-ақ сөз! Бірақ қарғыс атқыр сол бір ауыз сөздің шыға қоюы қандай қиын еді! Осындайда қараптан-қарап тамағы құрғап, жон арқасы жіпсіп қоя береді. Неден, қалай бастаса екен! Не де болса, бұны үн-түнсіз тергеп-тексеріп тұрған сыншы көздердің табасына қалмауы керек.

Ойдағы ауылдың түтіні будақтай түсті. Түтін әкелген тәтті иіс аңқи түсті. Бірен-саран сыртқа шыққандар үйді-үйіне жып беріп, қайта кіріп кетіп жатыр. Обал-ақ! Бірақ өз обалдары өздеріне! Оларды ғана емес, өз қиялымен өзі болып жайына жүрген бұл секілділерді де енді, міне қараптан қарап қолдарын қанға малшылауға мәжбүр етіп жүрген әлгі ереуілшіл бұзақыларына!

Енді шегінуге жол жоқ. Шешінген судан тайынбас. Су емес, қан кешіп өтсе де, өтуі керек...

Ол бірдеңеге белін бекем буғандағы әдетіне басып, тістене түсті. Жағы қарысып қалғандай, ерінін әзер қимылдатып:

— Адамдары мен жинаулы отындарын анау қыр басындағы жалғыз сырғауылдың түбіне жеткізіңдер. Ал үй-жайларына қазір от беріңдер,— деді.

Өз дауысына өзі таңғалды. Тап бұлай жайбарақат шыға қояды ғой деп ойламап еді.

Әлгінде ғана сынап-мінеп қарап тұрғандардың бәрі жым болды. Бәрі сымдай тартылып, айтқанын екі етпейтін тіл алғыш орындаушыларға айналды. Бұл қасына Дьяков пен бір шоғыр адам ертіп жер түбінен қылтиған жеке сырғауылға қарай беттеді. Екі тізесі атының құлағынан асып үндемес башқұрт шалы да еріп келеді. Ештеңеге түсінбегендей, ештеңемен ісі жоқтай маңқиып маң далаға қарайды. Оны көргенде, Кириловтың бір түрлі іші жылып қоя берді. Қалған отряд сап түзеп, аяқ астынан кірпік шешендей мойындарын ішіне тығып бүрісе қалған жаядай қыстаққа қарай жөңкіліп барады.

Жеке сырғауыл жақындай түсті. Былтырғы қызылды-қасыл шүберектерден ештеңе қалмай, түп-тұлдыр жалаңаш тұр. Қасындағы жер ошақтар да көрінбейді. Қалың қардың астында қалған. Әлі жер қарайған жоқ. Қарғатойға әлі ерте. Қарғатой... Атын неге олай деп қойды екен. Шамасы, ол той өткен жерде артынан біраз күндерге дейін қарға қамалап, жем теріп думандататын шығар. Башқұрттар бұл арада қарғатой жасаса, бұл мынау ақ қар, көк мұзда бұл алқаптан құзғын айналып шықпайтындай

қып «құзғынтой» жасайды! Жоқ, ол бұл арада башқұртқа да, қарғаға да, құзғынға да ештеңе қалдырмайды!

Сәске болмай жатып, жан-жақтан кеп қамап алған әскер шалғай қыстақты төсекте басты. Бас қаруы беліндегі түсі суық бөтен жандар үйді-үйге басып кіргенде бірен-саран қарсыласқандар табан астында қылышқа жем болды. Қалғандарын дірдектетіп сыртқа айдап шықты. Оларды ешкім сұрыптап жатпады. Әйел-еркегіне, бала-шағасына қараған ешкім жоқ. «Қарғатойдың қызығы үлкен-кішіге ортақ болуға тиісті».

Шағын қыстақтың барлық жаны көзінен тізіліп сапқа тұрғызылған кезде Кирилов жалы тізесіне түскен сары атына мініп, анадайда состия қарап тұрды. Тордағы торғайдай жаутаңдасқан мүсіндерді көк мылтықты кезенген көп сақшы солай қарай айдап келеді. Қалған солдаттар үйді-үйдің қорасын ақтарып, арба-арба отын тиеп бастады.

Жалғыз сырықтың түбіне кеп, көгенделген қозыдай тізіліп, біреуі сырт киімін киіп, біреуі төсектегі күйі сыртқа атып шығып, енді дірдек қағып тұрған бала-шаға, еркек-ұрғашыны шырқ айналдыра отын үйілді. Биылғы қыстың айырықша қатты болатынын алдын-ала білген қыстақ тұрғындары Жайықты жақпарлай біткен арша мен қарағайды аямай-ақ отап баққан екен. Енді, міне, сол еңбектерінің әжетке асқан жері осы болмақшы.

Кирилов жұрт қимылын қалт жібермей бақылап тұр. Олар сол жан-жақтарына алақтай қарап қалшиып қатқан да қалған. Көздері — күйбең-күйбең солдаттардың не істеп, не қойып жатқанында.

Оларды шырық айналдыра қоршап тұрған қарулы сақшылар жиырма қадымдай кері шегінді.

Ал олардан он бес қадымдай кейінде бұл тұр. Қасында — Дьяков.

Кирилов ештеңе деп тіл қатпастан әуеге қарай қолын көтерді. Сол-ақ екен жан-жақтарынан көк сүңгілі қара мылтықты кезене ұстаған қарулы саптың қоршауында тұрғандар азан-қазан шулап қоя берді. Өзен жағасындағы барлық үй бірден лап ете қалды.

Қолдарына бір жақ ұшынан бастап лаулап жана бастаған бір-бір таяқты көтере ұстаған жүзге тарта солдат қыстақтағы шаруаларын бір жақты қылып, енді бұлар тұрған жаққа қарай беттеп келеді. Жел сол жақтан еді. Олардың өздері өртеген қыстақтың қызыл бұйра жалыны соңдарынан ілесе қуып келеді. Өңменден ұмтылған от толқын жолынан жалмай, қылғыта кетер қылтанақ таба алмай, күртік қарға омбылай жығылып, өрт салған солдаттарға жете алмай: «Қап, бәлем, қуып жеткенде, өздеріңді де жұтып жіберетін едім»,— деп әкіңгендей, қос қанатымен қар сабалап, жер төмпештеп жатыр.

Қолдарына жалп-жалп жалын таяқ ұстағандар келген бойларында қоршаудағы тұтқындарды шырқ айналдыра үйілген отынға от тигізе бастады.

Жан-жақтарынан жалаң-жалаң етіп сыландай көтерілген

қызыл жалынға аналарының етектерінен тас қып ұстап ап, тасаларына тығылып, бөтен көздерден ұялып тұрған қызыл иек дірдек-дірдек балалар қапелімде таңғала қарап, ауыздарын ашып таңғалды да қалды. Гәпке алдымен түсінген әйелдер болды. Ойбай салып шулап қоя берді.

Қызыл жалын тұтаса түсті. Тұтқындар мен карулы сақшылардың арасына ыстық лебі бет шарпып тура қаратпайтын, дүрдүр каулай жөнелген күрең жалқын перде тұтылды. Екі жақтағылар бірін-бірі көре алмайтын күйге жетті. Ол бір есептен дұрыс та болды. Ар жақтағылардың қашан күлі шашылып қалғанша мына от қорған көлегейлей тұрса екен. Бірақ, шар-шар шыңғырған сәбилердің дауысынан төбе құйқаң шымырлайды.

Кирилов не де болса, шыдап бақпақшы боп, тістеніп алды. Баж-бұж айқай ұлғая түсті. Қызыл жалынның ішінде қалғандардың не деп бажылдап жатқандарын да сезіп тұр. Бұны мен сұмырай катын патшаның ішін әбден кептіріп жатса керек. Аспанмен тайталасып өршеленіп бара жатқан дүлей өрттің о жер, бу жерінен бұлт ете бөлініп, сыртқа қарай от қашса, мылтықтар гүрс-гүрс ете қалады. Олар — жандәрмен қашып шыққан бол сыртқа ұмтылып оққа ұшып жатқандар.

Көкпен тіресіп биіктеп кеткен қызыл жалынның ұшар басына майлақы қара мұнар тұра бастады.

Қызуы бет шарпып қаратпай тұрған қызыл бұйра дүлейден әдетте отқа түсіп кеткен сүйектен шығатындай бір күңірсік иіс мұңкіп қоя берді. Бұл тыжырынып, жел жаққа бұрылып қарап еді, анадай жерде кеңірдегі сорайып үндемес шал тұр. Ештеңе болып жатпағандай, кеңірейіп қарайды. Оның бер жағындағы Дьяков теріс қарап бүк түсіп отырып қалған. Екі иығы бұлк-бұлк етеді. Бұның өзінің де басы айналып барады. Ашық теңізде алғаш рет дауылға ұшыраған кісідей оң жақ, сол жағының өзін ажырата алар емес. Лебінен бет шыдамай шарпып алып бара жатқан бір қызыл самұрық қақ төбесінен жалп-жалп қанат қағып, шырқ үйіріліп шықпай жүр. Жоқ, бұдан әрі шыдай алар емес. Арты күл болмаса, бұл болсын. Атына мінеді де, беті ауған жаққа тайып тұрады. Жеткен жеріне барып еледі. Құрысын бәрі... Бәрі де құрып кетсін... Енді бір секунд та кідірмейді. Атына қарай жалт бұрыла беріп еді, кенет аспанға шапшып арпалысып тұрған қызыл жалынның арасынан бір аппақ жұлдыз жарқ етіп көкке шырқап шыға келді. Сол жұлдыз енді, міне, өзіне қарай шаншыла құлап келе жатыр.

Сол-ақ екен, әлдекім аяғынан шалып қап, гүрс етіп еңбетінен құлап түсті. Зіп-зілдей бірдеңе үстін басып қалды. Құлағына шатыр-шұтыр жанған ағаштың, тарс-тұрс атылған мылтықтың, шаң-шұң қарғыс пен балағат, ажал алдында ақылдарынан адаса бастағандардың әжептәрбі қорқынышты дауыстары келіп, июкию араласып, миын ыңғы-дыңғы ауыртып жіберді.

Мандай тұсы дуылдай ысып, омырау тұсы оқыс мұздап шыдатпай барады. Қызыл жалын қуып жетіп, мұны өкшесінен бастап жалмап жұта бастағандай, бөксе тұсы жанып бара жатқан-

дай. Тұра сала, беті ауған жаққа қашқысы келеді, бір-ақ айқара басып жатып алған зіл батпан тырп еткізер емес. Әлдебір уақыттарда барып, біреу қолтығынан демеп тартқылағандай болды.

Көзін ашса дүниенің бәрі лаулап жанып жатыр. Қомағай өрт жер бетіндегінің бәрін адалап шығып, аспанға атылып, оны да дар-дар жыртып, шетінен қылғыта бастағандай. Аш бөрілердей гүр-гүр еткен алпауыз жалындар алты қат көктің өзін әп-сәтте жалап-сұқтап жалмап бітіріп, енді «Апырау, мынау қайтып аман қалған?» — деп бұған тап бергелі тұрғандай. Қызыл тілдерін салақтатып төніп келіп қалғандай еді, манадан бері анадай жерде оқшау тұрған үндемес шалдың бұның қасына қайдан сап ете қалғаны белгісіз, құшақтап орынынан тұрғызып жатыр. Өңі өртелген теректің діңгегіндей боп қара талақтанып түтігіп кеткен. Көзі қып-қызыл. Бұған бірдеңе деп жұтына қылғынады. Тұк түсінсе не дейсің! Әйтеуір, еріндерінің қимылдап тұрғанын біледі. Қолтығынан демеп тұрғызып жатқанын біліп, бұл да жан дәрмен тырбынған болады.

Тәлтіректеп орынынан тұрды. Қасында состиып башқұрт шалы тұр. Қолын ербеңдетіп кейінгі жақты нұсқайды. Қараса — жаңа ғана осы араға өзі мініп келген сары ала ат анадай жерде теңкиіп жатыр. Бір майлақы сап ақ балта тап қара құсына қарш етіп қадала қапты. Еңгезердей шал қасына барып, бір аяғымен бейшара жануардың басынан нығыздай басып тұрып, ырғай жұлқып әзер шығарып алды.

Есеңгіреп тұрған Кирилов манағы аспанға қарай шоқ шашырата шапшып атылған ақ жұлдыздың осы балта екенін сонда барып аңғарды. Ендеше, бұл сары ала атты емес, мені көздеп атылған болды ғой! Оны мана тұтқындарды мұқият тексеріп шыққандар не қып көрмеген? Әлде мына отын үйгендер ұмыт қалдырды ма екен?!».

Кириловты алдынан көлденеңдеп тосылған күймеге екі жағынан екі кісі демеп зорға отырғызды.

Сосын-ақ оның оң жақ көкірегі ауыр тартып, жауырынының асты ашитынды шығарды.

Содан әлдеқайда суыт жүріп келе жатқандарын біледі. Содан бір жерлерге жетіп күймесінен біреулердің көтеріп түсіріп алып жатқанын біледі. Содан пәлен күн лапылдады да жатты. Көзін жұмды-ақ — жалмаңдаған қызыл жалын өкшелеп қуып береді. Құтылып кете алмай құлап түсіп, екбеттеп жер тырналап бағады. Сирағынан бастап жана бастағандай, қолқасын күйген сүйектің иісі алып барады. Сонда да жан дәрмен тырмысып тұрып, ақсандай қашып, мына өрттен құтқаратын амал іздеп жүреді. Анадай жерде көл ме, өзен бе бірдеңе жарқырайды. Жүгіріп барып қойып кетеді. Жандәрмен малтып келе жатады. Әлгіндегі ақ айдын бірте-бірте қойыла түседі. Бір уақыттарда қоймалжың бірдеңеге айналады. Малти-малти сіңірі тартылып, тұңғиықтың түбіне шым бата жөнеледі. Әлгі қоймалжың ағылтегіл ауызына құйылып береді. Дәмі қышқыл бірдеңе. Қан дәмі. Манағы су деп қойып кеткені — қалқып жатқан қан боп

шығады. Ауызы-мұрыны қанға толып шашала бастайды. Өз дауысынан өзі оянып кетеді. Еріні кезеріп шөлдеп жатады. «Су, су беріңдер!» Өзі ме, басқа ма, біреу өлімсірей ыңырсиды. Біреу ағаш тостағанға толтырып ап бірдеңені әкеп ауызына тосады. Бұл өлімін сатып, қылқ-қылқ сіміре бастайды. Бір уақытта ауызы қышқыл тартып қоя береді. Қан дәмі шығады. Мынау қан ғой! Көзін бағжаң етіп ашып алса — қолына тостаған ұстап еңгезердей башқұрт шалы еміне төніп тұрады. Тостағаны толы қан. Манағы башқұрттардың қаны. Бірақ, өртеліп, күлге айналып кеткен кісіден қан шығушы ма еді... Не де болса, шәл ұсынған тостағанды ауызына апара алмай қағып жібереді. Тәсегінің қасы қызыл қанға қалқып кетеді.

Талықсып жатып тағы көз жұмады. Тағы да сол қызыл өрт өкшелеп қуып береді. Тағы да сол өрттен қашып құтылар жол іздеп алақтап жүреді. Тағы да сол қалқыған қызыл қан. Кеңірдегінен келіп малтығып жүреді. Тағы да сол еріні кезеріп шөлдей бастайды. Тағы да сол тамағына кептеліп тұрып алған ашқылтым сұйыққа шашалып оянып кетсе, қолына тостағанын ұстап башқұрт шалы жетіп келеді. Тостағаны толы қызыл қан. Жан дәрмен қағып жібереді.

Сөйтіп есі кіресілі-шығасылы боп қанша жатқанын білмейді. Бір күні шөлдеп оянса, бөренеден салынған жылы үйдің ішінде жатыр. Қабырғадан екенін, пештегі отыннан екені бөлгісіз самырсынның иісі аңқиды. Аяқ жағында ағаш орындықта біреу ербиіп отыр. Қасындағы тағы бір тақтай орындықта тостаған толы сүт тұр. Бұл басын көтеріп тостағанға қол созды. Сүтті қолы қалт-қалт етіп төгіп-шашып іше бастады. Тағы да сол баяғы қышқылтым дәм. Ауызының іші уға толып кеткендей. Не ішсе де, қышқылтым тартып қоя береді. Әйтпесе, көріп отыр, мынау тостағандағы қан емес, сүт. Ол не де болса, түгел сімірін ішіп алды. Таңдайын шоқ боп өртеп жатқан шөл басылғандай. Талықсып ұйықтап кетті. Тал түске дейін рахаттана ұйықтады.

Жарқ-жұрқ еткен өткір жарықтан көзін ашса терезеге күн аунапты. Бөлме іші жап-жарық. Анадай жерде тағы бір төсек тұр. Онда біреудің сарғыш шашы ағараңдайды. Таныды. Дьяков. Оның қасындағы тақтай орындықта бір тостаған сүт тұр. Шамасы, ол да ауырып жатқан болды ғой.

Бұның бас көтергенін біліп есік жақтан біреу қозғалды. Үндемес шал. Ерініп түрегелді. Сол баяғысындай беті қараталақтанып ісіп кеткен. Тісін ақситты. Қуанғаны шығар. Есікке қарай асыға қадам басты. Сырттан екі офицер кірді. Біреуі — өзінің штаб бастығы. Екіншісі Румянцевтен келген шабарман екен. Бұның жағдайын білуге, болашақ маршруттарын келісуге кепті.

Сол күні түс ауа Кирилов орынынан тұруға жарады. Үндемес шал дөңгелете көтеріп әкелген дәу самауырдан шай ішті. Мұны аяғына мінгізген тағы да мынау үндемес шал, ол жасаған дәрілер боп шықты. Манағы ішкені бие сүтінен жасалған сусын екен. Бұл қымызбен алғаш рет солай танысқан. Мынау башқұрт деревнясына кеп тоқтағандарына бес күндей болыпты. Сол бес күн

бойы Дьяков екеуі ес-түстерін білмей ауырып жатыпты, бес күн бойы штаб бастығы мен үндемес шал екеуі күні бойы күзетіп отырыпты.

Түс қайта Кирилов шынтағын жеңінен асыра түріп картаға еңкейді. Румянцевтың шабарманы әкелген картамен сәйкестендіріліп белгілер соғылды. Екі отряд екі маршрутпен ел ішін тазалап өтіп, Әулие Петрдің мейрамында Көгеш өзені бойында тоғыспақшы. Қайсысы бұрын жетсе, сол арада лагерь тігіп тосып отырады. Одан арғы әрекет сол арада ақылдасылады.

Румянцевтың шабарманы картасын планшетіне салып, отрядына аттанды. Бұның картасын штаб бастығы планшетіне салып штабқа әкетті. Дәу самауырды ауызға бөлмеге көтеріп апара жатқан башқұрт шалға бұл:

— Шаршаған шығарсың, штабқа барып ұйықтап ал. Мынадағы шаруаларды сақшы солдат та бітірер,— деді.

Үндемес шал «мақұл» дегендей басын изеді.

Ол шығып кеткен бойда Кирилов төсегіне қайта сүңгіді. Содан бір әзәзіл тәтті ұйқының құшағына қайта күмп берсін кеп. Қанша ұйықтағанын білмейді. Әйтеуір біреулердің кеп қарынан тартып жұлқылап тұрғанын біледі.

— Өрт! Өрт!— дейді.

Тағы да түс көріп жатырған шығармын деп тамсанып біраз жатты.

— Ваше превосходительство, өрт! Штаб кісілері тоқтаған үйді біреу өртеп кетіпті.

Кирилов орынынан атып тұрды. Қай уақытта киініп үлгергенін өзі білмейді.

Сыртқа шыға келсе — аяз кешегіден гөрі де қайраттанып алған. Шым-шым тістелеп бет шыдатпайды. Көшенің қарсы бетіндегі әлемет алау су шашып, қар шашып ербеңдеп жүргендерге бой берер емес. Біреу қарағай үйдің әуелі есігіне, терезесіне, сосын сырттағы ауланың тақтай қоршауына түгел өрт берген. Үй иесінің мал-жаны, оған орналасқан штабтың адамдары түгел өрт ішінде калған. Есік алдындағы сақшының жанып бітуге айналған қаңқасы табылды. Төс сүйегіне бойлай кіріп тоқталған алмас сапы бірге шықты.

Не де болса, пәлен уақыттан бері бағып жүріп, қапысыз қимылдаған айлалы жаудың ісі. Ол әрине басқа жақтан келген жоқ. Осы деревняның бір жалба тымағы. Оны іздеп табу қазір еш мүмкін емес. Өйтіп керегі де жоқ. Отты өздері тұтатқан екен. Ар жағын бұл жалғастырып береді.

Кирилов офицерлерін шақырып алды.

— Барлық үйлерді аралап шығып, жан біткенді сырт киімін кигізбей көшеге айдап шығып, мына өрттің қасына әкеп сапқа тұрғызыңдар.

Жұрт жүгіре жөнелісті. Айналасы жарты сағат ішінде деревня халқы улап-шулап көшеге шығарылды. Желкелеп жүріп сапқа тұрғызылды. Желкелеп жүріп өрттің қасына айдалып әкелінді. Кирилов отқа қарап телміріп дірдектей тоңып тұрған еркек-

ұрғашылардың қарсы алдарына барып қасқая қарап тұрды. Жылы көрпелердің астынан көйлекшең суырып ап, қуылып шыққан бейшаралар қақшаңдаған аязға беттей алмай, дірдектеп тоңып, арқаларын лаулай жанған жалынның лебіне тоса түседі.

— Өрт шығарған сендерсіндер ғой. Ендеше, обалдарың өздеріңе. Өртпен ойнаған қандай болады екен көрсетейін.

Кирилов жалт бұрылып артындағы сапқа қарап саңқ етті.

— Өртеңдер қыстақты.

Солдаттар қолдарына таяқ ұстап, ортадағы отқа бір-бір көсеп алып, үйді-үйге бет қойды. Әп-сәтте бүкіл қыстақ лаулап шыға келді. Қою қараңғы қанатын қомдап көкке көтеріліп бара жатқандай, жалп-жалп жалыннан жан-жақтың бәрі жап-жарық боп кетті.

Қызыл жалынның қақ ортасындағы тар көшенің бойында бір-біріне телміре қарап екі сап тұр. Біреулері — көксүңгілі әскер. Екіншісі — құр қол тұтқындар. Жан-жақтың бәрі қып-қызыл өрт. Дабыл бергізілді. Әскер түгенделді. Басы штаб бастығы боп он бес адам жоқ болып шықты. Ішінде үндемес башқұрт шалы да бар. Кириловтың іші бір түрлі елжіреп кетті. Бөтен де болса, өзін екі рет өлімнен аман алып қалған еді. Соған қарап мынау есер жұрттан да болашақта тындырымды іскер адамдар шығады деп ойлайтын. Енді, міне, ол үміті де бүгін түнде алдымен жанып, алдымен бықсып сөне бастаған мынау қарағай үйдің қызыл қоламтасымен бірге өшіп барады. Енді ол мына жұрттан күдерін біржолата үзейін деді. Енді бұл оларды аямайды. Нағыз обалы жоқ, қанішер нәсіл екен. Бүгін ол өткен жолғыдай жүрегі лоблып қобалжыса не дейсің! Жауды аяған жаралы деген екен. Енді ол мынау түзде ешкімді де, ештеңені де аямайды.

Кирилов тамағын кенеді.

— Топастық пен қорқаулықтың батпағына белшеден батып, өз бастарына қонғалы тұрған бақытты өздері серіпкен есер жұрттың ессіздігінен шәйіт болған марқұмдардың топырағы торқа болсын!

Мыңдаған әскер мылтықтарын көкке көтеріп аспанға он бес рет оқ атты.

Сол бір гүрс-гүрс дыбыстан дірдектеп тоңып тұрған тұтқындардың құлағы тұнып, тілдерін жұтып қойғандай жақ ашпай алақтай қарайды. Шамасы мынау гүрс-гүрс мылтық өздерін нысанаға алады деп ойлап тұр.

Кириловтың даусы тағы да саңқ етті.

— Отряд, атқа қон!

Көлденеңдете тартылған күймеге ширақ басып барып қарғып мінді. Ызғыған ақ боранда қараңғы түнде баспанасыз қалған жүздеген жан тістері-тістеріне тимей жел өтінде көйлек-дамбалшаң дірдектеп қалып барады.

Кириловтың қатыгез бұйрығын қызыл шұнақ аяздың өзі-ақ тындырып беретіні бес енеден белгілі еді.

Сол түні әбден шыршық атып ашуына мықтап мінген Кири-

лов содан қайтып солқылдақтықты қойды. Жолында ұшырасқан ештеңенің бет-жүзіне қарағаны жоқ. Ерінбесе қыстақтарды ел-жұртымен қоса өртеп, ерінсе — баспаналарын ғана өртеп, ал адамдарын жел өтіне желбегей айдап тастады.

Маңайдағы орман-орманда қарқылдап жүрген көп құзғын Кирилов өткен жерлерге қарай қаптай ұшып, ол бастаған қалың қолдың соңынан қалмай, бірге ілесіп, бірге көшіп жүрді.

Жазалау күшейген сайын башқұрттар да ашына түсті. Екі жақта да аяушылықты атымен ұмытып, әбден жыртқыштанып алды. Орыс қолын, әсіресе ұлықтарды анду көбейді. Анадағы ақ балтадан аман қалған Кирилов одан кейін де талай қауіп-қатерден құтылды. Бірнеше рет мініп жүрген атының таралғысынан у табылды. Бірнеше рет есігінің алдында құрулы тұрған қақпанға түсіп қала жаздады. Бүгінде тек Дьяков пен өзі пісірген тамақты ғана ауызына апарады. Бір жаққа аттанарда күймеге мінбей, солдаттарын сапқа тұрғызып қарап тұрып, ең қарапайым деген біреуінің жабы мәстегіне жарбия салады.

Қыс кетіп көктем шықты. Талай қыстақтың жұрты жылда қарғатой өткізіп жүрген жерлеріне айдап апарылып тірілей өртелді.

Уәделі күні Кирилов отряды Көгеш бойына жетті. Келсе — Румянцевтың лагері абыр-сабыр. Маңайдың бәрі — жайрап жатқан аттар мен адамдардың қаңқасы. Қайқы бас ерлері мен шашылып жатқан жебелерінен таныды. Жойқан боп жатқан башқұрттар. Оның жай-жапсарын Кирилов генерал Румянцевтың өз аузынан естіді.

Генерал-лейтенант ертең 29 июнь, әулие Петрдің мейрамы деген күні Уфадан жүз жиырма шақырымдай жердегі Көгеш өзені бойына жетіп, лагерь тігеді.

Жан-жақтары — балбырай жетіліп тұрған жасыл мәуе. Жасыл желек іші — сұңқылдаған сандуғаш үні. Ақ Еділге қиялай құятын қиқар Көгеш бүгін тым көңілді. Біреу мықынына қайта-қайта қол апарып, қытық қысқан күлегеш келіншектей сылқ-сылқ.

Июнь түнінде сол сылқылдан өзге құлақ елендетер дыбыс жоқ. Түннің бір уағына дейін қос тігіп, тамақтанып, күзет тексеріп абыр-сабыр жатпай қойған лагерь таң алдында әбден талықсып ұйқыға кеткен. Кенет тосын дүбірден шошып оянды.

Қақ ортадағы генерал-майордың үш бөліктен тұратын кең шатырының кіре берістегі бөлігінде сол күні полковник Усов кезекші еді. Алдындағы тақтай столға жаюлы картаны шынтақтай еңкейген күйі мызғып кеткен ол тамағының астынан қышытып алып бара жатқан бірдеңені енді сипай бере селк етіп оянып кетеді. Сол-ақ екен біреулер аузына әлденені жұмырлап тығады да жібереді. Мойынындағы тікендей қадалған қыл арқан одан сайын қылғындырып, әлдеқайда сүйрей жөнеледі.

Мынандай оқыс дыбыстан шошып оянған генерал жалма-жан атып тұрып көйлекшең сыртқа жүгіріп шығады. Есіктің алдындағы сақшы солдаттар ту сырттарынан қадалған бір-бір қанжар-

дан сұлап-сұлап түсіпті. Кезекші полковник орынында жоқ. Лагерьдің көк желкесіндегі қайыңның ішіне қарай тасыр-тұсыр бірдеңе сіңіп барады.

Генерал аспанға мылтық атып дабыл берді. Сол бойда қауқылдасып қасына жетіп келген казактарды әлгі қалың қайыңға қарай жұмсады. Шатырына қайта кіріп апыл-құпыл киініп, жұртты оята бастайды. Зеңбіректердің жабындыларын алдырып, ұңғыларына доп салдырады.

Сөйтсе, мынау көгал ойпаңды шырқ айналдыра қоршап тұрған қалың жыныстың іші толған ереуілшілер екен. Олар кеше кештен бастап лагерьді әбден барлап біліп алыпты. Бас қолбасшының шатырының қайда тігілгенін біліп алыпты. Сонда мына қылықтары қай қылықтары?! Ойда жоқта ұрымтал қимылдап бас қолбасшыны өңгеріп әкетсе, әрине, қалған лагерь қапелімде не істеп, не қойғанын да білмейді. Жан дәрмен қарақшылардың соңынан жүгіріп, генералды босатып алуға күш салады. Сол кезде абыр-сабыр боп жаткан лагерьге ту сыртынан бас салсаң...

Румянцевтың жон-арқасы мұздап қоя беріпті.

«Мыналар неткен зұлым, неткен өлермен еді! Әлгіндей жағдайда барлық лагерь, барлық зеңбіректер, барлық оқ-дәрі, барлық азық-түлік дұшпанның қолына өтеді. Ал, сосын ондай әбден күшейіп, әбден өшігіп алған ереуілшілермен шайқасып көр!».

Жан-жақты жақпарлай біткен қалың жынысты тастап, еңістегі лагерьге бет алған көп аттының тұяғынан тасыр-тұсыр тас домалайды. Тас бұршақ жауғандай сол бір тысыр жан-жақты түгел қамтып, тым қалың, тым айбынды естіледі.

Румянцев пен сфицерлер шаң-шұңсыз қимылдап, зеңбіректерді шепке шығарып әлек. Ереуілшілердің ниетін ерте аңғарған генерал атты казактарды манағы дүсір шыққан жаққа дүбірлетіп үсті-үстіне аттандырумен болды.

Лагерь ендігі босап қалды деп ойласа керек, жан-жақтағы қалың тысыр тым батыл, тым сойқан естіледі.

Жарық түсе башқұрттардың алды лагерьді шыр айнала қоршап тұрған орыс штыктарына кеп кеуделерін тіреді. Сол-ақ екен тасадағы зеңбіректер ереуілшілердің арт жақтағы ну қалыңына дүрс-дүрс доп атқылай бастады. Екі бөлініп қалған ереуілшілер енді айладан күдер үзіп, ашық шайқасқа шықты. Сегіз мыңдай атты қол зеңбірекке төтеп бере алмай, сәскеге жетпей жайрап қалды.

Румянцевтың бар болғаны жүз сексен адамы оққа ұшып, алпыс адамы жараланды. Полковник Усов сол қалпы хабарсыз кетті.

Күн көтеріле лагерьдің әлі бүтін тұрғанына, Румянцевтың тірі екеніне көздері анық жеткен ереуілшілер мысық табандап қалың орманға қайта сіңіп жоғалды.

Ол генералдың ереуілшілермен соңғы шайқасы болды. Петербургтан шақырту келіп түрік майданына аттанды. Оның орынына башқұрт комиссиясына бастық боп бригадир Хрущов тағайындалды.

Ол тұста ереуілдің берекесі әбден кете бастаған-ды. Көгеш бойындағы шайқастан соң Қылмақ Абыздың аты құрыды. Біреулер сол шайқаста мерт бопты, бірақ ереуілшілер сүйегін тастамай, өздерімен бірге ала кетіпті деп соқты. Енді біреулер патшаның бас қолбасшысын қолға түсірем деп барғанда жолы болмаған қорлыққа шыдай алмай, құздан ұшып өліпті деп соқты. Әйтеуір, ол үштігейлі жоғалды.

Жоғалса жоғалғаны рас шығар. Жан-жақтан өз аяғынан кешірім сұрап келушілер көбейді. Мензелинскіге бас ұрып келген төрт мың адамның жүз елуі аманатқа алынды. Қалғандары дарға асылды, жер аударылды, абақтыда шіріп өлді.

Ереуілдің беті қайтқасын башқұрт арасына іріткі түсті. Жаппай жазалау кезінде қосақ арасында бос кетерміз деп қорыққандар ақ патшаға адал екендерін білдірмек боп, сондарына шағыншағын отрядтар ертіп ел арасына шығып, көтеріліске мұрындық болғандарды қатын-балаларымен ұстап ап, бірінен соң бірін мұрындарынан тізіп әкеле бастады. Олардың өздері сол бойда дарға асылды. Қатын-балалары Россияның іш жақтағы қалаларына жалшы керектерге таратылып берілді.. Бес мың еркек Рогервикке қара қызметке айдалды.

Қыста Табын қаласы жағында жүріп науқасқа шалдыққан Кирилов қайтадан төсек тартып жатып қалып еді. Бүлікшілердің жағдайын естіп, қайтадан басын көтерді. Қайтадан картаға үңілді. Өзі секілді шынжау Дьяков та тым аурушаң болып алды. Бірақ, бұл басын көтерсе, ербиіп ол да түрегеледі. Екеуі көл-көсір картаны ортаға жайып қойып, екі жақтан шай сораптап стырады. Ереуілден босаған жерлерге белгі соғады. Башқұрт даласы қотырдан жазылып келе жатқан ешкінің терісіндей. Пұшпақ-пұшпағындағы сойқан белгілер азайған үстіне азая түсті. Енді олардың осылай титықтап отырған уақытын пайдаланып, қауіпті-қауіпті деген жерлерге әскери бекіністер салып алмай болмайды. Онсыз арғы ұлы далаларға қарай аяқ баса алмаймыз. Ол бекіністерді ертең бықсыған күз түсіп кетпей тұрып бітетіндей қып қазір бастаған жөн. Әйтпесе, олар да баяғы Ор бойындағы гарнизонның кебін киеді...

Кирилов соны ойлағанда тағат тауып отыра алмай сенделіп кетеді. Бөлме ішіне симаған соң қайтадан жолға шықты. Қамал салуға қолайлы жер іздеу үшін Сақмар даласына поручик Бахметевті жұмсады. Өзі тағы да Табын қаласына аттанды.

Ұлы далаға таяу жерден пайдалы кен орындары табылып тұрған жер әзірге сол. Оны маңайдағы майтымақтардың төлкегіне ұшырамайтындай қып мықтап қоймаса болмайды.

Кирилов соңына ертіп келген отрядқа қорс қылып жер қаздырды. Бес мұнаралы қорғанның, мыс заводының, Воскресная Господня шіркеуінің ірге тасын тұрғызды. Бір кездегі ай даладағы тұз төбелердің қасынан жаңа қорған бой түзей бастады.

Қан түкіріп жүрсе де, бір тыным таппайды. Күні бойы — үсті-басы шаң-шаң болып, құрылыс басынан кетпейді. Түні бойы — сан-сапат қағаздардың бірінен соң біріне үңіліп, стол

басынан кетпейді. Көзінің алды үңірейіп, мұрыны сорайып әбден титықтап бітті. Таңертең сал-сал сүйегі бет-бетіне шашылып қалғандай, қайтадан жинауға келмей, төсектен тұра алмай бақырайып жатады. Қанша ұмтылып аяғына мініп кеткісі келсе де, буын-буыны қақсап қоя беріп, қозғалтпайды. Ондайда сол жатып қалғаны жатып қалғандай көрініп, қаралай уайымға батады. Ал енді сөйтіп сүлдері құрып діңкелеп жатқанда, құрылыс басынан біреу кіріп кеп, жайсыз хабар айтты екен, орынынан қалай атып тұрғанын өзі де сезбей қалады.

Ол күні де таң атпай болдыртып, аю терісінен тігілген қалың тонын айқара жамылып ұзыннан ұзақ, сұлық түсіп, сілейіп жатыр еді. Сырттан қалбалақтап Дьяковтың кіріп келгені. Қолағаштай үлкен мұрынының ұшы быртиып терлеп кетіпті. Ит қуғандай асып-сасып алақтай қарайды. Бұл енді оның бірденеге жүрегі жарылып қуанғандағы түрі. Сонысына қарап, мазаланатындай ештеңе жоқ екен деп ойлап, жамбасын жылы төсекке бұрынғыдан гөрі де тереңірек тыға түсті. «Бұл күйі мен жалқау тартып кетем-ау! Қанша шаруа басталған күйі аяқталмай тұр?! Ал менің жатысым мынау!»

— Ваше превосходительство...

Дьяковтың дауысы ентіге шықты.

— Ваше превосходительство... Қырғыз-қайсақ даласынан келген Джон Кэстли мырза кіруге рұқсат сұрайды.

Құдай-ау, ол кім еді? Жон Кэстли... Қайдағы Кэстли... Ә, әлгі суретші ағылшын ба? Анада капитан Рагузинниң хабарын алған бойда конвой жібертіп еді... Келіп те қалғаны ма?... Ор бойынан келе жатқаны ғой. Ол жақта не хабар бар екен? Қандай жақсы болды!

Кириловтың манадан бері төбеге телміріп өлген бұзаудың көзіндей мөлиіп жатқан жанары шоқтай жайнап қоя берді.

— Сәл кідірте тұр.

Орынынан атып тұрды. Үсті-басын жалма-жан тәртіпке келтіре бастады. Ор бойынан келіп тұр демей, қайдағы қырғыз-қайсақ даласын айтқаны несі,..ә, анада Чемодуров хатында... Әбілқайырға елші жібердім деп еді... Басқа адам таппағандай ағылшынды жібергені ме... Әлде сумақай неме өзі сұранды ма екен? Өйтуі де мүмкін ғой. Россияда неміс пен ағылшын тұрар да, олар кез-келген нәрсеге тұмсығын тықпай тыныш жүре алар ма! Бәлкім, қырғыз-қайсақтар қандай жұрт екен, көрейін деп әдейі барған шығар...

Есікке тәлтіректеп зорға жетіп еді. Табалдырықтан әрі аттауы мұң екен, қалтыраған тізесін күшпен тежеп, қаздаңдап қоя берді. Ауыздағы үлкен бөлмеде бес кісі отыр. Үстерінен жол бойы әбден сіңіп үлгерген қырдың ауыз қуырар ащы шөбінің иісі аңқиды. Үшеуі — бірінен бірі айырып алғысыз сыптығыр қара. Әлде бір мүсінші түсіп тап басып айтып бере алмастай әлдекандай коңырқай балшықпен жылтыратa сылап тастағандай жыпжылмағай бет-ауыздарынан тышқанның көзіндей жыл-жылт сығырайған жымысқы жанарлары мен жарқыраған тістерінен

баска ештеңе көзіне түспейді. Бәрінің де сақал-мұрты ауыздарының айналасында қалыпты. Маңдайлары қандай жылмағай болса жақтары да сондай жылмағай. Қылтанақ әу бастан бітпеген. Орындарынан атып тұрғандары да, қолдарын көкіректеріне апарып тағзым еткендері де біп-бірдей. Бұл келгенде бәрі де ырсаң ете қалып еді, артынан біреу сол бойда төбелерінен мұздай су құйып жібергендей жым бола қалысты. Бұның әр сауалына жауап бергенде де әуелі бір ыржаң ете қалады да, сөздерін аяқтай бере қайтадан тымырайыса қойысады. Мына күйлерімен бұлардың қайсысының кім екенін ажыратып алудың өзі де оңайға түсе қоймас. Апырай, әйелдері дәл мынандай өңшең бір жалпақ бет сығыр көз жылтыр қаралардың ішінен өз күйеулерін қалай танып алады екен? Бет әлпеттері башқұрттарға қарағанда да тым бір өңкейлеу. Олардың арасынан ара-тұра ақ құба жүз, жирен сақалдар ұшырасып отыратын еді. Ал мыналар болса, шеттерінен жер беттеген бірдеңелер. Тәңірдің адамды ол баста саз балшықтан жасағанына да осыларға қарап көзің жететіндей. Бұларды көрген сайын Кирилов тап осылай айран-асыр қалады да отырады. Жоқ мыналар, саз болғанда да, көп тұрған тоған судың түбіндегі өлі балшықтан жасалғандай қап-қара, жыпжылмағай. Дүниеде бұлардан да өткен қара нәрсе болатынын жылтыраған мұрттарынан ғана аңғарасың. Олардың былдырықшылдырық әңгімесін тыңдағанда тілмаштың сол бойда тақылдап аудара жөнелген орысша сөздеріне капелімде түсінбей де қаласың. Бір ырсаң етіп күліп бастап, жаутаң етіп күліп аяқтаған әлгі бір былдырық-шылдырықтарын тап мынау татар тілмаш айтып тұрған ұп-ұғынықты сап-салихалы әңгімеге атымен ұқсамайтындай. Шіркін бұлардың бас қондырысын зерттеп көрер ме еді. Көздері неге жаутаң-жаутаң етеді екен? Әдетте өмірде бір нәрсені білсе, бір нәрсені білмейтін, бір нәрсеге түсінсе, бір нәрсеге түсінбейтін сәби көкірек аңқау балалар ғана сөйтпеуші ме еді... Сонда бұлардың да әлі күнге сәбилердің санасынан асып кете алмай жүргені ме... Ендеше, мұндай сәби жұртқа барлық уақытта қолдарынан жетектеп, отқа-суға ұрындырмай, сақтандырып жүретіндей естияр ақыл, бас-көз қамқоршы керек емес пе?! Бірақ, бұлар ондай оңай жақсылықтың қадірін біле қойып тұр ма? Ертең мынау башқұрттарға ұқсап бұлар да ереуілдеп шыға келсе... Ереуілдеу де — шалдуарлық. Шалдуарлық та балаларға тән... Ендеше, мұндай шалдуарлықтан баяғыда Ералы ханзада Петербургке айтып барып жүрген, енді көздері жаутаңдап, бастары қалтаңдап жып-жып сөйлейтін мынау үшеуі айтып келіп тұрған пәтуалы шешім қайдан шығып жүр? Осының бәрі екі ортадан мал айырып жүрген татар тілмаштарының сйдан шығарып алып жүрген қулықтары емес пе екен?! Бұл қауымға да сеніп болмайды. Аналар ауызын жаппай жатып, бұлар қақсай жөнеледі... Расында да, осы әңгімелерінің түбін тексеріп көрер ме еді, шіркін... Әбілқайыр тағы да орыс тағының алдында адалдығына ант-су ішіп, башқұрт бүлігін басысуға рұқсат сұрайтын көрінеді. Сонда не ойлағаны болды екен... Жә, оны артынан мы-

нау ағылшын саудагерлерінен оңаша сұрап білер. Мынау қылқан мойын қалқан құлақ үш қайсақ жатын орындарына бара тұрсын... Оларға берер жауабын кейін айтады...

Тілмаш бастаған үш түздік тағыда иіліп-бүгіліп, тақтай еденнің емес, әлі ұстасып болмаған қаймыжық мұздың үстінде бара жатқандай аяқтарының ұшымен еппен басып есіктен шыға берді.

Әлгілерді түрегеп тұрып тыңдаған Кирилов енді стол басына кеп отырды. Бөлмеде Кэстли, неміс баласы Дитрих, Дьяков төртеуі қалды. Кэстли қарайып тотығып алған. Селеу сары шашы мен тостағандай көкпеңбек көзі болмаса, құла түздің көп кезбесінің бірі ме деп қаласың. Өзі әбден жадап-жүдепті. Өндіршегі де сорайып шығып кеткен. Қайсақтардың ханы бұған жүк артқан ба, осынша арып не көрінді екен?.. Ә, ереуілші естектер ме... Бар пәле солардан десейші... Қазақ шекарасынан шыға бере олар бір жалдың астынан сау ете түстіпті де, шашау шығартпай қамап алыпты... Пәлен күн тұтқында ұстап, ит зықыларын шығарыпты. «Аштан қатыра жаздады»,— дейді. Баяғы Чижов полкінің пірәдарына ұқсатып, масқаралап жібермесе, аштан қатырғандары ештеңе емес қой. Қасында қайсақ ханының жалба тымақтары болмаса, өйтуі де мүмкін екен. Онда бұның қырсығынан орыс тағы мен Британ тағының арасында тағы да бір алакөз өңгіме қылаң берер ме еді, қайтер еді... Әй, Лондон айдалада қаңғып жүрген жаман саудагерлерді жоқтап қайдан бас ауырта қойсын!.. Жә, тіпті де олай емес... Бұл сусылдақ — Британ саудасының Россиядағы компаниясының өкілі... Суретші керек болғанда, экспедицияға бұл өзі әдейі шақыртқан... Орта Азиямен саудаға британдықтарды да қызықтырып, сол арқылы сенатқа әсер етпекші болған. Орта Азия арқылы Индиямен сауда жасап тұрудың жаңа төте жолына ағылшындар қызықса, Петербургтың май желке шонжарларының да компаңдап қалары сөзсіз... «Қызғанғанымызды қызыл итке жем қылып қайтеміз, одан да өзіміз қызығып көрейік»,— деушілер көбейер еді. Онда бұның жоспарын жүзеге асыруға бұрынғыдан гөрі де көбірек көңіл бөлінер ме еді, қайтер еді? Сол үшін де ертіп еді ғой бұл сығырды... Қашан жұрт қызықпай тұрып, мұндағылар өз қадірлісін өздері сірә білген бе?

Кэстли соны сезетіндей керіліп-созылып сөйлеп болмайды. Сұрақ қоймасаң, ештеңе айтпайды. Сүйреп салған тазының аң алмайтыны сияқты, сұрақ қоймасаң ештеңе айтпайтын немелер әуелден әңгімеге жарытқан ба? Бұрын мұндай мінезін байқамаған сияқты еді... Ор бойындағы шаһарды салып жатқанда ауызы жалпылдап сөйлейтін де отыратын секілді еді?.. Әлде ұзақ жолдан есін әлі жиып үлгере алмай жатқандықтан ба. Жоқ, әлде бұның бір кезде ауызынан суы құрып айтып берген жобасының әншейін құрғақ қиял екендігіне бір жола көзі жетіп келіп отыр ма? Қазақ даласынан бұны қызықтыратындай ештеңе табыла қоймағаны ма? Ағылшындар, немістер, тағы біреулер таласа қол созатындай бірдеңе табылмаса, Петербург ертең бұның уақытша

үстіне әуелі бұрынғы тұрғындарды түгел қырып тастап, сосын барып олардың ата мекенін атымен тартып алатын заман өткен. Қазір есіктен имене аттап, әп дегенде босағадан әрі озбай, сөзіңмен, қылығыңмен жұртты өзіңе ұйытып, бірте-бірте қадіріңді асырып жоғарыға қарай солай мысық табандап жақындай бермесең, табалдырықтан аттамай жатып, көстеңдеп төрге ұмтылсаң, кеудеңнен итеріп қайта қуып тастауы ғажап емес. Ондай әупірім әрекетпен орыс қаруы Индия шекарасына шамалы уақытта жақындай алмайды. Қарулы қақтығыстар басталып кетсе, ол тарапқа сауда керуендерін аттандыру да ертең-бүрсүгіндері қолға алына қоятындай сыңай танытпай тұр...

Е, мына мыстанның тымсыраюының себебі енді белгілі болды. Қазақ даласы, арқылы жасалатын Индия сауда-саттығынан күдерін үзіп келіп отыр. Бұл немелер біздің білетінімізді дүниеде ешкім білмейді деп кердеңгендерін-ақ қоймайды. «Оң мен солын танымайтын орыстарды ел қылып отырған бізбіз»,— деп Петербургте Бирон немістері талтаңдайды. Бұл жақта ала қырдан мойыны ырғайдай, биті торғайдай боп әзер жетіп отырып бұл талтаңдайды. Түздіктерді дүрліктіріп жүрген бұлар ма екен? Өздері де... Қорықпай-үркітпей алдап-сулап ішке тарту бұның да ойында болған. Оқ атып емес, сқу оқытып бастықтырам деп бірнеше жәшік кітапты әлге дейін әрлі-берлі сүйрелеп жүрісі мынау. Бірақ ол немелер ондай жақсылықты біліп тұр ма?! Иттің ішіне сары май жаққан ба? Зеңбіректің зіркілі сәл басылуы-ақ мұң төбеңе шығып қоқаңдап кетіп тұрған жоқ па!

Қиқар ағылшын былқ етпейді. Тіпті бір езуінде кекесін табы тұр. Сөйтсе мұндай бәдікті осыдан бір апта бұрын Сақмар казактарының атаманы — Меровскиннен де естіпті. Қалың башқұрттың қыспағынан құтылдық па, жоқ па деп лепіріп кірген елшіліктің көңілін әупірім атаман су сепкендей басыпты. Кәстлидің қасындағы жалба тымақтарды есігімнен аттатпаймын деп қасарысып тұрып апты. «Әуелі бұл қарақшылар осыдан үш жыл бұрын егіндік басынан ұрлап әкеткен жеті казак пен үш қатынды қайтарып берсін, оған дейін елшісі түгілі ханның өзі келсе де, көретіндері осы!»— деп жер тепкілепті. «Қазақ елшілерін аттатпасаң, мен де аттамаймын»»,— деп Кәстли қыңырайыпты. «Қатын патшаның қарғылы төбеті Бирон шіріктің құйыршығы қаңғыбас неме, сені де сағынып отырғаным шамалы»,— депті тоңмойын атаман. Англосакс намысы қайнаған Кәстли биялайын лақтырған екен, астам атаман анадайда қолына сыпырғы ұстап сілейіп тұрған малайын шақырып ап, қынабының ұшымен нұсқап көрсетіп: «Мынаның керегі болар. Қалтаңа салып ал!»— депті. Асыл түбіт биялайының шалбары қаудырлаған орыс мұжығының сасық қалтасына түсіп қор болғанын өз көзімен көріп тұрған ағылшын саудагері одан әрі не істерін білмей қалш-қалш етіп тұрыпты да қапты. «Бұл арада бір сағат та кідірмеймін. Уфаға аттандыр»,— депті. Атаман: «Аттансаң, жолың анау!»— деп қанаты су-су жұлма тауықтар өзеннен шұбап қайтып келе жатқан шаңдақ жолды көрсетіпті. «Баш-

құрттар олтіріп тастайды, конвой бер!»— десе, «Өлсең өмірем қап, кез келген қаңғыбастың қасына ертіп жіберіп, қарақшылардың қанжарын қандатып, жазықсыз казактардың обалына калар жайым жоқ»,— депті. «Мен шетелдікпін. Оның үстіне императрицаның тапсырмасымен жүрмін. Қасымда қазақ ханының елшілігі. Сен надан мемлекеттік іске қандай зиян жасап тұрғаныңды білмейсің?»— десе, атаман мұртын ширатып: «Адырам қал!»— деп қарқ-қарқ күліпті. Күйінген ағылшын: «Мен де христиан емеспін бе? Ең болмаса діндесіңді аямайсың ба? Қап бәлем осыдан Петербургке бір жетейін, сен бұзақының сазайын сосын бергізермін»,— депті. Атаман қолын шығарыпты.

Кирилов қалай қарқылдап күліп жібергенін өзі де сезбей қалды. Намысқой ағылшын орнынан атып тұрды.

Кирилов ғафу өтініп, көзінің жасын сүртті. Саудагер немені шамдандырып алмас үшін: «Бас атаманға айтып, ол неменің сазайын бергіземін»,— деді. Елшіліктің одан арғы жағдайынан өзі де хабардар. Қиқар атаман қара су татырмай аштан бұралып отырған елшіліктің үстінен Орынбор драгун полкының жол жүріп бара жатқан капитаны Рагузин соғады. Сол жайжапсарды айтып бұған кісі аттандырады. Бұл конвой жіберткізіп, елшіліктің келіп отырған беті осы. Кәстлидің таң атқалы тымыраюының басты себебі де сол тентек атаманның астамшылығы болса керек. «Шекарадағы қалаларда ондай топас, тұрпайы, бұзақы ұлықтар отырғанда бұратана халықтардың ыңғайға жығылуы өте қиын». Иә, ағылшын саудагердің бұл сөзінің жаны бар. Енді қайтерсің! Оларды түзеп алуға жағдай болып тұр ма!!

Кирилов Кәстлидің жүзіне мұңая қарады. Ол жақта көргенбілгендерін қағазға түсіріп алуға мүмкіндігі болған-болмағанын сұрады. Кәстли неміс тілінде жазылған қалың күнделігін көрсетті. Кирилов: «Көруге бола ма?»— деп сұрады. Азын-аулақ ақтарып көрді де: «Мазмұнымен танысып шыққан соң, өзіңізге қайтарармын»,— деді. Сапарының әлгіндей қиындықтарға қарамастан өте сәтті, әрі жемісті болғанын өкімет орындарына хабарлауға уәде берді. «Енді қандай жоспарларыңыз бар?»— деп сұрады. Ағылшын иығын қиқаңдатты.

— Жарайды, барып дем ала беріңіз. Біраз тынығып ес жиған соң тағы да жолға шығасыз,— деді.

Саудагер орынынан тағы да атып тұрды.

— Индияға елшілікке барып қайтасыз. Жылына сегіз жүз сом жалақы береміз.

Ағылшын қапелімде ауызына сөз түспей ақтарылып тұрып-тұрып барып:

— Басқа бір кісі іздегеніңіз дұрыс болар. Елшілік маған қол емес екен. Енді жарты жылда менің контрактымның мерзімі бітеді. Сосын Петербургке, компанияма қайтамын,— деді.

— Оны уақытында көрерміз,— деді Кирилов күлімсіреп.

— Аң-таң Кәстлин жалма-жан есікке ұмтылды. Тағзым етіп қошғасуды да ұмытып қалыпты.

Желкесі күдірейіп шығып бара жатқан Кәстлидің ұнжырғасы түсіп кеткенін көріп Кирилов әуелі бір түрлі көңілденді. «Қайдағы бір қаңғыбастар да бізге ақыл үйреткісі келеді. Ереуілшілердің қолында бір ай тұра тұрғанда буратаналарға күле сөйлеудің қандай болатынын әбден білер ең? Бұл мына жалба тымақтардың бұзақылығын дәу де болса, олардың өздерінен емес, мына бізден көріп тұр. Жоға, мырзам, олардың көзін қашан біржолата құртып тынбай, бізге ұлы сахараға да, Индияға да баратын жол ашылмақшы емес. Ол үшін әуелі мынау дырдуды бір жақты етпей болмайды».

Кирилов бөлме ішін ерсілі-қарсылы кезіп кетті. Әлгі неме енді жарты жылда контрактымның мерзімі бітеді деді ме осы! Жоқ, оны қалай да қайта ұзарту керек екен! Мұндағы шатақты басып-жаншымай тұрып, оны Петербургке аттандыруға болмайды. Әлгінде бұған айтқандарын, онда барып, көкір болса, бұның экспедициясының көзіне біржолата су құйылды дей беріңіз. Онда баяғыдан бергі салпақтың бәрі бос әуре боп қалады. Жоқ, Кириловтың ондай масқараны көргенінен өлгені дұрыс. Бұл саппасты қашан экспедиция қызметіне кіріскенше ешқайда шығармайды!

Кириловтың екі шекесі дыңылдап қоя берді. Тамағы қышып жөтел буып барады. Көзінің алды қарауытып кетті. Ауа жетпей жан дәрмен ауызын ашып, анадай жерде отырған Дьяковқа бірдеңе дей беріп еді, жағасының омырау түймесін ағытып жатқан оң қолына жып-жылы бірдеңе лақ ете қалды.

Кирилов содан бері Самарада. Содан бері мынау айлапат бөлмедегі айлапат столдың жанынан бір елі аттап шығып көрген емес. Келді де — қалың қағазға көмілді де кетті. Экспедицияның баяғыдан бері тоқтап қалған жұмысы қапелімде бас көтерткізер түрі жоқ. Анау шыршықталып әр жерде жатқан мұның командасындағы геодезистердің түсіріп әкелген карталары... Әкелген тұстарында қолына алып бір-бір қарады. Шаруа сонымен бітті. Оларды бір-бірімен жалғастырып өлкенің тұтас ландкартасын жасауға қазір жағдай боп тұр ма?! Кейбір аймақтар әлі картаға да түсіріліп үлгермеді. Талай геодезист ереуілшілердің жебесіне жем болды. Олардың түсірген карталарының талайын солар тартып ап жоқ қылды. Саймандарын қыр астынан ойда жоқта сап етіп шыға келген жалба тымақтар атқа сүйретіп әкетіп, суға салып жіберді. Олардың кәріне ең алдымен геодезистер мен жер өлшеушілер ұшырады. Неге екені белгісіз, көшпелілер осы бір көкжиекке қарай телміре төнген сығырайған-сығырайған шөлмек көздерден зеңбіректен бетер қорқады. Ең әуелі соларды құртқанша асығады.

Ал, анау жәшік-жәшік боп жинаулы тұрған — жаңа өлкелерден табылған минералдар мен өсімдік гербарийлері. Ереуілшілердің қолдарына түссе, оларды да құртпай тынбайды. Содан қорыққаннан шетінен Петербургке, Ғылым академиясына

жөнелтіп жатыр. Ландкарталар мен қолжазбаларды ғана қасынан шығарғысы келмейді.

Былтыр күзден бері башқұрт іші сәл-пәл тыныштау. Жанжақтан бұрынғыдай лапылдап жетіп жатқан ұйтқыма хабар жоқ. Содан дәмеленген Кирилов көктем шыға Орынбор аттанып кетпек. Тек Эльтон мен Гокқа қарайлап отыр. Ағылшын саудагері Гок анада өзі көп сөйлескен. Кәстлиден гөрі ақапталдау ұстамды адам сияқтанды. Мынау суретшіге ұқсап алып-ұшып тұрған жоқ. Салихалы. Дәлелдерін асықпай байыппен тыңдады. Иланған сияқты. Компаниясына бірін қалдырмай түгел айтып баруға уәде берді. Олар мазалай бастаса, марғау сенаттың да қол қусырып қарап отыра алмасы хақ. Ендігі бір уайымы — мынау ала бөтен қыстан кейінгі лайсаң көктем. Өзен біткеннің бәрі шалқи тасыр болса, қашан июнь тумай сабаларына түспейді. Оған дейін жол сабыр, өткел жоқ. Соны ойласа, үй ішіне сыймай сенделіп кетеді. Әншейінде жүргізбей жүрген буын-буынының қан қақсағаны да естен шығады. Уайым мендегенде ауру, ауру меңдегенде уайым ұмытылады. Тұқшыңдап күні-түні басын қағаздан көтермейді. Қағаздан басын көтерді-ақ дүниені қаран су алып жүре беретіндей. Ол стол басында отырғанда үстіне ешкім батып кіре алмайды. Алда-жалда жұмыс жасап отырған Кириловтың бөлмесіне Петр Дьяков тосыннан бас сұға қалар болса — сыртта шонжарлардың бірі келіп-кетіп тұрғаны. Ондайда Кириловтың қабағы қарс түсіп кетеді. Ол немелер шамалы уақытта шығып кете қоя ма? Мылжыңдап бар уақытыңды алады. Бірақ, күштінің аты күшті. Қабылдамасқа жағдайың қайсы! Жалма-жан үсті-басыңды ретке келтіріп, күле тіл қататындай сыпайы сөз іздей бастайсың. Жер түбінде отырған ойың қапелімде өз ырқыңа көнбей, э дегенде қатты абыржып та қаласың. Ұрлығыңның үстінен шыққандай тосын кезіккен көлденең көздің сосын сен туралы не деп кеткенін бір тәңірдің өзі білсін!

Сол күні де күнделігінің ашық жатқан бетіне «1737 жылғы 14 апрель» деп жазып, астын екі қайтара сызып, бірдеңелерді ойлап отырған. Сықырсыз ашылатын емен есіктен Петр Дьяковтың сарғыш шашы жылт ете қалды. Кирилов селк ете түсті.

— Ваше превосходительство, сізге Алексей Иванович Тевкелев келіп тұр. Әлгінде ғана шүберектей боп бозарып кеткен Кириловтың құп-қу жүзіне лып етіп қан жүгірді.

Тевкелев... Бұның бірінші көмекшісі... Полковник... Оны көрмегелі қай заман! Баяғы Ор бойынан аттанғалы алғаш рет жүздескелі тұр.

Жүрегі шымырлап кетті. Баяғы патша қабылдауынан алабұртып бірге шыққандары, жым-жырт Уфаны тікесінен тік тұрғызып жорыққа әзірлегендері, Ордағы бекіністегі қазақ ханзадаларына берілген алғашқы трактамент[1] есіне түсті. Одан бері қандай болды екен.

Қағазға көміліп отырған Кирилов орынынан абдырай көте-

[1] Конакасы

рілді. Тамағына әлде бір жылы толқын кептеліп, дауысы тұнжырай шықты.

— Тевкелев... Алексей Иванович... Кірсін, кірсін де!..

Есіктен тығыншықтай қара сұр адам аттады. Сәл байқалар-байқалмас қып күлімсірейтінінен ғана танып тұр. Тевкелев! Өзі әбден тотығып, өзгеріп кеткен. Ат үстінде көп жүретіні беп-белгілі. Ысылған. Бір кездегі алдына әзер оңгеріп жүретін дөңбек қарыны жым-жылас. Еденді тақылдата басып, шапшаң қозғалып, жақындай берді.

Кириллов құшағын жайып қарсы ұмтылды. Тевкелевтің ұстарамен мұнтаздай қып тықырлап қырылған тап-тақыр жағы мұпмұздай екен. Епеңдей төнген Кириловтың жүзін қарып өтті. Бөлме ішінде көктемнің салқын лебі, орман арасының шайыр иісі, былғары иісі мұнқ ете қалды.

Екеуі жазу столынан аулағырақ қойылған кең сәкіге барып жайғасты. Мейманның жүріс-тұрысы асығыс кісіге ұқсайды. «Ауырып қалғаныңызды естіп, көңіліңізді сұрай кетуге соққаным»— дейді. Дауысы баяғысындай именшек емес. Байыпты да, батыл. Көп өзгерген. Қатты өзгерген. Бұрынғы стол баққан чиновниктігін ұмытайын деген. Күні-түні аттан түспей жаумен жағаласып жүрген сардарлығы анық байқалады. Сөзі де тақ-тұқ. Бұның әр сауалына алыстан орағытпай, төтеден дөп түсіп қысқа жауап қайырады. Тек күлімсірей қарайтын қой көзінен ғана сәл-пәл жұмсақ шырай аңғарылады. Бірақ, бұрын шексіз мейірім лебіндей сезілетін сол шырайдың өзі қазір көңіліне күмән қашыратындай. Мүсіркеп отырған кісіге ұқсай ма қалай...

Кириловтың әлгіндегі елпілдек сезімі лап ете қап басылатын тамызықтай тез сөне бастаған. Мынау аққаптал полковниктің қасында өзі бала секілді екен. Әр сөзін ауызын ашып тыңдайды.

— Қалай жүрген жерің тыныштық па?

Тевкелев мырс ете түсті.

— Қайдан тыныш болсын!

Кириловтың көзі әпірейіп кетті. Осы жолы да жаңа сапарға аттанып бара жатқан соң соғып отыр. Башқұрт арасы тағы да дүрбелең. Былтырғы тазалаудың тұсында үшті-күйлі жоғалып кеткен Қылмақ Абыз тағы пайда бопты. Осы ереуіл басталғалы Қылмақ Абыздың дүркіреп аты шығатын да, оның қандай адам екенін ешкім білмейтін. Біреулері: «Портадан келген агент!»— десе, екінші біреулері: «Жоқ, өзіміздің дін басыларының біреуі», ал үшіншілері: «Баяғы Сейіт көтерілісінің каторгадан аман қайтқан басшыларының бірі»,— деп соғатын. Не де болса, қолға түспей-ақ қойды. Сынаптай сусып ұшан даланың бір шетінен бір шетіне шыға келеді. Патша ұлықтарының жоспарын алдын ала біліп қойған кісідей қайрат қылады. Оны іздеп шыққан отрядтың бәрі жер соғып қалады. Бұл жағынан мына жалба тымақтар алдарына жан салмайды екен. Бірдеңе сұрай қалсаң біреуінің айтқаны екіншісінің айтқанымен атымен маңайласпайды. Ал

сосын олардың сөзінің анық-танығына көзіңді обден жеткізіп көр. Сөйткен су жұқпас Қылмақ Абыз із-түссіз жоғалып барып тағы тіріліпті. Башқұрт іші тағы дүрлігіп жатыр дейді.

Кирилов Тевкелевтің жүзіне есеңгірей қарады.

Полковник жай әншейін қарауындағы бағыныштысының жалқаулығын не кенже баласының еркелігін сөз еткендей, ағаш сөкінің арқалығына шалқая шіреніп, жайбарақат сөйлеп отыр, Көзіндегі әлгі бір әзәзіл ұшқын одан сайын маздай түсті.

Ереуілші башқұрттарға қырғыздар мен қалмақтардың арасында да жанашырлық табылып жатса керек.

Кирилов ерсілі-қарсылы сенделіп кетті. Сонымен Ор бойына аттанудың бұл жолы да сәті түспейін дегені ме?! Тағдырдың қиқар тазысының тағы да қыңыр жүгіргені ме?! Ойдағы-қырдағы жалба тымақтарды түгел түлен түртіп жүрмесін... Анадағы ағылшынға еріп келгендер қайсақ арасы тыныш деп еді. Бірақ, олардың сөзінен пәтуа табылар ма...

Артына қайырып, бірін-бірі ұстаған екі алақаны жіпси бастады. Көк желкесінен бірер моншақ секіріп түсіп, қос жауырынының ортасын алмасша тіліп өтіп, төмен қарай жүгіріп бара жатты.

Тевкелев ішін пыстырып бипаздай сөйлегенін қояр емес...

— Алыстағы ауылдар мен қыстақтарды былай қойғанда, Уфада да оның жақтастары толып жүріпті.

Кирилов кең бөлменің ортасында сілейіп тұрған да қалған. Тевкелев бір ырғалып қойып орнынан көтерілді. Жайлап қасына келді. Мойынындағы былғары қапшығының тиегін ағытып, ішінен жасыл саптиянмен қапталған кітап суырды. Сыртындағы жазуы арапша. Құран. Тевкелев арасына қағаз қыстырып белгіленген бірнеше жерін ашып көрсетті. Әлдекім баспамен басылған текстің соңынан қара сиямен бірдеңелерді қосып жазыпты. Қапелімде құранның өз жазуы екен деп қалатындайсың. «Бұл жазу сонау Петербургте жазылған. Мұнда біздің башқұрт, қазақ даласында не істелгелі жатқанымыз айтылған». «Ал мына бір жерін қараңызшы: мұнда біздің баяғы Ор бойына сапарымызға қай күні адаммен, қандай қарумен аттанатынымыз, қай аралармен жүретініміз, қайда түнеп, қайда еру жасайтынымыз түгел айтылған. «Көрдіңіз ғой, бұл бүлік біз сонау Петербургте жүрген кезімізден бастап ойластырылған». «Әр адымымызды алдын-ала аңдап біліп отырыпты». «Енді мынаны көріңізші!» Тевкелев бұл жолы тәптіштеп оралған карта суырды. Орауын жазып еді — тани кетті. Бетіндегі белгілер мен жазулар өз қолынан шыққан. Бұл Тевкелевке қайдан тап болып жүр?..

Тевкелев бұның дағдарып тұрғанын байқап біразға дейін үндемеді. Тоқта, бұл картаны соңғы рет қашан көріп еді өзі... Иә, иә... Анада Жайық бойындағы қыстақты өртеп, қайтып келе жатып, жол-жөнекей түнеген үйінде басын әрең көтеріп отырып, осы картаны алдына жайып, отрядының одан арғы маршруттарын, штабтан келген хабарлар бойынша, Румянцев отрядымен

ұшыраспақ бағыттарын жобалаған. Сонда қарсы ауладағы бұның штабы түскен үй өртенді де, бұл картадан қаралай күдерін үзген. Апырай, ә... Ол үйдің өртенуінің де, Румянцев отрядына тосын шабуылдың да бұл картаға байланысты болғаны ма?

Кириловтың дауысы тарғылданып шықты.

— Бұлар сіздің қолыңызға қайдан түсіп жүр?

— Мензелинскіден бригадир арнайы адаммен жіберген. Сізге көрсетсін депті.

— Кітапты көріп тұрғаным осы. Ал картаны танимын. Анада біздің штаб өртелетін түнде мен денсаулығыма байланысты офицерлерді өзім жия алмай, штаб бастығына тапсырғанмын. Мен сол күні бұл да солармен бірге өртеніп кетті ғой деп жүр едім.

Тевкелев үнсіз басын изеді. Кирилов одан әрі не айтарын білмей дағдарып тұрып қалды.

Ысқаяқ офицер кітап пен картаны бұл тартып алатындай-ақ жалма-жан қапшығына салып, сарт-сұрт тиегін бекітті.

— Оған бола қапа болмаңыз, мәртебелі тақсыр. Мені әлгі Қылмақ Абыздың жандайшаптарын тергеп-тексеруге Уфаға шақыртып жатыр. Бұлардың қолдарына қалай түсіп жүргенін солардан білерміз. Ал, жарайды, мен жүрейін. Тезірек сауығып кетіңіз.

Тевкелев бұл жолы құшағын өзі ашып, бұған емпеңдей төне түсті. Сұлық тұрған Кириловтың танауының астынан манағы бір еркек кісінің қолаңсасы мен былғары иіс араласқан күлімсі иіс тағы да мұңқ ете қалды.

Бипаз сөйлеп, тез қимылдайтын мырза тарс-тұрс басып есікке жетті де, сарт-сұрт шығып кетті.

— Бұл не? Амандық білу ме, тергеу ме?

Кирилов өз даусынан өзі шошып кетті. Бөлме ішінде ешкім жоқ. Дьяков әлі Тевкелевті аттандырып жатса керек, бас сұға қоймады.

Кирилов біреу көкірегіне пышақ сұғып алғандай қолымен басып, анадай жердегі салулы төсегіне сүйретіліп әзер жетті. Көк желкесінен, екі самайынан мұздай тер саулап қоя берді. Бөлменің ішін бір жексұрын иіс жайлап бара жатты. Көп мініліп, көп жегілген тұғжым тұғыр аттың ер-тұрманынан шығатын күлімсі иіс. Бұның жадында ол қайдан қалып жүр? Өмірінде бір де бір рет ат ерттеп, арба жегіп көрмеп еді ғой. Ендеше мынау жексұрын иіс әлгі Тевкелев мырзаның жағасынан шыққан болғаны ма? Баяғыда бұндай емес еді ғой! Құрақ ұшып тұратын еді ғой. Әлгі бір көзқарасынан бұл оның мүсіркеп тұрғаны екенін де, тергеп-тексеріп тұрғаны екенін де дұрыстап ажырата алмады. Қай уақытта бұндай сұмпайы боп үлгерген. Бірақ, оның жазығы қанша! Өз қолында билік жоқ, жұрттың айтқанын жеткізіп, тапсырғанын істеп жүретін қол бала кісінің қара басы қанша сұңғыла болғанмен жұрт алдында оқтын-оқтын сұмпайы көрініп қалатын тұстары да болатынын талай рет өз басынан өткерген-ді. Әлгі неменің бұның алдында көп тұрғысы келмей, тез шығып кетуінің

де сыры бар. Сонда немене... бұдан қуыстанатындар табылып жатқаны ма? Неге деп қуыстанады? Россияға шаш етектен пайдамыз тиді деп талтаңдап жүрген талайлардың ішек-қарынын ақтарсаң боқтыққа жабылған шошқадай талай пәле табылуы мүмкін. Ал бұның көңілі сүттен ақ, судан таза. Өзіне обал жасаған жері бар болса бар шығар. Өзгелерге обал жасаған жері бар болса бар шығар. Ал Россияға, өз халқы мен империясына тырнақтай қиянат қылған жері жоқтығына иманы кәміл... Оған бола қайғырмайды. Бар қайғыратыны — әлгі Ор бойына аттанудың тағы да орайы келмей тұрғаны.

Есіктен Дьяков бас сұқты. Қасына келді. Тамырын ұстап көрді. Жастығын, жамылғысын түзеп, қайтадан шығып кетті.

Кирилов сол бақырайған қалпы жатыр. Бей-жай бүйтіп тек ойға алған бар шаруасын істеп бітіп әбден сілесі қатып шаршаған не бар үмітінен күдерін біржола үзген адам жата алса керек. Сонда бұл...

Ол тіпті ойланғысы да келмеді. Бұл жатысы өзіне өзі атымен ұқсамайды. Осы әлгі Тевкелев мырза не деп кетті... Жә, соның жымпиған монтаны жүзін де, ойда-жоқта ойран қып кеткен оспадарсыз сөзін де тезірек ұмытқысы келеді. Сонда бұған, шынымен, күмәнданғандары ма...

Ата-анасынан жазықсыз таяқ жеген балалар ғана осылай жәбірленетін шығар. Осылай бәріне бір түкіріп беті ауған жаққа қаңғырып кеткісі келетін шығар. Бұл кеткенде қайда бара алады?..

Көмейіне өксік кептеліп, көз алды бұлдырап кеткендей болды. Неге ренжиді, неге жәбірленеді — түсінсе не дейсің?! Айтқан сөздерін қайталап есіне түсіріп көріп еді, Тевкелев бұған тап ондай ештеңе айта қоймапты. Бірақ, әлгі келісі, әлгі әңгімесі... Бәрібір тегін келіс, тегін әңгіме емес.

Мейлі... Енді бәрі бір... Бұл көктемде жол түспесе, сосынғысы бәрі бір... Келесі көктемге дейін бұл бар ма, жоқ па... Жоқ, сонша неге күдерін үзеді? Жорықтың сәті түспесе, ден саулығын жөндеуді неге қолына алмайды? Әйтеуір, бір қаракет жасау керек қой! Денсаулығын түзегенде істемеген емі қалды ма? Әлде...

Көзіне дәл босағаға салбыратып іліп қойған дойыр қамшы түсті. Бұзақы башқұрт даласының тағы бір тәбәрігі. Баяғыда Ор бойына аттанып көлік, жем, қом іздеп, қыстақтан қыстақ қоймай адақтап жүргенде алып еді. Өзі көрген сайын жон арқаңды шымырлатып жіберуші еді. Бүгін көзіне жылы ұшырады. Бұрынғыдай сары үйек жылан сияқты шошытпай, әлде бір сүйкімді нәрсені еске түсіретіндей...

Иә... иә... мына қыр сұлуларының шашы осы дойырдай жұпжуан, жұп-жұмыр боп келеді екен...

Неге екені белгісіз, көз алдына жақында жолығып кеткен қалмақ ханымы Дармабала оралды. Қыр арқасынан аш беліне дейін алтын зермен қаптатып шұбалта созылған жалғыз өрім жуан бұрымы жадында қапты. Тұла бойындағы шығыс үрдісінен қалған жұқанақ сол ғана. Оны да көлденең көзге сойқан елестеу

үшін әдейі істеген сияқты. Әйтпесе, өзге киімі европалық үлгіде. Бір кезде Петр ағзамның өзімен билеген шолжаң ханымның мөлтіей қара қап-қатты қалың шашы қайсарлықты, шамалыға мұқалмайтын қажыр-қайратты танытқандай. Төңкере қарайтын отты жанарында қылп-қылп ойнақшып тұрған ожар ұшқын бар. Тілінің ұшымен еркелей тіл қатады. Қара қалмақтың қонтайшысының қызы. Құба қалмақтың ханының зайыбы. Ол еркелемегенде кім еркелейді? Күйеуі өлгелі Сарытау, Самара жағында Мыңғырған малын Еділ бойының ну шалғынына жауып, өзі көбінесе қалада жүреді. Қыстай осы Самарадан шықпапты. Анада көктем басында бұған соғып кетті. Науқастанып жүргенін естіп, тибет емшісіне көрсетпекші болып, жаз шығып, қымыз пісе ордасына келіп-қайтуға шақырды.

Шолжың ханым әр неменің басын бір шатып сөз бұлтаққа салғанменен арғы ойы белгілі. Аюкеден қалған тақыттан әлі күдерін үзе қоймаған. Бұдан қолдау дәметеді. Сұлу ханымды саусағынан сүйіп, қолтығынан демеп, күймесіне отырғызып тастаған бойда-ақ, әлгі шақыруын біржола естен шығарған. Есіл-дерті Ор бойына асу болып тұрғанда қайдағы бір жесір ханымның адыра қалған шатырын, айдаладағы ордасын қайтсын! Енді, міне... Расында да, бәріне қолды бір сілтеп, сол ханымның шатыры тұрған жапан түзге қарай тартып кеткені дұрыс та шығар. Бәрібір шамалыда ырғалып-жырғалып жолға шыға қоятын түрі көрінбейді ғой. Одан да денсаулығын бір жайлы қылып алсын!

Кириловтың пәлен уақыттан бері ширығып келген жұлын-жүйкесінің бәрі әп-сәтте босап, қақаған суықтан мұз боп сіресіп кіріп, қыз-қыз қайнаған жылы пештің түбіне тап боп маужыраған құр сүлдер жолаушыдай бойы ал-сал тартып, бір түрлі бұрлықты да қалды. Буын-буынының сырқырағаны да кілт басылып, қабағының асты өз-өзінен зіл тартып жүре берді. Былайғы жарық жалғанмен басқа байланыстың бәрі кілт үзіліп, тек танауында әлгінде ғана Тевкелевтің жағасынан мұнқ ете қалған бір түрлі күлімсі иіс күңірсіп тұрып алды.

Сөйтіп бұйығып жатып көзі ілініп кеткенін байқамапты. Әлденеге таңдайы құрғап, тәтті ұйқының шырын дәмі өне бойын балбыратып барады. Ай дала екен дейді. Әлдеқайда жол шегіп келе жатыр. Ұзын тізбек ұлы шеру... Алда да, артта да, қос қапталда да көп арба, көп күйме. Төрт қаптал-түгел жәукем қол. Салдыртып келеді. Бұл оқтын-оқтын мойынын созып ілгері көз тастап қояды. Сағым шалған көк белдер. Көк жиектен біресе сонда Ор бойындағы өзі салған жер қаланың қарауыл қарайтын мұнаралары қылтияды, біресе желпілдеген сары шатыр қылаңытады. Қайда келе жатқанын өзі де білмейді. Әйтеуір, асығып келеді. Жорға жүрісті жұмсақ күйме бойын балбырата түсті. Кенет кілт тоқтай қалды. Пердені түріп жіберіп қараса — ай далада жалғыз күйме. Маңайында ешкім жоқ. Тіпті күймеге жегілген қос ат та жым-жылас. Ағаш тертенің қасында өз-өзінен сыпырылып түсіп қалған қамыттар ғана жатыр. Күн күйдірген, тер сіңген қоңырсық иістері мұрын жарып барады. Күн көзі — тас төбеде.

Шақырайып тұр. Тілі таңдайына жабысып қалыпты. Төңірек сия төгіп қойғандай күп-күлгін. Тәлтіректеп күймеден түсті. Тертенің қасында жатқан қамыттың біреуін жерден көтеріп алып мойынына киді. Күшеніп тартады келіп — қарғыс атқыр төрт доңғалақ қылп етпейді. Ентігін сәл басып алып, қайта күшенеді. Бәрібір тырп етпейді. Тұла бойын ағыл-тегіл тер жауып барады. Тістеніп келіп тағы тартады. Доңғалақ сықыр-сықыр қозғалайын деді. Әлгіндегі зіп-зілдей күйме жеңілдейін деді. Жүрісі де өне түскендей. Аяғы жерге тимей зулап келеді. Құс боп ұшып бара жатқандай. Апырай, әлгі ап-ауыр күйме қалай мамықтай боп жеңілейіп кетті? Алақтап жан-жағына қарайды. Сөйтсе, тертенің екінші жағында екінші қамытты мойынына тағып алып, тағы біреу тартып келеді. Еңгезердей нән кісі. Көстеңдеген ұзын сирағы күнге шағылысып жарқ-жұрқ етеді. Бұл өзінің тап мынандай алып адамға қалай ілесіп келе жатқанына таңғалады. Жылдам жүгіргеннен серігінің бет-әлпетін де жөндеп көре алар емес. Жоқ, мынау серейген немені танитын сияқты. Апырау... ау... мынау әлгі үндемес шал ғой... Бұл қайдан жүр? Анада өртенген үйдегілермен бірге опат боп кеткені қайда? Сонда бұның тірі қалғаны ма? Тірі қалып тұрып бұған неге көрінбейді? Неге із-түссіз жоғалып кетті? Көрінбегеніне қарағанда, бұның алдында беті шіркеулі болды ғой? Ол не шіркеу? Әлде... Жоқ, мүмкін емес... Тевкелев керсеткен карта қалай аман қалып жүр?.. Оны әлгі Қылмақ Абыз деген бұзыққа кім апарып беріп жүр? Бәлкім, мынау үндемес шал... Жоға, бұл картаны қайтеді... Ақылға сыймайды... Өзі неге бұның бетіне тура қарамай, бұғып ап бұқшаңдап желіп келеді. «Ай, анада сен осы қайда құрып кеттің? Басыңды неге көтермейсің? Сен анада өздерің түнеп шыққан үй өртеніп кеткенде қалай аман қалдың? Неге үндемейсің?» Бұл оның жағасынан ала кеткелі қол созып еді, ол жалт қарады... Мына неменің көзі неткен жаман еді? Қанталап алыпты. Көз тамырларының өзі білектей-білектей боп ісініп апты. Бұл сонда да созылған қолын еңгезердей ұзын адамның жағасына жеткізбекші болып жандәрмен тырбынады. Онсыз да серейген ұзын адам одан сайын ұзара түседі. Әлгінде ғана қан толған ызалы көзіне кекесін ұшқын ойнап күлімдей қарайды. Бұл одан сайын тыраштанады. «Қап, бәлем, мына текешікті-ай... Әттең, анау айыр сақалына қолым бір жетсе, от қойып өртеп жіберер ем!» Сақалға қол жету қайда! Тым әуелеп кетіпті. Бұлардың әлгі теріс қарай жазатын пайғамбарларының жасыл туындай көк шуланданып аспандай желпілдеді. Бұның қолы қанша созса да, өкшесін қанша көтерсе де, оның кіндік тұсына жетер-жетпес боп тұр. Бұл ызадан солқылдап жылап жіберді. Көзінің жасы көк зәһар... Тиген жерін тызылдатып күйдіріп барады. Әсіресе, алқым тұсы самауыр төгіліп кеткендей күлбіреп қалыпты.

Кирилов селк етіп оянып кетті. Қайда жатқанына түсіне алмай біраз аңтарылды. Сосын барып үй-ішіне көз салды. Есік жақ босағада айыр тілін салақтатып аждаһа жылан жорғалап келе жатқандай. Жарты денесі жалт-жұлт етіп, жарты денесі қара-

уытып көрінеді. Ол — әріне дойыр қамшы. Жалтылдатып тұрған каминдегі оттың жарығы. Бөлме іші қараңғы. Түн болып кеткені ғой.

Ақ тер, көк тер боп малшынып алған арқасы төсекке желімделіп жабысып қалғандай. Енді осылай жата берсе, орынынан біржола тұра алмайтындай. Жан-дәрмен тырбынып орынынан тұрды. Тәлтіректей басып столға жақындады. Балауыз шамға от берді. Жаңа ғана жіпсіп тұрған жон арқасы бірте-бірте мұздап барады. Сол суық леп өн бойынан әлгі ұйқының бейжайлығын түре қуып, тез сергіді. Шеткері тұрған орындықты жақындатып, каминнің алдына барып отырды. Жерге еңкейіп, каминге отын салды. Қос алақанын қызуға тосып, маңдайын сипады. Әлгі делсал ұйқы жоғалғанмен, әлгі шым-шытырық түс жоғалар емес. Каминдегі ағаштың жалп-жалп жалыны үндемес шалдың әлгіндегі желп-желп сақалын көзге елестетті. Жаңа ғана түсінде жанжақтан тап берген қорқау сауалдар енді өңінде қайта қамап алды. Шынында да, манағы Тевкелев көрсеткен карта Қылмақ Абыздың қолына қайдан тап болып жүр? Оған оны кім апарып беруі мүмкін? Анада басын көтере алмай ауырып жатқанда бұның адамдары өртенген үйден шыққан өліктердің күйіктерін түгендеді ме екен? Қап, өзінің болмағаны-ай! Оның тірі қалуы мүмкін бе? Тірі қалмаса, бұзақы башқұрттарға әлгі картаны кім жеткізді? Ендеше әлгі үйді әдейі өртеген де сол болды ғой! Ендеше, ол бұл жатқан үйді өртемей, неге штаб орналасқан үйді өртейді? Бәрін істеп жүрген сол әлгі үндемес шал болғаны ма? Өзін көрер көзге өлімнен алып қалып тұрып, көмекшілеріне сонша неге өшігеді? Өшпенділік билеген шал бәрін түгел неге өртемеген? Ол мүмкін бе еді... Жоқ, мүмкін емес. Өйтсе, бұларды өртеймін деп өз қандастарын түгел өртеп шығар еді. Ол штабты өшпенділіктен емес, жоғалған картаның ізін білдірмеу үшін әдейі өртеген. Ал, карта бұған емес, башқұрт операциясын басқарып жүрген Румянцевке тұзақ құру үшін керек болған. Оның отрядына кейін жасалған төтенше шабуылдың арғы ниеті олардың көкірегінде сол кезден-ақ бар болған. Әлгіндей картаны қолға түсірудің жолдары қарастырылғанда, олар бұны, Кириловты, әдейі таңдап алған. Өйткені, бұл қалған отрядтардан шығандай бөлініп, башқұрт ішіне тереңдеп еніп кетті. Оның үстіне әлгі үндемес шал бұның маңындағы адамдардың көбіне айтқанды екі етпейтін сенімді малай ретінде әбден көз таныс. Оны қапелімде ешкім тергеп-тексере бермейді.

Ойы осы түйінге тірелгенде Кириловтың іші-бауыры жиіп қоя берді. Апырай, ұқыптылығы мен тындырымдылығына бұл көрген сайын бас шайқап таңданумен жүретін үндемес момын шал осындай арамдыққа бара қойғаны ма? Сыпырғы мен шелектен басқаны ұстап көрмеген малай шалдың қолынан мұндай шытырман операция қалай келді? Бірақ, мұндай іс ұқыпты, тындырымды адамның қолынан келмегенде кімнің қолынан келеді?! Мынандай әумесер жұрттан осындай іскер малайдың қалай шы-

ғып жүргеніне таңданғанша, ондай малайдың бұған қалай тап боп жүргеніне неге күманданбады екен!

Әй, бөгде жұрттан қолы ұсынақты кісі көрсе, іскер малай ғана деп, тілі епсекті кісі көрсе, тіл алғыш бағынышты ғана деп есептейтін ұшқарылық пен астамшылықтан арылмай тұрып, талай сазға отырады әлі! Сонау Петербургте жүрген елшілерден сыр тартып, не болып, не қоятынын алдын-ала біліп жүрген башқұрттар ұрымтал жерлерден жансыз ұстауды неге алдын-ала ойластырмасын?! Ондай жансыздың ең мықтысын неге бұған, өз даласына қайдағы бір адам түсінбес жоспарлармен келе жатқан бас ұлықтың маңында ұстамасын?! Ол үшін әлгі үндемес шалды воеводаға малай қып орналастырған. Қашаннан шет аймақтағы бұратаналардың ауызынан жырып байып алған воевода бұратаналардың өздері түгілі сұқақтаған иттерінен сақтануды біржолата ұмытқан. Бұл бөлек мекен-жай тауып, оны ұстап күтетін ұсынақты малай іздегенде әлгі үндемес шалды жатып келіп мақтады. Бұл да бірден қолқ ете қалды. Өйткені, ол берген мінездеменің растығын күнде өз көзімен көріп жүрген-ді. Сонда егер бұл басы болса, бұратаналардың арасынан мұндай адамның қалай шығып жүргеніне таңдай қата боп бас шайқай бергенше, секем алып терген-тексеріп көрсейші. Сонда, бәлкім, бүйтіп санын соғып қалмас па еді? Қайтер еді...

Жә, бұның бәрін істеп жүрген үндемес шал екендігін көзбен көріп, қолмен қойып тұрған ештеңесі жоқ қой. Оған бола неге осынша шалабын шайқайды? Түс түлкінің боғы деген! Тәйірі, кісі түсінде не көріп, не қоймайды!..

Кирилов маңдайын каминның қызуына тосып, көзін жұмып, әлгі бір күдігін ұмытқысы келді. Жоға, ол мұны анада көзапара өлімнен алып қалды. Оның бұлай істеуі мүмкін емес. Егер ол болмағанда, екі-үш күн қасында еріп жүріп, башқұрттардың бал мен шөп араластырып жасайтын ем-домын істемегенде бұл сол жолғы жығылыстан қайтадан аяғына міне алмауы да мүмкін еді. Сондай адам дәл мынадай аярлыққа бара ала ма?!

Кирилов көзін қайтадан бақырайтып ашып алады. Әлгі ойына ызасы келеді. Неге бара алмайды? Барша жансыздың әуелі сенімге кіріп алуға тырысатын әдеті емес пе? Сенімге кіру үшін ұқыпты малай болды, сен үшін басын қатерге тігуге дайын жанашыр боп көрінді, көрер көзге ажалдан аман алып қалды. Сол арқылы бұрын ауладан ішке қарай бір адым аттап көрмеген бұралқы баспанаңа бас сұқты. Ем-дом жасаймын деп жүріп не істеп отырғаныңды білді, жұртқа айтқан тапсырмаларыңды естіді.

Кирилов тізесін жұдырықпен қойып қалып, өз тілін өзі қыршып тістеп алды. Әттең, дүние-ай! Расында да, солай!

Әзәзіл ой Кириловтың анда-мында бір жұлқып қашқан асау тайдай адасқан қиялына қылша мойыннан қыл тұзақ салып, енді ешқайда аттатпай-ақ қойды. Енді ол әлгі күманын жоққа шығаратын дәлелдерді былай қойып, оны дұрысқа шығаратын айғақтар іздей бастады. Пәлен күн, пәлен түн қатарынан ұйқы-

күлкіден қалды. Алақоңыр бөлменің ішінде ебіл-себіл сенделді де жүреді. Өзі-өзінен күбірлеп бірдеңелерді айтқан болады. Онысын бірақ басқалар түгілі өзі естімейді. Ақыл ит қашақ аттай шығынып кеткен. Нені ойласа да, түбіне жете алмай құр сергелдең боп, орта жолдан болдыртып оралады.

Маңайда ақылдаса қоятындай адам да жоқ. Алақтап жанжағына қарайды. Сол баяғы көп қағаз. Сол баяғы ыбырсыған бөлме. Көзі кенет стол шетінде ырсия қарап тұрған қу басқа түседі. Ол: «Біз өз тұсымыздағыны өзіміз көргенбіз. Сендердің тұстарыңдағыға араласымыз жоқ... Өз дауларың өздеріңе!» — деп мысқылдай қарайтындай.

Қазір үндемес шалдың Қылмақ Абызбен байланысы бар жансыз екеніне әбден көзі жетіп болғандай. Ендігі таңғалатыны — осынша айла-тәсілге қалай қанығып жүргені. Көрер көзге қолы ербеңдеп тырбаңдай бергеннен басқаны білмейтіндей салпы етек шаруа кісінің құранға, орыс тіліне қалай бірдей жетік болып жүргені, расында да, адам таңғаларлықтай нәрсе еді. Ендеше, ол үндемес шал тегін болмады. Сондай асқар таудай қасиеттерінің бірін байқатпай, бетегеден биік, жусаннан аласа боп, бой жасыра білгеніне қарағанда, тіптен сұңғыла... Сондай ақылды адамдардың өздері бастарын қатерге тігіп, жандарын пидаға шалып жүрсе, мына жалба тымақтардың осынша дүрлігісі бұған дейін ойлап келгеніндей жамандық пен жақсылықтың, пайда мен зиянның ара жігін жөндеп білмейтін надан жұрттың әншейінгі есуастығы болмағаны. Бұл жайында ол бұған дейін ойланып көрмепті. Оған мұршасы да болмапты. Есіл дерті — Ор бойындағы жаңа қала. Соған тезірек жетуге асықты. Сол жолда неден болса да тайынбады. Талай бұзақыны өз қолынан асқызды, шапқызды, өртеткізді. Олардың бәрі оған жанып тұрған шамға жүгіріп, өз-өзінен қырылып жатқан көзсіз көбелектей обалсыз нәрсе көрінді. Енді, міне, үндемес шал туралы мына күмән бұған дейін үйреншікті арнамен жөңкіліп келген асау ойдың ағынын бір сәт тежеп, айран-асыр қалдырып отыр.

Сонда бұлар нелеріне сеніп ереуілдеп жүр? Түсінсе бұйырмасын. Босқа қырыла бергеннен не өнеді? Оны кез-келген жалба тымақ ойлағанмен, әлгіндей көрер көзге жасақты қалың жауды бір өзі жайратып кете жаздаған ақылды, айлалы кісілер неге ойламайды? Ойласа, олар мынандай көзсіз көбелек халқына неге басу айтпайды? Бәрібір мынандай аса бай өлкеге өзгелер көз алартпай отыра алмайды. Әдетте әлсіздер күштілерге емес, күштілер әлсізге көз алартады. Дүниедегі барша жақсы мен жайсаңды өз сыбағаларындай көреді. Оларды өзгелердің қолынан көрсе, қарап отыра алмайды. Өздері жоқта қолды боп кеткен жақсы мен жайсаңды дереу өзі иемденгенше асығады. Әуелі түгін тіктеп: «бер!» деп күдірейеді. Оған болмаса тарпа бас салады. Немене, бұл жалба тымақтар ит ұстамаушы ма еді?! Ұстаса, қайтып көрмей жүр? Ит екеш ит те өзінен гөрі азулырақ арлан төбет келе жатса, итаяғын тастап, құйрығын жымыпып, тайып тұрмай ма?.. Босқа шайналып қалса, бұл күніне де зар боларын олар екеш

олар да біледі ғой. Сондықтанда мықтыдан қалғанды жалап-сұқтағанның өзін қанағат тұтпай ма?! Бұны жастары білмесе білмесін, бір кезде ауыздары мықтап күйген кәриялары нағып білмейді? Әлгі Қылмақ Абыз дегендері бір кезде Сейіт көтерілісіне қатысыпты деседі. Ендеше, кеше өз көзіне көк шыбын үймелеткен кесепатқа бүгін кеп бүтін жұртын итеріп қайтеді? Әр буын, әр ұрпақ ат жалынан тартып мінген сайын алдыңғылардың істегенін істеп, бір-бір қансоқтаға ұрынып отырар болса, бұндай бір шөкім жұрт күндердің күнінде өз көздеріне өздері тегіс су құйып шыға келмей ме? Одан басқалардың несі кетеді? Әлгіндей қарлы қаратау қиямет-қайым шаруаны тындырып жүрген үндемес шал соны нағып ұқпаған? Өз халқын мұнша арандатқаны қай қиянаты?! Әлде бұл бір бұлардың өздері болмаса, басқалардың миы жетпейтін соншама күрделі құбылыс па? Әлдінің қайратына әлсіз, әлсіздің қайғысына әлді қашан түсініп көрген? Бұл да сондай өгізді өрге айдау шығар. Әйтпесе, мұншама байлықты бәрібір өздері игере алмайды. Бәрібір басқа біреу иемденеді. Қайта бұлар олардың қамын ойлап отырған жоқ па? Бұл өз қара басы өз халқыма әлге дейін игерусіз жатқан байлықтың көзін, бұратаналарға әлге дейін өздері бейхабар келе жатқан өнер-білімнің көзін ашып беретініне сенген. Әне, анау босағадағы теңкиіп тұрған темір сандықтағы қоқыған көп қағаз — мынау бұратана өлкеге оқуағарту дарытудың қилы-қилы жоспар-жобалары. Ондай-ондайға бола бас қатырып жатпай, тап беріп, тарпа бас салып, өздерін бұралқы күшіктей қынсылатып қуып шықса, не істей алар еді?! Әлін білмес әлек деген осы-ау! Қашан да біліктінің біліксізге, әлдінің әлсізге жөн көрсеткені әділдік, ізгілік саналмаушы ма еді?! Бір үй екеш бір үйдің ішіндегі балалардың естияр жағы кішкентай іні-қарындастарына қамқорлық жасап, ақылын айтып, қолынан жетектемей ме? Біле білсе, бұлар да, мынау жалба тымақтарға тап солай қамқоршылық жасамас па еді? Соны ұқпаған жұртты қайтып бұзақы, қайтып надан демексің! Ең болмаса, әлгі тас қайнатып жүрген үндемес шал секілді естиярлары нағып ұқпайды?!

Әлде әлгі шөп қорыған иттің өзім де жемеймін, өзгеге де бермеймін дейтін мінезі ме?

Олай дейін десе ит екеш ит те қамшысы қатты тиген кісіге енді қайтып беттемейді. Бұл жұрт та аз таяқ жеген жоқ! Сонда да істеп отырғаны мынау.

Жоқ, мүмкін, әлгі Кәстли айтқандай, жылы сөз, жылы қабақ жетіспей жүрген шығар. Расында да, қамшы тиген ит қанша қорыққанымен, ырылдағанын қоймайды ғой. Олар екеш олар да «кет, былай тұрдан» гөрі «күшігім, күшігімге» көберек иілгеді ғой. Бірақ, «күшігім, күшігімнен» шығатын мүйіздері қайсы? Әлде бұл бейшараларға әлін біліп, құйрықтарын бұттарына қысып, жөндеріне жүргеннен гөрі құйрықтарын бұлғаңдатып өздерін өздері алдарқатып жүрудің өзі бір мәртебе ме екен?!

Солай болса солай шығар. Әйтеуір анау күнгі ағылшын «жылы қабақ, жұмсақ сөз» деп қақсады да отырды. Алайда, түптеп

кеткенде, соның бәрі бір емес пе? Сонда қолында тоқашы бар баланың қасына жетіп барып: «Әй, боқмұрын, өңкиіп ағаң аш отырғанда мынауың қалай?»— деп тап берсең, ол — әлімжеттік те, ал егер де: «Сен, айналайын, жақсысың ғой. Мынаның шетінен бір тісте. Кішкентай балаға сол да жетеді. Қалғанын маған бер»,— деп алдарқатып алсаң, ол — қамқорлық болғаны ма?! Екеуі де, расында, өзіндікі емес, өзгенің дәулетін жымқырып кету емес пе!

Иә, кішкентай баланың алданатыны рас. Алданса, қолындағы қолақпандайды ұстата салатыны тағы рас. Өйтіп тілін таппасаң, сәл нәрсеге бола ойбайды сала жөнелетіні және бар. Бір ата, бір енеден тұғандардың өздері бірін-бірі алдап-сулап иліктіреді. Ал енді айдаладан кеп киліксең, әрине, әлі жетсін-жетпесін қолынды қағып, бетіңді тырнап, шат-шәлкейіңді шығарады. Ондайда, амалың қайсы, күшке жүгінесің. Күшке жүгіндің-ақ зорлықшы атанасың. Зорлықшы атаулының бәрі — жендет. Сонда қалай? Күні кеше асқар таудай арман қуып, шимай-шимай қартадан бас көтермей, «күллі Россияның гүл жайнағанын» өз көзімен көріп, отандық ғылымның аспанында жұлдыз боп жарқыраймын деп келген Кирилов та мынау бұзақылармен алысамын деп жүріп жаңа өлкені ашқан оқымыстыдан қолынан қан тамшылаған қара балталы жез қарғылы жендетке айналғаны ма? Сонда бұның анау шегірткенің айғырындай кіжіндеуден басқаны білмейтін көн шоқайлы көп солдафоннан ешқандай айырмасы болмағаны ма?! Мына дүрбелең бітсе, жаңа өлкенің астындағы, үстіндегі байлығын зерттеп қана қоймай, надандықтан әр нәрсеге бір ұрынып босқа қырылып бара жатқан көзсіз көбелек жұрттың көзін ашып, ақылға жүгінтем деген дәмесінің де күлінің көкке ұшқаны ма?!

Кирилов қараптан-қарап ышқынып қалды. Орынынан ыршып атып тұрды. Жоқ, бұл жендет емес! Ешқашан жендет болам деп ойлап та көрген жоқ. Оның бар ойлағаны — Отанының даңқын асыру, өзінің атын шығару. Отан мүддесі мен өз мүддесі қабысып жатса, одан асқан абырой, одан асқан әділдік болар ма?! Басқалар өз мүддесін, өз елінің мүддесін қорғай алмады екен деп, бұлар қалай қара бет қарақшы, қанды қол жендет атанады?! Жоқ, жоқ, оған келісе алмайды...

Қақшиып түреген тұрған Кириловты әлдекім етегінен тартып қалғандай болды. Қайтадан жалп етіп отыра кетті. Етегінен тартқан — өз ойы. Ойлай білгеннің сондай зияны бар. Кейде өз ақылың өзіңе шот салып омақастырып кетеді. «Әрине... Енді қалай деп ең?Өзгенікіне әлімжеттік жасап отырып зорлықшы, қарсыласқанды қақшып тастап отырып жендет болмауың еш мүмкін емес қой...». Өз ақылы өзіне зекіп тұр...

Дағарадай үлкен басын алақанына салып ойланып отырып қалды. Осының бәрі не? Әр бағытқа бір жүгірген ашқарақ қиялдың төлкегі ме? Жоқ, шынында да, солай ма? Шіркін-ай, баяғы үндемес шал тірі боп шығып, көзіне бір көрінбейді-ау! Содан сұрар еді... Сонда не дер еді?

Кириловтың бар уақыты осындай бірін-бірі жеңе алмай итжығыс түсіп жатқан керекар ойлардың үстінде өтті. Әбден миы ашып, есінен адасқандай болғанда, Уфадан шабарман келді. Қылмақ Абыздың ең жақын үш серігін Самараға айдап әкеле жатқан көрінеді. Бұнымен жолықтырмақшы деседі.

Кирилов, неге екені белгісіз, бұны естігенде қуанып кетті. Бәлкім, бірнеше апта бойы қинап келген көп күмәнның бір ұштығына жетемін деп дәмеленген шығар. Аяғына берік мініп терезе алдынан кетпей қойды. Аулаға қалың айбалтаның алдына түсіп темір торлы қара күйме кеп кіргенде көзі шоқтай жайнап қоя берді. Жас жігіттей аршындай басып столының қасына барды. Бұзықтардың басшыларын сол арада тұрып қарсы алмақшы. Оларға да, қастарына еріп келген тергеушілерге де ақырғы күшқуатын бойына жиып, басын жықпай асқақ тегеурінді көрінбек. Отан алдында, орыс халқы алдында, ғылым алдында ары таза екенін тағы бір дәлелдемек. Көкірегін көптен қышап келе жатқан көп күмәнның анық-танығына жетпек. Шу асаудай жалдарына қол апартпай келген бұзақыларға сұрақты бұршақша жаудырмақ. Олардың өз халқының обалына қалып отырғандарын беттеріне баспақ. Сөйтіп жүрегінің басына зіл боп жатып алған бұралқы күдіктерден біржолата арылмақ. Жұлын-жүйкесінің бәрі болат серіппедей шыршық атып тас түйін боп тұр.

Есіктен әуелі Тевкелев пен екі-үш ұлық аттады. Шамасы, тергеушілер болса керек. Қол алысып амандасып, жұмсақ сөкілерге жайғасты. Сосын көк сұңгілері жылтырап алты сақшы кірді. Олар тергеушілердің екі жағына екі бөлініп қаз-қатар тұра қалды. Сосын екі айбалталы казак кіріп, босағаның екі жағына қаздия-қаздия кетті.

Қылмыскерлер сосын барып көрінді. Ұзынды-қысқалы үш башқұрт. Үшеуінің де бетін жүн басып кеткен. Мә-с-саған... Ортадағы қоқиған...баяғы үндемес шал ғой!.. Иә, сол ғой!

Төбеге жетер-жетпес болып тұрған бойын кермейсің бе?! Арықтаған. Қапсағай жауырыны қушық тартқан. Айыр сақалының ағы көбейген. Маңдайы қыртыс-қыртыс. Абақтының азабы ма, өне бойынан бір сұрқайлықтың, күңгірттіктің лебі еседі. Екі көзінде ғана мұздай жанған қайсар от бар. Бірақ, долылыққа басып, басын кекшитпей, иба сақтап жайбарақат тұр. Қасындағы екеуді де танитын сияқты. Әне бір қылқиған құшықеш еркек — Бекшора Тонтаев. Петербург сапарында талай көрген. Бұралқы иттей жұртқа қосылмай шеттейтін де жүретін. Сөйтсе, бар пәлені сол кезде-ақ ойлап жүріпті. Сол кезде-ақ көкірегінде у тұнып жатыпты. Анау күнгі құранды сонда елге ертерек жіберілген қазақ шабармандары арқылы беріп жіберген болды ғой... Ал мына бір көзін алып қаша беретін сығырақ көз— Мұрат деген би. Баяғыда Мензелинскідегі аманатқа ұсталған билер елшілікке жібергенде ереуілшілерге өтіп кеткен. Қасындағылардан гөрі көбірек қипақтап тұрғандығы да содан шығар. Тұлға-тұрпаттарында ешқандай көсемдік жоқ. Ел көтерген ереуілшілерден гөрі жылқы ұрлап ұсталған бау кеспелерге келіңкі-

рейді. Аулада қолына сыпырғы ұстап тұрғанда айбынды көрінетін үндемес шалдың да жүні жығылып үрпиіп қалғандай. Тап соның да анау айтқандай сұңғылалығы шамалы-ау деймін... Айтқанды істеп, айдағанға жүретін көп салпаң құлақтың бірі сияқты ғой. Бірақ, сөйте тұра бұны анада қалай тақыр мұзға отырғызып кетті. Карта ұрлағанына қарағанда сауатты... Тіпті арапша да сауаты болған ғой.Әйтпесе бұның кеңсесіне кім кіріп, кім кетіп жатқандарын, не деп кетіп жатқандарын бұдан басқа кім біледі. Әлгі құрандағы Уфадан жазылған жазудың бәрі осынікі болғаны ғой...

Кирилов есік жаққа қарады. Екі айбалтаның ар жағынан бұл үшеуінен басқа ешкім кіріп келетіндей түрі көрінбейді.

Оның неге аңтарылып тұрғанын сезгендей Тевкелев тіл қатты:

— Мәртебелі тақсыр, бүлікшілердің басшысы Қылмақ Абыздың ең сенімді серіктері осы үшеуі.

Кириловтың манадан бері өзіне тастан қашалғандай суық сезіліп тұрған кең маңдайына шыпшып тер шыға келді. Қарғыс атқыр, әлгі екі жауырынының арасы да жіпсіп қоя берді. Қылмақ Абызға ең керекті мәліметтерді беріп, оқыстан ақыл қосып отырған мынау үндемес шал болғаны ма? Баяғыдан бері ұстай алмай келген қарақшылары қасында, тіпті бауырында жүрген екен ғой...

Қапелімде дауысы шықпай қалды. Манадан бері сараң етікшінің шегірен ұлтанға тісіне қыстырып қойып біріндеп қаққан шегесіндей қадалтып өңменмен өткізе айтам деген өткір сөздерінің бәрі бейберекет бытырап кеткен. Шамалыда ойына түсер де емес. Бар қайраны — үндемес шалдың бетіне тесірейіп қарай беру.

Бұның назарынан ызғарлы ыза, өшпенділік сезсе керек, әлгіндей ғана жайбарақат бос белбеу шал бірте-бірте жемтік көрген қаршығадай тас түйінделе түсті. Екі иығының, ұнжұрғасының бұлшық еттері бұлт-бұлт етіп ойнап шыға келді. Көзіндегі маздаған оттың ұшқыны бет ауызына түгел жайылып, сол жақ езуіне кекесін боп салбырай ілініп тұрып алды.

Тап анада түсінде көргенде де бұған тап осылай кекете қараған. Бұны менсінбей тұрғандай шекелей қараған.

Оның сол бір астам қалпын көруі-ақ мұң екен, мұның көмейіне кептеліп тұрған көп сөз оп-оңай ақтарылды да кетті. Мұның ауызынан шыққан алғашқы екі-үш сөзді башқұртшаға аударғысы келді ме екен, тергеушілердің арасынан қаншардай қатқан бір татар жігіті орынынан атып тұрып еді, үндемес шал жалт бұрылып, «керек емес» дегендей жағын тыржаңдатты. Бұл қарақшы орысшаға да жетік болды. Соған қарағанда бұл да әлгі көсемдеріне ұқсайды. Сейіт көтерілісіне қатысып, жер ауып, каторгадан қашып келген болмасын... Мұның аузынан неғұрлым ащырақ сөз шыққан сайын оның қанталаған қос жанары үсті-үстіне тамызық тасталған түнгі алаудай лапылдап маздай түсті.

Бұл айтып жатыр, айтып жатыр. Пәлен күннен бері көкірегін

қышап келген сөз құсықты лықытып ақтарып жатыр, ақтарып жатыр.

Бұл сөйлеген сайын үндемес шал айылын жимай айдындана түсті. Ол айдындана түскен сайын бұл өршелене түсті. Көкіректі айқара жауып жатып алған тымырсық қара бұлттай тұншықтырып келген көп ой, мол ыза ағытылып жатыр, ағытылып жатыр. Көзі шайдай ашылып барады. Тұла бойының құрыс-тырысы түгел жазылып, дені жайылып рахаттана түсті. Нені болса да, ар жақ-бер жағынан ештеңе қалдырмай тіміскілеп жүретін сімсік ойы тағы бір пәлені тағы тауып алды. «Ұрысқақ қатындардың құмардан шыққанша шаңқылдасып алғасын гүл-гүл жайнап құлпырып шыға келетінінің де мәні бар екен ғой. Өз көкірегіңдегі уды өзгенің бетіне шашу да рахат екен ғой»,— деп ойлады. Сол-ақ екен абдырап сала берді. Көмейден сөз кеткесін бойдан күш кетті ме, қол-аяғы селкілдеп ала жөнелді. Сонысын сездіргісі келмей, ту сыртындағы креслоға сылқ құлап еді, құйрығының асты бұлк-бұлк етіп отыра алмады. Стол үстінде жатқан оң қолының да өсіп кеткен тырнақтары тақтайға сарт-сарт тиіп, секектеп билеп ала жөнелді. Үндемес шалдың қазіргі тұрысында баяғы Ақай Қасымовтың Румянцевтың шатырының төрінде отырғандағысындай бір түсініксіз астамдық бар. Аяқ-қолы кісенде тұрып бұл неге астамсиды? Таң атқалы айтқан көп сауалының неге ешқайсысына жауап бермейді? Неге мұның сөзін маса шаққандай көрмей бедірейіп тыңдайды.

Кирилов столды дүрс еткізіп қойып қалды?

— Неге бұлай?

— Айт шапшаң!

Үндемес шал қақ ортада жауар бұлттай шаншылып тұр. Бұған әрі ызғарлана, әрі мүсіркей қарайды.

Кенет басын қақшаң етіп бір бұрап алды. Жалма-жан бір қадым ілгері аттай қайта іркілді. Сосын көзіне манағы бір ызғарлы ұшқынды маздата жиып, басын шайқады. Ақ шағаладай тістерін ыржита ашып, ауызын көрсетті. Көмейдің бер жағында бармақтың басындай бірдеңе бұлтияды. Тілін қақ түбінен кесіп апты. Баяғыда каторгаға айдалғанда кессе керек. Орыны шор болып бітіпті. Апандай ашылған ауызын қайта жапты да, басын тағы да шайқады. Шамасы, «менің де айтарым көп еді, қайтейін тілім жоқ!»— дегені болса керек.

Әлгінде ғана қол-аяғы дір-дір етіп алып бара жатқан Кирилов отырған орынында қалшиып қатты да қалған. Астында креслоның төрт сирағы да, емен еденге бойлап кіріп бара жатқандай. Көзі ұясынан шығып кеткендей. Тергеушілер атып-атып тұрысты. Сақшылар қылмыскерлерді жалма-жан есікке қарай итермеледі.

Тевкелев пен Дьяков қол-аяғы қимылдамай қалған Кириловты екеулеп жүріп төсегіне жатқызды.

Шалқалай құлаған Кириловтың аларып кеткен жанарында үрей емес, таңданыс бар. Апырай бұл баяғыдан бері шыжбай-шыжбай ала қағаз көрсе, тастамай үңіліп, қолына тисе, таста-

май ақтарып келгенде нені біліп, неге түсінген? Ол мынау жарық жалғанды үнсіз иемденіп көлкөсір көсіліп жатқан өлі дүниенің, тау-тастың, өзен-судың, орман-тоғайдың несінің пайдалы, несінің пайдасыз екенін жақсы біледі. Сол ұланасыр дүниені емін-еркін жайлап жатқан жан-жануардың қайсысының қандай пайдасы барын жақсы біледі. Ол өзінің туған халқы мен туған еліне қайткенде қандай пайда тигізетінін де жақсы біледі. Ол — ғалым. Ғалымның міндеті — өзінің атын шығару, елінің даңқын асыру деп біледі. Еліне пайдалы өзіне пайдалы, өзіне пайдалы еліне пайдалы деп білді. Осы жолдағы қандай әрекетін де әділдік, дұрыстық санады. Бұрыстық түзетілуге, қылмыс жазалануға тиісті деп ойлады. Қылмыс үшін берілген жазада қиянат болады деген үш ұйықтаса түсіне кірген жоқ. Кісі ашынса көпекөрнеу қиянатқа бола ашынуға тиісті, ал қылмыскер екені бес енеден белгілі болып тұрған кісінің ашынуға қақысы жоқ деп білді. Ал әлгі үндемес шал құдды бір қылмыскер өзі емес секілді жирене қарайды. Астамси қарайды. Әдетте сүтке тиіп қашып бара жатқан ұры итке міне осылай кіжінсе бір жөн еді. Ал мынау шал... Өзінің біреудің сенімін тәрк етіп сатқындық жасағанмен, өз иесін өзі қапқан ит секілді зұлым мінезімен еш шаруасы жоқ. Бұған шікірейе қарайды. Сонда бұған не үшін өшігеді? Анадағы Жайық бойындағы қыстақты өз көзінше өртегені үшін бе? Ол кезде ештеңемен шаруасы жоқтай маңқиып тұрып еді ғой. Ол үшін өшіксе, тап сонда мұны көздеп атылған ақ балтадан аман алып қалған өзі емес пе еді?! Ол үшін өшіксе, артынан бұл пәлен күн төсек тартып ауырып жатқанда, асты-үстіне түсіп, ауызына су тамызып емдеген өзі емес пе?! Ол үшін өшіксе, бұл жатқан үйді штабпен қоса өртеп кетпеді ме? Ендеше, бұнысы несі? Жаңағы қарасында ит етінен жек көрген ыза мен жиреніштен басқа ештеңе жоқ қой. Сонда да өзін бұдан артық санап тұрғаны ма?! «Қарғылы төбет, саған мені түсінетіндей өрені кім беріпті»,— дегендей кекесін бар ғой. Басты жауы деп емес, жәй әншейін жексұрын көп мақұлықтардың бірі деп тыжырына қарады да қойды ғой...

Бәрінен де бұның жанына сол батып кетті. Бұл оған түтіп жейтіндей шүйліккенде бүрге шаққандай көрген жоқ. «Неге жауап бермейсің?» — деп тепсінгенде барып зорға назар аударды. Онда да бұдан түк қысылмай, «Өзің неткен топас едің?» — дегендей табалай қарады. Бәсе, тілі болса, баяғыдан бері бір дыбысы шығар еді ғой. Тілі жоқ екен. Тілінің жоқтығына қорланып емес, мақтанып тұрғандай. «Әуелден маған ештеңе айтқызбау үшін тілімді кесіп тастаған өздерің емес пе едіңдер. Ал іштегілерімді айтқызбай білетін қасиетті керемет болсаңдар, бұның бәрін менен несіне сұрайсыңдар!» — дегендей, көзінде көктемдегі найзағайдай жарқ-жұрқ жалт ойнап мошқай қарады. Қорқудың орынына мазақтайды. Ұялудың орынына табалайды. Мойындаудың орынына айыптайды. Осы бұзақылардың-ақ құлқына түсіне алмай-ақ қойды. Сонда бұлар неге сенеді? Неге сеніп ерсуілдеп жүр? Бір рет өлім ауызынан келген үндемес шалдың

істеп тұрғаны әлгі. Басқа надандықпен істейді десең бұны надан дей алмайсың? Басқалар есуастықтан істейді десең, бұны есі жоқ, ақылсыз дей алмайсың? Сонда апырау... бұларға жан керек емес болғаны ма?! Бұл жаны қастықтарын қашан қояды?

Апырай, әлгі шалдың кекете қараған көзі өңменінен өтіп барады. Табалап емес кекетіп қарады. Көзінде кекесін ғана емес мүсіркеушілік те тұрды. Өзі ертең өлейін деп тұрып неге жетісін мүсіркейді? Патша ағзамның лауазымды ұлығы бұны не деп мүсіркейді? Кісі мүсіркесе өзінен гөрі қорырақ жағдайда жүрген бейшара адамды мүсіркесе керек еді. Жұрт мүсіркейтіндей күйге жетіп бұны не басына ат теуіп жүр? Неге мүсіркейді?.. Кісі мүсіркеген кісісін аямас болар ма? Ал әлгі мүсіркеп тұрып жек көреді, мүсіркеп тұрып жиренеді...

Дүниеде сірә бұндай қорланбас. Қайдағы бір аула сыпырушы арда жалшы бұны мүсіркейді, бұдан жиренеді... Сонда бір кезде қиялында ауызынмен құс тістеп, өзіңді ғана емес ел-жұртыңның көсегесін көгертем деп тыраштанған ғұлама Кирилов, сенің кім болғаның?

Есіктегі малайдың өзі мүсіркегені — одан да төмен құлақ кесті құл болғаның? Өз дегеніңе жете алмай, өзгенің дегенімен кеткенің!

Ертең дарға асылайын деп тұрған кісінің өзі тыжырынып жиренгені — сені жендет санағаны. Ол үшін дүниеде жендеттен жексұрын не бар болушы еді?! Сонда оқымағаны, білмегені жоқ Кирилов баяғыдан бері аспандағы айға құлаш созып келгендегі жеткен жерінің жез қарғылы жендеттік қана болғаны ма?!

Аяқ-қолы кісенде тұрып әлгі неме бұған неге астамси қарайды? Әлде жендетпен алысқанның бәрі шәйт, бәрі адал дегені ме? Сол үшін де кеудесін жықпай кекірейе түскені ме? Алапат ажалдан жеңілуге болады, алапат биліктен жеңілуге болады, бірақ біреудің бұғалығын ұстап, өзінің арын аяқ басты ететін жендеттен жеңілуге болмайды дегені ме?

Оқымысты Кирилов, ғұлама Кирилов, ғылым дүниесіндегі жарық жұлдыз Кирилов, жер беті тіршіліктің тап мынадай тылсым заңдарын қайдағы бір жалба тымақ малай әлдеқашан біліп алғанда, бұл жайында әлге дейін бір ойланып көрмей сен қайда жүргенсің? Неге сендің? Тегіңе ме? Дәулетіңе ме? Еліңе ме? Жоқ, әлде нәсілдестеріңнің көптігіне ме? Сол баяғы көп қорқытады, терең батырады деген дақпыртқа ма? Ар таразысында санмен өлшенетін ештеңе жоқ, бәрі де құлықпен ғана өлшенетін болғаны ма? Шамасы, солай болғанда ғой... Мыналар шаңдарын қанша қақсаң да, қорықпайды ғой. Қайта қасарыса түседі ғой... Сонда бұлар жендет алдында тізе бүкпейміз деп, қашан жер бетінде жендет атаулы құрып біткенше осылай алыса, арпалыса бермекші ме? Жендет атаулы құрып біткенше өздері тегіс қырылып бітсе де, тап осылай тайталаса бермекші ме? Сонда немене өзі! Қырылып бітіп те жеңуге, қырып бітіп те жеңілуге болатын болғаны ма?! Апырау, бұларды осынша тулатып жүрген не құдірет? Бұлар нелеріне сеніп тайталасады? Түсінсе не дейсің! Егер

әлгі неменің тілі болғанда, ол бұған не дер еді? Әттең, оның тілін қырыққандар сол арқылы оның сөзден қорқып, сөзге тұсалып бойын жаза алмай келген бүгежек ойының шідерін үзіп жібергендерін білді ме екен?

Алара қараған Кириловтың көзіндегі таңданыс бірте-бірте шым-шытырық тылсым сұраққа айнала бастады?

Абажадай кең бөлмеде оның бұл сауалдарына жауап берердей ешкім көрінбейді.

Іңір қараңғыдағы күңгірт бөлменің әлде бір жерінен бұған біреу мысқылдап қарағандай болды. «Қалай екен оқымысты неме? Өмірдің шытырманы сенің әлгі шимай қағаздарыңнан қалай екен? Неге сонша басың қатып жатыр?»— деп тұрғандай. Ауызын ыржитып, көзін сығырайта қарайды. Аяқ басқан дыбысы, тіл қатқан үні шықпайды. Манағы үндемес шал емес пе? Жүрмес жерде жүріп, құтылмастан құтылып кететін сығыр тағы да бір айла тауып бұнымен біржолата есептесуге келіп тұрған жоқ па өзі? Есептессе есептессін. Тек алдымен бұның көкірекке түскен күбірткедей жан шыдатпай бара жатқан жаңағы бір сауалдарына жауап берсе екен...

Кирилов жастықтан басын жалма-жан көтеріп алып, столы тұрған жаққа алақтай қарады.

Манадан бері бұны мазақтап тұрған пештегі оттың сәулесі жартылай түсіп, күліп тұрған адамдай ыржия қараған атамзаманғы бір өліктің моласынан шыққан қу бас екен. Ызаланып, орынынан тұрып барып, отқа бір-ақ зыттырғысы келді. Бірақ, ондай қайран қайда? Оң жақ көкірегі қорғасын құйып қойғандай зіл тартып ұйып барады.

Кирилов басын қайтадан жастыққа түсірді. Енді бұл дүниеде әлгі сауалдарына біреу-міреуден тыңғылықты жауап ала алам-ау деген қысыр дәмесінен күдер үзуге тура келді. Басын ешқайда бұрмай, шалқасынан жатқан күйі жоғарыға қарап телмірді де қалды.

Шымқай аққа боялған төбеден басталған бір мәнсіз-мағынасыз қалың буалдыр жан-жағын қымтап көме түсті.

Жылап-жылап әбден торығып, талықсып ұйықтап бара жатқан жетім сәбидей өксік аралас бір күрсініп қойды.

Көз ұшындағының бәрін көгала сағымға бөктіріп сары тап жаз келді.

Күні бойы түндікті түсіріп, жарық жалғанға теріскей беттегі сығырайған түрулі іргеден көз салып отыратын көр соқыр ауыл зауал ауған соң барып, сыртқа шығып бойларын жазады. Әйелдер жер ошаққа казан асып, күндіз шайқалған салқын айраннан құрт қайната бастайды. Еркектердің қолдары бос. Жабағы жүн баяғыда қырқылған. Шыбын көбейіп, құйрығы іри бастаған біреп-саран көбе-көрпешікке қи май өртеуге қойшы-қолаңның өздері-ақ жеткілікті.

Ауылдың бас көтерерлері маң-маң басып желке тұстағы

оқшау төбеге беттейді. Өз-өзінен леп шақырып тұрар биіктің басына шығып, жайдақ жағаларын одан сайын шалқайта ашып тастайды. Кеуделерін самалға тосып, самсай кеп отырысады. Айтыла-айтыла әңгіменің де көбі таусылған. Шертіле-шертіле шер мен шежіре де біткен. Домбырасын сабалап қисса төгетін қызыл кеңірдек жырау кез келген ауылдан табыла бермейді. Табылса да, ошақта былқып марқа асылып, жас еттің уыз иісі мұрынын жарып, іргесін шалқайта түрген ақ орданың қақ төрінде қаумалаған топтың кеу-кеуіне масаттана балқып, терлеп-тепшіп отырмаса, бәрібір айтпайды. Ауыл болған соң есі кем, көзі кем, басының жарасы бар кемтарлар ұшыраспай тұрмайды. Адам болған соң, олардың да бір жылы туған құрбы-құрдастары болады. Солардың бірін-бірі әзіл-оспақпен қажасқанын тыңдаудың өзі де қызық. Олар да бірақ бұндай іші пысып отырған ауылдан безініп мал басындағы, суат қасындағы қойшы-қолаңның арасына кетеді. Қойыртпақ ішіп, күпке түсіп, солардың көңілін көтереді. Сонда бұл ауылдағылардың жел төбенің басына шыққанда да жетісетіндері шамалы. Жоқтан өзгеден сөз тартып, іліп-шалып, ойын-шынды дауласып отыруға бір-біріне нағашылы-жиенді, жезделі-күйеулігі жоқ өңкей бір атаның балалары. Содан кеп үлкендер жағы қаз-қатар отыра қап қазан қазып тоғыз құмалақ ойнайды. Жастар жағы балақты түріп тастап асық атысады.

Күнде-күндегі бұл ермек те жалықтырады. Іші пысқандар енді бәрін тастап жан-жаққа көз сала бастайды. Манағы аптап ыстықта құрысқан көндей боп, бауырын жиып, ішін тартып ала қойған қоңыр алқап енді аяқ-қолын еркін созып көлкөсір шалқып шыға келіпті. Жер түбіндегінің бәрі бадырайып анық көрініп тұр. Көлденең жолаушы да сонадайдан көзге бірден ілігеді. Алыс дөңдердің арғы жағынан қылт етіп бір қарайған көтерілсе болды, жұрттың бәрі солай қарай жапатармағай кеңірдегін созып ала қояды. Көптен бері бұл ауыл былайғы елден іргесін тұйықтап шеттеу қалып, қаралай қамығып іштері пысып жүрген-ді. Мұндай көр құлақ жұртқа хабар керек. Оны айтатын да сол жер түбіндегі қылтиған. Ала жаздай ағарған мен ірімшік-құртты ғана талшық етіп, таңдайлары өңез татып қызылсырап отырған ауыл ауық-ауық тіс шұқытар қажаң-құжаң мен маңдай жіпсітер сорпа-суан аңсайды. Оның да ретін келтіретін сол — жер түбіндегі қылтиған. Өздеріне бола соғымнан басқа уақытта пышақ қандай бермейтін қазақ белбеуге ат байланса болды, көтеріп ұрып мал жығады. Соны білетін сұғанақ көздер зауал ауды-ақ жан-жақтан қарайған іздейді. Ерегіскенде ондай қажаң-құжаң тіс шұқысып, ажың-күжің тіл безесіп бір серпілтіп кететіндей сыйлы жолаушы көп тап бола бермейді. Анадайдан көздеріне оттай басылған алыс қара-құраң жақындай келе не көрші ауылдардың жоқ қарағандары, не осы ауылдың сондай бір күйбең шаруамен басқа ауылдарға барып қайтып келе жатқандары болып шығады. Ондайда таң атқалы дуылдай қышып отырған қомағай алақандар өз-өзінен сап басылып, манадан бері шыра-

дай жанып тұрған көздер өлеусіреп сөніп үйреншікті қалыптарына түседі.

Бұрын ырду-дырдудың қақ ортасында жүретін іргелі ауыл баяғы Байқара өлімінен кейін осындай бір жалтаң-жұлтаң күн кешіп жатады. Ырғыз бойындағы елші ордасынан салақтатып Байқараның елігін жеткізгенде азғантай Тоқбураның ауылын алты шекті түгел қаумалап алып еді. Марқұмның қараша үйінің «ой бауырымдап» келгендердің қамшысы пәре-пәресін шығарған. Байқараның қарасы пісі әлімнің арғы-бергісіндегі жақсы мен жайсаңдарының бәрінің қарасын жолда қалдырған. Қырық күн бойы марқұмның үйінің қақ төрінде хазірет сарнап, күнде ақшамда есік айқара түріліп, табалдырықтың алдына ақ киіз жайылып, оң жақ босағаға ақ қойылып, басына мақта орап майға малып онын бірдей самсата тізіп ақ шырақ жағыларда пісі әлімнің әр атасынан бір-бір ақсақал кеп қол жаятын. Қырқы да, жүзі де, жылы да осылай думан боп өтті. Тірі күнінде тақымынан салақтатып сойылын тастамай шапқылайтын да жүретін тентек неменің қай қадірінің асып кеткенін кім білсін, алты шекті ауылдарына келген сыйлы меймандарының бәрін осында әкеп, Байқараның үйіне бас сұққызып шығаратын. Оның қырқы өткенше құранын аударысуға қазақ, қарақалпақ арасындағы молдалар аз болғандай, сонау Хиуа, Бұхарлардың өзінен дағара бөрік діндарлар келген. Жарықтықтар шәйіт кеткен Әзіреті Ғали, Хұсайын, Хасандардың басына құран шығып отырғандай, аумағы ат шаптырым үлкен ауылдың о шеті мен бұ шетіне жететіндей қып күңірентетін де жататын. Бұл ауылдың қойшы-қолаңдары бастары қосыла қалса, бұрынғы қошқар сүзістіріп, ит төбелестіріп дауласатындарын қойып Байқараға құран шыққан моллалардың оқымыстылығын салыстырып қызыл кеңірдек болатын.

— Жарықтық Мотан молла күңірене жөнелгенде тәбе құйқаң шымырлап қоя береді-ау!

— Мотан молланың үні тамағынан қайтады. Одан да Ожан ишанды айтпайсың ба, көмейден тартып үйлдей жөнелгенде өн бойыңды діріл жайлап жүре бермей ме?!

— Молла деп анау Бұхардан келген Фахрадин қожаны айт. Үнін сонау кіндіктен тартып күңірентіп бергенде алты қат аспан шатынап жерге түсіп келе жатқандай зәре-құтың қалмайды ғой!

Хиуадан келген Сүйін-ахунмен де ойнама! Оның махамына аспандағы құстың өзі талмаурап талып түсе жаздайды.

— Бәрінен де маған есек мініп келген қарақалпақ молла ұнайды. Басын шалқайтып, кеңірдекті кере созып, көзді жұмып ап сарнап қоя бергенде Байқараның үйінің шаңырағы шыр көбелек айналып бара жатады ғой.

— Әй, өзіміздің пір Әжінің тұқымы кереніт Әлібек молла да ешкімнен сорлы емес.

— Пірдің тұқымын былай қойғанда, көрші ауылдағы Асеке ишан орақ мұрынды киелі кітапқа шаншы қадап, кең танауын демге толтырып ап, шаншыла қарап, ауызын шүйіріп, гүжілдей

жөнелгенде бұл маңайдағы жын-шайтан біткен көзі қанталаған дүлей бұқаның алдына түскен тайынша қашардай бет-бетіне безіп бара жатқандай көрінеді маған..

— Тәйіт, найсап, ойнайтын кісіні тапқан екенсің.

Сұраусыз келген қонақтың оғынан қыршын кеткен Байқараның аруағының мұнша қастерленуінде бір гәп барын Бәби бірден ұқты. Оның бәрі де — хан орданы тыныш отырғызбай, іргесінен ши жүгіртіп, бейтаныс елшіні құтырғаннан құтылған деп басын сауғалатып безіндірудің амалы еді. Оны Бәби білмеді емес, білді. Өлген бауыр өзінікі. Оны басқалар мұнша ұлықтап жатқанда: «Сол ұрыншақ неменің өзінде де бар шығар. Мұнша дабырықтатып қайтесіңдер»,— деп қайдан айтсын! Өйтіп, бүкіл рулы елінен безініп қайдағы бір Шуршіт тақылет шүлдірлек төренің қолына шығам десін бе аталастарының айтқанына көне берді. Сол арқылы өзінің де қадірін асырып бағуға тырысты. Бұрынғы қырбайлар: «Қара үстіндегі ағайынның назарына қалмайық»,— деп суық жүздерін жылытысты. Бұрынғы бірде елеп, бірде елемейтін игі жақсылар ат бастарын туралап арнайы соғатын болды. Бес-алты кісінің басы қосылған жерде: «Інісі кісі қолынан кінәсіз кетіп, беті шіркеулі жүр ғой. Алдын орамайық. Бұған Бәкең не дейді екен?»,— деп елден бұрын кезек ұсынатынды шығарды. Жұрт жасаған ізет, ілтипат та, құрғыр, тәтті нәрсе ғой. Бұның құлағы «Бәкең, Бәкең» қаукылға қатты үйреніп қалып еді. Сұраусыз сөзге, іздеусіз жерге кеп араласып, аяққа оралатын да жүретін сотанақ інісі ақыры бір абыройсыздыққа ұрындырады-ау деп уайымдаушы еді. Абыройын, ақырында, сол асырды.

Бәби, көптің айтқанына көнді. «Ханның айтқанына илікпе!»— десті. Ілікпеді. «Ханның осы айтқанына ілік!»— деді. Ілікті. Олармен ақылдаспай аттап басып, олармен ақылдаспай ауызын ашып көрген емес.

Қашан Байқараның құны алынғанша ауыл үстін шектінің игі-жақсылары қамады да жатты. Солардың айтуымен айдалада ғы орыстан марқұмның құнын даулады. Солардың айтуымен қоярда қоймай жүріп, ақыры алып тынды. Сол-ақ екен бұның ауылы жыны тарқаған бақсыдай солбырайды да қалды. Күні-түні қамап жататын ат жым-жылас тарады. Қауқылдасып жататын қызыл кеңірдек ағайын қараларын көрсетпейтін болды. Ол кезде қамшыларын ортаға жарыстыра тастасып, жағаласа сөз бастасып жүрген аталастар қазір аттарының басын әр тараптан бір іркіп жүрсе керек. Біреулері кеше ғана өздері қолтығынан кіріп, қонышынан шығып жүрген Батыр сұлтанның ауылын айналсоқтап шыға алмаса, енді біреулері кеше ғана өздері шауып алатындай шаптығып жүрген хан орданың іргесін босатпайды деседі.

Басқанікі басқа, әу баста осы қырсықтың бәрін өзі бастан берген дәукес Сырлыбайға не жоқ десейші. Қит етсе, емпеңдеп хан ауылынан бір-ақ шығатын көрінеді. Баяғы өңеші бір құлаш қызыл Баймұрат та «әпекелеп» Бопайды жағалайтын болыпты.

Петербор кеткен елшілер аман қайтып, Ор бойынан қампиып жаңа елшілер келіп кеткелі бұрынғы сәл нәрсені шиге шаншып отыратын дүрдараз ауылдар Осеке балаларынан қандай ыңғай болар екен деп көп жалтақтайтынды шығарыпты. Сәл жылы қабақ байқатса, жылп етіп жандарына жетіп баруға бәрі әзір. Барып та жатыр. Әзірге ондай жылы қабаққа іліге алмай жүрген аз ауылдардың бірі — осы Бәби ауылы.

Жан-жаққа мал қарап, қақпан бәрлап барып қайтатындардың ауызында әңгіме-сөздің көбі де сол хан ордасы төңірегінде. Оның қай тарапқа қандай жорықпен барып қайтқанында. Қай жорыққа кімдерді ерткенінде. Қай жорықта қай рудың қай батырының көзге түскенінде. Қай батырдың қай жорықтан қанша құң, қанша құлмен, қанша олжамен оралғанында. Талай кісінің иіні жаңарып, талай сұр бойдақтың қойыны жылынып қалған түрі бар.

Жақында осы ауылдың бір ұрыншағы шөмекейдің Жарылғап деген қыршаңқысының жорықтан қайтып келе жатқан жолын тосып тұрыпты. Екеуі құрдас екен. Қатын құтайтпайды аты шыққан Жарылғаптың бұрын жаугершілікпен шаруасы шамалы еді. Оның да жорыққа барып, құң жетелеп, мал айдап келе жатқанын көріп, әлгі құрдасы:

— Апырай, шегіртке шырылдаса, кәлимаңды қайыра бастайтын үрегей жазған ең. Сен қайтып жауға аттанып жүрсің. Саған бұндай кеңесті кім айтты?— депті.

— Ақылым айтты,— депті қылжақбас шөмекей.

— Иә, жазған. Баяғыдан бері меңіреу кісідей үндемей келген ол жазғанына қайдан тіл біте қалып жүр?

— Жаман жігіттің ақылы жаман қатынның ашуы ғұрлы жоқ деп пе ең? Соңғы өлетін қатыным: «Жазған-ау, түндік жабылса болды, мұрының шуылдап, қасыма жетіп келесің. Ішсе аска, кисе киімге жарымай отырған қызыл қарындарың онсыз да аз болып отыр ма? Елдің еркектерімен күні бойы насыбай атысып, қауқылдасқанда жақсысың. Түнде солар қараңғыны жамылып, барымтаға аттанғанда неге жырылып қаласың? Ең болмаса, бала-шағаға кемді күн талшық ететін қажаң-құжаң тауып қайтпас па едің?»— дейтін. Көрпенің астында кім әйелдің дегенін қылушы еді. Мен де құлағыма ілмейтінмін. Сөйтсем, жетім балалардың қыңқылы жаман қатынның күңкілінен гөрі шымбайыңа батыңқырайды екен. Отыра қалып ойландым. Ауылда да жалғанды жалпағынан басып жүргенім шамалы. Жарлының басынан қақ-сұқ сірә кеткен бе! Үй арасында жүріп-ақ, ағайыным Ақпан сабағанда өлмедім, Тоқпан сабағанда өлмедім. Қалмақ ұрғанда қата қалатын нем бар осы? Одан да ел қатарлы мен де салымымды сынап көрейін дедім. Айбастың Арыстанбайына айтып ем, астыма ат, тақымыма сойыл, қолыма садақ берді.

— Қол-аяғың бүтін бе? Қалмақ зақым салмады ма?

— Жоға, тәйірі... Қалмаққа да жан керек екен. Абайлап

алысып, аңдап атысады екен. Жекпе-жекте желкеде тұрып, талапайда алдымен жүгірсең ұпайың түгел болады екен.

— Қанжығаңды ғана қандап қоймай, тұл құшақты да толтырып оралыпсың ғой!

— Аламанның алдынан төрт аяқты жылқы құтыла алмағанда, екі аяқты қатын қайдан құтылсын! Жетеледік қой біреуін!

— Құрдасжан, ұрғашы жағынан әуелден салымды едің. Ырысың өлі қайтпапты. Тағы табарсың. Сені тағы бір жылға тұл қалдыра тұрсам қайтеді?

— Е, қалдырсаң, қалдыра ғой, сығыр. Арқар ұранды да Әбілқайыр, алаш ұранды да Арыстанбай аман тұрса, тағы бір сұқсырды тағы жетелеп келермін. Құнын алып, көк ала шыт дамбал киіп, жыртығымызды бір бүтіндеп беретін қай бір орыстың қолынан өлген бауырымыз бар. Елмен бірге дауға да, жауға да барармыз. Оңашалап олжаға кенеліп, төрт жағын төрт құбыла санап, елден бөлініп отырған қисық Бәбидің дәрет құманын ұстап, ірге күзетіп жатам деп, қу тізеңді құшақтап құр құшақ өтерсің, ала қой!— депті.

Бұл әңгімені естігенде Бәби тоқпан жілігі морт үзіліп түскендей ошарылып отырып қалған. Буырыл шалған қалың сақалмұрт қалш-қалш етіп барып тоқтаған.

«Апырай мына жаман шөмекейдің құтыруын-ай!»— деген. Бірақ, оны да ішінен айтқан.

Иә, осы жолы Шөмекейдің желі оңынан шығып тұр. Қалмаққа соңғы барған жорықта солардың атағы дүңкілдеп қоя берді. Әбілқайыр қалмақтың бір тайшысының ауылына таңғы ұйқыда тап бермек үшін іргелеріндегі иретіле аққан өзеннің бергі бетіне тоқтапты. Жаз боса суға жабылып, жаға босатпайтын көп жылқы арғы бетке іңір қараңғыда кеп жайғасып жатқан кәп қосынды байқата қоймапты. Оны сезген тек судағы бақа ғана болыпты. Жапатармағай құрылды салсын кеп. Өзен жақтың аяқ астынан шулап қоя бергенінен бейқам ауыл, қапелімде, тіксінуі мүмкін. Әбілқайыр батырларын жиып ақыл салыпты. Жұрт желкелерін қасып отырып қалыпты. Сонда төменгі жақтан шөмекейдің Бақай батыры тамағын кенепті. Бала жігіттің бірдеңе дегелі тұрғанын байқап, жұрт бастарын көтеріп жүздерін соған бұрыпты.

— Хан ием,— депті бала батыр.— Қос басына бір мал сойылып, ішектерін аршып, ішін үрлеп суға жіберу керек. Бақа тыйылса, содан тыйылар.

— Иә, мынаның сөзінің жаны бар. Бақа жыланнан қорқады.

— Үрілген ішекті жылан деп қалып жым бола қоюы мүмкін.

Бақайдың айтқаны аумай-төкпей келіпті. Улап-шулап жатқан өзен бойы жым-жырт басылыпты. Ирелеңдеген көп жарқылдақтан зәрелері ұшқан бақалар бас сауғалап тасаға тығылыпты.

Ертеңіне таңғы ұйқыда мажыра боп жатқан тайшы ауылының табан астында ойран ботқасы шығыпты.

Мөл олжаға кенелген қол ырғалып-жырғалып жөнге шыққасын хан:

— Кешегі бақашы баланы шақырыңдаршы,— депті.

Шөмекей қосында Бақай батыр жоқ боп шықты. Сөйтсе ол кешегі шайқаста Жемге құяр бір жыланшық өзеннің бойында мерт тауыпты. Бақайды сол араға жерлеп, әлгі саланың атын Бақашы атап, ауыр қол елге оралыпты.

Бұл жорық Әбілқайырдың онсыз да дағарадай бөркін одан сайын дағырайта түскен түрі бар. Отыз мыңдық ауыр қол оның соңынан кешегі жоңғар заманында да түспеген еді. Арғы беттегі Жәнібек пен Бөкенбай, Барақ бастаған ергүн, керей, найманның қолының қимылдағанын көріп отырып, мына жақтағы Батыр қайдан шыдап жата алсын! Ішінен атарға оғы жоқ боп отырса да, Әбілқайырға еріпті. Бұл естіген шектіде ол жорыққа ат қоспай қалған осы Тоқбура әулеті ғана.

Бәбі тап бұл жолы жұрт тап осынша төңкеріле қозғала қояр деп ойламап еді. Ана жылғы хан ауылына Ор бойынан жаңа елшілер келіп, ұлан-асыр той жасалатын хабардан кейін бір-бір кипақтасып қалған бұрынғы мығым ауылдар мына жорықты пайдаланып, хан алдындағы шіркеулі беттерін біржолата жылытып тынды. Барақ пен Батыр да жұрт сылайына қарап, баяғы Қызыл үйік басындағы маскараның ізін жуып-шаюдың сәті келгеніне қуанды. Әбілқайыр да сұм ғой... Өздері ошарыла құлап көле жатқан көп жәрекөкені бетінен қақпай, ішіндегі бір кездері шер боп жамалған шерменде дықты сездіртпей оңай иілге салды. «Жұртта да көз бар шығар. Бұлардың ана бір жылдары қалай кергігенін, бүгін кеп қалай иіліп-бүгіле қалғандарын өздері де көрмей отыр дейсің бе?!»,— деп ойласа керек. Бірақ, беттерінен қақпағанмен, тап елп ете түскен сыңай да танытпады. Бұрынғы жорықтардың тұсында ұзын арқау, кең тұсаумен бірде бату, бірде тату жүрсе де, араларын суытып алмау үшін ұлысы бөлек құдалары Барақ пен Күшік қолындағы батырлардың, олардан аз кергіме, аз бұлданшақ емес Батырдың қолындағы шекті батырларының атағын аспандатып бағушы еді. Бұл жолы хан төңірегіндегі көп жәреуке оларды ауыздарына атымен алмады. Орта жүзден айтса ханның жаңа одақтастары Жәнібек пен Бөкенбайдың соңындағы сарыжетім шақшақ батырларын, Кіші жүздеп айтса — исі әлімнен басқаны көрмей шөмекей мен кете батырларын марапаттап қақсай жөнеліседі. Онда да гәп бар. Сұрша хан сол арқылы кешегі бұлданшақтарға: «Қап, бәлем, кергіген қалай екен?»— деп сес білдіргені. «Енді иіліп-бүгілсеңдер сендер иіліп-бүгіліңдер, елпілдегеннің кадірін білмеп едіңдер, шалқайған қандай болады екен?!»— деп сынағаны. Әйтпесе, қашан көрсең де ұрынып-берініп жүретін шекті батырларының қолына осы жолы біреу бүйен байлай қойды дейсің бе?! Дәйім тұтқылдан түсіп, жаны мұрынының ұшына кеп тұрған қазақ сайыскерлерінің сауабына қалып жүретін. Ағыстан шыққан жалғыз оқты Жәнібек батыр, қашан да қанжығалас жүріп, қашан да қатарласа шайқасатын Ақбурадан тарайтын Шеке

батыр мен Айбас батырдың, садақты тізесіне салып тартып жалпақ жауырын атанған Бүкірек батырдың хан мен сұлтанға сіңірген еңбегі аз болды дейсің бе, салған олжасы аз болды дейсің бе? Бұл жорыққа бармағанмен, бұрын белгілі жорықтардан қалмаған осы ауылдың Жылқаман, Жылқайдар батырлары аз жағаласып, аз қан төгісіп пе еді?

Енді Әбілқайыр бүгін кеп соның бәрін білсе де, білмегендей, көрсе де, көрмегендей. Өйткені көңілден көңіл су ішкен адамзат. Көңілден көңілге жалғасып жатар жіңішке науаға жұдырықтай тас көлденеңдеп тұрып алса болды, баяғы еңбек, баяғы қадірдің бәрі ұмыт боп шыға келеді. Әйтпесе, Ұлы жүздің үйсіні, орта жүздің арғыны, Кіші жүздің әлімі қатыспай қазақтың қай шаруасы оңып еді?! Әлім дегенде шекті баласы араласпай қай ісінің абыройы аспандап еді?! Әбілқайыр соның бәрін білмеді дейсің бе, біледі. Біле тұра, әдейі осылай істеп отыр. Бұрынғы аты шықпай жүрген ауылдардың атының шыққаны бұрыннан аты шығып келе жатқан ауылдардың тек насырын қасып қана қоймайды, ел арасындағы еңсесін де түсіреді. Кеше ғана солардың ығында жүріп қалған, соларға орын беріп, жол ұсынып елпілдеп қалған ауылдар енді өйтіп именшектей бермейтін болады. Өйткені өзінің де аты шығып тұр. Бұрын «келсе, тек пәленше атам балаларының ғана қолынан келетін шығар» дейтін шаруаларды өздерінің де дөңгелетіп әкете алатындарына көздері жеткесін кімнің бетжүзіне қарасын! Жаңа атаның балаларының азынаған көрі айғырларды азулап қуып тастайтын алды тегеурінді жас айғырлардай бұрын жүріп, бұрын сөйлеп қалған әулеттерден айбынудың орынына ықтыра түсуге көңілдері кетеді де тұрады.

Мұндай аударма-төңкермеге әлгіндей жорық-жортуылдың тигізер септігі тіптен мол. Ел үстіндегілер ондай дүрбелеңді қолы алдарына сыймай бос отырған еркек кіндік ермексіз қалмасыншы, не тісіне қызыл тимеген қатын-бала бүкіржік болмасыншы, алдына мал сыймай жүрген байлар құл-құтансыз, жер жаншып, жел құшақтап жүрген құр тақым бейбақтар қыз-қатынсыз қиналмасыншы деп емес, қол астындағы елдің осындай ала-құласын тағы бір сапырылыстырып, тағы бір саралап алу үшін істейді. Хандардың қай жорыққа шығарында қандай сардарларға хабар жібергеніне, қанды шайқас тұсында қай қиын мен қай ұрымталға кімді жұмсағанына елдің ерекше мән беретіндігінің сыры да сонда. Сол арқылы тақ иесі кімді іш тартып, кімді сырт тебетінін сездіртіп отырады.

Әр жорық оқшау оқиғаға сондай зәру қазақ ауылдары үшін жыл он екі ай жата-жастана айтатын қырғын қызық хикая болумен қоса, ел ұстап, ру ұстап қалғандар үшін күні-түні ойланатын, басын қатыратын шым-шытырық жұмбақ. «Бұл жорыққа қосқан менің жігіттерім, ол ауылдікінен аз емес, менің жігіттерім ол ауылдың жігіттерінен кем еңсере қимылдаған жоқ. Ендеше, неге олардың аты шығып, менің атым шықпайды?» Жорықтан қайтқан жортуылшының талайының көкірегінде осы сауал түтіндейді де жатады. Ханмен екі ортадағы бұдан арғы қарым-

қатынастарының қандай болатының ойлайды. Шатақкұмарлар шалқайысып, епсектері тақ иесінің көңілінен қайтадан шығудың жолдарын іздеп емпеңдей бастайды. Хан қол астындағы елді осылай елеп-екшеп отырады. Бұл — әрине басындағы дәуреннің биіктей түскенін сезген өзіне өзінің сенімі нық астам билеушінің әрекеті.

Ал Әбілқайыр дәл қазір қалай астамсиын десе де, реті келіп тұр. Орта жүзде әлі хан сайланған жоқ. Бас тақыт бос. Ұлы жүз бауырының қолында. Қалмақ өзара итірқылжың. Башқұрттың басы зобалаң. Қонтайшының арғы іргеден тиіскен қалың шуршітпен жағаласып әуре. Мұндай жағдайда Әбілқайыр астамсымағанда кім астамсиды! Мұндай жағдайда әрекетсіз жатып алса, ол өз басындағы бақытты өзі үркітіп алар еді. Сондықтан қол астындағы елдің еркек кіндігіне тыным таптырмай, біресе қалмақ шабады, біресе башқұрт барады, біресе ананың алдына мал салады, біресе мынаның дәрежесін үстемелейді. Сөйтіп, кешегі патша елшісі келіп жатқан кезде итірқылжың қазақтың әр қайсысына қол жайып шөре-шөре боп етекке түсіп кете жаздаған именшек басын қайта тіктеп, қолындағы тізгінді қайта ширатып алмақшы. Жарылқайтындарды жарылқап, тізе батыратындарға тізе батырып тегеурін танытып алатын да тұсы осы.

Арғы жақта шақшақ, сар жетімге, бергі жақта шөмекей, кетеге елпектей қалғанының сыры да сонда. Іргелі ауылдарға істеп отырған қыры. «Ешкімге жалтақтай қояр жайым жоқ. Жалтақтасаңдар өздерің жалтақтаңдар»— дегені. «Сендер шалқайды деп қолым қысқарып қалмағанын көрдіңдер ғой»,— деп құқай көрсеткені.

Мұндайда, әрине ешкімнің ойында жоқ ауылдардың бағы жанып, ешкімнің ойында жоқ адамдардың абыройы асады. Әйтпесе алшын ағасы әлімде кім шектінің алдына түсуші еді. Оның азуы алты қарыс билері мен батырлары тұрғанда қайдағы бір шөмекей қожагелді Айбастың Арыстанбайын бұрындары кім көзге іліп жатушы еді. Көп көк найзаның бірі емес пе еді! Ал қазір...

Әуелі Арыстанбайдың тапқыр аты шыққан-ды. Бұдан әлденеше жылдар бұрын бір жорықтан құр қанжыға оралып құлазып келе жатқан Әбілқайыр қолы күзді күні жайдақ далада төмпештей төкпектеген қара жауынның астында қалыпты. Өліп-талып бір молаға жетіпті. Қара жауын қарға ұласыпты. Дірдектей тоңған жұрт паналар ық іздеп, көне моланың ішіне ыққан қойдай бытырай тарап кетіпті. Біреу тамдарға кіріпті. Біреулер ауызы ашылып қалған көрдің ішіне сүңгіпті. Сондай жүрек жұтқанның бірі телеу Тайлақ батыр лахаттағы сүйекті әрі ысырып тастап демалып жатса, біреу көп қабірдің бетін жапқан тақтайдың қалдықтарын сыдырып алып жатыр дейді. Қараңғы түн. Қараңғы көр. «Кім де болса, қорқар ма екен, көрейін?»— деп, Тайлақ қабірді жапқан қалақ тақтайдың шетіне жабыса кетіпті. «Ақтық мекенімнің ақтық лыпасын сыпырып алып бара жатқан бұл қай аруақ атқан!»— деп күркірей тіл қатыпты. Сонда әлгі тентек:

«Әй, көрінді ұрайын. Әлдеқашан өлген соған не ық, не пана керек. Сен түгілі мына жақта хан басымен Әбілқайыр аптан өлейін деп отыр. Соған тамақ пісіріп беретін отын керек! Енді сүйегің шашылып қалсын демесең, жат былшылдамай!»— депті.

Тайлақ даусынан танып: «Айбастың мына баласы нағыз жүрек жұтқан екен-ау!»,— деп жағасын ұстапты.

Хан шақыртып:

— Аруаққа әлгіні айтуға қайтып дәтің барды?— деп сұрағанда, Арыстанбай:

— Атаң ұлы болса да, алдияр, бір жылы туып ек. Сауалыңызға сауал қайтарсам, ренжімейсіз бе?— депті.

Хан:

— Айт сауалыңды?— депті.

— Хан ием, сіз бұл қазақтың тек дәті барларын ғана ертеді ғой десем, астында жәй әшейін аты барларын да ерте беруші ме едіңіз!— депті.

Хан күліп жіберіпті.

— Дәт сабырға бітуші еді. Сабырлы екенсің-ау?— депті.

— Жорыққа кісі көп нәрсе алып шыға алмайды ғой, алдияр. Мен де бір тоқты қойда жүргенше бойда жүрсінші деп мына алдаспанды алғанмын, бір тай саяқта жүргенше аяқта жүрсінші деп мына үзеңгіні алғамын. Бар күшім өзімнің бойымда жүргенше жұрттың ойында жүрсінші деп не істесем де еркін істейтін тәуекелді алғанмын. Содан қалған жеріне сабырды жуктегем.

— Болса болар. Ендеше өз сабырыңа өзің риза болған жерің бар ма? Соны айтшы!

— Екі жерде риза болдым, хан ием. Біреуі, қай бір жылдары жұрт ешкі қотырға шалдықты. Қышытқыға шыдамағандар өздерін өздері осқылап үсті-бастарын жарақаттап дал-дұл қып тастады. Сол кезде ұрын барайын деп отырған жылым еді. Бетім қара қожалақтанып барса қайын жұртым үркіп кетіп, қыздарын бермей қояр деп қашан жазылып кеткенше еш жеріме қол апармадым. Екіншісі, бір жақтан жолаушылап қайтып келе жатып, атыма азғантай от шалдыртайын деп, сексеуілдің көлеңкесіне қисая кетіп ем, кеуде тұсым оқыс ауырлап жүре бергендей болды. Көзімді ашсам — бір ақ қара бас жылан ашық қалған ауызымды ін екен деп жылжып келіп қалыпты. Қимылдасам қорыққан жылан шағып алуы мүмкін. Ауызымды ашқан қалпым жата бердім. Басын түгел сала бергенде тісіммен қырқып алып түкіріп тастадым.

Отырған жұрт жағасын ұстапты.

— Осындай тәуекел, осындай сабырмен қорыққан жерің болды ма, сірә?

— Неге болмасын, хан ием. Талай қорыққан шығармыз. Бірақ екеуі есімде ерекше қалыпты. Бірде жорықтан нағыз атан жілік батыр болар ұл туатын қатынның сойысың-ау деп саркідір тартып қалса да, қол-аяғы балғадай, апай төс аршын кәкірек қалмақ қатынын олжалап келе жатыр ем, бір-екі күннен кейін артымнан оқшау шаң көрінді. Қосынды ілгері жіберіп, өзім

шаңның алдын тосып тұрдым. Әне-міне дегенше қуғыншы да жетті. Екі шығында екі қара бүркіт ербең-ербең етеді. Аруағым қашып сасқанымнан «ассалаумағалейкум» деп сәлем бердім. Сөйтсем — қаршадай бала. Тұмсығының асты қауыс-қауыс. Анасын айырып қалуға келгенін біліп, қолынан қаққаным жоқ.

Екінші жолы, Есет ағам егдергенде ұл сүйіпті деп естіп, құтты болсын айта тамаларға тарттым. Барсам — ағамыз екі тізесі екі құлағынан асып, ошақтың басында отыр екен. Жеңгеміз құлағына сыбырлағанда: «Айналайын, Арыстанбай, келдің бе?»— деп атып тұрды. Әншейінде талай шаңырақтың күлдіреуішін төбесімен іліп қап абайсыз сындырып жүрген сорайған сорлы басым, ағамыз қос білегін айқастырып құшақтай көріскенде тұрымтай құстай боп қалдым. Құшырлана қысқанда жыланның ауызындағы торғайдай шырылдадым. Сүйек біткенмен қош айтысқан шығармын деп қорықтым. Сонда батыр: «Айқой, заманай! Жер Арыстанбай, көр Арыстанбай, әркім өзінің дәуренінде Арыстанбай! Қалқам, өкпелеме, атыңды шығарса қауқарың емес, аттың артқы айылын тартқанша басыңа қырқы келіп, қырқы кететін айлақ мен тіліңнің шырыны шығарар!»— дегені.

Арыстанбай осылай істепті деген қауесетке дау айтушылар да табылды. Біреулер: «Қабірдің аузын ашып, аруақпен айтысқан Арыстанбай емес, біздің баяғыдағы пәленше деген бабамыз екен. Мынау сол елден естігенін істеп жүр ғой»,— деп дауласты. Біреулер: «Жоқ, бұл Орта жүздің пәленше деген батыры мен түгенше деген сұлтанының басында болған оқиға»,— деп кергіді.

Бір нәрсені әуелі жақтары жыртылғанша кергілесіп, дауласып алып барып мақұлдамаса, қазақтың ішіне ас жаққан ба?

Ол жолы да солай болған. Бірақ обалы не керек, Арыстанбайдың аты сол бір тұста бірер ай дүңкілдеудей-ақ дүңкілдеген. Алайда көп ұзамай басылып қалған. Өйткені, қазақ қай бір тытыныш отырған ел! Күн ара дүбір, күн ара дүрбелең. Дүрбелеңде жан қысылмас па?! Жан қысылғанда кім төтен қимыл жасамайды?! Сондай ұрт қимыл жасағандардың кейінгілері бұрынғыларын ылғи да ұмыттырған да отырған ғой...

Сол Арыстанбайды Әбілқайыр кейінгі жылдары жоғалтқан алтының аяқ астынан қайта тапқандай дабырайтқанның үстіне дабырайтып жіберді.

Билікті ерлік бекемдесе, ерліктің атын билік шығаратыны ежелден белгілі. Бірақ, ерлік, тапқырлық, жомарттық, мәрттік көп кісінің қолынан келеді. Ал билік қашан да бір кісінің ұысында. Ол кімнің ерлігі мен кімнің мәртігіне көз тоқтататынын өзі біледі. Барлық гәп, міне, сонда!

Кейінгі кезде иісі шекті бұған тоңторыс қарайтынды шығарды. Біздің атымызды өшіртіп отырған сенің тоңмойындығың дейтін секілді. Бұл оны қай бір өз еркімен істеп еді? Осылар шуылдасып қоймағасын істемеп пе еді. Енді кеп бұған бұртиысады. Хан өзі қабақ жылтпаса, бұл барып аяғын жалай ма екен? Оның үстіне Байқара пақырдың екі баласы Әділ мен Жангелді өзінен де өткен ұрыншақ боп жұлынып өсіп келеді. Кәрі түйенің

қарғыс жетпесінің қатынын барлығындай қарасұр қатыны да қақшаңдаған неме. Кешегі дау-дамбаның үстінде ханды мұқатқысы келгендер үйінен шықпай, төбелеріне көтеріп әбден масайратып тастаған. Қазір тұл қараша үйге симай, тұлыны әбден тұтып жүр. Екі сөзінің бірі — осы ауылды мұқату. «Есіл ерді екі тай шүберекке сатқанда Тоқбураның ашылған абыройы одан сайын шашылмаса, жабылған жоқ»,— деп зарлайды да отырады. Сонда бұған ханды өлтір дей ме, кім білсін!..

Осыны ойлағанда Бәбидің күн қақты жүзі құрым киіздей қарауытып кетеді. Онсыз да ауыр денесі шойынмен қаптағандай жерге кіре түседі. Жалбыр қабақтың астынан тұнжырай қараған ала көз қасындағыларға байқатпай көлкіген көк жиекті оқтын-оқтын тіміскілеп тінтеді де отырады.

Ол күні де терістік көк жиекке шаншыла көтерілген жалғыз қарайғанды алдымен байқаған сол. Бірақ жұрттың өздері байқап, өздері сөз қылғанға дейін ештеңе демейін деп сабыр сақтаған. Алайда: «Құм құйылғырлардың ауыздарына нағып құм құйыла қалды?!»— деп іштей тықыршып біткен.

Кенет біреу:

— Әне біреу не? Бұта ма, жүргінші ме, жаным-ау?!— дегені.

Жұрт жаппай терістікке бұрылды.

— Бұтаға аяқ бітіп кетіп жүрмесе, мынау қозғалып келе жатқан нәрсе ғой!

— Ау, бұл жүргінші болса, көлігі қайсысы?

— Жолаушысы — үстіндегі, көлігі — астындағы болады да.

— Олай дейін десең, үстіндегісі қаққан сырғауылдай сырыған бірдеңе де, астындағысы жер табандап жатып алыпты ғой.

— Иә, шынында да, мынау Хиуаның есек мінген сарты болмаса, бұл далада көп кездесе бермейтін жүргінші...

— Бәсе десейші, бұл жақта есек қайдан жүреді?

Манадан бері жұрт караған жаққа қарамай, өзімен өзі болып отырған Бәбидің іші қылп ете қалды. «Арыстанбай болмасын! Бұл маңайдағы жұрттың одан бойы бүйгі жоқ. Оған тап болған ат та алыстан есектей боп көрінеді. Жер алыс болғасын үзеңгісін қысқа тағып, аяғы қомданып келе жатқан сол шығар. Ол жүрсе, тегін жүрмейді. Хан жіберген шығар».

Бәбидің жүзі сәл күреңітіп бусана сөйледі:

— Тәйірі, бәрің бірдей сонша ентелеп, жолаушы көрмей жүр ме едіңдер, түге?!

Ішінен: «Апырай, оның бұл келісі қай келіс?— деп отыр.— Арыстанбайды бұған жұмсап, Әбілқайырдың тағы не ойлағаны болды екен?».

Жүргінші жақындай берді. Ауызы жүйріктеу біреу:

— Мынау Арыстанбай ғой. Аяғы салақтап бұл неге келе жатыр?— деді.

Әлгінде ғана кадірлі мейман кеп, ауыз қызылдаймыз ба деп тұрғандардың бір қатарының мойыны салбырап кетті. Көбінің қабағы түсіп, өңдері қарауытып, түтігіп алған түрлері бар. Ханмен қырбай ауылдың ханмен әмпей кісіні құрақ ұшып жылы

қабылдай қоймасы кәміл. Ондай мейманға сойылған малға да ауыл-үй шақырылмай, оңаша желінетін әдеті.

Тап бұл ауылдың алдынан шығып, көтеріп түсіріп ала қоймасын біліп келе жатқан Арыстанбай желкедегі жеке төбенің басында тұрғандарды танып, солай бұрылды. Ат үстінде тұрып жағдай сұрасып, тап тізгінге оратылып жатқан ыстық ықпас көре қоймаса жөндеріне жүре беретін көлденең көк атты емес, әдейі іздеп келе жатқанын білдірейін деп, анадайдан жерге түсіп, жүгенін қарына іліп, жаяу беттеді.

Тоғыз құмалақ ойнап отырғандар үстерін қағып орындарынан көтерілді. Қақ ортада — Бәби. «Көздегеніңіз біз болса, біз, міне, тұрмыз»,— дегендей шеттерінен бойларын тіктеп, мойындарын көтеріп, қасқая қарасты.

Бұл түрлері алыстан келе жатқан қонақты күткен ауылдан гөрі өзі кеп орталарына түскен көкжалды тап беріп талай кетуге дайын тұрған арландарға ұқсайтын. Байқараның екі тентегі елден ала бөтен ілгері шығып кетіпті. Шықшыттары шытынап, зәрлене қарайды.

Арыстанбай жай басып жайбарақат келеді. Өзінің бойында, атының үстінде не найза, не садақ ештеңе көрінбейді. Белиндегі белбеудің бір бүйірінен сүйек мүжитін сапысы ғана қылтияды. Анадайдан Бәбиді танып, тура соны бетке алып келеді.

Ол топқа жақындай бергенде, Бәби қасындағы жігіттерге иек қағып еді, біреуі барып Арыстанбайдың атының тізгінін ұстады.

Бәби мен Арыстанбай қол алысып амандасты. Көптен көрмеген тұрғылыстардың әдетімен төс қағысып, құшақтасқан жоқ. Бәбидің қасындағылар да салқындау қол берісті.

Бәби алға түсіп, мейманды үйіне бастады. Қоңыр көлеңке ақ үйдің ішіне енді аяқ баса бергенде, оң жақтағы бірдеңе ербең ете қалды. Сөйтсе желегі түсіп үлгермеген бір жас келін орынынан тұрып иіліп сәлем етті.

— Көп жаса, бағың ашылсын, шырағым,— деді Арыстанбай.

Оның Бәби ауылынан көрген жылы ықласы сол болды. Қонақасы тұсында да сыз қабақ сыпайылықтан басқа рай байқалмады. Бәби қонағынан жұрт көзінше жөн сұрамады. Қонақ өзі айтпады. Қолға су құйылып, табақтастар үйді-үйіне тарарда, Бәби бәйбішесіне бұрылып:

— Мейман қысылмай кең жатсын, төсегін көлеңке бетке сыртқа салыңдар,— деді.

Арыстанбай іліп әкетті.

— Жеңеше, Бәкем баяғыда маған: «Сенің қолыңның уыты бөлек. Жотамды өзің уқаламай құрысқан-тырысқаным жазылмайды»,— деуші еді. Ағаның көптен бері арқасын сипамап едім. Төсекті бірге салыңдар,— деді.

Бәйбіше Бәбиге қарады. Ол үндемеді. Ауылдастар аң-таң күй тарасты. Қазан-аяқ жақта табақ жинасып жүрген ұзын бойлы сұйық қасты қайқы ерін егде қатын еңкейгенде алдына түсіп кеткен шашбауын түзеген боп, артына бұрылып, ығынан асыра төр жаққа бір карады. Балқыған қорғасындай жалт ете қалған

кезінде суық сұс бар екен. «Әлгі Байқараның қатыны осы болды-ау»,— деп шамалады ішінен Арыстанбай.

Жатарда Арыстанбай белбеуі мен қындағы сапысын тәрдегі керегенің басына іліп кетті.

Жақын маңдағы үйлер сыртқа өре киіз жайып бір төсекте жатқан екі еркектің ләмим тіл қатысқандарын құлақтарын қанша түрсе де ести алмады.

Ертеңіне сәскеде сары қымыз сапырылып жатқанда Бәби тіл қатты.

— Ал, Арыстанбай шырақ, бұйымың болса, айта отыр,— деді.

— Біздің бұйым айтылды ғой, Бәби аға. Сіздің бұйым айтыла жатар,— деді.

Жұрт аң-таң. Бәби мырс етіп күліп жіберді.

— Ендеше жолың болсын! Еліңе аман жет!

Арыстанбай аттанарда ауылдағы еркек кіндік бірі қалмай сыртқа шығып керме басына барды.

Бәби оларға көзін бір жүгіртіп шығып, баласы Ақшаға:

— Жігіттеріңмен сен де атқа қон!— деді.

Ақша иіріліп тұрған жұрттың арасынан Әділ мен Жангелдіні көре алмады. Әкесінің емеурініне сонда барып түсінді.

Мейман аяғын үзеңгіге сала бергенде, ауылдың шет жағындағы боз үйден тарғылданып ерсі естілетін әйел даусы саңқ ете қалды:

Сұмпайы ауыл Тоқбура
Сұраулы еді тоқтың да,
Қапыда кеткен арысым,
Тоқты құрлы жоқсың ба?
Мәнісін білмес боқтың да
Мәңгүрбас ауыл Тоқбура,
Қарақұрт кірсе қотанға
Қақшып сап көзін құртатын
Қара қой құрлы жоқсың ба?!

Арыстанбайдың арқасы мұздап қоя берді. Артына бұрылып қарап еді, шығарып салып тұрғандардың көбінің бет-аузы қара талақтанып қабарытып барады екен. Бәбидің жүзінде шытынған ашу бар. Қош айтқан бұған ауызын ашпай иегін қақты.

Ауылдан түстік жерге ұзамай жатып, қапталдағы дөңнің астынан дүсір естілді. Көп уақыт өтпей-ақ жал басына жалаңдап шауып шыққан екі атты найзалары шошаңдаған қарақұрым топты көріп, состиып-состиып тұрып қалысты.

Арыстанбай олардың кеше төбе басында елдің алдына әнтек озып, бұған тістене қарап тұрған екі жас жігіт екенін бірден таныды.

Сосын Бәби пәлен күн бойы: «Апырай, бұл ханның тағы не ойлағаны болды екен?»— деп тымырсық ойға батты.

Әбілқайырдың да жағасы жайлау жайбарақат жүргені шамалы еді. Майханасын күні-түні ат қамайды да жатады. Күндіз қақырадай боп киініп, арғымақтарын алшаң бастырып, ұлыс-ұлыстың хабаршылары келеді. Қараңғы түсе не башқұрттан, не қалмақтан суыт жүргінші сап ете қалады. Олардың да қазір жарасы жеңіл. Сұрағандар болып жатса: «Жаңа» ханымдардың төркіндері екен»,— дей салады. Онсыз да қазір ордаға келіп-кеткендерді жіпке тізіп тергеп-тексеріп отырған ешкім жоқ. Тәйірі, дәурені асып, мейманасы тасып тұрған кісіге кім келіп, кім кетпейді?!

Сырт көзге солай екені рас. Ал, бірақ, Әбілқайыр дүбір шыққан сайын құлағы елеңдеп елегізіп бітеді. Оның да жөні бар еді...

Осыдан екі жыл бұрын Қайыңдыда отырғанда келген ағылшын елші Жон мырза аттанып кеткен соң, хан әрі-сәрі күйге түсті. Әуелі күні кеше ғана мәуесі балбырап, жұпар исі аңқып тұрған көк шалғынның осынша тапталып жермен-жексен боп қалғанына қуанды. Орда маңынан жан-жаққа сорғалап шығып жатқан шұбырынды ізге көңілі толып, көзін ала алмай көп қарады.

Қайда қараса да — есіне кешегі бір ырду-дыру күндер түседі. Қайда қараса да — көптен бері ойына алып жүрген асқаралы арманы орындалғандай көңілі тоғайып шыға келеді. Кешегі қара нөпір мың-сан тұяқ маңайдың балаусасын ғана емес көптен бері бұның жанын жеп, темір тікендей қадалып ап бебеулетіп келген көп күман, көп күдікті де бірге тапап кеткендей.

Мұндай желең көкірек желпілдек халді ол алдыңғы жылғы күзде Нұралы Ор бойына барып келгенде ғана бастан кешіп еді. «Патшаның бексауытты қолы іргеге келіп қамал салып жатыр, келесі көктемде ханды сонда шақырып той жасамақшы»,— дегенде, қанша сабырлы, қанша сарбаз болса да, пәлен күн қатарынан көз іліндіре алмаған. Суық күздің өзінде қарадан қарап қапырықтап, тұла бойына көрпе жолатпаған. Қап-қараңғы түнде қараптан-қарап тыстағы тылсым дүниеге құлағын тосып, демін ішіне тартып тың тыңдай қалатын. Жер түбінен «Алдияр патша!», «Әбілқайыр хан!», «Нұралы ханзада!», «Ералы ханзада?», «Аруақ! Аруақ!» деген талықсы айқайлар еміс-еміс жетіп жатқандай көрінетін. Балдызы Мырзатайдың бағанағы дәл қасына кеп жүгіне отырып екі езуін өзер жиып, аптыға айтқан қауқылдақ әңгімесі көз алдына көп көрініс боп тұрып алған. Мұздай темір құрсанған патша сарбаздары орындарынан атып тұрып, хан ием, өзіңіз бен балаларыңыздың аттарын ақ патшаның атына қосып айтып, «Аруақ Аруақ!»— деп өзеурей айқай салғанда көз жасымды тоқтата алмадым. Әй, ол күні көрдегі ата-баба да қарап жата алды дейсің бе? Бір-бір аударылып түскен шығар-ау»— деген Мырзатай өз-өзінен қоқиланып. Аруақ шақырысты деген сөзге Әбілқайырдың да іші жылып қоя берген. Тіпті балғы

Орда басында да ешкім аруақты ауызына алмап еді. Қанша дегенмен, патшаның аты патша ғой. Жаңа қоныста аруақты ауызға алдырған қандай лазым болған...

Қыс бойы солай бабымен қайнаған тай қазандай түбінен шымырлап тұнып, ішінен тасып, сырт көзге сыр алдырмай шыққан үндемес хан башқұрт әңгімесін естігенде есінен адасып қала жаздады. Ор бойына кеп жер қазып жатқандар бастарымен қайғы боп кетіп, бұны шақыра алмас болса, әлгінің артын бағып, қырық құйқылжып отырған қыршаңқы тілді сұқты көз ауылдар өзін қайтадан табалап, қайтадан шықтай бастауы мүмкін еді. Құдай сәтін салғанда, ұлықтар бұның көмейіне бірден түсінің арнайы кісі жіберді. Бұл әншейін хабар білуге келген көзқұлақты әдейі төбесіне көтеріп ұлықтан бақты. Сол арқылы төңірегіне айдынын тағы бір асырып, көңілін тағы бір орнықтырып алмақшы болды. Тәйірі, қазақ қазақ болар да, ырду-дырдуға елікпей тұра алушы ма еді! Жүйрігін жетелеп, палуанын ертіп арсалаңдап жетті ғой жан-жақтан... Тіпті баяғы шалқайысулардан түскен сіре мұздары әлі жіби қоймаған шығар деп жүрген талай сыз қабақ дүрдараз ауылдар да төбелерін көрсетті. Өзі де байқай қоймай жүр екен. Исі алшынның ұлы нобайы төңірегіне қайта иіріле бастапты. Ор бойынан келгендердің арқасында мұндағы жұрттың алдында мойыны бір озып қалды. Ал «елші келіпті» дырдуға жиналған қарақұрымның арқасында патша ұлығының алдында еңсесі және өсіп қалды.

Не де болса, кешегі жиыннан Әбілқайырдың қай есебі де түгел шықты. Пәлен күннен бері у-ду әңгіменің ортасында жүрген хан кеше ғана қасында болып кеткен игі-жақсыларды бір-бірлеп көзіне елестетіп, олардың ауызынан шыққан әңгімелерді есіне түсіріп көрді. Жан-жағы қайтадан ығы-жығы адамға толып, құлағында қайтадан ың-жың үн көбейді. Сол-ақ екен дені жайылып жүре берді. Манағыдан бері әр нәрсені бір ойлап елегізіп отырған көңілі жайбарақат тартып, көзіне қаймақтай ұстасып бір шырын ұйқы үйірілді. Пәлен күнгі жиынның жадында қалған гу-гу әңгімесі құлағына ентелей төніп еміне «әлди» айтып тұрғандай жұлын-жүйкесінің бәрі жібектей есіліп балбырап бара жатты.

Солай шырт ұйқыда жатыр еді, кенет селк етіп оянып кетті. Құлағына бірдеңе кептеліп қалғандай. Жым-жырт. Баяғыдан бергі жабыр-жұбыр үн пышақ кескендей тыйылған. Қапелімде құлағын сипап көрді. Кептеліп тұрған ештеңе жоқ. «Айдалада жатырған жоқпын ба?» — деп маңайын сипалап еді — өз үйі, өлең төсегі... Сонда бұл қалай болғаны? Хан орданың тап мынандай жым-жылас бола қалғаны ақылға сыярлық нәрсе ме? Өңі ме, түсі ме...

Жастықтан басын көтеріп түрегеліп отырды. Төңіректің сол тым-тырыс қалпы. Түсірулі түндік үйдің ішіне ауызы-мұрынынан шығара қара күйе сықап толтырып тастағандай. Қап-қараңғы. Қап-қара. Түнек дүние.

Әбілқайырдың жүрегі тарс-тарс етеді. Соған қарағанда шошып оянған. Сонда тыныштықтан шошығаны ма...

Хан орнынан көтерілді. Ірге жаққа қол созып, желең шапанын иығына жамылды. Сипалап жүріп сыртқа шықты. Қараңғы түнектен шыға келгенде шақырая жарқырап тұрған толған айдың нұры көзін қарып алғандай болды. Есік алдында бетін қолымен көлегейлеп сәл-пәл тұрып қалды.

Әбілқайыр желке тұсқа беттеп, аулағырақ барып, кеудесін самалға тосып тоқтады. Анадай-анадайда найзаларының ұшы ай нұрына шағылысып жасауылдар тұр.

Маңай жым-жырт. Пысқырған, шөп жұлған мал сыбысы да шықпайды. Сәл нәрсеге бола кәук-кук ете қалатын қой төбеттердің әупілі естілмейді. Жақын жердегі ауылдардың бәрі кешегі жиын тарар-тарамаста тұяқ кесті боп тозып бара жатқан сары жұрттарын тастап көшіп кеткен. Жұрт аяғы түгел басылғанша кідіріп қалған жалғыз хан орда ғана.

Пәлен күн қатарынан қылаусыз жарқырап тұрған ашық аспанға арқа бет жақтан кілегейленіп қаз бауыр бұлт көтеріліп келеді. Содан ба екен, айналаға бір байқалар-байқалмас кіреуке тұтылып, көк сұрланып көрінеді. Қақ маңдайдан оң шекелікке енді ауып бара жатқан жарық айдың өзі де иесіз жұрттың орынындағы күл-қабырды тінтіп түртіншектеп жүрген ұлма-жұлма бұралқы күшіктей жасқана қарап тұрғандай.

Төңірек түгел құлазып қалған. Тіс тигіздірмей, тозаң бастырмай балауса ұсталып келген қалың шалғын енді-енді сарғыш шалып қау тартып, әлде бір жын ойнақтың орынындай ұйпалақтанып мыж-мыжы шығыпты. Жан-жаққа тырым-тырағай тараған із әлі сайрап жатыр. Жұрт бірденеден қатты шошынып, енді көрместей боп бет-бетіне безіп кеткендей. Үрке қашқандай... Әдетте алапеске, не шешекке ұшыраған адамның маңынан осылай безіп кетеді деуші еді...

Тұла бойы дір ете қалды. Расында да, мынау шар тарапты өзіне шақырған шаршы төр — хан орда сияқты емес қой...

Сонда кешегі бұның сый-сыяпатына риза боп аттанды деген жұрт расында да, безініп кеткен болмасын. Алды-арттарына қарамай зытқандай ғой...

Әбілқайыр өз көзіне өзі сенбей, айналаға үрейлене қарады. Жұртта қалған деген осы болмасын... Кеше ғана салтанатты көрінген хан орда кенет бұлдырықтың көде түбіндегі ұясындай әрі қоңырқай, әрі бейшара көрінді. Кез келген оспадарсыз тұяқ үстінен басып жапырып, өте шығатындай. Неткен қауқарсыз, неткен пұшайман хал! Кешегі жұрт арасында қоқырайып отырғанда кеңірдегіне тіреліп басын игіздірмей асқақ ұстатқан алапат айбын қайда?! Жаңылыс кеткенді қабақпен ұқтырып, бұрыс кеткенді жанарының бір жылтымен ықтырып тастайтын ересен құдірет қайда?!

Мынау атынан айырылып қалған бейтаныс жолаушыдай ауыл шетінде қалқиып тұрған қапсағай еркекке ондай айбын, ондай құдірет өмірбақи бітіп көрмегендей.

Мынау монтиып-монтиып отырған монтаны үйлердің есігінен ондай салтанат, ондай құрмет өмірбақи аттап көрмегендей.

Отпелі бақыт, отпелі дәурен дегені осы болмасын?!

Кеше ғана сонау айғыр жалдың басына барып, ызғындай жұртқа ауызынан шыққан әр сөзді қағып алып қайталатып, патша ұлығының алдында ант бергізгенде қара нөпір қалыңды өзімен бірге ойлантып, бір тыныстатқан жер құдірет сияқты еді ғой. Соңындағы қарақұрым топ маңайынан енді қайтып кетпейтіндей еді ғой.

Ал енді... Ал енді міне — қоңырайған хан ордасы айдалада жүгі ауып көлігі қашып кеткен бұралқы керуендей... Ханның өзі болса енді қайтерін білмей өз шашын өзі жұлған бейшара керуеншідей...

Әдетте құла түзде бөтен жұрттың саудагерлерін талағанда орыны осындай опыр-топыр болатын. Әркім керегін талап алып бет-бетіне безіп кеткенде еңістіп керексіз қоқыс қауқиып үюлі қалатын. Оның маңайында да кімнің қайда кеткенін білдіртпейтіндей боп тырым-тырағай із шашырап жататын.

Хан өзін жылы төсектен түрткілеп оятып алған осы бір сімсік күдікке өлердей ыза болып тұр. Көңіліне сәл жұбаныш жүгірсе болды, осы бір қанды балақ қарақшыдай қара үрей сап ете қалады. Ойламаған жерден төбеден түскендей боп, ойсыратып кетеді. Әйтпесе, дәл бүгін тап бүйтіп алабұртатындай түні ме еді?!

Қап, осы бір уайым дейтін ұры тазыны-ай! Сәл оңаша қалса болды, тіміскіленіп, қасыңа жетіп келеді. Міне, қазір де, сұпсуық қара тұмсығын бұның уыздай ұйып келе жатқан қуанышты көңіліне кеп сұқты да алды. Ал енді бұдан кейін қапелімде тағат таба алып көр. Ешқашан оны «айтақтап» шақырып көрген емес, ешқашан оны «кет» деп қуалай да алмайды. Жетіп келеді де, құйрығын бұлғаңдатып алдап-арбай бастайды. Аяғына оратылып еркелейді. Бұның сәл байыз тапқан адасқақ ойын тағы бір жаққа жетелей жөнелмекші. Тіпті еркіне қояр емес. Еліктіріп барады... Міне, құлағын жымып алдыңа түсті. Бор төгіп тастағандай бозғылт далаға көрінер-көрінбес боп сіңіп барады... Бірте-бірте ұзай түсті. Қалған денесі жым-жылас жоғалып, оқтын-оқтын құйрығы ғана қылаң береді. Жоқ... Мынау... тазы емес.. Түлкі ғой... Түлкі...

Құлағына әлде бір күмілжі ызың келгендей. Тек өзі ғана естіп, өзі ғана түсінетін ызың. «Елге жөн сілтейтін азаматқа жол көрсетер аруақ болмайды дейсіз бе? Дырду қуған әнші-жыршының да, қызыл қанды судай ағызар қырғын майдан, жанжалшайқас іздеген сойқан батырдың да, түн жамылып жылқы торитын қара сойыл жортуылшының да тілдіде бір, тілсізде бір пірі болады дейді ғой. Ата-бабадан ел тізгінін ұстауға жаратылған сізді де желеп-жебеуші пір жоқ дейсіз бе?».

Тебірене сөйлегенмен орнықты естіліп, көкірегіне қонақтай кеткен биязы әйел үшін күңгірлей шыққан қажыңқы қария даусы қостайды. «Мұндай әрпіл-терпіл кезде ел ұстайтын ердің жол бастары төуекелшіл жолбарыс, ашушаң арлан емес, айлакер түлкі болатын шығар. Заманына қарай амалы деген осы ғой...».

Әбілқайыр құла далаға құлағын тосып тұрып қалды. Телмірген жанарының алдына қатпар жон, қаяулы өң Қаратау келді. Оның бөтекедей бұлтиған бір бөктерінде оқшау отырған жаңғыз үй келді. Күрең шәйді сораптай жұтып ағыл-тегіл терлеп отырған Мәті келді. Етегінің ұшын тізесімен басып, қымсына қызарып шәй құйып отырған Пәтшәйім келді. Екеуінің бұның өңі екені де, түсі екені де белгісіз жол-жөнекей көрген нышанын қалай жоры-ғандары есіне түсті. Жарыса айтқан сөздері әлі күнге құлағында сайран тұр. Содан бері қатты торыққан не қатты шамырыққан кездерінде көзінің алдына сауыры жылтылдап құйрығы бұлтыл-дап түлкі елестей кететінді шығарды. Сол-ақ екен әлгінде ғана өне бойын кернеп алып бара жатқан ыза мен уайымның бәрін ұмытып, шым-шытырық ойларға берілетін болды. Ондай ой ылғи да бір тәуекелге әкеп тірейді.

Ол екеуі бүгін нағып жадына оралды? Бұрын Тұяқты көрген-де бір елеңдеп қалатын. Бүгінгілері не? Бірдеңеден сақтандырға-ны ма, жоқ әншейін желеп-жебеп жатқандары ма?

Хан мынау саумал төгілгендей кілкіп жатқан көлкөсір кеңістіктен әлде бір аңсары бой көрсететіндей сұқтана қарады. Ештеңе көзге түсе қоймады. Бірақ сол дел-сал қалпы тұра берді.

Апырмай мынау қаз бауыр бұлтқа малтыға жалтыраған жарық айдың бозалаң нұры онсыз да шығына қашып тұрған тентіреуік көңілді қайда-қайда қаңғырыстатуын-ай!

Ол да тап осындай салқын-самиян жаз еді-ау. Қара таудың жүлге-жүлгесін адақтап шыққан Әбілқайыр ымырт түсе аңнан қайтып келе жатып, тап осындай қалқып жатқан саумал көлге тап болған. Көз алдында көлкіп жатқан саумал көл атын қанша еміне тебініп түссе де, жылыса қашып жуытпай қойған. Сөйтсе боз белеулі алқап қазбауыр бұлттың арасынан сүзіліп түскен ай нұрынан күміс шашқандай жылтылдап, көл бетіндей толықсып ойнақшып жатады екен.

Онсыз да мынау сықыр кешті одан сайын жұмбақтандыра түс-кісі келгендей маңдай тұстағы алыс жалдың басынан от жалпыл-дады. Барса — алтыбақан құрып думандатып жатқан ауыл боп шықты. Үлкендері қыдырып кетіп, оңаша қалған жастардың бастаңғысына тап болған бейсаубат аңшыны сауыққой жастар қауқылдасып келіп қаумалай кетті. Ер артына бөктерген мүйізі шаңырақтай құлжаны көріп: «Сыралғы! Сыралғы!» — деп жа-мырасты.

Ақ сүт мұнардың арасынан шыға келген боз шекпенді боз жігіт: «Ала қойыңдар!» — дегендей тісін ақситып ыржия күлді.

— Мынау аңшы емес қызыр шығар,— десті біреу.

— Біздің әлгі кішкентай жиен бақытты болады екен. Мына құлжаны соған байлайық!

Жөргектен шықпаған ол жаманға сыралғы қайда, сыралғыны құдашаға байлайық, жол сонікі ғой!

— Аңшы жігіт бір жебесін қимас па екен, апамыз бөпесінің бесігіне тағып қояр еді.

— Әй, сол жаман садырға кімнің көзі тиер дейсің!

Жас жігіттер жабырласа сөйлесіп құлжаны түсіріп алып жатқанда қасына бөрік сәукеле киген кермиық ақ сұр әйел кеп:

— Жақсы келдіңіз! Сауықтас болыңыз,— деді.

Мұндайда қонақ жас болса, үйге беттемей алтыбақанға бергейтін әдеті.

Әбілқайыр жақындай бергенде аяқтасып ән шырқасып тұрған екі қыздың біреуі сыпырылып орынынан түсе берді.

Жұрт кеу-кеулей жөнелісті.

— Әй, бәсе, тегін аңшыға құлжа жолығушы ма еді? Мейман жігіттің ауызы әуелден салымды екен. Алтыбақанды құдашамен бірге тебетін болғанын қарашы.

Алтыбақан теуіп тұрған бала қыз әнтек шалқалап сылқылдап кеп күлді. Ай астында жарқ-жұрқ еткен екі көзі мен самаладай тістерінен басқа ештеңе аңғара алмады. Құлағында тынымсыз сыңғырлап әдемі үн тұрды. Сол үн қаяу түсіп көрмеген шаттық көңілден, таза пәк сезімнен хабар бергендей. Албырт жастық, сымбатты тұлға, сирек ажар ай құшақ қауып табысқан айырықша бақытты жан. Аспандата шырқай тербеткен алтыбақанның ырғағында ақ шәйіге малынған бүлдіршін қыз біресе көкке қарай зымырай көтеріліп, біресе төмен қарай құлдилап түсіп, көлбеңдей қашып ұстатпай жүрген ақ қанат көбелек секілді.

Сонда ол кімнен қашып, кімге ұстатпай жүр? Сонда оның қуғыншысы кім болғаны? Жақында ғана зайыбынан айырылып, қырқынан шықпаған кішкене сәбімен зарығып қалған тұл еркек пе?

Сұлтан жігіт өзін ыңғайсыз сезінді. Көбелек қуып ойнаған кәрі тазыдай мынау сирек қызыққа да серги қоймады. Оның сол бір тұнжыраңқы қалпы былайғы жастарды еліктіре түсті.

— Біздің құдашадан мынау құлжа атқан мергеннің өзі де ығып қалды-ау деймін осы!

— Мейман жігіт сәл есін жиып алсын. Қапелімде басы айналып қалды білем.

— Ажарынан аспандағы ай қаймығып тұрған сұлуға кез келген түбіт иектің жүрегі қайдан дауалай қойсын!

Құдаша қыз одан сайын сыңғырай күледі. Мына ауыл оның сол күлкісінің өзіне-ақ әбден тәнті болып ауыздарын ашып көздерін жұмады. Аспан астында одан басқа жан жоқтай, қит етсе болды, тамсанып таңдайларын қағып қоя береді. Оған жағыну үшін ойда жоқта жолыққан бұны да қалжыңның ұштығына ап, құлағына маза берер емес.

Біресе қақ төбесінен, біресе тап аяғының астынан көлбеңдеп ете қалған ақ желең бұны да еліктіріп алып барады. Ішінен: «Әттең дүние-ай!»— деп қояды. Оны неге айтады? Өзі де түсінбейді.

Осынау сыңғыр күлкінің мәңгі бақи арманда қалдырарын сол кездің өзінде-ақ көріп-біліп қойғандай елігудің орынына елжірей түседі. Бір ұлпа мұң, кермек өкініш кеудесін буып, көзінің алды бұлдырап барады.

Алты бақан, ақ көш, ақ сүйек, көрші-көрші... Ол ауылдың ұзақ таңға сауығы тарамаған. Ай астында бозғыл мұнардай бір сеңіліп, бір қойылып көзін арбап баққан сиқыр елес дастархан басында да осы қазір ғайып болғалы тұрған жұмбақ нышандай қырық құбылып, ойнақтап-ақ бақты. Үстіндегі ақ шытыра көйлегі асқар таудың құз жақпарынан бұйратыла атқылаған ақ түтек тасқынның көбігі сияқты. Бір орынында тұрмай мың дірілдеп, мың сусып құйқылжып-ақ тұр. Дөңгелек ақша жүзінде әрлі-берлі домалап жүрген жақұт моншақтай ойнақшыған қос жанары, үлбірек еріні, күлгенде сау етіп төгіле қалатындай көрінетін маржан тістері онсыз да қылықты сұлуды одан сайын жұмбақтандырып, одан сайын ынтықтыра түседі. Қаралай діңкелеген сұлтан таң алдында кермедегі атына аяғы тәлтіректеп әзер жетті. Көкірек тұсы өз-өзінен бор кеміктеніп үгітіліп бара жатқандай. Ар жақтағы ынтазар жүрек те торынан шыға алмай ұрына-ұрына шаршаған жұлма-жұлма тоты құстай сілікпесі шыға қалжырап, сүлесоқ тартыпты.

«Апырау, бұным қалай?»— деп ойлады сұлтан жігіт.

Үзеңгіге таман жақындап барып, артына бұрылып қараған. Аттандырып салған көп жастың арасында жеңгесінің иығына басын салып күле қарап тұрған уыз бойжеткенді көрген. Алғаш рет тәуекелі барып қолын ұсынған. Малынған ақ желең шытыраның арасынан қымсына созылған ақ білектің ұшындағы сүйрік саусақтардан лүп-лүп діріл сезілген.

Әбілқайыр алдында тұрған көрініс қайдағы бір әзәзіл елес емес, кәдімгі сүйек пен еттен жаралған адам екеніне сонда барып көзі жеткендей болған.

Үзеңгіге аяғын қинала салып, қолына тізгінді қинала ұстаған-ды. Содан бірнеше күн бойы ештеңеге зауқы соқпай енжар жүрді.

Көзін жұмды-ақ — жан-жағын сүттей аппақ ақ мұнар көлкештеп алды. Ақ мұнардың арасында әлдекімдер көкке дейін шырқатып әткеншек теуіп жүреді. Олар қоярда-қоймай мұны да зорлап әткеншекке отырғызып жүреді. Қалай әткеншекке мінеді, солай қанат біткендей қаралай самғап қоя береді. Көк аспанда парлап ұшып келе жатқандай. Не мөп-мөлдір күміс көлде құлаштап жүзіп келе жатқандай. Былайдағы зіл уайым, қысыр қиял-дың бәрін ұмытып, серпіліп қоя береді. Солай біраз шарлайды, біраз шарықтайды. Кенет алты қат аспанның әлде бір биігінен құлдырап құлап келе жатады. Енді сәлден соң қара жерге былш етіп соғылып, күл-талқаны шығып қирап қалатындай. Алабұртқан жүрегі тар кеудені талқандап шығып кетер жол таба алмай, көкірегін дүрс-дүрс төмпештей түседі. Біреулерді көмекке шақырайын десе, дауысы шықпай қырылдай қылғынып жатады. Ғайыптан бір ақ шәйі желең желпілдеп ұшып жетеді де, мұны қағып әкетеді. Өне бойы қайтадан елжіреп, қайтадан балбырап қоя береді. Бұл шұбатылған ақ желеңді жанталаса қармап, баяғы бір ойнақшыған жайнақ көз бойжеткенді іздеп жатады. Оның жарқылдаған жанарын, үлбіреген көзін тағы бір көргісі кеп үз-

діге түседі. Бірақ, ақ желең шәйі кенет бықсыған ақ селдір мұнарға айналып ештеңені жөндеп көрсетпейді.

Сол бір ғажайып елесті өңі түгілі түсінде көруден де торыға бастап еді ойламаған жерден тағы алдынан шыға келгені.

Тайланның тойында анталаған жұрттың алдында бет ашып тұрған жігіт лекілдете төкпектеткен ойнақы жырын аяқтай бере қалыңдықтың бетін көлегейлеген ақ жібек пердені серпіп жібергенде... О тоба... Ар жағынан баяғы сол аң аулап қайтып келе жатып айлы түні жолыққан жайнақ көз бойжеткен жарқ ете қалды.

Әбілқайырдың көзі шарасынан шығып кете жаздады. Желек астындағы жас келін де бұны бірден байқады. Шошып кеткендей селк ете түсті. Назарын бірден тайдырып әкетті. Жұрт беті ашылмаған уыз жас анталаған жұрттан қаймығып қалды деп ойлап:

— Ұялма, шырағым, анаң өткен жол осы!

— Қадамың қайырлы болсын!

— Жаңа желегің құтты болсын!— деп кеу-кеулеп жатыр.

Жас келіннің қолынан дәм татар дастарханның үстінде де Әбілқайыр оң жақ босаға жақтан көз ала алмады. Әркімге ыдыс ұсынып жатқан сүйрік саусақтар көзіне оттай басылды. Оң жақ алақаны бүлк-бүлк ете қалды. Баяғы бір лүп-лүп соққан асау тамырлар есіне түсіп кетсе керек.

Жас келіннің ұсынған алғашқы дәміне риза болғандар рахмет жаудырысып, көрімдігіне біреу тай, біреу бота, біреу қамқа, біреу тон атасып жатты.

Әбілқайырдың ол кеу-кеуде ісі болмады. Ұйықтап оянғандай бір хәл. Сөйтсе, баяғыда бұл садыр Жомарттың ауылына барып құда түскенде досы Тайланға баяғыда өзі көріп, арманда кеткен жұмбақ елесті айттырып қайтыпты. Сөйтсе, баяғыда құлжа атып шаршысына толып шалқып келе жатып жолыққан жайнақ көз бойжеткені — Найманның ең атақты байы садыр Жомарттың қызы болып шықты. Ол жолы ол жаңа босанған жеңгесін төркіндері шақырғанда ере барыпты. Сол күні алтыбақан құрып думандатып жатқан ауылдың үлкен-кішісінің «құдашалап» қылқылдаса қалғандары — осы Патшайым екен. Патшаға лайық санап Патшайым атанған хас сұлу. Уркек еліктей үлбірей қарап бәтен үйде қалып барады. Талай күн түсінде бұның тәніне ақ шәйі жібек боп оратылған арман елес бүгіннен бастап шақыр-шұқыр тас басып тағы аулаған тау тайлақ Тайланның қасында екі көзі жаутаң қағып, екі беті бал-бұл жанған әдемі келіншек боп бірге жатпақ...

Сұлтан жігіт баяғы кеште «Әттең дүние!!!»— деп неге айта бергеніне түсініп отыр. «Әттең дүниенің» айтылар жері ол емес екен. Нағыз «Әттең дүние!» қақпанға түскен қасқырдай арпалысып көкірегінде енді аласұрып жатыр.

Әбілқайыр ойсырап қалды. Айналасына алая қарады. Жұрттың бұнымен шаруасы шамалы. Патшайымның да не күйде отырғанын ойлап бастарын қатырып отырған ешкім жоқ. Қызықтың көкесін қымыз, бақыттың көкесін бағылан көріп обып жатыр,

обып жатыр... Кеңк-кеңк күлгендерінің өзі кекірік сасиды. Тек төрдегі Мәтінің ғана көзінде бір буалдыр мұнар тұр. Күлкісі ашық. Сөзі жарқын. Бет алдында да қуаныш пен мейірім лебі еседі. Ендеше ол неқылған мұнар, не қылған мұң... Дүниенің талайдың жүйкесінде ойнаған бірақ ешқашан түзетілмеген ешқашан түзетілмейтін мәңгілік мінін әлдеқашан аңғарып үлгерген ызасынан гөрі кешірімі көбірек, ызғарынан гөрі ықыласы молырақ солғын кіреукелі жанарын оқтын-оқтын бұл тарапқа бұрып қояды. Көріп кел қария бірдеңені сезіп отырмаса қайтсін!.. Сұлтанның сұп-сұр беті өз-өзінен дуылдап бара жатқандай көрінді.

Той тарқап, жұрт аттанарда Мәті қасына жақындап:

— Сұлтан, атыңды аяқ басылғасын алдырсақ қайтеді,— деді.

Іштей күдіктеніп тұрған Әбілқайыр дымы құрып басын изеді.

Оңаша қалғасын тізерлеп алақанын жайды:

— Сұлтан, құрдасыңа қылған қызметіңді алладан басқа ешкім қайтара алмақшы емес. Батамен көгерер бақытың бар жансың. Батадан басқаның бәрі көптік етеді. Жігітке жақсы атақ пен жақсы құлықтан басқа жақсылық бәрібір қайырсыз. Құдайым тек талабыңа лайық талай, талайыңа лайық сабыр бергей,— деп бетін сипады.

Сұңғыла көрі бәрін біліпті. Бәрін түсініпті. Әбілқайыр да оны аңғарғанын жасырғысы келмей, қолын көкірегіне апарып, даусы дірілдеп:

— Рахмет, Мәті аға! Бәрі де жақсылығымен болғай!— деді.

Мәті үлкен басын кілт көтеріп одырая қарады. Баласын ертіп сыртқа шықты. Керме басына кеп қолтығынан демеп өзі аттандырып салды.

Сұлтан жігіт жан-жаққа жамырай тараған ду-ду топтың көк ала шаңы сейілмей бұлыңғыр тартып тұрған бозалаң алқапта басы кеудесіне түсіп ой үстінде келеді. Мәті шалдың әлгі айтқаны: аттың жүйрігі, әйелдің сұлуы, шексіз дәулет — ол да бір қандырмас шөл, тойдырмас қызық; одан тек қанағат қана тоқтата алады; үлкен іске бас тіккен кісіге алдымен керегі — қанағат,— дегені. Мұны сабырға, ақылға шақырғаны. Манағы дастархан үстінде көңілінде лып ете қалған әзәзіл қызғаныш ұшқынын қалт жібермей байқап қалғаны.

Жер түбіндегі біліп отыратын желмір шал жұмбақтай сөйлеп жүр артып отыр. «Сыналар тұсыңның бірі осы»,— деп отыр. Мәті бидей ақылшың болса — аз бақыт, Мәті бидей сыншың болса — аз тәуқымет емес. Екеуінің қайсысын қалайсың — еркің өзіңде...

Маңайдағы тұман сейілгенмен, ойдағы мұнар одан сайын қойыла түсті. Ақыл мен сезімнің, ми мен жүректің, құштарлық пен сабырдың тай-таласынан түсіп сергелдең боп келе жатқан жігіт бұл әрі-сәрі қалпы ешкімге көрінгісі келмеді. Атының басын басқа жаққа түзеді. Қаратау бойының әр тасы, әр бұтасы көңіліндегі күбірткені күшейте түспесе әлсіретпесін біліп айдалаға

білем-білем шағылдан басқа ештеңе көзге шалынбай шақырайып жатқан шағылтақ қуаңға бағыт алды.

Алыстаған сайын әлгі бір жақсы шашылған құмалақтың тасындай саудырап бәрі айқын, бәрі түсінікті боп келе жатқан сара ойдың бәрі сап басылып, көз алдын баяғы жұмбақ елес қайтадан көлкөштей бастады. Құлағын бір тылсым көйгөй баурап, жанарының жалыны өшіп, бұлыңғыр мұнар ортасына көміле түсті. Сол мұнар баяғы армандай түнге қайта бастап алып баратындай көрінеді. Мәті де, оның сынай қараған көзі де, сыр қылып айтса да, осындай сынадай қағып айтқан өсиет сөзі де — бәрі де ұмытылды. Кеудесін күйік қуырып бара жатқандай тұла бойы қарап-тан-қарап қалшылдай бастады. Құлап кетпейін деп атының жалын құшып етпеттеп жатып алды. Сосынғысын білмейді. Сол жолы жолыққан талма дерт қатты шамырыққанда әлге дейін қайталап соғып, қаралай шалажансар етіп кетеді.

Мәті қанша ақылгөй болса да, бір ащы шындықты ашып айтпапты: жақсы атақ пен абырой қуған адамның да тапқанынан жоғалтқаны, жадырағанынан жабырқағаны аз болмайды екен. Абзалдық та, түптеп келгенде, азаптың екінші аты болса керек. Сол тұңғиық азапқа сыр бермеймін деп іштен тұнғанда жұлын-жүйкеңнің бәрі талмаурап қалай талықсып жығылғаныңды, ақыл-естен қалай қаралай айырылып қарып боп бара жатқаныңды өзің де сезбей қаласың екен! Аштықтан бұралған жетім қозыдай өз-өзіңнен болдыртып былқ-сылқ құлап түсесің. Ондай да туған енеңнің асты-үстіне түсіп мекіренгеніндей төтен мейірім ғана қайта тірілтіп алады.

Ол жолы да Әбілқайыр сондай бір өлімнен қалды. Содан былай ол Патшайымды есіне алмауға тырысты. Ол да бір, бұның жанын алуға келген жан алар да бір.

Патшайымнан қашқақтаймын деп Қаратаудың теріскей бауырайындағы жалғыз үйге талай уақыт ат ізін салмады. Бірақ өзі де білмепті, қашқақтаған сайын сағына, ұмытқан сайын құмарта түсіпті, Сол бір тылсым сезім сананың әлде бір түкпіріне беріш боп қадалып, ақыры дегенін істетіп тыныпты. Баяғы бір талма түсте бұның алдына түсіп айдаладағы жалғыз үйге алып баратын қызыл түлкі де, шамасы, сол өлмей-өшпей қойған есірік дәме, үзілмей қойған үміт болса керек.

Соны бұл аңғармағанмен, Патшайым бірден аңғарған сияқты. Әбілқайырдың жолда көрдім деп ортаға салған нышанын көптен көкірегіне тат боп тұрып ап азапқа салған жан сырының тұспалы деп түсініп, атасының алдын орап әдейі сөз салған сияқты. Бұның көңіліндегі ділгерді әдейі басқа жаққа бұрып әкеткен секілді.

Қызара жымиып, қымсына күліп отырып сөйлеген жас келіншектің шырайлы жанарынан бұл қапелімде көзін ажырата алмаған. Жігерін қайрай, үмітін ұштай сөйлеген келіншек сөзінің көп мағынасына ол көп кейін түсінген. Сөйтсе, ол бұны бишке сілтеп, қиынға ұмтылдыра отырып, қимас қоңілінің «қош-қошын» да айтқан екен. Бір жола торықтыра айтыпты. «Сенің

дәмеңе асқаралы бөліктер лайық. Одан жол-жөнекей қызықтарға бола ауытқыма. Ақырына дейін арпалыс. Алмай қоймас Сенің тәуекеліңе сол лайық. Ал, мен сенің тілекшіңмін. Менен одан бөтен ештеңе дәметпе!»,— дегендей ділгәр сыр да шертіліпті.

Оған бұл тіптен кейін, ана бір жылдардағы дүрбелеңдердің тұсында түсінді. Алғыр келінді көріп кел ата бірден ұғып, бірден қостады. Қызыққа құмартқан қиялдың қызыл тазысын асқарға талпынған асау арманның жол бастаушысына айналдырып берген де сол екеуі еді.

Енді, міне, бұл дүниеде бар-жоғы белгісіз сол рух бұған тағы да аян беріп, шырт ұйқыдан оятып алды. Бір сәт байыз тапқан алаңсыз көңілін қайтадан бебеулете бастады. Бұл — оның қинағаны емес, аяғаны. Сонда ол бұны тағы қандай тәуекелге бел бу дейді? Қиялын қырық саққа жүгіртетін қызыл түлкі тағы қандай жымдарға салып, тағы қандай жықпылдарда сенделтпек?

Ал-сал хан ай астында қалтырып тұра-тұра денесі тоңази бастаған соң қараңғы үйге, жылы төсекке қайта сүңгіді. Бірақ манағы бал-шырын ұйқы қайта орала қоймады.

Көз алдында сол бір әдемі елес көлбеңдеп тұрып алды. Ол елесті өшірсе, оны өзі түртіп оятқан бұралқы ойлар ғана өшіре алады.

Байқап қараса — бұның өмірінде болып жатқан оқиға-құбылыстардың баршасы да сағым іспеттес екен. Қазір ғана бадырайып көз алдында тұрған көрікті көрініс еді айналып бір қарасаң, жым-жылас жоғалып шыға келеді. Бәрі де өң мен түстей. Бәрі де құбылмалы. Бәрі де алдамшы. Өзгермейтіні, құбылмайтыны — түсіндегі шат-шадыман қуаныштың өңінде өзегіңді өртер өкініш боп шыға келетіні. Кеп-келте рахаттың өмірбақи жаныңды қинап өтер бейдауа азапқа айналатыны. Сонда кешегі жеңісі мен желпінісінің де бар болғаны енді айналып келмейтін, көзден бір жола бұл-бұл ұшқан бұралқы елес, алдамшы көрініс қана болғаны ма?! Кеше ғана хан ордаға шүлдірлеп елшінің күймесінің соңынан ұшқан бозала шаңға ілесіп келген қырғын-қызық ырду-дырдудың сол күйменің жал асып барып жоғалған селдір шаңымен бірге сейіліп, бірге құрығаны ма? Кеше ғана ертеден қара кешке дейін ызы-қиқы болып жататын жаң-жұң үннің осы тыйылғаны бір жола тыйылғаны ма?

Ойына баяғы бір маңайынан жұрт безіп аш құлақтан тыныш құлақ жаңғыз қалған жарым көңіл күндерді сап ете қалды.

Сондайда аяқ-қолы бірдей мұздап селк ете түседі. Құрысын! Ол күндердің беті аулақ!

Жалма-жан көлімасын қайыра бастайды.

Сонда қайтпек керек?

Қиялдың қызыл түлкісі сумаңдап тағы алдына түседі.

Мамық төсек жамбасын жантақтай шағып, қай-қайдағы бейназа ойлар қайтадан қаман, қайтадан ұзақ таңды көзінен атқызады.

Хан орда жаңа жұртқа көшіп қонды. Көрші ауылдардың қозы жамыратқандары, иттерінің саңқ-саңқ үргендері жер түбінен

жетіп жатты. Бірақ олар Әбілқайырдың құлағына майдай жағып қалған баяғы жиынның тұсындағы ырду-дырдудың орнын толтыра алмады.

Хан болған соң маңынан қаумалаған қалың топыр, үстіңнен дүбір кетпеуі керек екен. Онысыз ошаған басқандай тызақтап отыра да, жата да алмайтын көрінесің. Билік дегеннің өзі де, ең алдымен, жұрттың сол жаутаңдасқан жалбарынышты жанары сияқты ғой. Соны көріп отырмаса, қай билеушіге де ас батпайтын түрі бар ма қалай?! Мына дүниедегі ең үлкен құдірет — жұрттың бір-біріне піліп-бүгілген кіріптарлығы ғана болып жүрмесін. Кеше ғана бұның қасында қасы мен қабығына қарап телмеңдеп отырған ұлық-сан төменшік назар, түсіңкі кірпік, қаймығыңқы қабақтар бір жал асты-ақ аспандай карап шыға келері сөзсіз. Оларды өйтіп есіртіп жібермеудің жаңғыз жолы — амалын тауып қасыңнан шығармау.

Анада хан орда ай далада қалғанда түн ортасында оятып алып, қиялын қиғаштай қашқан қызыл түлкінің де безектеп жүргені сол секілді.

Қайыңдыдағы у-дудан ұққаны: көп жұрт әлі қазір бұған ұмсына түспесе, қашқақтай қоймайды. Ендігі уайым — солардың қатарын қайтадан спретіп алмау. Оның да жолы — бет-бетіне бытырап кетуге әрдайым дайын тұратын қарақұрым қалың тобырға бәрі жұмылып атқарар ортақ шаруа, ортақ ермек тауып беру.

Оны дәл қазір қайдан табарсың? Баяғыдай жағаңнан алып жағаласып тұрған жауың жоқ. Жоңғар әлі күнге шұршітпен әуре. Біреуге бодан болып отырып кім көрінгенге өз бетіңмен ұрына алмайсың. Сонда қайтпек керек?

Бұл Әбілқайырдың Ералы Петерборға аттанғалы ойынан кетпеген сауал. Оның да жауабын Қайыңдыдағы опыр-топырдың тұсында аңғарған сияқты. Ұшып қонған жат жерлік ұлық қанша мән бермегенсіп мұрынын шүйіріп сөйлегенмен патшаның башқұрт ереуіліне қатты апшып қалғаны байқалды. Ендеше ол мұндайда қарауындағы басқа да бұратына жұрттардың бұл оқиғаға қалай қарап жатқанына көңіл бөлмей тұра алмайды. Сол кезде ол тістеніп отырған жаққа сен де түйіліп отырсаң, өз-өзіңнен іші жылып қоя берері сөзсіз.

Әбілқайыр шөмекейлердің жылқысының қайта-қайта жоғалып кетіп жүргенін естітін. Башқұрт асырып қуалап кетеді екен деген сыбыстан да хабары бар-ды. Ор бойынан елші келе жатырдың дабысы шығысымен жан-жаққа жасауыл шаптырып, ауыл-ауылға жансыз қойды. Сол тұста қолға түскен сұғанақ жігітті әдейі дуылдатып бақты. Оған сотты да патшаның ұлығы өз көзімен көріп кетсін деп жұрт жиылған жерде әдейі құрғызды. Ел арасында қатаң жазаға кесілетіндей бұзақыны араша сұрап аман алып қалатындай сыйлы мейман бар уақытта құрғызғаны — мойынына қан арқалағысы келмегені. Бәрі де өз ойлағанындай болып шықты. Жігіттері аман қалып, жағалбайлылар ырза бол-

ды. Жоқтары табылып, шөмекейлер ырза болды. Бәрінен де аз отырғанмен көп сынайтын бейтаныс қонақ бұлардың бүлікшілермен ешқандай бармақ басты, көз қыстылары жоқ екен деп риза боп аттанғаны дұрыс боп кетті.

Хан бұл арқылы ауылына келіп жатқан патша ұлығын көңілдендіріп аттандыруды ғана ойлаған жоқ-ты. Олардың мынау аты шығып ереуілдеп жатқан жұртқа қасынан отырып қол салса, бұларға қалай қарайтынын білгісі келіп еді. Елшімен бірге атқосшы боп аттанғандарға да бұл жағдайды әдейілеп тапсырған.

Жаз басында кеткендер қашан қара суық түскенше елге орала қоймады. Ол екі ортада хан не істеп, не қоярын білмеді. Ұлы даланың пұшпақ-пұшпағына шашырап кеткен ұлыстарды қайта жиып алайын десе, оларды қайда бастарын білмейді. Тым-тырыс жата берейін десе, мал қайырып шаруа баптап, өзімен өзі болып кеткен елдің ыңғайын қайта шалқайтып алам ба деп қорқады. Әйтеуір, Әбілқайырға ала жаздай ас батпады. Ханмен жылы қабақтастар әр нәрсені бір сылтауратып, ауыл аралап, олардың не айтып, не қойып жатқанын барлады. Әліптің артын бағып жайбарақат жата беруге болмайтын еді. Өйтсе алдына ел тұрмайды. Алдыңа ел тұрмаса, іргеңе келіп қала салып, ертеңнен бастап тізелес отырамын деп жалаңғаң орыс ұлықтарының саған пысқырғаны бар ма? Онымен терезең тең отыру үшін жанжағын қамап қалың елі жайғасуы керек. Ондайда ортаға түсер әр камшы бұның ұпайын асырып, абыройын жоғарлатады. Сондықтанда анада Қайыңдыға келген қалың нөпірде Жәнібек пен шақшақ Бөкенбайдың ынғын айырықша биіктете түсті. Ол екеуі арқылы орыс ұлықтарының алдында Орта жүзге де ықпалы боп көрінуге тырысты. Сол жолы Жәнібектің ауызынан Орта жүз ұлыстарының да ақ патшаға бодан болғысы келетінін, арнайы елші күтетінін шығартқызып еді. Бұл гәпті өз тарапынан кеткен адамдардың да құлағына құйып баққан. Мұндай екі ұдай кезде өз қарауындағы шығыншақ елдің басын, шіреншек билердің ауызын түгендеп отырмаса болмайды. Қол астындағы елің түгілі қорандағы итің де — анда-санда сүйек-саяқ тастап, ауызын қайзалатып тұрмасаң, түтіні қою өзге үйлердің іргесін тіміскіленіп кетеді. Ызғындай елдің ауызына ондай қажаң-құжаңды ылғи өз дәулетіңнен қайтып жыртып бере аларсың!? Жаңғыз амалың — оларды алдарына түсіп бастап апарып, жаудың малын талату. Жаланған жұрттың тізгінін ұстасаң жанжағыңмен жауласпай тыныш отыра алмайтыныңның да басты себебі сол. Уық асынып, қырғыш ұстағанның қасындағы қарусыз қазақты ондай төбеден түсіп, оңай төмпештей салар май шелпек жауға әуелден жарытпаған. Қайда кіжінсе де — алдында құрулы тор, қазулы ор, күркіреген зеңбірек. Шырқ айналып табатының іргеңдегі дәл өзің секілді жалба тымақ, жалаң қол башқұрт пен калмақ. Олар сенің көгеніндегі қоңыр козың секілді қапысын тауып кеудесіне мініп алып: «Сенде жазық жоқ, менде азық жоқ»,— деп жаланып пышағыңды қарш-қарш қайрап отыр-

ғаның. Қапыңды таптырсақ, олар да сенің кеуденде тап солай қарғып мініп ап, тап солай пышақтарын қарш-қарш жанып отырады. Енді, міне, ол екеуіне де құдайдың күнінің сәтіне емес, алыстағы орыстың қабағына қарап қол салатын күйге жеттің.

Әбілқайырдың әр нәрсеге басын бір қатыртып, сарыла тостырған жүргіншілер сүмбіле түсе елге оралды. Хан ауыл енді-енді сес бере бастаған салқын желден ық іздеп, Мұғаджардың бір тұйық қойнауында тығылып отырған-ды. Жал басына қалашылар шыға келгенде ауылдың балалары сандарын шапалақтап алақайлап алдарынан шауып ала жөнелді.

Жел жақтан жол соқты көліктің мұңкіген тер иісі, былғары иісі, орыс матасының қамыр иісі, нан иісі, шәйі иісі ию-қию араласып бірте-бірте күшейе түсті. Аттылардың артын ала көрінген шолақ керуенге кенеп қапшықтар теңделінті. Шамасы, ұн, шәй, қант болса керек. Ауылдағы қатын-қалаш, бала-шағаға сол шолақ керуеннің беліндегі азғантай мәпақа керек. Ал бұның асыға тосып отырғаны — анау алыстан тістері жарқырап келе жатқан төрт-бес аттының көмейіндегі азын-аулақ хабар-ошар.

Кеткендерге бейтаныс біреу ере келді. Жылтаңдаған көзін, жымыңдаған жүзін бір жерде көргені бар сияқты. Біресе оң жағына, біресе сол жағына шығып қолды-аяққа тұрар емес. Жездесін тақымдаған балдыздай еңмеңдеп іші-бауырына кіре түседі. Былдырықтап сөйлегенінен ұлықтардың маңында жүретін көп пысық ноғайдың біреуі екенін сезіп тұр.

— Алдияр, мені таңы алмай қалдыңыз-ау деймін.

Онсыз да сұрғайып отырған хан одан сайын сұстанып өңменінен өткізе бір қарады.

Оспадарсыз мейманның одан қысыла қойған түрі байқалмады. Екі езуі екі құлағына жетіп ыржия күлді.

— Мен Юмашпын ғой...

Онысы кім еді тағы? Юмаш түгілі оның әкесінің атын айтсаң да, таңы қояйын деп тұрған бұл жоқ.

— Баяғыда Мәмбет мырзаға еріп келгенім қайда?..

Тоқтай тұр... Иә, сол топта осындай ыржалақтаған біреудің бары рас еді. Жаялықтай ауызын алдына қиғаштай төсеп мына сығыр қалашылардан жөндеп амандық-саулық та сұратпады-ау...

— Апырай, алдияр тақсыр, қалай тез ұмытып қалғансыз. Баяғыда Қаратүпте отырғанда Мәмбет мырза екеуіңізге көрші ауылдардан талай хабар алып беріп едім ғой.

Е, мынау әлгі су жұқпас шата екен ғой. Қазір қасында тұрған адамның қай уақытта жал асып көрші ауылға барып қайтып үлгергенін капелімде байқай да алмай қалатынсың. Иненің көзінен өтетін пәле еді. Сумаңдап бұл сығыр қайдан жүр? Бұны мұнда кім сағынып қалыпты?

Хан келгендерді майханасына шақырды. Әлгі жылмаңтөс ігір де жоқ, мігір де жоқ, оң жағына кеп тізерлесіп отыра кетті. Мұның ишарасын да күткен жоқ. Әншейінде сауалыңды тоспай, саулап қоя беретін Бәйбек төлеңгіт те біреуге жол беріп отырғандай сызыла қапты.

Әбілқайыр:

— Ал, жөндеріңді айта отырыңдар,— деді.

Оң жақ құлағы былдырлап ала жөнелді. Хан қапелімде ештеңеге түсінбей аңырды да қалды. Біраздан соң барып әлгі жылмаңтестің өзінен бірдеңелер сұрап отырғанын аңғарды. Жәнібектің, Әбілмәмбеттің ауылдарының қайда отырғанын сұрайды. Олар бұған неге керек болды екен? «Кирилов та, Мәмбет мырза да әуелі ханға барып жолық деп, сізге жұмсады,»— деп тақ-тақ етеді. Иә, сонда бұған қандай бұйымтайы бар екен? Бұл ұры тазыны, дәу де болса қазақ арасының қалай екенін біліп кел деп жансыз қылып жұмсап жіберген шығар. Әйтпесе оған қай бір пәтуалы шаруа тапсыра қойды дейсің...

Хан мына былшылбайды сөйлете бермей өзің бірдеңе айтпайсың ба дегендей Бәйбекке қарайды.

Бәйбек күлге шөккен үлектей кеңірдегі сорайып маңқия қапты. Ылғи қызыл тамыры бадырайып жүретін ала көзін әлгі су жұқпастың аузынан алмайды. Ханның бірдеңеге дағдарып отырғанын байқап, сөзге араласты.

— Хан ием, Юмаш мырза орта жүз жақсыларына арнайы қағазбен келеді. Патша ұлықтарына Жәнібек батырдың анадағы сәлемі жеткізілген. Сол сөзін растап қол қойсын деп ант қағазын беріп жіберді. «Әуелі ханға барып жолық. Орта жүздің өзге билеушілерінің ауыз-ләмі қалай екен? Олардың арасында да ант бергілері келетіндер табылып жатса, олардан да ант ала кел»,— деп тапсырыпты. Содан алдымен сізге соғып ақылдасып отырғаны ғой.

Әбілқайыр иығындағы елтірі ішігінің жағасын ілгері тартып, қипақтап қалды. Сонда да сыр бермегенсіп, көзінің қиығын мейманына бір тастап қойды. «Е, бәсе, төрге өңмеңдеуі жаман еді-ау. Осындай шаруаға кісі таппағандай жұмсаған адамдарының түрін қарашы! Патша ұлықтарына берік арқалағанның бәрі бір болған-ау, шамасы. Әйтпесе, ел арасына жүргізердей тап мынадан қандай инабат қандай пәтуа тауып жүр?!

Сөзшең қонақ ауызын тыйып, бұл не дер екен деп жұтынып отыр. Хан жайбарақат тіл қатты.

— Жәнібектің ауылы хабарласып тұрады. Олар да әзір ойға көше қойған жоқ. Сол Ырғыз басы, Жабасақ жағында. Ол жақтың ығы мол. Күнгей бетке қырау түспей көтеріле қояр дейсің бе?! Барақ сұлтан да содан атпен үш күншілік жерде отыр деп есіттім. Торғай маңының торқа түгін тауыспай, ол да Сарысуға беттей қоймас. Ал енді Әбілмәмбеттің анық хабарын менен гөрі сол екеуі біліңкірейді. Естуімше, ол да әлі Ертіс бойында болса керек.

Әбілқайыр мейманына ол күні бұдан өзге тіс жармады.

Шамасы, мынау ойда жоқта келген қонаққа айтылар әңгіме әлі өз көңіліне де дұрыстап қонақтай қоймаған сияқты. Оның үстіне Бәйбектің түйіп келгендерін өз ауызынан естіп алмайынша, ешкімге сыр шашпайтын әуелден әдеті еді.

Мейманды жатын үйге шығарып салғасын қызыл бас төлең-

гітті сыдана алмай қан ұзақ сөйлесті. Мұнша неге көп кешіккендерін сұрады.

Бәйбек те ұлықтар мен хан орданың арасында жүре-жүре әбден ақ қаптал болып келе жатқан-ды. Баяғыда Қайыңдыдан аттанып кеткесін жол-жөнекей ереуілші башқұрттардан көрген тауқыметтерін майын тамызып айта бастады. Бірақ казак атаманы Меровскийнің астамшылығы жайында жұмған ауызын ашпады. Жон мырзаның қазақ даласынан алған әсерлері жайында да екжей-текжейлі сөйледі. Кирилов мырзаның қалай қабылдағанын да ештеңе тастамай бажайлай баяндады. Арам төлеңгіт жол-жөнекей жан қысылған тұстарда өзінің айла тауып кеткен жерлерін еске алуды да ұмытпады. Патша ұлықтарымен болған әңгіменің тігісін жатқызып, иін қандырып бақты. Оған айтқызсаңыз, патша ұлықтарының Әбілқайыр хан дегенде шығарға жандары басқа. Ор бойындағы қамал да әлдеқашан бітетін еді. Башқұрт тентектерінің қол байлау болып тұрғаны. Ералы ханзаданың елге қайтатын уақыты болып еді. Ханды қонаққа шақырып, басқа аманат алуға тағы да әлгі қарғыс атқыр ереуілшілер мұрша берер емес. Башқұрт бүлігі тез ауыздықталса, қазақ ханының бағы жанғалы тұр. Қысқасы, көтерілісшілерді баса алмай мұрындарынан шаншылып жүрген ұлықтардың бұлар ат үстінде жүрген көршілеріне іргеден жатып қол салар болса, оған қуанбаса, ренжитін түрлері көрінбейді.

Хан төлеңгіттің бетіне бажырайып тағы бір қарап қойды. Ол орақ мұрынның астына ширатыла жайғасқан шалғы мұртын таулап, өз сөзіне өзі әбден риза болып рахаттанып отыр. «Өзіңнің де керегің осы емес пе еді? Бітіріп келдім ғой?»— дегендей тоқмейілси қарайды.

«Патшаның ұлықтары осы неменің ауызын алып қойғаннан сау ма? Оларға шық жуытпай сөйлейді ғой. Әлде олармен екі ортада делдалдықта жүрген өзінің бәсін көтеру үшін әдейі істей ме екен?».

Әбілқайыр әлгінде ғана Юмаш шығып кеткен табалдырық жақты иегімен мегзеп:

— Мына немең не көздеп шығып жүр?— деп сұрады.

— Анада келіп кеткен Жон мырзаның Орта жүз руларына ықпалыңыз жайында айтқан әңгімесіне орыс ұлықтары қатты елеңдеп қалды. Бұл әңгіменің ізі суып кетпей тұрғанда Орта жүз жақсыларының оң ыңғайын қағаздап қалуға асықса керек, біз енді аттанғалы жатқанда қасымызға әлгі немені әкеліп қосты. Маған да: «Ханға айтыңыз, бұл кісінің Орта жүзге бара жатқан шаруасына қол ұшын бергенін қалар едік. Ол еңбегі императрица агзамнан лайықты бағасын алар еді,»— деп қайта-қайта тапсырды.

Мынасы ханның құлағына қатты жағып отыр. Бір кездегі сілтіге салған сүйектей құп-қу боп жүретін қан-сөлсіз жүзіне іңірдің қызылындай күренітіп шырай ойнап шыға келіпті. Құндыз қара мұрты бұрынғыдан бетер жылтырай түскен.

Оны көріп Бәйбектің де көзі жайнап қоя береді. Төленгіттің

оңысын жақтырмағандай хан шытынып қалды. Мұндайда оқыс бұлт ете қалатын шықшыт сүйегі не оның сөзіне шанбай отырғанынан не әлде болса да, ішінде тұнып жатқан тағы бір тымырсық уайым бар екенінен сес бергендей еді.

Аң-таң төлеңгіт ауызын ашып шығып кетті. Не істесе де, артының қайда апарып соқтыруы мүмкін екенін жан-жақты таразылап алмай тұрып, төуекелге бел бумайтын Әбілқайыр ол күні де көрер таңды көзінен атқызды.

Солай де... Ақ патшаның ұлықтарының сөйтіп енді Орта жүзге әукесі әбден құлады де... Оларын білсе, Орта жүздің шонжарлары да былайдағы батпан көкіректерін ұмытып, қоғадай жапырылып шыға келулері мүмкін ғой! Әу баста да патшаға бодан болуға қарсы болғандары шамалы-тұғын. Олардың жынын келтіріп жүрген — басқа ештеңе емес, Өсеке баласының алдарын орап кеткені еді ғой. Ақ патшаның елшісінің қазақ даласында одан гөрі аталырақ, аруақтырақ өзге сұлтан құрып қалғандай Әбілқайырдың іргесін бағып шықпай қойғаны еді ғой. Өз ауылдарына қанша шақырса да, нуға айдасаң, қуға тартынған қиқар өгіздей көткеншектеп тұрып алғаны ғой. Сонда ол айтқан тілді ала қойғанда бәрі де майлы қасықтай бола қоймайтын ба еді? Онда Петерборға Ералы емес Жәдік тұқымының бір төлі бармас па еді? Жарты жаһанның падишасы қатын патшаның алдында қазақ даласының ендігі тәңірісі менмін деп қаздиып қарап тұрмас па еді? Онда орыстың бексауытты қолы Кіші жүздің іргесіне емес, орта жүздің іргесіне шаһар салып қан базар қылып жатпас па еді. Ондай пәтуаға тек бір ғана хан емес күллі қазақ оң қарар еді. Әбілқайыр Жәдік әулеті көмейін айтпай білініп отыр: «Асылы орыс ноқай деген рас білем... Басы-көзге қарамады ғой! Алдымен барғанның соңынан ерің жүре берді. Жұртты да өздеріндей көретін болса керек... Бұларға да — тайлағына ерген түйедей Өсеке балаларының соңына ер, солардың айтқанымен жүр»,— дегілері келеді. Оған бұлар көнгенмен аруақ көнер ме... Соны айтсаң, түсінбейді. Жер түбіндегі патша өзі көрмегесін білмесін... Жіберген елшісі көзі көріп отырып құлағына неге ілмейді? Шамасы, Өсекенің қашан көрсең де оқ жыландай сұпсуық боп состиып тұрар көк жұлын баласы шала кәпір, шала мұсылман дәлдүріш немені торғай арбағандай сықырлап тастаған сияқты... Соның қарасынан бір елі аттап шықса өлетіндей қалшылдап-дірілдеп үрегейленіп қоя береді. Жарайды ермей-ақ қойсын... Орта жүзге келмей-ақ қойсын... Бәрінен бұрын соңынан Уфада қуып жетіп: «Патша сарайына бізді де ерте кет!»— деп барған елшілерін тілдерін салақтатып кері қуып тастаған қорлығын айтсайшы! Күздің қара суығында бұралқы иттей бұралып ауылға әрең жеткен елшілерін көргенде Сәмеке көрге тірілей кіргендей болды... Оның түбіне жеткен де — сол масқара. Содан еңсесін бір тіктей алмады. Жұрт арасында: «Сәмекеге Әбілқайыр астыртын адам жіберіп у беріпті... Баяғыда Қайыптың да түбіне солай жеткен екен»,— деген қаңқу таратқан да солар. Әбілқайыр ол сөздің кімнен шығып, неге шығып отырғанын орине

біледі. Әйтеуір үркек елді бұдан шығынта беру... Лақапқа құранның сөзінен бетер сенетін пәтуасыз жұрттың көр көкірегіне оның атын әзірейілі қылып ұялатып бағу. Бұл оған түсінді. Бұл оған шыдады. Ақырын күтті. Ақыры да Жәдік әулетіне жайлы тиген жоқ. Ор бойындағы жаңа қорғанда Нұралыға берілген қонақасының хабарын естігенде олар шоқ басып алғаннан жаман шоршыпты. Мұндайда алдымен өті жарылып, алдымен ыршып түсетін көкжал Барақ шыдай алмапты. Белдеуінде күні-түні байлаулы тұратын көп жалды қараның біреуіне қарғып мініп дүсірлетіп шаба жөнеліпті. Жәдік тұқымының өзге сұлтандарының ешқайсысына соқпапты. Атының басын сонау Сарысуда отырған Күшіктің іргесіне барып бір-ақ тірепті. Заманында Түркістан мен Шашқа сыймай қандатып өткен «ант ұрсын хан Тұрсынның» екі баласы бір-біріне жылап көріскендей болып әбден шағыныпты. «Атаға сеніп талтаңдай-талтаңдай бұты іскен шәртік айғырдай Жәдік балалары тірілей келеден қала бастады. Тәуке елгелі қай іске тәуекел етсе де асығының алшы түгілі тәйкі түскен жері бар ма? Баяғыда Дәурен биіктегі жеген таяқ анау... Кешегі Уфадағы тиген соққы мынау... Енді, міне, ақ патшаның сары ала иық сардары іңір қараңғыда үзігіңе қонып ап қылғына шақырған байғұзға ұқсап «Әбілқайыр», «Нұралы», «Ералы» деп қиқылықтайды да отырады. Қанша жыл қазақтың сауырында келе жатқан Шығай тұқымының бір де бірінің аты ауызына түспейді? Біреуі атам, біреуі қайнағам, біреуі қайным деп айтуға ауызы бармайтындай қатын патша қайбір Шығай тұқымының босағасына желегі желпілдеп келіп боп түсіп еді?!... Аузына алмайтыны: «Мен бар жерде билік пен бақ Өсеке тұқымында! Жәдік балалары, сендер енді құмаршық теріп, қарғатұяқ қазып кетсеңдер де, шаруам шамалы»,— дегені. Оның тап сонша ұқпайтындай, аңғармайтындай несі бар? Баяғыда бізден мықты ағаттық кетті. Әбілқайырды үркітеміз деп жүріп, ақ патшаның елшісін шошытып алғанымызды білмедік. Сондағы қиқарлығымызды көрді де, бізді шетіміздеп ит мініп, ирек қамшылаған диуана біреулер санады. «Бұларға құлақ асып еш пәтуа таппайсың»,— деп ойлады. Түбі тоқалдың баласы ғой... Әбілқайыр тірі жетімдікті көп көріп әбден мүләйімсіп үйренген. Монтып жүріп бәріміздеп сол озды. Қазақ арасынан бір тұтқа табылғасын ақ патша қалғанымызды қайтсын... Көзіне де ілмеді, Сонда осылай өлексе болып қашанғы жүре береміз? Қылмаймыз ба бір амал... Ірі кетеміз деп бітіргеніміз баяғы... Енді біз де Өсекеңнің ұры тазысындай майда турап, майыса сөйлеп, мәймөңкелеп көрсек қайтеді... Біз де құлқынымызды үзіп құлдық ұрсақ қайтеді... Өзі қатын, өзі патша екені рас болса, Анна Иоан қызы монтаны көз, момақан сөзге әсте ермей тұра алмас... Жұмсақ көйгей не бір тұлыбына қайырылмайтын қайырымсыз түйенің тас емшегін де жібітуші еді ғой... Біздің де әке-шешеміз қайбір қанжығамызға өңгерулі жүр? Біз де сол құлқыны құрып бара жатқан жетім ботадай боздап берсек қайтеді... Кім біліпті, үмітсіз сайтан, естір... Енді бәрі бір жер түбіндегі оның ықпалынсыз мында да

үйірге қосылып бүйіріміз шығар түрі жоқ қой. Қашанғы қасқыр шапқанда ғана керек азбан айғырдай босқа азынай береміз? Біз де ұтырын тауып қимылдап көрейік те... Бәлкім, сәті түсер».

Бұл білетін Тұрсынның баласы, Барақ болса, алда-жалда айдалаға жалғыз түнеп ауызы-мұрынын қисайтып алып жүрмесе, тап осылай таусыла сөйлері анық. Бел артса бесті биенің өзін жерге сіңіріп жібере жаздайтын түкті қошқардың анау-мынау құдыққа қауға қып салсаң да олқы соқпайтын салпақ күйегіндей күйе сақалын көсей тастап, бір шалғысын шаңыраққа іліп қойсаң да, келтелік етпейтін шыршық мұртын ширатып отырып, жосыла сөйлегенде тосылмайтын кісі жоқ. Әсіресе, бұның Күшік құдасы тосылмақ түгілі тұралап қалар. Қылшық дәреттінің басқа бір естиярлау түрі құрығандай, көзін ашпаған бейшарасының атын қойып ата-анасының не ойлап жүргенін кім білген?.. Әйтеуір ол құданың түйенің жарты етіндей салқам денесіне аты қандай жараспайтын болса, мінезі де сондай жараспайды-ақ. Дегенмен ата-анасы, обалдары не керек, әулие жарықтықтар екен. Сөз сөйлегені аумаған күшік... Арсы-күрсі мейманның жолында жатып, бөксесін жаншытып алған ұрғашы қыл дәреттідей қыңсылап қоя бергенде... Төбе шашыңыз тік тұрады... Қорыққаннан емес... Аяғаннан... Ұи бітімі өң бітіміне келмейтін мұндай да адам болады екен... Үй сыртынан дауыстасаң, төрден тіл қатқан ол құданың жауабын естіп, жас босанып, онда да қиналып босанып, қалжаның сорпасына әлі қана қоймаған әлжуаз әйелден басқа қарасы жоқ баспанаға қайдан ат байлап жатайын деп жолыңнан қалмай тартып жүре бергендейсің...

Қыл дәреттінің қасиетіне сондай жетік ата-аналары аттарын әуелден біліп қойған әлгіндей Барақ әлгіндей Күшікке әлгіндей деп шағынғанда жағдайдың қандай болатынын көзге елестетіп жатуға көп ақылдың керегі де шамалы шығар. Шағынбақ түгілі көз жасын көл қылып жалынса да, гәп бәрібір белгілі емес пе: Барақ барақтығын істеп төне сөйлейді, Күшік күшіктігін істеп көне сөйлейді.

Ол жолы да сөйтеді. Біреуі он мың үй найманды ұстап Сарысуда, біреуі отыз мың үй найманды ұстап Торғайдың Тосын құмында отырған екі сұлтан тәуекелге бел байлап, баяғыда қорлығы әбден өткен Мәмбет мырзаға жалынып-жалпайып хат жазбаққа тоқтапты. Олардың ойынша, Әбілқайырдың жұлдызын жандырып жүрген сол мырза. Ол неменің көмейін Әбілқайыр ала білгенде, бұлар неге ала алмайды? Мал керек пе — шұрқыраған жылқы анау. Дәулет керек пе — ол да құдайға шүкір. Әйтеуір бір шәлдүріш ноғайдың ауызы-басы майлануға жетеді. Ол неме тіпті «қыз керек» деп қиғыру салса да, тартынатын ештеңе жоқ. Кез келген барымташы өңгеріп кетіп жатқан бір қарбашаны одан аяп қайтеді?! Тек сол кекірейген неме бұлар жіберген ала қағазды отқа лақтырып жібермей оқып шықса болды!

Жазғанда да оған күл білтелеп жатпай: «Баяғыдағы Әбіл-

қайырға жіберілген елшіліктей елшілікті бізге де жіберіңіз»,— деп жазады.

Тұрсын ханның екі баласы екі күн ойланып жаздырған ала қағаздың астына құлынның сүбесін талмап, қысырақтың қымызын ішіп қызара бөртіп отырған Төлеген мен Тілеуімбет, Шәребай мен Шүрік, Боқай мен Қалқаман, Шұбар мен Өтепбай, Ақшора мен Сүйіндік, Жарасбай мен Орыс, Әйтімбет пен Қазқара, Жоламан мен Теріс таңбалы Жарылқап, Өтебай мен Үсен, Балтемір мен Тоқаш, Сатыбалды мен Қонақбай — ну найманның барша жайсаңы тапқандары мөрін, таппағандары бармағын басады.

«Осылардың еті пысық-ау, осылар орта жолдан қайтпайды-ау» дегендейден бес кісі таңдалады. Шөп Орысқа, Оразмұхамбетке, Құнекеге, Байназарға, Жансарыға түседі. Ол бесеуі нағыз іздегенге сұраған екен. Башқұрттың ауылдарын жаңқадай жағып қызыл өрттің құшағында жүрген Мәмбет мырзаны тауып алып, өз қолдарынан табыс етеді.

Бұл гәпті Әбілқайыр қайын атасы Күшіктің ауылына көрісе барып қайтқан Нұралыдан естіген.

Естіген де абайсызда түйнеме шыққан малдың етін жеп қойған кісідей тұла бойы бір түршіккен.

Жүріс-тұрысы, сөз саптасы ала құйын арсы-күрсі болғанмен, шын мәнінде жылымнан шабақ қуалаған шын жылпостың өзі көкжал Барақтың арғы ойын түсіне қойған. Сәмеке болса — өлді. Әбілмәмбет — әкесі Болатқа тартқан бос белбеу, Әбілмансұр қатарға енді-енді кіріп келеді. Ағасы Күшіктің жайы белгілі. Өлкейектегі Жәнібек, Ұлытаудағы Қазыбек: «Өңшең Жәдік балалары, бірің өл де, бірің қал» деп өздері қарадан шығып хан болып, ештеңеге араласпай отыр. Сонда Шығай тұқымында бұндайға өзінен түсірімді ешкім жоқ. Үш арысқа ортақ тақ бос тұр. Орта жүз тағы бос тұр. Осы тұста мықтап қимылдаса, екі бос тақтың біреуі болмаса біреуі тақымға түсуі мүмкін. Ол үшін анау Әбілқайыр секілді ылдидан салып төске озу керек. Ол үшін ақ патшаның қолдауы керек. Ақ патшаға түсер кілт ана жылы қазақ арасына келіп кеткен Мәмбет мырзаның қолында. Осындай алас-құпаста ауызын алып қоймаса, ол неме қазаққа біткен барлық ноқтаны талай жылы-жұмсағына өзі ортақтасып қалған Өсеке балаларына ұстата салуы мүмкін...

Түсінген де пәлен күн күлкіден, пәлен түн ұйқыдан айырылған. Ауаланған әйелдей жан-жаққа жалтақтай қарап хабар тосқан. Бір ай өткенше бір сыбыс шықпаған. Бір жыл өткен — еш бір сыбыс шықпаған. Ұлықтар ләмим ауыз ашпай тым-тырыс жатып алған. «Мамаш баласы Мәмбет, Барақ пен Батырдың баяғыдағы сойқандықтарын қайдан ұмытсын! Іші жылымай, жауап бермей жатыр ғой»,— деп ойлаған. «Мәмбет мырзаны сайтан иектеп жүрмесе, мына даладан басын әзер аман алып кеткенін естен неге шығарсың!» — деп тоғайған.

Енді, міне, ойда жоқта апақ-сапақтың ақ сайтаны ұқсап қылаң-сылаң жетіп келген мына бір ұры тазы жер бетіндегі өзге

хабар құрығандай Жәнібекке қосып Барақ пен Әбілмәмбетті де сұрайды. Сол былтырғы аттанып кеткен ала қағаздың бір дүмпуі болмаса, олардың қай құмды оттап, қай суды сулап отырғанын осынша ежіктей сұрап, бұл неме оларға қай бір малын қосып қойып отыр дейсің?! Жәнібектің ауызынан шыққан анадағы сөзді естігесін, патшаның ұлықтарының есіне олар да сап етіп түсе кеткен шығар. «Оларды да бара кел, көре кел, біле кел!» — деп тапсырған шығар.

Әлде осы анадағы Қайыңдыдағы жиынға Жәнібекті қатыстырғаны қате болды ма? Көптен Орта жүзге қол іліктіре алмай жүргенде Жәнібектің ауызынан шығыпты-мыс жаңғыз жылы сөзге желімдей жабыса қалуларын қарашы! Көктен сұрағандары жерден бергендей, естері кете қуануларын қайтерсің! Сол немелер бұның баяғыдан бергі көріп келе жатқан тауқыметінің бәрін ұмытып, жас иіске құнжыңдасқан кәрі азбандардай, бұны тастап, енді солай қарай аунап кетіп жүрмесе нетсін? Ойынның көкесін сонда көрерсің!

Мынандай сұрқия ой мамық төсектегі Әбілқайырдың ішін мұп-мұздай қып қарып өтті.

Солай болуы мүмкін бе?!.. Ол арасын бір алладан басқа кім алдын-ала біле алсын! Бәрі де енді мынау жылмаң төсекке байланысты болуы мүмкін. Оны Жәдік тұқымы қалай қарсы алады? Жәдік тұқымының ауыз ләмін мына сығыр қожаларына қалай жеткізіп барады? Бәрі енді соған байланысты.

Ендеше ол неге Орта жүзге тура тартпай бір бұру отырған бұған соғады? Оны жұмсап отырған ұлықтар неге бұдан қолқабыс сұрады?

Әрине, бұның бәрі тегін емес. Ұлықтар Жәнібектің жақсы лебізін пайдаланып, күллі Орта жүздің бетін бері қаратып алуға күш салып бақпақ. Ол жолда Барақ пен Күшіктің былтырғы хатын да пайдаланбақ. Бірақ, бұл әрекеттеріне Әбілқайырды да араластырмақ. Сөйтіп, оның да көңілін ауламақ. «Мыналар менің дұшпандарыммен ауыз жаласып кетті-ау»,— деп апшып қалмасын деген іш есеп. Кешегі жылпос неменің әр әңгіменің ұштығын бір шығарғанмен, ешқайсысының ар жағына терендеп бойлағысы келмейтіні де сондықтан. Әуелі бұның ыңғайын танып алмақ.

Хан қатты ойланып қалды. Ұлықтардың бұл қылығын қалай ұғып, қалай әрекет еткені жөн?!

Қанша дегенмен, бұның алдынан өткендері — бұнымен есептескендері. Олар бұның қас-қабағына қарағанда, бұның олардың қас-қабағына қарамағаны әнтектік болады. Патшаның бодандығына тек Кіші жүздің ғана емес, күллі қазақтың қарағаны, түптеп келгенде бұған керек. Одан орыстың алдында да, қазақтың алдында да бұның абыройы аспаса, төмендемейді. Барақ бүгін қанша жылмаңдағанмен, патша оның баяғы қылығын бәрібір ұмыта алмайды. Жәнібектің ауызынан шыққан бір ауыз сөзге іле-шала елші аттандырғанда, Барақтың хатына бір жыл бойы жауап бермей қойғаны — сол ұмытпағаны. Орта жүзге бара

жатқан елшіні бір жақта бұру отырған бұған бұрып, ақыл-кеңес сұратқаны тағы да содан. Ендеше ақ патшаның ұлықтары осы арқылы да Жәдік тұқымының алдында мұның абыройын асыра түспекші! Ендеше ол мұндай жерде жоқтан өзгені дәт тұтып өз бағын өзі неге байласын...

Бірақ бұл ойланып қимылдар тұс. Мына жылмаң төстің Орта жүзде нағашысына барған ерке жиендей жолы тым оңай боп кетпеуі де ойластырылғаны жөн. Бұл білгенде Жәдік тұқымы аса кіді. «Өсеке баласына сары ала иық ұлығы келгенде бізге мына бір ұры тазысын қайдан тауып жіберген?» — деп өкпелеуі де мүмкін. Расында да әлгі неме елшілікке жүргізбек түгілі жоғалған жылқыңды іздетуге татыр-татымас тұзы жеңіл сорлы екен. Карлы қатынның қалжасындай арзымсыз немеге шалқақ бас әулет қыржыңдаса сол қыржыңдағаны жөн... Сонда олар да ақ патшадан елші кепті деп ақ түйенің қарынын жара салмас еді. Сонда әлгі жылмаң төс те ертең ұлықтарына оралғанда мұнда не құрмет көргенін айтып таңдайқата болмас еді.

Ендеше бұл да — Әбілқайырдың қамсыз қалмауға тырысатын жері. Бұл білетін Жәдік тұқымы Әбілқайыр араласқан іске бір қитықтанбай қалмайды. Айғырдың алдын көрмеген асау байталдай аусар әулеттің шабына аямай ши жүгіртіп бағатын кез енді келді. Ертең әлгі жылмаң төсті шақырып алады да ақылын айтады. «Осыдан басыңды бұрмай Жәнібекке бар»,— дейді. Жәдік тұқымының: «Төрені көрмей, қараға соққаны несі!» — деп талақтары тарс айырылсын бәлем!».

Одан шыққасын Бараққа соғады. Тарпаңның айғырындай тасыр неменің қайткенде қитықтататыны бұған белгілі. Мынау ұры тазының қасына оның көзіне сүйелдей шаншылтып өз адамын қосады. Бұл сығырды Бәйбек пен Итжемеске ертіп-ақ жібере салар еді. Барақтың ауылында нағыз түйе тапырақ сонда болар еді. Бірақ, бұл орта жолда Жәнібекке соғады ғой. Орыстың ұлықтарының жоғалған жұлма тайлаққа ұқсатып мына біреуді жұмсағаны аз болғандай Әбілқайырдың есіктегі екі қызметшісін қосақтағаны көңіліне келеді ғой... Әрі өзінің араласы бар бұл істі, бір жағынан жетім қыздың тойындай жұтатып жібермей әрлеп өткізгені де дұрыс болар еді. Ұлықтар жұмсаған адамға бұл Нұралы мен Жәнібекпен талай жерде жорықтас болып жүрген шөмекей Арыстанбай, жағалбайлы Серке, маскар Төлебай секілді салиқалы біреуді ертіп жіберсе, тіптен келісіп кетер еді. Шақшақ батырының ар жағында екі нығын жұлып жеп Барақ тұр ғой! Әбілқайыр Жәнібектің шашбауын көтергенмен оның шашбауын қайдан көтере алсын! Сондықтан әрі орта жолдағы Жәнібектің кеудесі басылып қалмайтындай қып, әрі ар жағындағы Барақтың нығы шығып кетпейтіндей қып серік тауып берген жөн. Әрі ойлап-бері ойлап ондай серіктердің де ретін келтірді. Ол Ниязағасы мен Мырзатай балдызы. Жолға салсаң да, екеуі ешкімнен сорлы емес. Хан әулетінің өз адамдары. Біреуі тіпті сұлтан. Ол екеуімен Жәнібек сыр мінез. Бұрын да талай барысып-келісіп араласып жүрген адамдары. Ал Барақ ол екеуін

көргенде бұны көргеннен бетер жиырылып шыға келеді. Оның үстіне Нияз ағасы қаукылдаған ақ көңіл адам болғанмен оспадарсыз. Қайдағыны қайдан шығарып тұнық суды лайлауға келгенде одан шебер кісі жоқ. Ауызы қарап отырмайды. Ит жылғы сүйегі құрап қалған бабаларды айтып мақтанады. Қазіргі гүрлеп тұрған інісі бұны айтып мақтанады. Нұралыжанның салихалы сұлтан боп өсіп қалғанын айтып мақтанады. Орыстың қолындағы Ералыжанның аптасына неше рет іш киім ауыстыратынын айтып мақтанады. Тіпті мақтанатын ештеңе таба алмаса, Тұрсын хан баласының ауылы қонған жердің жан-жағының жылмағай тегістігін айтып тиіседі: «Пақырлар-ау, көсенің иегіндей қып мына жазықты қайдан тапқансыңдар? Ойламайсыңдар ма, түге... Әйел пақырлар шапан бүркенсе де бір айласын табар. Ал бөкселеріңді шөккен түйенің ту сыртындай бұлтитып өздерің қалай түзге отырасыңдар?! Бұл жағынан біздің орданың қонған жері рахат. Ауылдың желкесі терең сай. Түзге отырмақ түгілі кісі өлтірсең де, ешкім көрмейді». Былтыр керей мен уақтың біреуінің ауылына барғанда: «Жарықтық, осы шалғынды жердің малы-ай. Қаңқайған сүйегі болмаса, етінің нәрі жоқ. Жесең, аузың су татиды. Қоғаның басындай үлпілдеген неменің кенеуі қайдан болсын! Жарықтық ет деп әне бұйрығын мен изенге жайылған біздің елдің малын айт. Ауызыңа салсаң болды, жүрегіңнің басына шық етіп жетіп барады»,— деп айтам деп таяқ жеп қала жаздапты. Ол аман болса, бұл жолы да талай қырғынды шығарар. Оның үстіне баяғы Петербор барғанын әлі ұмыта алмай жүр. Ауызын ашса — соны айтады. Уфа жақтан, Самара жақтан біреу келсе, сол жолы сапарлас болып қайтқан адамдарын сұрайды. Ақ патшаның қабылдауы сөз болғанда, ауызын ашып көзін жұмады. Ол әңгіменің қай-қайсысы да Жәдік тұқымына жеті бабасын сақалынан бастап балағаттап бергеннен жеңіл тимес. Ал Мырзатай балдыз одан өткізеді. Әрі қиқар. Жоқ дауды сұрап алады. Көңілінен шықпаған сәл нәрсеге бола тап енеңді ең ссал жері осы-ау деп кіндіктен сәл төмен бір жалпайта соқса, төбеңнен тау құлағандай боласың... Ол екеуінің Самарадан келіп отырған елшіңе де, түсіп отырған үйінің шаңырағына да түшкіргені бар ма? Көмекейін қышытып тұрған көп сөзден арылғандарына мәз. Ондай серіктермен барған елшінің де, ондай елшілікті қабылдаған ұлыс иелерінің де айдарларынан жел есе қоймасы белгілі.

Жәдік балалары мына жылмаңтөс пен серіктерін менсінбей талақтары тарс айырылса тіптен құба құп. Ал: «Маңдайға салғаны осы болса, оған да көндік»,— деп қол жайып құрақ ұшса, ол да теріс емес. Екеуі де оларға ел алдында абырой алып бермейді.

Әбілқайыр да бұл жақта қарап жатпас. Мына шаруаға өзінің тікелей қатынасы барын жар шашып жариялап бағар. Құдайға шүкір, дақпырта сөйлемесе басы ауыратын даңғойларға, түймедейді түйедей қып көкитін желбуаздарға қазақ арасы қашан да кенде болып көрген емес. Ондайлар мұның төңірегінде де жыртылып айырылады. Ал Нияз ағасының қай төренің төрінде де: «Бір

көрген біліс, екі көрген таныс деген осы ғой. Ақ патшаның өзі Әбілқайыржанға жұмсаған адамдарына «Нияз сұлтан, Ералы ханзадаларға да арнайы сәлем айтыңдар» деп арнайы тапсырып жатады. Құдайға шүкір, нұр сипатын көзімізбен көріп, қолынан дәм таттық қой. Бізді қайдан ұмытсын. Осы жолға да алдияр падишаның сол көңілін қимай шығып кеттім. Әйтпесе, басымның сақинасы бар. Шәйы қою емес ауылдарға барсам, өліп қала жаздаймын. Сусынның көкесі шәй ғой. Құдай, әлгі қымыз дегенің мал соңындағы жалақ еріндердің ғана таңдайына татиды ғой!» — деп бөсіп берері кәміл. Сонда онсыз да су көтермей отырған Жәдік балалары ақ патшаның ұлықтарының әуелі Өсеке шаңырағына бір қарап алмай, іс қылмайтын бола бастағанын өздері де аңғарар.

Оған шамданып шалқаларынан түссе, құдайдың тіптен бергені. Ақ патшамен аралары бұрынғысынан бетер суысып кетеді. Ал енді соның өзінде де өлермендікке басып ыңғайға жығылып жатса, сары ық ұлықтар Әбілқайырдың бір кездегі өліспей беріспей келе жатқан дұшпандарының өздері дегенінен шыға алмайтын күйге жетіп, ел арасындағы абыройының аса бастағаны деп түсінер еді. Қалай қайырмалап салғанда да бұның құмалағы түгел түскелі тұр.

Көңілденген хан ертеңіне Юмашты өзі шақыртып алды. Оның жақ ашуына мұрша бермей өзі сөйледі.

— Қайтар жолында жолығып қаламыз. Уфаға апарып тастайтын ат-қосшыны өзім берем,— деді.

Ел арасының жүріп-тұрғанынан барлық хабарды естіп жатты. Жәнібек пен шақшақ Бөкенбай баяғы Жон мырзаға айтқандарын өз ауыздарынан қайталап айтып, ант қағаздарына мөрлерін басыпты. Торғай бойындағы Барақ Әбілқайыр шаңырағының астынан өретін екі адамды көргенде әйелінің теріс қылығының үстінен шыққан еркектей шарта түйіліп шамырқанып бағыпты. Бірақ оған бола айылын жиған Нияз бен Мырзатай бола қоймаса керек. «Осы сенің баяғы әулиеден әулие қоймай түнетіп жүретін үлкен балаң қайда? Жазылып кетті ме? Жақсы болса, болсын пақыр. Сойыл ұстайтын еркектің есінің дұрыс-терісін кім байқап жатыр! Дегенмен ертең қатын-баласының обалына қалмағаны дұрыс қой!» — деп қайдағыны қайдан айтып, көкжал Барақты қашан апарған қағаздарына қолын қойып, атқа қондырғанша асығуға мәжбүр қылыпты. Ертіс бойындағы Әбілмәмбеттің де жүрегі жарылып қуанғаны шамалы. Барақтың күміс мөрінің ізі баттиып тұрған ала қағазды әрі төңкеріп, бері төңкеріп қарап алыпты да, ол да мөрін шығарып: «Иә, біссімілә!» — деп нығарлай басып қайтып беріпті.

Әбілқайыр, не де болса, шаруасын бітіріп келе жатқан елшіні жолда біреу-міреу өзінен бұрып әкетіп, құлағына қияңқы бірдеңені күңсітіп жүре ме деп сескеніп, бір топ жақсы-жайсаңды ертіп, Уфа жолының жөніндегі Орға бір бүйірлеп құятын Қамысты өзенінің бойына барып тосып тұрды.

Жұрт алдында Юмаштың хабарын өз аузынан тыңдап бір қомақтанып қалды.

Жылмаңтөс ноғай оның көкірегіндегі пиғылды айтпай танып:

— Алдияр падишамыз хан иенің қазақ жұртының алдындағы бнік беделін аса жоғары бағалап, айырықша қадір тұтады. Осы жолы да сіздің орасан зор еңбегіңіз сіңгенін айтып барамын,— деп қойды.

Әбілқайыр:

— Нұр сипатты падишамыздың ондай мейірбан ықыласы біздің де төбемізді көкке жеткізеді,— деп сыпайы жауап берді.— Мынау игі жақсылар іргеміздегі башқұрт жұрты дүрбелең шығарып жатқанда, ақ патшаның бізге қоятын қандай талабы бар екенін білгісі келеді.

Анада Бәйбек біліп келген хабарды жиналғандарға ұлықтар жұмсаған адамның өз ауызынан естіртіп қалмақ.

— Ақ патша қазақ халқының өз сертінде тұратынына бек сенеді. Кейбір бұзақы бұратана жұрттардың шылауында кетпейтініне еш күман жоқ. Ал енді патша туына оқ атып жатқан әумесерлерді тезге салуға ат салысамыз деп жатса, қолынан қақпайды. Бұл хақында сіздерге қоятын нақты талап жоқ. Қадірлі Әбілқайыр хан мен өздеріңіздің үйғарымыңызға қалдырады.

Көп тымақ «түсіндік-түсіндік» деп жапырыла бас изесті. Арт жақтан біреу тамағын кенеп:

— Расында да осы сол тәйтік немелерді неге біраз дүренің астына алып көрмейміз. Өздері ғой қит етсе, жылқымызға тиіп, іргемізді дүрліктіреді де жатады,— деді.

— Қимылдасақ, қар тұтаспай тұрып қимылдайық. Әйтпесе, ол жақтың омбы қары ертең атыңның кеудесінен итеріп жүргізбейді,— деді.

Әбілқайыр мына ду-дуды одан әрі өршіткісі келмей:

— Жә, ол өз алдына әңгіме,— деп тоқтатып, Юмашқа рахмет айтып, қасына нөкер ертіп, аттандырып салды.

Қамысты бойынан Әбілқайыр екі ұдай оймен оралды. Өзіне салса, қазір — ұрымталдан қимылдап, ұпай алып қалатын-ақ тұс. Патшаның көкейінде не бар екенін жұрт өз құлақтарынан есітті. Қапелімде, «ал, кеттік!»— десе алға түссе, қиқу салып соңына ілесетіндердің де аз болмайтыны байқалып тұр. Бірақ, ұлықтардың алдында оп-оңай алып қалатын ол ұпай әлі өзіне түгіл еңкейіп болмаған шатаққұмар шалқақ бас қазақ руларын тағы да шошынтып тағы да шірентіп алып жүрмес пе екен? Өйткені, олардың көздейтіні бұған түсетін ұпай емес, өздеріне түсетін олжа ғой. Онсыз да аяғы бас, басы қара тас болып азып-тозып ыңғыршағы айналып отырған ебіл-себіл елді шапқаннан бұның соңындағы аламанға қандай олжа түспек?

Кешегі Қамысты басындағы қысқа әңгіменің өзі бұған біраз нәрсені ұқтырғандай еді. Патша ұлықтарының бұған өздері қолқа сала бастағандары бұның абыройын асырмаса әрине кеміткен жоқ. Ал олардың әлгіндей қолқасын есті тұра қолқ ете қалмағаны да жұрттың алдында бұны осал көрсетпеген сияқты. Ауыз-

дағы сөз аяқталмай жатып, «алақайлап» өре түрегелген бір-екеуді шорт бөгеп, әңгімені басқа жаққа аударып әкеткеніне қыбы қанғандар болмаса, қынжылғандар көп емес секілді. Соған қарағанда бұл жан-жақтың көкейін жан-жақты танып алмай тұрып, білек түріп құлшына кірісіп кете қоярдай іс емес. Патша ұлықтары дәл қазір бұған айтқанымызды қылмадың деп өкпелей алмайды. Өйткені, туралап айтқан ештеңелері жоқ. Емеурінмен қойылған сауалға емеурінмен жауап берілді. Емеурін жүрген жерде түсінбеушілік те бола береді. Ұлықтар қапелімде: «Бұның қалай?»— деп жатса: «Дұрыс түсінбеппін»,— дей салар.

Ендеше төңірекпен ақылдасқанда, оны башқұрттарға есесі кетіп жүрген ру басылардан бастауға болмайды. Олар да кешегі Қамысты басындағы жалаң төстерге ұқсап: «Барайық та, шабайық!»— деп жаланып шыға келулері мүмкін. Алдымен өйтіп өрекпи қоймайтын біреулермен мәслихаттасқаны жөн.

Осыған бекінген хан бұл гәпті одан әрі сөз қылмай жылдағы үйреншікті сүрлеуіне түсіп дария асып, сонау ен Қызылқұмның ішіне көшіп кетті. Бір қысқа осы абыройы да жетеді. Ұлықтардың көзінің әлі оң екенін жұрт көрді. Бұның ұсынған құрығының Жәдік балалары билейтін ұлыстарға да түсе бастағанын жұрт көрді. Дәл қазір бұл қазақ аламанын қайда бастаймын десе де, ешкім қолынан қаға қоймайтынын жұрт көрді. Ендігі шаруа — жаз шыққанша ойланып, мына даланың құйрығын теуіп жер тарпып тықыршыған жылқысының жілігінің майын ортайтар, қымыз ішіп, қызара бөрткен — жігітінің желігін басар бір ермек табу.

Қатпар-қатпар көп шағылдың арасындағы құйқалы қыртысқа мал қыстатып жайбарақат жатып ап, жан-жақтан тамыр тартып байқап еді, тап қазір башқұрттарға тап беруге талай ауылдың тайсалатын түрі бар секілді. Әсіресе, олармен көршілес көшіп-қонатын Орта жүз ауылдары беттейтін емес. Естуінше, астыртын ат жүгіртісіп тұратын алыс-берістен де құр болмаса керек. Адаммен болмағанмен, көлікпен көмектеседі екен сыбыстары көптен бар-ды. Ендеше, алдымен ақылды сол Орта жүзге салғаны жөн. Ол тарапта бұның әзір ат басын тіктеп бара алатыны — жаңғыз Жәнібек қана.

Ол жылы жаз сағыздай созылып шығып болмады. Қызылқұмның қырық қалтарыс тереңінен шұбатылып әзер шыққан хан ауылының қызылды-жасылды көші Сары Арқаға жетіп қонғанша да сан апта өтті.

Жаз жайлауына қонып, белін енді шешіп, аяғын енді көсіліп, демін енді алған қазақтың арада бірер күн өтпей жатып тақымы тартып, табаны дуылдап қыши бастайды. Жүргісі, әлдеқайда барғысы келіп тұрады. Сайқалдың көйлегінің етегіндей көленде-ген көк ала сағым әлде бір кереметті астына тығып көлегейлеп жасырып тұрғандай, көзді арбап бағады. Салып ұрып жетіп барғың келеді. Құмардан шыға көріп алғың келеді. Бірақ, жер аяғының қашықтығын сылтауратып бір күнің өтеді. Күннің ыстықтығын сылтауратып бір күнің өтеді. Көлігіңнің күйінің

кемісін сылтауратып бір күнің өтеді. Ер-тоқымының жетіспесін сылтауратып бір күнің өтеді. Сосын дәлел де таусылады. Дәлел таусылғасын үзеңгіге аяқ салмасқа амал да қалмайды. Үзеңгіге аяқ салып, ауылдан бір ұзап шықтың ба, сосын қайтып оралуының өзі бір күш. Не көп, қазақта, өлім көп. Біреуіне бет сипасаң, екіншісіне соқпай тұра алмайсың. Не көп қазақта той көп. Біреуіне құтты болсын айтсаң, екіншісін аттап өтіп кете алмайсың. Не көп қазақта үлкен көп. Біреуіне көрісіп қолын алсаң, екіншісіне бас сұқпай шыға алмайсың. Не көп қазақта, дау-шар көп. Біреуінің ортасына түссең, екіншісіне елеңдеп өзің де бармай отыра алмайсың. Не көп қазақта, әйтеуір үйге отырғызбас желік көп.

Сөйтіп кез келген жабы мінген жалба тон ел ақтап жүргенде аяғы ұзын арғымақ мінген хан басымен желегі түспеген жас келіндей сызылып үйде қайдан отыра алсын! Ұлысын аралап былтырғы күзден келе жатқан дау-шарға сот құрып бітім айтады. Нөкер ертіп сейілге шығады.

Әбілқайыр биыл оның бәрін де істемей, жаңа қонысқа келе сала ат басын шығыс беттегі Жәнібек ұлысына туралады.

Жауға бара жатқандай қара құрым қол ертпей, әлім-берім нөкермен жолға шыққан Әбілқайыр Өлкейектің суына ат тізесін енді мала бергенде арғы беттен сонадайдан мұнарытып тұрған қалың шоғырды көзі шалды.

Айдаладағы сыңар емшек көгал төбенің басына иненің жасуындай бос жер қалдырмай алабажақ кілем жайылыпты.

Хан нөкері енді жақындай бергенде бірінен бірі өткен төрт-бес жігіт қарсы жүріп, Әбілқайырды ат үстінен көтеріп алды.

Кілемге енді аяғы тиген ханды Жәнібек алдынан барып айқара құшақтап, көкірек түйістіріп көрісті.

Амандық-саулық сұрасқасын алдына ақ ботаның басы мен боз құлынның шекесін қатар тосып, бата жасатты.

Қымыз жұтысып, сусын басысқасын тағы да атқа қонысты. Хан нөкерін бес қаруын түгел асынған шақшақ, сар жетім, Жәнібек пен Бөкенбайдың қол астындағы қыпшақ, керей, уақ ауылдарының қалың қолы жан-жағынан қаумалай қоршай жүрісті. Мінгендері: меңсіз торы, меңсіз күрең, мөлт қара — кіл баран. Жәнібектің астындағы көшелі көк айғырдан басқа қылаң араластырмапты. Ала-құласыз бір өң мінген қалың қол расында да айбынды көрінеді екен. Шалғыны биік, шалқары мол, суы тұнық биылғы жаз онсыз да көрікті жылқы баласын тіптен жайнатып жіберген. Жалдарының қылы құндыздай жылтындап, сауырлары шар айнадай жарқылдап, тойнақы денелері жаңа тұнған көл бетіндей дір-дір етеді. Жілік майларының да ерте толыққан түрлері бар. Ай таға тұяқтарын көк майсаға ақ тақырда келе жатқандай қадап басады. Құлақтары да сүйіріктей сексиіп түріле-түріле қапты. Көзі жасауран, тұмсығы сораланып келе жатқан біреуі жоқ. Шетінен серіппедей атылып жарап тұр.

Үстеріндегі жүргіншілері де қаршығадай қадала қонған кіл ноян. Бәрін бір қатын танқан ба деп қаласың. Шетінен қыз қойы-

нан өргендей құп-қунақ. Бәрінің де көзі жайнаң-жайнаң етеді. Үстеріндегі — зере сауыттары, бастарындағы дулыға, жағылары, белдеріндегі — кіселері, асынып-тасынған бес қаруларының бесеуі түп-түгелінен бір миясардың қолынан шыққандай. Ер-тұрмандарына дейін бір-бірінен аумайды. Жігіт біткеннің бәрі сылаң, бәрі паң. Бәрінің де Жәнібекке еліктейтіні бес енеден белгілі болып тұр.

Жүздеген жайнақ көз, жүздеген күлің сауыр, жүздеген жалт-жұлт дулыға, жағы қоршаған қалың шоғыр жарқ-жұрқ етіп жер түбінен көз тартатын шығар. Маңайдағы жан біткен анталап қарап ауыздарын ашып қалған.

Бұл жылы Торғай шалқи тасып, жан-жағын белуардан келетін көк шалғынға әбден кенелткен екен. О жер-бұ жерге қақырадай-қақырадай боп қаздия қонған ақ шаңқан ауылдар көк майсада байпаңдай басып емін-еркін жайылып жатқан үйір-үйір ақ қаздардан аумайды.

Бәрінің де қатты күтінгені, қатты күбінгені байқалып-ақ тұр. Бірде-бір қоңыр туырлық, бірде-бір қоңыр үзік жоқ. Бәрі шымқай ақ. Бәрінің де үлкенді-кішісі тегістей сыртқа шығып, тұстарынан өтіп бара жатқан жалт-жұлт шоғырға еркек жағы қолдарын қусырып тағзым етіп, әйелдер жағы тізе бүгіп сәлем етіп жатыр.

Әдейі солай етті ме екен, жоқ биыл жер от болғандықтан ба, ауыл--ауылдың малдары да тап онша алысқа ұзай қоймапты. Сөреге шашып тастаған сықпа құрттай бытырай жабылып жатқан ақтылы қой. Ойдым көлдер мен салпыншақ жүлгелердің бойы үйездеп тұрған үйір-үйір жылқы.

Су бойынан сып етіп көтерілген қаз, үйрек мынау жорыққа аттанып бара жатқандай бес қаруын түгел асынған сұсты нөпірден дүркірей үркіп көкке көтеріледі де, шырқау шығандап шығып алғасын өздеріне көз қырын салмастан жөңкіле тартып бара жатқан бұл не қылған самарқау топ дегендей шырқ айналып шүйе бастады.

Аспан шәйдай ашық. Күн күлімдеп тұр. Шеке шағар ыстықтың әлі қайраттана қоймаған кезі. Шалғынның балауса иісі әлі қуатында. Саумал аңқыған майда леп бет қыдықтайды. Шымшым қаймақтанған су беті, шық-шыламды шалғын үсті, шұрқырай шапқылап жүрген құлынтайдың күлің-күлің сауырлары бәрі-бәрі көзінің құртын оятып жылт-жылт етеді. Жылтылдап, сусылдап, ойнақшып, қырық құйқылжып, қырық құбылып тұрған сылаң дүние ерке әлем.

Қай ауылдың тұсынан өтсе де, тозған топырақ, жапырылған шалғын, жаншылған майса көрінбеді. Көгалға тұяқ, көлге тұмсық тисе, енді ғана тиген. Айдындардың лайы көтерілмеген, әлі күнге мөлтілдеп тұнып тұр. Мына ауылдардың бұл араға көшіп қонғандарына әрі кетсе, екі-үш күннен аспаған.

Жәнібек бұның көптен жүйкелеп жүргенін біліп бір сергітіп жібергісі келді ме, не қолындағы ұлыстың дәулеті мен өзі жай-

лап отырған елкенің шырайын көрсетейін деді ме, әйтеуір барын салып бағыпты.

Біріне-бірі көз ұшынан көрінетіндей боп тізіле қонған қылаң ауылдар тауыстырар емес. Ақтылы қой мен құлалы жылқы тауыстырар емес.

Жер түбінен айырықша шаңқанытып Жәнібектің өз ауылы да көрінді. Өңшең бір күмбірете тігілген ақ ордалар. Уыздай ақ үзіктерге айналадағы көк майсамен астасатындай қып жасыл масатыдан дөдеге жүгіртіпті. Сонда әлгі ақ күмбездер біреу көшіріп әкеп қонжита салмағандай, мынау көгал алқаптың өзінен өсіп шыққандай әсер етеді екен. Олар құдды анау ну шалғынның басына жайқала біткен алып ақ қауашақ гүлдер сияқты. Үп десең ұшып кеткелі тұрғандай.

Аіналада қырқа-қылаң көзге шалынбайтын айқай тегіске катарын бұзбай қаздия-қаздия қонған көп ақ ордадан оқшауырақ он бес үй бөлек тігіліпті. Он бес үйдің қақ ортасындағы бөлекше үлкен күмбез орданың желкесіне ұзын сырғауыл қағылыпты. Шамасы, ханның туына арналса керек. Басында әзір желек жоқ. Анадайдағы керме ағаш та жақында ғана жосаға боялыпты. Қып-қызыл.

Желкедегі көп ауылдың тұсынан өте бере хан нөкерін қошаметтеп келе жатқан қалың топ үн-түнсіз жырылып қала берді. Хан нөкеріне ауыл адамдарынан Жәнібек пен Бөкенбай ғана ерді.

Он бес үйдің сырты самсаған адам. Бұлар жақындап келгенде тістері ақсиған алты жігіт бөліне шығып, ханның атын ұстап, ер үстінен өзін көтеріп алысты.

Сол-ақ екен, ар жағындағы сап құрап тізулі тұрған жігіттер қолдарындағы шыршықтап оралған нәрселерін жарқ еткізіп жазып жіберді. Керме басынан ортадағы ақ орданың босағасына дейін қып-қызыл кілем төселеді.

Кілемнің екі беті — қолдарын көкіректеріне апарып тағзым етіп жатқан өндір жас жігіттер. Әлгінде оны ат үстінен көтеріп алғандар Жәнібек пен Бөкенбайдың жігіт боп қалған балалары көрінеді.

Жігіттер сапы таусыла бере хан қызылды-жасыл көп көбелектің арасына түсіп кеткендей болды. Былай қараса да — үлбірей сәлем етіп жатқан бір келін. Олай қараса да — үлбірей сәлем етіп жатқан бір келін.

— Көп жасаңдар, қарақтарым. Көп жасаңдар, қарақтарым.

Тізе бүгіп сәлем етіп, қымсына жымсиған жас келіндер сапы ортадағы он екі қанат ақ боз үйдің оң қапталына жете таусылды. Одан әрі тәстері қайқайып иғі-жақсылар тізіліпті. Олар қол алысып амандасты.

Ақ боз үйге кірер жерде шымырулы есікті ықтымен көтеріп тағы бір жас жігіт күтіп тұр.

Хан:

— Бісміллә!— деп табалдырықтан аттады.

Төрге озды. Оң қолына табын Бөкенбай, сол қолына Жәнібек,

одан әрі шақшақ Бөкенбай отырды. Олардан әрі екі ұлыстың өзге жақсылары жайғасты.

Ат шаптырым ақ орданың уығы айқұш-ұйқыш керілген қызылды-жасылды баулардан көрінбейді. Табалдырықтың қыр көзінен іргеге дейін жеткізіліп масаты кілем төселіпті.

Ханды қабылдауға тігілген үйге одан өзге бұйым қойылмапты. Көн исі шығып кетеді деп саба да асылмапты. Мұрттары енді түлеген он шақты жігіт қайыңнан жасалған шара табақтарға мөлтілдете құйып қымыз әкелді.

Арғын батырының ағыл-тегіл қонақасысы басталды да кетті. Қысырақтың қымызы, құр тайдың қазысы, қыста сойылған жабағының мейіз сүрі, уызға салып пісірген сырбаз, булап пісірген бағылан, құлынның еті — нелер жылы-жұмсақ шетінен бір ауыз тиіліп қайтып жатыр. Мол дастарханның үстіне қазақтың тәттісі мен дәмдісін Хиуа, Бұхардың мейізі мен өрігі, алуасы мен науаты, башқұрттың балы мен жеміс қақтары араласыпты.

Ол күні меймандар дастархан басынан ұзамады. Түннің бір уағына дейін әнші-жыршылардың өнерін тамашаласты.

Ертеңіне Жәнібек меймандарын бәйге шаптырып, палуан күрестіріп, жамбы атыстырып қызықтатты. Жігіті мен жүйрігін тамашалатып болғасын, миясарларының өнерімен таныстырды. Оның ұлысында аяқ аттаған сайын — қара су, қара су сайын — қалың тал екен. Қалың тал сайын — бір миясар. Біреуі — зергер, біреуі ұста, біреуі ісмер. Өздері соққан қылыштар мен сауыттарды, дулығалар мен қалқандарды, өздері жасаған найза, жағы, ер-тұрмандарды саудыратып алдарына жайып салды. Киіз үйдің ағашын қалай шауып, қалай жонып, қалай иіндеп, қалай булап, қалай борлайтындарын айтып жалпылдап-ақ жатыр. Шеттерінен мақтаншақ. Бір пұшық ұста:

— Шоғын қалай тұтатуды білсем, зеңбірегіңді де жасап берер ем,— деп бөсті.

Бірақ олар жылқышылардың қасында жіп есе алмайды екен. Әлгілер өз қолынан шыққан нәрсені айтып мақтанса, бұлар құдай жаратқан төрт аяқтыны өздері бесікке салып тербетіп әлдилеп өсіргендей бұттарына толады.

Жәнібектің жылқылары айтса айта қалғандай. Торысын бір бөлек, қарасын бір бөлек, жиренін бір бөлек, құласын бір бөлек, күреңін бір бөлек, көгін бір бөлек, буырылын бір бөлек, шабдарын бір бөлек, керін бір бөлек, сұрын бір бөлек, шұбарын бір бөлек, шаңқанын бір бөлек түстеп үйірілеген шу асаулар дүркіреп көлденеңдей шауып еткенде мыңқ етпестей боп мығым жатқан қара жер өзді-өзінен балқып еріп шалқар теңізге айналып шайқатылып жүре бергендей. Ақ толқын, күрең толқын, қара толқын, сары толқын, құла толқын — өңшең бір бұйратылған бұла толқын бірін-бірі өкшелей қуып, желкелей тістесіп жағаласып бара жатқандай. Құдай тағала бұл дүниенің бар бояуын жылқыға арқалатып қойғандай. Молт қара, мақпал қара, қара кер, тобылғы торы, қара торы, құла торы, торы ала, көк ала, қара ала, ала күрең, ала жирен, сұр ала, қара шұбар, торы шұбар,

бөз шұбар, каракөк, қызыл көк, құла жирен, көк бурыл... Көз алдыңнан жалт-жұлт жон көрсетіп, жып-жып жоғалып, сапырылысып жатқан көп түсті санап тауса алар емессің. Жылқыға біткен барлық түстен бір-бір үйір Жәнібектің құрығының астынан қалай да табылатын түрі бар.

Батырдың өзінде үн жоқ. Күміс шақшасын алақанына бір лықсытып қойып, түк көрмегендей сыздиып тұра береді. Ол үндемегенмен жылқышылардың ауызында тыным жоқ. Қай үйірдің қайдан келгенін, қандай тұқым екенін айтып, әңгімеге қарқ қылып жатыр. Әсіресе, оң жақ езуінде ай тыртығы бар біреуі жақ жаппайды. Ол Әбілқайырға бір жерде көрген таныс адамы сияқтанып көрінді. Бірақ, қанша ойланса да, қай жерде көргенін есіне түсіре алмады. Мырзатайды көргенде елпек қағып: «Е, тамыр, есен-сау барсың ба?» — деп жабыса кеткенінен аңғарды. Баяғыда балдызының қайта-қайта Кеңгір бойында қосына түнеп шықтым деп келетін сөзуар жылқышысы сол болса керек... Қазір құрық асынғанды тастаған сияқты. Бурыл сақал шал болыпты. Жиын көрсе арқасы қозып, кісі көрсе тілі қышып отыра алмайтындардың сойынан.

— Тәйіт, құрықты солай сала ма екен. Шіреніп тарт. Бел омыртқаңды үзіп кетіп жүрсе қайтесің!

— Тебін бе, тебін бе! Өкшеңді бос етке қадамай, қабырғасына қада!

Асау жуасытып, құр аттарға құрық салып жүргендердің одан сәгіс естімей қалғаны болмады.

Сейістер тұлпар шығады, жүйрік шығады деп дәметіп жүрген жылқыларын көлденең тартқанда тіптен арқаланып кетті.

Сауырын күн, бауырын жел қытықтаған не тарпаң жалы судырап, кекілі жалбырап, шекелей қарап, жетекке жүрмей жер тарпып бағады.

Тыртық езу шал әр қайсысын бажайлай сипаттап, құмарынан бір шығып қалады.

Сырбаз хан:

— Келісті жануар екен! — деп жайбарақат қоштап қояды. Сыпайылық жасап, қатты тамсанып тұрғанын байқатпауға тырысады.

Бір созалаң көк ортаға шыққанда таңданғаннан демі бітіп, дыбысы шықпай қалды. Дене бітімі, аяқ тастасы, бас қондырысы бөлекше жаратылысты танытқандай. Бұла тәнін абайсыз шағып алған қыл тұзақтан аспанға шапшып бір-ақ атылды. Әлгінде ғана ойқастай басып келе жатқан жануар аяқ астында асау ақ жал толқынға айналып шыға келгенде [illegible].

Хан мына жануардың неге ұқсайтынын біле алмай тұр.

Езуінің ай тыртығы бар шал соны аңғарып [illegible] тағы да сампылдай жөнелді.

— Алдияр тақсыр, бұл жарықтық суын айғырдың тұқымы ғой. Әкем марқұм айтып отырушы еді... Бірде олар түрікпен шауып, көп жылқы олжалап қайтыпты. Аралдың теріскей иінінен айналған соң, енді қуалауға қуғыншының да дәті бармас деп,

құрағы қалың бір қолтыққа аяқ іліктіре аял жасапты. Пәлен күнгі ала шабуылдан ашығып қалған айдамал мал шырын көк құрақты көре тұрып, қайдан көздері қиып кете алсын. Табандапты да қалыпты. Неше күнгі ер үсті изеңнен әбден титықтап келе жатқан сабаздар жамбастарына бір-бір тоқым қалай тиді, солай құлақтарын кесіп алсаң да, білместей болып жаппай ұйқыға кетіпті. Күзет әкемнің кезегі екен. Қалғымайын деп жасамаған айла-амалы қалмайды. Түн орталай о да кірпігіне ие бола алмай көзі ілініп барады екен. Жан-жақтағы құрақ орған азулардың күрт-күрт дыбысы кенет пышақ кескендей тыйыла қалады. Сол жымжырт тыныштықтан шошып оянған әкем бір керемет оқиғаның куәсі болады. Жылқы біткен тегіс бастарын көтеріп алған. Бәрінің құлағы тікиейіп кеткен. Бәрінің көзі анадайда жылт-жылт етіп жатқан теңіз жақта. Толған айдың нұрынан су бетінде қасқа жол сайрап жатыр. Желсіз кештегі ақ тымақ айдында тек сол қасқа жолдың бойында ғана әлдебір ақ толқын көтеріліпті. Сол толқын шеңбірек атып жағаға қарай ұмтылады. Әлгі ақ толқын жақындай келе жылқыға айналады. Жалы тізесіне түскен шаңқан боз жалп-жалп басып жиекке дейін келеді де, құрғаққа аттап баспай, алдыңғы аяғымен суды тарпып-тарпып қалады. Екі аяғының астынан көтерілген екі ақ жал толқын екі иығына кезек мініп, аударыспық ойнап жүргендей. Жағадағы жылқылар шұқыранып бір-біріне тығылыса түседі. Тек оқшау жайылып жүрген құла байтал ғана тырп етпейді. Кекілі қыдықтап ойнаған балауса құрақты құныға обып тұра береді. Ақ жал толқын арқалаған ақ боз жылқы алдыңғы аяғын аспандай көтеріп, суды тағы да тарпып-тарпып қалады. Былайғы жылқы бұрынғыдан бетер шұқыранып иіріле түседі. Тек құла байтал ғана қылп етпейді. Сауырына ай нұры ойнап, қалың құраққа басын тығып тұра береді. Айдынның шеті тағы да шылп-шылп ете қалады. Теңіз жақтан сақау құлынның кісінегеніндей және бір тосын дыбыс шығады. Құла байтал сонда ғана басын көтеріп, құлағын тіктейді. Су шетіндегі ақ боз тағы да жер тарпып, тағы да әлгіндей тосын дыбыс шығарады. Құла байтал құрақтың арасынан ытқып шығып, әлденеге айбат шеккендей едіреиіп тұра қалады. Көп жылқының көзі құла байталда. Судағы ақ боз үшінші рет сақауланып кіжіне кісінегенде ғана құла байтал орынынан қозғалады. Бір қызығы, баяғыдан бері бірге айдалып, бірге жайылып келе жатқан қалың үйірге беттемеіі, теңізге қарай жүреді. Тәй-тәй тұрған баладай қалт-құлт басып жақындай түседі. Ол жақындай түскен сайын судағы ақ боздың тағаты қашып жер түбінен мойынын созып еміреніп қояды. Тіпті жақындап қасына барған құла байталдың жалына басып асып, иегін қасып біраз тұрады. Содан бір уақыттарда барып тізесіне түскен қалың жалын ақкудың қанатындай екі жаққа серпе жайып жіберіп, ытқып аспанға атылады. Құла байталдың белі бүгіле түседі. Оның иық тұсынан жарқ-жұрт етіп екі от маздап қоя береді. Сөйтсе, судан шыққан ақ боздың тұяқтары сап күміс екен. Ай нұрына шағылысып шамша маздап тұрғандары содан екен. Жалықтың әкем танылып

айтушы еді, ғайыптан пайда болған әлгі жануар құла байталдың белін бір сүт пісірім уақыт босатпай тұрып алыпты.

Тыңдап отырғандар мырс-мырс күліп жіберді. Мырзатай шыдай алмай:

— Таңғалатын несі бар! Көк теңіздің ішінде балықтан басқа ұрынарға қара таппай жүрген қайран жануар бір кенеліп қалған екен-дағы,— деді.

Әңгімеші шалдың езуіндегі ай тыртық шықшыттыққа қарай тайғанап шыға келді. Ол күлгені еді.

— Бір уақытта ақ боз құла байталды тақымынан босатып, ай нұрынан түскен қасқа жолды бойлап, шалп-шалп басып кері қайтады. Барып-барып ақ жал толқынға айналып, бір жола ғайып болады. Құла байтал су жағасында сілейіп тұрып-тұрып, жағаға оралады. Содан әкем байғұс ауызын ашып отырып қалады. Манағы желімдей жабысқан ұйқы шәйдай ашылып кеткен. Таңертең серіктеріне айтса: «Жылқы күзетіп отырған екен десек, қайдағы бір шайтан иектейтін түс көріп, ұйқы соғып шыққан екенсің ғой»,— деп мазақтап ит-зықысын шығарады. Елге оралып олжа бөліскенде, құла байтал әкеме тиеді. Ол судай мөлгілдеген күміс жал көк құлын табады. Нысаналы жылқыны әкем Жәнібекжанға еншіледім деп Қошқар ағама әкеліп береді. Сүйтіп бұл ауылда суын айғырдың тұқымы пайда болады. Арғы-бергідегі аруақты батырдың бәрінің де пырағы жәй әншейін қыдыра жал емес көрінеді ғой. Кім білсін, біздің елде де ондай аруақты ер туғасын, құдіреті күшті құдая әлгі жаубасарларды теңіздің жағасына әдейі түнетті ме! Содан бері Жәнібекжанның жылқысында тұқымының судан шыққанын білгізіп тұратын өңшең мөлтең көк. Міне, мынау көк те, жаңылмасам, сол әкем алып келетін құлынның тұяғы. Көрдіңдер ме, қанша дегенмен, бұның түгіне боз қылшық көбірек араласа бастапты. Бұған дейінгілері суын десең нағыз суын еді. Алыстан шауып келе жатқанын көргенде, ағып келе жатқан су ма деп қалатынсың. Жарықтық бұндай киелі жануарлардың бабын табу да оңай емес. Мәселен, мына көкті мен баптадым. Баяғыда бала кезімізде жыршылардан Құртқа апамыздың Қобыланды ағамыздың буырылын қалай баптағанын естігенде, сөздің ебін білгесін ақындар да қайдағы-жайдағыны айта береді-ау деп ойлаушы ек. Сөйтсек, жарықтықтардың айтып кеткендері ып-рас екен ғой. Мен де мына көкті шаранасын жарып шыққан бойда енесінің бауырынан бәліп алып, қырық күн бойы қулықтың сүтін еміздім. Өйткені, желіні әлі шеңгел созды бола қоймаған қулықтың сүті кексе биелердің сүтінен әрі таза, әрі шырындырақ келеді. Сосын қырық күн бойына қысырдың сүтін еміздім. Қысырдың сүтінің де суы аз, нәрі мол, құнарлы келеді. Сексен күн емгеннен кейін ақтаған тарыны сүтке бөрткізіп жем бердім. Он күн тұщы жемнен соң, тарыға қосып қызыл бұрыш жегіздім. Әйтпесе, арғы тегі судан шыққан суын жылкыға маңқа қолқа үйір келеді. Тай шыққанша шатырдың астынан шығарғам жоқ. Құнан шыққанша ноқтадан басын босатқам жоқ. Дөнен шыққанша мойыны таралып оссін деп, ұзын

арқан сүйреткізіп қойдым. Дөнен шыққасын тарақ мойыны жуандап, омыртқасы қатайсын деп байталға шаптырып көрім. Ұрғашыға шауып көрмеген еркек мал бойындағы қызылдан ерте айырылып, ерте мәңгүрттеніп қалады. Сондықтанда қандай асыл пыраққа да бие қызығын көрсетпей болмайды. Мен де мұны бес жасында бие қызығын көрсін деп, артында тұқым қалдырсын деп таңдап-таңдап бес биені алдына айдап салып бердім. Алты жасында айғыр сасып азғындап кетпесін деп ақтатып жібердім. Қазір, міне, алдына дабыл төңкеріп, артына сауыт өңгеріп, жау іздейтін көк жұлын ер табылса, тақымында жел боп зулауға мен дайын деп жаланып-ақ тұрған жоқ па! Тіфә, тіфә, тіл-көзден сау жүргейсің, жануарым!

Әбілқайырдың бір байқағаны — Жәнібектің қол астындағы ел шетінен сөзуар. Үндемей тұрғандарының өзінің танаулары желпілдеп, еріндері жыбырлап тұрады. Бірақ сөйлеп отырған кісінің сөзін бөлмейді. Ал сөз тигенде қай-қайсысы да судай ағаа жөнеледі. Ондай мінез дарымағаны Жәнібектің өзі. Ол есін сөйлемей, ауызындағы сөздің дәмін алып отырғандай бипаздап баяу сөйлейді. Қазып, шегелеп сөйлейді. Жақ ашқаны қарымды жігіттің тұзақ тастағанындай. Сөз желісі әңгіменің не бір шу асауының қыл мойынына артыла кетеді. Жәй сөйлеп, жәй қимылдағанмен, бәрін алдын-ала елеп-екшеп байыптап барып сөйлеп, байыптап барып қимылдайтын болса керек. Қарауындағы елдің о дегенде ұстаз көрген шәкірттей тікесінен тік тұратыны да сол ұстамды мінезінен болса керек. Әйтпесе батырмын деп тышқақ арыстандай бақырып-шақырған әумесер батыр қайда жоқ. Жұрт ондайларға көзінше сыйі мезірет жасағанмен, сыртынан қолдарын шошайтады. Жауды қашырғанына масаттанған дақ көкірек неме жауға істегенін елге де істеймін деп, маңынан елді де бездіріп алады. Ал Жәнібектің қасына қан қақырған қанды майдан тұсында ғана емес, кең көсіліп, ұзақ ұйықтайтын бейбіт заманның тұсында да қарақұрым жұрт тарап көрген емес. Олар Жәнібектің көзінше үнсіз де, сыртынан сөзшең. Бірақ бір қызығы, сонша көп сөзшең ауыздың бірде біреуі оны даттап сөйлемей, мақтап сөйлейді. Ол жайында жер түбінен дүңкілдеп жататын мақтау дақпырт қасына келсең, жым-жырт басыла қалады екен. Мынау қараптан қарап танаулары жыбырлап, еріндері қыбырлап тұрған сөзуар жұрт оңаша қалса, оны мақтап сайрап жөнелгелі-ақ тұр, бірақ өзінен қаймығып үндемейді... Бұл қазақ ханды да бүйітіп сыйламас. Жәнібектің өз елінде ханнан кем беделді еместігі көрер көзге көрініп тұр. Мұндағыдай ауыз біршілік, мұндағыдай тәртіп-тәрбие, мұндағыдай салтанат әзір бір де бір ханның, бір де бір сұлтанның маңдайына бұйырған емес. Шамасы, бұл ел өз арасынан осындай әрі жүректі, әрі білікті азамат шыққанына естері қалмай қуанып, ерекше масаттанатын болса керек. Оны әркім өз әкесінен кем қадірлемейтін, оның тілегін өз баласынан кем тілемейтін түрі бар. Кім-кімде оның атына ақау түскенше, өзімнің басым мақұрым кетсін деп ойлайтын тәрізді. Қарадан шығып хан болды деген осы. Қазақ үшін қарадан шық-

қан хан төреден шыққан ханнан гөрі қастерлірек не, қалай өзі?! Назарын жығып, бетінен алып жатқан ешкім көрінбейді. Сынап, мінеп шекелей қарап отырғандар тағы жоқ. Айтпай-ақ біліп, көрсетпей-ақ ұғып лыпып тұрған бір жұрт. Бұл мынандай мұншама пәтуалы, мұншама тындырымды елге қатты таңғалып келеді. Қанша дегенмен өз қанасынан шыққаннан шығар. Мұндағы жұрт Жәнібекті әрі айдын тұтып, әрі аяйды екен.

Соны көргенде Әбілқайырдың әлденеге көңілі ортайып, қасындағы үндемес серігіне әрі қызыға, әрі қызғана қарады.

Жәнібек те бұл аңғара түссін, таңғала түссін дегендей, сөз бастамай, өз ұлысының жұрты мен жерін аралата түсті. Аң аулаттырды, құс салдырды. Алып бармаған жері, көрсетпеген қызығы қалмады. Сонда да бірінен бірі өткен екі сырбаз ләмим артық ауыз сөз алыспады. Хан да «анау қалай», «мынау қалай» деп сұрамай, ұсынған дәмнен ауыз тиіп, көрсеткен қызыққа сыпайы ізет білдіріп, бас изей берді. Таңғалғанын аңғартпай, тамсанғанын сездірмей келеді. Онысын мынау тілі қышып тыпыршып отырған сөзуар жұрт: «Біздің Жәкең Кіші жүздің ханының өзінің ауызын ашқызып көзін жұмғызды. Ханның өзі біздің батырдың қасында жіп есе алмай қалды»,— деп кеукілдей жөнелуі мүмкін ғой. Сондықтан не болса, соған таңдай қата боп бас шайқай бермей паңдықтың жөні осы екен деп, босқа тұмсық шүйіріп, кекірейіп кетпей де, бір қалпынан аумай орнықты жүр. Қасындағы ертіп келген нөкерін басшысының жолында басын кесіп беруге бар мына елді көрсетіп таңғалтпақ та, ал мына елге алтын қалпақ хан басымен ұрын келген күйеуден бетер биязы өзін көрсетіп таңғалтпақ.

Жалпылдаса кетпегенмен Жәнібек пен Әбілқайырдың екеуінің де ойы бір-бірінің үстінде еді. Қан майданда кез келген шырық бұзар тентек көзге түсе алады. Ал мынандай сырт көзге қирап-бүлініп жатқан ештеңе жоқ сияқтанғанмен қанды майданнан да қиын сын сағатта көзге түсу, ауызға ілігу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Бір кездегі қансоқталардың кезінде жұрт көзіне мықтап түскен бұл екеуін қазір де ел қалт жібермей қадағалап отыр. Қазір де екеуінің әр сөзі, әр қылығы тергеулі. Көп жұрттың түсіне алмайтыны — бірі арқар ұрандыдан, бірі алаш ұрандыдан шықса да, екеуі нәпаханасын қазақтың екі арысынан тапса да, осы бір күндері үзеңгі қағыстырып қатар жүргізіп келе жатқан қандай қасиет? Екеуінің басын қосып тұрған не?

Тек былайғы ел ғана емес, өздері де білгісі кеп, бірақ бір-бірінен сұрамай әркім өзін тергеуге алып келе жатқан жәйті де осы еді.

Қазір ғой үш қазақтың екеуінің жағдайы жаманды-жақсылы белгілі болды. Ұлы жүз қапияда тиген жоңғардың қол астында қалды. Жер шұрайын жайлаған іргелі ел кір жуып, кіндік кескен жерді қия алмады. Би жайлаған Алатау да, хан жайлаған Қаратау да әуелден өз өрісінде еді. Одан безіп ешқайда кете алмады. Алма кезек заманның артын күтіп қара жұртта отыра берді. Жау шеңгелінде жатса да, күн ара астыртын кісі шаптыр-

тып, оңменін осыларға қарай үзе береді. Бұлар бір жаққа елшілік аттандырса, арасынан өз өкілін тастатпайды. Ал Кіші жүз өз ноқтасын ақ патшаның қанжығасына басыбайлы байлады.

Әзір өйтіп жапырылып бір жағынан шықпай, аңыс аңдап отырған Орта жүз ғана. Қазақтың тең жарымындай Бекарыс өз тоқтамын айтпай тұрып, қалған екі арыс қайтып алас ұрса да, халық тағдыры арнасын тапты деп айта алмайсың. Соны білгесін Орта жүз жақсылары да салмақтана түседі. Кешегі заманда бүкіл арыстың атынан сөйлеген Қазыбек мынау екі ұдай кезеңнің алды-артынан анық-танық мағлұмат ала алмай тұрып екі шептің екеуіне де жақындамаймын деп төрт мың үй қаракесегін ежелден ел кіндігі Ұлытаудың шыңайты мен Сарысудың құмайтынан ұзатпай ұстап отыр. Көрі жырынды екі өкпеден қысқан екі әулетті патшаның қас-қабағын аңдып, солардың ықпалында кетпек екі ұдай елдің ыңғайтөк мінезінен не шығарын біліп алмақ, екі жақтың тажы мен тағына күн ара елші шаптырып, күнара тағзым етіп жатқандардың қаншалықты қарқ боларын көріп алмақ. Қай тараптан да «бізге қосыл» деп хабаршы келгенмен бүйрегі бұлк етпейді. Қолын есікке, иегін ертеңге сілтейді. Ол жайғасқан жер кіндікке әзірге екі тараптан да жау жақындай қойған жоқ. Қызыл құмнан Тосын құмға дейін түйенің ішегіндей ірметіле созылып жатқан қалың найманның жоңғар шебіндегі аз пұшпағы момын Күшіктің қолында. Бір кезде Жиделі байсын мен Қаратауды қалтыратқан Тұрсын ханның бұл баласы өзінен гөрі азулырақ өзге сұлтандардың Сары Арқаның дөңінде, Бетпақтың шөлінде алыс жүргендігін, хан сайлайтын қасиетті Түркістанның қасында тұрғандығын пайдаланып, Сәмеке өлер-өлместе қол астындағы аз ғана елге хан сайланып алды. Ондағы ойы — Есім тұқымы тағы да таққа таласып, ірге ашысып кетер болса, Орта жүзге ортақ таждан қапы қалмау. Ол билейтін найманның Сары Арқаның самалына шыққан қалың нуы көкжал інісі Барақтың қолында. Күшіктің дәмелі тағынан Барақ та дәмесіз емес. Егер оның қолы әлгінде билікке жетердей болып жатса, інісінен гөрі ағасының жол беруі оңайлау еді. Өйткені, Күшікке құлақтың тынышы керек, ал Барақка абырой атақтың молырағы керек. Бірақ, құдай әзірге екеуін де дегеніне жеткізбей тұр. Жеткізе де қоймас түрі бар. Орта жүздің бос тағына ол екеуінен басқа да көз алартар сырттандар жеткілікті. Көзге түсердей еш қылығы болмаса да, Тәуке ханның немересі Әбілмәмбет қалың арғынның шүйделі аталарын уысында ұстап, Ертістен бергі ен даланы алып жатыр. Арғынның одан қалған ауылдарын Көкшетаудың қалың қарағайына саялатып жас бөрі Әбілмансұр тағы тұр. Ол екеуі ешкімге келіп сыр ашпағанмен сырлары белгілі. «Жаудың сиқы анау, елдің сиқы мынау. Бізге әзір ноқтасын бір жолата беріп, билігін сен айт деп тұрған ешкім жоқ қой. Босқа жаманат арқалап қайтеміз. Не де болса, жұртпен бірге көрерміз»,— деп тойған қозыдай томпиып отыр. Өткенде әлгі сумақай тілмаш әкелген ала қағазға қол қойды. Онда да бостан босқа ақ патшаның қабарына қалың қайтеміз деп ойлады. Ақ патша мықты болса сүелі

башқұртты жеңіп алсын. Одан кейін көре жатармыз. Жан қысылып бара жатса, сары ала қағаздың астында тұрған тек өздерінің ғана қолы ғой. Қарауындағы бір де бір ру басының қолы жоқ. Ол күндердің күнінде: «Мен көнгенмен, елім көнбей отыр ғой» деп сырғақсуға жақсы. Бәрінен де бұрын орыс патшасының қол астындамыз дейтін Өсеке балаларына бел алдырмау керек. Егер олар ақ патшаға арқа сүйеп тайтаңдайтын болса: «Біз де тоқалдан туған жоқпыз. Орыс әкелген ала қағаздың астында біздің де қолымыз тұр»,— дей салады. Түптеп келгенде, ол екеуі де әзір ешкімге ноқтасын басыбайлы ұстата қойған жоқ. Қалай тайып шыға келеміз десе де еркі. Сүйтіп, ызғындай Орта жүз Жәндік әулетінен шыққан төрт сұлтан, қарадан шыққан бір батыр, бір бидің қарауында алты бөлініп, алты бәлек жайлап, қыстап жатыр.

Әбілқайырға да орыс-башқұрт жанжалы бір жақты болғанша Орта жүздің ортақ тағының бос тұрғаны, ауыздарының алты бөлек бола тұрғаны керек еді. Сонда бет-бетіне би боп кеткен башқұрттардан ауызы күйген ақ патшаның қазақ арасын бір тұтас қып ұстайтын билеуші іздеуі мүмкін. Ол кезде олардың көзі әрине, өзіне, қазақ билеушілерінен өз тізгінін алдымен өз еркімен ұсынған Әбілқайырға түсуі әбден мүмкін. Кешегі жылмақай тілмаш та соны аңғартқандай ғой. Орта жүздегі төрт сұлтанның кешегі антқа қол қойғанын бұның еңбегі санайды. Ендеше, Әбілқайыр бұл тарапқа да назар аудармай отыра алмайды. Әбілқайырдың сондағы ат басын тірер адамы — осы Жәнібек батыр.

Дәл бүгін таңда Орта жүздегі ел ұстарлардың төресінің де, қарасының да Жәнібектен беделдісі кемде-кем.

Сол Жәнібек, міне, Әбілқайырдың қасында. Олай етпеске Жәнібектің де жағдайы жоқ.

Кешегі ақ табан шұбырындыда Қаратау бойын жау алып ел босқанда көн тартса қалыбына деп Орта жүз бен Кіші жүз баяғы ата-бабалары қоныс еткен Сары Арқа мен Жем, Жайықтан бір-ақ шықты. Бірақ ол далалар: «Бір кезде Қаратау ауып кеткен ұрпақтарымыз қайтып келер-ау»,— деп құлазып бос жатқан жоқ еді. Аралдан әрмен мол қиырдың жусаны мен изенін құба қалмақтың отары мен келесі тапап, Ырғыз, Торғай ну түбектерін башқұрттың табыны мен үйірі жайпап, от пен суға әбден кенеліп жатыр еді. Елден айырылып көкірегіне зәр толып, жерден айырылып көзіне қан толып келе жатқан жан кешті босқындар өрісте жатқан ақтылы қойдың өрісін бұзып жусап жатқан көк алалы жылқының жусауын бұзып бықпырт тигендей қылды. Іргедегі қалмақты итермелеп отырып Жайыққа апарып бір тықты, желкедегі башқұртты желкелеп отырып Орал тауға асырды. Итермеледі екен деп именетін құба қалмақ па, ай аралатып ол тиіседі, желкеледі екен деп жер бола қояр башқұрт па — апта аралатып бұл тиіседі. Жаңа қоныстың да қазаққа жайлы тиіп тұрғаны шамалы. Үш тараптан кіжінген үш жұдырыққа кезек елендеп, найзаның ұшымен от көсеп, қанжарыңмен ет турап, буулы белің шешілмей, денең жайылып көсілмей кешкен күн па

күн, не тіршілік болмақшы!? Қазаққа да төсегіне жайбарақат жатып, жайбарақат тұратын жайшылық заман керек емес пе! Егеспен жүріп ер, айқаспен жүріп азат атанғанмен ол сенің қойыңа қоныс, жылқыңа өріс, еліңе тыныштық бола алып тұр ма?! Жағаласпен өткен жанкешті тіршіліктің азын-аулақ дәулетіңді шашып, тұқымыңды тоздырғаннан басқа көрсетіп жатқан қызығы қайсы?! Сонда жан-жақтан бітім іздемегенде не іздейсің? Күні кешегі өзіңді желкелеп қуған қара қалмақтан бітім сұрасаң — ездігің, өзің желкелеп қуған құба қалмақ пен башқұрттан бітім сұрай алмайсың, сұрасаң да бермейді, ал әлім жеткенмен алысып қалайын деп арпалыса берсең — есерлігің. Қайтпек керек сонда...

Сонда екеуінің ойына да орыс түсті. Бүгін сен жәбір көрсетіп отырған башқұрт пен құба қалмақ түптеп келгенде орыстың боданы. Сенің жұрттан тартып ап, түре жайлап келіп отырған жерің — шындап келгенде, орыстың шебі. Сол орыс: «Тоқта!! Сонша тайтақтап қайда бара жатқан бұзықсың?!»— деп алқымына ай балтасын тіреп тұра қалмай тұрғанда, алдын орап өзің тілдес. «Жау болуға келе жатқан жоқ, ел болуға келем де. Боданың болам!»— де. Боданы болған, құлазып жатқан қу даланы орыс үшін қалмақ жайлағанда не, башқұрт жайлағанда не, қазақ жайлағанда не? Іргеңдегі торғауыт пен башқұрт тарапынан бітім тапсаң, тек осылай табасың. Алыстағы жоңғар да аяғын тартса, орыстан қорқып тартады.

Осы пәтуға екеуі де ден қойды. Өйткені, екеуінің де жайлап отырғаны орыстың шебі еді. Құба қалмақ пен Башқұрт төрткісінен көз аша алмай отырған да екеуі еді.

Орта жүздің қалған жақсылары тегістей аңыс аңдап қалғанда Жәнібектің ондай бұқпантай мінез көрсетпей, Абдолла баласы Әбілқайырды ашық жақтап шығуының сыры да осында еді.

Екеуінің пікірінің бір жерден шығуы — екеуінің басындағы жағдайдың бірдейлігі ме?

Екі үндемес осыны айтпай түсінді. Екі сырбаз осыны сыр қылып іште сақтап, сырттарына шығармады. Өзара барыс-келістері де — осы жағдайды қалай ұғып, қалай ұстанып жатыр екен деп бірін-бірі барлағаны еді.

Соны түсінген Әбілқайыр былтыр жат жерлік елшінің алдында Жәнібекті хан көтеріп қарсы алды.

Соны түсінген Жәнібек бүгін Әбілқайырға сыйына сыймен, жауап беріп отыр. Жұрттың сұқты көзінде жүрген екеуі бір-бірінің еңсесін солай көтеріп бақпақ.

Бұлай етулерінің тағы бір себебі — екеуінің сырттан ұстасқан жаулары ғана емес, іштен ұстасқан жаулары да бір еді. Жәдік балаларын Әбілқайыр жек көреді; Жәнібек менсінбейді. Әйтпесе, қол астындағы шақшақ пен сар жетімге, уақ пен керейдің бірнеше руларына «мал төбетсіз, ел төресіз бола ма» деген ескі үрдіспен Шығай тұқымынан бір сұлтансымақты ұлыс басы қылып әкеліп шүлдірлетіп қоюды көрмей, білмей отыр дейсің бе! Көрсе де, білсе де әдейі осылай істеп отыр. Ақылы өзінен аспай-

тын бір шәлтікті атасын сыйлап төрінде талтаңдатса, Жәнібектің аты Жәнібек болар ма еді? Өзі қай төреден, қай сұлтаннан кем! Қазіргі бір-бірінің жағасына жармасып жүрген жамандарың түгілі Әз Тәукенің өзі де заманында Жәнібек батырға айбына тіл қататын. Соны көре қалғандар бар. Соның бірі — мынау Абдолла баласы Әбілқайыр. Бір кездегі жорықтастың қазіргі қолтықтас болып жүруінің бір себебі де сол. Оны көре қалғандар анау Күшік, анау Барақ. Олардың, бірақ бұны Әбілқайырға ұқсап жағалап келуге біреуінің білігі жетпейді, екіншісінің өрлігі жібермейді. Біреуі: «Сол неменің басы тым шалқақ. Қасына барсаң, қараптан қарап еңсең жерге түсіп аласарып қаласың. Аулақ жүргенің дұрыс»,— деп қорықса, екіншісі: «Ол батыр болғанда, мен пақыр ма екенмін»,— деп шалқаяды. Ал Әбілмәмбет пен Әбілмансұрдың әкелері үлкен болғанмен, өздері үлкен емес. Өздері ағалап келмесе, бұл жағалап бара алмайды. Орта жүзде батырдан Жәнібекті, биден Қазыбекті, ақылгөйден Бұқарды ағалаған қараның да, төренің де басы озбаса, бәсі түспейді. Соған ақылы жетпеген қараңа да, төреңе де ол үшеуі илікпейді. Төреге илікпейтіндері — төрелердің айдап әкелген елі, арқалап әкелген жері жоқ. Ел де, жер де бұлардыкі. Қараға илікпейтіндері — қанша бай, қанша көп болғанмен мал мен жанды ұстап тұруға ақыл, білік, күш керек. Үшеуі де бұларда. Қаралардың бұларға ісі түспесе, бұлардың оларға ісі түспейді. Ауызын сәл ашса да, дәл ашатын Жәнібектің бір айтқанын тыңдамай: «Ағайынды бездіргенің өзіңе абырой болса, жер түбіндегі нағашыларыма көшіп кетем»,— деп қорқытпақшы болған бір бопсашыл ағайынға: «Шырағым, Жәнібектің басының қадірін қалмақтың найзасы болмаса, қазақтың айласы түсіре алмайды. Менің ығымнан асқан пана, сәлемімнен үлкен абырой таба алсаң, бара ғой»,— дейтіні де сондықтан. Қазақ даудан көз аша алмай тұрып биге ісі түспей, жаудан көз аша алмай тұрып батырға ісі түспей тұра алмайды. Ендеше, би мен батырдың алдынан есі бар төре мен қара көлденең өте алмақшы емес.

Осы қағиданы арқар ұрандыда қатты ұстанатын осы Әбілқайыр. Оның былайғыға суық жүзі бұларға келгенде өз-өзінен жылып жүре береді. Баяғы Тәуке алдындағы мезіреттен кейін екеуінің кермар келген жері жоқ. Көрген жерде ханзада басымен ол құрақ ұшып жатқанда бұл қайтып кекірейе алады. Бұл естігенде жұрттың ұйтқыма сөзіне ылығып Әбілқайырдан өзі кетіп жататын би мен батыр бар болса бар шығар, ал бірақ хан тарапынан астамдық көріп, соған шыдай алмай кетіп жатқандар болған емес. Өз ұлысындағы би мен батырлардың өзіне солай қарайтын хан көрші ұлыстағы батырға, оның ішінде де күллі Орта жүзді алдынан көлденең өткізетін Жәнібекке неге ілтипат көрсетпесін?! Ал Жәнібекке ілтипаттан басқаның қажеті де шамалы! Мал мен бақ өзінде де жетеді. Абырой мен даңққа да, құдайға шүкір, кенде емес. Оған тек «мен сенен кеммін бе» деп тайталаса кетпейтін сыпайы ізет керек. Ізетке ізет, ысыласқа ықлас көрсетуден Жәнібек те ешкімге есесін жібере қоймас.

Әбілқайырдың осы келісі тұсындағы көлкөсір ықылас та — соның бір куәсі. Ханның былтыр Қайыңды бойында екі жүздің ығі-жақсыларының ортасында Жәнібекке жасаған ілтипаты үш арыс қазақтың құлағына түгел жетіп, ауызына түгел ілікті. Қара жағы: «Хан болғанмен батырсыз қайраты қайсы?!— деп мардымсыды. Төре жағы: «Жәдігөй неме! Жәнібектің кірпияз, мақтаншақ екенін біледі. Сосын қонышынан кіріп қойынынан шығатын жылан мінезге басқан гой!!»— деп кекетісті. Ол — көр көкіректердің сөзі. Ондай қаңқуды Жәнібек те, Әбілқайыр да құлағына ілмейді. Жәнібекке керегі — іргелес отырған Жәдік балаларынан көре алмай келе жатқан ізетті іргесі бөлек Әбілқайырдан көргені. Әбілқайырға керегі — баяғы Әз Тәукені қайта тірілтіп әкелмесең, қарамын деп Жәдік балаларының ешқайсысының алдында құрақ ұшып елпек қақпайтын тәкаппар батырдың өзіне иіккені. Одан бұлардың біреуінің адамның көңілін айтпай көріп-біліп отыратын сұңғыла, екіншісінің таж-таққа да бас ұрмайтын өр аты шықты. Оларға керегінің өзі сол еді. Олардың ойынша, қазаққа да керегі сол шығар. Ноқта ұстары ел жақсыларының қасы мен қабағына қарап, ішіндегілерін айтпай біліп отыратын сұңғыла, дау мен жауда іс тағдырын шешетін найза ұстарлары мен қамшы ұстарлары ештеңеден тәуелсіз өр келсе, халық үшін одан асқан бақыт бар ма?!

Біле білген кісіге, Әбілқайырдың осы жүрісінің өзі — өнеге. Ең алдымен, келіп ақылдасудың орынына шақырып ақылдасқысы келетін Жәдік тұқымының асқан-тасқан сұлтансымақтарына өнеге. Осыдан кейін бұған аяқтарын салақтатып шабармен шаптырып көрсін! Ұстап алып, Әбілқайырдың аты байланған керме ағашқа керіп тастасын!

Біле білген кісіге, екеуінің осы барыс-келісінің өзінде талай сыр, талай мағына жатыр. Бұдан екеуі де ұпай қоспаса, ұпай жоғалтпайды. Жәнібектің онсыз да биік еңсесі одан сайын биіктей түседі. Әбілқайыр бұл арқылы өзінің бәсекелестері Жәдік әулетінің абыройына нұқсан түсіреді. Өз қарауындағы емес Орта жүз жұртының алдында да беделі алады. Жәнібек көрсеткен ықласты естіп Кіші жүздің ру басылары да бұрынғыдай емес аяқтарын тарта жүреді. Бұл жолығыстың дақпырты ақ патшаның ұлықтарына де жетеді. Олар да бұның, кейбіреулері айтып жүргендей, өзін өзі қопайтқан алдамшы біреу емес, күллі қазақ арасында ықпалы бар инабатты билеуші екеніне көздері жете түседі. Екеуінің бұл мәслихатын жабықтан сығалап, іргеден тың тыңдап отыратын башқұрттар да көз жазбай бақылап отыр. Мынандай қиын сағатта қазақтардың ауызының қалай қисаятынына олар да енжар қарай алмайды. Күнбатыстағы қалмақтың құлағы да бұл тараптан. Кіші жүзбен Орта жүздің арасы жарасса, олар да қазақ ұлыстарына карай аяғын аңдап басады. Екеуінің бұл жолығысы сонау жер түбіндегі жоңғар тайшыларының да ұйқысын бұзуы әбден мүмкін. Өздері шүршітпен алысып, тамақтарына ас батпай отырғанда ту сыртындағы қазақтардың қайтадан бір-бірімен ауыз жаласа бастағандары олардың арқа-

сына аяздай батары сөзсіз. Бұлардың бұл жолығысы Орта жүздегі Жәдік балаларына да түрпідей тиеді. Бұдан Әбілқайырдың айдыны асып кететініне олар да түсінеді. Қазіргідей бүкіл қазақтың ортақ тағы, Орта жүздің ортақ тағы ешкімнің тақымы тимей бос тұрған кезде патшаның ауызын алып алған әккі неменің енді кеп ел арасынан ықлас таба бастағаны ең алдымен солардың жанына батады. Бұлардың бұл жолығысы Кіші жүздің өз ішіндегі Әбілқайырға әлі қиқайып жүрген қиқар ауылдарды да ойлантады. Жәнібектің ауызының қалай қарай қисайғаны олар үшін де бәрібір емес.

Ұпай санасқан үш тараптың да құлақ, көзі қазір бұлар да. Соны білген Жәнібек ханды қай судың басында қарсы алып, қай күні қайда түнететініне дейін алдын ала ой елегінен өткізіп алды. Көп жұртқа дабыра қылмады. Шақшақ Бөкенбаймен ғана ақылдасты. Екеуі бір түйінге келген соң саржетім мен шақшақтан өз туыстары Тұрлығұл мен Айдаболға бастатып Шоңды, Тастемір, Кешенді, Елболды, Есенғұлды, Күнтуды, Алтыбасарды, Әлдекені, Дербісәліні, тортұғылдан Төлебай мен Шағырайды, Жолмәмбет пен Будабайды, керейден Құтым, Саламат, Сасықбай, Үсен Алшынбай, Асан, Бекберді, Алдоңғар, Амандықтарды, уақтан Ақбота мен Байсейітті, қыпшақтан Бостан, Өтел, Шақа, Таз, Барғаналарды шақырып мәслихат құрды. Қайсысынан қанша үй, қанша сойыс, қанша сауын, қанша қыз-келіншек, қанша жігіт келетінін есептеді. Ұлыстағы әнші, жыршы, ісмер, ұста, шабандоз, сейістер түгенделеді. Ханның көкірегіндегі қай ру басысының қайсысының тіккен үйіне түсетініне дейін белгіленді. Хан көзінше істелер іс ұқыпты, айтылар өңгіме бәсең, жайылар дастархан көл көсір болу жағы қатты ескертілді. Хан түсер ауылға өнерлілерімен қоса құлағы түрік, ауызы жеңіл, сөзінің желі мол бөспебай немелер де молынан шақырылатын болды. Олар хан келерде, хан келгесін, хан кеткесін жоқ қарап, көрісіп-сәлемдесіп, бата оқып жан-жаққа барып қайтады. Өздері шашқан хабарға халықтың қалай қарап жатқанын айтып келеді. Ол шамада бұл ұлыстың үстімен жоңғар, башқұрт, қалмақ, Ресей асып бара жатқан, Бұхара, жортып бара жатқан жолаушы біткен хан қашан ордасына аттанып кеткенше ауыл-ауылдарда кідіртіле тұрады. Мұнда не болып жатқанын олар да көре, біле, ести кетсін, айтып барсын, жол-жөнекей дабыралай жүрсін.

Жәнібекке соның бәрі ойдағыдай шыққан сияқты. Ханға да ұнаған түрі бар. Бірақ ақ қаптал неме жұрт көзінше шашылмай, өзін сараң кемпірдің пірген домалағындай татаусыз тас түйін ұстады. Жәнібекке де керегі сол еді. Осынша ашылып-шашылып жатқанда төбелеріне көтеріп жүргендері қайдағы бір далпылдақ көп дарақының бірі бөп шықса, не болар еді?! Әбілқайырдың қайта сол етек-жеңін жинап, аяғын абайлап басып, ауызын абайлап ашып сақ жүріп, сақ тұрғаны керек. Сонда жұрт оны іргесіндегі өз төрелерімен салыстырады. Салыстырады да: «Әй, бәсе, біздің батыр шамалы төреге шашыла қоймаушы еді. Мынауы

десе дегендей екен»,— дейді. Одан Әбілқайырдың да, өзінің де мейманасы тасады. Ол екеуінің соңынан елдің еруіне де жақсы. Аман болса, ақ патша төреден ең алдымен оны, қарадан бұны танымақ, Кіші жүзде оны, Орта жүзде бұны қадір тұтпақ. Сосын бұны сұлтан емессің деп кім иықтай алар екен. Бұны теріскейлеп Есіл бойында жатқан керейдің көбі бұрын қол астында еді. Енді соғанда, уақ пен тарақтыға да Әбілмәмбет қол салып, өз жағына қаратып алмаққа азғырып жүр деседі. Егер алла деген жеткізіп, ақ патша тараптан абырой тауып жатса, қол астындағы керейлерді, уақтарды өз алдына бөліп шығарып, ұлыс бектікке Әбілқайырдың бір баласын шақыртпақшы. Сонда Жәдік балалары да Орта жүзді бір өзіміз иемденеміз деп қораздана алмас еді. Бүйте берсе, олар күндердің күнінде Қазыбектің маңайындағы қаракесек пен өз маңайындағы шақшақ, саржетім, тортуылға да көз алартуы мүмкін. Кіші жүздегі Қайып баласы Батыр сұлтанға ұқсатып Орта жүзге де Әбілқайырдың бір баласын сіңіріп қойсаң, өзара қырқысқан екі әулетке ара ағайындыққа екеуіне де қарамайтын дербес ауылдар керек. Жарты әлім мен түгел бай ұлының тізгінін ұстаған Өсеке балалары мен жарты әлімнің бүйдасына жармасқан Батыр сұлтанның арасындағы кикілжіңнен табын Бөкенбай мен тама Есеттің қарауындағы жет ру оңай олжа тауып отырған жоқ па! Әрі өз тізгіндері өздерінде. Әрі қалаған жағын жендіріп, беріп, екі жақты да өздерімен есептесуге мәжбүр етеді. Бұның бәрі әзір Жәнібек көкірегінің жеті қат түкпірінде жата тұрады. Қажет десе, Бөкенбайға да айтпайды. Қайсысының тиімді екенін мынау салынып жатқан жаңа шаһарда ақ патшаның Әбілқайыр мен бұны қалай қабылдағаны шешеді. Оған дейін бір түйін жүрек түбінде тұра тұрсын.

Не де болса, Әбілқайырдың бұл келісі із-түзсіз қалмауға тиісті. Екеуінің оң қабағына халықтың қалай қарап жатқанын аңғартатындай бір шаруаны тез арада қолға алулары керек. Былтырғы келіп кеткен сумақай тілмаш ақ патша башқұрт бұзықтарын ауыздықтауда бұлардан қолқабыс дәметеді деп еді. Ол жайында Әбілқайыр қыстай не ойлап, не пәтуаға келді екен? Не де болса, екеуі енді қол қусырып қарап отыра алмайды. Ертең ұрандап шығар күн туып жатса, соңдарына қанша қара еретінін бүгін байқап көрмей болмайды. Жаңа шаһар бітіп, ақ патшаның ұлығы алдына шақыра қалса, соңындағы нөпірдің көлемі, ала қағаздың астына басылар күміс мөр мен қойылар шимай қолдың саны талай мәселені шешеді. Оған осы күннен қам жегендері жөн. Былайғы жұртты өз жағына шығару үшін олардың қолдарын өзіңмен бірге я майға мал, я қанға мал. Майға малсаң, олжасынан айырылып қалмас үшін айтқаныңды тыңдап бағады, қанға малсаң, айыбынан қорқып, сені жақтап бағады. Мына Әбілқайыр соның қай жағына шығар екен? Қандай ұсыныспен келді екен? Әлде әрі майға, әрі қанға малдыратындай төтен жол тапты ма екен? Әрине, солай... Әуелі қанданбай тұрып, қол майланушы ма еді... Орыс ұлықтарының дәметкенін жасасаң онсыз да нәпсіні ырғайдай, биті торғайдай болып жүрген бәйге-

ра жұртты қырып, қолыңды қандаудай-ақ қандайсың. Бірақ, артынан қанжығаға байлатарың жоқ қанды жорыққа көлденең сөлемшінің өзінің еріне бөктерген қоржынының қаншалықты томпақ екеніне бір көз тастап алмай жауап бермейтін сұқты жанар сұғанақ жұрты құрғыр лап көтеріліп бара қоя ма? Оның үстіне діндес, тілдес халық. Қайбір ауызынан ақ май ағып мейманасы тасып отырған ел! Жау жағадан алғанда, ит болып етектен шалғаннан түсер абырой қанша? Мына бағытымен қазаққа башқұрт тарапынан келер қауіпті ақ патшаның жаһангер әскерінің өзі-ақ бір жақты қылып беретін түрі бар. Ал осындай ала топаланды пайдаланып, қалмақ тарапының дауының тізгінін өз қолдарымызға алып көрсек не болар еді? Патшаны жақтайтындар мен жақтамайтындар болып екі бөлініп отырған алауыз елге қазір төтеден тиісіп, оңай төмпештеп, біреуі Жайықтың өрін өрістеп Оралдың етегіне, біреуі Жайықтың сағасын сағалап Еділ бетке шығып алса, ол қазақтың ішін тесер ме еді? Аз жыл тыныштықта қаулап өсіп, жаңа қонысқа да сыймай бастаған қазақ жылқысының аяғы ұзарып, қазақ қойы тар өрістен құтылып, пысыната бастаған көң таздан бір арылып қалар еді. Орыс ертең: «Бұларың не?»— деп ақырар болса, онда «көршіміздің арасынан ақ патшаға ала көңіл қарайтындар шыға бастағанын байқадық та, башқұрт ереуілімен ұласып кетпей тұрғанда тұншықтырып тастауға күш салдық»,— дейді. Сенсе — әлгі алған жерлері мәңгібақи өздеріне олжа боп өңгеріледі. Сенбесе — қалмақтың қолды боп кеткен жерін қайтарып алып берем деп жаңа бодан болып отырған қазаққа қарсы қару жұмсай қояр дейсің бе?! Іс жаугершілік жолмен шешілмей, даугершіліктің жолымен ақи-тақи шешіліп біткенше қай заман? Оған дейін қағынып жүрген қалмақ тайшыларының өздері де қарап отыра алмас, бір ілікті тағы тауып берер. Сосын ауызға түскен жаңа сағызды созғылап тағы да талай жылдың басын ауыртуға болады. Жәнібектің Әбілқайырдың алдына тоспақ ұсынысы осы? Жалпы Еділ, Жайық екі судың бойына денден кірмейінше қазақтың дені жайылмайды. Теріскейде орыстың жерінің өзіне қол салмасаң, алатын пұшпақ қалмады. Башқұртты басамыз деп баса-көктеп келген зеңбірек енді олай қарай аяқ аттатпайды. Дөндік Омбыға қарсы шыққандарды ауыздықтаймыз деп ақ патшаның аламаны келер болса, Електен әрі аса алмай дымыңның біржола құрығаны. Сондықтан торғауыт қалмақ бірдеңені мықтап бұлдірмей тұрғанда қимылдап қалған дұрыс. Дөндік Омбы қап тауының теріскейінен дөмелі дейді. Қазір жаз шықса болды, басын солай қарай бұратын көрінеді. Абырой болғанда, оған қарсылардың қонысы Жайықтың бергі беті мен Еділ, Жайық арасында. Оларды тәртіпке шақырған боп Еділден әрі бір асырып тастасаң, сол иттей қырқысқан күйлері Қап тауына қарай қаңғырыстап кете бармай ма? Ар жағында өз тентектерін не қылатынын ақ патшаның өзі білсін. Ал Еділ мен Жайыққа аяқ іліктіріп алса, Әбілқайыр екеуі ту жөлкеде тұрып ап: «Орыстың етегінен ұстағанда не пайда табатындарыңды көрдің бе»,— деп сыңғылық күліп

отырған Жәдік тұқымына, солардың шылауындағы былайғы Орта жүз шонжарларына қысылмай-қымтырылмай тура қарай алар еді. Мұндай ұрт қимылға ұрымтал тұс нағыз осы қазір. Бұдан кеш қалғасын башқұртты бір жақты қылған патшаның әскерінің өзі-ақ тұяқ серіпкізбей жігеріңді құм қылады. Баяғыда қашқан башқұрттың соңынан қуам деп еліге-еліге Түмен асып кете жаздағанда қарсы алдынан жез зеңбірегін күркілдетіп Левентей батыр, қылышын салақтатып Педот батыр[1] қоса қабат шыға келмеп пе еді. Жаздым, жаңылдым, білмей қалдым деп зорға құтылмап па еді. Әйтпесе, олар да бір жалба тымақты қуалап екінші жалба тымақтар жетіп келгенде көктен сұрағандарымызды жерден берді деп қуанып, көздерінде жылт ойнақтай жөнелмеп пе еді. Сонда Левентей мен сондай Педот қалмақтың ар жағынан да табылмас дейсің бе?

Бұл ақылына Әбілқайырдың құлақ асары белгілі. Бірақ, оны бір кідіртсе қарап жатқан қалмаққа бұлай төтен тиісуге ел құлағын алаңдатар бір желеу керек. Онысыз естір құлаққа ерсі қимыл бәрібір абырой тауып бермейді. Оның үстіне қанша дегенмен құба қалмақ ақ патшаға бодан ел. Оның ісіне орыс ұлыстары араласпай тұра алмайды. Оларға айтылар негізгі жауап табылғанмен, бірақ: «Бұл жайында әуелі біздің алдымыздан өтіп алмай, мұнша төтен қимылдауларыңызға не себеп болды?» — деп, өжектей кетсе көлденең тосар сылтаулары қайсы? Мұндайда кергіме ұлықтар: «Бұл бір біздің миымыз жетпейтін іс екен. Сондықтан араласпайық. Бірі еліп, бірі қалсын. Өздері шешсін»,— деп ат-тонын ала қашатындай шытырман дәлел керек.

Құдай өлтірсін бе... Жақында Астраханьдағы әкімге Жәнібектің хатын апарып қайтқан Түмен абыз бірдеңені бықсытып келді: «Баяғыдағы ақтабан шұбырындыны жасайтын Шона Добы жаңа қонтайшыдан қашып Жоңғарды тастап, құба қалмақтың арасына кеп бас сауғалапты. Торғауыттар сыйғызбаса, қазақтың панасына жығылам деп, біраз игі-жақсының баяғыда тұтқын қып әкеткен балаларын ерте келіпті. Бірақ қонтайшымен астыртын ауыз-жаласы бар Дөндік Омбы бәлелі іске араласқысы жоқ көрінеді. Оның үстіне қашып-пысып жүрген Шона Добыға: «Қонтайшыға қарсы күреске шықсаң, әскер береміз. Жоңғардың тағына өзіңді отырғызамыз»,— деп қытайдың жансыздары шұбырғыштай бастапты. Істің арты насырға шауып кете ме деп сескенген қалмақ ханы қонтайшының айтқанын тыңдап Шона Добыны у беріп өлтіріпті. Ол ертіп әкелген қазақ балаларын да қоса қырып салыпты. Іштерінде Есеттің баяғыда жоңғар әкететін баласы Ақмандай да бар екен деседі. О да өліпті. Бірақ одан «тұқым аламыз» деп қалмақ қатынға үйлендірген екен. Содан туған екі бала қалыпты...».

Нағыз өрт түтетуге таптырмайтын шала бықсық. Ештеңенің анық-танығына жетіп бола алмайсың. Оның қажеті де шамалы.

---

[1] Леонтий Парфенов, Федот Матигоров — сібір казактарын басқарған полковниктер.

Құлағыңды елеңдетіп, намысыңды дуылдатса болды. «Тұтқындағы боздақтарыңызды қырып салыпты»,— десең, қазақ дүр көтерілері сөзсіз. Оның үстіне баяғы ақтабан шұбырындының тұсында көздері мөлтеңдеп жау қолында кеткен қыршын бауырларды айтсаң, кім-кімнің де сай-сүйегі сырқырамай тұра алмас.

Үндемес Жәнібектің көзінде көптен маздап кетпей қойған жұмбақ шоқ осы лақаптан тұтанған еді. «Әбілқайыр хан ақылдаса келмек екен»,— деген хабарға қатты қуануының бір себебі де сол еді. Түмен абыздың айтып келген хабарының өтірік-расында шаруасы шамалы. Оған тек әлгіндей ойын Әбілқайырдың құптағаны ғана керек. Өлген боздақтарға бірден бір жоқшы болатын ауылдар соның қол астында. Олар қозғалса, бұған қостай кету деген сөз емес. Ағайынның жыртысын жыртқаннан қай қазақ абыройдан айырылып еді! Арғы түбі Сарытауда талдаңдап қыдырып жүрген Дармабала ханымнан тарапты-мыс бұл лақапты тіпті де зая жіберуге болмайды. Бәлкім өлген күйеудің тағынан дәмелі жесір ханым қазіргі ханды қазақтармен шағыстыру үшін әдейі таратып жүрген шығар. Мейлі солай-ақ болсын. Ондағы бұлардың шаруасы қайсы! Бір кездегі жерін өзімсініп ап босатпай отырған құба қалмаққа тағы бір ұрынуға сылтау табылса болғаны. Бұл білетін Әбілқайыр тап мынандай көктей түскен батпан құйрықты ит сілікпеге қор қыла қоймас.

Жәнібектен басқа кісі болғанда алғашқы күні-ақ ақтарып айтып салар еді. Ол әліптің артын бақты. Ханның мұндай төтен келісіндегі ниетін аңғаргысы келді. Бәлкім өзі де естіген шығар деп ойлады. Естісе, әңгімені өзі қозғар деп күтті.

Әбілқайыр әңгімені өзі бастамады. Ол бәлкім бұдан күткен шығар. Не де болса, қанша сыйласқанмен, сырдесте емес адамдардың әуелі әбден сынасып алмай іш жарысуы қиын екен. Екеуі де бір-бірінің алдында сызылып бақты. Екеуі де көре сала өле салатын көрсе қызар әсер қалдырмауға тырысты. Бір-біріне артық қолқа салып, артық шаруа шығарып бергісі келмеді. Қабағымыз оң ғой, ақыры бір іш ақтарыса жатармыз деп ойлады.

Сейтіп қонақжайлық рәсімінің соңғы оңаша сұбхатында да бір-біріне жалтақ-жалтақ қарап ізеттен әрі аса алмады.

— Алдияр, ай жатсаңыз да ауырсынбас елді апта аралап қайтып барасыз. Қалтқысыз көңіліміз осы. Өзімсініп ат басын бұрып әдейілеп келгеніңізге шексіз ризамыз.

— Баса көктеді демей, өзімсінді деп ұққаныңызға мен де ризамын, батыр.

Одан әрі сөз болған жоқ. Көмейлерінде көп әңгіме сығалап тұрғанын екеуі де түсінді. Бірақ, ол әңгіме жүртты ніріп қойып мақұлдасар мәслихаттың шаруасы емес, оқшау отырып оңаша ақылдасар сұбхаттың шаруасы екенін екеуі де аңғарды. Оған орын тар еді. Оның үстіне екі арыстың ығі жақсыларын жиып алған жерде екеуара бұқпақтасып жүргендері жараспас та еді.

Екеуі сыртқа шықты. Тосып тұрған қалың жиын қоғадай жапырылып тағзым етті.

Керме ағаштың қасында анадағы созалаң көк байлаулы тұр.

Ар жағынан ішек-бауырына дейін сайрап көрінің тұратындай тұнық көктің денесі шым-шым өніп жатқан бұлақтың суындай лып-лып ойнақшып тұр.

Хан бұл жолы төрт аяқтының мінсіз сұлуын көрсе де, көрмеген, байқамаған болды. Бұл жерде таңдай қата боп тамсанып жатқаны былайғы жұртқа алтын көрсе періште жолдан таядының керіндей дүниеқоңыздық көрінері сөзсіз еді.

Оларды Жәнібек пен Бөкенбай бастаған ұлыс жақсылары баяғы қыз емшек төбеге дейін шығарып салды.

Қоштасарда Жәнібек:

— Алдияр, мынау анада көзіңіз түскен жануар еді. Өзі өрісіңізде жайылсын деп жетектетіп жатырмын. Жаттан келсе де қайырымды тұқымның төлі еді. Сізге де қайырымен бұйырғай,— деп кекілінен бір шоқ қылды шорт кесіп ап, созалаң көктің ауызына апарып сілекейін ап, қынына пышағымен қоса тықты.

Жақын тұрған ақсақалдар жағы қолдарын жайып, сақалдарын сипасты.

Екеуі қос көкіректерін кезек-кезек түйістіріп құшақтасып қоштасты.

Хан қасындағы аз шоғыр қыз емшек төбенің басындағы қарақұрым көп шоғырдан үзіліп шығып батысқа қарай беттеді. Жәнібектің бірінен-бірі өткен сәйгүлік аттары мен сайыпқыран жігіттері қолыңды бір сілтесең ере жөнелетіндей боп жаланып-ақ тұр. «Бұларды бүйтіп жіпсіз матап қою обал шығар. Биыл, не де болса, ащы терлерін алатын амал таппай болмайды екен»,— деп ойлады хан ішінен. Анадай жерге барғасын артына бұрылып еді. Билеп басып тықыршып тұрған қалың баран аттының сол нірілген қалпы. Қақ маңдайдағы меңсіз көктің үстіндегі Жәнібек бұның соңынан оң қолымен күн салып ұмсына қарап қалыпты. Әбілқайырдың көкірегін әлдебір жып-жылы ағын жуып өткендей болды.

Арада апта өтпей жатып хан ордаға Тұменді ертіп Айдабол келді. Әбілқайыр Жәнібектің өз бауырын бұған тегіннен тегін жұмсап отырмағанын бірден біле қойды. Шаңырақ артқан түйеде дәу сәлделі абыздың қонақасыдан соң ауылдың желкесіндегі жел төбенің басына барып үшеуден үшеу отырып айтып берген ұзын-сонар әңгімесі әлгі үмітінің үстінен шықты. Лып етіп қуанып кеткен хан онысын байқатпай, бейуақ қыршын боп кеткен боздақтарды аяғандай төмен қарап томсырайып отырып қалды. Алған әсерін тұнжыр қабақтан ғана аңғартты.

— Мына әңгімені көп ұзатпай Есетке естірту керек екен. Көлденең көк атты біреулердің ауызынан біліп қап жүрсе елдігімізге сын болар.

Содан басқа хан да жақ ашпады. Содан басқа меймандар да ештеңе қаузамады.

Қоштасарда Әбілқайыр:

— Батырға сәлем айтыңдар. Мына хабарды көп ұзатпай құлағымызға салғаны дұрыс болды,— деді.

Орта жүздің жүргіншілері белдеуден аттарын шешіп жан Мырзатайды ертіп табын Бөкенбайдың ауылына аттанды.

Ақмаңдайдың аты аталғанда күлің етіп қуанып кеткен батырдың дөңгелек жүзі гөпке қанықсын қабынған талақтай қарынып шыға келді. Тілін жұтып қойғандай сазарып отырып-отырып барып: «Мына хабар Есетті есеңгіретіп кетпесе болар еді. Ақмаңдайға жан теңгермейтін еді. Өлгені тіріліп, өшкені жанғандай болып, тап іргесіне тірі келіп тұрып, қайтадан ғайып боп кеткенін қарашы»,— деді. Төлебайды шақыртып, қасына Мырзатайды ертіп кетелерге жұмсады. Нағашысы Балпаш әулетіне хабар бермей болмайтын еді.

Есеттің ауылын ай бойы ат қамады. Жан-жақтан бата оқушылар көбейді. Бет сипауға келгендер баталасуға келгендей қыршын боздақтардың қанын арқалап отырған қаскөй ұлысқа тістерін қайрасты.

Тып-тыныш ел дүрлігіп шыға келді. Ауыл-ауылда домбырасын сүйреткен ақындар, жыршылар көбейді. Бәрі де баяғы ақтабан шұбырындының топалаңынан бермен қарайғы қорлық пен бейнетті айтып сай-сүйекті сырқыратып сарнап қоя береді. Өліп-талып ел қарасын көріп тұрып көз жұмған қырық қыршынның қайғылы тағдыры көш құлаш хиссаларға айналып ауылдан ауылға, ауыздан ауызға тарады. Сол жылдары бауырындағы балаларынан тірілей айырылған шаңырақ атаулы өлгі қырықтың ішінде өз қарақтары да бардай көріп, жаппай аза тұтты. Марқұмдардың шешелері, жеңгелері, апа-қарындастары күні-түні жоқтау айтып ел-жұртты еңіретті. Әсіресе, Есеттің тұтқыннан қайтып оралғасын үйленген әйелі табын — Бөкенбайдың қарындасы Еңсеп сұлудан туған Ботакөздің өзі тумай тұрып жоғалып кеткен ағасына арнаған жоқтауы жан біткеннің ауызында жүрді. Тамалардың ауылына бата оқи барғандардың бәрі қаршадай қыздың ажарын, ақылын айтып таңдай қағысты. «Қыз да болса, болайын деп тұрған бала!»— деп тақылдасты. Сол бір азалы айлар Ақмаңдаймен қоса Ботакөздің де атын шығарды. Иір мойын Есеттің даңқы да аспандап тұрды.

— Қанша қатын алсам да, Ақмаңдайдай ұл сүймеп едім. Қанша қыдыра жол көрсем де, Ақтабандай ат мінбеп едім,— деген сөзді де иір мойын ерен батыр сол күндері айтыпты дейді.

Жетіру Темірдің басында қыран жапқандай қылып Ақмаңдайға ас берді. Асқа жиналғандар:

— Ау, осылай аһылап-үһілеп отыра береміз бе! Одан да қаншердің қара қанын қайың тостағанға құйып ішіп, кегіңізді алмаймыз ба? Осы елдің әлгі найзасы шошаңдаған батырлары қайда! Аламан бастап алға түсетін ханы қайда? Олар неге үндемейді? Олар неге жым-жырт?— деп айқай салысты.

Шәйіт батырдың түп нағашылары Балпаш балалары қанатынан қайырылып отырған атақты жиенін мынандай аза үстінде ел алдында қол жайдырмаймыз деп жан-жаққа «Қалмаққа жорыққа аттанамыз!»— деп шабарман шаптырып сауын айтуды өз мойынына алыпты.

Жұрт жиылып хан орданы қамай бастады. «Ағайынға түскен қайғыдан қалыс қала алмаймыз»,— деп шапқылап келіп жатқан Орта жүз аттарының да терлігі құрғамады.

Әбілқайыр ертеден қара кешке майханасын қамап жатқан ағайынмен ақылдасты.

Әжібай ауылдарынан келіп жатқан хабар да емен шоқпардың дүңгісіндей дүңк-дүңк етеді.

— Шекті! Есенбай жүз жігітімен аттанам деп отыр!

— Жеті ру мен кетелер Есет, Бөкенбай, Алтайға бастатып екі мың адам шығармақ!

— Он мың жарым қол Орта жүзден келмек!

— Батыр сұлтан да қарап қала алмапты. «Мың адаммен мен де атқа мінемін»,— депті.

Олар сөйтіп дүрлігіп жатқанда мұның өз қарауындағы рулар да қарап қала алмайды. Сонда жиналар қол жиырма мыңнан асып жығылмаса, жетпей жығылмайды.

Жиырма мың әскер баяғы ел басына күн туған кездерде де жиыла берген жоқ. Бүйтіп құлшынған жұрттың салымын судан қайтара алмайсың. Қайтарсаң — енді қайтып маңайыңа жоламай кетеді.

Әбілқайыр бір жағынан көктен тілегенін жерден бергендей боп қуанса, екінші жағынан қатты ойланды. Қанша дегенмен баяғы өзің біліп қимылдай беретін заман жоқ. Бөтеннің боданасың. Екі бодан бір-біріне иелерінің бұйрығынсыз қару жұмсай алмаса керек. Ертең әлі сыр мінез емес ұлықтар: «Тақсыр хан, бұныңызды қалай түсінеміз?»— деп шаншылар болса, айтар жауабы қайсы? Әрине, алдымен мынау есіріп алған елді тілге тиек етеді. «Дөндік Омбы қазақтың намысына тиді. Ашынған жұрт айтқан басуыма көнбеді. «Ханмын десең, алдымызға түсіп, жорыққа баста, әйтпесе, тақтан қуып, талақ етеміз»,— дейді. «Айтқандарын қылмастан басқа амалым қалмады» дейді. Екіншіден, қалмақтың өз арасындағы шырық бұзарларды айтады. «Өздерінің топас хандарын мансұқтағандарын былай қойып, ақ патшаның өзін даттай бастады. Өздері ғана азып қоймай, бізді де: «Ақ патшаға қарсы шығыңдар»,— деп азғыруды көбейтті. Бұндай әзәзіл әңгіменің жолын кеспесе болмайтын болды»,— дейді. «Қазақтарға құба қалмақтардың ондай-ондай азғырынды әңгімелеріне құлақ астырмаудың жаңғыз жолы оларға қарсы жорыққа шығу. Сонда бір-бірімен жауығады да, әлгіндей әзәзіл әңгімені айтпайтын болады»,— дейді.

Мына жақта башқұрттың дүрбелеңінен қорлық көріп жатқан орыс ұлықтары алдыңғы дәлелін құлақтарына ілмесе де, соңғы дәлеліне ойланып қалары анық. Тек соған ғана сеніп, қазақтардың мынау тыз етпе ет ашуын пайдаланып, қалмақтарды Жайық асырып тықсырып тастауға болады. Жайық асқанша қазақтардың да желі басылар, қарқыны қайтар. Ар жағында патша ыңғайындағы қалмақ ханына өздері де қол сала қоймас. Өйтіп өзеуресе оған өзі де жібере қоймас. Жайыққа дейінгі ұлан ғрісті

алып, алдарына олжа салып оралса, бұл шұлдақтарға одан артық тағы не керек?

Жәнібектің де көздейтіні осы секілді ғой. Ол да желкесіндегі башқұртқа ұрынғаннан гөрі бұның іргесіндегі қалмаққа ұрынғанды жөн көріп жаланып тұрған тәрізді. Башқұртқа ұрынғаннан бұдан басқа қазақ қол былғағаннан басқа ештеңе бітірмейді. Қалмақты жеңсең — өріс пен олжаға кенелесің. Ендеше, сол кәптің дегені болсын. Олардың ындыны бітелмей тұрып бұның дегені бәрібір жүзеге аспайды. Өз дегеніне жету үшін бұл бәрібір сол көп тобырға қол жаяды. Ертең олар мұның тауын шақпас үшін, бүгін бұл олардың дегенін қылуы керек. Оның үстіне Еділге дейінгі кең жазық көптен бері бұның да көзін тесіп келе жатқан қызыл құрт. Бәлкім оны осындай алас-қапаста тартып алмасаң, ертең басыбайлы боданы болып алғасын ақ патша қалмақ пен қазақ, орыстың ауызындағы ырзықты алып бере қоймас.

Қалай елеп, қалай екшесе де, көп күдікті бір тәуекелі қайта-қайта алып ұрып астына сала береді.

Сонда орыс ұлықтарының сыпайылап айтқан былтырғы бұйымтайын қайтпекші. Жабулы қазан жабуымен деп біржолата бұқтырып қоймақшы ма?! Башқұрт жаққа тұяқ серіппей осылай отыра бермек пе? Жоқ оған басқа көнсе де Әбілқайырдың өзі көне алмайды. Өйткені оған түсер ұпай негізінен сол башқұрт бүлігін басуға істеген әрекетінен түседі. Ендеше ол тарапты да біржолата естен шығарып қарап отыра алмайды. Бұл жорықтан оралғанша ол жаққа Нияз сұлтан мен Мырзатайды аттандырып, шөмекейдің жоғалған жылқысына сұрау салдырады. Олар әлдеқашан башқұрт ауылдарының желкесіндегі сай-жыраларға қураған қу тезек боп түсіп қалған жоғалған малды қайдан тапсын! Соны сылтауратып башқұрт тізгін ұстарларының ауыз ләмін аңдиды. Олармен әдейілеп барып сөйлеспей, арасына: «Ақ патша Әбілқайыр ханға башқұрт көтерілісін басуға ат салыс деп қолқа салыпты. Хан мынадай аламан-асырда қандас халықтың қанын арқалағысы келмей қатты қиналып жүр. Уақыт оздыру үшін әуелден егесіп жүрген тайшылардың ұлысын шабуға кетті. Егер балаларының бірін башқұрттар шақырып алып хан қояр болса, ақ патшаның алдында бүлікшілерді одан әрі қудаламауды өтініп, кепілдік алар еді»,— деген қаңқу таратқызады. Башқұрт бас көтерерлерінің мұндай лақапқа қалай қарайтының барлап көреді. Ондай пәтуаны қазақ арасы да құптар еді. Өзі патша ұлықтарының алдында башқұрт арасында да ықпалы бар билеуші боп көрінер еді.

Пәлен күн іргенің қасынан кетпей ойланып-толғанған Әбілқайыр әлгі дәмесіне тезірек жетудің қамына кірісті. Бәйбек Аралұқты шақырып былтыр орыс ұлықтарына барғанда қалмақ жайында не сұрағанын сұрады. Сөйтсе, олардың қадалып сұрағаны қазақ пен башқұрт арасы болыпты. ал қазақ пен қалмақ арасын ауыздарына да алмапты.

— Алмаса алмасын!— деді хан.

Ол, не де болса, белді бекем буғандықтың белгісі еді.

Құдайға шүкір, жан-жақтан ат тұяғы жиіледі. Жан-жақтағы жал басынан қылт-қылт шаң көрінгеннен-ақ Әбілқайыр бір тоғайып қалып отырады. Баяғыдай емес, бұл иліксе де, илікпей кекірейе түсетін шіреншек ауылдардың азайған үстіне азайып бара жатқаны байқалды. Соған анық көзі жеткенде, өз төңірегіндегі топты бір жаңалап алды. Бұрынғы: «Мықты болсаң, бізсіз аттап көрші, кәне!»— деп кеудесіне нан пісіп, қақырайып жүретін азулы аталардың бір қатарын алысқа серпіп тастады. Ондай астам көкірек ауылдар қолғабыс жасағансып жүріп, қол жаулық қылып ала қойғысы келеді. Айтқандарымен ғана жүргізгісі келіп, жан алардай желкеңнен төніп тұрып алады. Ондайлардан құтылып қалатын осындай тұс. Бүкіл ұлыстың ауызы өзіне қарай жаппай бұрылған тұс. Осындай кезде оларға көрсеткен нұқайына қалған қазақтың қыбы қана түседі. Кеше ғана өзіңмен қырбайы жүрген ауылдардың өзі саған дегенде іштері жылып шыға келеді. Сенен көрген баяғы қатымырлықты сенен көрмей әлгілерден көреді. «Барлық пәле сол сұмпайылардан. Өз іргемізден басқа жерге тамшы тамбасын деп тілейтін мысық тілеу сұмырайлар былайғыға қиянат жасағаннан басқа ештеңені білмейді. Хан алдияр қай қара шаңырақтың астында не болып жатқанын қайдан білсін. Мыналардың сөзіне сенеді. Осылардың көзі құрымай заман түзелмейді»,— деп кіжінумен жүрген жұрт: «Иә, құдай, әділдік бар екен ғой!»— деп қуанады. Сен де ол алдыңдағы біраз ұятынды әлгі «қара беттерге» артып салып аршылып қаласың. Жаңадан жиналған төңірек ойда жоқта ойдай бақытқа тап болғандай бар жандарын салып бағады. Сен үшін отқа да, суға да түседі, жаманатқа да барады. Олардың қолымен де талайды желкесінен нұқып, талайдың көзінен шұқуға болады. Олар да ондай-ондай еңбектері өтіңкіреген сайын еркелікті күшейте түседі. Ақыр аяғында: «Тек қана біздің айтқанымызбен жүр!»— деп талтайып тұрып алатынды шығарады. Алғашында оларын байқамағансып, айтқандарын қыла бер. Семіздікті қой көтергенмен, еркелікті адам көтере алмайды, есіре бастайды. Еркелік есерлікке ұласпай тұра алмайды. Еркелігін көре алмай жүрген көрпейіл жұрт есіре бастағанын көргенде: «Шек, шоқ!»— деп қуаныса жөнеледі. Сәл нәрсесін шиге шаншып ел арасына жаяды да отырады. Сен де асықпа... Ел алдында әбден оз қадірін өзі түсіріп болған кезде маңыңнан бір жола аласта... Жұрт оны баяғыдан бергі есіртіп қойғанынды әп-сәтте ұмытып: «Айтпадым ба! Хан не әділ ғой! Ақылсыз неме ақымақтығын көрсетіп алған ғой. Көрген бойда қуып шықты ғой»,— деп лепіріседі.

Астамсыған адамдарға істелген сол нұқай астамсыған ауылдарға да істелуі керек. Елді тегіс риза қылу еш мүмкін емес. Оның бәріне әділ болып, бәріне бірдей қарасаң да өкпелейді. Бәрі де: «Еңбегімізді елемеді. Басымызды басқалардан оздырмады»,— деп жер тапсынып шыға келеді. Ондай өңшең қоңторғай жұртпен ештеңе бітіре алмайсың. Сондықтан біреулерді ішке тартпай болмайды. Сонда тек оларды ғана емес өзгелерді де ын-

талаңдырасың. Біреулері: «Осы абыройымнан айырылып қалмайын»,— деп тырысады. екіншілері: «Мен де анаған ұқсап, абыройға жетер ме екенмін»,— деп тырысады. Ынталылар көбейгенмен ынтымақ көбеймейді. Сенің біраз жүгіңді сол ынталылардың өздері-ақ жеңілдетіп береді. Астамсыған талай неменің сол ынталылардың пыш-пышының өзімен-ақ дымын құртуға болады. Бірақ, жаныңа бір жолатып алма. Жолаттың екен, қашан өз абыройын өзі төккенше жаныңнан шығарма! Әйтпесе, құр бекерге өкпелілерді көбейтіп аласың. Биліктің — өкпе-бопсадан үлкен жауы жоқ. Өкпе-бопсадан қашсаң, жаныңдағы жандайшаптардың санын көбейтпе. Аз жандайшапты ақырына дейін маңыңнан шығарма. Сонда былайғы көптің өкпесін сол азғантай жандайшап арқалайды. Азғантай жандайшаптың әлгіндей асқан-тасқаны болса. Аяма... Аласта... Сенің соған кейінгі күнаңның көбін солар арқалап кетеді...

Билеуші басыңмен өзіңе астамшылық жасаған адамдарды аластатудың да қыбын таба білу керек. «Қайтейін, өз обалың өзіңе!»— дей алатындай кезде ғана ондай шешімге баруға болады. Сонда ғана ол ішінен қанша піссе де, ешкімге барып, шағына алмай, өзінен-өзі жым болады. Өзіңе өкпелегенше, оған сен өкпелеген бол! «Сенген қойым сен болсаң, семіздігіңе болайынның» кебін кигіз.

Ал тап сондай астамшылық көрсеткен ауылдардан тіптен абай бол. Олардан құтылу үшін әуелі жан-жағыңа қара. Өзіңнің досың қанша екен? Олардың жауы қанша екен? Өзіңнің досыңның санына оның жауының санын қос. Оған жәй әншейін қызық құмар көлденең жұрттың желігін қос. Соның бәрі жабыла кеп сенің шашбауыңды көтеріп кетердей болса, қапы қалмай қимылдап бақ. Қимылдағанда да қатты қимылда. Сені ауызымызға қара деп астамсыған немелерді, ауыздарына қарамақ түгілі саған ауызы енді қайтып жете алмайтындай қылып қимылда. Сонда оларды табалаушылардың құдайы береді. Олар өздері ғана желігіп қоймай жұртты да желіктіреді. «Айтпадық па, әділдік бар!»— деп желпініседі. Қай кезде де әділдіктен қағажу көріп жүргендер көп болады. Соның бәрі қуанады. Астамсығандарға қара тобырдың «алақайынан» асқан соққы жоқ. Есеңгіреп қалады. Ондай желігіп қалған жұртты ұзақ желіктіріп қойма, желігін басар айла тап...

Қазір осының қай жағынан қарағанда да, Әбілқайырдың асығы алшы түсіп тұр. Көп аталы ауыл баяғы орыс елшісі келгендегі дән-данайдың тұсында бұған көрсетер құқайын көрсетті. Артынан көртке артқан жүктей біресе олай, біресе бұлай қисаятын бастағы дәурен тағы түзелгенде ондай есірікке жасар көңілігін жасады. Соны түсінгендер кеш қалмай тұрғанда естері кіріп қайтып үйірін тапты. Ал сонда да тәубаға келмей, әлі күнге дейін бұған қырын қарап қисаятындарға енді кешірім жоқ.

Олар осы тұста да бой көрсетіп жатыр. Сауын айтқан Балпаш балаларына хабар бермегендері — оларды менсінбегендері, «Неге біздің басымыздан аттап, қалмақ шабар жорықтың бас ноқ-

тасын ата баласы өлімнің басқа атасы құрығандай, қайдағы кетелерге ұстатады»,— деп бұған қитықтанғандары.

Қитықтанғандар қитықтанып жата берсін. Қайтадан шақырушы бармайды. «Сендерсіз де соңымдағы шаңымның мол болатын түрі бар. Аттансаңдар да, аттанбасаңдар да — өздерің біліңдер»,— дегендей тоңторыс рай байқатады. Бірақ, жаудан түсер мол олжаның шеті көрініп тұрғанда керіліп-созылып үйде тыныш жататын қазақ бар ма? Қалғандар кенеліп жатқанда ол қайтып қалыс қала алады?! Бөрік киген қазақтың бұл дүниеде дәметпейтіні бар ма?! Өзіндей екінші бөрік кигеннің қолы неге жетсе, мен де қолымды соған жеткізем деп тыраштанып бақпай ма?.. Бұлар қашан аттанып кетпейінше бүгінге дейін бүлк етпей жатқан талай дөңнің үстінде бұрқыраған шаң көрінер. Жау шапқандай қызыл өкпе боп далақтап келе жатқандар әлгіндей сыбағадан құр қалып қоям ба деп қорқып келе жатқандар... Келсе келе берсін... Өз аяғынан салақтап келгендердің табатын абыройы белгілі.

Уәделі күн келгенде хан майханасын тастап, анада Жәнібек жетелеткен күлің көкке мініп қосындарды аралады. Жәнібек пен Бөкенбайға еріп келген Орта жүздің арғын, керей, қыпшақ, уағының он мыңы — бір қосын. Ту ұстары — атақты шақшақ Жәнібек батыр.

Кіші жүздің үш арысынан жиылған он екі мың — бір қосын. Ту ұстары — атақты Бөкенбай батыр. Сауынды кетелер айтқанмен, туды Бөкенбайға берді. Өйткені жоқтап бара жатқан жоқтары — жетірудікі. Жыртып барар жыртыстары — жетірудікі. Ендеше ту да солардың қолында болу керек.

Мұғажардың екі алқабын шірей толтырған екі қосын да барын салып бағыпты. Екеуінің де еңдері қату. Әсіресе, астарына өңшең меңсіз қара ат мініп, қарашашақ ту байлап, қарына да қара таңып, шатыры мен жолым үйлерін де қарамен жауып, найзаларының сабын қараға бояп, терлік пен тоқымды да қарадан салып, қабақтарын шарт түйіп алған жетіру қолы сенадайдан назарыңды жығып назырқатып тастайды. Иір мойын Есет жарағаң үлектей күркілдеп қарауындағы елдің екі аяғын бір етікке тығып бақты. Баягыдан торығып қойған ұлы қайта тірілгендей болып тұрып, қайтадан ғайып болғанының ызасын басылса, осы жолы басып қайтпақ. Елдің алды-артының жиналғанын тоқсысы келмей: «Шұбырта беріп қайтеміз. Осы қолдың өзі де жеткілікті емес пе!»— деп аттанып кетуге асығып тықырши береді. Оған қашан көрсең де жеті қат жер астынан енді шығып тұрған Мәдідей түксиіп, қабарытып қарауытып жүретін табын Бөкенбайды қоссаңыз, жетіру қолының жағдайы айтпай-ақ белгілі. «Жауды тезірек көрсетші!»— деп жаланып тұр.

Жетірудан кейінгі желігі күшті қол кетелердікі. Жиеннің жыртысын жыртып шыққан «Дәйт!» ұрандылардың бұл жолы сөздері де дәйт, өздері де дәйт. Аттың жақсылары да соларда ма деп қаласың. Бауырын тартып, сауыры күліңдеген кіл жарау. Алды Атыраудың иығына ілігіп қалған ауыл ғой. Арасында

суынған да тұқым жоқ болмас. Жолтіл көктер көп екен. Қол басылары Алтайдың астында да соның біреуі мөлтеңдейді.

Бұрын қолдың алдын бермейтін шектілер бұл жолы алдарына дау несі жетіру мен сауын айтқан кетелерді салыпты. Қай тарапқа шығарларын білмей көп толғанғандықтан ба екен, балғысындай айбынды емес. Мінген аттары да бірі боз, бірі торы — ала-құлалау. Батыр сұлтан қарауындағы қосынның салтанатымен шаруасы болмағандай. Өз басын аптап-күптей берген бе қалай?..

Бай ұлының қолының алдына беріш пен адай жарыса шығыпты. Жау беттегі немелер осы қазір қиқулап тарта жөнелетіндей еміпіп тұр. Мұндағылардың көздерінің жылты басым. Іргелерінен түртпектеп отырғызбай отырған дұшпанды күллі қазақ боп жапырып тастағанға олар қуанбағанда кім қуанады!

Кіші жүз қолы қара құрым. Кіші жүз қолы айырықша аптығып тұр. Бірақ ат — міністерінде, ер-тұрмандарында, жарақтануында Жәнібек қолындағыдай бірден көзге түсетін бір өңкейлік, салтанат жетіспейді. Ноқтасын біреуге ұстатып, енді оның қасқабағын үнсіз баққан үлгі-тәртіп жағы да кемістеу. Әр ата, әр ру өзі көзге түскісі келіп жағаласып тұр. Ала-құла ат мініп, ала-құла жарақтанғандықтан ба сан жағынан Орта жүз қолынан көбірек болғанмен олардан айбынды көрінбейді.

Ал Орта жүз қолы бұның анадағы көргенінен гөрі де жұтына түсіпті. Өңшең баран мінген қалың қол өздері жайғасқан кең алқапты алыстан қарағанда жауар бұлттай түнертіп жіберген. Қақ маңдайдағы Жәнібек мінген шаңқан боз сол қара бұлтты қақырата тіліп жарқ-жарқ ойнап келе жатқан найзағайдай. Он мың жан бірдей ат мініп, бірдей киініп, бірдей жарақтанған соң не жорық! Көптікке бір өңкейлік қосылғанда одан асқан айбар болмайды екен! Ертең қалмақтардың қалай қарайтынын бір алла білсін! Ал қазір Кіші жүз сарбаздарының көзі тегіс соларда. Олардың жалт-жұлт қимылдары мен жарқ-жұрқ қару-жарағына таңдайларын қағып, бастарын шайқайды. Сардарлардың қабақтары салбырай түскен. Шамасы, қызыққандарынан гөрі қызғанғандары басымырақ білем.

Қызғанса қызғансын... Бұл қазақ әуелі басқа біреуден бірдеңені көріп, соған іші қыз-қыз қайнамай тұрып іс қылмайды. Кіші жүздің көп ноқта ұстарлары, басқа жұрттарды былай қойғанда, тап іргесіндегі Орта жүзде не болып, не қойып жатқандарына қарамай, бір-бірімен ық салыстырып, бір-бірінен озғанына мәз болып жүр. Аталы ауылдардың басшылары: «біз түшкірсек, бәрі жәрекімалла» деп масаттанып кеткен. Қарауындағы елдің, соңындағы қолдың абыройын ойлаудың орынына, өз көкіректеріп көбірек күйттейді. Ондай дақ көкіректіктің неге әкеліп ұрындыратынын көрсін, күйінсін, бастарына түссін!

Мұндай жорықтардың көптен кетіп жүрген есеңді қайтарып, алдыңа олжа салып берумен қоса, жан-жағыңа көзіңді түсіріп, жұрттың неден озғын, өзіңнің неден кенде екеніңді ұғынуға да септігі тиеді.

Қаңқұлақ атқа көнген ауыр қол қазақ шебінен шыға сала қан майданға кірісіп кетті. Қой қоздатып, түйе боталатып, жабағы жүн қырқып, өздерінше ырғалып-жырғалып жатқан қалмақ, түрікмен ауылдары ойда жоқта ала шаңның астында қалды. Қазақтардың Жайыққа жеткенше-ақ алды малға толып болды. Жайыққа жеткенше-ақ қоржын арқалап, түйе жетелеуден басқаға қолдары артылмайтын күйге жетті. Бейуақ ұрынып, еңсере тиген қазақтарға ешбір тайшы төтеп бере алмай, ала топырдың астында талан-таражға ұшырап қалғандары қала берді, ал жан дәрмен бас сауғалағандары Еділге қарай жөңкілумен болды.

Қазақтардың бұл шапқынына іштей қуанғандары да жоқ емес. Еділден арғы нуға марқұм боп кеткен Аюке мен қазіргі Дөндік Омбының ақтылы қойы мен құлалы жылқысы емін-еркін кенеліп жатқан-ды. Ол сүбелі қоныстарға қалған тайшылар қанша қызыққанмен ар жағындағы Астраханьдағы орыс әскерінен тайқақсып жақындай алмайтын. Жайықтан бергі қуаңда баяғы ақтабан шұбырындыдан есін жиып әлденіп қалған қазақтардан бәрібір тыныштық болмайтынын біліп болған немелер не де болса, Еділді сағаламаққа көңілдері ауып отырған-ды. Ақ патшаның ұлықтарына да: «Біздің керегіміз болса, Дөндік Омбыға жасағаныңды бізге де жаса»,— деп қол жаймақ еді. Кезекпелеп тиісіп жүдетіп бара жатқан құдайдың қуаңшылығы мен қазақтың шапқыншылығынан солай құтылмақ еді. Ондай қиқар ойдағылар мына сүргінді пайдаланып көздерінің құртын тескен құнарлы өлкелерге қуана-қуана көшіп алды. Ондай тайшылардың бұлар малына тиіссе де, жанына тиіскен жоқ. Ал оған түсінбей қасарысқандары нағыз қансоқтыға ұшырады.

Қыжылды қайнатып барған «қырық қыршынның» анық хабарын ешкім айтып бере алмады.

Шона Добыны біреулер: «Оның өз ажалынан өліп қалғаны қашан! Моласы сонау Басқұншақ жақта»,— деп азар да безер болса, біреулер: «Ол — тірі. Оны ақ патшаның өзі қанатының астына алыпты. Жоңғар контайшысының құрығынан алыс болу үшін Кубань жақта жүрген көрінеді»,— деп соқты.

Қазақтан түскен тұтқын балалардың жағдайынан ешкім ештеңе білмейді.

— Шона Добының бұл жаққа қашан асқанын көрген ешкім жоқ.

— Соңына қанша қол, алдына қанша мал салып келгенін де ешкім әңгіме қылып көрген емес.

— Өзі қашып-пысып зорға құтылып отырып, қайдан тұтқын жетелеп жүрсін!

Көбінің ауызы соған саяды.

Тек Дөндік Омбыға кесек атқаннан басқа ештеңе ойламайтын қиқарлары ғана:

— Ондай көп тұтқынды Дөндік Омбы көзі қиып қайдан өлтіре салсын. Хиуаның саудагерлеріне айдатып жіберген шығар.

— Иә, хан қолға түскен қазақтарды Астраханьға барып келе жатқан саудагерлерге сатады екен деген қаңқу көптен бар.

— Ендеше — ол балаларды Хиуа мен Бұхардың базарынан іздеу керек.

— Бұл гәптің анық-қанығын Дөндік Омбы мен, тірі болса, Шона Добыдан басқа ешкім білмейді. Солардан сұрағандарың жөн.

Сондай үмітіңді біржолата үздірмеген ұйтқымалы лақаптар болмағанда, ырғалып-жырғалып үлгерген қазақ қолы Жайықтың бергі жағасынан-ақ қайтатын еді. Әлгіндей әрі итеріп, бері жық әңгімелерді естіген Есет пен Алтай: «Дөндік Омбының ұлысын шаппай қайтпаймыз»,— деп өзеуреп болмады.

Жайшылықта кеңк-кеңк күліп кең жүретін иір мойын Есет қисық ағаштай қиқарланып:

— Дау иесі мен болсам, жау иесі де мен. Қандықол қарақшының іргесіне келіп тұрып, алдыма мал толды екен деп, кері қайтып жүре бере алмаймын. Өйтуге Ақмаңдай жанымның тірі болса көз жасынан, өлі болса үрейінен қорқам. Жолдарыңды бөгемеймін. Ал бірақ өзім мына гәптің бір ұштығын шығармай тұрып, кері қарай ат басын бұра алмаймын,— деді.

Әуелден соның қайғысын желеулетіп келіп отырып, енді өзің жаңғыз қайтып тастап кете аларсың!

Көнуге тура келді.

Жер қайысқан қалың қол көлденең аққан Ақ Жайықты қақ тіліп әрі өтті. Жылқының қартасындай Нарын құмның қатпарқатпарын қанша тінткілемегенмен Дөндік Омбы таптырмады. Ол Қап тауы жақта Құм өзені бойында жатыр десті. Орыстың қол астындағы өлкеге өйтіп кеулеп кіріп кетуге жүрек қайдан дауаласын!

Тағы да абыржу, тағы да аңтарылыс. Тағы да күйіп-піскен Есеттің түксиген қабағына қарап үнсіз телміріс.

— Ендеше осы Еділ мен Жайық арасындағы ен маңда Дөндік Омбының өзі болмаса да, соның көзі бір тұқым жоқ дейсің бе! Иә, жиені, иә күйеуі — біреуі бар шығар. Кімі болса да, менің Ақмаңдайжанымнан садақа кетсін. Қанжығама байлап ап, ауылдан ауыл қоймай аралатып, ит аяқтан ас ішкізіп, ит қорлықты көрсетіп жүріп өлтіремін. Қанға қан, жанға жан!.

Есеттің айтар осыдан басқа сөзі жоқ. Бет ауызындағы көк түктің бәрі сабаудай-сабаудай боп самсап көтеріліп алған. Ауыз ашқан жұртқа бурадай арп-арп етеді. Айтқанына құлақ аспасаң, кім болсаң да, тарпа бас сап, таптап өтуге шақ тұр. Әншейінде бір сөзін екі айтқызбайтын Бөкенбайға да қиқайып құлақ аспай қойды. Көзінің қарашығы көміліп, оның орынындағы алақандай екі жапырақ қызыл ет бөрінің азу тісінен енді ажыраған жаңа жарақаттың орынындай жалп-жалп етеді.

Салбырай түсіп кеткен сала құлаш өндіршегі сыртқа тамбай, ішке саулаған жасқа шылқып толып тұрғандай қалш-қалш етеді.

Мал танитын қазақтар мұндай жаныққас мінезді тұлыбынан айырылып тағаты таусылған нар түйеден көруші еді. Олар да осылай қара көрсе, қарадай сүйкеніп, қақшып өткісі, таптап өткісі келіп тұратын. Есет те алдына барған адаммен амандаспай

екі тізесін құшақтап ап, жуандығы білектей қыл арқанды қарш-қарш асып, қайзалай шайнап отыр.

Намыс пен қайғыдан мұнша пұшайман болған батырды сабасына қайтып түсіруді біле алмай бастары қатқан Әбілқайыр, Жәнібек, екі Бөкенбай енді жан-жаққа шолғыншы шаптыра бастады. Бұған дейін мал алса да, жесір алмай, адам олжадан алдарын бос ұстап келе жатқан-ды. Солай еткендеріне іштей тәуба етіп отыр. Әйтпесе оларды Есет әлдеқашан турап тастаған болар еді.

Арқалы батыр ауық-ауық:

— Қайран Ақмандайжаным-ай! Артыңда ызғындай елің, арыстандай арпылдаған әкең қалғанда не көрдің? Сұраусыз кеткенің бе?— деп ақырып-ақырып қояды.

«Ұйықтап жатқан дүлейді оятып алып ек! Мынау біреудің басын жұтып, қара қанына шашалмай тұрып, ашуын басар емес қой!».

Осы ойда отырған төртеу кеткен шолғыншылардың алғашқысының төбесі қылт еткенде не істерлерін біле алмай есеңгіреп қалды. Сорлатқанда қалмақ ханының баласы Қалдан Норбының ұлысы осы маңда екен. Астраханның түбіндегі Қызылжарда соның ауылы отыр дейді. Жуықта түрікменнің бір бегінің қызын тағы алып, жас қатын қызықтап ауылында жатыр дейді.

Мынаны естігенде төртеуінің көзі тас төбелеріне шоршып-шоршып шыққандай болды.

Мәссаған, безгелдек! Қалмақ ханының баласының қанын арқаласаң, ақ патша арқаңнан қаға қоймас. Мына жорық орыс патшасының өзімен жағаласқа айналып кетіп жүрмесе не қылсын!

Не де болса құтырынған үлектей айналасына ақ көбігін атып отырған Есетті қапысыз Қалдан Норбының төбесінен түсірсең, іс насырға шапты дей бер.

Әбілқайыр әбден дал болды. Мұны естісе, ақ патша башқұрттан кейін көз қырына өзін алар...

Жәнібектің де басы қатты. Әу баста осы әңгімеге жел берген өзі еді. Дегеніне жеткендей болған. Жайықтан арғы сар далаға жылқың мен түйеңді айдап әкел де, шалқайып жайғаса бер. Енді соның бәрі көз ұшыңнан бір-бір ұшып жүрмесе не қылсын!

Екеуінің жағдайын түсінген табын Бөкенбай:

— Сендер осы арадан қайтыңдар. Есеттің қасында мен қаламын. Алтай да кете алмас. Норбының ауылын біз шабамыз. Ақ патшадан дау шықса, жауабын өзім беремін. Сендердің тілдеріңді алмаған боламын. Кек қуып келген болып, Ақ патшада шаруам жоқ. Әбілқайырда шаруам жоқ. Қалмақ өлтірген бауырымның жазықсыз төгілген қанының жоқшысы боп келдім деймін. Орыс патшасы ел араздығына араласса бір жөн, пенде араздығындағы шаруасы қанша! Еңгезердей батырдың қара талақтанып алған шарадай бетін керіп тұрып Жәнібек оның мынау жүйелі сөзінің өзіне келісе алмады.

— Жоқ, оның болмайды. Сендерді мұнда тастап, біз анда

елдің бетін қалай көреміз?! Онан да сен барып тептек батырды алдарқата тұр. Біз тағы да қабырғамызбен кеңесіп көрейік,— деді.

Әбілқайыр мен Жәнібектің бар тапқаны: астыртын жәукем қол жіберіп, Қалдан Норбыны тұтқынға ап, Жайықтан әрі өткізіп, түрікпен арасына асырып тастау. Ол жақтан Қап тауындағы әкесімен, Астраханьдағы орыс әкімімен хабарласып үлгергенше, бұлар елдеріне қайтып та оралады: «Бұған көнбесе, бізден жақсылық күтпесін!»— деп айту қатты тапсырылды.

Жәнібек бұл істі өз мойынына алды. Мұндай іш астарды Кіші жүз қолынан ешкімге білдірген жоқ.

Екеуі енді Есетке келді.

— Саған қояр шартымыз бар,— деді.

— Айтыңдар.

— Айтсақ, қазір Қалдан Норбының ауылын шабамыз. Бірақ ханзаданың өзінен басқа ешкімге тиіспейміз. Оны да қашан әкесінен хабар болғанша қол жұмсамай тірі ұстай тұрамыз. Оған көрсететініңді әлгі қырық қыршынның ажалына әкесі Дөндік Омбының араласына анық көзіміз жеткенде барып көрсетесің! Осыған көнесің бе?

Есет бұтындағы жарғақ шалбардың тізесін тісімен қайзалап дар-дар жыртып, басын бұлғаңдатып біраз отырды да:

— Атам Тамаға абыроі таптырған нар тәуекел ғой. Тәуекел! Мен де көнейін. Қорқаудың күшігі қолыма түссе, я Ақмандайымның, я одан қалған тұяқтардың бір хабарын шығарып берер,— деді.

Қызылжардағы екі мың үй бес күн ұдай қазақ қолының қоршауында тұрды. Ешкімді одан аттап шығартпады. Ешкімді оған қарай жібермеді. Екі мың үйдің тілі шыққан адамдары кезек-кезек тергеуге алынып жатыр. Қалдан Норбының қайда құрығанын ешкім білмейді. Жеті-сегіз күн бұрын осында жүргенін бәрі көріпті. Қашан кетті, қайда кетті — онысы ешқайсысына мәлім емес.

Қалдан Норбының қатын-баласы да ештеңе біліп-жарымайды. Жеті-сегіз күн бұрын бір топ түрікмен келіпті де, апақ-сапақта әлдеқайда алып кетіпті. Қайда алып кеткендері белгісіз.

Есет өз бармағын өзі шайнап отыр.

— Қайда құрыды дейсің. Келер. Ең болмаса анау құшағына енді кірген қаншығына оралар.

Екі мың үйдің жаны неше қайтара тергеліп-тексерілді. Олардың айтар жауабы — әлгі. Есеттің түйер пәтуасы — жаңағы. Бес күн бойы солай.

Бес күн бойы осы отырыс отырыс. Есет Әбілқайыр мен Жәнібектің оңаша кеткенін жақтырмайды. «Мынау төбесі озған төре мен алды толған арғын нағып екеуден-екеу пыш-пыштаса береді. Шықпасын қасымнан! Қалдан Норбы келгенше осылай отырсын омалып! Бұл қоршаудан қазақ та, қалмақ та ешқайда аттап баспасын! Шықты екен — көк найзамның ұшы сендердің кеңірдектеріңде!»— деп ежірейді.

— Жә, болды, бауыры өлген, баласы өлген жалғыз сен бе екен! Отыр жайыңа!..

Бөкенбайдың қату дауысы барқ ете қалды. Орынынан атып тұрып әр өрімі білектей дойырын алып қараптан карап теңселіп қанына қарайып отырған күйеу баласына төніп жетіп барды.

— Балаң өлсе, біреудің өтеуіне берген нең бар? Жалпақ елді жайрата шапқан жаудың қанжығасында кімнің қатыны, кімнің бауыры кетпей жатыр. Ел қанжығада кете жаздағанда түсірмеген еңсеңді бүгін түсіріп не қара басып отыр?! Доғар әрі былшылды! Норбы бес-алты күннен бері қаңғырып жүр дейсің бе? Барған шығар анау ақ патшаның әкіміне! Қарауындағы елді саған талатып қойып, орыстың да қолына бүйен байланып қалмаған шығар. Ертеңді-бүгін ақ алмасын жарқылдатып казак-орыстар да жетер. Сонда мына еліңді босқа қырғызып қоясың ба? Сенің кегін елде емес, Дөндік Омбыда ғой. Тірлік болса, онымен де сөйлесерміз. Ендігі киқаңыңды тыңдамаймын. Қайдағы бір шұнақ қалмақтың басы үшін екі арыстың боздағын зеңбіреке жем қылатын жайым жоқ. Орныңнан тұр!! Атыңа мін! Мінбесең буып әкетем!

Иір мойын Есет төбесінен төніп тұрған Бөкенбайға алая қарады.

— Қайдағы шұнақ қалмақтың басын айтасың! Ақмаңдайжанның кегі қайда? Қанды қол қарақшысының аты шығып тұрғанда да, сұрауы сұралмайтын ол кім еді? Ауызың барып қалай айтып тұрсың, Бөке!

Бөкенбай қолындағы дойырды лактырып тастап шығып жүре берді. Оң жақ босағада үн-түнсіз отырған Алтай бір ышқынып қалып, екі бүйірін таянып теңселіп қоя берді.

— Жоқ, бұлай кетпеймін. Мынау екі мың үйдің еркегін түгел қырамын. Қара қанын қасықтап тұрып ішкізем. Ішпегендеріңнің ауыздарына жығып салып құямын. Ойбай-ау, шүлдір қалмақты бүйтіп жыққанша жығылғаным жақсы еді ғой. Құлағыңды ұрайын қамыс құлақ, бауырсақ құлақ қайда жоқ! Біздің ауылда да айғыр кісінеп, қошқар мекіреніп жатқан жоқ па? Бұларсыз да көбейер. Ақмаңдайдың жолында қан төкпей аттанар болсақ қолдарында өлем! Алдарыңдағы мал мен дүниені айдап апарып анау көк теңізге ағызып жіберем!

Есет теңселгенін қалт тыйды. Ауызы толы қыл-қыбырды табалдырықтан асырып бір түкіріп тастады.

— Қараң қалсын бәрі де! Ақмаңдайжан енді жоқ болғаны ғой. Ғайыптағының жыртысын жыртамыз деп тірінің обалына калмайық. Алтайжан түрегел! Нағашым Балпаштың аруағынан айналайын! Сөгілген кабырғамды бүтіндедің ғой! Ал, мен тоқтаттым. Жүрістеріңе мен дайын.

Төбесімен шаңырақтың күлдіреуіштерін шатыната сындырып атып түрегелді.

Манағыдан бері үнсіз тұрған Әбілқайыр табын Төлебайға сырттағы Бөкенбайды шақыртып алып:

— Жықтырыңдар анау екі мың үйді! Тірі лағын, өлі пұшпа-

ғын қалдырмай, жым-жылас көшіріп ала жүреміз. Доңдік Омбымен Қалдан Норбыға тұқым-тұяқ керек болса, Ақмандайдың анық хабарын шығарып берсін де, қайтарып алсын. Елшілікпен бітсе, жоні сол! Жаушылықпен алғысы келсе, жағаласты сонда салармыз. Жетіру ішінде талай ханымы, талай ханзадасы бар мынау екі мың үй,— сенің олжаң! Не істеймін десең де, ешкім қолыңнан қақпайды. Ақмандайдың я өзінің, я балаларының хабарын шығарып бергенше аманат қылып ұстай тұрам десеңдер, ағайын оны құптайды. Бұл екі мыңның жолындағы дауға қамшыны бір салысамыз, жауға — найзаны бірге сұғысамыз. Олжаның билігі сендерде болғанмен, ауыртпалығын осы тұрған екі арыс бірге көтеріседі. Ал көш жөнге! Түс жолға. Көшіңнің алдында Жәнібек, артында өзім болам!— деді саңқылдап.

Көкжал Есеттің бет-ауызындағы көк сабау тұктер жығылды. Құлайтын жардай түнеріп тұрған Бөкенбайдың қара талақ беті күреңітіп. Сымдай тартылып сырбаз тұрған Жәнібектің көзі бір жалт етіп ханға қарады. Басын изеді. «Ақыл таптың!»— деп қуанғаны еді. Анадайда бар-жоғы белгісіз боп оқшау ожырайып тұрған Батыр сұлтан «Уһ»— деп ұртын томпайтты. Екі ініннен әзер дем алып тұрған көпшіліктің дендері жайылып қоя берді. Бір-біріне жымыңдай қарасып, жамырай тарасқан ығыжығы жұрт екі мың үйге беттеді.

Манадан бері салбырай төніп тұрған тымырсық бұлттың арасынан шатыр-шұтыр найзағай сілнады.

Дария беттен лүп етіп жел есті.

Бармақтай-бармақтай бадана тамшылар ойнақтап қоя берді.

Екі мың үй қалмақ ығы-жығы жылап жатыр.

Жиырма екі мың әскер ыржың-ыржың күліп жүр.

Артынып-тартынған ауыр қол бесін ауа найқала басып жолға түсті.

Сол жолғы жорықтан талай байдың үйірінің саны артып, келесінің қатары көбейді.

Сол жолғы жорықта талай тақыр кедейдің іргесіне тықыр, қазанына бұлкіл бітті.

Сол жолғы жорықтан талай бәйбішенің қолы ұзарды.

Сол жолғы жорықтан талай сұр бойдақтың қойыны жылынды.

Сол жолғы жорықтан соң талай баланың нағашысы қалмақ болды.

Сол жолғы жорықтан соң талай ауылдан «ақ сұқсырдың балалары», «қалмақ енем балалары», «бес қалмақ», «төрт қалмақ» дейтін тармақтар тарады.

Көптеген тұқымның онсыз да шарадай беттері одан әрі жалпайып, онсыз да шығыңқы шықшыттары одан әрмен шығынып кетті.

Батыстан балпаң басып оралған Әбілқайырды Нияз сұлтан мен Мырзатай тықырши тосып отыр екен. Айтқандары: башқұрттар әбден ашынып алған; патшаның жағындағылар, патшаға қарсылар болып ірге ажыратып, екі бөлініп алған ел бір-бірі-

нің жағасына жармаса бастаған; бұндай қиямет-қайым жағдайда олардың өз бас көтерерлеріне басу берер түрлері жоқ; ара ағайынның араласы керек.

Әбілқайыр ағасы мен балдызының мына сөзіне құба қалмақты шапқанынан бетер масаттанды. Неге екені белгісіз: алақаны мен табаны бірдей қышып қоя бергені. Бұл не қылған олжа? Бұл не қылған жол? Соны ойлағанда бозбала жігіттей жүрегі ала бұртып қоя береді.

Арада жарты ай өтер-өтпесте іңір қараңғыда:

— Кеш жарық,— деп Мырзатай аттады.

— Ассалаумағалйкүм.

Созаландаған тағы біреу тағы аттады.

Балдызы ағасы базардан келгендей ыржаң-ыржаң етеді. Соңындағы созалаң кісі төрге озуға батпағандай иіліп тағзым етті.

Оң жаққа кеп жайғасқан Мырзатай: «Нағып тұрсың?»— дегендей алая қарап, төр жағынан орын ұсынды.

Жалбағай тымағының маңдайын түсіріп жіберген бейсаубат қонақ:

— Иә, бісмілла!— деп Мырзатай көрсеткен орынға озды.

Басындағы жалбағайын сосын барып алды. Кенересі биік татары-тақияның жиегінің сыртынан қалқиып шығып тұрған қалқан құлағы мен жұдырықтай өндіршегінен таныды — Алдарбай. Сақал-мұрты аппақ. Самай-түгі де аппақ. Өзі де сілтіге салған сүйектей боп-боз. Жүріс-тұрысында да баяғы батылдық жоқ. Кібіртік. Созалаң. Бір нәрседен әбден соққы жеп, басымен қайғы болған адам ғана осындай болса керек. Бірақ бұл ана жылы Мәмбет мырзаны ертіп әкелгеніне қарағанда ақ патшаның алдында жағдайын түзеп алған кісі сияқты еді ғой. Әлде аурудан тұрды ма екен. Айтпақшы, ол мына дүрбелеңнің тұсында қай жаққа шықты екен? Әрине, ақ патшаның жағында шығар. Әйтпесе, баяғыда жер түбінен аяғы салақтап, басын қатерге тігіп босқа жүрді дейсің бе? Петербордан да ырғалып-жырғалып қайтты дейтін. Баяғыда Сейіт көтерілісі тұсында бұнымен екі ортада жүріп талай рет ереуілшілер мінетін ат айдап әкеткен. Талай рет жандары қысылған жерде Бөкенбай екеуіне келіп көмек алған. Жас кезінде Әбілқайыр да осы Алдарбайдың айтқанына еріп, Сейіт көтерілісіне араласқан-ды. Кейін көтеріліс жеңілгенде біраз ереуілшілерді өз ұлысында ұстап, құба қалмақ пен қара қалмақтың арасында шұбырып жататын керуендерді тонатқаны бар. Олардың ақтығы кейін қарақалпақ арасына сіңіп, бұдан көз жазып қалған-ды.

Әлі күнге бір-бірінен көз жаздырмай келе жатқан осы Алдарбай. Баяғыда бұның елшілігін екі рет Петербургке апарып қайтқан да осы болатын. Ол кезде баяғы атқа мінген алау тақым кезіндегідей шырақ еді. Жер түбіндегіні айтпай біліп отыратын сұм еді. Қашан да үсті-басы осылай қақпан қарап қайтып келе жатқан аңшыдай қурап жүргенмен, қайын жұртына келген күйеудей аяғын арқайын көсілмей, сызылып отырғанмен көкейінде талай қызыл құрттың басы шошайып жататын. Бұл жолы

да қандай оймен келгенін кім біліпті. Мырзатайды сағалап келгеніне қарағанда, анада Нияз екеуі барғанда бұлармен сөйлескен болды. Нияз екеуінің сүйек бітісі, тері қондырысы бір-біріне ұқсайды. Нияз бұндай емес. Лапылдақ, лепірме, жаңғалақ. Ал мынау найза бойлатпас сұм, ауызына берік, иненің көзінен өтердей тіпті ширақ. Ол — ылғи терлеп-тепшіп, апырып-жапырып жүретін қызыл кеңірдек. Ал мынау терісі сүйегіне жабысып қурайды да жүреді.

Хан одан не сұрарын білмей отыр. Башқұрт арасындағы жағдайды онсыз да біледі. Бірден келіс сұраса, әдепке сыймайды.

Алдар да қабағының астынан сынай қарап қалған.

— Иә, Алдарбай мырза, әлей болсын! Сөйлей отырыңыз,— дей салды.

Алдарбай сараң шәугімнің шүмегіндей сыздықтатып отырып біраз жердің басын шалды. Бұның қышыған жерінен түскісі келгендей сөзді анау Самарадан бастады. Былтыр бұның елшілері барып келетін Керел (Кирилов) мырза жуырда өкпе аурудан дүние салыпты. Оның басқарып келген мәккамасының аты өзгеріпті. Бұрын «іспедей» (экспедиция) аталса, қазір «кәмесей» аталыпты. Кәмесейге «нәшәндік» болып Тәтәш [1] мырза келіпті. Бұған дейін Орал тауында ашылып жатқан кендерді казатын сондай бір қаска маңдай ұлық барын білетін. Өзін қазақ, башқұрт, қалмақтарға кеңшілікпен карайды, жолап кетсең ата-тегіңді, жер-судың атын сұрап, желімдей жабыса қалады деуші еді. Патша ұлықтарының алдында айыпты боп қалған түздіктерге араша түседі деп еститін. Енді сол Тәтеш мырзаның «кәмесейге» бастық болып келгені мынау кейінгі жылдары тым қуырылып бара жатқан қытымыр дүниенің қайтадан кеңиін дегені шығар.

Алдарбай ханның бұл ойына мырс ете қалды. Құп-ку мұртының как ортасы бір бұлк ете қалды.

— Іспедейдің кәмесейге айналуы сол істің насырға шабайын дегені. Іспедей мынау біздің жерлеріміздің асты-үстін тіміскілеп, іске татитын бірдеңелері бар болса, тасып әкету үшін жіберілсе, кәмесей елдің құлқын барлап, кімнің бұзық, кімнің түзік екенін анықтау үшін құрылып отыр.

Талайды естісе де, мұндайды естімеген хан аңырып қалды. Сонда қалай олар кімнің бұзық, кімнің түзік екенін қайдан біледі?

Қу башқұрт, бұның көмейіндегі сауалды танып қалғандай бір жымиып қойды.

— Әуелі өздері білетін түзіктерді жинап алады. Солардан кімнің бұзық екенін сұрайды. Айтпасаң: өзіңді де бұзықтарға апарып тіркейді. Айтсаң: «Сол бұзықтарды қасыңа әскер ертіп барып өзің ұстап бере гой»,— дейді.

Бұның манадан бері басы жетпей отырған таудай тауқыметі ауылдың желкесіндегі жел төбеге желіп шыққандай қандай оңоңай!

---

[1] В. Н. Татищевтың бұрмаланған аты.

— Сені бұзықтарға қосты ма, түзіктерге қосты ма?

Алдарбай тағы да мырс етті! Мына башқұрттың танауына құрт кіріп кеткеннен сау ма?!

— Түзіктерге.

— Е, бопты ғой онда...

Әбілқайыр башқұрт биінің қайдағыны қайдан біліп жауап беріп отырғанына таң қалса, қасындағы балдызы Әбілқайырдың қайдағыны қайдан біліп сұрап отырғанына таң қалып отыр. «Ханда қырық кісінің ақылы бар деген осы-ау...»

Алдарбайдың жұқа танауы тағы бір қусырылып қайта кеңіді.

— Түзіктерге сенен басқа кімдер қосылды?

— Сіз танитындардан Таймас бар, Көсемше бар, Оразай бар, Қыдрияс, Шима, Отжаштар бар...

— Олар нағыл деді?

— Неғыл десін? Соңдарына бір-бір сап солдат ертіп ел аралап кетті. Көтеріліске қатысқандарды ұстап береді.

— Ал сен ше?

— Мен, міне, мұнда келіп отырмын ғой.

— Сонда немене... Қашып жүрсің бе?

— Солай десеңіз де болады.

Ханның манағыдан бері алабұртып отырған жүрегі бір түрлі басылып қалды. Сонда да сөздің қазасын жібергісі келмей:

— Ал әлгі ұстап апарғандарға Тәтеш мырза не істеді?

— Сайман[1] мырзаға апарып тапсыртқызды.

— Онысы кім тағы?

— Жандарал... Патша әскерінің бастығы...

— Ол әлгілерге не істейді?

— Бәрін істейді — атады, асады, суық теңізге, Іргебекке[2] айдатады, қатын-баласын казак-орыстарға жалшылыққа таратып береді.

— Олардың құлдыққа кісі сатпаймыз дейтіні қайда?

— Сатпайды... Тегін таратып береді... Және де олар есіктегі кісілерін құл демейді, малай дейді, қызметші дейді...

Бұл жолы Алдарбай емес Әбілқайыр мырс етті.

— Сонда қайтпексің?

— Сізге келіп отырмын ғой...

Әбілқайыр шаралы көзін бір төңкеріп Алдарбайға бұрылды. Алдарбай Мырзатайға бұрылды.

— Тамыр, менің міниеп келген атымды керме ағаштан әкетіп, көп атқа қосып жіберсең қайтер екен? Біреу-міреу танып қалып жүрер...

— Иә, сөйіт... Өзің таңертең сок,— деді Әбілқайыр косарланып.

Алдарбайдың сөзінің боталы ауылға тап болған жылқы құйрығындай неге келте боп отырғанын хан енді аңғарды. Көлденең көзден қаймығып отыр. Оның үстіне Мырзатай секілді барып

---

[1] Соймонов.

[2] Балтық теңізі жағасындағы Рогервик қамалын айтып отыр.

кел. шауып келде жүрген немелерге сенуге болмайды. Олардың ауызына сөз тұрмайды. Айтқысы келіп айтпайды, мақтанғысы кеп айтып қояды. «Біздің пәленшекең бәрін біледі ғой»,— десең, білетінін де, білмейтінін де судай сапырыстырып соға береді. Қазақ арасымен майлы қасықтай араласып қалған қу неме соны ойлап отыр ғой...

Оңаша қалғасын Есекей баласы Алдар ашылайын деді. Анадағы Нияз бен Мырзатайдың айтқандары рас екен. Ел екі жарылған. Біріне бірі оқ атып қырылып қалар түрі бар. Ара ағайын шықпаса, өздігінен бітісе қояр түрі жоқ. Алдарды жіберіп отырған ереуілшілерге бас болғандардан әзір қолға түсе қоймаған Қылмақ Абыз, Жүніс Ысмайыл баласы, Жақып Қосаш баласы, Жиянқұл Үсеке баласы, Қарабас Өтеп баласы, Жолай Сарболат баласы секілді билер көрінеді. Әбілқайырға: «Қазір мұсылман баласында одан беделді ешкім жоқ. Қырылып жатқан қарындас халыққа ара түрмай ма? Ақ патша оның сөзін жерге тастамайды. Өзі келіп бірауыз тілдесіп, бітімге жүрсін»,— депті. «Әбілқайыр бас тартса, басқа амалымыз жоқ, Қарасақалға ат шаптыруға мәжбүр боламыз»,— депті.

— Қарасақалы кім?

— Сұлтанкерей?

— Ол кім Қырымның мырзасы ма?

— Жоқ, қара қалмақтың тайшысы.

— Тайшы... Ол қалай Сұлтанкерей болып жүр.

— Сұлтанкерей болып жүрген баяғы өзіңіз шәйқасатын Шона Добы Жаңа қонтайшы өлім жазасына кескен жерден қашып кетіп, құба қалмаққа сіңіпті. Оны ақ патша өз қамқорлығына алып: «Қап тауы мен Қырымдағы мұсылмандарды тыныштыққа шақыра алсаң, қонтайшыдан кегіңді алуға жәрдемдесем»,— депті. Шона бүгінде өз дінінен безініп мұсылман болып алған. «Баяғы Шона өлді, енді басқа адам боламын»,— деп Нарын құмның бір жерінен мола салыпты. Тайшы Шонаның жатқан жері осы. Ол — енді жеті қат жердің астында. Мен енді Сұлтанкерей атанып, қажы боламын»,— деп, Мекеге барып, баяғыдан бергі күнәсынан арылып қайтыпты. Күллі мұсылман қадір тұтып, төбесіне көтеріп жатқан көрінеді. Қап тауындағы, Қырымдағы мұсылмандарды аралап: «Мен барда қам жемеңдер. Түрік сұлтаны да, ақ патша да сөзіме құлақ асады. Пайғамбардың касыл туының астына жинап, мұсылмандардың Жоңғардың қонтайшасында кеткен кектерін қайтарам. Жоңғар тағының заңды иесі менмін. Тағыма қолым жетсе, жоңғарларды да пайғамбар жолына қаратамын»,— депті.

Әбілқайырдың құлағы елең ете қалды. Көзіндегі әлгі бір ақшыл жылт-жылт жым болып, бұның ауызына телміре қапты.

— Сұлтанкерейді құндыздай сақалына бола көрген жұрт Қарасақал атап кетіпті. Мұсылман халықтарының барлығының тілінде де сайрап тұр деседі. Сол Қарасақал ақ патшамен бітімге отырыпты. Ақ патша оған Русияның мұсылман жұрттарының көмегімен жоңғар тағына отыруына жәрдемдеседі. Ал Қарасақал

оның есебіне түрік сұлтанын ендігәрі орыс шебіне тиіспеуге көндіреді. Сөйтіп кешегі тайшы бүгін өзін мұсылмандардың қамқоршысымын деп жар шашып жүрген көрінеді.

— Һм...

— Башқұрт ақсақалдары іргеде отырып Әбілқайыр қол ұшын бермесе, біз жер түбіндегі Қарасақалға ат шаптырамыз десіп отыр.

Түлкі сылаң Алдар би осының бәріне өзінің еш араласы жоқтай бейтарап әңгімеледі. Мұның жауабын тосып қылғынбады да.

Әбілқайыр ертеңіне Алдарды аттандырып тұрып:

— Ақсақалдарыңа сәлем айт... Көп ұзатпаспын... Хабар өзімнен болар,— деді.

Алдарбай:

— Хош! Көріскенше күн жақсы!— деп атына қамшы ұрды.

Мына сығыр не деп кетті? Ертегінің Алдарындай жылмиған неменің әңгімесінің өтірігі қайсы, шыны қайсы? Қайдағы бір төбе шашынды тік тұрғызар сойқан хабарларды ауыл-үйдің өсегіндей жүрдім-бардым айта салады. Ал сосын әлгі сұмдығына сенеріңді, сенбесіңді біліп көр...

Қалмақ сапарында алдынан қырық құбылып шыққан да отырған Шона Добы әңгімесі енді былайша ұйытқыды. Оны өлді дегендері өтірік болғаны ма? Басқұншақ жақтағы мола астына арам өлген тоқтышақ көмілген жәй әншейін төмпек боп шыққаны ма? Ал енді күллі мұсылманның қамқоршысы пірәдарға қол көтеріп көр!.. Бәрін айт та, бірін айт. Ресей қарамағындағы күллі мұсылманға оп-оңай не болып шыға келгенін айт. Қап тауындағы мұсылмандар мойындаса, Қырымдағы мұсылмандар мойындаса, Еділ бойындағы мұсылмандар мойындаса, түріктің сұлтаны, Мекенің хадиі мойындаса, іргедегі башқұрт та құлдық ұрып ат сабылтса, қақ ортадағы қазақ қайда қалушы еді! О да құлынша құлдық ұрып шыға келеді де! Көбі бұның үш арыска ортақ хан болам деген дәмесін болдыртпау үшін қаңғып жүрген қалмақ түгілі қаңғалақтап ұшып бара жатқан қаңбақты ұстап алып, төбесіне коймас па...

Мына башқұрттар соны біліп жіберіп отыр.

Жаңағы Алдар соны біліп келіп отыр.

Бұл да бір жағынан қорқытқаны, бір жағынан ескерткені. «Мұсылман дүниесін түгел безіндіріп жібергің келмесе, жең ұшынан жалғас»,— дегені. Хиуа, Бұхардың дінбасыларының ана жылдары не істегендері жақсы белгілі. Енді іргедегі башқұрт безінсе, құдайды бірде боқтап, бірде жақтап жүрген қазақтар да теріс айналып қағынып шыға келулері мүмкін... «Ал, шақырған екенсіңдер, келдім»,— деп жетіп барса, ар жағындағы орыстың не дейтінін кім білсін! «Біресе қол астымыздағы елді шабады, біресе ереуілшілермен жең үшінен жалғасады, бұл не қылған бодан?»— деп кіжініп жүрсе, не істемекші?

Әбілқайырдың басы тағы да шырғаланға түсті. Осы бір сират көпірдің үстінде тұрғандай қалталақ күйден қашан құтылар

екен? Ақ патша... Ереуілші башқұрт... Қара сақал... Қайқақ бас қазақ... Қай жағына жарыларсың? Қай жағынан жағынарсың? Қай жағынан қандай абырой таппақсың?!

Кешегі жеңістің желпінісі де көрген түстей ұмытылып барады. Оны енді есіне алса, масаттанудың орнына, мазасы кетеді. Баяғы Қалдан Норбы ендігі әкесімен, ақ патшаның ұлығымен хабарласқан шығар. Дөндік Омбы не десе, о десін! Ал Астрахань әкімі не деді екен? Ол өзі ғана біліп қойды дейсің бе, қоңыраулатып Самараға, одан әрі Петерборға шабарман шаптырған шығар! Әлгі Тәтеш мырза не деді екен? Ақ патша не деді екен? Әйтеуір, абырой болғанда жер аяғы қашық. Әйтпесе ендігі ол хабардың бір дүмпуі осында да жетіп үлгерер еді. Қайтпек керек! Алдына мал салған қазақ ауыл-ауылына тарап кетті. Қойынына қатын салған қазақтың бұл түгілі құдайды есіне алып жатуға мұршасы бар ма? Сонда бұл кімді жарылғады? Өзі үшін не тапты? Әрине әзір ол жорық ұмытыла қойған жоқ. Қашан зорлықпен келген әйел бала тауып бастыққанша ұмытыла қоймас. Жаудан келген малдың төлі байырғы төлдің малымен мидай араласып кеткенше ұмытыла қоймас. Бірақ, түнде жолыққан еркекті тегіне қарап емес, тегеурініне қарап мойындайтын қатын ит қашанғы тулар дейсің? Төсіне көкпар тартсаң да былқ етпейтіндей боп үйренісер. Бір түнде пәктігін жоғалтады, бір жылда дінін жоғалтады, бірер жылда тілін жоғалтады. Сосын қасында бірге жатқан байы мен тапқан баласынан басқа несі қалады? Малдың жат болуы одан да қысқа. Сосын жұрт өз қатыны, өз малы үшін бұны қайдан есіне алып, бұған қайдан алғыс айтып жатсын! Ол әншейін далбаса! Бұл қазақ ел болып, еткен еңбегіңді біліп, мәртебеңді асырады деген мәңгінің қиялы! Ендеше, қолыңдағы биліктің күшейерін ойла! Басыңдағы дәуреннің нығаярын ойла! Ол үшін бас сүйекті басқаша үйретпей болмайды. Төмен қарап елпектегеніңді жорғалап бара жатқан құрт-құмырсқа көрмесе, ел көрмейді. Ал жоғары қарап жалтақтағаның көзге түспей қалмайды. Көктегі құдайдың көретін көрмейтінін бір өзі білсін! Ал оның бер жағындағы өзіңнен жоғарыдағылардың бәрі көреді. Өзің төңірегіңе көз салмай отыр ма екенсің? Кімнің саған қалай қарайтынына енжар қарай алып отырсың ба? Сәл ізетке ішің жылып, сәл астамдылықтан көңілің суып, қырық құйқылжып қипақтап бақпайсың ба? Сенен жоғарғылар да тап солай... Олар да сенің шалқалақтаған басыңды емес, жалтақтаған жанарыңды көргісі келеді... Ұшатын нәрсе қаңғалақ, өсетін шыбық солқылдақ келетіні тегін ғой деп пе едің? Тұзы ауырлық тұралап тұрып қалуға жақсы. Қозғалғысы келген нәрсенің жеңілдікке, елгезектікке, елпекбайлыққа ұмтылғаны жөн. Енді, соны есте ұстамай болмайды. Бұрын төбеңде құдайдан басқа ештеңе жоқ еді. Құдайдың құдайшылығына сенетін едің. Енді төбеңде ақ патша бар. Ол да — адам. Адам адам болса өзін жаратқан құдайға адам. Құдай жаратқан басқа жан-жануарларға адам. Ал адам дәл өзіндей екінші адамның алдында бәрібір пенде. Тіпті патша қойсаң да пенде. Енді сен патшаның да пенде екенін ескеріп отырмасаң

болмайды. Кім біліпті, өзінің бір мүддесіне керексе, құдайдың көрмегенін, қазақтың көрмегенін сол көрер. Тілегіңді сол берер... Ендеше оның қалай қарайтынын алдын ала біліп алмай тұрып іс қылма... Башқұрт ісіне де соның қалай қарайтынын біліп алып аралас... Қазақтың көңілін аулаймын деп анау күнгі қалмақ шапқаның да жетер.. Енді соның дауынан қайтып құтылудың жолын ойлап бақ. Ендігі басты қамың — ақ патшаның тілін табу. Аз халықтың басшысы болу азғантай тоқты-лақтың бақташысы болу емес. Азғантай тоқтышаққа бақташы болу үшін азғантай ақыл, азғантай қайрат та жеткілікті. Ал аз жұрттың басшысына көп жұрттың басшысынан гөрі де көбірек білік, көбірек айла керек. Көп жұрттың басшысы бағындыра білсе де жеткілікті. Аз жұрттың басшысы бағындырумен қоса бағына да білуге тиісті. Бағыну бағындырудан әлдеқайда қиын... Енді сол қиынға төзбей болмайды. Сонда мынау башқұрт ақсақалдарының сәлемін қайтуы керек. Олардың да, ақ патшаның да көңілін қайтып жықпауы керек? Қайткенде кой да тыныш, қасқыр да тоқ болады? Бұрын ақылға сыймастай бұл далбаса сөз енді ақылыңның баржоғын білдіретін ауыр сын, ауыр міндетке айналады.

Ал, Абдолла баласы Әбілқайыр, өзің таңдап, өзің тілеп алған осы талқыға мықты болсаң, шыдап көр!

Соны білгендей бір күні Таймас келді. Ол Алдарбайға ұқсап іргеден кірген мысықтай жымпимай, көлден қайтқан қара өгіздей түнере қарап, талтаңдай енді. Айдарға ұқсап әр нәрсенің басын бір шалып отырмай, тапсына сөйледі. Сөйтсе Шаим баласы Таймастың да басы қатыпты. Шаим баласы Таймастың да еліне жаны ашып келіпті. Ол да өз халқының көрер көзге бірін-бірі атып босқа қырылып бара жатқанына қиналады екен. Бұдан арғы қарсыласу халықты босқа қыру болатынын түсінбейтін ереуіл көсемдеріне жыны келеді екен. Ол да «араға арағайын бітімші жүрмесе іс насырға шабады» деп ойлайды екен. Ол да өлгіндей бүліншілік шаруаға ең таптырмайтын адам Әбілқайыр деп біледі екен. Оны да башқұрттың бір топ биі жіберіпті. Олар — патша жағындағы Бекқожа баласы Көсемше, Абазын баласы Абадай. Күлтешек баласы Шима, Малақай баласы Қыдрияс, Разманқұл баласы Өтжас. Бұл оларды да жақсы таниды. Алдарды жібергендерді сонау Сейіт заманынан білсе, бұларды сонау Ырғыз бойына Мәмбет мырзамен бірге келген күндерінен біледі. Сондағы біраз билер бүгінде басқа тарапқа шығып кеткен. Тонтай баласы Бекшора, Есеней баласы Алдарлар ақ патшамен ат құйрығын үзіскен.

Енді, міне, екі тарап та бұның үзеңгісіне жабысып, біздің ауылға бұрыл дейді. Бұрылу қиын емес. Бірақ, ауылдары бір болғанмен ауыздары әрі ұдай. Сонда қайсысының ауызын алып, қайсысының ауызына қарауы керек. Біреуінің ауызын алып тоқтатып, біреуінің ауызына қарап тоқтату мүмкін бе?

Таймас та сөзін сонау Самарадан бастайды. Тәтеш мырзаны кәмесейге бастық қылған пәрмәнінде патша жаңа ұлыққа қазақтарға айырықша назар аударуды, мүмкіндігінше ереуілші баш-

құрттардың ықпалына түсірмей, еркелетіп ұстауды тапсырыпты.

«Еркелетіп ұстау» деген сөз Әбілқайырдың құлағына жағып отыр. Бірақ, шым-шытырық заманда қайтып ерке боп қала аласың? Ақ патша сол сөзін ақырына дейін ұстана алар ма екен? Тек қана еркелетіп ұстағылары келсе, неге мынандай пәлелі іске араластырғылары келеді? Неге башқұрт бүлігін басуға қолқабыс сұрайды? Еркелетіп ұста дегендері әлде бейтарап қазақтар бүлікші башқұрттарды қанша қырса да, қолынан қақпа деген сөз бе екен? Ендеше, олар башқұрттың бетін қандай жолмен болса да, бері қаратып тыныштандырып берсе, оған риза болар ма екен?! Оларға башқұрттардың тұқым-тұяғымен түп-түгел қырылып қалғаны керек дейсің бе?! Ақ патшаға қарсы көтерілмей түзік отырғандары керек шығар. Олай болса, ол бұл іске неге араласпайды? Бітім аңсап отырған екі жақтың арасына неге бітуажаға жүрмейді! Оған көнбегендері башқұрт қолымен емес, қазақ қолымен неге ауыздықтамайды. Сосын бітуажаға келген екі жақтың басын құрап неге бір хан сайлатпайды? Ол хандыққа Нұралы мен Ералының біреуін неге ұсынбайды? Сонда, түптеп келгенде, башқұрттар да бұның қол астында болып шыға келмес пе еді? Ақ патшаға бәрібір емес пе? Қарауындағы ел қаймағы бұзылмай тыныш отырса, болмай ма? Әлгі екі сығыр бұның арғы көмейін көрмей, білмей келіп отырған жоқ. Анада бұлар жокта башқұрт аралаған Нияз бен Мырзатай жарапазан айтып зар қағып кетпесе, бұның дәмесін оларға сездірудей-ақ сездіріп қайтқан секілді еді ғой. Ендеше олар бұның шартына іштей келісіп отырған шығар.

Әбілқайыр арманшыл адам еді. Баққұмарлық та — арманшылдықтың бір түрі. Арманшыл адамдар қисыны келіп тұрған қиялға шындықтан бетер қуанады.

Әбілқайыр әлгі ойына расында да қуанып отыр. Қалмақтарға жасаған анадағы қылықтарына қуысты боп жүргенде мынау тіптен дұрыс болды ғой. Бұзақыларын бұғалықтап берсе, онсыз да итір-қылжың отырған қалмаққа бұның артық тиген бір-екі жұдырығын кешпес дейсің бе? Тіпті: «Қап, бәлем, өздеріне де сол керек еді»,— деуі де мүмкін. Ендеше, бұл сол жорық жайындағы жайсыз хабарлар жоғарғы ұлықтардың құлағына дүңкілдете жетіп қалмай тұрғанда башқұрт асып кетуі керек. Олардың бірінен соң бірі ат жүгіртіп шақырып отырғанын сездірмеуі керек. Өткен жылғы сумакай тілмаштан айтып жіберген тұспал қолқаларына түсініп өзі аттанып бара жатқан болғаны жөн. Өзі аттанғасын бұл мәселеге қалай кірісуді де өзі біледі. Әйтпесе, ақ патшаның ұлығына адам шаптырып арнайы рұқсат сұраса, ол рұхсатпен қоса «олай етпе, былай етсінін» дегенін де қоса айтып жібереді. Ал сосын әлгі айтқандарынан қия басып көр! Өйтіп өз аяғына өзі тұсау салып Әбілқайыр өле алмай жүр ме? Өздері башқұртқа жеткен шамада бұл жақтан Бәйбек Ағлұқ пен Итжемес атқа мінеді. Асықпай май бұлкекпен Самараға жол шегеді. Барып ханнан дұғай сәлем айтады. «Өзі қайда»— десе,

«Ереуілші башқұрттарды бұғалықтауға кетті»,— дейді. Ол тараптан келген жансыздарды көрсе де көрмеген, білсе де білмеген болады. Оздері тықақтап қоймай сұрап жатпаса, қалмақ ұлыстарын атымен ауызға алмайды. Ал алда-жалда анадағы жорықты естіп отырған болса, сонда бар салмақты қыршын қырық боздаққа салып бағады.

Сонда патша ұлықтары былтырғы қолқамыз аяқсыз қалды деп бұған өкпелей алмайды. Бізге хабар бермей өзім білемдікке салды деп тағы өкпелей алмайды. «Жау жағаласпен отырғандарға бір жақтан олардың да тиіскені жақсы болды-ау»— деп қуанып жатса, тіптен құба құп. «Ау, бұл көшпенді ханның тағы не ойлағаны болды екен?»— деп, секем алып жатса, оны да өздері білсін...

Не де болса, башқұт ісіне араласудың сәті түсіп тұр. Оның бұл әрекеттеріне қарсы шығуға мындағы қазақтардың да дәлелі жоқ. Жақсы көрсе де, жек көрсе де, іштерінде болады. Бұл жолы ол Жәнібекке де хабар бермеді. Башқұрт арасында да тек бір-біріне қиғаш қарап отырған екі жақтың ақсақалдары ғана біледі.

Не де болса, Әбілқайырдың бұл жорығы қай тарап үшін де төбеден түскендей төтен оқиға болғалы тұр.

Мұндай жағдайда мейліншe төтен, мейліншe шұғыл қимылдағаны жөн.

Әбілқайыр атқа суыт мінді. Қасына баласы Нұралыны ерте кетті. «Кім біліпті? Үмітсіз — сайтан... Сәті түсіп жатса...»

Тағы бір төтті қиял құндыз мұрттың бір ұшында ұры күлкі боп ілініп тұр.

Қара суықта басып кірген қазақ қолы әуелі патша жағындағы даруғаларға келді. Анадағы астыртын хабаршы салған билерді тағы да астыртын жиып алды. Бәрінің де әбден қажығандары анық көрініп тұр. Өз тентегіңе қол көтеру де оңай шаруа емес секілді. Бәрінің де көзінің алдын мұнар көміп, кісі бетіне тура қарай алмайды. Талай нәрсенің шырылы, талай қатынның баж-бұж қарғысы құлақтарында әлі тұрса керек. Айтқан сөзіңді есті алмаған кісідей ауызыңа еміне, телміре түседі. Бұл түрлерімен олар қарсы жақпен әрине тілге келісе алмайды. «Буларға иліге салындар»,— деп аналарға да айта алмайсың. Кенсуі кетіп қалған ел, қисыны қашқан қиғаш шаруа... Не де болса, сөз салып стырған өздері... Не де болса, шығар жолға шығып қалды... Енді не де болса, арттағы жұрттың табасына қала алмайды... Бір амалын табу керек.. Қиястай тартып қиғаштай кетіп бара жатса, қаруға жүгінуге де тура келер... Өзі өңін жылытқанмен қасындағылар еңін жылытпауы керек. Соны біліп соңындағы әскерді өңкей башқұрттарда есесі кетіп жүрген рулардан жиған. Олардың буларға іштерін жылытам десең де, жылымайды. Бұлар да олардың алдындағы өз күнәларын біледі. Сондықтан қарадан қарап бүгежектеп, алдарынан қия басып өте алмайды.

Әбілқайыр алдына қол қусырып кірген башқұрт ру басыларына жағалай бір қарап өтті. Таймасты танып ортаға шақырды.

Оған қарап:

— Шаим баласы Таймас сізді маған осы ақсақалдардың жұмсағаны рас қой!

— Құдай ақы рас. Осы жиынның атынан бардым.

— Әлеумет! Шаим баласы Таймасты маған жұмсағандарыңыз рас қой.

— Әлбетте! Жұмсадық. Өзіміз шақырттық.

— Ендеше, сендердің сол сөздеріңізді жерге тастай алмай келіп отырмын. Оның үстіне нұр сипатты падишамыз Анна Ниуан қызының да, осындағы бүлікті бұғалықтауға қол ұшын бер деген бұйрығы бар. Пәрменді бұйрықты алған бойда, аламаңдап жетіп келуге я күшімнің, я ақылымның жетпей қалған ештеңесі жоқ. Қарындас елсіңдер. Обалдарыңа қарадым. Арыстанбаев деп айға атылып та бітіріп жатқандары шамалы. Естері кірер дедім. Естері кірсе, елдікті ойлар. Елдікті ойласа, ағайыннан араша сұрар деп тостым. Араша сұрасаңдар ақ патшаның алдына барып сендерге рахым сұрап жүгінуге әзір екенімді білдіруге келдім. Оған ризамысыңдар?

— Ризамыз! Ризамыз!

— Разы екендеріңіз рас болса, бұл бір жақты болғанға дейін менің рұқсатымсыз ешқайда аттап баспайсыңдар. Ереуілшілер жағына да, патша ұлықтары жағына да не қол, не жеке кісі тұяқ серіппеуі керек. Қай тарапқа да хабар менің өзімнен болады. Оған дейін мен мұнда егесіп отырған екі жақтың екеуімен де екжей-текжейлі сөйлесіп алуым керек. Екі жақтың да шын пиғылдарының қандай екендігіне көзімді анық жеткізуім керек. Сендерге берер уәдем, патшаға айтар жауабым тек сонда ғана пәтуалы болады. Оған дейін менің айтқанымды екі етпейсіңдер. Менің сарбаздарыма қол көтермейсіңдер. Қол көтерсеңдер жақсылық күтпейсіңдер. Ақ патшаны жақтайтындарың рас болса, мен не істесем де, не істе десем де пейіл боласыңдар. Ал мен өз пиғылымның ақ-қаралығы үшін бір құдай мен бір падишаның алдында жауап беремін. Онда сендердің шаруаларың болмауға тиіс. Осыған пейілсіздер ме?

— Пейілміз! Пейілміз!

— Осы сөз сөз ғой!

— Сөз.

Ханның жарты әскері патшаны жақтайтын тархандардың қол астындағы елде қалды.

Өзі жарты әскерімен ереуілшілерге аттанды.

Әбілқайырдың мұндағы әңгімесі белгілі.

— Егер бұрынғы бұзық пиғылымызды қоймаймыз, жер бетінен тұқым-тұяғымызбен жойылып кеткенше соғыса береміз десеңіздер, онда мен ол пиғылдарыңызды қостамаймын. Онда ақ патшадан алған бұйрығым бар. Соны орындауға кірісемін. Ал егер «Өткен ереуіл, қалған салауат. Ақ қарасын алла айырар. Бұдан былайғы қырсықтық өз жұртымызға өзіміз жасаған қиянат болады. Өйтіп өз тұқым-тұяғымызды өзіміз құртып алмайық. Ақ патшаның қол астындағы бодан ел жаңғыз біз емес қой.

Арасында мұсылмандар да аз емес. Солардың көрген күнін бірге көрерміз. Тек ендігі қалғанымызға кешірім қылсын. Кешегі тентектігімізге бола тапап тастамасын»,— десеңдер, сендердің аттарыңнан ақ патшаның алдында бітуажаға жүруге өзірмін. Онда бұдан былай аспандағы қарғаға да оқ атпайсыңдар. Патша жағына шығып кеткендерге де жұдырық түйгендеріңді қоясыңдар. Екі жақтан да бір-біріне оқ атқандарға кешірім болмайды. Ондайлар бітім сөздің қалай бітеріне қарамастан менің жігіттерімнің қолынан жер құшады. Бір пәтуаға келгенше сендер де ешқайда аттап шықпайсыңдар. Осыған пейілсіздер ме?..

Бұлар аналарға ұқсап қаукылдай жөнелмеді. Мойын омыртқалары сіресіп қалғандай қаздиып-қаздиып отыр. Түксие-түксие қарайды. Қазір өре түрегеліп, бұны қуып шығатындай.

Бір-біріне де қарасқан жоқ. Сазарған қалыптары селт етпей отырып қалды. Әлдебір уақыттарда орнынан ырғала басып Жиянқұл көтерілді. Еңгезердей нарт қызыл жігіт балпандай басып қасына келді. Адырайып көзіне қарады. Қонышына тығулы дойыр қамшысын қолына алды. Бір құлағын қоса жұлып кеткен ай тыртықты қамшының ұшымен бір қасып өтті.

— Алдияр!— деп гүж ете қалды. Балағаттағалы тұрғандай дауысы тым қатқыл шықты.— Біздің жәйді сен біз айтпасақ та білесің. Қатынның дауымен, малдың дауымен атқа қонып жүрген әншейін даңғазалар емеспіз. Біздің де ойлағанымыз халықтың қамы. Соқыр күшік екеш соқыр күшік те итаяғын қорыды. Біз де түгін тартып күн көріп отырған алақандай жерімізге өзіміз ие болғымыз келеді. Астындағы кені ме — алсын, малымыздың қылшығы ма — алсын, қаруымыздың қайраты ма — оны да береййік. Бізге тек малымыздың ауызына ілігер түкті қалдырса болады. Башқұрт пен қазақтың содан басқа не ырзығы бар? Енді сол екеш соның өзін де, бізге де көп көріп отыр. Құдайдың қурап жатқан қу тақырлары жетпейтіндей, қайда киіздей өріс, шалғынды жайылыс болса, сонда күректерін арқалап келеді де тұрады. Ең болмаса, ел атағы бар ғой деп, алдыңнан өтуді білмейді. Ақ патшаның қол астында бірінші жыл отырғанымыз жоқ. Біледіміз. Айтқанын қылдық. Жұмсаған жеріне бардық. Шведпен соғыс деді. Соғыстық. Түрікпен соғыс деді. Соғыстық. Неміспен соғыс деді. Соғыстық. Бас тартқан жеріміз жоқ. Ең болмаса, сол ниетімізді ескеріп: «Мынандай жерінде мынандай кен бар екен. Соны алу үшін мынандай қала салайық, мынандай жол тартайық. Сендерге керегі өріс болса, мынандай жердегі бос жатқан жерді берейік»,— десе, біз де иліге ғой. Оны өздері білмейді. Білмесе өзіміз айтайық деп бас көтерген билерімізді жұмсасақ, ұстап ап қаптесер тышқанға талатып қамайды да салады. Ақылымыздан сескенбесе, ашуымыздан сескенер деп талай жерде бой көтердік. Бәрін де қансоқты қып қырып салғаннан басқа ештеңе білмейді. Екінші бір ел түгілі қойынындағы тілі ашы қатының-ды да басқа-көзге төпеп бермей, осының өзі неге бұлқан-талқан боп жүр екен деп бірауық тыңдап көресің ғой. Бұлардың онымен де шаруасы жоқ. Бір патшасы болмаса, бір патшасының ақылы

бар шығар деп, біз де үмітті үзбейміз. Бәрібір кнеріміз баяғы сол таз кепеш. Енді, міне, сол таз телпекті кигіз деп саған ұстатып жіберіпті. Кнерміз. Таз кепеш қайда қашар дейсің. Біздің де бұдан әрі бұлқына берер шарқымыз шақ болуға айналды. Жанымыздан қорықпасақ та, қатын-баланың көз жасынан қоркайық дедік. Біздің қырылып кеткенімізге қиналатын ешкім жоғына да көзіміз жетті. Енді, міне, өзімізді өзімізге жау қылып қырылыстырып қойды. Ең болмаса өзімізді өзіміз қырмалық. Шүршіті қыра ма, қалмағы қыра ма, қазағы қыра ма — обалымызға солар қалсын. «Екі арамызға бітуажа бол»,— деп шақырдық. Келгеніңе көп рахмет. Ендігісін өзің біл. Жығылғанымыз рас жеңілді деме! Бағынғанымыз рас — бас ұрды деме! Соны анау ақ патшамызға түсіндіріп көрсеңіз қайтеді. Біздің өзіміз талай рет құлдық ұрып бардық. Бәрінде ұстап алып атты, асты. Енді ара ағайын салып тілдесіп көрмесек, болмай барады.

Хан мынау қақ төбесінен жарқ-жұрқ ойнап өткен жасындай бұлтартқызбас өткір әңгімеге не деп жауап берерін білмей, сөзден тосылып отырып қалды. Жұртта да үн жоқ. Бұны көздерімен ішіп-жеп барады.

Бір ырғалып қойып қызылкөңыр Қарабас тіл қатты:

—Алдияр тақсыр, біздің кептің сиқы осы. Ақ патшаңыз бізбен сөйлесіп болған. Бәлкім, сізбен сөйлесер.

— Иә, хан не, біздің кепті сіздің де біліп қойғаныңыз теріс болмас,— деді Жүніс батыр күлімсіреп тіл қатып. Басындағы қызыл түлкі бөркі, аяз сүйген екі беті алқызарып тұр. Найзасының ұшын жаудың көкірегіне күнде сүңгітіп жүрген көкжал батырдан гөрі қыз алдына алғаш келіп тұрған бозбала жігітке ұқсайды.— Біз осы отырғандарымыз кешірімнен әлдеқашан күдерімізді үзгенбіз. Оның әншейін мәңгінің қиялы болатынын жақсы білеміз. Біздердікі ең болмаса артымыздағы қатын-балаларымызға аяушылығы болар ма екен деген далбаса тілек. Тіліңізді алса, ұғындыра көріңіз: патша ұлықтары біздің өзімізден ала алмаған өштерін артымыздағы шиеттей сәбилерден алып жүрмесе екен!

Ереуілшілер алыса-алыса әбден жүдеген. Бірақ жүнжімеген. Көп нәрседен торыққан. Бірақ еңселері түспеген. Бұнымен де жалдарын жықпай, терезелерін тең ұстап, тәкаббар тіл қатысады. «Ал, біз айтарымызды айттық, өзің не айтасың?»— дегендей сынай қарайды.

Бұлар кешегі Таймас тобындағылардай емес. Шарт қойып қатқыл сөйлесе алмайсың. Болмастан дөметтіріп уәде бере алмайсың. Патша ұлықтарының сиық мына жүрісін неге жорып қалай қарайтының, шындап келгенде, бір құдайдың өзі ғана біледі.

Әбілқайыр ойланып қалған. Расында да, мынау бейшараларға ол қол ұшын бергенде қалай бере алады? Олардың жағын жоқтап, мұның мұндайтындай бұл сонша кімдері болыпты? Оны ертең ақ патшаның ұлықтарына қалай деп түсіндіре алады? Діндес едік, тілдес едік, көрші едік дегендерің олардың, сірә, ми-

ларына кірер ме? Діндес, тілдес болсандар, бір-бірлеріңізге соншама шығарға жандарыңыз басқа болса, баяғыда құдайдың бұндай аламан-асырсыз жайбарақат күндерінде бір-біріңнің шашау шыққан жылқыларыңыз болса қуып кетіп, шашау шыққан адамдарыңыз болса — аяқ-қолын байлап алып кетіп, бір-біріңнің жағаларыңа жармасып жағаласып тіршілік кешкендеріңіз қалай? Ол кезде бір-біріңізге неге жандарыңыз ашымады? Ал қазір аяқ астынан неге аяй қалдыңыздар? Олар бұны айта ма? Айтады. Ендеше оған қайтарар жауабы қайсы? Тәйірі жайбарақат заманда нәсілдес халықтар түгілі бір құрсақтан тараған бір үйдің балаларының өзі сәл нәрседен қиқу шығарып, сәл нәрседен бір-бірінің тұмсығын бұзысып жатпай ма? Ол баяғы аркайын заманның істері ғой. Ондай-ондай оп-оңай ұмытылады. Ал мынандай қиында «жаздық, жаңылдық, кол ұшын бер» деп жалбарынып тұрғанда, теріс айналып жүре бергеніңді жердегі пенде, көктегі құдай кешіре ала ма?! Олар: «Бұдан әрі де жағаласа береміз»,— деп тұрған жоқ. «Өзімізді не істесеңдер, оны істеңдер, тек қатын-баламызды ғана есіркерсеңіздер!»— деп тұр. Бұл, түптеп келгенде, қаруларын тастап, қолдарын көкке көтеріп: «Құдай салды, біз көндік»,— деп берілгендері... Патша әскеріне берілсе, жайратып сала ма деп қорқып, ара ағайын Әбілқайырға беріліп тұр. Ереуілді бұғалақтауға бұдан да қолғабыс сұралғанын олар жақсы біледі. Соны пайдаланып, берілуін бұған беріліп, ақ патшамен екі ортаға бітуажаға жұмсамақ. Егер ұлықтардың көздегені көтерілістің тыйылғаны болса, ол дегендеріне жетпекші. Демек, олар Әбілқайырдың бұл араласына, шынтуайтқа келгенде, ренжімеулері, қайта алғыс айтулары керек.

Ал одан әрі не болады? Оны, әрине, ұлықтар шешеді. Бірақ оған да Әбілқайыр енді енжар қарай алмайды. Біріншіден — ереуілшілер бұған тек қана беріліп қоймай, шарт та қойып отыр. Сол шарттың жүзеге асар-аспасы Әбілкайыр үшін ең басты сыч. Жүзеге асса Әбілқайырдың ақ патшаның алдында да башқұрттардың алдында да тасы өрге домалап шыға келері сөзсіз. Ал жүзеге аспаса... Онда... Әрине... Бірақ, тап осындай жүйелі әңгімеге құлақ аспайтындай патшаның ұлықтарын не қара басыпты? Өйтіп шалқайса аш күзендей тамағына жабысып тырнағын ажыратпай жатқан шақар башқұрттармен қоса бодан деген сөздің өзінен одырандап, жүрегі әлі күнге дауаламай жүрген тәрпаң қазақтарды да біржолата шошытып алып жүрмей ме?! Бұның басындағы шірік сүзбенің жұғыны болмай ма болса, патша бұл гәпке қалай болса, солай қарай алмаса керек. Таймастың анадағы айтып келген хабары рас болса, жаңа сайланған бастыққа «казақтарға мүмкіндігінше оң көздеріңмен карап еркелетіп ұстаңдар» деп әдейі тапсырма беруі соған саяды. Жігітке мәшкей деген жақсы атақ емес деп, қарауындағы жұрттың бірінен соң бірінің шоршып шыға келіп тұрғаны ақ патшаға абырой дейсің бе? Шамасы келсе, олар қазақты башқұрттың бұзақы ықпалынан аулақтап ұстауға тырысып бағады. Солардың жағына шы-

ғып, солардың сойылын соғып кете ме деп қорқады. Мынау көтерілісшілер де бұған соны біліп сөз салып отыр. «Бізді тыңдамағанмен сізді тыңдайды» дейтін әңгімелерінің төркіні де сонда жатыр. Қазақты шошынтып алмау үшін, оның ханы айтқан ұсынысқа амалсыз құлақ асар деген дәме. Несі бар? Оның да жөні бар. Ендеше өйтіп сескенетін ұлықтарды неге сескендіре түспейді?! «Ағайыннан түйе сұра, сасқанынан біе берер»... Ол да осындайдан шықпады дейсің бе?!... Сыйлап өткізе алмаған сезін зорлап неге өткізбейді?!.. Сөз өткізу — ендігі жердегі бұның ең басты қамы. Қазақтарды бір жолата шығынтып алмау үшін көтерілісші башқұрттардың қатын-баласына аяушылық жасаудың ақылға сыймайтындай ештеңесі жоқ қой! Ондай ұсыныс жасау Әбілқайыр үшін сын болғанда, ондай ұсынысқа қандай жауап беру ақ патшаның ұлықтары үшін сын емес пе екен?! Сынасардай жер келсе, неге сынасып қалмасқа?! «Патша біздерге жақсы қара!» — депті»,— деп қол қусырып отырып алғанда бұлардың ұтары не? Одан да ақ патшаны әлгіндей пәрменіне башқұрттардың мына қолқасы қосарланып тұрған кезде құрыққа сырық жалғап, көңілінде көптен жүрген бір дәмесін жүзеге асырып қалуға неге тырысып көрмейді?

Құдайға шүкір, қазақтың екі арысына ықпалы бар. Біреуін өзі билесе, екіншісін кіндіктес бауыры Жолбарыс билейді. Үшінші арысына да шым-шымдап сөзін өткізе бастайды. Бүйірдегі Хиуаның тағы ортаншы баласы Ералының болашақ қайын атасының тақымында. Оның да аты — Жолбарыс. Бұл маңайдағы екі Жолбарыс ханның екеуі де бұған азу көрсете алмайды. Арал маңындағы қарақалпақтардың ханы Сәтемір — бұның туған інісі Бұлғайыр сұлтанның қызын берген күйеуі. Ол да бұның алдын кесе көлденең өтіп көрген емес. Сонда бұл маңайдағы мұсылман баласында оның құрығы жетпей жүрген тек осы башқұрт арасы ғана. Оның да, міне, бір қисыны шығып тұр. Ондай сәтті құдай, қанша жомарт болғанмен, қайта-қайта бере-бере ме? Рас, «осылай еткелі жатыр едім»,— деп ақ патшаның алдынан аки-таки өтпегенмен де, ұлықтарының баяғыда бұл тұспалдап берген сауалына тұспалдап қайтарған жауаптары бар. Оны былтырғы жылмаң төс елшіге жалпақ жұрттың алдында өз аузынан тағы бір қайталатты. Демек, бұл жүрісінің де тап анау айтқандай нырық бұзып тұрған ештеңесі жоқ. Ендеше, жан-жаққа жалақжұлақ қарап бақ сынай бергеннен ештеңе шықпайды. Одан да белді бекем буып, бақ сына! Оның үстіне әлгі Қап тауындағы мұсылмандарды дүрліктіріп жүрген Қарасақал дегеннің анадағы әңгімесі, шынын айтқанда, оған онша ұнап тұрған жоқ. Ол не сөз? Анық-танығын ешкім білмейді. Бірақ солай екен деп бейқам отыра беруге тағы болмайды. Қазірдің өзінде лақабы мынау дүңк-дүңк етіп жер-көкті алып барады. Ондай ойда жоқта киліккен төтен хабардың бұның енді-енді беті бері қарап келе жатқан талабына қаншалықты жайлы тиерін бір алланың өзі білсін! Құдайға күпір болса да, әлгі неменің Ресей мұсылмандарының жоқшысы болам дегені көкірегіне қона қоймайды. Ол деген

сөз — «Қап тауында жата бермеймін, кенге шығып қазақ пен башқұрттың да басын айналдырып көремін»,— деген сөз. Ал ол бұның мұнда құрып жатқан өрмегіне тұп-тура қайшы алып жүгіргенмен бірдей. Ендеше, башқұрт ертең соның ықпалына аунап кетпей тұрғанда әрекеттеніп қалмай болмайды. Ол үшін мына орайды пайдаланып, бұндағы елді де өз ауызына қаратып қалуға күш салған жөн. Оның жаңғыз жолы ақ патшаның алдында өз сөзіңді өткізу. Олай боп жатса, башқұрт та айтқаныңды екі ете қоймас. Олардың қазіргі ең басты уайымы — қызыл қарын жас баланы жан алғыш жендеттердің қолынан аман алып қалу. Мұндай қияметте қол ұшын берсең, ауызы күйіп қалай пұшайман болып отырған қасіретті ел назарыңды қайдан жықсын. Ләмим тек солай болып шығып, осылардың тізгінін Нұралыжанмен мен Ералыжанның біреуінің қолына алып бере алса, орыс патшасының қол астындағы мұсылман билеушілерінің ең пәрмендісі өзі болып шыға келер еді. Бөтен жұрттардан ондай бөлекше ықлас көріп жатса, қазақ арасы да қанша тулар дейсің, қаймығар, қайырылар! Әрине, бұның бәрі айтуға ғана оңай!.. Иті қабаған, әкесі тентек, шешесі құс ұйқы үйдің қызының қойынына барғандай дымың ішіңде болып, аяғыңды еппен баспасаң, салымым судан қайтты дей бер...

Ақ патшаның жол жағынан шығып қалмау керек. Ол бірақ қашан өзі бас изегенше, қолыңды қусырып қарап отырып ал деген сөз емес. Реті келген жерде қинап алудан да қаймықпа. Қинамасаң, ол да сенің қалағаныңды қолақпандай қылып қолыңа ұстата салмайды. Бірақ, қинаудың да түрі бар ғой. Күшің асып тұрса, әлім жеттік жасап та қинай аласың. Күшің кораш болса, құлқыңмен жағып, еңбегіңді өткізіп сыйласып қинайсың. Не оның да тұйыққа тірелер осал жерін біліп ап, амалсыз көнуге мәжбүр етесің. Біреуіне қайрат, екіншісіне мінез, үшіншісіне айла керек. Бұның бірінші жолы бұған ешқашан қол емес... Ормандай орыстан тақырға біткен исигектей іри-тіри қазақ өлем десе де күшті бола алмайды. Екінші жолы әлі ертелік етеді. Құлқыңмен жағып, еңбегіңді өткізуге мүмкіндігің де, уақытың да жете қойған жоқ. Ал үшінші жол — дәл қазір нағыз іздегенге сұраған. Құдай оны сенің де кас-қабағыңа қаратып тұрса, неге пайдаланбасқа!.. Мұндайда бірден иліге салмай, сәл-пәл шіреніп көрсе, қайтер еді?! Кеуде тұсынан шаншу ұстаған керік қатындай кекжие қарап, кергіп сөйлеп, аңысын аңдап көр... Бірақ, тым қатты шалқайып кетпе! Жетектегі жарбайдың қатты тартынғанда желбезегін жырып, өз тұмсығын өзі ауыртқаннан басқа табары қайсы? Ал жетекшіл болғанның жөні осы екен деп емпендей бергеннің де көсегесі көгеріп. жарымайды. Қайда бастасам, сонда жортатын қарғылы төбетім ғой дейді де, сенің тіпті өлгентірілгеніңе де қарамайды. Ал реті келгенде бұйдаңды бір сілкіп қалардай айлаң болса, қайдағы бір сай-жыралы, тау-тасты тар жерлерде тартынып қалып жүрмес пе екен деп, оқтын-оқтын саған да көз тастап қойып отырады. Жалпы, жетектей білудің сыры көп. Ал бірақ, жетектете білудің де гәбі аз емес. Қазір де,

міне, тап сондай сыр аңдасып көретін тұс. Ақ патшаның өзі көптен бұғалықтай алмай келе жатқан бұзақыларын бұғалықтасып берген болып бір сына. Жазықтыларын жазалағанмен, жазықсыздарына жаның ашыған болып екі сына. Ел мен елдің жұрт пен жұрттың арасындағы кейбір кикілжіңдерді қайрат шеппей айла шешетінін көрсетіп үш сына. Асқар таудай даңқы бар ақ патшаның абыройын асырысқан боп төрт сына...

Не де болса, бұл сенің сыналар жерің емес, сынайтын жерің. Тек аңдаусыз сөйлеп, арзан айтып, қапы соғып қалмасқа тырысып бақ. Бірақ аранымды тым мол ашам деп шошынтып та алып жүрме...

Нағыз қимылдайтын тұсың — осы тұс. Ақ патшаға ақылың мен айланды сынатсаң, қазақ пен башқұртқа баяғыдан бері бір бүйірлеп қиялай тартып келе жатқанда не абырой тауып, не нәпақа көретініңді сынатпақсың. Оның үстіне, сенің ойлаған дәмең, білсе білген кісіге, тек өзіңнің ғана емес қазақтың да, башқұрттың да пайдасы ғой...

Бұл ол дәмесінің не дәме екенін анада Нияз бен Мырзатайлар таратқан лақаптар арқылы аңғартудай-ақ аңғартқан сияқты еді. Бірақ башқұрт билері ол жайында жұмған ауыздарын ашпай отыр. Әуелден хан деген сөзден қаралай қорқып қалған немелер оны айтса, таңдайларын шаян шағып алатындай бүгежектей береді. Азаттықты асаулық деп түсінгендіктен бағы жанбай келе жатқан жұрттардың бірі осылар-тұғын. Содан ауыздары әлі күймепті. Қазіргідей бір мықтыны бір мықты желкелеп жатқан төмпештің заманында біреуден тәуелсіз болу үшін де біреуге тәуелді болмай болмайтынын әлі ұқпапты. Соны түсінбейтін жаңғыз халық өзіміздің қазақ қана екен десе, бұлар да ол жағынан әзір ешкімнен қалыса қоймайтын түрі бар екен. Өзіндейге бағына білмегендердің өзгедейге құлақ кесті құл боп кетуі мүмкін екенін түсінсе, осылар түсінулері керек еді. Түсінбепті ғой. Әу бастан ортақ туларын жаманды-жақсылы біреуге ұстатып, жаманаттарын соған арқалатып қоймағандықтан да осындай күйге ұшырап отырған жоқ па?! Бір даруғаның халқы патшаға қарсы болып ереуілден жатса, екінші даруғаның халқы оларға бұғалықты бірге тастасып жүреді. Сосын қандай пәтуа шықпақ! Баяғы Сейіт көтерілісі тұсында да солай бопты. Одан бұрын да тап солай болыпты. Сонда да бәрібір ауыздары күймейді, баяғы бір қалыптарына тарта береді. Бағына білмегеннің, сірә бағы жанған ба? Айбына білмегеннің айдыны асқан ба? Гәп бағынбауда, айбынбауда ма екен! Гәп кімге бағынып, кімнен айбынуда емес пе! Соны білмей, бас-басына би болам деп жүріп, қайта-қайта осы кепке ұшырайды да жүреді. Олай етпей, жаманды-жақсылы бір билеушінің аузына қараса, ақ патшаның ұлықтарымен сол сөйлеспес пе еді, анау-мынау итір-қылжыңға сол жауап бермес пе еді, сонда осының бірі де болмас еді. Анау өздеріндегідей қалмақтарды көрмей ме?! Әне, олардың арасында да қырсық сөйлеп, қыңыр жүретін қиқарлар шығып отыр. Бірақ, соларын сылтауратып патша ұлықтары оларды қанға тұншық-

тырып жатыр ма?! Жаманды-жақсылы өз одақтары болып табылатын қалмақ ханының көңіліне қарап, өз тентектерінің еркін өзіне беріп жайбарақат отыр ғой. Сол қазақтың игі жақсыларының да бәр-бәрінің миына кіре бермейді. Үш арыс үш жаққа тартып, арыс басы екі-үштен хан ұстағылары келеді. Екі ұдай жұрттың өзі мынандай болып жатқанда, үш ұдай жұрт қайдан оңсын! Соны жеке-жеке тілдессең, бәрі де ұғатын сияқты. Қайқайсысы да: «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығармай тұрып біз қайдан оңайық?»— деп сарнап қоя береді. Ал сондай үш ауыз жұрттың пиғылын түзейтін дуалы ауызды қайдан табар екенбіз деп қармана бастасаң, баяғы пәтуаның бәрі ұмыт қалып, әр қайсысы әр жаққа тартып шыға келеді. Бәрі де ондай ортақ тізгінді өзінің ауылының белдеуіне қарай сүйрей жөнелгісі келеді де тұрады. Біреуді: «Осы лайық-ау!»— деп атай қалсаңыз, байғұстың баяғыдан бері байқалмай келе жатқан барлық міні бір күннің ішінде баттиып-баттиып көзге түсіп шыға келеді. Біреуі өзін, біреуі көзін ұнатпайды. Біреуі қайын жұртын, біреу нағашы жұртын жақтырмайды. Ең құрығанда, астындағы атының аяқ басқаны көңілден шықпайды. Әйтеуір мін табады. Ондай тал бойында бір міні жоқ пайғамбарлар мен періштелерді сорлатқанда қай қазақтың қатыны күнде топытып туып жатыр. Талай пайғамбар мен талай періштенің абыройларының асып жүргендері де біздің керауыз далада тумағандығында шығар. Біздің даладағы көп тал шаңырақтың біреуінің астында туса, солардың көбінің абыройы әрқашан-ақ айрандай төгілген болар ма еді, қайтер еді... Құдайдың құдайлығы да сонда ғой... Ешкімнің көзіне көрінбейтіндігінде ғой... Әйтпесе, біздің қазақ оның бойынан да бір кемшілік тауып шықылықтап күліп ала қайқаяр еді.

Ондай орақ ауызды, от тілді боламыз деп, бір-біріне шікірейе қарағанды мерей тұтқан жұрттың неге ұрынатынын бүгін кеп өздері көріп отырған жоқ па?

Асаулығы мен өжеттігі жағынан башқұрттар кімнің қолына су құйғандай еді!

Енді, міне, тізгін ұстаған ешкімі жоқтықтан олардың жүйелі сөзінің өзі патша ұлықтарының құлағына кірмей отырған жоқ па?! Ақыр аяғында, міне ай даладағы бұған кеп жалынып отыр.

Анада екі тараптың екеуінің де өзіне кісі шаптырғанына қарап, мұндай екі ұдай алауыздық шекелеріне әбден тиген шығар, бұған: «Тек ақ патшамен екі ортадағы бітуажашымыз ғана болып қоймай, ендігі ноқтамызды өзіңіз ұстап, ендігі обал-сауабымызды мойыныңызға алыңыз»,— дейтін шығар деп дәметіп еді. Жоқ, ондай әңгімеге келгенде бұлар шеттерінен оқтау жұтып қойғандай сіресе қалыпты. Ол кешегі Таймас ауылындағы жиында да, бүгінгі Алдар ауылындағы жиында да ауыздарына түспеді. Үндемесе үндемесін... Олар үндемейді екен деп, бұл әрекетсіз қала алмайды. Егер ақ патша айтқанына құлақ асып жатса, бұлармен ертең өзі-ақ сөйлеседі.

Тек патша ұлықтарының бұның мына жүрісіне оң көздерімен қарап, әлгіндей ұсынысын оң құлағымен тыңдарын айт.

— Ара ағайындығыңды істе деген қолқаларыңды жерге тастай алмаймын. Ақ патшаның ұлықтарына жағдайларыңызды түсіндіріп айтуға да бар күшімді салып бағамын. Одан не шығатынын бір алланың өзі көрсетер. Бірақ, бұл әңгіме қашан бір жақты болғанша орыс шебінен де, патша жағындағы ауылдардан да тышқан мұрынын қанатпайсыңдар. Ондай әрекет, қай тараптан орын алса да, қатаң жазаланады. Осыған пейіл болсаңдар, мен патша ұлықтарына адам аттандырамын.

— Мақұл! Дегеніңіз болсын!

Сол екі ортада патша жағындағыларда қалған қазақ қолынан қызыл танау болып шабарман келді.

Таймас жағындағылардың бір биі анадағы жиын тарап, хан аттанып кеткен соң ұлықтарға астыртын хабаршы шаптырыпты. Оны жолда хан сабаздары ұстап алыпты.

— Әлгі биді, хабаршысын, қасындағы нөкерлерін қол-аяқтарына кісен кигізіп, қамап қойыңыздар. Барлық билер Таймастың қасынан аттап шықпайтын болсын. Мен барғанша ауыл-ауылдарына тарамасын. Ұлықтардың жауабы келгенше осында боламын. Әлгі айтылған пәрменге мойын ұсынғылары келмейтіндерге аяушылық жасалмасын.

Арада онша көп уақыт өтпей жатып, ұлықтарға кеткен хабаршылар қайтып оралды. Қастарындағы анадайдан тісі ақсиып жымыңдай күліп келе жатқан жылтыр жігітті таныды. Баяғы Юмаш. Оның да жүрмейтін жері жоқ екен. Аттан түсе сала құрақ ұшып жатыр. Қасындағы кексе ноғай өйтіп елпек қақпай жайбарақат тұр. Қорасан талаған бұжыр бетінен не ашудың, не қуаныштың табы білінбейді. Қара сұр маңдайы қасқиып, кісіге шаншылып тік қарайды.

Жиналған жұрт ұлық жіберген адамдардың қазақ ханымен өз көздеріншe тілдескенін жақсы көріп еді. Әлгі бұжыр бет кексе ноғай кекірейіп илікпей қойды.

— Маған Орынбор комиссиясының бастығы аса мәртебелі Василий Никитович Татищев мырза құрметті Әбілқайыр Мұхамбет Қазы Баһадұр ханмен оңаша жолығуды тапсырды.

Башқұрт билері амалсыз орындарынан көтерілді. Олар есікті жауып шығып кеткен соң әлгі бұжыр бет кісі өзін:

— Арслан Бахметевпін,— деп таныстырды.

Хан қолын көкірегіне басып басын изеді.

— Құрметті хан, Татищев мырза сіздің ереуілші башқұрттарды бұғалықтауға қолма-қол араласқаныңызға көп рахмет айтады. Сіздің мұндағы келіссөзіңіздің нәтижесін императрица ағзамның биік мәртебелі құзырына жеткізуге уәде берді. Сіздің мұндай үлкен қызметіңізге ризашылық белгісі ретінде өз атынан жіберілген мынау азын-аулақ сый-сияпаны ұсынуды маған тапсырды.

Әбілқайыр хан патша ағзамның аты аталғасын орынынан көтерілiп, қолын көкірегіне басты.

Екі-үш казак кетеріп әкелген көк сандықты бұның жігіттері басқа үйге алып кетті.

— Кәмесей бастығы Тәтеш мырзаның бұндай достық сәлемі мен жылы ықласына көп-көп рахмет. Баршамыздың бір алладан соңғы ұлы қамқоршымыз нұр сипатты падишамыздың ұзақ жылдар сау-саламат билік құра беруіне шын жүректен тілектеспін. Оның қол астындағы ұлы патшалықтың қай кызметіне де әрқашан әзір екендігімді білдіремін. Сонымен қоса біраз уақыт бұзақылар ықпалында болып, кейбір тентектік істерге араласуға мәжбүр болған бейшара халықтың жазықсыз қатын-балаларына аяушылық жасауды сұрар едім. Көтерілістің басы-қасында болғандарға не істеу керектігін алдияр патшамыздың өзі біледі. Ал былайғы жалпақ момынды ендігәрі ондай қиякылықтардан аулақ ұстауды өз мойнынма алуға дайынмын.

Кексе ноғай ойланып қалды.

— Құрметті хан, бұл ойыңызды да зор мәртебелі Татищев мырзаның назарына жеткізуді өз міндетіме аламын.

— Аса мәртебелі Тәтіш мырзаның бізге айтар тағы қандай тапсырмасы болар екен? Менің қол астымдағы қазақ ғаскері мәртебелі тақсырдың қандай жарлығы болса да бұлжытпай орындап шығуға қажыр-қайратын аямайды.

Кексе ноғайдың миығына күлкі үйірілді.

— Құрметті хан, ғаскеріңіздің тегеурінді екені бірден-ақ байқалып тұр. Таймас Шаимов және оны жақтайтын ру басылардың қол астындағы елге жасап жатқан қылықтары соны аңғартқандай.

Хан мынау күлбілте сөздің ар жағында талай бұлталақ жатқанын сезе қойды.

— Иә, ондағы кейбір ру басылары алдын ала кесілген пәтуаны бұзып асығыс қимылдар жасапты. Ондай жағайда жаңа-жаңа илігіп отырған ереуілшілерді қайтадан дүрліктіріп алуымыз ғажап емес еді. Ал ол нұр сипатты падишаларымыздың мейірбанды бодандығына енді мойын ұсынып келе жатқан менің жұртыма да жақсы әсер қалдырмас еді. Бұқара тобыр да бір, бұла өскен бала да бір. Оны кейде тыйырыммен, кейде кешіріммен жөнге салып отырмаса, не басыңа шығып есіріп, не басын ала қашып безініп кетуі оп-оңай. Сондықтан ел билеген адамға жақсы әке секілді қабағын қашан түйіп, қашан жадырататынына қатты зер салып отырмаса болмайды. Алдияр падишамыз ол жағынан, әрине, менен ақыл сұрамайды. Өзі де жақсы біліп, мейлінше жіті қадағалап отыратынына ешқандай күмәнім жок. Ендеше, қазақ ғаскерінің әлгіндей қасақана шырық бұзып жүргендерге істеген кейбір әрекеттерінің дұрыс түсініліп, дұрыс бағаланатынына кәміл сенемін.

Кексе ноғайдың сертік мұртындағы қатқан қыраудай сілімтір күлкі жым-жылас жоғалды.

Шамасы, бұл оның күтпеген жауабы болса керек. Тұнжырап бара жатқан жирен қабағын жалма-жан қайта жазып алды.

Қасындағы серігінің боз-бояғы жымсиған қалпынан бір таңбай тынын байқап, ол да жандәрмен езу жырған болды.

— Әлбетте, құрметті хан! Ол не дегеніңіз?!

— Мырза, менің бұл тараптағы шын ниетіммен істеп жатқан ақ адал қызметім мен ықыласымның нұр сипатты падишамыз бен оның биік мәртебелі ұлықтарына ешқандай бұрмалаусыз, әсірелеусіз жеткізілетініне еш күмәнданбауыма болатын шығар?!

— Ол не дегеніңіз! Сөз бар ма!

— Олай болса мың да бір алғыс. Әйтпесе жол-жөнекей әлгі бір сөздерінде тұрмайтын пәтуасыз тархандар мен жайында қайдағы жоқ ғайбаттар айтып сескендіріп жібергеннен сау ма деп тұр едім.

Кексе ноғай бір қызарып, бір сұрланды.

— Нұр сипатты падишамыздың да, оның биік мәртебелі ұлықтарының да ғайбат пен шындықты мүлтіксіз ажыратып, ақ ниет, адал еңбекті әділ бағалай білетініне еш күмәнының болмағанын өтінер едім, құрметті хан!

— Өз пікірім де тап сондай. Ендеше бізге қандай тапсырмалары бар екен. Соны білгім келеді.

— Құрметті хан, әлгінде айтылған пікірлеріңіздің қай-қайсысы да қаз қалпында тиісті жерлеріне жеткізіледі. Олар жанжақты сарапқа салынады. Соның нәтижесінде қабылданған императрицаның шешімі кезінде өзіңізге де мәлімделеді.

— Бек қуаныштымын.

— Орынбор комиссиясы бұл мәселе жөніндегі патша ұйғарымы шыққанға дейін ереуілші башқұрттардың өздері тиіспесе, оларға оқ атпауға, ешкімді қудамалауға уәде береді.

— Міне, бұл дұрыс.

— Императрица ағзамның ұйғарымы шыққанға дейін башқұрт арасына ешқандай жазаланушы команда жіберілмейді. Сондай-ақ қазақ ғаскерінен де бұл өлкеде көп кідірмей өз елдеріне қайту сұралады.

Әбілқайырдың жылт оянып жадырап келе жатқан жанары кенет тұнжырап сала берді. Ішіндегі алай-дүлейді сездірмегісі келгендей сыздаңып алды.

— Мақұл. Мәртебелі ұлықтардың бұл тапсырмасын да екі етпей орындаймын. Бірақ менің жаңағы айтқан ұсыныстарым да ыждаһатпен тыңдалып, әділ бағасын алады деп сенемін.

Кексе ноғай «Уһ» деп бір дем алғандай екі езуі екі құлағына жетіп ыржия күлді.

Ертеңіне ереуілші башқұрттардың басшылары түгел жиналды. Хан олардың бет-ауыздарына көзін бір-бір жүгіртіп өтті. Бәрі де бұлардың қас-қабағын бағып жымиып отыр. Анау күнгіден де тұнжыраңқы. Анау күнгіден де тас түйін. Тырс етпей томсара қарап қалыпты.

— Ағайын,— деді Әбілқайыр.— Біздің бірлесіп мақұлдасқан пәтуамыз көп ұзамай нұр сипатты ақ патшаның қадірмен ғұзырына жеткізіледі. Қазір онымен биік мәртебелі ұлықтар ықлас

қойып танысып жатырған көрінеді. Жан-жақты сарапқа салып өз пікірлерін айтатын болса керек. Мен мынау арамызға келіп отырған екі ұлыққа мәселенің басын ашып тоқ етерін айттым. Ол мынау: өткен бұзақылыққа тікелей басшылық еткендерге не істеп, не қоятынын ақ патшаның өзі біледі, ал былайғы қалың момынды бұдан әрі қудаламауды, оларға рахыммен қарауды қатты өтіндім. Егер осы жолы кешірім болса, оларды бұдан былайғы қияңқылықтардан аулақ ұстауды өзім кепілдікке алатынымды мәлімдедім.

Бұл арада отырған башқұрт билері де, ұлықтардан келген екі өкіл де бір-біріне қарады.

Әбілқайыр сәл кідірді. Елеңдесіп қалған жұрттың көзіне бір-бір қарап өтіп:

— Биік мәртебелі ұлықтар ақ патша қашан өз ұйғарымын айтқанша ереуілшілерге өздері тиіспесе ешқандай оқ атпауға, ешкімді қудаламауға уәде береді.

Бұл арада отырғандардың көбінің иектері шошаң ете түсті.

— Патша ұйғарымы шыққанға дейін башқұрт арасына ешқандай жазалаушы топ жіберілмейді. Қашан ақ патшаның өзінен хабар болғанша қазақ ғаскері де елдеріне кете тұрады.

Жиналғандар бір-біріне аңтарыла қарасты.

Оның бәріне көзінің астымен бақылай қарап тұрған Әбілқайыр:

— Алдияр падишамыз бен биік мәртебелі ұлықтардың бұл уәдеде тұратындығына күманданудың ешқандай жөні жоқ. Сол сияқты мен өздеріңіздің парасаттарыңызға да қатты сенемін. Арттағы қатын-баланың обалына қала бергеннен не шығады. Одан да айтылған мәмлеге ақырына дейін құлақ асқандарыңыз жөн болар еді.

Жұрт жым-жырт.

— Ал, ағайын, екі тараптың да айтқанын сарапқа салғанда келген пәтуамыз осы еді ғой. Соған енді сөзсіз көнейік!

Отырғандардың арасынан екі беті албырай қызарып Жүніс көтерілді.

— Жарайды, алдияр хан! Оған да көнейік. Ұлық мырзалар өздері сыр алдырып қалып жүрмесе, біз шыдауын шыдап бағайық.

— Ендеше осы пәтуа пәтуа ғой!

— Пәтуа! Пәтуа!

Башқұрттар атқа қонып жатқан қазақ аламанына аңтарыла қарап қалды. Қазақтар да әбден ұзап кеткенше арттарына жалтақ-жалтақ қараумен болды. Оларды шекараға дейін шығарысып салған екі ұлық сол арадан әуелі Ор бойындағы қалаға, сосын Самараға тартты.

Олар жөндеріне кеткесін хан қасына анада Самараға жұмсаған өз шабармандарын шақырды. Тәтеш: Бұлары қалай?»— деп ашуланбапты да. Қатты жымқырып алған жұп-жұқа қаймықық еріндері байқалар-байқалмас бір бүлк ете түсіпті.

Оның күлгені екенін де, реңжігені екенін де бұлар анық ажырата алмапты.

— Қалмақ жорығы туралы сұрады ма?

— Ол жайын ауызға да алған жоқ.

Хан таң қалып ығын тартты.

Елге келгесін де екі-үш ай тып-тыныш хәл кешті. Патша ұлықтарынан ешқандай хабар болмады. «Шамасы, мынандай қыстың көзі қырауда ат сабылтып жүруге жүректері дауаламай жатқан шығар. Не де болса, жазға қалғаны ғой»,— деп ойлады.

Биыл дария асып Қызылқұмға құламай, Қарақұмды қыстап қалған хан көңілін бірлеп, үттің ортасында қансонарда түлкі аулауға аттанып еді. Теріскей беттен жүздерін ыққа беріп, бір қырындап суыт жүріп келе жатқан бір топ салт аттыны көрді. Тымақтарынан таныды — башқұрттар...

Ханның секемшіл жүрегі дір ете қалды.

Жүргіншілер жүрістерін анадайдан баяулатып, саятшыларға қарай беттеді. Бет алғанына қарағанда — жайбарақат кісілер. Жадырай жарқын амандасты. Хан меймандарынан түзде тұрып жөн сұрамады. Қастарына Мырзатайды ертіп майханасына жіберді де, түс ауғанша із кесті. Құм арасының тұяқ қаппа күртігінде ат шаба алмай, қанжыға қанданып жарытпады. Оның үстіне ханның көз алдынан әлгі бір суыт жүрісті шоғыр кетпей қойды. «Мынандай қақаған аяз, қалың қардың кезінде бұлар неғып жүр? Не де болса, тегін жүріс емес қой...»

Қасындағыларға сыр алдырғысы келмей, сары бесінге дейін көп қиқудың ортасында жүрді-жүрді де, бір уақытта:

— Жә, ауылға қайтайық!— деді.

Кеш бойы меймандарынан қыс жайын, қардың қалай түскенін сөз етіп көлденең әңгімемен отырды. Қонағасыдан соң барып, жүріс бағытын сұрады. Алдар жіберіпті. Елдеріне шақырады. Неге екендерін айтпайды «Жер-аяғы кеңімей тұрып ақылдасып алатын жағдайлар бар еді. Қол ертіп келем десе де, өзі біледі»,— депті.

Сырт көзге жайбарақат хабар. Бірақ ойландыратын хабар. Қанша ойланғанмен, таң атқанша бір тоқтамға келіп, таңертең бір жауабын бермей болмайтын хабар.

Әбілқайыр, не де болса, барып қайтуға бел буды. Шұбыртып көп қол ертпейді. Биыл қасқыр қатты болып тұр. Талай қораның іргесі сөгіліп, көңі қанданды. «Аң аулап, бөрі қуалап жүрмінге» саятындай әлім-берім ғана нөкер ертеді. Башқұрт арасына бойлап кірмейді. Ереуілшілердің көбі қазір қазақ шекарасына таман далалықта. Билерге соның өзінде де бұның ұлысына ең тақау бір аулына жиналсын деп сәлем айтады. Қардың қазір нар көтеретіндей сіре жатқан кезінде барып-қайтып үлгеруге тырысады. Әйтпесе ертең үт[1] сарқыла қар жібіп, жер сабырлап қалады.

Араға бір жарты ай салып атқа қонды. Жәнібекке хабар бермеді. Бөкенбай мен Есетке: «Бір ай шамасында оралып қалар-

---

[1] Февраль айы

мын. Одан кешіксем, өздері бір хабарын шығарар»,— деп тапсырды.

Башқұрттар бұл жолы ана жолғыдай емес емен-жарқын қарсы алды. Қыстың көзі қырауда арнайы үйлер тігіп, қысырақ байлап, тай жығып, көп әуреге түсіпті. Оларын көрген хан: «Шамасы, ұлықтар тарапынан бір жақсы хабар шыққан ғой. Жер мойыны қашық бұған жетпегенмен, мыналарға жеткен ғой»,— деп қойды ішінен. Бірақ, ақтарынан жарылтуға асықтырмады. Жыршы келді, құрайшы келді, сырнайшы келді. Тас түйін жігіттер сарт-сұрт би биледі. Белдерін қынай буған тана көздер еліктің құралайларындай қутың басып ортаға шықты.

Ертеңіне барып сөзі дуалы иғі-жақсылары жиылып алдына келді. Көбімен көз таныс болып қалыпты. Жүздерін шырамытады. Тек Жүніс пен тағы да бұл біліңкірейтін бір-екі би көзге түспеді. Әлденеге іші мұздап қоя берді. «Бұл қалай? Уәделерінде тұрмағаны ма? Ендеше мыналар неге тұк көрмегендей жайбарақат? Әлде өз араларында бір кикілжің шықты ма екен?..»

Әбілқайыр бірденеден секем алғанын сезіп қалғандай Қарабас тархан сөз бастады:

— Алдияр, сіздің өткен жолы ұлықтар жіберген өкілдердің алдында айтқан әңгімелеріңіз әлі есімізде, Өткен өреуіл, қалған салауат деген ғой. Әуел баста тәуекелге бел буғандарымыз онымыз үшін өле-елгенше өкінбейміз. Құдай мойнымызға не салса да, көнеміз. Өзіңізге өткен жолы да айтқанбыз: ендігі уайымымыз — мынау артымызда көздері жаутаңдап қалып бара жаткан кіл момынның жайы. Сіз өткенде олардың ендігі тағдырын өз мойнына алар едім деп едіңіз. Сол сөзіңіз сіз кеткесін де есімізден шыкпай қойды. Көп ойландық, көп толғандық. Ақыр аяғында келген ұйғарымымыз: біздің жұртымыздың бұдан былайғы тіршілігінің тізгінін өз қолыңызға алыңыз. Сонда бәлкім ақ патша да сіздің көңіліңіз үшін бұларға рахыммен қарар. Осыған сіз пейіл болсаңыз, біз пейілміз.

Мынау Әбілқайыр үшін әрі күткен де, әрі күтпеген де оқиға еді. Қапелімде не дерін де білмей қалды. Тағы да есіне орындары үңіреййп тұрған Жүніс пен төрт-бес би түсті. «Апырай олар неге жоқ? Әлде мына ұйғарымға қарсы болды ма екен? Бұл әңгімеге Таймас жағындағылар қалай қарар екен? Олар да қосылар ма екен. Былтыр: «Біздің бірімізді біріміз қыруға жол бере көрмеңіз»,— деп жалынып еді ғой. Ал, мықты болсаң, осы арада бір жауабыңды бер... Ақ патшаның ұлықтарына айтарынды кейін айта жатарсың... Көтерілісті бассаң, ереуілшілердің өзіне емес, жазықсыз қатын-балаларына араша сұрасаң, олардың апшитындай не жені бар?.. Сынасаң, сынасатын жерің осы! Осал жерін тауып алып, амалсыз мәжбүр етуге тырысу керек деп айта беруші едің ғой... Міне сол тұс осы тұс... Қазір бұл қолқасын қабыл алсаң, бұлар ертең өз қол астыңдағы ел болады. Қол астындағы елдің қамын камдап сөйлеген сөзіңді ешкім де, оның ішінде ақ патшаның ұлықтары да айып санай алмаса керек...»

— Ағайын,— деп Әбілқайыр сөз бастады. Дауысы қарлығың-

ны шықты.— Жағдайларыңды түсінем. Арттағы қатын-баланың жөніне қабырғаларыңның қайысатын да реті бар. Қанша дегенмен, патша ұлықтары біраз жыл шайқасты, қан төгісті. Қан шыққан жердің ашуы тез арада басыла қоймайды. Олардың сіздің жұртқа аіырықша шүйілуі әбден мүмкін. Мен: «Башқұрт жұртының жетім-жесірлерін жылата бермеңіздер»,— дегенді былайда да айтам ғой. Анада да айттым. Тағы да айтам. Бірақ, олардың: «Сенің жұртыңа тиісіп жатқанымыз жоқ. Ай даладағы башқұртқа неге жаныңыз ауырады?»— дейтін болса, сөзден тосылтып кетеді-ау деп іштей қыпылықтап тұрушы ем. Ол арасын өздеріңіз де жақсы түсінесіз. Ол үшін бек ризашылығымды білдіремін. Тізгін біріктіріп, тілек қосысып жатырсақ, кім біліпті, алла жар болып айтқанымыз келер. Ләйім, тек солай болғай!

Жұрт алақандарын жайып сақалдарын сипады. Отырғандардың арасынан үш ақсақал көтерілді. Есіктен қолдарында малынған алтын зерлі қамқа шапан мен тап сондай алтын зерлі ақ қалпақ ұстаған он шақты жас жігіт көрінді.

Әлгі үш ақсақалдың ортасындағы ұзынбойлы ақ сұр кісі — Кәрідолла ишан қалпақты қолына алды.

— Башқұрт жұртының бүгінгі таңда жер басып жүрген үлкенді-кішісі, әйел-еркегі, олардың бұдан кейін жарыққа келетін үрім-бұтағы, қарындас қазақ халқының ардақты әміршісі Әбілқайыр Мұхамбет Қазы Баһадұр хан, Сізді өзіңіз жаппар хақтың өзінен кейінгі ең үлкен қожасы деп танып, Башқұрт жұрты мен Башқұрт уалаятының ұлы ханы деп жариялайды,— деп тағзым етті.— Иә, біссімәллә!— деп басына кигізді.

Қасындағы екі шал: «Иә, біссіміллә»— деп иығына шапан жапты.

Сосын ақ сұр хазірет ханның оң тізесінен шарта жүгініп отыра кетіп, әдемі ашық дауысын күңіренте созып құран оқып, бата жасады.

— Ардақты Әбілқайыр Мұхамбет Қазы Баһадұр хан дүние тұрғанша тұрғай!

Тұрғандар жапатармағай қолдарын жайысты. Сол-ақ екен сырттан отыз шақты жігіт іргесін тоң топырақпен көміп, шыр айнала киіз тұтып, кілем іліп жылылап тігілген сегіз қанат ақ орданы сықырлата көтеріп басқа жерге апарып қондырды. Біраз кісі хан отырған ақ киізді жан-жағынан ұстап ап төбелеріне үш рет көтеріп, үш рет жерге түсірді.

— Ардақты Әбілқайыр Мұхамбет Қазы Баһадұр хан дүние тұрғанша тұрғай!

Біреулер қындарынан кездік суырып хан көтерілген ақ киізді жапырақ қалдырмай тәбәрік қып талап әкетті.

Сол күні жаңа тігілген хан ордада тағы бір думан өтті. Қақ төрге қойылған тақтың екі жағына жолдарына қарап төмендіжоғарылы башқұрт игі жақсылары жайғасты. Тағы да Қарабас сөз бастады. Әбілқайыр отырғандарды көзімен тағы бір түгендеп өтті. Жүніс пен манағы төрт-бес биді тағы да таба алмады. «Олар

неғып бүйтіп құйрық үзісіп жүр екен? Өткен жолы ондай сыңайлары байқалмап еді ғой... Не болды екен?»

Өз ойымен өзі болып отырып Қарабас батырдың сөзінің аяқ жағын ғана құлағы шалып қалды.

— Хан ием, Сізге тізгінімізді ғана беріп қоймай, тілек қосысып, ниет қосысып, туыс та болғымыз келеді. Хан өзіңіз болғанда, ханшамыздың бірі біздің бауырымыз болғанын жақсы көреміз. Қарсылығыңыз болмаса, біздің қалауымыз — еліміздің ең қадірлі азаматтарының бірі — Алдарбай Есеке ұлының қызы Зүбәржат. Ата көрген, ана көрген тәрбиелі бала. Сүйегіңізге дақ түсірмейді деп, алтын тажды қосағына лайық адал жар болады деп сеніп, тілегін бүкіл ел болып тілейміз.

Сүйектен мүсінделгендей ақ сұр ханның екі бетіне қан лықсыды. Тамағын кенеп:

— Онсыз да тілек қосысып жатырмыз. Маған салсаңыз, артқан аманаттарыңыздан асқан ықлас жоқ. Менің көңіліме қарамандар, өз көңілдеріңізге қараңыздар,— деді.

— Бізге салсаңыз, біз көңілімізді айттық,— деді Қарабас.

— Иә. Сөзімізді жерге тастамасаңыз болды,— деді ақсақалдар.

Сұп-сұр хазірет тамағын кенеді.

— Әкеліңдер қалыңдықты, некесін осы арада қиямыз,— деді.

Қазіргі башқұрт ханша осылай түскен-ді. Оны ойлағанда хан әлге дейін өң мен түстің ортасында жүргендей есеңгіреп қалады. Ал сол жолы ала қыста жаңа ханым түсіріп, бір кездегі арманына жетіп, башқұрт жұрты да ақ киізге көтеріп хан сайлағанда бірнеше күнге дейін өз көзіне өзі сене алмай қойды. Ешқашан оның ойға алған ниеті тап бұлай оп-оңай оңғарылып жүре бермеуші еді. Мынаған сенерін де, сенбесін де біле алмады. Ұйықтап отырған шығармын дейін десе, көз алдындағы нәрсенің бары бадырайып анық көрінеді. Өңі дейін десе — бәрі оп-оңай шешілін жатыр. Өмірде бұлай бола қоймаушы еді... Шындық болар дейтін және бір себебі — осында келгелі бұрыннан көз-таныс төртбес кісісін таба алмай-ақ қойғаны. Анадағы екі беті бал-бұл жанған Жүніс батыр жым-жылас жоқ. Ол аман болса, мына жиынның қақ ортасында жүруге, көп шаруасын бел шешіп өзі аткаруға тиісті сияқты еді... Оған бірдеңе болған... Не мына топпен ат құйрығын үзіскен. Олай болуы мүмкін бе... Мүмкін емес секілді... Ереуілшілердің ең атақтыларының бірі. Ол бұларды бұлай тастап кете алмаса керек еді. Анадағы сөзі де әлі жадында. Оның үстіне сол жолы ештеңені білмеген, ештеңені түсінбеген башқұрт билері бұндай шешімге аяқ астынан қалай келді екен? Неге жер аяғы кеңімей тұрып ақылдасатын шаруамыз бар дейді? Әлгіде ұлықтар тарапынан кісі көңілін суытардай тосын хабар шықты ма? Бірдеңені асығыс сұрау, бірдеңеге асығыс жауап беру бұның әдетінде жоқ-ты. Көп күманды ешкімнің көмегінсіз өзі анықтауға тырысушы еді. Сонда сен ешкімнің алдында ештеңеден қарыздар болмайсың. Ешкім саған сарт еткізіп айтарын айтып: «Ал

енді қайтер екенсің?»— деп сынай қарап отыра алмайды. Мүмкіндігінше, жұрт жұмбағын өз бетіңше шеше біл. Мүмкіндігінше, өзің де жұрт көзіне көпке дейін шешуші табыла қоймайтын қиын жұмбақ бола біл...

Әбілқайыр жаңа қайын жұртының көңілін қимай біраз уақыт жайбарақат сейіл құрды. Аңға шықты. Башқұрт сабаздарының өнерімен танысты. Билер мен батырларға кезек пе кезек түстеніп қонақ болды. Бірақ көзіне түспей келе жатқан төрт-бес бидің жағдайын сұрамады. Олар бір жақ бүйірінде бүк түсіп жатты да қойды.

Бір ай шамасында табын Бөкенбайдан хабаршы келді. Мына жаңалық ол тарапқа әзір жете қоймапты. Ұлықтардан да ат ізін салған ешкім болмапты. Шамасы, бұл орыс ұлықтары үшін де, қазақ ағі-жақсылары үшін де құлақ елең етердей тосын хабар болғалы тұр.

Хан Бөкенбайдың шабармандарын «Енді бір ай шамасында елге барып қаламын. Жаңа ханшаны көшіріп әкетуге Арыстанбай келер»,— деген жауаппен аттарына қондырды.

Араға және бір күн салып башқұрт ру басыларын жинады.

— Ал, халқым, мына хабарды сендер біліп, мен біліп қойғаннан ештеңе шықпайды. Сондықтан мен оны ақ патша ұлықтарына арнайы адам жіберіп хабарламақпын. Оған дейін патша жағындағылармен де сөйлескім келеді. Сендер қарсы болмасаңдар мен оларға да қол астыма келіңдер деп ұсыныс жасасам деп едім. Сонда мен бұдан былай ақ патшаның ұлықтарымен күллі башқұрт халқының атынан сөйлесе алар едім.

Ақсақалдар: «Әңгімең дұрыс-ау!»— дегендей бас изесті. Бірақ бір нәрсеге күмілжіп отырған сияқты. Ол не құпия?

Бұл жолы сөзді Алдар бастады. Жарғақ бет неме арқасына қадалған шаншудың жәй-жапсарын айтып отырғандай ыңыранып жайбарақат сөйледі.

— Ол жайды, біз, алдияр, сізді шақыртпай тұрып өзіміз-ақ бір жақты қылғымыз келіп еді. Таймас жағындағы билермен сөйлесуге Жүніс екеуімізге бастатырып, жеті-сегіз би жіберілгенді. Ол тараптың естиярлары біздің барған шаруамызды түсінген сияқты болып еді. Құптайтын да рай танытқан-ды. «Ендеше, ханға хабар беруді біз мойнымызға алайық. Қашан келетінін өзіміз айтармыз»,— деген уәдемен тарасқанбыз. Сол әңгімеге риза болып, біз бері қайттық. Жүністер аржағындағы ауылдарына кеткен. Елдеріне енді жеткен бойда, бір күні түнде қарулы солдаттар сарт ете қалады. «Сіздер ереуілшілермен екі ортадағы қол жеткен келісімді бұзып, патша әкімшілігінің бұл мәселедегі жоспарына кедергі келтіріп азғырынды әрекеттермен шұғылдана бастадыңыздар. Сол үшін де Ор бойындағы қамалдың комендантты сендерді тұтқынға алуға бұйырды»,— деп айдап әкете барады. Бұдан кейін біз Таймас жағындағы билерден сыр бүге тұруға бел будық. Өзіңіздің қашан келетініңізді сездірмеуге тырыстық. Ол тағы да ұлықтарға астыртын адам жіберіп, бұл ниетімізді де

жүзеге асыртпай қоя ма деп қорықтық. Енді не істеу керек екенін өзіңізбен ақылдасқалы жүр едік.

Алдар бастаған әңгімеге қалғандары да желпіне араласты.

— Өзіңіздің кеңеске шақырғаныңыз дұрыс болды, Жүністердің қамауда жатқанына екі ай болды. Әзір сол Ор бойындағы қамалда көрінеді. Ертең жер аяғы кеңігесін ішке алып кететін шығар. Оларды сосын қайтып көреміз бе, жоқ па — кім біліпті?

Гәп енді белгілі болды. Патша ұйғарымының жаз шыққанша анықтала қоймасын білген башқұрттар оған дейін алдын алмақ. Бұдан былайғы әңгімеге Әбілқайырды бел шештіріп араластырмақшы. Ол үшін оны өздеріне хан сайлайды. Ор бойындағы қамалды жапыра шауып жайпап кетуге күштері жетеді. Бірақ, анадағы пәтуаға нұқсаны тиіп, арты ұшығып кете ме деп кідірген. Жүністердің жағдайын Әбілқайырдың білгеніне салмақ.

Хан сұрғайып отырып қалды. Әлден соң бір шешімге белін бекем буғандай болып, нығыздана сөйледі.

— Не де болса, бұл әріден келмеген болар. Сол Ор бойындағы бастықтың өз білдігі шығар. Сіздердің арғы-бергі қимыл-қыбырларыңды үлкенге жорып, қорыққан бұрын қамшылайдының керін келтіріп жатқан болмасын. Ендеше, қазір оған адам жіберемін, Жүніс пен қасындағы билерді шығаруды талап етемін. Башқұрт жұрты мені хан қылып сайлады. Енді оларға байланысты мәселеде менімен кеңіспей еткен әрекеттерің үшін ақ патшаның өзіне шағынамын»,— деймін.

Ханның мына шешіміне отырғандар қопаңдасып қалысты. Жарты ай дегенде наурыздың лайсаң батпағына белшеден батып титықтаған хабаршылар қайтып оралды. Комендант: «Қашан Самарадағы ұлықтан пәрмен келгенше, ешкімді босатпаймын»,— депті.

Әбілқайыр түтігіп кетті. Ашуын байқатпау үшін барып келгендерден қамалдың жағдайын, қанша әскері бар екенін, бастықтарының кім екенін сұрап білді. Сосын ойланып отырды-отырды да, орынынан тұрды:

— Ендеше, ол бастықпен барып сөйлесейік. Жолға қамданыңыздар,— деді.

Әбілқайыр қамалға алдын-ала жаушы аттандырды. Ол қамал бастығына барып башқұрт қолымен қазақ ханы келе жатқанын хабарлайды. Қамал бастығы бұлар барғанша ойлансын. Я ел болатынын, я жау болатынын айтсын. Не де болса, ол бастықпен Жүністерді босатқанынша тіл табыса алмайды. Не де болса, башқұрттардың алдында сөзін жерге тастата алмайды.

Күн шығыс беттен түнеріп келе жатқан қалың қолды қаладан бір түстік жерде бір топ нөкерімен бір сары ала ық сардары келіп күтіп тұр екен. Қасындағы нөкері — шағын. Келіссөзге шығып, тосып тұрғандары белгілі болды.

Еңкілдей шауып келе жатқан қаһарлы қол аяңға көшіп, сыпайы кейіпке көшті.

Торы ала аяқ ат мінген сары ала ық ұлық атын тайпалта бастырып жақындай берді. Тақау келіп амандаспақшы еді. Хан

анадайдан: «Жә, тоқта солай!»— дегендей белгі берді. Көзіне күлкі жиып, жүзін жылытып жарқылдай амандасқалы жатқан ұлық ду қызарып кетті. Көгілдір көздері шөлмектей шатынап, темекі ыстап тастаған жирен мұрты жыбырлап қоя берді. Бірақ, астындағы торы ала аяғын әлгіндегісіндей діңкеңдете бермей, о да жай аяңға көшті.

Қол созымдай жерге келіп:

— Ор қамалының бастығы майор Останков мырза құрметті ханнан жүріс жайын біліп келуді тапсырды.

— Ал сен өзің кім боласың?

— Мен Ор қамалы комендантының көмекшісі боламын...

— Көмекшісі.

Әбілқайыр түтігіп кетті.

— Ұлығыңның өзі қайда?

— Анда. Қамалда.

— Ол неге өзі шықпайды? Желігіп кететіндей жаңа босанып отырған ештеңесі жоқ шығар.

Едірең мұрт ұлық одан сайын түтігіп алды. Әбілқайыр да қалш-қалш етіп ашуға мініп тұрған. Дауысы шаңқылдай шығып зеки сөйледі.

— Сен өзің білесің бе? Мынау қамалды кім салдырып жатыр?

— Нұр сипатты падишамыз Анна Иоан қызы салдырып жатыр.

Әр әрпін шегедей қадап, әр сөзін сағыздай созып, дауысын мәнерлей көтеріп, бар ынт-жынтын салып айтты.

Мынау едіреңдеген немеге өлердей жыны келіп тұрған Әбілқайырдың ашуланғаннан ауызы қисайып кетті. Әншейінде сыпайы жылтырап тұратын құндыз мұрты да тікірейіп-тікірейіп алған. Сояудай ұзын кірпіктердің астына бұйығы тығылып жататын тұнжыр көздері адырайып шығып барады. Баданадай-баданадай қарашықтары қазір-ақ домалап жерге түсіп кететіндей. О да әлгінде ауызын қайшылап, нығыздай сөйлеген ұлықты келемеждеп тұрғандай:

— От-тап-сың!— деді.

Едірең мұрт ұлық ызадан жылап жібере жаздады.

Атын тебініп:

— Мен бұндай астамшылықты,..— дей беріп еді.

Хан да атын тебініп, қынының басын қылғындыра ұстай алып:

— Қайдағы астамшылық... Астамшылық жасап тұрған кім? Сен өзің кіммен сөйлесіп тұрғаныңды білесің бе... Мына қаланы алдияр Анна Иоанқызы патшаның кім үшін салдырып жатқанын естіп пе ең?.. Мына мен үшін, күллі қазақ, башқұрт жұрттарының ханы Әбілқайыр Мұхамбет Қазы Баһадұр үшін... Ендеше, сен бастығыңның қызметшісі болсаң, сенің бастығың шаһарымды салып жатқан менің қызметшім... Неге ол өзі шықпайды?

Едірең мұрт ұлық мына әңгімеден сасайын деді.

— Ол... ол... Самарадан Татищев мырзаның жіберген адамдарымен сөйлесіп қалып еді...

— Ендеше айт: сенің бастығыңды көргім де келмейді. Сөйлессем сол Самарадан келген ұлықтармен ғана сөйлесемін... Түске дейін пұрсат беремін... Түске дейін ол ұлықтар менімен келіп сөйлеспесе, онда сендермен енді мен сөйлеспеймін, мына қылыш сөйлеседі.

Ханның тыпыршып тұрған аты едірең мұрт ұлықтың астындағы торы ала аяқты тұмсығымен қағып өтті.

Едірең мұрт манағы айбынынан айырылып қалған. Көз ұшына дейін артына жалтақ-жалтақ қарап аяңдап барады да, жалбасына көтеріле беріп, аттарына қамшы басып шауып ала жөнеді.

Ханға еріп келген қол сол араға жаңа қылтанақтап келе жатқан көгал майсаға шатыр тігіп аял қылды.

Түске жақын жол басына манадағыдан гөрі қомақтылау қара шоғыр көрінді. Алдындағы екі құла аттыны таныды. Анада башқұрттар арасына келіп кеткен кексе ноғай мен жылмаң төс тілмаш. Олар ханның жол шатырдың қасында бір топ кісінің ортасында жерде тұрғанын көріп, анадай жерге келіп аттарынан түсті. Тізгіндерін қастарындағы нөкерлеріне ұстата салып, манағы едірең мұрт үшеуі жаяу беттеді.

Хан қасындағылар жымың-жымың бір-біріне қарасты.

Едірең мұрттың қасындағы екі ноғай жақындай беріп, қолдарын кеудесіне апарып тағзым етті.

— Құрметті хан, сізбен тағы да көріскенімізге бек қуаныштымыз. Біз бүгін ұзақ жолдан шаршап келіп, алдыңыздан шыға алмай қалдық. Оған ғафу өтінеміз. Сіз шақырды дегесін келіп тұрмыз.

Сөйлеп тұрған — жылмаң төс тілмаш. Кексе ноғай оның әр сөзіне бір бас изеп қояды.

— Мен де сіздерді көргеніме қуаныштымын. Мынандай әлі көктем шыға қоймай, жердің миы шығып езіліп жатқан кезде жер түбінен ат сабылтып келгенімізде алдымнан шығып сәлемдесуге жарамаған мынау жаңа шаһардың бастығымен әңгімеміздің жараса қоюы қиын еді. Сіздердің мұнда жүргендеріңіз сондай жақсы болар ма?

— Жылы лебізіңізге көп-көп рахмет, құрметті хан.

— Менің бұл шаһарға қандай шаруамен келіп жүргенім сіздерге мәлім шығар.

— Мәлім болғандай қандай... Біз де жаңағы өзіңіз айтқандай жайсыз кезде сонау Самарадан сол үшін келдік.

— Ендеше тіптен дұрыс.

— Құрметті хан, ол жайында мында кіріп оңаша сөйлессек қайтеді.

Кексе ноғай иегімен жол шатырды меңзеді.

— Жоқ, менің мына кісілерден жасыратын еш құпиям жоқ,— деді Әбілқайыр қасындағы қалың шоғырды көрсетіп.— Бұл — кісілер башқұрт жұртының игі жақсылары. Ал мен қазір

тек қазақ халқының ғана емес, башқұрт жұртының да ханымын.

Кексе ноғай көзін шүңірейтіп хан нөкеріне қарады.

— Бұл кісілерге келсек, құрметті хан... Жә, оны өзіңіз де білесіз... Өткен жолы бұл кісілер өздеріне емес, қатын-балаларыпа, момын бұқарға кешірім сұрайды дегенсіз... Ал, мен шатырға кірейік десем, оның да жөні бар емес пе... Сырт әлі сыз. Оның үстіне орыс халқы аяқ үстінде айтылған әңгіменің пәтуасы болмайды деседі.

Хан бір сұрланып, бір қызарды:

— Ал біздің халқымыз әкесі отырып баласы, ағасы отырып інісі сөйлегеннен без дейді. Аяз әліңді, құмырсқа жолыңды біл деген тағы бір сөз бар. Мен башқұрт жұрты жайында да, олардың мына кісілердей басты істі азаматтары жайында ақ патшаның не өзімен, не арнайы ұлықтарымен ғана арнайы сөйлесермін деген ойдамын. Ал сізге келсек, Арслан мырза, сыздан қорқып тұрсаңыз, кірсек кіреййік,— деді.

Меймандарды шатырға бастады. Ханмен бірге башқұрттың да бірнеше биі ере кірді.

Жайғасып отырар-отырмаста хан сөз бастады:

— Менің мынандай алыстан ат сабылтып жүрген шаруама Самарадағы ұлықтар қалай қарап жатыр?

— Ол әңгіменің анық-танығын анықтау бізге тапсырылған.

— Ендеше, сіздер қалай дейсіздер?

— Біздер енді...

Кексе ноғай мүдіріп жылмаң төске қарады. Жылмаң төс лезде тіл қатты.

— Оны анықтау біраз уақытты керек етеді. Біздің келгеніміз жаңа. Оның үстіне сіз шақырыпсыз. Бір қортындыға келуге біз әлі үлгере қойған жоқпыз.

Хан мұртын бір сипап, тұнжыр көзін жұмып ап керги тіл қатты.

— Сонда маған не дейсіздер? Өз аяғыңнан салақтап келдің, өз аяғыңнан салақтап кете бер демексіздер ме? Ендеше біліп қойыңыздар: қашан Жүніс пен қасындағы үш би ауылдарына қайтарылмай тұрып, мен бұл арадан ешқайда кетпеймін.

Жылмаң төс желкесін қасыды.

Хан шаңқ етті.

— Сонда не? Мен сендерге құла түзде қаңғып жүрген қарақшымын ба? Жоқ, қол астымда халқым бар, халық алдында намысым бар ханмын ба?

— Әлбетте хансыз? Құрметті...

— Құрметті... құрметті... Ондай мәймөңкеңді барып басқаға айтыңдар. Мені құрметтемей-ақ қойыңыздар... Анау баршамызға ортақ нұр сипатты ақ падишаны құрметтемей отырсыздар, мені қайдан құрметтейін деп едіңіздер. Сонда немене, сендердің ойларыңша, ақ патша іргесіндегі іргелі елдермен емес қайдағы бір қаңғыбас қарақшылармен одақтас болып жүр ме...

— Атай көрмеңіз, құ...

— Ендеше, неге нұр сипатты ақ падишаның инабатты одақтастарын қол жаулық қыласыңдар...

— Жоға... Біз ондай...

— Олай болса, мына жұрттың алдында берген менің уәдемді неге төлкек етесіңдер...

— Ол қандай уәде!

— Ұмытып та қалдыңдар ма? Қашан ақ патшаның өз ұйғарымы айтылғанша мұнда ешкім ешкімге қол көтеруге тиісті емес дегенді кім айтты? Сен екеуің бе, жоқ мынау жаңа шаһардың жер қаздырып жатырған бастығы ма?

Кексе ноғай керіп тіл қатты:

— Ондай уәде беруге біздің құқымыз жоқ. Ол ақ патшаның ұлығы мен сіздің ауызыңыздан шыққан.

— Ендеше ақ патша мен менің арамдағы уәдені бұзуға сендерге кім құқ берді.

Кексе ноғай басын шайқады.

— Жаңа айттық қой... Ол арасын әлгі анықтай қойғанымыз жоқ деп... Біздің естуімізше абақтыдағы кісілер әлі айтылғандай ақ патша мен екі араңыздағы уәдені бұзуға талпынған бұзақылық жасапты деп...

— Оған қандай дәлеліңіз бар...

— Біз соны тексеруге келдік қой...

— Ендеше бұлардың ондай бұзақы қылығы бар болса, төрт би тұтқынға түскесін неге іргелеріндегі қамалды шаппайды, неге жер түбіндегі маған хабаршы шаптырады... Олар өздеріңіздің көздеріңізше маған берген сөздерін сыйлады... Олай болса, сен екеуіңіздің көздеріңізше бұларға берген уәдеме тұруым керек... Бұл — ақ патшадан да, оның биік мәртебелі ұлықтарынан да шығып отырған бұзақылық емес, мына қамалдың бастығынан болып отырған бұзақылық. Мен ондай бұзақының алдында сөзімді жерге тастай алмаймын... Берсе қолынан, бермесе жолынан...

— Құрметті хан, сабаңызға түсіңіз... Ақ патшаның әкімшілігі де сөзін өзі жерге тастай алмайды... Бұл іске сіз араласқан екенсіз, енді сіздің қай өтінішіңізді де оң пейілмен қабыл аламыз... Ол төрт биді бұзақылық жасаған күнде де сізге қайтарамыз.. Өйткені сіздің ендікәрі олардың мұндай бұзақылыққа баруына тиым салатыныңызға кәміл сенеміз...

— Ал егер олар ондай бұзақылық жасамаған болса, жазықсыз жәбір көрсеткен әлгі бастық жазалана ма?

— Жазаланады... Оған шүбәніз болмасын. Біз тек қараумыздағы бодан жұрттардың бұзақыларына ғана емес, өз бұзақыларымызға да аяушылық жасаймыз.

Хан көзінде жылт оянды.

— Ендеше Жүніс пен қасындағы билер үйірлеріне қашан қосылады?

— Осы қазір... Мынау коменданттың көмекшісі барады да, өзі босатып әкеледі...

Отырғандар «Уһ» деп бір дем алды.

Хан өңі енді кірген құндыз мұртын бір сипап қойды.

Кексе ноғай тамағын кенеді.

— Құрметті хан! Енді бізді тыңдап көресіз бе?

— Жарайды, айтыңыз.

— Башқұрт ереуілі мәселесіне келсек, анадағы уәде уәде... Ақ патша қашан өз шешімін айтқанша екі тарапта бір-біріне қару жұмсамайды. Бірақ, ол уәдені бұзғандар сол бойда тиісті жазасын алады... Башқұрттың өз арасындағы әңгімеге біз әзірше араласпаймыз... Тек шартты уақыт өткенше олар орыс командаларына тікелей тиіспесе болғаны... Біздің әкімшілік осы жағдайды тағы да еске салуды тапсырады.

— Ендеше бопты. Бізге де керегі сол.

— Ендігі әңгімені өзіңізге оңаша айтсақ деп едік. Өйткені ол башқұрт жұртына ешқандай байланысы жоқ әңгіме. Қазақ жұртымен екі арадағы қарым-қатынасқа байланысты жәйттер.

Әбілқайырдың іші қылп ете қалды. Ол басын көтеріп башқұрт билеріне қарады. Олар орындарынан тұрып есікке беттеді.

Шатырдың іші оңаша қалғасын хан абыржып отырғанын байқатпау үшін алдымен сұрақ қойды.

— Иә, айта беріңіз. Ол не әңгіме?

— Ол әңгіме — сіздің мынау бейуақта башқұрт арасына келуіңіз жайында.

— Сонда немене? Мен Ор қамалы бастығының астамдығына көніп отыра беруім керек пе еді?

— Алдымен ақ патшаның ұлықтарымен хабарласып алуыңыз керек еді?

— Самараға хабар барып жеткенше мұндай ұрдажық бастықтың қол астындағы тұтқындарға не істеп, не қоятынын қайдан білемін?

— Жауап күтпей, асығыс қимылдағаныңыз ақылға сыймайды. Ереуілшілерді Ор қамалына дейін өзіңіз бастап әкелуіңіздің өзі ағаттық. Ақ патша оны қайдағы бір бастыққа емес, өзіне тікелей бағытталған астамдық деп санауы мүмкін...

— Сонда...

— Иә, құрметті хан... Өткен жолы патша қортындысы шыққанша қазақ ғаскері де башқұрт уалаятына бас сұқпау керек деген анық айтылып еді...

— Қандай ғаскер? Менің шағын нөкерім бе?

— Тіпті сіздің бір басыңыздың осында болуының өзі қазақ ғаскерінің басып кіруімен бірдей... Өйткені сіз қазақ ханысыз. Демек — қазақ ғаскеріне бас қолбасшысыз. Сіздің кіргеніңіз — қазақ ғаскерінің де шекара бұзғаны. Біліп қойыңыз, бұл, заң бойынша, башқұрт тархандарының емес, ақ патшаның қол астындағы өлке. Ақ патшаның өзі қол астындағы өлкеде не істеймін десе де еркі. Башқұрттар соны түсінбейді. Түптеп келгенде, башқұрттардың ісіне ақ патша емес, ақ патшаның ісіне башқұрттар қол сұғып отыр. Жаңа өзіңіз дұрыс айттыңыз: ондай астамдыққа сіз де шыдай алмас едіңіз.

— Бұл жайында маған жаңа айтпадыңыз ба?

— Бұл жайында сізге әу-баста-ақ айтып ескерткіміз келіп

еді. Сіз көндіңіз бе? Башқұрттардың көзінше сөйлестіңіз... Олардың алдында біз сіздің абыройыңызды неге түсірейік?!

Хан күреңітіп кетті.

— Сонда мен бұл өлкеден кетуім керек пе?

— Әрине. Әйтпесе былтырғы өзіңіз айтқан келісімшартты бұзған боласыз.

— Солай деңіз... Сонда мынау шаһар бастығының ешқандай айыбы болмағаны ма?

— Бар.

Әбілқайыр таңырқай қарады.

— Оның айыбы — башқұрттың төрт биін абақтыға қаматқандығында емес. Сіздің шабармандарыңыз келгенде, жағдайды бірден түсіндіріп, төрт тұтқынды бірден босатып, одан әрі бұл өлкеде кідірмеуіңіз керек екендігін ескертпегенінде... Сөйтіп, ақ патшаның алдында абыройыңызға нұқсан келтіре жаздағанында... Ол үшін тиісті жазасын алады. Оған бола қам жемеңіз...

— Ал менің мұнда хан сайланғаныма, жаңа ханымды болғаныма қалай қарайсыз?

— Ол мәселені бұл арада талқылауға біздің ешқандай өкілдігіміз жоқ.

Ханның күреңітіп отырған беті қайтадан қуарып кетті.

— Мақұл... Бұл мәселелер турасында ойланайын. Бір білместік болса, болған шығар...

— Біреу болса ештеңе емес қой,.. Қалмақтар да қайдағы-жайдағы жоқты айтып хабаршының үстіне хабаршы шаптырып жатыр.

Кексе ноғай сынай қарайтындай.

Жылмаң төс тілмаш мүсіркей қарайтындай.

Хан екеуінің көзіне де шаншыла қадалып:

— Тағы да айтайын... Біз білетін бодандық, ең алдымен, одақтастық, пейілдестік... Бір-біріне деген қамқорлық... Бір-бірінің сөзін жерге тастамау... Әр кім әлі жеткенше бір-біріне көмектесу... Кішінің үлкеннің саясынан пана іздеуі... Үлкеннің кішіге қысылған жерінде қол ұшын беруі... Ал менің бодан болғаныма қанша уақыт өтті? Сол екі ортада кім менімен бұл мәселелер жайында іш ақтарысып, сөйлесіп көріпті?.. Аманаттағы баламның жатысы анау... Қанша жылдан бері іргедегі баламды бір көре алмай зар болып менің отырысым мынау... Міне, бұл жолы да сәті түспеді...

— Бұл жайында да ештеңе дей алмаймыз. Жаңғыз-ақ уәдеміз: осы айтқандарыңызды тиісті адамдарға аудармай-төңкермей айтып барамыз.

Бұл жолы екеуі де мүсіркей қарағандай.

Сол екі ортада сырт абың-күбің болды да қалды.

— Ау, анау манағы едірең мұрт қой...

— Артындағы төрт атты Жүністер болғаны ма?

— Тап солар...

— Алла, сабаздарым-ай...

— Тістері ақсиып күледі ғой өздері!

— Күлмей қайтсын... Қуанғандары да!

— Иә, бұл бір оңынан оралған іс болды.

— Әбілқайыр болмағанда әй қанша жататындарын кім біліпті?

— Тіпті сүйектерінің осында бір жола шіруі де мүмкін еді ғой!

— Сабазың қасарысып болмады-ау...

— Қайдағы-жайдағыларға қайдан иығын жыға қойсын...

— Дегенмен хан хандығын істеді...

Үйдегі үшеу бәрін естіп отыр.

Бірақ хан селт еткен жоқ. Сұп-сұр күйі сілейіп отырды да қалды.

«Біз ереуілші башқұрттардың қайтадан жандана бастағанын, әсіресе Әбілқайыр ханның оларға қосылып Орынборға шабуыл жасайтындай зұлымдыққа барғанын естіп, әрі қатты қайран қалдық, әрі қатты қапа болдық. Бұлай болады ғой деп ешқашан ойлап көрген емес едік. Осы пәрменіміз арқылы тағы да мықтап есіңізге саламыз: ештеңеге қарамастан қол астыңыздағы барлық командаңызбен дереу Орынборға аттануға қам жасаңыз; егер ол қаланың түбінде адамдарыңызды қырып алып, не басқадай кесепатқа ұшырап қалып жүрсеңіз, ол үшін біздің алдымызда айрықша жауап бересіз, өйткені біз ол қамалдан айырылып қалуға тиісті емеспіз...»

Дөңгелек шынының ар жағынан тесіле қараған томаға көздің айналасына шытынап-шытынап шимай-шимай әжім шыға келді. Қаймыжық жұқа еріннің бір қиығына қиғаштай қазылып ай сызық тартылды. Сүйір мұрынның қыр арқасына әлдекандай бір суық жарқыл ойнап, жұқа танау дір-дір ете қалды. Мырс еткендей өрескел дыбыс шықты. Өткір көздерде оқыс жарқ ете түскен сол бір ащы мысқылды сұп-суық ызғарлы шыны шатынаған ашуға айналдырып жібергендей...

— С... с... олай деңіз...

«Зұлымдық», «Орынборға шабуыл», «ереуілші башқұрттардың қайтадан жандана бастауы», «Қырғын», «кесапат», «айырықша жауап бересіз», «ол қамалдан айырылып қалуға тиісті емеспіз»...

Қандай-қандай сұрқия сөздер десеңізші... Әр қайсысы көкіректіне көк жебе боп кірш-кірш қадалып жатқандай. Шамасы, мұның анадағы жайбарақат ақпары патша сарайының төбесіне жай болып түскендей. Демек, анадағы ертелі-кеш бөлмеден-бөлмеге сабылып өсек айтып жүретін ақ қапталдар императрицаға да тап осылай тонын айналдырып жеткізді. Императрица қайдан тергеп-тексеріп жатсын. Қалай айтылса, солай түсінді. Қысқасы, Татищев тағы да бұлдіріп жатыр. Ол жүрген жер қашан бүлінбей жатып еді?! Ол немеден Орал тауын түп-түгел өртеп жібермей тұрғанында, не астын үстіне келтіріп аударып тастамай тұрға-

нында құтылғанымыз қандай ғанибет болған! Енді сәл кешіккенде ондай сұмдықтың болары сөзсіз еді...

Құлағына әлде бір әупірім дауыс саңқ-саңқ естіліп тұрғандай. Әбден айызы қана табалап баққан дауыс. Құдай-ау, бұл кімнің дауысы еді... Демидов... Жоқ... Оның дауысы атам заманғы тат-тат мыс қоңыраудың дауысындай жарықшақтанып шығатын. Ал мынау жорықтан жеңіспен оралып келе жатқан қолбасшының кернейіндей құйқылжыта саңқылдаған қайратты дауыс. Ол қайдағы бір тас қорытып, темір балқытып жүрген заводшыға қайдан бітсін! Болса тек астанадағы ақ иық адмиралдарда ғана боладыдағы! Бірақ, шын қасиетінің қаншалықты қастерлі екенін ешкім білмейтін, әуелден-ақ алтын деген әзәзіл атымен-ақ адамзат сәнасын арбап алған жылтырақ металдың істетпейтіні бар ма? Жер түбіндегі түтін жұтып, күйе түкірген ыс көкірек заводшының қайдағы бір бықсық сөзін алтын таждың қасынан бір елі алыстап кетпеуге тырысатын алтын иық адмиралдың ауызына да түсіреді. Оны айтқаннан аса мәртебелі адмирал ауызым күйе болып қалады деп қорықпайды. Алтын жүрген жерге күйе де, қара да, дақ та жұқпайды. Иә, мынау дауыс, расында да, ыңғай ақ қылдай сөйлеп, саңқылдай күліп жүретін ақ жарқын адмирал граф Апраксиннің өктем дауысына келіңкірейді... Жоға... Адмирал таққан айыпты Оралға келіп алты ай бойы тексеру жүргізген Генин әлдеқашан жоққа шығарған. Одан калған азғантай быжсықты сонау жиырма үшінші жылдың ноябрінде өзі бір жақты еткен. Петр Алексеевичтің өзіне кірген. Қою мұртын айбаттана тікірейтіп, зәрлене қарап отырған патша бұның қаская қарап қайтарған қиқар жауабына селк етіп күліп жіберген. Сосын-ақ өңі жылып қоя берген. Завод істерін қалай жүргізу керек екендігін баяндай жөнелгенде император қайта-қайта «Солай ма?», «Қарай көр!», «Ендеше біз неге солай етпейміз?»— деп құлшына түскен. Дереу Швецияға жөнелткен. Ол жарықтықтың ұнатканы да қызық еді ғой! Не қақап тұрған қызыл оқтың астына аттандыратын. Не «Оқу оқып, білім ал!»— деп шет елге қаңғытып жіберетін. Бұл да біраз жиһан кезіп көрген. «Саған керегі білім болса»,— деп күні-түні кітапханадан шықпай қойған. Сонда оқығандарын Орал тауында көргендерімен ұштастырып, Сібірде мәмонт сүйегі кездесетін орындар туралы профессор Бензельге хат жазған. Ол хат латын тіліне аударылып, әлемнің ең атақты ғалымдарының ауызына іліккен. Соның арқасында окымысты атағы Россияға да жайылып, Монетный дворға қызметке келген. Ол кезде құдай бұның айын оңынан, жұлдызын солынан туғызғандай еді. Отызыншы жылы жер түбіндегі Миттавада жатқан Анна Иоановна Москваға оралғанда бүйрегі бұлк ете қалғандардың бірі осы Татищев еді.

Олай болатын реті де бар-тұғын. Псков жеріндегі әлдекашан тұлдыр кедейленген дворян әулетінен шыққан Татищев жеті жасында марқұм Прасковья Федоровна патшаханымның стольниктер санатына іліккен-ді. Прасковья Федоровна марқұм Петр Алексеевичтің туған ағасы Иван Алексеевичтің әйелі болса, осы

күнгі нұр сипатты падишамыз Анна Иоановнаның туған анасы болмағанда кімі болады! Ендеше жаңа патша өз анасының айналасындағыларды жерге тастай қояды дейсің бе?

Обалы не керек, ол үміті оңай ақталды. Ақталғаны не керек, арты баянсыз болды. Әлгінде ғана оқып шыққан патша жарлығының соншама зәрлі жазылатындығы да сондықтан... Нұсқау қағаздан көрі қақ тұмсығыңнан қайқайтып тұрып періп жіберген зілман жұдырыққа көбірек ұқсайды емес пе?! Олай болар жөні де бар!

Орынбор комиссиясының бастығы құпия советник Татищев алдыңғы күнгі осындағы бір таң атқанша тақтай сабалап карта ойнаған отырыстан қышуы қана қоймай, қайта-қайта дуылдап мазасын ала берген мұрынын қалтасынан орамал алып бір сипап қойды.

Әй, бәрін бүлдіріп жүрген осы тұмсық... Өзіне де сол керек... Енді, міне, ақ патшаның ондағы өші әлі күнге тарамапты. Әлгі зіл батпан пәрменнің де көздеген нысанасы — сол. Осыны бір шоқитып тасқа тигізу. Даладай қып қанатып елге күлкі ету. Ендігәрі көрінген тесікке сұғылмай жайына жүретін жәй су мұрын қыла қоймақ. Мына хатты әзірлеген кім болды екен? Жаңа көзімен сыдыртып бір оқып шыққанда құлағында саңқ ете қалған оспадарсыз дауыс кімдікі екен? Остерман ба? Жоқ! Ол деуге тым қатқыл, тым нақты. Оның тұмсығы мұнікіндей емес ақылды. Сұқпас жерге сұғылмайды. Әлде жуырда ғана талайғы арманына жетіп төбесі көкке тиіп жүрген жаңа кабинет-министр Волынский әзірлетті ме екен? Бұның да қисыны келеді. Өзі әзірге Бирономен әпмей деген... Жаңа лауазымды соның арқасында алған көрінеді. Ендеше дәл қазір Биронның айтқанын екі ете алмайды. Оның үстіне Волынскийдің тұмсығының да бұның тұмсығынан озып тұрғаны шамалы. Дабырлап атын шығарып жүрмесе ішкен асы бойына тарамайды. Қайта-қайта атақтарын аспанға шығаратындай құдай Волынскийлер әулетіне күнде-күнде бір Куликово шайқасын қайдан тауып бере берсін! Әлі күнге баяғыда Мамаймен ұстасқан бабасынан атағын асыра алмай қойған пысық жұрағат бүгінгі Волынскийге ұрыншақ тұмсығын қайдағы бір сұқпас жерлерге сұғуға тура келіп қалады. Құдай тек ақырынан қайырлы етсін де! Әйтпесе, қаралай от басып қолдыаяққа тұрмай жүретін ол неменің тұмсығының қашан тасқа тиерін бір тәңірдің өзі ғана біледі! Не де болса, сұқпас жерге сұғылған сұғанақ тұмсықтың ақыр-түбіне көретіні сірә белгілі: тас қапас, қыл тұзақ, ай балта... Ең құрығанда зілман жұдырық, сұқты көз, суық қабақ, таусылмайтын абай-қоқай...

Оны басқа білмесе де, бұл жақсы біледі. Көрмейсің бе, міне жайбарақат ақыл сұрап жазған хатының жауабы қалай-қалай қаңтардың аязындай қақшаңдап қайтқанын! Бәрі де сол қарғыс атқыр сұғанақ тұмсықтың қырсығы. Әйтпесе, бүйтіп сәл нәрседен әкіреңдей жөнеліп, бұл императрицаның баяғыда өліп қалған әкесін бүгін келіп қайта өлтірді ғой дейсің бе?!. Марқұм Иван Алексеевичтің өлімі жайында талай өсектің бары рас, бірақ, оны

құдай сақтасын, Татищев өлтіріпті деген өсек жоқ. Ендеше, нұр сипатты Анна Иоановнаның бұған осынша қадала қалуының сыры басқада. Баяғы сол қарғыс атқыр «Кондицияда».

Халқы құрғыр жаңа патша тақка отырғанда қашан бір даурығып ауыз ауыртып қалмаған! Ол қарқ қылып тастайтындай, әр кім әр жақтан өз ұсынысын айтып өңмендесіп бақпай ма! Анна Иоановна тақка отырғанда сөйтіп жалаңдап шыққандардың бірі өзі, құпия советник Василий Никитич Татищев еді. Ұлы Петрден кейінгі Россияны қалай билеген дұрыс деп қызыл кеңірдек боп айтысқан кезде де бұл әңгешін аямай жыртынып баққан. Ол өзі сияқты Петр тұсында қатарға ілінгендердің сойылын соққан. Россия мемлекетін басқаруға соларды көптеп қатыстыруға шақырған. Орыс шляхеттерінің мемлекетті қалай басқару жөніндегі ұсыныстарын Анна Иоановнаның, Жоғарғы құпия советтің, сенаттың, генералитеттің, дін өкілдері мен дворян әулеті депутаттарының алдында қолын сермелеп тұрып өзі оқып берген еді. Сол таласта Анна Иоановнаның дербес билігін шектеп, оны Жоғарғы құпия совет мүшелерімен ақылдаспай ештеңе істетпеуді көздеген князь Дмитрий Михайлович Голицынның жобасы өтпей, Татищевтың жобасы өткен-ді. Сол жолы статс-советник лауазымын алып, Монет кеңсесінің бас судьясы боп тағайындалғанды. Бірақ, ондай оңай жеңіс талайлар үшін көзге шыққан сүйелдей болды. Солардың бірі — құдіреті күшті Бирон еді. Ол Анна Иоановна патшаға өзінен басқа біреулердің де ықпал ете бастағанын көрсе, кешіре алмайтын. Ондай шешуші ықпалға өлімін сатып өжектей таласқан бір партияның көсемі князь Голицын Шлиссельбург қамалынан барып бір-ақ шықты. Ал «жеңімпаз» шляхеттер партияның көсемі Татищев көп ұзамай Биронның азғыруымен канцлер граф Головкиннің көзінің қырына ілікті. Канцлер, қанша дегенмен, канцлер ғой. Ақыры Татищевты сотқа беріп тынды. Бірақ, құдай абырой бергенде, ол екі ортада канцлердің өзінің де басынан бақ тайды. Ал Татищев осыдан төрт жыл бұрын бір кезде өзі шатақтасып кеткен Орал тауына, баяғы қызметіне бір-ақ оралды. Орал, Сібір, Қазан кен заводтарының командирі болып табаны күректей үш жыл істеді. Енді, міне, Кирилов өлгелі Орынбор комиссиясының бастығы.

Ылтыр осы қызметке ауғанда үмітсіз сайтан деген ғой, құпия советник ішінен «Патша ағзам баяғы райынан қайтайын дегені шығар»— деп ойлаған.

Қаншалықты қайтқанын мына хат айқын көрсетіп беріп отыр. Тап осынша тұлынын түтердей бұл бастық болғалы бұл тарапта аяғы аспаннан келіп қалған ештеңе жоқ еді. Орынбор орынында. Оның маңында соншалықты байбалам салатындай әлі адам түгілі тышқан мұрыны қанап көрген емес. Әлде нұр сипатты императрица Орынборды Очаковпен шатыстырып алып жүр ме екен?! Жиырма төрт мың орыс солдаты былтыр Орынбордың түбінде емес, сол Очаковтың түбінде жайрап қалған жоқ па еді! Оларды қырған қырғыздар емес түріктер екенін қазір бүкіл дүние жүзі біледі. Олардың обалы Татищевке емес Минихқа! Мық-

ты болса, әуелі содан арнайы жауап алмай ма?! Жауап алу қайда! «Енді қай жеріне қандай жылтырақ байласам екен?» — деп басы қатып жүрген көрінеді. Фельдмаршал Минихтың жауырынына болмаса омырауында орден қадайтындай бос орын қалмапты деседі.

Петербургтен анда-санда бір соғып кетіп тұратын сыбырлақтардың айтуынша, Очаковтың түбінде босқа жайрап қалған орыс солдаттарының шәйіт қаны Россияның талай шоңжелкесіне тағы да май болып жағатын түрі бар секілді. Ондайларға жеңген де бір, жеңілген де бір. Олардың ауызы жеңсе де май, жеңбесе де май. Осыдан бірер жыл бұрын ханы Портада жүрген Қырымға басып кіріп, келесі жылы жайбарақат жайлауға көшіп бара жатқан ноғай ауылдарын қырып салып, ақ тауды айырып, қара тауды қайырғандай болып, болашақ ұлы жеңіспен бірге қалталарына сыңғырап түсер мол сыйлыққа осы күннен тамақтары ісе бастаған мәртебелі тақсырлар былтырғы Түрік жорығында жеңіліске ұшыраған соң жемсауларын толтырудың басқа жолын қарастырайын депті. Кабинет-министр Волынский, сенатор барон Шафиров, фельдмаршал Миних, құпия советник Михаил Бестужев, камергер князь Борис Юсупов, статс-советник Неплюев... Қазір Австриямен, Түркиямен жасалар болашақ бітімнің басы-қасында жүрген солар көрінеді. Аман болса, келіссөз столының басында отырып-ақ қаралай қарқ болып қайтатындар да солар. Олар масқара жеңіліп жатып та сый-сияпа көреді. Ал бір кезде күллі Россияны дүрліктіре жаздаған қолынан келмейтіні жоқ сегіз қырлы бір сырлы Василий Никитичтың отырысы мынау... Әлі болар-болмасы неғайбыл қырғын, ұшырар-ұшырамасы неғайбыл масқара үшін де алдын ала сөгіс естіп, алдын-ала таяқ жейді.

Татищев императрица ағзамның пәрменін Кириловтан қалған абажадай столдың тартпасына салып жатып, арғы жағынан қылтиып шығып тұрған басқа бір қағазды көрді. Қолына алып қарап еді — тани кетті. Анадағы императрицаға өзі жазған хаттың алғашқы нұсқасы: «Әбілқайыр серттен тайып тұрса да, мен олардың надан арда халық екендігін ескертіп, әрі өзге сұлтандар мен хандарды қатыгездік жасап шошытып алмауды ойлап, онымен мейлінше сыпайы сөйлесуді, қателіктерін жайлап айтып түсіндіруді жөн көрдім».

Патша, бәлкім, осы сөздеріне бола шоршып жүрген шығар. Мүмкін. Ол да мүмкін. Басқалар істегенде ақылдылық саналатын мұндай әрекет бұл істегенде қасақана сатқындық болып көрінуі де ғажап емес қой!

Әйтпесе былтыр бұны Орынбор комиссиясына бастық қылып тағайындаған жарлығында «Қырғыздарға айрықша ықлас көрсетіп», «мүмкіндігінше алдап-сулап ұстау» тапсырылған-ды. Енді, міне, арада жыл өтпей жатып, онысын ұмытыпты. Бұны Кириловтың орынына неге тағайындағандары да енді белгілі болды. Олардың ойларынша, Орал, Сібір, Қазан заводтары Татищев үшін тым жайлы орын еді. Онымен қоса бұның үстінен «қазба байлықтардың бар қызығын сол көріп жатыр», «түздіктерден пара

алады», «бүйте берсе бір күні Орал тауын да обып қоюы ықтимал» секілді домалақ арыздар қарша борап жататын. Ана жақта Бирон соны пайдаланып бұны әлгіндей «жылы-жұмсақ» орыннан тезірек әкетуге күш салып бақты. Неге бұлай асыққаны да енді ешкімге құпия емес. Айдаладағы неміске Россияның қазба байлығы кімнің қалтасында кеткенінде не тұр?! Оралдағы көптеген мемлекет қарауындағы заводтарды жеке кісілерге алып берді. Егер кен істерін Татищев басқарып отырса, ол мұндай айласын өткізе алар ма еді, жоқ па еді?

Жарты патша қаңғыбас неміс әлгі ойын қалай жүзеге асырарын білмей жүргенде құланның қасуына мылтықтың басуы келіп, Орынбор экспедициясының бастығы Кирилов марқұмның дүние сала қалғаны. Нағыз іздегенге сұраған... Қопыратып қағаз ақтарып отыратын бір шұқыншақ өлсе, дәл сондай екінші шұқыншақ тағы да табыла кетті. Татищев Орынбор экспедициясының орынына Орынбор комиссиясы болып атын өзгерткен түсініксіз мекемеге бастық болып шыға келді. Аты дардай бұл қызмет онсыз да атарға оқтары жоқ боп жүрген дұшпандарын одан сайын өшіктіре түсті. Кирилов қайтыс болғанда бұл маңайдағы ұлық біткен бір-бір қопаңдасып қалған екен. Бәрі де босап қалған орыннан дәметіп жүр еді. Сол орынға бұл тағайындалғанда шеттерінен: «Жаңа патша таққа отырған кезде қайдағы бір орындалуы мүмкін емес былжырақты айтып, әдейі басын қатырып шатылдыруға тырысқанда бәріміз де Татищевқа ұқсап бастық боп шыға келетін едік»,— деп ыршып-ыршып түсіпті. Іштерінде Уфа воеводасы Шамякин, вице-губернатор Аксаков, бригадир Тевкелевтер де бар дейді.

Жаңағы ұлықтардың не біліп тулап жүргендерін өздері білсін! Шынына келгенде, соншама өліп-өше қоятындай дәнеңесі де жоқ еді. Қайта, құдай басыңа бермесін, нағыз тауқымет-тұғын. Ең азы — не істеп, не қоятыныңа дейін белгісіз. Баяғы Орынбор экспедициясы құрылған кездегі азын-аулақ қаржы кім көрінгеннің көмейінде кеткен. Ор бойында қамал салып жатқандардың қайсысының қанша рет жалақы алғанын бір тәңірдің өзі ғана біледі... Бұның жұмсаған адамдары олардың өздеріне барып сұраса — пәлен айдан бері қолына ақша ұстап көрген емес. Кассаны аштырып қаратса — жылан жалағандай. Жалақы тараткан қағаздарда ешкімнің қолы жоқ. Ол қағаздарды реттеп отыратын Дьяковты Кирилов өзіне адъютант қылып ертіп алған. Есеп-кисаптың бәрін экспедиция жанындағы протопоп әрі ректор Антип Мартыновқа тапсырған... Киелі әкей жапан түздегі бірер жылдың ішінде кассадағы ақшаның қайда кеткені түгілі ауызынан түспейтін жаратқан иенің өзін есінен шығарған. Бүгінгі бар ермегі — өзіне тықыр таянғанын біліп, жоғарғы жаққа бұның үстінен қағаз домалату. Не істесе, оны істесін! Бұл енді аямайды. Ор бойына бара қалса, шеңгелді алдымен соның алқымына салады. Экспедицияға бөлінген қыруар ақшаның қайда кеткенін бәрібір содан басқа ешкім білмейді. Марқұм Кирилов қараптан-қарап күйіп-пісіп жүріп ақшамен ісі болмапты. Енді, міне, шаруа-

сының бәрін түгендеп, Самарадағы Николай Чудотворец монастырінің ауласындағы зиратқа барып бүк түсіп жатып алды. Жесірі мемлекеттен күнде қарыз сұрап келеді.

Не керек, Орынбор комиссиясы нағыз кісінің сәл нәрсесін теріп отырса опақ, тұрса сопақ қылып жексұрын етіп көрсетуге таптырмайтын-ақ орын.

Петербург бұны оған соны біліп әдейі жұмсапты. Енді, мінс, бір төмпештен кейін бір төмпеш көз аша алатын емес.

Бірақ, соның бәрі бұл жақта дүние күйіп, аспан жерге қабысып бара жатқандықтан емес. Башқұрт арасы пәлен айдан бері тыныш. Ол буған дейін болып көрмеген жағдай. Қайсақтардың ханы Әбілқайыр сол тыныштықты пайдаланып, терiскей жағындағы көршілеріне де өз құрығын іліндіріп алмақшы. Ереуілдің саябырсығанын тап-таза өз еңбегіне жорып жүр. Біресе аннан шығып, біресе мыннан шығып қойқаң-қойқаң етеді. Бірақ онда тұрған не бар екен? Өйтпесе, билеуші бола ма?! Қай билеуші реті келсін, келмесін, түймедейін түйедей қылып көрсеткісі келіп барынша қоразданып бақпаушы еді?!

Дегенмен, өзі тап анау айтқан есірік емес сияқты. Өзіміздің тақсырларды да көрмей жүрген жоқпыз ғой!

Тап солардың да аяқ басқанда қара жерді қақ айырып жіберердей қаралай талтаңдағандары болмаса, парасат жағынан жалба тымақ түздіктердің жалаң шекпенді көсемдерінен асып бара жатқандары шамалы-ақ! Түздіктердің көсемдері қай шаруасына да, әйтеуір, өздері жүріп тұрады ғой. Тіпті ең бастысы дұшпандарына қарсы ешкімді салмай, өздері жекпе-жекке шығу бұлардың арасында әлі бар көрінеді. Ал біздің алдияр тақсырлар ше?! Қолына қару ұстап жауға шаппақ түгілі алдына келген адаммен де көкірегінен шыққан сөзді айтып сөйлесе алмайды. Бәрін алдымен ала қағазға түсірткізіп қояды. Ол қағаздарын да қайдағы бір ата-тегін танып болмас су жұқпастарына жаздырады. Ерінбесе — сыйлы қонақтың алдында соны өзі оқып береді. Ерінсе — екінші бір әлгіндей су жұқпасына оқыта салады. Маңайларына ел білетін ешкімді жуытпайды. Қайдағы бір айтқандарынан шықпайтын шата-бұталарды жияды.

Мәселен, қазіргі патша сарайын-ақ алайықшы. Қайран Россияның жауын бір неміс жаулап жүр, дауын бір неміс даулап жүр. Тіпті сол екеуіне іштей наразы болып тайталасатын адам да өзімізден шықпай, немістен шықты ғой. Қазір Россияда Бирон, Миних, Остерман араласпай бір де бір іс біте ме? Ең азы басқа жақтан келген елшілерге жауапты не патшаның өзі, не қаптаған орыс шонжарларының бірі айтпай, жер түбіндегі Иенде әлде бір шатаққа ұрынып бас сауғалап келген Остерман айтады. Ойдан қашқан, қырдан қашқан екі-үш неміс келмесе, Россия ел болудан қалатындай, өзіміздің шот желкелер тек солардың ауызына телміреді. Оларсыз аттап баспайды. Олардың біріне бастатып соғыс ашады. Жеңіп келсе, әлгі немістің қанжығасына жармасып, өзіміздің он шақты шоң мойын омырауларына орден тағып, біраз кердеңдеп қалады. Жеңілсе, оның да оқасы жоқ.

Тиімді бітім жасаған боп, тағы да бір немісті ортаға алып, тағы да өлгі өзіміздің өңмеңдеген өңеші кең топ «қиын жерде ақыл тауып кеткендері» үшін сый-сияпаға кенеліп, қалта томпайтысып мәз-мәйрам болысады. Ал тілегін тілеп, жолына мінажат етіп отырған нұр сипатты падишамыздың оның ешбірімен шаруасы жоқ. Шыбындағандардың шыжбың сөзіне мәз болып, батпан құйрығының салмағын көтере алмай бебеулеген асыл тақтың сықырын мықтылық, алдыңа келгенге алая қарап, адырая сөйлегенді мығымдық, оның айтқан бір сөзіне түсініп, бір сөзіне түсінбей отырып та қақ-сұқ деп қайырмалап, бірден «жәрекімалла» дей қоймай, сөз бұйдаға салып сілесін қатырып баққанды тәңқырлық, кемеңгерлік санайды. Астына мықты тақтайдан тақ бұйырса, қасына табанында бұдыр, көкірегінде пікір жоқ жылмағайлардан топ жиылса, керемет боп кеттім деп ойлайды. Солқылдақ мойындардағы қалтылдақ бастардың үсті-үстіне шұлғығанын бар тараптағы барлық шаруаның оңға басып жатырғаны деп ұғады. Дүниедегі барлық құбылысты жылтылдақ кез, жылтырақ сөз, қылпылдақ көкіректер арқылы танығысы келеді. Сөйтеді де, көке мылжыңды — ғұлама, көлгірді — періште, жәреукені — іскер, дарақыны — батылды, даңғазаны — ақылды тұтып көкке көтеріп көкіп бағады.

Осының бәрін құдай маңдайымызға ештеңе бермей, аузымызды қу шөппен сүрткізіп қуратып қойған соң істесек, бір жөн ғой. Құдайдың маңдайымызға шыннан бергендерін көрмей, көрсек те көргіміз келмей істеп тұрмыз ғой. Басқаны былай қойғанда Петр заманында көзге түскендердің өзі аз ба еді?! Солар бүгінде қайда? Біреуі-тірілей жеті қат жер астында. Біреуі — ұлан байтақ елдің бір қиыр түкпірінде. Біреуі — патшаның дәл тұмсығының астында кім көрінгеннің көз түртісінде жүр. Олардың білмегендіктен, қолдарынан ештеңе келмегендіктен, немесе Россияға жаны ашымайтындықтан сондай болып жүрген ештемелері жоқ. Талайларына жаман мен жақсының нарқын айыра алмайтын тайыз көкірек парықсыз билеуші тап болғандықтан сүйтіп жүр...

Әйтпесе, бір кезде күллі Европаның оқымысты қауымын елеңдеткен Татищев бүгінде мынау қиян түпте кіл делқұлының арасында жүрер ме еді? Бір кезде ұлы Петрдің өзі сүйсінткен сорлы басы бүгін де аттаған сайын сөзін өткізе алмай, пұшайман болып отырар ма еді? Қазіргі билеушілер оның жұрт оқымағанды оқып, жұрт білмегенді біліп, жұрт ойламағанды ойлап бас қатырып жүргенін не қылсын! Өздері бір кітаптың бетін ашпай, дүмбілез көкіректері не айтса, соны соға салатын дүмбас дөкейлерге Россияның өткен тарихының өзінен ғана мыңнан астам кітап жиып, бабаларымыздың сонау абыройын ашып-шашып жүрген кездерінен қазіргі мен керемет пін деп бір-біріне иілікпей отырған кездеріне дейінгі бүге-шігені түгел білетін ғұлама Татищев та бір, бүгін пара әкеліп берген кісінің ертең аты-жөнін ұмытып қалатын миғұла Шамякин[1] де бір.

[1] В. Н. Татищевпен ұстасып өткен патша ұлығы.

Мұндай жаппай сапырмайым кезде ақылы жеткен кісі алаяқ, батылы жеткен кісі сұғанақ, төзімі жеткен кісі тоң мойын болып алмай қайтсін?

Өйткені сенің адалыңа сеніп, еңбегіңді көріп, дұрысыңды мақұлдап жатқан кім бар?!

Ондай болғанда башқұрт арасындағы мына бықсық осылай өртке ұласып кете барар ма еді?!

Баяғыда бұның айтқанын қылғанда осы дүрлігістің бірі де болмайтын еді. Бүйтіп қыруар уақыт, қыруар ақша, қыруар ғұмыр босқа кетпейтін. Бұл дүниеде не оңай, бас-басына би болып иық жарыстырысып, сөз таластырып отырған түздіктерді билеу оңай. Оларды жөнге салып, тәртіпке мойын ұсындырып қайтесің! Қай бір көзінен тізіп әскерге алып, қолынан жетелеп жұмысқа салып қарық болайын деп отырсың! Өйтіп мойныңа босқа бейнет арқалап не сорың? Одан да өз күндерін өзі көріп, малмен араласып, желмен жағаласып жүре берсін! Шебіңе қол салмаса болғаны. Жерінің асты-үстіндегі байлығын тасып жеткізбеймін деп кесе көлденең тұрып алмаса болғаны. Қалғанында не шаруаң бар? Бірі өліп, бірі қалсын! Араласпа... Өз ықпалыңызды өткізіп отыратындай қып азын-аулақ біреулерін оқытып қой. Сол үшін де бұл орыс-қалмақ, орыс-башқұрт сөздігін құрастырып әлек. Сол үшін де бұл түздіктерге арналған мектептердің оқулығын жаздырып әлек... Ондай оқу бұларды бізбен бой таластыра алырлықтай өнер-білімге жетістіріп жарытпайды... Ауыл-ауылдағы дау-шарларды хатқа түсіріп отыратын шымайшаларды көбейтеді... Сонда ел билігі де бірте-бірте ру басыларының қолынан әлгіндей өзіміз оқытып шығарған қағаз көшірушілер мен тілмаштардың қолына ауысар еді. Ол деген сөз ел тізгіні өз қолымызға көшті деген сөз. Солай жайбарақат жүргенді жақсы көретін түздіктер байқай қоймайтындай қып жайбарақат қимылдаудың орынына еңсере қимылдап бүлдірдік. Содан секем алған бірер даруғаның ру басшылары қыржыңдай бастағанда, біз қалған даруғалардың ру басыларының ауызын майлай қоюымыз керек еді. Оның орынына біз өзіміз ереуілдеген елден бетер дүрілдеп ала қайқайдық. Мына топалаң содан басталды.

Құдай-ау, бұл дүниеде осылардың бас көтерерлерін сатып алудан оңай нәрсе бар ма екен түге?! Олар миллиондап ақша сұрайтын батыс Европа сарайларының алаяқтары емес. Европа сарайларындағы малайлардың өзі мұрындарын тыржитып қарамайтын қайдағы бір бес-он тиынның тәтті тағамдары мен бес-он сомның шүберегіне бұлар жерден жеті қоян тапқандай мәз болады. Олар үшін шытырман айла-шарғы ойластырып бас қатырып жатудың қажеті де шамалы. Жылы қарап, жымсия күлсең жеткілікті. Арда халықтардың еркектерінің өзі әйел мінезді. Сәл нәрседен жанына қол апартпай долданып шыға келеді. Сәл нәрсеге риза болып, іші-бауырыңа кіріп, өліп кете жаздайды. Бөтен әйелдің көңілін табуға жылмаң төстік қандай тиімді болса, бөтен жұрттың көңілін аулауға да сондай тиімді. Әсіресе, шетінен дарақы, шетінен өркөкірек, шетінен мақтаншақ келетін түздіктерге

сөзіңді өткізу үшін көлгірліктен басқа білгірліктің тіптен керегі жоқ.

Баяғыда Румянцев екеуі марқұм Кириловқа осыны қанша қақсаса да ұғындыра алмай-ақ қойды. Пәлен жыл сенат кеңсесінің жым-жырт столын бағып, не бір әдемі қиялдарға емін-еркін беріліп қалған арманшыл неме соның бәрін теп-тез жүзеге асыра қойғысы келді. Асырды ғой енді...

Бұлар қатты кетіп жатқанда түздіктер қайдан аңыс аңдап абайлап қимылдасын! Өйтсе, түздіктер бола ма!

Арыстандай арпалысқан қуғын-сүргін, қырғын-жойқын басталды да кетті... Одан екі жақ та мықтап қансырады. Империяның күнгейге қарай бағытталған әр адымы онсыз да қан кешкізіп жатқанда өзінен-өзі оп-оңай қолға түсіп отырған шығыста қан төгудің қажеті қанша еді?! Бұлардың ақылы жетпеген іске түздіктердің өзінің ақылы жетті. Тұқым-тұяғынан түгел айрылып қалғысы келмеген башқұрттар араға Әбілқайырды салды. Жаңа боданның сөзін жықпаған боп әлдеқашан бір жақты қылып тастайтын шаруаны Петербург үйреншікті сөзбұйдасына салып алып қайқай-ды. Онсыз да қансырап біткен башқұрттарға деген балғы райларынан қайтатын емес. Енді, міне, өз көздерімен көрмей тұрып, жер түбінде жатып алып, түйедей нәрсені түймедей қылып бағатын даурықпа мінездеріне басып, айдаладағы қайсақ ханынан сезіктене бастады. Оның бір-екі оғаш қылығында тұрған не бар екен? Башқұрт ісіне араласқанын тілеп емеурін танытып едік, араласты. Өршіп тұрған өртті сәл де болса, саябырлатты. Асау ереуілшілердің өзін қатын-балаларын аман алып қалу жолында қаруларын тастауға пейіл қылды. Ондай дипломатиялық мүмкіндікті дұрыс пайдалансақ, немене, ішіміз кебе ме? Башқұрттарға көрсетілген ендігі қатыгездік олардан басқа түздіктерді тіптен шошынтып жіберуі ғажап емес. Онда Россияның шығысқа қарай аяқ басуы да қиындай түседі деген сөз. Қазіргі билеушілер түстікті бағындыруда қаруға, шығысты пліктіруде дипломатияға көбірек күш салып бағу саясатын жүзеге асыруда дәйектілік көрсете алмай отыр. Бергі башқұртты түгел қырып тастасаң, ар жағында қайсақтар тұр, жоңғарлар тұр, Орта Азия хандықтары тұр... Олардың бәрін бірдей қырып тастай алмайсың ғой. Оларды бір шығынтып алсаң, шығыстан гап-тап ұмтылып тұрған Цин империясының күнгейден жылт-жылт сығалап тұрған Британ империясының көктен тілегені жерден береді. Сен алдарқатпасаң, олар алдарқатады. Сен жылмимасаң, олар жылмияды. Дербес жүріп күн көре алмайтын аз жұрттар үшін кімге мойын ұсынғанда не тұр? Қайта өңі жылы жатқа мойын ұсынғандары дұрысырақ... Сондықтан көбелекті зеңбіректен атуға қандай болмайтын болса, аз жұрттарға азынаған айғырлық көрсетуге де сондай болмайды. Көпті білектің күшімен, азды тіліңнің ұшымен ұста!.. Ежелден келе жатқан қағида осы. Бірақ, бүгінгі тойынғандарына мәз болып, өз көкіректеріне өздері тұншығып отырған ез көкіректердің ежелгі мен ертеңгіңе түкіргендері бар ма!

Бұған салса Әбілқайырдың башқұрттарға хан болам деген дәмесінде тұрған да ешқандай қауіп жоқ. Қайта орыс өнеркәсібінің Орал тауы мен одан арғы далаларға мықтап кіріп алуы үшін башқұрттардың бер жақтағы патша ұлықтарымен кіржіндесіп отырғаны әлдеқайда ыңғайлырақ. Сондықтан Әбілқайырдың ондай үмітін үздіруге де болмайды.

Бірақ, амал қайсы... Кісідегінің кілті аспанда емес пе! Өз қолында тұрса, мындағы кикілжіңдерді басып, башқұрт бұзықтарын тыйсінше жазалап, башқұрт түзіктерін арқадан қағып, қазақ сұлтандарын да алдап-сулап, жаңа қамалдарды салдыруға әлдеқашан кірісіп кетер еді...

Қайтерсің, ақ патшаның бұған деген қырыс қабағы не істесе де жазылмайды... Бұның ауызынан шыққан сөздің бұрысы да бұрыс, дұрысы да бұрыс... Әйтпесе, соңғы бір жылдың ішінде қаншама ұсыныс айтты! Қайсысы жүзеге асты!.. Жүзеге аспады да... Өйткені Анна Иоановна төңірегіндегілерге Татищевтың абыройының асқаны емес, қайдағы бір «қатыгездіктерге» ұрынып, кеудесін жерге басқаны керек. Сондықтанда оның қай ісінен де мін табуға тырысып бағады. Өздері қайсақтарды: «Алдап-сулап ұста!»— деп алып, енді: «Олардың ханына мәймөңкелік жасадың»,— деп айыптамақшы. Егер оған тырнағын қаттырақ батырып жіберсе, олар: «Ондай оспадарсыздығыңмен енді-енді илігіп келе жатқан қайсақтарды безіндіріп жіберетін болдың»,— деп ит терісін басына қаптар еді.

Енді, міне, Орынборға аттан дейді. «Қарауындағы қарулы күштен ештеңе тастамай қаһар жиып бар»,— дейді. «Жаңа бодандармен әңгімені қорқытудан баста»,— дейді. Көк найзалы қалың қолмен барсаң, жапан-түзде тайраңдап қалған арда жұрттың басшылары шақырғанына келе ме, жоқ па? Келген күнде де қабағыңды түйіп, кіжініп сөйлесең, айтқаныңа көне ме, жоқ па? Өйтіп бірден бұқтырып алғанда ар жағында қайтпексің? Олар сенің алдыңда бүгежектегенмен, ертеңіне кеңге шығып алғасын не істейтінін қайдан білесің? Ұлан-байтақ далада бет-бетіне бытырап жүрген түздіктерді әр дайым бұғалықтап ұстап отыру үшін қайсысына құрығың жетпек? Соның өзінің дәл қазір қажеті қанша!?

Иә, Ор бойына бармас бұрын ойланып алар жәйттер көп. Көшпелі халықтарды бодан қылып ұстаудың барлық шаруасы алдыңа шақырып алып ант қағазына бармақтарын бастырып алумен тынбаса керек? Олар саған не береді? Сен оларға не бересің? Олар саған қалай қарамақшы? Сен оларға қалай қарамақшысың? Қай уақытта алақаныңмен маңдайларынан сипап, қай уақытта жұдырығыңды ала жүгіріп, желкеден түйгіштегенің жөн? Екеуінің қайсысына көбірек жүгінген дұрыс?

Тарихшы, дипломат, кен істерінің маманы сегіз қырлы бір сырлы атанған Татищевтың да басын қатырар күрделі мәселелер.

Оның үстіне: «Қайсақтар былтыр келіп елімізді шауып, малымызды айдап, жанымызды тұтқындап кетті. Басынғандары

сонша, [illegible], бала-шағасын, аутыл-аймағын кошірін [illegible]. Олар[illegible] не [illegible] [illegible] білмейміз. Не мынау бұзақы жаңа бодандарыңызды тәртінке шақырыңыз, не әскер жиып барып, кегімізді қайтаруға рұқсат етіңіздер»,— деп хат үстіне хат боратып қалмақтар жатыр. Олардың дауын осы жолы барып тұрып, қалай ауызға алмай кете алады? Ал, ауызға алса, бұл асау бодандардың нағыз шапқа түскен қотырдай қол апартпас осал жері? Шапшығанның, шошығанның көкесін сонда көресің? Ал, ауызға алмасаң, онсыз да ырың-жырың қалмақтың қайтып кетері белгісіз. Олардың кейбіреуі патша жарлығын орындап, түріктердің ықпалындағы Кубаньдағы ноғайларды шауып жазалап жатса, екіншілері іргедегі қайсақтарды азғырып, Жайық бойы мен Каспий жағасындағы казак селендері мен орыс батағаларына шабуыл жасатып, Хиуаның құл базарына апарын адам саттырып мазаны алып тұр. Әрине, бұратана халықтардың да өгей балалардай бір бүкпесінің ішінде жатары әуелден белгілі. Онысын білмей, білгесін — біле тұра көнбей анау-мынауын көрсең де елемеген боп кешіріммен қарамай ұстай алмайсың. Ондай тортаң-тосыраңына бола қол астыңдағы жұрттың бәріне әлім жеттік жасай берсең, өзіңнің де дәуренің тым алысқа ұзай қоймас. Мұндай жағдайда қайсақ пен қалмақ арасындағы әлгіндей ырың-жырыңға араласу керек пе өзі? Араласса — қайтып араласу керек?

Ор бойындағы шаһарға барғанда алдыңнан кесе көлденеңдеп шыға келер ең басты тосқауылдардың бірі, әрине, сол.

Башқұрт ереуілі... Өз алдына бір қарлы қара тау боп ол тағы тұр. Ол жайында ауызын бір былғап алған соң қазақ ханы айтпай және тұра алмайды. Айтып жатса, оған не деу керек?.. Қиын, бәрі қиын...

Қарауындағы жұрт түгілі қораңдағы иттің көңілін ауламай болмайды. «Күшім, күшім» азайып кетсе, құйрығын көкке көтеріп алып, ол да тайып тұрады. Ал біреудің көңілін ауласаң, екіншісі көзін сатып тағы тұр. Біреуінің атына артық айтылған «күшім» екіншісінің жүрегіне дық болып тиеді.

Ор бойындағы қабылдау — қайсақ ханының императрицаның өкілімен алғашқы жолығысы. Оның қандай болып өтпегіне екі тарап та қалай болса солай қарай алмайды. Қораш боп шықса, онсыз да құйрықтарын теуіп жүрген түздіктерді кекірейтіп алулары мүмкін. Тым артық шашылып бара жатса, мына жақта әр адымын аңдып отырғандар тағы бар. «Бір жағынан ханы алдилр тақсыр императрицаның тапсырмасымен жорықта жүргенде бейбіт жатқан қалмақты шауып, екінші жағынан ереуілші башқұрттармен ауыз жаласып, екі бетін бірдей қаралай алып отырған қайсақ ханын тәбесіне котерді»,— деп домалақ арыздар тағы да жауады. Олардың қай бір анық-танығын ажыратып отырған Петербург бар! «Әй, босе, солай болса, солай шығар!» — деп шүйілгеннің үстіне шүйіле түседі.

Қайда бұлтарса да — «ең дұрысы осы» деп жабыса кетердей басы ашық тұрған ештеңе жоқ. Бәрі де дүдамал, бәрі де күман.

Сондайдан қорыққан бүгежек қимыл бауырын жаздыртпай, ойлағанын істетпей пұшайман қылады. Қайран Россиядағы ондай пұшаймандардың алды-арты жаңғыз бұл емес шығар. Талайы өткен-кеткен, талайы туар, келер...

Алайда, басқа ешкімге де емес, тап бұған мәртебесі зор құпия советник Василий Никитич Татищевке, Россия тарихында айтулы орын алатындай аса жауапты міндет жүктеліп отыр. Бір кезде ұлы Петр ағзамның өзі күткен аспандағы сәт сағатты бұл тікелей бастан кешірмек. Жапан түзде желмен жарысып жүрген көшпелі халықтың көсемдері бұның сөзінен тек Татищевтың емес Россияның ақылын, бұның бет-ауызынан тек Татищевтың емес Россияның ықласын іздері хақ.

Ол оңай сын емес.

Не де болса, сол көп ұзатпай Ор бойына аттанбай болмайды!

Әбілқайыр елге оралғалы жан-жақ тып-тыныш. Самарадан үшті-гөйлі хабар жоқ. Ор бойы да — құлақ кескендей. Башқұрт тараптан ат ізі сиреді. Қалмақ беттің де дүрлігіп жатқан ештеңесі естілмейді. Бәрінен де қаттырақ таңғалдырып тұрғаны — қазақ арасының жым-жырттығы. Мұндайда ойда-жоқта шауып кеп, жан-жақтың хабарына ағыл-тегіл қарқ қылып кететін көп көбік ауыздардың біреуі көрінбейді. Әлде көші-қоннан қолдары тимей жатыр ма екен? Жоқ, бәлкім, бұның өзі тұяқ серіппей жатып алғасын жұрттың да аңыс аңдағаны шығар... Бұл жолы ол баяғы қалмақ жорығынан қайтқанындағыдай жан-жағына жар шашып көп дабырлай қоймаған еді. Тіпті башқұрттардың хан сайлағанын да ауызына алмаған. Кейбір өздері сөз бастап қалғандарға: «Иә, тархандардың сондай да ойы болған көрінеді. Бірақ, патша қарауындағы ел ғой. Онсыз тырп ете алады дейсің бе?» Бәрін де сол біледі ғой»,— деп сүйкейсалды жауап берген.

Оған тоқтап жүрсе, бұл қазаққа құдай сабыр берейін деген екен!

Бірақ Әбілқайырдың көкірегі бәрібір алай-түлей. Қай гәпке ой тоқтатса да, сенімнен гөрі күман басым түсе береді. Башқұрттардың тағынан күдерін үзе бастады. Екі ғасырдай уақыт бойы өз қолында келе жатқан ол тізгінді ақ патша бұған қайдан көзі қиып ұстата салсын! Ол бұның әлгіндей қылығын қолдамақ түгілі кешірсе де, құдайыңа қой айтқандай шығарсың! Ол анада Ор түбіндегі екі тілмашпен жолығыста-ақ әбден белгілі болды.

Башқұрт тағы бұйырмағасын жаңа ханымның да бұған бедел қосып жарытары шамалы. Бұл жолы Бопайдың қабағы зілді сезілді. Баяғы қалмақ ханым келгендегідей құрақ ұша қоймады. Қанша дегенмен қалмақтарда қайта-қайта кетіп жүрген кек бар ғой. Сондай өшің кетіп жүрген елдің бір сұқсырын өңгеріп қайту кім-кімге де мәртебе сияқты көрінетін болса керек. Бұл жолы Бопайдың сөзі де, қимылы да тым салғырт. Шаңырақ артқан сары атандарға ұқсап: «Мәнсіз көш, тәйірі, қайда бара алатын еді!»— дегендей орынынан керенау көтеріліп, аяғын керенау басады.

Бірақ, тортаң-тосыраң мінез де танытпайды. Балаларының алды ер жетіп, аруаққа қадірі өтіп, ағайынға сыйы асып қалған ауызды бәйбішелерге ондай мінез де кешірімді еді. Ол, бірақ, бұл жолы да ұстамдылық жасады. Алайда ондай ұстамдылығы ханға бұрқан-талқан ашуынан гөрі қаттырақ бататын сияқты. Қай отауына кірсе де, бұрынғыдай көктеменің жаймашуағы жайнап тұрмай, кешең күздің қаяулы бұлыңғырындай бірдеңе мұнартады да тұрады. Күн жаумай су болып түтіндеп отырған бір хәл.

Бопаймен арасын қоңырқай тартқызар сыр көп. Ор бойындағы Ералы тап іргеде тұрып, ұзақ уақыт ел арасын көре алмай пұшайман болып ол отыр. Ана байғұс оны да уайымдамайды дейсің бе?! Ералы елге оралғанмен, оның орынына тағы бір бала аманатқа баруы керек. Оның шөбі Қожахметке түсіп тұр. Қайдағыны қайдан естітіндері белгісіз, патша ұлықтары ханның басқа әйелдерінің емес, тек бірінші әйелінің ғана баласын аманатқа аламыз деп шарт қойыпты. Ол, әрине, Бопайдың ет жүрегін одан сайын езілте түсті. Ералының қайта азды-көпті буыны қатып қалды ғой. Ал Қожахмет әлі бала. Оның үстіне ешкім бетінен қақпай өсірген ерке. Өз дегені болмаса, шалқасынан түсіп жатып алады. Есіл-дерті ойын. Ертеден қара кешке үй көрмейді. Ышқыры толы асық. Көстеңдеп шапқылайды да жүреді. Асау жуасыту десе, ауызының суы құриды. Тұла бойында ханзадаға лайық бір де бір мінезі жоқ. Оның қасында Тайланың Тұяғы әлдеқайда бай салды. Сұлтан Қожахмет емес, сол ма деп қалатындайсың. Енді, міне, екеуі қастарына Злиханы ертіп ап, ойынды соғып жүр. Ештеңеден хабарсыз.

Алдағы жолығыстың кісі абыржытар жері жалғыз бұл ғана емес. Ханмын деп шіреніп барғанда қасында кім болады? Аталы ауылдардың бәр-бәрі еріп бара қояр ма екен, жоқ тағы да бір өш алатын жердің реті келді деп ши шығарып шіреніп жатып алар ма екен? Ол да ойландыратын гәп!

Тонның ішкі бауындай адамдарын жан-жаққа жұмсап, ауылдан ауыл тастатпай аралатып қойды. Үлкендердің ауызын аңдиды, қас-қабағын бағады. Ертең Ор бойына хан шақыртыла қалса, бірге жүр деп хабар жіберуге тұра ма, жоқ па? Бірқатар шаманы солардың сыбыры анықтайды.

Жарайды, қырдың қиқар шонжарлары анда-мұнда қанша тартқылағанмен бәрі бірдей тұяқ серіппей қала қоймас! Бәрі болмағанмен, көбін жиып баруын барар-ау! Сонда патшаның ұлығының қабағы қалай болар екен? Нендей қошамет, недей салтанат көрсетер екен? Оны да ойламай болмайды. Жер түбінен ат арытып талтаңдап барғанда жетім қыздың тойындай қоңырқай жыбылдан, қоңырқай шығарып салса, шын масқара сонда болмай ма? Қасындағыларға көзін тіктей алмай, мойын омыртқасын ұрмай-соқпай үзіліп, басын бауырына алып, жерге қарап қайтпай ма? Сосын бұл қазақ ол тарапқа аяғын аттап басар ма? Бопағандары былай тұрсын, бұған: «Баяғыдан бері не таныты келгенсің? Ақ патшаға қарасақ, ауызымыздан ақ май ағызады, қарқ қылады дегенің осы ма? Қанаттыға жақтырмайды, тұмсық-

тыға шоқыттырмайды, қамқор болады дегенің осы ма? Соған тізгін ұстатсаң, жетісеміз екен?! Сенген қойым сен болсаң, күйсегеніңе болайын!» — деп бетіне түкірер: Табалап қана қоймай, біржола безініп те кетер. Сүйтіп, ақ патшамен жең ұшынан жалғасып былайғы сұлтандардан бас оздырам деп жүргенде, баяғы күнінің өзіне зар болар. Жалғыз бұның басы сергелдеңге түссе бір жөн ғой! Ақ патшадан көңілі суынған қазақ тағы кімге барып пана іздеп ,тағы кімге «одақ бол» деп жалбарынары белгісіз. Құдай тек оның бетін әрмен қылсын де! Әйтпесе, әзірге орыстан сескеніп, аяғын алыстан басып тұрған жоңғар қайтадан құтыра бастар. Жан-жақтағы қалмақ, башқұрт, түрікмендер де қарап қалмас. «Қап, бәлкім, сені ме!» — деп білектерін сыбанып кезек пе кезек тиісіп бір берер. Әлгі бір Қарасақал дегенді де бұның іші жақтырмайды. Қап тауы жақтың құлақ құрышын қандырыпты-мыс. Башқұрт арасындағы дабырығы да мықты. Оның қазақ даласына кеп не деп сайрайтынын кім біліп жатыр. Сорлы қазақтың басы бір даудан кейін бір дауға, бір саудадан кейін бір саудаға түсіп қаралай даң болып жүрмесе қайтсын! Іргесіндегі қазақты тыныш жусап жатқан отардың шетіне кеп қику салғандай құла түзге бет-бетіне безіндіріп жібергенде ақ патшаға не түседі?! Соның бәрін ақ патшаның ұлықтарына әбден жеріне жеткізіп түсіндіріп айтып берейін десе, баяғы бір қалмақ, баяғы бір башқұрт оқиғалары... Бетке шіркеу болып шыға келеді.

Өз-өзінен дымы құрып пұшпайман болып отырған Әбілқайырдың жүрегін одан сайын зіркілдете түскісі келгендей бір күні кешқұрым ақ пен қызылдың арасында Таймас сап ете қалды. Іргеден кірген мысықтай жылмиып қақ төрден бір-ақ шықты. Суыт жүрген себебі — бір суық хабар естіпті. Маусым басында Тәтеш мырза Самарадан шығыпты. Соңында — жер қайысқан қалың қол. Ішінде — алты мың қалмақ сарбазы. Бағыт алған жағы — Ор бойы. Бұны не деп түсінген жөн?

Жалпақ бет башқұрт дөңгелек бөркін оң тізесіне кигізіп әбден басы қатып келген кісідей бұның ауызына телміріп аңырая қарайды.

Мына хабарды естігенде ханның жүрегі қармаққа ілінген шортандай шоршып түсті. Қалмақтардың неге жым-жырт бола қалғаны енді белгілі болды. Олар қазақтардағы өшін ақ патша арқылы қайтармақ. Өздері келіп дүрсе қоя берейін десе — орыс мемлекетінің жаңа боданы. Боданға бодан тиіскені ақ патшаға ұнамай, сөгіс естіп қалулары мүмкін. Содан салып ұрып патшаға барған: «Жаңа бодандарыңыз тым есіріп барады. Тәртіпке шақырып қоймаса болатын емес!» Жығылғанға жұдырық дегендей, мына жақтан башқұрттардың хабары тағы жеткен. Тәтеш мырза одан әрі Самарада қайдан шыдап отыра алсын?! Қарақұрым қолмен жолға шыққан. Алты мың қалмақ соңында тегіннентегін сүмеңдеп жүрген жоқ. Не олардың өшін алып береді. Не солардың көзінше бұлардың былтырғы жорығын айыптап, қолға түскен олжалар мен тұтқындарды дереу қайтаруды талап етеді.

Әбілқайыр үшін оның екеуі де еліммен бірдей. Онсыз да атар-

ға оқ таба алмай жүрген дұшпандарының алдында әбден қара жерге тірілей кіреді деген сол болады. Онысын бұл ел бетіне қарай алмайды. Баяғыдан бері бір жарылқаса, осы жарылқайды деп келген ақ патшасы елдің ең алдымен кеп жағасынан алса, одан асқан қандай масқара керек?!...

Ханның телмірген көздері хабаршының бет-ауызын ішіп-жеп барады. Мынау осының бәрін әдейі айтып отырған жоқ па? Соңғы барысында бұған соқпай, Алдарлардан қайтып еді. Соған өшігіп жүргеннен сау ма? Әйтпесе, Тотеш мырзаның әлгіндей асаймұсайларын түгел асынып Самарадан шыққанын басқалар емес, неге бұл келіп айтады?

Жоқ, дөңгелек жүз Таймастың бет-аузында ондай ештеңе байқалмайды. Шыннан жаны ашып келіп айтып отырған адам сияқты.

Бірақ... Жұрт алдында бұны жер қылып, ақ патшаны сонша жын ұрып па? Ереуілші башқұрттар үшін бұнымен өшігудің еш жөні жоқ. Бұл араласқалы олар тыныш. Рас, қалмақ жақ беті шіркеулі... Дөндік Омбыны ақ патшаның тапсырмасымен кетті деп кім ойлаған? Өңшең шүйгінді жайлап талтаңдап қалған неме Қап тауының салқын белдерінде самалдайын деп көшкен екен ғой деп еді. Әйтпесе, бұл да аяғын аңдап баспас па еді. Сөйтсе, жолдарындағы қалмақ тайшылары жөндерін айтпапты. Әдейі айтпапты. Сол арқылы Дөндік Омбыдағы да, бұндағы да өштерін қайырыпты. Дөндік Омбы ноғайларды шаба кеткен екен. Сол уақытта бұл көк желкеден әдейі тиіскендей болыпты. Ноғайлардың өшін қайтару үшін барғандай көрініпті. Кім біліпті, біреу-мірей солай құйқылжытса, ақ патша оған да сенер. «Ноғай да мұсылман, қазақ та мұсылман. Бір-бірінен астыртын хабары бар, жең ұшынан жалғасып жүр»,— деп ойлар. «Башқұрттарға келіп, ақ қырау ала қыста ақ кпізге көтерткізіп хан сайланып жүрген неме ноғайлардан да таж дәметпейді дейсің бе?!»— деп сырттай тон пішер.

Тұсында керемет жолы болғандай көрінген сол оқиғалар, түптеп келгенде, бұның итінің қырын жүгірген күндері екен ғой. Білсеші...

Бірақ, осы ақ патшаға қалмақтың тыныштығы, башқұрттың тыныштығы, ноғайдың тыныштығы керек болғанда, қазақтың тыныштығы неге керек болмайды?!

Солай болуы мүмкін бе? Жоқ, мүмкін емес... Ақ патша жаңа боданына бұрынғы бодандарынан көбірек жалтақтамаса, аз жалтақтамас... Ендеше, жалтақтасын... Жалтақтаңқырасын... Жалтақтатпай айдаладағы қатын патшаның мойын омыртқа сүйегін аяй ма?! Жан-жағына жалтақтағаны қайта өзіне жақсы. Жауырынына сарсу иленбейді... Көп талтаңдап, аз жалтаңдасын деген заң ба екен? Ақылы бар аз өзі талтақтай алмағанмен, жұртты жалтақтата алады. Бір есептен бұның да бірден майлы шелпек боп көрінбегені дұрыс. Өзіне салса, ол жағын келістірер еді-ау. Бірақ, өйтіп сенісердей елі болмай тұр ғой. Башқұрттардың бұйда жібін ұстап алып біраз саудаласып көрем бе деп еді. Құ-

дай сәтін түсірмей тұр. Шыр айналдырып кеп бір қазақтың, оның да бір арысының ауқымынан шығармай тұр. Ал қазақтың қай бір қиқаңы мен сипаңы таусылған. Ондай ел өзінді жалтақ қылмай тұрмайды. Өзің жалтақтап тұрып өзгені қайдан жалтақтата аларсың... Дымыңның құри беретіні содан. Әйтпесе, осы жолы да «Ақ патшаға қазақ керек болса, Әбілқайыр да керек... Ендеше ол Әбілқайырды белден басып кете алмайды»,— деп шіреніп-ақ бағатын жері. Құдай сорлатқанда ондай пәтуаны өзіңе қиғанмен, қарауындағы елге қиып отыр ма?! Қай бір нәрсенің де алды-артын парықтап жатқан айналаң бар. Бір қиқудан бір дүркіреп қасыңа жиналады, бір қиқудан дүсірлеп бет-бетіне тайып кетеді.

Мынау келе жатқан қиқу қай қиқу? Соны біле алмай пүшайман болып отырғаны!

Расында да, Төтеш мырзаның алғаш рет жолыққалы келе жатып, соңындағы шұбыртып ертіп келе жатқан аламаны не?!

Әлде әншейін айналаға жасаған дөң айбаты ма екен? Оның да реті бар сияқты. Жолда ереуілдеп башқұрт жатыр, өзара қырқысып қалмақ жатыр, ақ патшаға бірде оң көзімен, бірде теріс көзімен қарап қырық құбылып Жайық казактары жатыр. Солардың бәріне де «Дүниенің кіндігін ұстап тұрған жаңғыз сендер емессіңдер? Ақ патша сендерден де басқа бодан таба алады. Сендер қашқақтасаңдар, жұрт құшағын ашып өзі жүгіреді»,— деп қыр көрсеткілері келулері де мүмкін ғой. Кім біліпті, жаңа бодан қазақ жұрты да орыс қаруының қандай екенін біліп қойсын дейтін шығар. Баяғыда Нұралы айтып келмеп пе еді... Бұлар қонақасы екеш қонақасыларынан кейін де аспанға оқ атып, ойын көрсетіп мәре-сәре болады екен. Бұл жолы да сондай бірдеңелер жасалмас дейсің бе?! Оған да әскер керек шығар?!..

Шынында да, ақ патша бала емес, шаға емес, жаңа бодан болып отырған елдің көкірегіне бірден көк сүңгі тіреп қайтеді.

Олай дейін десең, бірақ соңындағы шұбыртып жүрген алты мың қалмағы не? Ойын жасап қошамет көрсетуге олардан басқа әскер құрып қалып па?!

Жүйкесі тағы да шамырығып сала берді. Рас-ау, бұлардың қалмағы несі?!..

Көкірегінің басы күнде тас боп түйіліп, күнде бір қайта тарап екі ұдай ойдың соңында кезек қаңғырып дәнданай болып отырған ханды одан сайын қобалжытқысы келгендей орыс шабарманы сарт ете қалды.

Қылышы салақтап кіріп келіп: «Төтеш мырза жіберді»,— дейді. Төрге шығып отыруды да білмейді. Амандық-саулық сұрасқанды да білмейді. Жүрісінің жайын сұрағанды да күтпейді. «Төтеш мырза: «Сүмбіле туа Ор бойындағы шаһарға барам. Соған жолығысқа келсін. Дәл қай күні жолығатынымды кейін арнайы айтам. Хабарды өзімнен күтсін!»,— деп дүңк-дүңк етеді.

Соған қарағанда, ауызын ашса, көмекейі көрініп тұратын әңгүдік неменің сойынан шығар деп, әр немені бір түртпектеп көріп еді, қайда сілтеп салса да, бар айтатыны: «Білмеймін»,

Сонысының өзінен-ақ ханның іші-бауыры мұздап қоя берді. Шабарманның ауызына осынша темір құлып салып жібергеніне қарағанда, бұның арты қайдан тегін бола қойсын!

Расында да, не боп барады өзі?! Жаманды-жақсылы бұл да бір жұрттың билеушісі емес пе еді? Патша ұлықтарының бар білетіні — көп қара таяқтарының біреуін аяғын салақтатып аттандырады; ал оларының бар айтатындары: мынаны істесін, ананы істемесін. Ең болмаса, мұндайда жай-жапсарды түгел айтып, хабарға қанықтыра алатындай біреуін жібермей ме... Қайдағы бір маубасын қайдан тауып жұмсаған?! Не сұрасаң да, дым білмейді. Неге бұлай... Әлде сыр алдырып қоймасын деп әдейі істей ме екен!! Мұндайлар, расында да, не біледі дейсің? Не де болса, бұл жасырынбақ тегін жасырынбақ емес. Тәтеш мырзаның Самарадан шыққанына да айдан асып кетті. Содан бері жолда. Сонша уақыт не бітіріп жүр? Қай бір апасына сәлем беріп, жездесінің қолын алып, құдашасымен қыз ойнақ құрып жүр дейсің?! Жаңа салынған бекіністерді көрем дегенді сылтауратып, жолдағы жұрттардың іргелеріне тұмсық тіреп келіп тұрған қазақтарға қалай қарайтындарын сұрастырып біліп келе жатқан шығар. Онда жолындағылардың бұларды марапаттай қоймайтындығы әуелден белгілі. Қалмақтар көк есекке теріс мінгізеді. Башқұрттардың ауызы екі ұдай. Біреуі болмаса, біреуі ит терісін бастарына қантайды. Ал Жайық казактарының ауыздарын ауыртудың қажеті шамалы. Әуелі күллі қаймана қазақты қайын енелерінің астына бір сүңгітіп шығарады. Оған айыздары қанбаса, бұлардың бастарындағы өсекші қатынның ауызындай жалпылдайтын да жүретін жалба тымақтарының ішін бір толтырады. Сосын бұл жақтағы ұрғашы біткен құрып қалғандай жеті қиян жер түбіндегі Петербордағы қатын патшаның өзіне бір-ақ бас салады. «Баяғыдан бері емін-еркін сүзіп келе жатқан Ақ Жайықтың тұнығын әуелі қайдағы бір шұлжің қалмақтың жылқысына лайлаттың... Енді ол аз болғандай, қайдағы бір маңқа қайсақтардың өзінен де арда, өзінен де сасық түйелеріне таптаттың... Бізде ала алмай жүрген өшің бар ма еді... Мықты болсаң, әлгі көззап қайсақтарыңның іргемізден суырып әкетіп, Хиуаның базарына құл қылып сатып жіберген боздақтарымызды қайтартқызып әпер...».

Бұл көрген башқұрт, бұл көрген қалмақ, бұл көрген казакорыс болса, бұдан басқаша сөйлеуі еш мүмкін емес.

Сөйтіп, Абдолла баласы Әбілқайыр хан, ақ патшадан ұпай алам деп жүріп, құқаі алып қалмасаң нетті!

Ол сені: «Ә, бәлем, көптен бері қолыма түспей жүр едің. Құдай айдап, жақсы келдің. Өз еркіңмен бодан болдың. Енді ашсам алақанымдасың. жұмсам, жұдырығымдасың»,— деп арқаңнан қағудың орынына маңдайдан соғып тырайтып салмағай. «Аманатқа баланды емес, өзіңді ұстап қалам»,— демегей... Ондайда озбыр патшаның қойған шарттарының бәрін орындап, сені құтқарып алып қалатын қай бір ұйымшыл елің бар?!... «Не көп, казақта төре мен төбет көп. Біреуі өлсе, біреуі табылар... Ақ патша

деген қанды қақпан... Жақын келгеніңше жымиып жатады да қояды. Сәл жоладың-ақ, шап беріп тірсегіңнен ұстап алып, мөлитіп абактыға қамап қояды екен... Бетін аулақ!..»— деп алдыалдарына безіп отырса, артың тіпті сұраусыз кетер...

Тәтеш мырзаның үндемес шабарманы онсыз да ойырқанып отырған ханды үйдей уайымға салды. «Жарайды. Хабарын күтеміз»,— деп шығаруын шығарып салғанмен, қайтып үйге кіре алмады.

Арты қайтып кетеді деп, жылдағыдай Сары Арқаның самиян дөңіне шығып алмай, Ырғыз бен Қарақұмның арасындағы қапырық қолаттарда пысынап отыр. Төңірекке қанша көз жүгіртсе де, бөз-баяғысынша құлазып тұрады. Көк жиектегі көк сағым бұрынғыдай қиялыңды қырық сақка жетелемей, құрдымның сорындай шым-шым тылсымға тартып уайымға батырады. Кешегі көлкөсір кең дүние аяқ астынан жарлы кісінің жыртысындағы бір жапырақ көк шүберектей тылтиып шыға келген. Қайда бұрылсаң да — қуман... Нені ойласаң да — уайым...

Әбілқайыр елеңдеп жан-жақтан хабар күтеді. Бірақ ол хабар көкірегін онсыз да түтіндетіп жатқан күлімсі уайымды серпілтпейді, қайта коюланта түседі. Күн шығыс беттен бір төп баран атты көрінгенде жүрегі елп ете қалып еді. Шақшақ Бөкенбайдың амандық-саулықтан кейінгі әңгімесін тыңдағанда өзінен-өзі қуарып сала берді.

Кешегі бұған келіп кеткендей бір үндемес Жәнібектің де ұлысына барыпты. Оған да бұған айтылған хабар айтылыпты. Бірақ, ол үндемес келіп кеткен үндеместен сәл тақыл болып шығыпты. Өзі секілді тағы бір үндеместің ту сонау Ертіс бойына, Әбілмәмбет пен Әбілмансұрға кеткенін айтыпты. Ондай хабар Жәнібектің де жүрегіне түйнеме боп жабысса керек, шақшақ Бөкенбайды дереу мұнда аттандырыпты.

Иә, хабардың сұрқылтайы енді шықты. «Бір жақтан шаншу, бір жақтан толғақ қысып отырғанда, қонақ жігіттің қойынына кіріп келмесі бар ма?!»— деген екен баяғыда бір буаз қатын. Сол қатынның құрсағындай көңіл бейшараға да үміт пен үрейді қоса қабаттап тықпалап баққан қу дүние-ай! Қанша үміттенгің келсе де, көк желкеңде үрей тұрады. Жақсылықтан дәметкен адам да ауыл торып айналсоқтап шықпай қойған бозбастың ысқырығына елігіп, бейуақта түзге шыққан жармес көңіл әйел сияқты. Бұта түбіндегі бұқпақтап жүрген қарайғанға салып ұрып жетіп барса, қамшысын саландатып, алақанына түкіріп отырған байы боп шығады. Ондайда сорлы ұрғашыны саландаған дырау қамшы емес әлгіндейге дейін иектеп жетелеп алып келген әзәзіл қиял естен тандырып алып ұрады.

Хан да мына хабарды естігенде қабарытып қоя берді. Оны манадан бері дел-сал қылып болдыртып отырған дәндәнай уайым қақ сүйектен қатты тиген соққыдай тұпа-тура жәбірге алмасып, ашуға булықтырды. Патша ұлықтарының бұлары не қылық? Әлге дейін ілікпей отырған Жәдік тұқымына неге сонша әуелері

салбырай қалды!? Бұл не үшін керек болды? Жұмбақ, тағы да жұмбақ...

Күні-түні басын қатырған ауыр ой бет-аузын көлкілдетіп ісіріп жіберді. Әншейінде домалап жерге түсіп кетердей боп жаудырап тұратын томаға көз бүгінде ін түбіндегі тышқандай өзер-өзер жылт-жылт сығалайды.

Әрине, бұның бәрі тегін емес. Ор бойындағы бұл жолығысқа ақ патша бұл ойлағаннан гөрі де көбірек маңыз беріп отырған болды. Ақ патшаға қазақ, бөлкім, башқұрт пен қалмақтан гөрі де керегірек екен. Сондықтан да қазақтың бас көтерерлерін тегіс жинағысы келеді. Олардың өзіне қалай қарағанына қарамастан бәріне де бірдей ілтифат көрсетпекші. Бірдей пейіл білдірмекші. Өйткені, қалмақ пен башқұрттың ар жағында кім тұр? Бар болғаны қазақ тұр. Ал қазақтың ар жағында кім тұр? Жоңғар тұр, Қытай тұр, Бұхар мен Хиуа, Бадақшан мен Үндістан тұр. Сондықтан қазаққа көрсетілер сый-сияпаны олар да көреді. Олар да әр қайсысы әр қилы ой түйеді. Ақ патшаға сонысы керек. Қаруының қай жерге кең тірелгенін жан-жақтағылардың түгел білгені керек. Ендеше, мұндай салтанатта қазақтың иғі-жақсыларының түгел болғаны керек. Бұл олардың ертең жан-жақтың ықпалына беріліп, әр қайсысының, әр жаққа бұлтарып бұлтаңдап кетпеуіне керек... Ақ патшаның, Самарадағы ұлықтардың кездеп отырғаны сол. Енді бәрі де түсінікті болды...

Әбілқайырдың іші удай ашып қоя берді. Сонда олар үшін баяғыдан бері солардың жолында басын талай қауіп қатерге тігіп жүрген бұл да бір, айдаладағы Жәдік балалары да бір болғаны ма?!

Ақ патшаның ұлықтары бұның іш есебін түсініп қалып, айлашарғыға көше бастағаннан сау ма осы? Солай болса солай да шығар... Оған казақтың жері мен елі керек! Ал ханы неменеге керек?..

Олай дейін десең, Әбілқайыр төре болғанда, Жәдік балалары төре емес пе, екен? Олар билікке, олар хандыққа таласпай ма екен? Таласқанда қандай! Бірақ, ондағы патшаның шаруасы қанша? «Бірі өліп, бірі қалсын!» — дейтін шығар.

Ендеше, Әбілқайыр үшін одан асқан өлім жоқ. Онсыз да бұны мұқатуға тырысып бағатын Жәдік балалары: «Баяғыдан бері құйысқанға қыстырылып жүргенде бізден озғаның қайсы!» — дейтіні кәміл.

Өз-өзінен сөгіліп отырып қалған ханның көкірегінде тағы бір күдік жылт етті: қазақ сұлтандарының басын тегіс жиып алу үшін алты мың қалмақ сарбазының қажеті қанша?

Ханның оң жақ өзуінде сүліктей ілініп сүйық кекесін тұрды. Әлденеге айызы қанғандай көзі де жарқ ете қалды. Бірақ, артынша-ақ қайтадан түнжырап сала берді.

Ақ патшаның ақ қаптал ұлығы бұны сыртынан орап Жәдік әулетіне қол созып отырғанда алты мың қалмақты тектен-текке ертіп келеді дейсің бе? Оларды сонша шұбыртқанда жолдағы

башқұрттар мен Жайық казактарын тастан кете қояр ма екен? Сонда олар Ор бойындағы жолығыста не бітірмекші? Қазақтың игі жақсыларының тізгіндерін ұстап, аттан көтеріп алуға ма? Ондайға олар өлсе де көнер ме? Сонда оларды неменеге әкелмекші? Патша ұлығының оларды ерткендегі мақсаты не болды екен? Әлде ескі бодандарын жаңа бодандарымен таныстырмақшы ма екен? Несіне таныстырады, бұлар бір-бірін онсыз да таниды. Таныганда қандай... Әлде... Олар ескі бодандарын жаңа бодандарымен кіналастырмақшы ма екен? Соның жаны барырақ сияқты. «Ендігәрі бір-біріңмен тату болыңдар!»— деуі мүмкін. Сол арқылы қалмақтардың, башқұрттардың, Жайық казактарының көңілдерін аулағылары келген шығар. Ондай кіналасу да Жәдік балаларының төбесін көкке бір жеткізіп тастар еді. Олар бірден: «Бұл әңгімеге біздің ешқандай қатысымыз жоқ»,— деп жылысып шыға келер еді. Сонда бар пәлеге тағы да бұл, бұның қол астындағы ұлыс қалады. Башқұртқа хан болғысы келген кім? Осы. Ереуілшілерден қыз алып, олармен әмпейі болып, патша жағындағыларға тізе батырған кім? Осы. Ордағы қамалға ереуілші башқұрттарды бастап барған кім? Осы. Ақ патшаның айырықша тапсырмасымен жорықта жүрген Доңдік Омбының ұлысын шапқан кім? Осы... Сонда бұл кіналасудан Әбілқайырдың туы жығылмағанда кімнің туы жығылады?! Сонда ақ патша қазақтарға дегенде өкпелері қара қазандай қалмақтардың, башқұрттардың, Жайық казактарының алдында Әбілқайырды жығып беріп даудан құтылды. Ал қазақтардың көңілін басқа сұлтандарды ішке тартып аулайды. Сонда әлгіндей дау-дамайдың бәрінен қалыс қалған Жәдік тұқымының жұлдызы жанып шыға келмегенде кімнің жұлдызы жанады? Оларға да әуел бастан керегі сол. Әбілқайырдың туының жығылғаны. Ол дегендеріне жетсе, олар бәріне де әзір. Орыс патшасы түгілі одан арғы патшаларға да оп-оңай бодан бола салар еді. Қажет десең, ақ патшамен әмпейілесудің әңгімесін әуелде солар бастаған-ды. Тәуекел, Тәуке, Қайып тұсында Қазан мен Тобылға ат құрғатпай шаптырып тұрып, Әбілқайырдың тұсында пышақ кескендей тыйылды да калды. Себебі — Өсеке балалары бастаған іске араласқысы келмеді. Енді орыс патшасының назары тағы да өздеріне ауса, биттерін салудай-ақ салып бағатындары сөзсіз...

Ендеше, Ор бойындағы жолығыс шақырды екен деп жаландап жетіп бара салатын көп дыр-думанның бірі емес. Бұның басының сынға түсетін жері. Сол сыннан сүрінбей өте ала ма, жоқ па? Соған көзі әбден жетпей тұрып үзеңгіге аяқ салмайды. Бәсі түсетін жерге басын сұқпайды. Ондай болса, Тәтеш мырза әлгі Жәдік балаларымен-ақ жең ұшынан жалғаса берсін... Ал бұл ондай жағдайда... Аққаптал ұлықпен кеудесін жықпай асқақ сөйлеседі... Кім біліпті, қазақтың алдында өйтіп алған беделінің өзі қазіргі беделінен артық болмаса, кем болмауы да мүмкін. Өйткені бұл жұрт әуелден мақұлдан гөрі батылды құптауға үйірірек тұрады. Батылдың бәрін батыр дей береді. Батылдығымен қоса ақылы бар ма, жоқ па — оған қарамайды. Бірақ ондай жағдайда

да бұған одақтас керек. Сондықтан анау Жәнібек, мынау Бөкенбай, сонау Есеттермен бұрынғыдан бетер қойындаса түсесіз жағдайы жоқ.

Сол бойда-ақ Бөкенбай мен Есетке ат кетті. Майханада тағы да әңгіме қызды. Көп кісінің құлағына іліге бермейтін оқшау әңгіме.

Екі Бөкенбай (бірі табын, бірі шақшақ), бір Есет, бір Әбілқайыр болып шешкендері: Тәтеш мырзаның алдынан елші барады. Қазақтың табыны Бөкенбай башқұрттың табындарының ру басы Таймасты ертіп алады. Ақ патшаның алдында екеуінен еңбегі көп сіңген ешкім жоқ. Біреудің сөзі жерде қалмауға тиісті болса, осылардың сөзі жерде қалмауға тиісті. Анада қалмақ ханзадасының тұтқын ауылын Әбілқайыр Жетіруда әдейі қалдырған. Өйткені, қалмақ — тама Есеттің құныкері. Өйткені, Бөкенбайдың атын ақ патшаның өзіне дейін біледі. Бөкенбай мен Есет болмаса оның елшісі Мәмбет мырза баяғыда бір алдатөмпектің астында қалған болар еді. Қалмақ мәселесі қатты қаузала бастаса, Бөкенбай сол еңбегін естеріне салуға мәжбүр болады. Не де болса, ол екеуі бұл тұста патша ұлығымен көп мәймөңкелесе бермей, ашық кетіседі. Тапсырма солай.

Егер Тәтеш мырзаның қабағы ұнап жатса, Әбілқайырдың алдағы жолығысқа қанша кісі ертіп барғанын ақылдаса келген болып, оның қандай мақсатпен келе жатқанын, қасындағы әскердің санын біле қайтады. Ал жүрттың айтып жүргені рас болардай рай байқалса, онда Ор бойындағы жолығыстың мақсаты мен тәртібін алдын-ала бірге талқылау ұсынылады. Ондай жағдайда ұлықтың қасындағы әскердің, әсіресе қалмақтар мен казақтардың санын қысқарту, Ор бойында қазақтарды көршілестерімен кіналастырмау ашық талап тіледі. «Өткен ереуіл, қалған салауат. Бодандыққа дейінгі өкпе-аразды екі жақ та бірдей ұмытулары керек». Қазақ билеушілерінің арасында мұндай жақсы іске мұрындық болған Әбілқайыр ханға дала жүртын билейтін Жәдік, Өсеке әулеттерінің өзге өкілдерінің қай-қайсысынан да артық айырықша құрымет көрсетілуге тиісті. Бұл шарттар орындалмаса, ақ патшаға бодан болуға алдымен қол қойған Әбілқайыр, Нұралы, табын Бөкенбай, Есет, Жәнібек шақшақ Бөкенбай және оларды жақтайтын ру басылардың бәрі де Ор бойындағы жолығыска барудан үзілді-кесілді бас тартады.

Сондарына қалың шоғыр нөкер ертіп Бөкенбай мен Таймас батыс жақта іскен көздің алдындағы білемденіп жатқан ісіктей бүк түсіп жатқан айғыр жалдан әрі асқанда барып Әбілқайыр «Уһ» деп бір дем алды. Біраздан бері жапан түзде жалғыз қалғандай болып жүргенде маңайына ызғындай ел қайта жиылғандай болды.

Ертесіне шақшақ Бөкенбайды еліне аттандырып салды. Жәнібекке сәлем айтты. Елшілер қайтып оралар шамада бір хабарласуын сұрады. Ақылдасатын шаруа көп болып тұр ғой. Патшаның ұлығы керги ме, келісе ме — әлі белгісіз. Кергісе де, келіссе де

ендігі ауыз бір болуы керек. Баяғыдан бері шалқайып-шалқайып сыртқан қырынан, «Өлмесең өрем қан» деп көкете қарап келгендерді жылы-жұмсақ пісіп ортаға түсер тұста қақырайтып қақ төрге қайта шығарса... Онда бұлардың баяғыдан бергісінің бәрі бос әуре болып шықпай ма?.. Оған жол беріп, қол қусырып қарап отыруға болмайды. Мына жақта бұл, ана жақта ол жан аямбай қимылдап қалатын тұс енді келді. Бұл екеуінің ауызы бір болса, бұл істі әлі де қырын жібертпеуге болады.

Хан ордасына бір кіріп, бір шығып отыра алмады. Башқұрт арасына кісілер жұмсап, жан-жақтағы қазақ ауылдарына, әсіресе, Жәдік балалары ұлысына Тәтеш мырзаның Ор бойындағы жолығысы жайында неше түрлі алып қашпа лақаптарды жая беруді тапсырды: «Ақ патшаның ұлығы қазақтарды қалмақтармен, башқұрттармен беттестіреді екен». «Орта жүздің баяғы Сәмеке хан тұсындағы башқұртты шапқаны да сөз болады екен», «Башқұрт, қалмақ, қазақтан жер даулап жатқан көрінеді», «Бұдан былай аманатқа ханның өзі ұсталатын көрінеді, төре басы, би басы бір баласын соның қасында қалдыратын көрінеді».

Мұндай лақаптар гуілдей жөнелсе, онсыз да әр тараптың қабағын бір бағып, патша бетке сенбей отырған шығыншақ сұлтандардың одан сайын іргелерін аулақ сала түсулері мүмкін.

Тәтеш мырза күллі қазақты оп-оңай ішке тартып ала қойғысы келген есебінің не болып шыққанын сонда көрсін.

Егер Жәдік тұқымы Ор бойына қарай ат ізін салса, бұл шапқаяды. Бәрібір ол аққаптал ұлықтан дегенін қылдырмайды. Сөсын ол ақ патшасына не бітірдім деп барар екен?!

Қашан екі босағаны екі ныгымен көтеріп әкетердей болып табын Бөкенбай табалдырықтан қайтып аттағанша Әбілқайыр байыз тауып отыра алмады.

Ал Бөкенбайдың өңі жылы, көзі жылтты. Хабарын да жарқылдап күліп отырып айтты. Оған айтқызсаң — қорқатындай ештеңе жоқ.

— Тәтеш мырза дегенің, тәңірі, бөдененің әтешіндей ғана шілмиген шап-шағын адам екен.

— Батыр-еке, сізді онымен күрестіруге жіберген кім бар? Ауыз-ләмін айтсаңызшы...

— Аузы-ләмі қалай болсын! Алдымыздан шығып қарсы алды. Жадырап амандасты. Шаруамыздың жәйін біліп: «Тіпті дұрыс болды. Өзім де осындай қолқамен адам жібергелі отыр едім»,— деді. Қасында баяғы Мәмбет мырза бар. Көре салып құрақ ұшып жатыр. Ол жылдардағының бір де бірін ұмытпапты. Менің көзімше Тәтеш мырзаға да айтып берді.

Бұл жерде ханның ішіне қатқан тоң сәл жібіп деді.

— Ал осынша уақыт жолда жүруінің мәнісі қалай екен?

— Жаңа салынып жатқан бекіністері көп екен. Соны аралап келеді. Біреуіне бізді де апарып көрсетті. Жер қазып, топырақ үйсең, бола салатын нәрсе емес екен. Ауы мен бауы аз емес секілді. Соның бәрін түгендеп жүргенде, біраз уақыт кетпей ме?

— Қасындағы алты мың қалмағы кесі?

— Қайдағы алты мың?.. Бар болғаны екі жүз-ақ көрінеді. Олар да өңшең шоқынып кеткендер. Дөндік Омбыны тірілей жеп қойсаң да, шаруалары шамалы.

— Ор бойына келе жатқан мақсаты не екен?

— Әбілқайыр ханмен жолыққым келеді, қазақ ру басыларының «бодан боламыз» деген сөзін өз құлағымен естігім келеді деді.

Батыр қанша аңқылдағанмен Әбілқайыр әлі сыздап отыр. Сенерін де, сенбесін де білмей отыр. Сенейін десе — бәрі жайбарақат. Сенбейін десе — айтып отырған басқа емес Бөкенбай.

— Башқұрт, қалмақ жайында ештеңе айтпады ма?

— Жоқ.

— Өзіңіз ештеңе демедіңіз бе?

— Ау, «әуелі, қалай қабылдар екен, қабағына қара; Өзі бастамаса, бастама»,— демеп пе едіңдер...

— Иә деуін дедік қой. Сонда да сыр тартып көрмедің бе?

— Тәйірі-ай тап осы жолы абыржытатындай ештеңе жоқ. Бұл сапардан абыройың аспаса, түспейді...

Батырдың бұл сөзіне хан жадырамады. Қайта түнере түсті.

— Жәдік балаларын неге шақыртыпты?

— Олар Ор бойына бармайды. Оған кеткен шабарманмен жол бойында жолықтың. Таймастың танитын башқұрты екен. Әбілмәмбет те, Әбілмансұр да жер-аяғы қашықтығын сылтауратты деді.

Осы жерде ғана Әбілқайырдың көзінің алды бір бұлк етті.

Батыр мәз-мейрам қайтқанмен, хан серпіле алар емес. Ақ қаптал ұлық аңғал батырды алдап жібермесе не қылсын...

Арада апта өтпей жатып, Ор бойы жақтан тағы да бір айғыр топ көрінді. Орталарында — баяғы кекірейген кексе ноғай мен Таймас. Олардың да екі езулері екі құлағында. Тәтеш мырза Ор бойына келіпті. Келген бойда аманаттағы Ералы ханзадамен жолығыпты. Ханзада ақ патшаға адалдығына тағы да ант беріпті. Ұлық соның құрметіне ұлан-асыр той жасапты. Зеңбірек атыпты. Тағы да бұны мен балаларының атын ақ патшаның атына қосып айтып аспанды басына көтеріп айқай салыпты. Кексе ноғай құдды бір бәрі өз қалтасынан шыққандай Ералыға қандай сияпат берілгенін де жатқа біледі: қырмызы мата, алтын қамқа, күмістелген садақ, қара түлкінің терісі, аты ойылып жазылған күміс мөр, күмістелген жүген. Ұлулап-ақ бағыпты. Мына екеуі сол қонақасыда болып, бәрін өз көздерімен көріпті.

Екі мейман суырылып сөйлеген сайын хан түнере түсті. Мыналардың жылмаң сөзі күдігін көбейте түспесе, азайтпағандай. Патшаның ұлықтары Ор бойындағы Ералыны пәлен жыл бойы көрмей келіп енді көре қалғаны ма?! Бүгін нағып төбелеріне көтеріп отыр. Олары да бұған құрылған жібек тұзақ болмағай. Осылай алдап-сулап шақырып алып ит терісін басына қаптап жүрмегей...

Әбілқайыр екі елшіге ешқандай жауап бермей поден күн сарылтып жатқызып қойды.

Жан-жаққа ат шаптырды. Оңшең бір дарақыны жұмсаған ба, бәрі де танаулары желпілдеп, жер-көкке сыймай қайтады.

— Алдияр, шақшақ ауылы қатын-баласымен түгел бар десе де баратын. Бірақ жолдаса келгенде шоп Қошқардың балалары Жәнібек пен Тұрлығұлға, Бірқұртқа баласы Бөкенбайға, Тінеі баласы Шәлікке, Ұлықұл баласы Хәсенге, Арыстан баласы Келтеқараға, Аюп баласы Еділбайға, Ақназар баласы Жәнібекке, Жаманқұл баласы Базарға, Алдияр баласы Қара палуанға түсіпті.

— Ау, шақшақтан шақшақ қалмай түгел барады десейші!

— Қалған арғынның да қарап қалмас түрі бар. Саржетімнен Бұғы баласы Шағыр, Алдияр баласы Өмірзақ, Құттыбай баласы Қошшабай, тортуылдан Қареке баласы Тоқбура, алтайдан Мырзатай баласы Шоғырбай, қанжығалыдан Жәнібек баласы Қажығұл, Құлжамұрат баласы Байболат жолға әзірленіп жатқан көрінеді.

— Іргедегі қыпшақтан не хабар?

— Көлденеңнен Рысымбет баласы Төле батыр, Құбақай баласы Сатай батырлар, ұзыннан Ғабдрахман баласы Тілеулі батыр, Құттық баласы Қасымбет барады деп естідім.

— Найман қалай? Ол қалыңнан кімнің табаны қышып отыр екен?

— Қышығанда қандай! Ханға сәлем бермейтін Шүрек емес пе еді? Сол барам депті ғой. Байқұдайқұлдың ол баласы қозғалса күллі бура найман шабынып шыға келмес пе! Қондыбайдың Оразы да қопаңдап отыр деген.

— Бура серпілсе, қалған найман келесімен түгел жапырылды дей бер!

— Иә, солайы солай білем. Жанкісі баласы Қонақай, Қожакелді баласы Айтқұл, Алдияр баласы Кенжебай, теріс таңбалы Қожакелдінің баласы Сарықұл: «Жәдік балалары бармаса, өздері білсін! Біз қалмаймыз!» — десіпті.

Хан қабағын жадырата қоймаса да, бүйрегі бұлк ете қалды. Әлгі аталы ауылдардың Жәдік балаларына емес, бұған еріп барғандары қандай ғанибет болар еді. Сосын бұның Орта жүзге ықпалы жүрмейді деп кім айта алар екен!

— Ал Кіші жүз ауылдарының хабары қандай?

— Бай ұлының көп биі Нұралы ханзадамен бірге барады. Ол тарапта бұйдасын тартып шегініп қалатындар аз болар. Адай, Беріш, Ысық, Таз, Есентемір, Серкеш, Қызылқұрт, Таналардың хабарын не де болса ханзада Ор бойына барғанда біледі. Бұл төңіректегі бай ұлының ішінде алашадан Сейтімбет баласы Сейітқұлдан, Бұтпанай баласы Байсаудан, Құтты баласы Марқазыдан, Жаппастан Қашқын баласы Өтетілеуден, Байбөрі баласы Тоқбайдан, Масқардан Жәдік биден, байбақтыдан Жарас баласы Жарқыннан, Қанкелді баласы Қожағұлдан барамыз деген хабар бар. Олар осында соғып өзіңізбен бірге бармақшы.

— Табынан Жылкелді баласы Құлкелді, Жолболды баласы Төлебай, Хафиз балалары Жаманқұл мен Қонақай, Түкіман баласы Қалыбай, Жақсыбай баласы Сатай, Жәнет баласы Сәтібек, Амандық баласы Қуат, Қарымсақ баласы Көбек, Көшкінбай баласы Қаржаулар Бөкенбайдың ауылына жиылып жатыр деп естідік.

— Жағалбайлыдан Меңлібек баласы Серке батыр, Жұмыр баласы Тұрлыбай, Көкше баласы Жабақ, кердеріден Оразғұл баласы Хәкім, тамадан Сары баласы Атакөз, Омар баласы Қырбастар жолға қашан шығамыз екен деп сұратып хабаршы жіберіпті.

— Жетіру Бөкенбай мен Есет тұрғанда іргесін сетінетпей түгел барады ғой. Оған күмән жоқ. Ал осы аға балалары қалай екен?

— Әлімдерден бүгін таңда кетеден Рысай баласы Бестібайдың, Мамай баласы Игіліктің, шөмекейден Мәмбет аталық пен Бұрым баласы Серкенің ғана барамыз деген хабары бар.

Не де болса, қазақ арасының бір дүрлігуге дүрлігіп қалған сыңайы бар. Енді оны тоқтату да оңай болмас. Не де болса көреді дағы. Әйтеуір, жан-жағын жалаңаштамай ажарлы баратын түрі бар екен.

Осы айтылғандардың өзі жиылса да, аз айбын емес. Қалғандарын «жүре қой» деп қыстамайды да. Өздері күйлеріне қарасын.

Хан Ор бойынан келгендерді: «Алла жар болса, туар айдың бір жаңасында біз де төбемізді көрсетіп қалармыз»,— деген хабармен аттандырды.

Басқа ауылдағы дүрлігісте балақтарына сүріну көп. Тәйірі, қазақ арасының жиынына кім бармай жүр! Бас қаруынды асасың да, екі атыңды ерттейсің де, қасыңа бір балуан, бір әнші-жыршы, бір мешкейіңді ертесің де, бара саласың. Қандай үйге түсеріңді, кандай мүшені ұстарыңды ата-баба баяғыда-ақ белгілеп беріп кеткен. Сондықтан қазақ жиын мен барымтаға көп қинала қоймайды, түн ортасында шырт ұйқыдан тұрғызып алсаң да, көп әбігерленіп жатпай, «ат қайда?» деп міне салады. Ал орыстың ауылына, оның ішінде де ақ патшаның ұлығының алдына кім барып көрген? Қай ауыл қайтып киініп барайын деп жатыр екен? Қай ауыл қандай ат мінгелі жатыр екен? Пыш-пыш тағы да көбейді.

Жұрт бұрын орыс арасына барғандарды іздетіп алдырып ақыл-кеңес сұрайды. Олар қайда отырғызады, қандай тамақ береді, астан кейін бата жасай ма? Әйел мен еркек бірге тамақ іше ме, бәлек тамақ іше ме?

Итжеместің біраз дөрежесі өсіп қалды. Әсіресе, тамақ жағын айтқанда өзінің де екі беті бал-бұл жанып, шабыттанып кетеді. Көп қазақты дастархан басындағы жағдай онша қинай қойған тұрған жоқ. Қоюы болса — шайнайсың. Сұйығы болса — жұтасың. Жерге отырып жегенде не, тақтайға отырып жегенде не — ат үстінде жүрген қазаққа бәрі бір. Қол болмаса, шанышқысы —

оның да ретін келтірер. Бәрінен де қиыны — содан кейінгісі екен. Апырау, құдайдың кең даласы жетпейтіндей бір күркеге кіріп алып, өз деміңе өзің тұншығып отыратының жаман екен. Оның үстіне астың — терең қазылған ор дейді, табанында — тілдей тақтай... Бұларға о дүниеге барғанда уайым боп жүрген сират көпірден бұлар бұ дүниенің өзінде-ақ әр тойған сайын өтіп жүр екен ғой.

Олар Итжеместің жырын осылай түсініп, осылай дүрлігіп жатқанда хан орда тып-тыныш еді. Ұшқан шыбынның ызыңы естілмейді. Ешкімде үн жоқ. Дүниенің бәрі баяғыда-ақ бір мәңгілік ұйқының құшағына шомып кеткендей. Құлақ елең етер ештеңе жоқ. Қит етсе, алдында жатқан ақ жаймаға қырық бір жидеңің тасын шашып сап, көл шетінде қармақ салып отырғандай мүлгіп Әбілқайырдың отырысы анау. Қит етсе, көзін ешкімге көрсетпей сулап Бопайдың отырысы мынау. Ор бойына аттанатын күн жақындаған сайын айлапат ақ орданың ішіндегі колкөсір тұнық ауа айрандай қойылып ауыр тартып барады.

Хан бірдеңе деуге ханымды аяйды.

Ханымның не ойлап отырғаны белгісіз. Албыраған етжеңді әйелдің жүзі қуаң тартып, тұмсығының ұшы сүйірленіп кеткендей.

Қожахметпен екеуі де сөйлеспейді. Оған қарап бірдеңе деуге екеуінің де жүрегі шаншады. Қожахметпен сөйлесетін — нағашысы Мырзатай.

— Сұлтан, Ор бойына барасың ба? Әкең бірге алып барам деп жүр ғой?

— Е, онда не бар екен?

— Патшаның ұлығының жиынын көресің!?

— Ат шабыс бола ма?

— Ол арасын білмедім?

— Ендеше, бармаймын. Мен кетсем, жаңа үйретіп жүрген жорға тайым жүрісінен жаңылып қалады.

Нағашысы сөзден тосылып отырып қалады.

— Ол жиынға ақ патшаның қыздары да келеді дейді. Өздері хордың қызындай сұлу көрінеді.

— Злиханы ертіп барыңдар. Ертегі тыңдаған сайын хордың қызының тұлымшағы менің тұлымшағымнан ұзын бола ма екен деп сұрайтын.

Мырзатай абыржиын деді. Мына жиені тойды айтып еді қызықпады, қызды айтып еді, қызықпады. Бұл қазақ қызығатындай тағы не бар еді?

— Дастархан ағыл-тегіл дейді? Нені іздесең, соны табатын көрінесің?

— Әлгі Итжеместің мақтай беретін бұрыш қосқан кеудірлек наны бола ма екен?

— Болғанда қандай!

— Қанша сұрасам да бере ме?

— Бергенде қандай! Нан аямас-ау!

— Ендеше, барам. Қызын ұрайын, тәтті нанға бір тойып қайтайын!

Ор бойына аттанатын күн жақындағанның үстіне жақындай түсті. Жан-жаққа жолға шығатын мерзім дәл айтылып тағы да ат кетті.

Көп ұзамай төңіректен будақ-будақ шаң көріне бастады. Орда үстін тағы да ат қамады. Хан ру-рудың ауызы дуаларының алдына ертең патша ұлығымен болар жолығыстың өзі білетін жай-жапсарын тағы да бір пысықтап өтті. Онда іргелі елдің ноқта ұстарларына лайық зиялылық көрсетуге пәтуаласты. Қызылға ұрынғандай боп көрінбеу үшін өздері көп талап-тілек айта бермеуге келісті. Ал орыс ұлығы қойған талап-шарттарға: «Ләббай!»— деп бірден құлдық ұрмай, әуелі өзара ақылдасып, жай-жақты толғасып барып жауап берген жөн деп шешілді. Хан ұлықтың алдында өз сөзін бірден айтпай, ел жақсыларымен кеңесіп алып, ертеңіне айтатын болды. Ал билер ауылда жүргендегі әр тарап мінезді Ор бойында байқатпауға тырысуға сөз берісті.

Билермен, батырлармен іш ақтарысып алғасын Әбілқайыр көңілденейін деді.

Тек жүрер сәтте шыққан шырылдаған ащы дауыс аттанғалы тұрған айғыр топтың төбе құйқасын шымырлатып өткендей болды.

Ханзада екенін айтпай сездіретіндей қып, ежелгі дәстүрмен ішінде қызыл жебесі бар оқшантайын асынып жұтынып киінген Қожахмет әкесімен бірге Ор бойына аттанатын болғанына масаттанып, есіктен енді шыға бергенде біреу:

— Ойбай, бауырым-ау! — деп мойынынан құшақтай алды.

Омырауына сүңги сұғынып кеткен қарындасын тұлымшағынан танып:

— Мына қыз қайтеді-ай!— деп итеріп жіберді.

Злиха сонда да болмады.

— Қожахметжан-ау, енді қайтып көреміз бе, жоқ па-ау!

Кішкентай қыздың үлкен кісілерше аңырап қоя бергеніне жұрттың көзі дымданайын деді.

Әбілқайыр сазарып Бопайға қарады. Бопай қызарыңқы көзін бір қырын тастап көрмеген болды.

— Жарығым-ау, ол жақтағы күнің не болмақ?

Күлтеленген күміс жал арғымағына жетуге асығып тұрған бала сұлтан:

— Әке, мына қыз не дейді?— деп алая қарады.

Алқымын ғана қан теуіп қызарып, одан жоғары сілтіге салған сүйектей боп-боз болып тұрған Әбілқайыр естімегендей меңірейіп тұра берді.

— Жәй, сені қимаған ғой. Қояды ғой,— деді Мырзатай.

— Жә, балам, болды. Қайдағы жоқты айтпа!— деп Нияз сұлтан Злиханың арқасынан қақты.

Бірнеше адам маңдайынан сипап, арқасынан қағып алдап-

сұлын зерға ажыратып алған Злиха енді Тұяқты құшақтай алды.

— Қожахметжанның қасында өзің бола көр!

Тайланның баласы да сұп-сұр боп мелшиіп тұрған. Ештеңе дей алмай Злиханың арқасынан қақты.

Жолда жүргіншілер Дәурен биіктің басына соқты. Сол баяғы ай дала. Сол баяғы қызыл үйік. Сол баяғы қалай болса солай қауқита салған тарғыл тастар. Сол баяғы кімдікі екені белгісіз беймәлім қабір. Сайғағы әлдеқашан жоғалып, түнегендердің біреуі сойған қошқардың мүйізі жатыр. Шаңырақтай мүйізге құс саңғып тастапты. Тарғыл бүркіт ашық көкте сол баяғысынша сәндене шүйіп жүр. Әбілқайыр жан-жағына кезек-кезек телміріп көп тұрды. Ешқандай оқшау нышан байқай алмаған сияқты. Әлде бір жұмбақ леп оқыс лүп етіп жүрт ортасындағы Қожахмет пен Тұяқтың кекілдерін бір сипап өткендей.

Мұхамбет қожа тізерлей жүгініп отыра кетті. Айдалада түсініксіз қоңыр мақам сарнап қоя берді. Жұрт қол жайды.

Дәурен биіктен енді аттанып бара жатқанда Қожахмет әкесінен:

— Злиханы да неге алып шықпадың?— деп сұрады.

— Қыз баланы мұндай сапарға алып шықпайды. Қожахмет өзінің қыз бала емес, ұл бала екеніне масаттанғандай қасындағы Тұяққа құрағыта бір қарап қойды. Содан жол-жөнекей ештеңе сұраған жоқ.

Тек соңғы жолда түнеген күні ол:

— Әке, мынау кімнің дауысы? Злиха ғой! Артымыздан қуып келе жатқан болмасын. Естисің бе?— деп бірнеше рет шошып оянды.

Хан басын көтеріп алып жым-жырт жұлдызды түнге құлақ түрді. Әлдеқайдан бір талықсы үн келетіндей: «Ой, бауырымдап» шырылдап жылап келе жатқан қыз баланың дауысы секілді. Жылай-жылай қарлыққан, қажыған дауыс.

Әбілқайыр өз-өзінен күбірлеп кәлимасын қайырды. Таң атқанша көзі бадырайып ояу жатты.

Ор бойында да қарбалас. Татищев осында келгелі бір тыным тапқан емес. Кирилов бастап беріп кеткен бекініс бүгінде жермен-жексен. Бір кездегі зәулімдей жал-жал топырақ қоршаудың сұлбасы да жоғалған. Оның сыртындағы ат шапшытып өте алмас ор тауық секіріп өтетіндей тайыз жылғаға айналған. Соның бәрінің сыртынан қоршалған шетен шарбақ әлдеқашан құрап қалған.

Құпия советник Ордағы бекіністің мына сықпытын көріп, жылап жібере жаздады. Қамалдың сыртқы қоршау орын бес аршынға кеңітіп, үш саженге тереңдетіп қайта қаздырды. Жал топырақтарды бетінен шым ойып әкеліп бастырды. Бастиондарды қайта биіктетіп, тот басып қалған зеңбіректерін майлатып, жаңадан боятты.

Комендант Останковтың екі аяғын бір етікке тықты. Прото-

поп Антип Мартыновты қол-аяғына кісен кигізіп, шынжырлап көшеге байлап қойды. Ертең қайсақтар келіп жатқанда соларға көрсетіп мазақ етпек. Өзі бастық болғалы ақ патшаға үстінен түскен домалақ арыздардың біразының өшін солай қайырмақ. Қалам ұстай алатын қалған пысықайларды сүйтіп сескентпек.

Татищев қамалды бір ретке келтірген соң қайсақтардың игі жақсыларын қарсы алуға әзірленді. Баяғы отызыншы жылғы қарбаластан кейінгі құлшынып кіріскен бір ісі осы болды. Оның неге әкеліп соғатыны белгілі. Ал мына әуре-сарсаңның ертең неге апарып соқтыратынын әзір бір алла ғана біледі. Бірақ, ештеңеден аянбады.

Әуелі Тевкелев, Дьяков, Еділев төртеуі бір шатырға қамалып ап бірнеше күн отырды. Дьяковтың қолында — қалам, алдында — қағаз. Бір жағында — Тевкелев, екінші жағында — Еділев.

Қаршығадай шапшаң қимылдап, қақшаңдап сөйлейтін Татищев күні бойы екі аяқтың үстінде. Шатырдың ішін әрлі-берлі жөл қылды.

— Сонда хан қамалдан алыстау қосын тігіп тоқтайтын шығар?

— Әрине, солай.

— Әлде біздің лагерьдің ішінен ханға арнап шатырлар тіксек қайтеді? Бір рота құрметті қарауыл тұрғызамыз. Музыкамен ұйықтап, музыкамен оянады. Ондай қошамет хан тақсырға ұнайтын шығар.

— Бірақ, қасындағылардан бөліп әкеткеніміз қалай болар екен? Бұны басқа бір пиғылға жорып жүрмесе...

— Мүмкін... О да мүмкін... Бірақ, ондай шатырды тігуін тігейік. Кейін келгесін өзіне көрсетейік. Еркіне салайық. Ең болмаса, біздің ықыласымыздың қандай екенін білсін...

Құпия советник шабыттана сөйледі.

— Қосын тігіп бөлек жатса, онда ханды келген бойда біреу барып құттықтауы керек. Оған он шақты драгунды ертіп бір поручик жібереміз.

— Оныңызды місе тұтпай жүрмесе...

— Сонда қалай?

— Ірірек бір чин жібергеніміз дұрыс шығар.

— Жоқ, әуелі барып құттықтау керек, сосын тағы да барып ресми түрде лагерьге шақыру керек, одан лагерь шебіне жетпей тұрып алдынан барып қарсы алу керек, сосын бүкіл лагерьді санқа тұрғызып шерулетіп өткізу керек, келіссөз шатырының алдында аттан түсіріп алу керек, сосын шатыр ішінде біреу алдынан шығып қарсы алу керек... Соның бәріне үлкен чинді қайдан табам? Өйтетіндей мені бір фельдмаршал Миних деп отырсыңдар ма? Сондықтан әлгі айтылған рәсімдерге қатысатын адамдардың дәрежесі поручиктен бастап құпия советникке дейін біртіндеп өсіп отыруға тиістіміз. Сонда ханның біздің ықласымызға деген ризашылығы да бірте-бірте артып отырады.

Тевкелев пен Еділев «Бұл сөзінің де жаны бар екен-ау!» — дегендей бір-біріне қарасты...

Татищев шатырының іші қайта көсіп кетеді.

Сөйтіп төрт күн дегенде Әбілқайыр ханды қабылдаудың, Нұралы сұлтанның ант беруінің, қалған қазақ ру басыларының ант беруінің рәсімі тең-теріс қағазға түсті.

Дьяковтың маржандай қып жазған қағаздарын төртеуі бірінен-соң бірі шұқшиып бір-бір қарап шықты. Сосын бәрі жабылып даусыстап оқып көрді. Ең соңында: «Міне, енді дұрыс болды!»,— деген сөздер соң бәрі жамыраса күліп далаға шықты. Әлгі рәсімді қалай жүзеге асырудың әзірлігі басталды да кетті.

Екі өзеннің алқабын жарты ай бойына Татищевтың шаңқылдаған даусы басына көтеріп тұрды.

— Поручик! Сен, сайтан алғыр, қызға қырындап бара жатқан жоқсың. Ханға сәлем бергелі, лагерьге конаққа шақырғалы бара жатырсың. Білдің бе! Сондықтан бостан-босқа қоқилана бермей ізетті болуға тырыс. Ауызыңды ыржитпа! Тісіңді ақситпа!! Өйтіп өлген қарсаққа ұқсап ырсиып тұрсаң, хан қайын енеңнің сыбағасын бір беріп, қуып шығады...

— Майор, қасыңда капитан барын ұмытпа! Екеуіңіздің жүрісіңіз де, жүзіңіздегі күлкі де бірдей болуға тиісті.

— Абдрахманов мырза! Сіз қазір өзіңізді ахун екенмін деп сезінбеңіз, қайсақ жұртының ханы екенмін деп сезініңіз. Өйтіп қолыңызды қусырып бүкшие беретіндей, мешітке бесін намазға кіріп бара жатқан жоқсыз... Е, бәсе, кеудеңізді солай тік ұстаңыз... Міне, қатып кетті...

— Белосельский! Флоттың поручигі екеніңізді хан қайтсын! Қолтығынан демеп түсіріп ал! Қорықпа, ат сені жеп қоймайды!

— Ростославский! Ойбай-ау, хан сен емес, ол ғой! Сонша неменеге шірене бересің!! Ол сенің инженер-майорлығыңа пысқырмайды. Сызданбай, күле қара. Иә, солай! Әлі де еңкейе түс!

— Полковник Тевкелев, сіз тым емпендеп кеттіңіз. Ханды сағынып қалғаныңыз рас шығар. Бірақ бұл жерде сіз императрица алдиярдың биік дәрежелі ұлығысыз. Ізет көрсеткен дұрыс. Бірақ өз бағаңызды да ұмытпаңыз. Ұстамдырақ болыңыз. Сіздең гөрі полковник Еділев лайықтырақ па деп тұрмын. Ол ұршықтай үйіріле қалады екен!

— Сонымен ұмытып қалмаңыздар: ханды лагерьге шақыруға, поручик барады, шеттегі қарауылдың қасында оны жиырма төрт гренадермен, бір рота драгундермен майор мен капитан тосып тұрады, келіссөз шатырының алдында аттан флот поручигі Белосельский қолтығынан демеп түсіріп алады, үлкен шатырдың ішінде инженер-майор Ростославский, төргі шатырдың алдында не полковник Тевкелев, не полковник Еділев қарсы алады. Музыка хан Астрахань полкына жақындай бергенде ойналады, ал артиллерияның тұсынан өтіп, Сергеев полкына енді таяна бергенде салют басталады. Түсінікті ғой!

Қашан қамалдың күнгей бетіндегі шығыстан батысқа қарай көлденеңдей сұлаған қара жалдың басына самсап салт атты

қазақтар шыға келгенше Ор бойы осылай абыр-сабыр болды да жатты.

Айқай жалдың басына самсап шыға келген көп атты төбелерінен ойда-жоқта шатыр-шұтыр күн күркіреп өткендей:

— О тоба!— деп жағаларын ұстасты.

Мынандай салтанатты көрмегелі қашан! Көк жиекті бұлай шіреп толтырып жататын мұндай мың құбылған бояуды, мұндай көз жаңылар көрікті баяғыда замананың түзу уағында мамыр өте Сайрамдағы жиындардан көруші еді. Онда да сән мен салтанаттан тап осылай көз тұнушы еді. Бірақ, ондағының бәрі күнде көріп жүрген нәрселер болатын. Ал мынау..., мынау... Мұндай ажарды мына тұрған кісілер өмір бақи көрген емес. Анау көк ала аттың үстінде екі аяғы жер-көкке симай иреленген әзер отырған Есет жасырақ кезінде пәлен жыл қонтайшының тұтқынында болған. Жоңғарлар дыр-думанына да сән-салтанатты, қару-жарағы, жан-жақтағы жауларынан түскен тұтқындарын түгел шығарады екен. Есеттің де сондай талай жиында болғаны бар. Міне, оның да ауызы аңқиып ашылып қапты. Демек, мұндай көріністі ол да көрмеген.

Мынау Нияз сұлтан ана жылғы Петерборға барып келгенді дүниедегінің бәріне тұмсығын шүйіре қараушы еді... Біз баяғыда патшаға барғанда мұндайдың көкесін көргенбіз»... «Біз баяғыда да патшаға барғанда мұндайдың әкесіндейін жегенбіз... «Біз баяғыда патшаға барғанда мұндайдың бабасындайды естігенбіз»... «Тәйірі бәрі біздің баяғы патшаға барғандағымыздың қасында ғой дейсің!»... Аузын ашты-ақ айтатыны әлгі. Жұмақтың есігінен басын бір сұғып алып, қайта шығып кеткен адамша өз әңгімесінің өзі таңдай қата болатын да жүретін. Енді, міне, оның да көз шарасынан шығып кетіпті. Енді, міне, ол да селтиген сақалын тентек тоқалының бұрымындай шап беріп уыстап ұстап алыпты. Соған қарағанда, ол да патшаға барғанда талайды көргенмен таң мұндайды көрмесе керек.

Көп таңғала бермейтін, таңғалса да, таңғалғанын сездіре қоймайтын Жәнібектің өзі күн салып тұрғандай оң қолын көзінің үстіне қондырып алыпты.

Төмендегі айлапат қара ой көктемнің қызғалдақ, сарғалдағы жайқалып жаңа шыға келген кездегідей қызылды-жасыл құлпырып тұр.

Байыптап қараған кісіге тап көрмей жүрген ештеңе жоқ секілді. Шөп көрмеп пе, су көрмеп пе, төпырақ көрмеп пе, ат көрмеп пе, адам көрмеп пе, қызылды-жасыл шатырлар мен қызылды-жасыл киім көрмеп пе...

Бірақ бәрінің басы қосылып тап мынандай сирек сұлулық құрағандығын көріп тұрғандары осы.

Мұндай жарасымды құдай тағала жасаған шөптең, гүлден көріп жүргендері бар.

Ал тағы сондай сұлулық, сондай жарасымды адам көзапара қолдан жасап тұрғандығын көріп тұрғандары осы.

Мұндай ажарды ісмер адамдардың қолынан шыққан кілемнен көріп жүргендері бар.

Бірақ, бір төрге жеткізіп жіптен емес, көз жетер кең дүниенің бәріне толтырып мың-мың адам, мың-мың аттан жасаған қырық толқып, тербеліп, құлпырып тұрған жанды кілемді көріп тұрғандары осы.

Жақында ғана Тәтеш мырзаның қасында болып кеткен Бөкенбай батыр да мұндай ештеңе көріп келдім деп айтпап еді.

Соған қарағанда, осының бәрі сол жарты айдың ішінде жасала қалғаны ма?!

Сонда осының бәрі бұлардың, Әбілқайыр ханның құрметіне арналып істеліп отыр ма?!

Жұрт тілін жұтып қойғандай. Әбілқайыр да жұтып қойғандай. Тек телмеңдеген екі көз тыныш табар емес.

Екі тараптан орағыта ағып келіп аша жасап тоғысқан Ақ Жайық пен Ордың өне бойы иін тірескен салт атты. Жайық бойындағылар қылыштарын қынабынан суырып, жалт-жұлт жалаңаштап шаншыла-шаншыла қалыпты. Ор бойындағылар көк сүңгілерін көкке шаншып сәндене сыздия-сыздия қалыпты. Ақ алмас пен айнадай қып жалтырата тазаланған көк сүңгі мың-мың шырақ жағып қойғандай жарқ-жұрқ етіп көз қаратпайды.

Аша түбектегі бекіністі де тап сондай жарақты аттылар шыр айнала қоршап тізіліп тұр. Олардың да жүгендері, үзеңгілері, ықтары, бас киімдерінің маңдайлары, қарулары бір-бірінен қалыспай жарқ-жұрқ етеді.

Бекіністің арғы жағындағы көне моланың көк желкесінде де иін тірескен салт атты.

Көп салт аттыдан әрмен жер түбінен сәңкиіп көрінетін жапажалғыз өркеш төбенің басында сегіз қанат екі үйді қабаттап тіккендей үп-үлкен бірдеңе ағараңдайды. Әрлі-берлі қозғалып шайқалақтап тұр. Онысы ақ патшаның туы деседі. Болса болар... Екі жағынан екі зеңбірек көлденеңдей сұлапты.

Ордың бергі бетіндегі көгал жазыққа бір қатарын өңшең көк, бір қатарын өңшең қызыл күрең қылып көше-көше етіп тігілген көп шатыр көздің жауын алады. Көше-көшелерде қаздай тізіліп қақшиып-қақшиып тұрған бір адам. Бәрінің де үсті-бастары жалт-жұлт етеді. Бәрінің де үсті-бастары қызылды-жасылды. Адамдар емес, қызылшыл бала қыздар қолдан жасаған қуыршақтар секілді.

Шаршылап тігілген қосынның жан-жағы самсаған зеңбірек. Бәрінің де ауыздары үңірейіп, бүйірлері күнге шағылысып жарқырайды.

Бұлар тұрған қара жал мен қосынның арасында тағы да бір қара-құрым нөпір тұр. Ол — қарауыл. Ондай қарауыл жан-жақтағы алыс-алыс жалдардың бәріне де қойылыпты.

Мынау қызылды-жасыл, жарқ-жұрқ әлеміш дүниені не деп ұққандары жөн. Бұлардың көңілін аулаған қошаметі ме, көзін

арбаған айла-шарғысы ма, жоқ жүректерін сескендіргілері келген қыры ма... Жоқ, соның бәрі де ме? Мына кең дүниеде бір-бірінен аумайтын екі шөп бар болса бар шығар, екі тас бар болса бар шығар, тіпті, кім-біліпті, бір-бірінен аумайтын екі ат, екі ит, екі хайуан да табылып қалар. Бірақ, тап сондай екі адам таптырмайды, екі жұрт таптырмайды, екі ел таптырмайды. Сондықтан олар әуелі тілдеспес бұрын сынасады. Бір-бірінен ақылдырақ, дәулеттірек, айбындырақ, ажарлырақ болып көрінуге тырысады. Құдайдың құс екеш құсы да бір-біріне үсті-бастарының жұлмажұлма боп азған-тозған кездерінде емес қауырсындары қайта түлеп ажарланған кездерінде қырындайды. Қырындамай тұрып, ажар салыстырып, айбат салыстырып, қылық салыстырып алмай тұрып олар да қауышпайды. Сондықтан бұрын-соңды бір табақтан ас ішіп көрмеген екі халықтың, екі елдің де арасында тап сондай қылымсу, кісімсіну бола беретіні түсінікті жәйіт.

Бірақ мынау аспан астын шірей толтырып жатқан ақтылы-қызылды әлеміш дүниеде не басым? Қошамет пе, айла-шарғы ма, айбын ба? Не? Жоқ, әлде қошамет боп көрінген айбын ба? Айбынды қошамет қып көрсеткен айла-шарғы ма? Не?

Сол сұраққа жауап таба алмай тұрып бұлар анау әлекей-күлекейдің арасына қайтып аяқ баса алады? Ондай менменсіген дәулет пен айбынның алдында қайткенде еңсесін жықпай өте алады? Қайткенде күлкіге ұшырамайды?

Адам байғұсқа аттап басқанның бәрі сын. Бұл түгілі ертең жып беріп өз құшағыңа кіріп келгелі тұрған қалыңдығыңның ауылына жан-жағыңа жалтақ-жалтақ қарап әзер аттайсың? Соның өзінде талай күлкі, талай күстана естисің?

Бұрын-соңды аяқ-табағы араласа қоймаған екі ауылдың арасында сонша өткелек тұрғанда, мынау бірі үлкен, бірі кіші, бірі көп, бірі аз екі елдің арасында қанша өткелек тұр десеіші?!

Соны ойласа, сонау шұқыр ойдағы әлеміш дүние сыйлы қонақ күтіп тұрған ел емес күмп беріп қойып кетуге тәуекелі жетер ме екен, жетпес пе екен деп сынап жатқан тұңғиық көл сияқты. Балақты түріп қойып кеткеннен не шығады? Арғы бетке малтып өте аласың ба, жоқ орта жолда құрдым түбіне жым батып кете барасың ба? Батпас үшін жасар айла-шарғың, амалың қайсы?

Мұндайда қазақ нар тәуекел деп қойып кетеді. Ондай нар тәуекел талай ордан өткізіп те жүр, талай сорға жықкызып та жүр. Қазір нар тәуекел атты нар тайлақтың өркешіне де абайлап жабыспаса болмайды.

Хан ойланып тұрып қалды.

Соны сезгендей төмендегі алабажақ алқаптың әлде бір жерінен сырнай сыңсып, керней құйқылжып, дабыр-дүбыр дабыл қағылып қоя берді.

— О тоба!— деп жұрт тағы да жағаларын ұстады.

Қазақ қолы сол араға қосын тігіп жайғасатын болды. Әп-сәтте-ақ айқай жалдың басында ақ жұмыртқа ауыл самсап қона

қалды. Жер түбінен бірін-бірі ымдап шақырған екі қосын жер түбінің бірінің бірі қалт еткенін қағып жібермей ішіп-жеп барады.

Түс ауа ойдағы алабажақ қалыңның арасынан бір шөкімдей алабажақ шоғыр бөлініп шықты. Бәрінің де үсті-бастары көздің жауын алып жалт-жұлт етеді. Сол жалт-жұлт еткен қалыптары айқай жалдың басындағы қазақ қосына бет түзеді. Қара жолға жақындаған сайын жүрістері жайлап, құрдымдана, қораштана түсті. Айқай жалдың басында самсап тұрған қыл жалауы қолдың мысы басып, қақ ортасында ханның сары ала шатыры жалтыраған ақ жұмыртқа ауылға мысық табандап жақындап келеді.

Қосындағылардың бәрі түп-түгел далаға шыққан. Бәрінің көзі жақындап қалған шағын топта.

Шағын топтың алдында — екі иығына зер шапақ секілді бірдеңелерді күлтелендіріп тағып алған алтын иық, алтын жаға жас жігіт. Екі беті шырқау көктен шырқай қараған күн нұрынан екені, жоқ қарсы алдынан қаумалай тұрып алған бөтен жұрттың көз нұрынан екені белгісіз алмадай боп албырап қызарып келеді. Соңында — дәл өзіндей үлбіреген жиырма жігіт. Бәрінің де киген киімдері біп-бірдей. Бәрінің де ер-тұрмандары біп-бірдей. Бәрінің жүзіндегі күлкі мен қымсыну да біп-бірдей.

Топ ішінен біреу күңк етті.

— Бірінен-бірін өткізіп жұтынтып қалай тапқан!

Жұрт жымсия күлгендері болмаса, дымдарын шығармай, тым-тырыс тұр.

Шағын топ соңдарындағы артынып-тартынған үш арба жетісіп болғанша қаздиып-қаздиып тұра қалысты.

Бас-аяқтары түгел жиналып болғасын топ алдындағы бүлдіршіндей жігіт саңқылдап қоя берді.

— Қырғыз-қайсақ жұртының аса қадірлі ханы Әбілқайыр Мұхамбет Қазы Баһадүр хан, қырғыз-қайсақ жұртының аса қадірлі билері мен батырлары, Сіздерді Орынбор комиссиясының бастығы зор мәртебелі Құпия советник Василий Никитович Татищев тақсыр ұзақ жолдан аман-есен жетулеріңізбен шын жүректен құттықтап, жаратқан иенің айырықша сүйіспеншілігіне бөленген нұр сипатты, шарафатына шек жоқ мейірбанды падишамыз, күллі Россияның, Москваның, Владимирдің, Новгородтың таж иесі, Қазанның патшасы, Астраханның патшасы, Сібірдің патшасы, Псковтың билеушісі, Смоленскінің ұлы княгинасы, Эстонияның, Лифляндияның, Карелияның, Тверьдің, Угордың, Пермнің, Вятскінің, Болгарияның және де басқаларының ұлы княгинясы, Новгородтың, Низов уалаятының, Черниговтың, Рязанның, Ростовтың, Ярославльдің, Белоозерскінің, Удордың, Обдордың, Кондинскінің және де жалпақ Терістік елдерінің әміршісі, Иверия жерлерінің, Карталинск және Грузия патшалықтарының билеушісі, тағы да басқа талай елдер мен жерлердің тажы мен тағының ұлы иесі алдияр тақсыр императрицамыз

Анна Иоановна ағзамның атынан Орынбор бекінісіне қонаққа келуіңізді өтінеді.

Жұрт сілтідей тынып қалған. Шыдамсыз біреуі:

— Құранның ежігіндей шұбыртып тұрған әлгісі немене?— деп сұрады.

Соны естіп қалғандай жап-жас татар тілмаш қазақшалай бастады. Бәрібір сол «қонаққа шақырамыз» дегеннен басқа ештеңеге ешкім дұрыстап түсінген жоқ. Бәрінің көзі ханда. Хан меңіреуленіп алғандай үндемеді. Бәйбек төлеңгітке иегін қақты. Ор бойындағылардың оның кім екенін білетінін біліп әдейі жұмсап тұр.

Бәйбек төлеңгіт мұрты едірейіп ортаға шықты.

— Қазақ халқының алдияр ханы Әбілқайыр Мұхамбет Қазы Баһадұр тақсыр жауабымды не құпия советниктің өзіне, не тілмаш Мәмбет Тевкелев мырзаға айтам деп тұр!

Онсыз да инедей болып қызарып тұрған жас жігіт одан сайын өртеніп кете жаздады. Бірақ сыпайы қалпынан танбай басын иіп тағзым етті.

Шағын сары ала топ сол нық басқан күйлері кері қайтты. Үш арба қазақ қосынының қасында қала берді. Оның азық-түлік екенін білетін Бәйбек пен Итжемес білектерін сыбанып іске кірісіп кетті.

Қазақ қосыны әлгінде ғана өздерінде болған шағын топты өз қосындарына жеткенше көз жазбай бақылап тұрды. Ол күні орыс қосынан сосын қайтып бұлай қарай аяқ серіпкен ешкім болған жоқ.

Әбілқайырдың кірпігі айқаспаған тағы бір ұйқысыз түн өтті. Ертеңіне таңертең хан шатырына Жәнібек, екі Бөкенбай, Есет, Шүрек бастаған он екі биді жиып алды. Олар ханның кешегі қылығын мақұлдады. Орыс қосынынан келетін ендігі елшімен бірге отырып сөйлесетін болып пәтуаласты. Түске дейін екі қосынның арасында әрлі-берлі беттеген ешкім көрінбеді.

Түс ауа құдайдың күні шыжып кетті. Аспан жерге айналып түсердей. Лүп еткен леп жоқ. Соны сылтауратты ма, орыс қосынынан ол күні түс қайта да бұлай қарай ешкім беттей қоймады. Төтеш мырза ханның жүйкесін сынап көрмек. Сынаса сынасын, бұпысын да көріп алдық...

Әбілқайыр ол түні жайбарақат ұйықтап шықты. Ертеңіне тұрып алып қосынның үйлерін бір шетінен жайлап жықтыра бастады. Жігіттерінің де бір қатарын аттарына мінгізіп әлдеқайда жұмсап жатты. Қазақ қосынында абыр-сабыр жүріс көбейді. Оған төмендегі алабажақ алқаптағы дүрбі салып отырған патша ұлықтары түгілі кейбір қазақ ру басыларының өздері түсінбей қалды. Бірінен соң бірі ортадағы хан шатырға кіріп-шыға бастады.

Әбілқайырдың қасындағы он екі бидің беттері бұлк етер емес.

— Сұрап қайтесің, айтқанды істесейші!

Оны да хан айтпады. Иә екі Бөкенбайдың бірі, иә Есет дұңк ете қалады.

Ештеңеге түсінбеген билер ықтарын қайқаңдатып сыртқа қайта шығып кетеді.

Қазақ шолғыншылары да қарап жатқан жоқ. Жал-жалдың тасасымен орыс қосынына таяу-таяу жерлерге барып, онда не болып жатқанын барлайды. Орыс қосынының қақ ортасында да бір-біріне жалғастыра тіккен екі айлапат шатыр бар екен. Оған да абыр-сабыр кіріп-шығушылар көп екен. Түс қыңа шатырдан бір топ сары ала ық ұлықтар шықты. Соның біреуіне күміс ертұрманды ат әкелінді. Орта бойлы етженді ұлықты бір жас жігіт қолтығынан демеп ерге қондырды. Ол шығарып салып тұрғандармен оң қолын жоғары көтеріп қоштасты. Оған бірдей киініп, бірдей ат мінген жиырма шақты адам ерді.

Сап-сары ала жаңа шоғыр топ алабажақ алқаптан сытылып шығып айғыр жалдың басындағы абыр-сабыр қазақ қосынына бағыт түзеді.

Қыр басындағы қосын сол баяғы абыр-сабыр қалпы. Біреулері үй жығып, біреулері түйелерге жүк артып, үшінші біреуларі қақ ортадағы сары ала шатырға кіріп-шығып ерсілі-қарсылы сенделіп жүр.

Тайпалта жорғалаған жиырма атты тіптен тақап қалғанда қосындағылар жапа-тармағай сыртқа шықты. Ең соңынан сары ала шатырдағылар шықты. Омырауларын теріскейге тосып, алшыпып-алшыпып тұрысты.

Жаңа шоғыр жақындай түсті. Сыртқа шығып күтіп тұрғандар бірден таныды: қақ алдындағы жалы төгілген сары атты баяғы тілмаш Мәмбет мырза.

Сары ала шатырдан шыққандар ықтарындағы жібек желең шапандарының жағасын бір тартып қойды.

Мәмбет мырза бастаған топ қосын сыртындағы мама ағашқа жете бергенде бір топ жас жігіт қарсы жүріп барып, сары аттың несін ат үстінен көтеріп алысты.

Ығы-жығы жұрттың ортасындағы он екі би опырыла қозғалып барып сары ала ық ұлықты бірінен соң бірі құшақтап көрісті.

Әбілқайыр хан мен Нұралы сұлтан бастаған игі жақсылар сый ұлықты ортаға алып сары ала шатырға кірді.

Төрге шығып жайғасқан соң Мәмбет мырза үй-ішіндегілерге тегіс көз жүгіртіп амандық-саулық сұрады. Отырғандар: «Шүкір, шүкір!» — десті.

Әбілқайыр хан Мәмбет мырзаны үй-ішіндегілермен таныстырды. Аққаптал мырза әрқайсысының аты аталған сайын басын иіп оң қолын көкірегіне басып құлдық ұрып қалды.

— Бек жақсы, білем,,,

— Бек жақсы, білгенде қандай!..

— Бек жақсы, естуім бар!

Бұл мырзаның мына отырғандардан білмейтіні жоқ болып шықты.

Патшаның ұлығы қымыз ішіп сусын басқан соң сөз бастады.

— Үй жығып жатқандарыңыз қалай?

Отырғандар көздерінің астымен бір-біріне қарасты. Әбілқайыр үндемеді. Жәнібек жауап берді.

— Хан шатырының қасын бықынатпайық деп қосынның жартысын бір жал кейін шегіндіріп қондырғалы жатырмыз. Нұралы сұлтанның шатыры сонда болады.

Отырғандар тағы да бір-бір қарасты,

Патшаның ұлығы: «М...»..,— деді. Біраздан соң қайтадан сөз тартты.

— Құпия советник хан шақырып жатыр деген соң мені осында жіберді. Не дегіңіз келіп еді, құрыметті хан!

Хан:

— Шақыртқаным рас. Ақ патшаның ұлығымен болатын әңгіменің жай-жапсарын алдын-ала біліп алғым келді. Оның үстіне менің қасымдағы игі-жақсылар болашақ жолығыстың қандай рәсімен өтетінін білгілері келеді.

Тевкелев күле сөйледі.

— Патша ұлығы Сізді Ресей мемлекетінің әрі сенімді боданы, әрі сыйлы мейманы ретінде қабылдайды. Мынау салтанатты қосын да сіздің келу құрыметіңізге тігілді.

Үй-ішіндегілердің сынампаз көздері тағы да бір-бірілеріне сүйкеніп өтті.

— Қайдам, бізден де басқа күткен сыйлы меймандары болып, оны білмей ерте келіп қап, ыссылай сұғынып жүрмес пе екенбіз деп, аңыс аңдап отыр едік.

Ханның байыпты жауабының ар жағында кекесін жатқанын бірден сезген Мәмбет мырза:

— Императрица ағзам үшін қырғыз-қайсақ жұртында сізден қадірлі мейман болуы мүмкін емес,— деді, ерініне күлкі үйірмей байсалды сөйлеп.

Отырғандар бір қозғалақтап қалды.

Хан сол сұп-сұр қалпы.

— Қайдам, ...Ертіс бойына кеткен бір шабармандарыңыз әлі орала алмай жатыр екен деп естіп едік.

Тевкелев тағы да ұяңдау бір жымсиып қойды.

— Жер мойыны қашықтығынан Әбілмәмбет және Әбілмансұр сұлтандар биыл келе алмапты. Олар келесі жылғы жиында ант береміз деп уәде етіпті.

Отырғандар сілтідей тынған сұлқ қалпы. Бұл жолы Әбілқайыр да үндеген жоқ. Иір мойын Есет басын көтеріп алды.

— Халық айтса қалп айтпайды деген рас екен-ау! Ертіс бойына да шақыру кетті дегенді естігенде қайран қалып едік. Ақ патша олардың қай еңбегіне бола елпектей қалды екен дәушілер де табылып еді. Сөйтсе, бәрі рас әңгіме екен ғой!

Енді Тевкелев қозғалақтап қалды.

— Рас. Әбілқайыр хан мен қазақтың бір топ игі жақсыларының ақ патшаның алдында адал болуға ант беруіне арналған салтанатты басқа да сұлтандар көрсін дедік. Егер қаласа, олар да ант берсін дедік. Біз бірақ ұлы императрицаның алдында кімнің қандай еңбек еткенін ешқашан шатастырмаймыз. Әркімге сол

еңбегіне қарай лайық құрмет көрсетіледі. Біз үшін Әбілқайыр ханның орыны бір бөлек те, қалған сұлтандардың орыны бір бөлек. Сондықтан әр қайсысынан әр уақытта әр қилы рәсім бойынша ант алынады. Орыс өкіметі ондай мәселеге аса үлкен жауапкершілікпен қарайды.

Еңгезердей Бөкенбай гүр ете қалды.

— Әй, бәсе, кешегі балалар бірдеңені шатастырып жүр-ау деп ойлап едім. Соным дұрыс боп шықты гой! Қазақ жұртының алдияр ханын қонаққа шақыруға қайдағы бір үрпек бас қайдан жұмсалсын! Әлгі үрпек бастар қазақ қосынына азық-түлік апарып бер деген сөзді қонаққа шақыра кел деп айтты деп қате түсінген екен де. Бала соққан кездіктің басы жарық деген әңгіме осындайдан қалған гой.

Тевкелев құлағына дейін қызарып кетті. Алқымына әлдене тығылып:

— Мүмкін... О да мүмкін...— деп күбірледі, өз-өзінен қылғынып.

Отырғандар өзді-өзді айдынданып иықтарын қомдап-қомдап қойысты. Манадан бері сөзге араласпай отырған нарт күрең Шүрек тамағын кенеді.

— Сонда әлгі рәсімдеріңіз бойынша ертең Тәтеш мырза ханға келіп сәлем бере ме, жоқ хан Тәтеш мырзаға барып сәлем бере ме?

Мәмбет мырза ауызын ашам дегенше, Жәнібек батыр алдын орап кетті. Бұрын оның мұндайын көрмеген үй ішіндегілер таңдана қарасты.

— Тәтеш мырза өзі келмесе, алдияр хан қайдан барсын. Ханның аты хан. Ұлықтың аты ұлық. Ор бойына ақ патшаның өзі келіп жатса бір жөн. Хан ұлыққа барып сәлемдесіп не көріпті? Ондай біздің үрдісімізде жоқ. Қазақтың елінде осы отырғандардың бәрі де бір-бір Тәтеш мырза. Тәтеш мырзаға сәлем керегіп отырса, кез-келгеніміз бара саламыз. Ал ханға ондай қолқа жүрмейді.

Жалт-жұлт тез сөйлеген Жәнібек батыр жалт-жұлт тез қимылдап шақшасынан насыбай төгіп тіліне басты.

Оның мына жауабына Мәмбет мырза қатты тосылып қалды.

Үй ішіндегілердің де шықшыт сүйектері бүлкілдеп ширығып отырғандары бірден байқалды.

Әбілқайыр түк болмағандай бейжай қарайды.

— Құрыметті хан Ор бойына құпия советник Татищевке сәлем беру үшін бармайды, ұлы императрица Анна Иоановна ағзамның туының алдына адалдыққа ант беруге барады. Зор мәртебелі Татищев мырзаға келетін болсақ, ол құрыметті ханның өзі келіп сәлемдесуін талап етпейді. Россия мемлекетінің үрдісі бойынша бодандармен келіссөз олар ұлы императрица ағзамның алдындағы бағыныштылық рәсімін жасап, құран сүйіп, ант қағазына қол қойған соң барып басталады. Ал келіссөздің екі қосынының екеуінде де кезек пе кезек отуіне ешкім де қарсы емес. Он-

дай жағдайда Татищев мырза хан шатырында өтетін мәжілістерге қуана-қуана келетін болады.

Отырғандардың көзінде әлгінде ғана жылт ете қалған әзәзіл ұшқын лезде сөніп қалды. «Енді қайттік?» — деген аңтарылыс сезілді.

Хан мәжілістестерін бір-бір шолып өтті. Сосын тамағын кенеп сөз бастады.

— Гәпке енді түсіндік. Әу бастан осылай анықтап айтылғанда бұл әңгіме шығар ма еді, шықпас па еді?— кім біліпті. Енді екі жағымыз да ойымыздағыны айттық. Қадірлі билердің сөрін де ескеріп, жан-жақты таразылап, өз тұжырымдарын айтуға жағдай жасайық. Бүгін айтыңдар деп асықтырмайық. Ал маған келсеңіз, менің сөзім — осы отырған игі жақсылардың сөзі. Олардың сөзі —патша ағзамға бодан болып отырған қазақ жұртының сөзі. Сондықтан осы алқалы топтың айтары менің де жауабым болады. Тәтеш мырзаға да соны солай деп айта баруыңызды өтінемін. Қазір, Мәмбет мырза, сізді де көрмегенімізге көп болды, бізбен бірге отырып дәм татыңыз.

Отырғандар жапатармағай бас изесті.

Тевкелев мырза қонақасы жеп кешқұрым аттанды.

Ертеңіне екі тарап та бір-біріне қарай аяқ серіпкен жоқ.

Оның ертесіне де дәл солай болды.

Ал үшінші күні...

Ол күнгі оқиғалардың бүге-шігесін екі жақ та көз жазбай бақылап отырды.

Айғыр жолдың басындағы аламан сары сәскеде атқа мінгенде төмендегі қос өзеннің қолатындағы анада келген күні олардың бірден қайран қалдырған алабажақ көрініс сол қаз-қалпында қызылды-жасылды құлпырып тұр еді. Олар кешелі-берлі екі жақ бір-біріне аяқ серіппеген күндері де ертеден қара кешке таң осылай міз бақпай тұрып алған-ды.

Шығыс жақтағы алыс жалдардың әлде бір тасасынан жарқырап шыға келген жазғы күн жердегі мынау салтанаттың көктегі жаңғыз қазысы өзі болғасын ештеңені қағыс қалдырмай түгел көріп алғысы келгендей төбеге ентелей тырмысып, жоғарылап барады.

Қазынып-қазынып сапқа тұрған сары ала қазақ қосынынан жүз елудей кісі төменге беттеді. Қалғандары қыл жалауларын жалбыратып қара жалдың басында тұрып қалды. Олар — Ор бойындағы жолығысқа жиналған қазақ билері мен батырларының атқосшы нөкерлері. Ал өңшең тайпалған жорға мініп төмен қарай сорғалай құлап бара жатқан сары ала топ — сол ант беруге келген игі-жақсылардың өздері. Бәрінің күмістелген ер-тұр-

маңдары, үстеріндегі желең қамқа шапандары, бастарындағы зер салып оюланған шақшиған-шақшиған күмбез қалпақтары күнге шағылысып жалт-жалт етеді. Сондай әрі айбынды, әрі ажарлы сары ала топ жарқ-жұрқ етіп орындарынан енді қозғала бергенде, ойдағы оларды көз жазбай бақылап тұрған көп керней, көп сырнай құйқылжыта сайрап, көп даңғыра-дабыл жер-көкті басына көтеріп дүбірлете жөнелді.

Ондай абыр-сабыр қас қағымда қайта басылып, төңірек құлаққа ұрған танадай тынып қалды.

Жалдан құлап келе жатқан айғыр топтың алдындағы үш ақ боз — Әбілқайыр ханның айыр шашақ туы.

Тудан кейінгі бірінен бірі өткен екі тұнық көктің үстіндегі екі алтын айыр қалпақ — хан мен Нұралы сұлтан. Олардан кейінгі екі көк атты — Нияз сұлтан мен Қожахмет сұлтан.

«Арқар» ұрандылардан кейін бірінен бірі өткен ақтығы сүттей, сұлулығы сүліктей он екі ақ боз — ұлыс бегі билер мен батырлар.

Олардан кейінгі қалың баран атты — қалған игі жақсылар.

Хан тобы екі қосынның қақ ортасында оқшау шұбырытып тұрған салтанатты қарауылға жете бергенде орыс қосыны жақтан жалт-жұлт етіп қарсы алушылар тобы да жетісті.

Қылыштарын жалаңаш ұстап сымдай тартылып тұрған қаһарлы саптың алдында атын билетіп қақшаңдай басып келген едірең мұрт сары ала иық сардар шаңқ етіп ақырып жібергенде онсыз да қаншырдай қатқан жарау аттар мен жіптіктей жігіттер одан сайын тебен инедей шаншылып тікірейе түсті.

Шаңқылдақ дауыс енді бұған бұрылды. Саңқ-саңқ етіп бірдеңе деді. Ұрсып тұрған кісідей өжең-өжең етеді. Дәу де болса, сәлемдесіп тұрғаны шығар деп ұққан хан қолын көкірегіне апарып басын иді.

Жан-жағын қоршап тұрған жалаң қылыштардың өңештері жыртылғанша өкіреңдеп бақырып-шақырып ала жөнелгендері.

Мына шуылдаққа не деп жауап берерін білмей абдырап қалған ханның қасына бір жылмаңдаған қара торы жігіт жетіп келді. Күлімдей қараған көкшіл көзі қазақ емесін аңғартып тұрғандай.

— Құрметті хан, бұлар орыс ғаскерінің салты бойынша сізге қошамет білдіріп жатыр.

Сыпайы хан сырын алдыртпай, ризашылығын білдіріп, үстіүстіне басын иді.

Әбілқайырдың бір жағына әлгі едірең мұрт сардар, екінші жағына әлгі жылмаң жігіт келіп тұрып алды.

Нұралы бір ат бойы кейін шегінді. Оны да екі жағынан екі кісі кеп қоршай кетісті.

Едірең мұрт сардар ырсаң-ырсаң күле береді. Жылмаң жігіттің ауызы жып-жып етеді.

— Құрыметті хан, патша ғаскерінің сіздің келуіңізге бағыштаған салтанатты шеруі осы арадан басталады.

Сұл-ақ екен сәкірейген едірең мұрт сардардың ащы дауысы қайта саңқ ете қалды.

Оны естігенде тек ол ертіп әкелген сары ала иық әскер ғана емес, бұған еріп келген қазақ билері де дір ете қалысып, біреулері «о тоба» деп, біреулері «пә, бісміллә» деп бойларын тіктеп-тіктеп ала қойысты.

Шерудің қақ алдында сирағы серейген тұрқы ұзын ат мінген еңгезердей біреу тұр. Қолында — көк тіреген көк сүңгі. Басында шошақ төбе биік дулыға. Бұтында— сыптима ақ шалбар. Балағының қос қапталын тізелікке жеткенше жылтыратып түймелеп тастапты. Үстінде — омырауын үш қайтара түймелеп тастаған тік жаға айқара қаусырым қызыл қоңыр кеудеше. Бір жақ қапталында — жарты құлаш ай селебе қылыш. Екі иығы, омырауын айқыш-ұйқыш ораған белбеуі, жеңдерінің ауызы мен үзеңгіні көме тоқтаған сыптима балағының қос қапталы, қылышы, дулығасы, көк сүңгісі — бәрі-бәрі күнге шағылысып жарқ-жұрқ етеді. Оның көк желкесінен дәл соның өзіндей еңгезердей-еңгезердей жиырма төрт жігіт екеу-екеуден қаз-қатар тізіле қалыпты. Бірінен бірі өтеді. Өңшең — аяқ-қолдары серейіп, мойындарын көкке созған бойшаң біреулер. Шіркін, қырдағы ауылда үй тігіп, үй жыққанда шаңырақ көтеруге таптырмайтын-ақ жігіттер. Ал барымта тұсында мұндай қол-аяғы серейген немелер анадайдан-ақ сойылмен жасқап ешкімді маңайларына жолатпас еді. Мыналар оның бәрінен бейхабар. Қаннан қаперсіз. Тамақтарының астынан шиқан шыққандай кеңірдектерін көкке созып әуелей қарайды. Қолдарындағы бақандай-бақандай көк сүңгілерін күнге шаншып алғылары келгендей соқайтып-соқайтып ердің қасына қадап-қадап алыпты.

— Мына бір сыриған немелер кім?

— Гренадерлер ғой. Оған осындай бойшаң жігіттер таңдап алынады. Жауға қарай қол доп лақтырғанда өте қаршыл келеді.

— М... м... Қол доп...

— Иә, сондай қару бар... Түскен жерінің топырағын аспанға атып қопарып кетеді.

— Ал анау көк сүңгілері не?

— Дұшпанның атты әскерін шабуылға шыққанда қақ алға шығып қасқиып тұрып ап, тап берген жауды көкіректен шаншып ап құлата беруге керек.

— Бәсе...

Әлгіндей серейген топтың соңынан бірінен бірі өтіп ұзын мойын серек құлақ он екі ат бос тізіліпті. Күміс бас ер, күміс үзеңгі, күміс жүген. Аптап тастаған сары ала тоқым, сары ала жабу.

— Мына аттары несі?

— Өзіңіздей қадірлі меймандарды қарсы алғанда осындай асыл тұқымды арғымақтар әкелінеді. Бұлар ертең пахшаханымның ат қорасына баратын арабы пырақтар.

Бос аттардың соңынан жүз елудей атты әскер үш қатар боп сап түзепті. Бәрінің де мінген аттары құлақтарын қайшылап

жұтынып тұр. Бәрінің де бастарында — маңдайларына қанатын қомдап отырған самұрықтың суреті салынған қайырма маңдай темір дулыға. Темір дулығаның тап үшкіл төбесінен көк желкесіне дейін тікірейтіп тігілген жылқының қылы әтештің кекілиндей дүрдиіп тұр. Үстерінде — артқы етегі үшкілденіп бітетін қынама бел қызыл мауыты кеудеше. Жеңінің ұшы жарты қарыстай кері қайтарулы. Қаусырымы тік жағадан кіндікке қарай тіке түскен. Бұттарында тақалы кебістерін көмкере тоқтаған ұзын балақ сыптима шалбар. Қолдарында — сұңгі мылтық. Белдерінде — ауыр қылыш. Бұлар омырауын шалбары өндес ақ белбеумен қиғаш тартып, белдерін де дәл сондай ақ белбеумен сықита тартып тастапты.

— Бұлар — драгундар,— дейді тілмаш.— Ат үсті шайқаска да, жаяу ұрысқа да бірдей. Атыса да, шабыса да, найзаласа да біледі.

Аттылардың артына алдына дабыл өңгергендер тұрды. Олардың соңында шашақтап жалау байланған жез кернейшілер.

Бұлар сол кернейшілерден кейін барып жайғасты.

Ханнан кейін Нұралы, Нұралыдан кейін Нияз бен Қожахмет, олардан кейін билер орын алды. Ең соңында да — ең алдарыңдағыдай еңгезердей бір сардар мен еңгезердей жиырма төрт сарбаз.

Хан қасында тұрған едірең мұрт тағы да шаңқ ете қалды. Бұлардың алдындағы жез кернейлер құйқылжыта күй шалды. Дәу дабылдар дүрсілдеп ала жөнелді.

Түздіктердің көзі жан-жағында. Бұлардың аттары екеш аттарына дейін аяқтарын бірдей алып санап басады екен. Ер үстіндегілер де қаққан казықтай шаншыла-шаншыла қалыпты. Кернейлер мен дабылдардан басқада үн жоқ.

Бұлардың шеруі әуелі бастарына қоқима бөрік, үстеріне қара көк шұғадан тік жаға шекпен, бұттарына екі жақ тігісіне қызыл жүгірткен делдиме шалбар киіп қылыштарын жалаңдатып дүрдиіп-дүрдиіп тұрған Жайық казактарының сапына бет алды. Олар мынау салтанатты сары ала топқа қабақтары түксиіп қаһарлана қарайды. «Әттең, мына қарақшыларды біздің қолымызға берсе, Ақ Жайыққа аттап баспайтындай қылар едік», деп тістерін қайрап тұрғандары бірден белгілі. Шеру казактар сапына елу кадымдай қалғанда бір қапталға жалт бұрылды. Бұл жақта — казактар емес іш жақтан келген әскерлер. Әр саптың киім кисі, ұстаған қаруы, әр басқа. Бәрі де әлдекім иектерінің астына ине шаншып қойғандай көздерін тура салмай әуелей қарап, шікірейе-шікірейе қалыпты. Аяқтарындағы етіктері, ықтары мен жағалары, бас киімдері, жалаңаштап ұстаған қарулары аспандағы күнмен ойнап жымың қағып жалт-жұлт етеді. Әрі сұсты, әрі сұлу көрініс. Қараптан қарап жон арқаң мұздап қоя береді. Мынандай айбарлы саптың тұсынан тезірек өтіп кеткің келеді. Бірақ, бір саптан соң бір сап. Таусылар емес. Өңшең бір — сымша тартылған сыптығыр еркектер. Өңшең бір — жалт-жұлт жаланып тұрған қарулар. Орыс патшалығында, жарықтық, еркек кіндік те, темір-терсек те молшылық екен.

Кенет әлдекайдан біреу әлдене деп айқайлап қалып еді, анадайда сап құрап тұрған көп сырнай, кәп керней, көп дабыл жер қолқасын суыра солқылдатып қоя берді. Бұлардың алдында кетіп бара жатқан кернейшілер мен дабылшылар жым бола қалысты.

Мұндайды көрмеген жылқылар жан-жақтарына жалт-жалт қарап құлақтарын қайшылап қояды. Тізгінді бекем ұстап, тақымды мықтап қысуға тура келді.

Жан-жағың қызыл жолақ, сары жолақ, көк жолақ бояулар. Қазықтай қағылып қалшиып-қалшиып тұрған адамдар. Қадам басқан тұяқ дүсірі.

Сол абыр-сабыр аз болғандай кенет дүрс-дүрс зеңбірек атылды. Тақымдағы жылқының бүйірлері бүлк ете қалысты. Біреу емес, екеу емес, бірнешеу, бір рет емес, екі рет емес, әлденеше рет... Қазақ елшілігі мініп келе жатқан аттардың ара-тұра тезек тастап жібергендері де болыпты.

Бұған қалай қарар екен дегендей, қос қанталындағы сардар мен тілмаш ханға бұрылып қарап қалыпты.

Әбілқайыр сыр бермеуге тырысып шаншылып отыр. Бірақ ішінен мынау аш ішектей шұбатылған ұзын сап қашан тауысылады деп келеді. Мыналары немене өзі? Құрыметтегені ме, жоқ қорқытқаны ма?

Кенет бұлардың шеруі ниін тірескен қалың саптарды тастай салып, анадайдан жарқ ете қалған сары ала шатырларға бұрылды.

Сары ала шатырлардың маңы да самсаған адамдар, жалаңдаған қарулар.

Қақ ортадағы бір-біріне тіркестіре тіккен екі үлкен сары қамка шатырдың алдына жете беріп бұлардың алдында келе жатқандар екі айырылып екі жаққа жалт берді. Бұлар сол бағыттарын бұзбай алға түсті.

Сары ала шатырға тіпті жақын қалғанда бұның оң қолындағы мұртты сардар мен тілмаш та артқа ығысты.

Ханның атының шылбырына өне бойын түгел алтындап тастағандай сыптиған сары ала ық жігіт оратылды. Ол ханды қолтығынан демеп аттан түсірді.

Шатырға қарай шұбатылған масаты кілемді нұсқады. Хан қолын көкірегіне апарып тағзым етті де, алға түсіп шатырға беттеді.

— Бісміллә,— деп шатырға кірді.

Қақ ортада қақшиып тұрған тағы да бір сары ала ық кісі кіршіксіз ақ тістерін жарқырата күліп қарсы жүріп кеп қолын алды. Сосын бір қанталына шығып төр жақты меңзеді.

Төр жақта тағы бір есік көрініп тұр. Оның алдында тұла бойындағы сары аласы әлгілерден де көбірек бір ұлық тосып тұр екен.

Ол да тұсына тақала бергенде ханның қолын алып, ішке оздырды.

Төрдегі шатырдың іші жалт-жұлт сары ала ықтар. Қақ орта-

да соның бәрінен де биік, бәрінен де толық, үсті-басын аптап күптеп тастаған бір әйел адам бұған аспандай қарайды. Капелімде, ақ патшаның өзі келіп қалған екен деп ойлап еді. Сөйтсе, суреті екен. Тірі адамнан айнымайды. Ішіндегінің бәрін білгісі келгендей ішіп, жеп ежірейіп қарайды.

Суреттің бір жағында баяғысынан гөрі таралған, бұған қарап үнсіз жымиып тұрған Мәмбет мырзаны таңыды. Суреттің екінші жағындағы одан гөрі ашаңдау, бірақ бойшаң емес, қасқа маңдай кісіні айтушылардың әңгімесіне қарап Тәтеш мырза ғой деп ойлады. Олардың екі жағында қаздай тізіліп тұрған сары ала иықтар бастарын иіп ізет білдіргенмен орындарынан қозғалған жоқ.

Хан да төрге озбай сол арада тұрып сөзін бастады:

— Уа Күллі Ресей мен жалпақ жатқан жамағатымыздың асыл текті, биік шарапатты алдияр тақсыр падишасы! Аспандағы барша жұлдыз, барша самаланың бәрінен жарық, бәрінен нұрлы жалғыз күннің өзіндей нұр сипатты әміршім өзіңізді көзіммен көрмесем де, ұлылығыңыз бен ыстық ықласыңызды жүрегіммен сезіп тұрмын. Оны мынау асыл бейнеңіз бен күн нұрынан нәр алған жарық айдың сәулесіндей өз шапағатыңызды өз бойына дарытқан аса мәртебелі ұлығыңыздың келбетінен танып тұрмын. Бағыныштыңыз ретінде ізетімді, ұлыңыз ретінде шексіз сүйіспеншілігімді, үмбетіңіз ретінде құрыметімді білдірмекке аяғыңызға жығылып бас ием. Жауларыңызды жайратып жатқан жаңа жеңістеріңізге құтты болсын айтып, құдайым әр кез осы абыройыңыздан айырмасын деген тілегімді білдіремін. Өзімді, бүкіл әулетімді, қол астымдағы жұртымды биіктен биік, ұлықтан ұлық, алдияр тақсыр, алып қыранның қанатындай қанатыңыздың саясына алуды сұрап, мәңгі-бақи айтқаныңызды тыңдап, сеніміңізді ақтай беруге уәде беремін.

Ал, мәртебелі ұлық мырза. Сізді өзімнің ақ адал досым ретінде аман-есен жетуіңізбен құттықтап, өзіме және қарауымдағы жұртыма әрдайым рахыммен қарауыңызды, сондай-ақ біздің де достығымыз бен ықыласымызды көре кетуіңізді өтінемін.

Тәтеш мырза бір қадам ілгері озды. Шаңқылдап шығатын шыңылтыр дауысын созып:

— Құрметті Әбілқайыр хан! Мен сіздің Ұлы Императрица ағзамның атына айтылған бодандық құттықтауыңызды Ұлы Императрица ағзамға шын берілген адалдығыңыздың куәсі деп ұғып, оған бұл жайында тез арада мәлім етемін. Сондай-ақ ұлы Императрица ағзамның атынан сіздің, хан, күллі әулетіңізбен, қол астындағы жұртыңызбен Алдияр тақсыр падишамыздың қол астына қабылданатыныңызды хабарлап, оның мейірбан назарынан ешқашан қағыс қалмай, әрдайым аналық ықыласына бөлене беретіндігіңізге сөз беремін. Алдияр патшамыз сіздің көрсеткен құрметіңіз бен адалдығыңызға көңілі бітіп, сол бодандық уәдеңізді өз дәстүрлеріңіз бойынша заңдандырып беруіңізді тілек етеді.

Ал өз басыма келсек, сізді көріп қатты қуанып тұрмын, шын жүрегімнен құттықтап, сау-саламат болуыңызға тілектестігімді

білдіремін. Өзіңізді әрқашан дос, туысқан тұтып, өмір бақи сол достық, туысқандық ықыластан айнымауға уәде беремін,— деді.

Екеуі де ілгері аттап, құшақтасып қол алысты. Сосын екеуі қақ төрдегі алтын қамқа жапқан екі сәкіге барып, оң жағындағыға хан,сол жағындағыға Төтеш мырза отырды. Араларында қытай масатысымен күлтелендіріп жабылған аласа таған тұр. Тағанның үстінде — ақ патшаның суреті. Ханның қасында Тевкелев, Тәтеш мырзаның қасына мана бұны осы төргі шатырға кірерде қарсы алған сары ала иық ұлық отырды.

— Менің көмекшілерім полковник Тевкелев және полковник Еділев мырзалар.

Тәтеш мырза ауызын ашар-ашпастан-ақ қасындағы мырза мен Мәмбет мырза отырған орындарынан атып-атып тұрысты.

Хан қолын көкірегіне апарып басын изеді.

Екі мырза қайта отырды.

Хан көзінің қиығымен шатырдың ішін бір шолып шықты. Бәрі де алдын-ала есептеліп, ойластырылып қойылыпты. Тәтеш мырза мен бұның астындағыдай алтын қамқа емес, қызыл барқыт жабылған жұмсақ сәкілерге Нұралы, Нияз, Қожахмет және Мәмбет мырза мен Тәтеш мырзаның қасындағы ұлық секілді иығы мен омырауының әшекейі молырақ ұлықтар отырыпты. Олардан дәрежелері бірер саты төмен ұлықтар болса керек, бір топ сары ала иыққа арқалығы биік ағаш отырғыштар бұйырыпты. Сол жақ қанатқа жерден екі қарыстай биіктетіп жалпақ таған орнатылып, оған масаты кілем төселіпті. Оған Жәнібек, екі Бөкенбай, Есет, Шүрек бастаған он екі би жайғасыпты. Қалған билер алдыңғы кең шатырға орналасып жатса керек, жабыр-жабыр дауыстары шығады.

Манағы шеруді бастағандардай серейген-серейген жеті-сегіз сарбаз шиыршықтап оралған бірдеңені иықтарына салып кірді. Діңгектей сұлатып ортаға тастай салды. Жарқ еткізіп орауын жазып еді — даладай далиған жалт-жұлт парсы кілемі. Бұны неге төседі екен?

Ханның ойын танып қалғандай есік жақтан сәлдесі дағарадай болып бір жас жігіт кіріп келді. Киім киісінен, жүріс-тұрысынан ахун екені көрініп тұр. Ол парсы кілемін баспай бір шетіне кеп тоқтады.

Тәтеш мырзаның қасындағы ұлық пен Мәмбет мырза орындарынан жарыса көтерілді.

Тәтеш мырза дауысын көтеріп сөз бастады. Мәмбет мырза қазақшалай жөнелді.

— Құрыметті Әбілқайыр Мұхамбет Қазы Баһадұр хан! Күллі Россияның және де басқа толып жатқан елдер мен өлкелердің ұлы мәртебелі билеушісі, жаратқан иенің айырықша махаббатына бөленген, шарафатына шек жоқ нұр сипатты императрицамыз Анна Иоан қызына адал бодан болуға ант беруге әзірсіз бе?

Хан орынынан көтерілді.

— Әзірмін. Тек жаңғыз-ақ қолқам бар. Анттың сөзін алдын-ала өз құлағыммен естігім келеді.

— Әлбетте.

Шатырда отырғандар бәсы Тәтеш мырза болып түгел орындарынан көтерілді.

Тәтеш мырзаның қасындағы ұлық қолындағы аптап тастаған қатырманы сарт еткізіп ашып, оқи бастады.

Мәмбет мырза оны сол бойда қазақшалай бастады:

— Мен, қырғыз-қайсақ жұртының ханы, Әбілқайыр, жаратқан иенің алдында ант етіп, бүкіл әулетіммен, қол астымдағы түгел жұртыммен, күллі Россия мен тағы да басқа елдердің ұлы билеушісі аса мәртебелі нұр сипатты Императрица алдиярдың өзіне және де сондай-ақ Императорлық ұлы мәртебелі тақсырдың өзі тағайындап қойған, болашақта тағайындап тақты иелену мәртебесіне ие қылатын заңды мұрагерлеріне адал, сенімді, тіл алғыш құлы және боданы болуға, ұлы Императрица ағзамның еркі мен билігіне әрдайым құлдық ұрып, ол шығарып қойған және болашақта шығаратын заңдарын бұлжытпай орындап, оған пайдасы тиетін жерден күш аямауға, зияны тиетін жерден жан аямауға уәде беремін. Алдияр тақсырдың мүддесіне қиянат келтіретіндей іс көрсем, тек уақтылы хабар беріп қоймай сондай қауіптің алдын алуға, болдыртпауға, бола қалған күнде дегеніне жеткізбеуге қолымнан келгеннің бәрін аямаймын. Ол үшін бір тәңірдің өзі мен оның ертеңгі қатаң сотының алдында арыммен жауап беретінімді әр кез ұмытпаймын. Бұл жолда маған бір тәңірдің өзі жар болады деп сенемін. Сол үшін де құдай ауызыма салған ақ адал сөздерім жазылған ант қағазын маңдайыма басып сүйемін.

Құлақ түріп тыңдап отырған хан үндемей кідіріп қалды. Шатырдың іші құлаққа ұрған танадай.

Әлде бір уақытта Әбілқайыр тамағын кенеді.

— Мәртебелі тақсыр! Адам жарық жалғандағы азғантай тірлігінде артына ұрпағымен де атағын қалдырады. Ондай ұрпақ жан-жануарлардан да қалады. Ал адамның әлгіндей азғантай тірлікте тапқан абыройы мәңгі бақи ұмытылмақшы емес. Мен де, міне, өзімнің атымның осындай даңқы жер жарған ұлы елде де белгілі екенін біліп, қуанып отырмын...

Тәтеш мырза асығыс сөзге араласты.

— Сіздің атыңыз тек біздің елімізде ғана емес, бүкіл Европаға белгілі болады. Өйткені бізде мұндай нәрселерді қағазға бастырып, жер-жерге таратады.

Кідіріп қалған хан сөзін қайта жалғады:

— Жақсы лебізіңізге көптен-көп рахмет, тақсыр. Ендеше, сол жалпақ жұртқа мені құлақ кесті құл деп жар шашпай-ақ қойсаңыз қайтер екен? Бодан дегеннің өзі-ақ жеткілікті емес пе?

Тәтеш мырза ауызын ашып аңтарылып қалды.

— Россия мемлекетінің қол астындағы бодан елдердің бәрі де солай деп қол қоятын әдеті еді.

— Әр елдің заңы әр басқа. Біздің жұртымыз үшін құлдықтан асқан қорлық жоқ.

— Мұндай қағаздардағы «құл» деген сөз тек бағыныштылықты ғана білдіреді.

— Оны білдіретін басқа да сөздер, құдайға шүкір, табылады ғой. «Құл» деп құлдыратпай-ақ қойсаңыз қайтеді?

— Бұның әрі императрица ағзамға көрсетілер кішілік ізетті білдіретін де мағынасы бар еді.

— Онда «құл» деген сөзді «үмбет» деген сөзбен алмастырғаныңыз дұрыс шығар.

— Ол нені білдіреді?

— Ол да ізет пен бағыныштылықты білдіреді. Бізде әр бір жұмыр басты пендені құдайдың құлы, пайғамбардың үмбеті, шәдиярдың досы деп ұғады. Тірі пенденің бәрі де тек бір құдайдың алдында ғана құл болса ләзім. Ал көңілдес екі елдің билеушілерінің бірі біреуін «пірім», екіншісін «үмбетім» деп танып жатса, ол да аз ізет, аз құрмет емес сияқты.

Татищевтың жалтыр маңдайына қазылып-қазылып ай сызықтар түсті. Қаймыжық еріндері үйреншікті әдетімен жымсия күлімсірегісі келіп еді, бір-біріне жуыспай, жымырайып кетті. Желкесін қасуға ұмсына берген қолын жолдан қайтарып, омырау тұсын бір сипап өтті.

Ханның жүзіне сығырая қарап:

— Жарайды, ол тілегіңізді ескерейік. Орыс тілінде бұл ұғымның дәл баламасы жоқ. Сондықтан ант қағазының татарша нұсқасын сіздің айтқаныңыздай қылып өзгертейік,— деді.

Хан билерге қарады. Билер бастарын изеді.

— Ендеше, бәрекелде!

Хан ортадағы парсы кілемнің үстіне барып, ахунның қақ алдында жер тізерлеп отырды.

Ахун қолындағы құранды ұсынды.

Хан құранды қолына алып бір сүйіп маңдайына тигізіп қайтып берді.

Сосын орынынан тұрып Еделев мырзаның қолындағы алтындап тастаған қатырманың ішіндегі әдемі қағаздың астыңғы жағында тілмаш мырза саусағымен нұсқап көрсеткен тұсқа күміс мөрін басты.

Тәтеш мырза қасына кеп қолын қысып, құшақтап арқасынан қақты. Одан соң Мәмбет мырза мен қатырма қағаз ұстаған ұлық құттықтады. Шатырдың ішіндегі барлық сары ала иық бірінен соң бірі қасына кеп қолын қысты.

Сол екі арада ауыздағы шатырдан билер келіп ақ патшаға адалдықтарына ант бергілері келетіндерін айтты. Мәмбет мырза мен ахун соларға кетті. Тәтеш мырза ханды басқа шатырға кіріп шығуға шақырды.

Патшаның ұлығына қолтығынан деметіп кіріп барса — қақ ортада сұңғақ бойлы талдырмаш жігіт тұр. Тебіндеп қалған түбіт мұрты желбірей жылтырап жымсиып күлді.

Таңырқап тұрған хан сонда ғана оның Ералы екенін танып құшақтай алды. Әкелі-балалы екеу бір-бірінің құшағында көп тұрды.

Әлденеге толқып кеткен хан баласының маңдайынан бір иіскеп, екі иығынан қысып ұстап сілкіп-сілкіп қойды. Жеті мүшесінің түгел орынында, орынында емес екенін тексергісі келгендей тұла бойын түгел бір шолып шықты. Баласы ақыл тоқтатып есейіп қалыпты. Арсаландай жөнелмей, ұстаз алдындағы шәкірттей иба сақтап күлімдей қарайды.

— Анау тумаластарыңмен амандас,— деді хан.

Ералыны көргенде Нияз сұлтан қауқылдаи жөнелді.

— Ау, мынау нағылған ұлық деп тұрсам, өзіміздің Ералыжан екен ғой. Туу, қандай өсіп кеткен. Мен көрмегелі де біраз жыл болыпты-ау! Тфэ, тфэ, тіл-аузым тасқа, тіпті патша сарайына отырғызса да, жараса кететіндей боп әдемі жігіт боп кетіпсің ғой.

Нұралы інісімен үлкен кісілерше екі жақ төсін бірінен соң бірін алма кезек тигізісіп айқара құшақтап көрісті.

Қожахмет мынау зиялы жігіттің өз ағасы екеніне сенгісі келмей шеттеу тұр.

— Ау, ағаңа барып сәлем бермейсің бе?

Ералы інісінің қасына өзі келді.

— Немене, танымай қалдың ба?

Қожахмет ырсиып күлді.

— Мынаны қара. Қазақша біледі-ай!

Ералы еңкейіп маңдайынан сүйді.

Қожахмет оның көк шұға киімінің жылтырақ түймесінен ұстай алып:

— Мына бешпетіңнің ақысына неше қыл құйрық төледің? Шалбарының алды жырық шығар. Сен де түрегеліп тұрып кіш етесің бе?— деп сұрады.

— Сен бұл жерде қонақсың. Қонаққа не болса соны сұрайтын мылжыңдық жараспайды.

Ералы Қожахметті бауырына тарта қысып, желкесінен өзімсіне нұқып қойды.

Қожахмет онысын жақтырмай қалғандай бетін тыржитты.

Есіктен әлде бір сары ала иық сарт-сұрт етіп кіріп, Тәтеш мырзаның қасына жетіп барып, саңқ-саңқ етіп бірдеңе деді. Бұлар түбін тескен шелектей таңқ-таңқ етіп сөйлеспесе, бірін-бірі естімейді білем. Ұрлық қылса да, айқайлап істейтін шығар...

Тәтеш мырза Әбілқайырға бұрылды.

— Құрыметті хан! Дастарханға барайық. Бізді тосып қалыпты.

Хан сыртқа шыға бергенде үш-төрт би капталдаса кетті.

Дастарханға бесін намазды оқып отырсақ қайтеді. Біз тұрғанша уақыты өтіп кетіп, намазымыз қаза болып жүрер.

Хан бұл қолқаны Мәмбетке айтты. Мәмбет Тәтеш мырзаға айтты. Тәтеш мырза қасындағы сары ала иық ұлыққа айтты. Ол тағы бір сары ала иыққа айтты. Ол тарп-тұрп әлде қайда жүгіре жөнелді. Бұлар осылай ит иті жұмсап, ит құйрығын жұмсап жүргенде біраз уақыт өтетін шығар деп еді, көп ұзамай жаңағы тарп-тарп жүгіре жөнелген сары ала иық қайтып оралды.

Мәмбет мырза:

— Бөлек шатырда ахун күтіп тұр. Намазды сонда оқимыз, — деді.

Тілмаш бастап әкелген шет жақтағы оқшау шатырдың алдында қаздай тізіліп жез құман, шойын құман, шай қайнататын бақыр ию тіресе тізіліп тұр екен. Хан тобы бір-бірден іліп әкетіп, қосын сыртындағы өзен бетке беттеді.

Суға келген дуадақтай қатар-қатар жүрелей отыра кеткен көп биге міз бақпай күзетте тұрған сақшылар мырс етіп күліп жібермей әзер шылдап тұр.

Ортадағы бас шатырдың қасындағылар сағаттарына қарап қояды. Қабылдау рәсімінде бұл жағы ескерілмепті. Шалжия-шалжия жайғасқан қамқа шапандылар шаруаны тым созыңқырап барады. Шабынып көп отырды. Сосын терістікке қарап шабынып көп тұрды. Үсті-бастарын қағып ұзақ сипанды. Сосын барып көрсетілген шатырға беттеді. Аяқтарын санап басып, маңғаз адымдасады. Көп ұзамай сары ала шатырдан ахунның асықпай созып, сәнмен күңіренген кербез әуезі естілді. Жым-жырт қолатта содан басқа үн жоқ. Әскердің қолындағы көк сүңгі маздата жаққан көп шырақ секілді, жылт-жылт етеді. Әдетте әлденеге мұқтаж болған көп ғаріп әлде бір әулиенің басына кеп түнегенде, тап осылай көп шырақ тізіле маздап тұрушы еді.

Кенет екі өзеннің сағасының төбесіне шақырая төнген шағырмақ аспан: «Аллауакпар!» — деп жамырасып қоя берді.

Сары ала шатырдан сары ала шапандар шығып жатыр, шығып жатыр. Хан бәрі шығып болғанша сол арада тырп етпей тұрып алды. Қашан бастары түгенделгесін барып жәй басып Тәтеш мырза тұрған жаққа қарай аяңдады.

Патшаның ұлығы хан қол созымдай жерге келгесін барып шынжырлы сағатын қалтасына салды.

Дастархан басында кімнің қалай отыратыны да алдын-ала белгіленіп қойылғанды. Хан, сұлтандар, полковниктер құпия советникпен бірге төргі шатырда отырады. Ондағы әңгімелерді қасына тағы бір тілмаш алып Устан Богданов аударып отырады. Бас билер мен штабс және обер офицерлер үлкен шатырда отырады. Олардың әңгімесін Максютов пен Арслан Бахметов аударады, ал қалған қазақ билері мен батырларына дастархан бастырған қалқаның астына сыртқа жайылады. Онда ахун бастаған өзге тілмаштар отырады.

Дастархан басына әбден жайғасып болған соң құпия советник орынынан көтерілді.

— Ұлы Императрица алдиярдың сау-саламат болуы үшін шарап алуларыңызды өтінемін.

Жұрттың бәрі орындарынан дүркірей көтерілді. Созаландан меймандар да тұрды.

Қыж-қыж қайнаған ақ мойын шөлмектердің тығындары тарс-тұрс атыла бастаған шамада әлдене дүрс ете қалды. Дастархан басындағылар айқайлап-шулап қоя берді. Олар ауызын жауып үлгергенше әлгі дүрсіл тағы шықты.

Ханға қасындағы Мәмбет мырза:

— Бұл ақ патшаның құрыметіне атылып жатқан зеңбірек. Әр жолы шарап алынған сайын осылай зеңбірек атылады. Осы жолы жиырма бір дүркін атылады. Келесі жолғыларды өзіңіз санап отырарсыз,— деді.

Аяқ талып бара жатқанда зеңбірек те басылды. Жұрт дастарханға қол салды. Біраз қарбытып тастаған соң Тәтеш мырза қайта көтерілді.

— Ұлы Императрица ағзамның әулетінің сау-саламаттығы үшін шарап алып қоялық.

Зеңбіректер қайтадан гүрсілдеп қоя берді. Жұрт қайтадан жапатармағай шулап қоя берді. Бұл жолы зеңбірек он жеті рет атылды.

Жұрт тағы да тағамдарға қол салды. Тағы да біраз қарбытып тастаған соң Тәтеш мырзаның шіңкілдек дауысы шықты.

— Айбынды орыс қаруы үшін шарап алайық!

Тағы да сол тарсыл-күрсіл. Тағы да сол айқай-шу. Бұл жолы зеңбірек он үш дүркін атылды.

Жұрт енді-енді қажаң-құжаң бола бастағанда Тәтеш мырза тағы да түрегелді.

— Құрметті Әбілқайыр Мұхамбет Қазы Баһадұр хан мен оның қол астындағы халықтың сау-саламаттығы үшін шарап алып қоялық!

Бұл жолы зеңбірек тоғыз рет күркіреді. Жұрт тоғыз рет аспанды шатынатып айқай салды. Оның әр қайсысы ханның өзіне жылдай ұзақ көрінді. Шіркін, осыны сонау Ертіс бойындағы Әбілмәмбет пен Әбілмансұр естір ме еді, Торғай бойындағы Барақ, Сарысу бойындағы Күшік, Шалқар бойындағы Батыр сұлтандар естір ме еді! Іштері қыж-қыж қайнар еді-ау! Шіркін, мұны өзінің ауылы, Бопай, Злиха, балалары естір ме еді! Төбелері көкке бір жетіп қалар еді! Шіркін, бұны жалпақ қазақ даласы түгел естір ме еді! Бұның аты бұдан былай ауыздарында жүрер еді! Мұны, міне, мынау жүз елу би естіп тұр. Іштерінде не жатқанын білер ме еді? Ертеңіне елдеріне не айтып барғандарын естір ме еді...

Жұрт тағы да орындарына отырды. Тағы да қасық пен шанышқыға қол созды. Тағы да жұртты құмарынан шығартпай тұрып, Тәтеш мырза орынынан көтерілді.

— Ұлы Императрица ағзамның барша адал да сенімді бодандарының сау-саламаттығы үшін шарап алайық.

Зеңбірек тағы да тоғыз рет күркіреп, жұрт тағы да тоғыз рет айқай салды. Ауыздағы шатыр мен сыртқы жиынның қаулығы күшейіп барады. Ант беруге келген билердің бір-бір аркалаған қалған түрлері бар.

Сол қауқылды басқысы келгендей біраздан соң Тәтеш мырза тағы тұрды.

— Құрметті ханым мен құрметті сұлтандардың сау-саламат болулары үшін шарап алайық!

Бұл жолы зеңбірек жеті рет күркіреп, жеті рет айқай салды. Нұралы, Ералы, Қожахметтердің жүздері бал-бұл жанып қоя берді. Ниязсұлтан қойқаңдап оңды-солды орағытып қарай береді. Ана жақта Мырзатайдың қалай шыдап тұрғанын құдай білсін! Шамасы, ертең: «Енді біздің жаман жиендеріміздің аттары көктегі құдайдың құлағына да жететін болған шығар!»— деп бөсетін болар.

Сәлден соң Тәтеш мырза:

— Ұлы Императрица ағзамның боданында болғылары келетін басқа да хандардың сау-саламат болуы үшін шарап алайық!— деп айқай салды.

Мұны естігенде ханның тұла бойы дір ете қалды. Бұнысы несі тағы?

Зеңбіректердің дүрсілін де қалт жібермей санап тұр. Бар болғаны — жеті-ақ рет.

Сонда барып көңілі орынына түсті. Оларға бұның қатын-баласына көрсетілер құрметтің деңгейінде ғана құрымет көрсетілді. Оған да тәуба! Әйтпесе, ертең олар: «Біз Ор бойына бармасақ та, есеміз кеткен жоқ»,— деп бұтқа толып шыға келулері мүмкін ғой!

Тәтеш мырза орындарынан тұрып:

— Енді әркім шарапты өзінің қалағанынша ішеді. Зеңбірек атылмайды,— деді.

Осыған дейін жұрт орынынан жеті рет тұрды. Сол уақыттың ішінде сексен үш дүркін зеңбірек атылыпты. Оған шыбын шақпандай қиналып отырған сары ала нықтар көрінбейді. Соған қарағанда, орыс патшасында оқ дәрі дегенің ит басына іркіт болып төгіліп жатса керек.

Жұрт асықпай тамақтанды. Уақыт сары бесіннен әлдекашан асып кеткенде барып орындарынан көтерілді.

Патшаның ұлығы ханның қасына келіп:

— Құрыметті хан, сізге арнай тігілген шатырларды көрсетейін деп едім,— деді.

Қосынның қақ төріне екі үлкен, екі кішілеу шатыр тігіліпті. Біреуі ханға арналса керек, ішіне масаты кілем төселіпті, қалғандарына тықыр кілем төселіпті. Төрт шатырды бір едірек мұрт сардар мен жүз шақты сарбаз міз бақпай күзетіп тұр.

— Қаласаңыздар, осында жатып ұйықтауға болады. Ыңғайсыз көрсеңіздер, өз қосындарыңызға қайтып демалуларыңызға болады. Ертеңгі хабарды өзіміз береміз.

— Өз қосынымызға қайтып демалғанымыз дұрыс болар.

Қайтарда да манағы шеру сапқа тұрды. Қайтарда да манағы шетсіз-шексіз ұзын саптардың алдынан өтті. Қайтарда да манағы керней шалынып, манағы дабыл соғылды Қайтарда да хан бастаған сары ала топ қосынына жеткенше ойдағы қызылды-жасылды көрініс міз бақпай сол орынында тұрды. Хан бастаған сары ала топ қосынына жетіп, тосып тұрған нөкерлері қолтықтарынан демеп аттарынан түсіріп алғанда барып керней шалынып,

дабыл қағып, зеңбіректер дүрсілдеп қоя берді. Сосын жан-жақтағы қарауылдардан басқа саптар ыдырап, жұрт шатырларына тарады.

Ертеңіне Нұралы сұлтан мен жүз би ант берді. Оларға да тап алдыңғы күні ханға көрсетілген құрмет көрсетілді. Тек дастархан басында әр жолғы атылған зеңбіректер дүрсілінің санында ғана сәл-пәл айырма болды.

Қара жолдың басындағы қазақ қосыны мен Ор бойындағы орыс қосынының арасы ақсиған айдау жол болуға айналды.

Сүмбіленің айы да әлдеқашан қорғалап кетті.

Патшаның ұлығы мен Әбілқайыр ханның бір-біріне бойы үйренейін деді.

Бірінші күні келіссөзге хан тізесі дірілдеп қобалжып барғанды. Кешегі дыр-думанның бәрі ақ каптал ұлықтың сырт көзді алдарқатар айла-шырғасы болып шығып, оңаша жолығыста азу тісін ақситып жүрсе не демекші? Бірақ бәрібір оңай беріспеуге бекіген. Қалмақ, башқұрт әңгімесі ауызға алынды-ақ, бұл күлбілтені қояды. Анада Бөкенбайды Тәтеш мырзаға жөнелтерде қандай уәжге келген болса, тап соны тапжылтпай қайталап қарайды да отырады. «Сендерге қалмақ пен башқұрт керек болғанда, біз керек емес пе екенбіз?»— дегенді көлденең тосады. Сосын пайдам дегендерін қылсын...

Келіссөз басталатын күні де Ор бойы сары ала таңнан тікелерінен тік тұрды. Сол баяғы салтанатты шеру. Сол баяғы сіресіп-сіресіп сымдай тартылған саптар. Сол баяғы тарсыл-күрсіл. Сол баяғы сары ала шатыр. Сол баяғы алтын қамка жабылған жұмсақ сәкілер. Бірақ шатыр ішіндегі ана жолғы сары ала иықтардың саны азайған. Шүлдіреп төртеу отыр. Тәтеш мырзаның өзі. Қасындағы сары ала иық көмекшісі — Еделев мырза. Құдай берген Мәмбет мырза. Өткен жолы дастархан басында бұның қасына отырып тілмаштық еткен Ұстана мырза.

Алдын ала келісім бойынша бұлар да төртеу боп барды. Бұның өзі, табын Бөкенбай, арғын Жәнібек, найман Шүрек.

Тәтеш мырза көл түсетін айдын тақырдай көл-көсір маңдайын түгел жарқыратып күлімдей карады. Бұлардың қалай жатып, қалай өргендерін, ден саулықтарын, көңіл күйлерін сұрады. Бұл жарықтықтардың қара басының амандығы мен көңіл күйінің орынында болғанынан басқа да шаруалары шамалы екен. Елхалықтың, ағайын-туманың, ауыл-үйдің, мал-жанның амандығына бастары онша ауыра қоймайтын сияқты.

Бұл төртеуі ұлықтың қай сауалына да:

— Шүкір,— деумен құтылды.

Ақ каптал ұлық сол күлімсіреген қалпын бұзбай әңгімені тұ сонау жер түбінен бастады. Орыс патшасына бодан болуға белдерін буға не себеп болғандығын сұрады.

Оның қандай себептер екенін мына отырған Мәмбет мырза жақсы біледі. Кешегі марқұм боп кеткен Кирилов мырза жақсы біледі. Ақ патшаның өзі де жақсы біледі. Ендеше, Тәтеш мырза да жақсы білуге тиісті. Бірақ, қайтерсің, біліп отырса да, сұрайды. Бүгінгі жауаптары баяғы айтқан жауаптарымен сәйкес келер ме екен, жоқ па екен? Соны білгілері келеді. Сол арқылы одан бергі уақыттың ішінде бұлардың көңіл-күйлерінде қандай өзгеріс, қандай жаңа нығылдар барын білгісі келеді. Өздерінде бір пәтуа бар жұрт па, жоқ жұрт па соны білгісі келеді.

Оларға не керегіп отырғанынан бұлар да бейхабар емес. Сондықтан бір сөзді, бір ауызды болып көрінуге күш салады. Әу бастағы әңгімені аудармай-төңкермей сол калпында қайталап айтып беруге тырысады.

Осы бір сары майдан қыл суырғандай мысық табан әңгіменің өзі жарты айға созылды. Екі жақ та мысқалдап сөйлемесе болмайды. Сәл артық кеттің-ақ, ертең өз басыңа тауан болып жабысады. Сол себепті екі жақ та қарсы жақтың отыз тісін қалт жібермей қадағалаулы.

Осы бір біреудің біреу тісін санап отырғандай ауыз аңдысудың өзі жарты айға созылды. Сол жарты айдың ішінде қазақ шонжарлары Ор бойындағы орыс қосынына талай келді. Сол жарты айдың ішінде патша ұлығы қара жалдың басындағы қазақ қосынына талай барды. Қазақтың игі жақсылары қақшиған ағаш таганның басында қақпанға түскен қасқырдай сіресіп отырып ас ішіп, әңгіме соғуға қандай үйренсе, патшаның сары ала иық ұлықтары да көлдария жайылған дастарханның басында аяқтары астарына симай отырысып-ақ ас ішіп, әңгіме соғуға сондай үйренді.

Екі жақ та бір-бірінен қорқып отырғандай қипақтай беретінді қойды.

Екі жақ та бір-бірінен ұялып отырғандай мызылып-сызыла беретінді қойды.

Сырт көзге кеңк-кеңк күліп ағынан ақтарылып отырғандай көрінгенмен екі жақтың да талай құлтасы ішінде еді. Сол құлтамызды аңғарып қалмасын дегендей ағыл-тегіл ас-су беріп, ағыл-тегіл ақтарыла сөйлеседі. Бір-бірінің жанына тиіп кетер жараның қай тұс екенін жақсы біледі. Соған соқпай айналып өтуге тырысады.

Осы бір ауыз аңдасу сырт көзге белдесіп тұрған кәнгі палуандарды еске түсіреді. Екі жақ та тас түйін. Екі жақтың да жанарлары жіті-ақ. Екі жақ та табаныңның қалай тұрғанын, тізеңнің сәл дірілін, тұла бойындағы әр бұлшық еттің бар қимыл-қыбырын көз жазбай бағып тұр. Талма тұсыңның қай жерде екенін, оның қайбір ашылып қалар кезін де қалт жібермейді. Бірақ бұл қалай да қарсыласының жауырынын жерге тигізуді ойлаған аусар палуандардың арсы-күрсі алып-ұрма белдесуі емес. Бірін-бірі жықпай екеуі де ұпай алғысы келгендердің ұтырлы белдесуі. Елдесу жолындағы белдесу. Айтсақ, ақылға симайтындай. Бірақ, тағдырдың мандайыңа жазганы сол болса, одан басқа амалың

қалмаса, не істемексің?! Жан-жағыңның бәрі атан жығар түйе палуан болса, айлаға салмасқа амалың қайсы! Айланың мақсаты — жығу емес, жықтырмау. Өзіңнен салмағы басым түйе палуанды бүгін қапысын тауып бір жыққаныңмен, ертең ол ашуына мініп, сүйегіңнен сүйек қалдырмай күлпаршасын шығарып ұнтап бере алады. Құдай шарғаңды шағын жаратса, жеңіс іздемей, ит жығыс ізде! Сонда да ұпайыңды жібермейсің. Шарғаң шағын болса, ұтылып ұпай жиғаныңа мәз бол!

Осы бір сөз санасу сырт көзге тоғыз құмалақтың ойынын еске түсіреді. Санап жүрмесең, саныңды соғып ұтылып қаласың. Ондай халіңнің не болатыны сірә белгілі. Ал есепке сұңғылалығыңды білдіріп, қарсыласыңды сымпитып ұтып алсаң, онда да мүйізіңнің шығар шықпасы неғайбыл... Ол, алдымен, кіммен ойнап отырғаныңа байланысты. Өзіңмен шарғыласпен ойнасаң онда сөз жоқ. Ал өзіңнен гөрі айлалырақ та, ересегірек те біреумен ойнап отырсаң ше... Ол сені құнықтырғысы келіп әдейі ұтылып отырса ше... Артынан ол да қаһарына мініп, шындап кіріссе ше... Ондағы күнің не болмақ?

Оны да ойламай болмайды. Бағзыдағылардың аяз әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл дегені де осыдан қалған. Орыс патшасы кім, бұл кім... Ресей жамиғаты қандай, бұның қол астындағы жұрт қандай... Әр аттаған сайын сол есіңде тұрмаса, от басқаның...

Аузыңды әр ашқан сайын сол есіңде тұрмаса, басыңа сорды өзің тілеп алғаның.

Абайсыз істелген аусар әрекеттің мүйізіңді шығармай, көзіңді шығаруы мүмкін...

Ендеше әуелден әліңді біліп неге жәйіңе жүрмейсің? Көп тоңмойын томар бастың бұның алдына көледенең тоса беретін сауалы осы.

Бірақ, олар нені біліп жатыр?! Білсе, бұны бетіне салық қылып басар ма еді. Әуелде... Жәйіңе қарап жүрмей... Пәтшу, шіркін! Әуелден бұның қай жайы болып тұр екен? Бұл түгілі қазақтың қай жәйі болып жүр еді...Ол жәйіне жүргісі келгенмен өзгелер жәйіне жүргізгісі келді ме... Жеріне көз алартты. Қонысына көз алартты. Суына көз алартты.

Егер жан-жағыңның бәрі «белдесейік, белдесейік» деп аяғыңнан шалып аттатпай тұрған өңшең аусар болса ше... Олармен тыртаңдап қашанғы белдесесің де жатасың... Қашанғы таласарсың, қашанғы тармасарсың... Олар жығылса, күреске тоймайды. Жықса үстіңе мініп алып, ақ түйе бас жасайды. Өздеріңе ертең бәйгемізге таласатын бәсекелес болмасын деп ортан жілігіңді опырып, қабырғаңды қақыратып тастағанша қанағат қылмайды. Аяғыңнан шалады да отырады... Өмір — сайыс алаңы емес. Сайыс алаңында ата-бабаңның аруағына сиынып бағыңды анда-санда бір сынайсың... Ал, өмірде бағыңды күнде сынауға тура келеді. Сонда тап берген тыртақай қарсыластың бәрінің де қабырғасына жармасып тыраштанасың да жатасың ба?! Ондай күнара ақ түйе бастап бір күні болмаса бір күні белің кетіп, үнің бір

жола өшеді ғой. Олай болса кіммен белдесеріңді біл! Қалай белдесеріңді біл! Ондайда, не де болса, өзіңнен үлкенді жағаламай болмайды. Үлкенді жағаласаң, балалығыңды кешіре алатын көнтерілеуін жағалағаның дұрыс. Бірақ, үлкен мен кішінің арасы да бәр-бәр уақытта майлы қасықтай бола бермейді. Онда да сайыс тынбайды. Бірақ, ол сайыс үлкен палуан мен бала палуанның белдескеніндей ғой. Үлкен палуан бала палуанның бытыр еткізіп бел омыртқасын үзе салмайды ғой!

Олай естем, жан-жақтағылар не дейді деп абырой-әжетке қарайды ғой. Әрине, абырой-әжетті кез-келген әумесер ойлай бермейді. Инабаты, парасаты барлар ғана ойлайды. Парасаттан құр алақан емес бала палуан да абырой-әжетті ойламай тұра алмайды. Күрескеннің жөні осы екен деп оңды-солды ағасының сақалына жармаса бермейді. Екеуі де абайлап, сақтанып, сынасып белдеседі. Үлкен кішісін қолым қаттырақ батып кетіп шошынтып алмайын деп сақтанады. Кішісі үлкенін абайсыз намысына тиіп шамырқантып алмайын деп сақтанады. Үлкені кішісін соны аңғара алатындай ізеті, санасы бар ма екен деп сынайды. Кішісі үлкенін соны бағалай білетін парасаты, санасы бар ма екен деп сынайды. Деңгейлес, шарғыластардың арасында жағалас тынбайды. Әр деңгей, әр шарғы үлкен-кішінің арасында сынасу тынбайды. Күшіне сенгендер жан-жағына тап-тап беріп жағалассыз отыра алмайды. Ақылына сенгендер айналасына абайлап көз салып сынаспай отыра алмайды. Жағаласа кеткенде қашан да күші асқандар ұтады. Күш қашан да үлкен мен көпте. Сынасуға келгенде ақылы асқандар ұтады. Ақыл үлкенге де, кішіге де, азға да, көпке де біте береді. Кейде тіпті күшіне сенген үлкен мен көп ақылдан құр қалып жатқанда, абайшыл аз бен кіші ақылдан олжалы боп жататын да тұстары бар. Сондықтан да аз бен әлжуаздың ашық жағаластан гөрі ақылды тайталасқа бейім тұрғаны лазым. Ақылдың тайталасы бар-бар уақытта жеңіс іздей бермейді, көбіне-көп дұрыстықты іздейді. Дұрыстыққа салсаң аз бен көптің, үлкен мен кішінің алысқаны емес, табысқаны лазым. Жарық жалғанды мекен еткендердің бәрі төрт аяқтыларға ұқсап азу мен тырнаққа ғана сеніп шайнаса берсе бірін бірі құртпай тынбайды. Ал күшпен қоса ақылы да бар екі аяқтылар батылдан гөрі мақұлға, ашудан гөрі сабырға мойын ұсынбаса кім-кімге де тыныштық болмайтынын аңғарса керек еді. Оны басқа аңғармаса да қазақ аңғарса керек еді. Жан-жағынан кім түрттіні одан көп көріп жатқан кім бар? Біздің қазақ ығайлар мен сығайлар жортқан құла түзге астына бір кездегі батыр әкесінен қалған елде жоқ ер-тұрман салып, елде жоқ пырақ мініп шыққан әлжуаз бала шабандоз сияқты. Көрген жанның бәрі атынан аударып әкеткісі келеді де тұрады. Қазақтың далиған даласы бары даусыз, ал оны ұстап тұра алар шамасы бары неғайбыл. Ол жағынан жылдан-жылға көбірек сыр алдырып келеді. Асыл мінсең, тақымыңа көзің сал... Асыл кисең, білегіңе көзің сал... Ақыл дегеннің өзі де әлсіз жеріңді білу емес пе?..

Ендеше, мынау біреуге біреу көз алартпай тұра алмайтын заманда қазақты күш құтқара алмайды, ақыл ғана құтқара алады...

Оны, бұның байқауынша, ақ патша да көрмей-білмей отырған жоқ. Ендеше, қайтер екен? Батырдың жолындағы бала қарақшыдай бақыртып қанжығасына байлап әкете барар ма екен? Жоқ, бала да болса, санасында сәулесі бар ма екен деп аңыс аңдап көрер ме екен? Әп дегеннен әлім жеттік жасай жөнелер ме екен, жоқ әуелі ішке тартып баурап бағар ма екен? Шарқына сене ме екен? Парқына сене ме екен? Шарқына сеніп әупірімдікке басса, әлі де кеш қалмай тұрғанда, өлмес жеріңді ойла! Парқына сенсе, сен де парықтан құр алақан еместігіңді аңғарт.

Ол арасы осы келіссөзден белгілі болмақшы.

Сондықтан да екі жақ әңгімені бұқпақтап бастады.

Бұқпақтасып отырып та бір-бірінің біраз сырларын аңғарысып болды.

Ұлық жаңа бодандардың бетіне шіркеу салғысы келмегендей қалмақ пен башқұрт жәйін атымен ауызға алмады.

Хан мен билер де жайына жатқан жыланның құйрығын басып алмайық дегендей, ол тарапқа беттей қоймады.

Екі жақ көкейлерін тесіп бара жатқан қызыл құртты көріп-біліп отырса да, оған жоламауға тырысты. Бірақ одан қара үзіп шығандап кете де алмады. Содан да болар, әңгіме қайдағы бір тұтқындар жайына келіп тіреле берді.

Орыс жағы:

— Сіздің ұлыстарда ақ патшаға бағынышты Жайық, Есет, Сақмар казактарынан, қалмақтар мен башқұрттардан талай кісі тұтқында жүр екен. Соларды көп ұзатпай үйіріне қосқан дұрыс болар еді,— дейді.

Оны қазақ жағы:

— Ендігәрі ақ патшаның қол астындағы көршілестеріңе қол созғандарыңды қойыңдар,— дегендері деп ұғады.

Қазақ жағы:

— Жайық, Сақмар, Есет казактарының, қалмақтар мен башқұрттардың арасында біздің де талай жігіттеріміз тұтқында жүр,— дейді.

Оны орыс жағы:

— Бұдан былай олар тыныш болса, біз де тыныш боламыз,— дегендері деп ұғады.

Содан кейінгі көп әңгіме сауда керуендері жайында болды. Қазақтар бұдан былай өз ұлыстары арқылы өтетін орыс керуендерін өздері қамқорлыққа алатын болып келісті. Соның бір айғағы ретінде Ташкентке алғаш рет бара жатқан орыс керуенін Әбілқайыр хан өзі бастап әкетпекші. Жиырма мың сомның бұйымы артылған бұл керуенді өз ұлысынан қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай аман өткізіп жіберуге уәде берді.

Сол бойда билер мен батырлар ұлыс-ұлыстарына ат шаптырып керуенге қажет көлік пен керек-жарақты жинатты. Олар ант

беруге келгендер осы арадан кетпей тұрып жетісіп болатын болды.

Патша ұлығы өз тарапынан бұдан басқа әңгіме қозғамады.

Хан ұлықпен болған оңаша жолығыста алдағы жылы Бопай ханымды патша сарайына жіберіп алғысы келетінін айтты.

Бұл тұста Әбілқайыр ел алдында тағы бір басын оздырып алуды ойлаған. Әрі бір баласынан соң бір баласын тірсегінен ұстатып аманатқа қалдырып отырған қаяулы ананың көңілін ауламақшы еді.

Ұлық: «Қу, неме, сол арқылы тағы да біраз сый-сияна алып, қарқ болып қалғың келіп отыр-ау»,— деп ойлады.

— Мақұл. Бұл өтінішіңізді де алдияр тақсырдың құлағына жеткізейін,— деді.

Ең соңында Әбілқайыр үшін ең қиын әңгіме де айтылды. Жұрт алдында аманаттағы Ералы ханзаданы Қожахмет ханзадамен айырбастауды өтінді.

Бұны айтқанда ханның беті қуарып кетті. Құндыз мұрты жылтылынан, екі беті шырайынан айырылып, ет пен ет боп жылмиып жабысып қалғандай.

— Бұл жолығыс, біздің ойымызша, баяғыда-ақ өтуге тиісті еді. Башқұрттардың қырсығы тиді. Ералы сұлтанды уақытында еліне қайтара алмай ұзақ ұстап қалғанымызға ғафу өтінеміз,— деді ұлық.

— Қожахмет сұлтанның тұсында олай болмайды деп сенеміз,— деді табын Бөкенбай қабарытып қатқыл тіл қатып.

— Әлбетте,— деді ұлық нығыз үнмен.

— Қожахмет Ералыдай емес әлі баландау еді. Үйренісіп кеткенінше қасындағы қазақ нөкерін көбірек қалдыра тұрсаң қайтеді?

— Қарсылығымыз жоқ. Қанша кісі қалдырсаңыз да, өзіңіз біліңіз.

Хан сол сүп-сүр қалпы. Сұлқ отырып қалды. Ішінен: «баламның қасына кешегі ант берген билер мен батырлардың да бір-бір баласын аманат қылып ұстасаңдар қайтеді»,— деп айтқысы кеп тамағы қышып тұрса да, көбі енді-енді иілігіп келе жатқанда қайтадан сырт айналдырып алмайын деп сақтық жасады. Іле шала көңіліне: «Кім біліпті, біреу-міреуі: «Ханзаданың қасына біз де аманат ұстаймыз»,— дер ме екен деген үміт қашты.

Патшаның ұлығы бұлардың жүздеріндегі құбылысты қалт жібермей жіті барлап отыр. Оның да көзінде бір жұмсақ діріл бар. Қалғандарын «қайтер екен» дегендей терген-тексере тесірейе қараған сынампаз жанары бұған келгенде тайқып кетеді.

Қасындағы билер бұл әңгіменің өздеріне еш қатысы жоқтай селт етпеді.

Патшаның ұлығы томсарып отырған ханның қасына келіп:

— Ханзада жөнінен қам жемеңіз. Барлық жағдайы жасалады,— деді.

Әбілқайыр орнынан ауырлау көтерілді.

Сол-ақ екен Қожахметтің қасынан ертелі-кеш топылып жүрт кетпейтінді шығарды.

Қара жалдың басындағы қазақ қосыны мен Ор бойындағы орыс қосынының арасында ат шапқылайтын былай қалып, күйме шапқылайтынды шығарды.

Күнде сәске болар-болмаста үш жорға жеккен бір көк күйме салып ұрып жетіп келеді де тұрады.

Күнде сәскеде жалтылдаған шошақ бөрікті бала ханзада соңына айғыр тон нөкер ертіп көк күймемен Ор бойына қарай желкілдеп кетіп бара жатады.

Қызыққұмар Қожахмет сол көк күйменің үстінде түнеп, үстінен өруге пейіл. Кешқұрым әкеп тастап, құлтылдап кейін қайтып бара жатқанда қашан Ор бойына жетіп, орыс қосынына сіңіп кеткенше соңынан көз алмай жаудырай қарап тұрғаны.

Бұны да ойлап тапқан Татищев мырза. Жаңа аманаттың тым бала екенін ескеріп, осы күннен әр нәрсеге қызықтырып, әбден өздеріне бауран алғылары келеді.

Қожахмет үшін күніне бір қызық табылады да тұрады.

Таң атпай жатып ала шатырға апарып әлде бір ақ киімді еркектерге үсті-басын қаратады. Еріккен немелердің істемейтіні жоқ. Қасық тығып ауызын ашқызып тамағын қарайды, тілін қарайды, тісін қарайды. Құлағына жата қап үңіледі. Көзін әрі-бері аударып-төңкереді. Отырғызып қарайды, тұрғызып қарайды, жатқызып қарайды. Қолдары қандай жұп-жұмсақ! Көздері қандай жып-жылы! Сөздері қандай мап-майда. Қытықшыл бала әлгі немелер маңайына жолап кетті-ақ, сықылықтап күліп ішегі түйіліп қала жаздайды.

Олар үсті-басынан ештеңе тастамай сығалай қарап сипалап тінтіп шыққаннан соң және бір сумаңдағандар келіп бойын өлшейді, белін өлшейді, ығын өлшейді, табанын өлшейді. Өлшемеген бердеңе қалса не дейсің!? Бұлар да қытығын келтіріп шексілесін қатырады.

Ол аз дегендей бір күні тағы да таң атпай көк күймеге мінгізіп әкетіп, қайдағы бір көлдей айнаның алдына көлбеңдетіп тұрғызып қойғаны. Иығына әне бойынан ақ жіп, көк жіп салбырап шығып тұрған әлем-жәлем бірдеңелерді әкеліп кигізгені. Ондайда бұл өз сықпытына өзі мәз болып, өзіне өзі тілін шығарып, сықылықтап кеп күледі.

Қасына баяғы қырға баратын Сартайлақты ертелі-кеш ертіп қояды. Оның күні бойы бұны апармайтын жері қалмайды. Сыптиған сарбаздардың неше түрлері ойынын қызықтайды. Жүздеген еркектердің қаздай тізіліп қатар-қатар тұрғандары да қызық, біреуінің құйрығын біреуі теуіп қалатындай аяқтарын әуелете көтеріп жүргендері де қызық, қолдарындағы көк сүңгілі мылтықтарын біресе иығына асынып, біресе жерге түсіріп, біресе алға, біресе қапталдарына кезегендері де қызық. Мұртының екі шалғысын екі құлағына жеткізіп шыршықтап орап қойған еділ бастықтарының «айт-двалап» ақырғандары да қызық.

Көк пәуеске біресе зеңбірекшілердің, біресе атты әскердің,

біресе тамақ пісіріп жатқан аспаздардың қасынан барып бір-ақ шығады. Қайда барса да, бала ханзада аузын ашып, ырсия күліп бір мәз болып қалады.

Әйтеуір ол ертелі-кеш күймеден шыққысы келмейді. Көк күймеге мінсе, Ор бойындағы орыс қосынынан шыққысы келмейді. Кешқұрым қара жалдың басындағы қазақ қосынына мойыны қисайып қынжылып оралатынды шығарып жүр. Келгесін де күні бойы не көріп, не қойғанын айтып тамсанады.

Сөйтіп жүргенде сүмбіле де аяқталуға жақындады.

Сөйтіп жүргенде қазақтың сары ала шапандыларының патшаның сары ала иықтарына, патшаның сары ала иықтарының қазақтың сары ала шапандыларына айтатын әңгімелері де таусылайын деді.

Сөйтіп жүргенде аманат алмастыратын күн де жақындап қалды. Хан отырған сары ала шатырға ет бауыр жанның бәрі де жиналды.

— Қожахмет, енді көп ұзамай елге қайтпақшымыз?

— Сонда неше күннен кейін?

— Көп болса сол үш-төрт күннің шамасы...

— Қап, тым тез екен ғой?

— Немене, өкініп отырсың ба?

— Иә, кеше бір едірең мұрт орыс қылыштасуды үйретем деп еді.

— Ендеше, Ералы ағаңның орнында қала тұр. Ол ауылды көргісі келіп жүр екен.

— Алақай! Шын айтасың ба?

— Шын болғанда қандай!

— Сонда маған да Ералы ағама ұқсатып өз алдыма шатыр тігіп бере ме?

— Әрине.

— Онда түнде жалғыз қайтып ұйықтаймын.

— Қасында біздің адамдар болады ғой. Мырзатай нағашың қала тұрам деп отыр ғой!

— Тұяқ қалмай ма?

— Жоқ. Әкесіне айтпай қалай қалдыра аламыз?!

— Қап...

— Бірақ келіп тұрады ғой!

— Сонда маған да Ералы ағамдікіндей көк мауыт киім кигізе ме?

— Кигізгенде қандай!

— Аяғыма сықырлаған шегірен етік кием бе?

— Сөз бар ма!

— Омырауыма күнге шағылысып күлім-күлім ететін жалтырақ түйме тағам ба?

— Әлбетте!

— Ылғи осылай көк күймемен жүрем бе?

— Жүргенде қандай!

— Алақай, қалам...

Баланың беті бал-бұл жанып, көзі шоқтай жайнап қоя берді.

Әкенің алқымына бірдеңе көпеліп кеп тұрып алғандай. Тынысы бітіп барады.

Нияз сұлтан көзіне жас үйіріліп:

— Апырай, осы бір насыбайдың ащысы-ай!— деп теріс қарап күйбеңдеп кетті.

Тек Мырзатай ғана басын жықпай:

— Е, зекетің болайын... Ақылыңнан айналады нағашың,— деп жер түбінен кеңірдегін созып еміреніп қойды.

Ор бойы тағы да аяғынан тік тұрды. Қара жалдың басындағы қазақ қосыны әлдеқашан үйлерін жығып, көштерін әлдеқашан жөнге салған,. Игі жақсыларға еріп келген қыл шашақты қара құрым нөкер жал басында жағалай тізіліп аша түбектегі көріністен көз алмай қарап тұр.

Қақ ортадағы сары ала шатырдың маңы абыр-сабыр. Тағы да сол самсап тұрған саптар. Тағы да сол салтанатты шеру. Тағы да сол тарсыл-күрсіл.

Алабажақ қалың шатырдың арасынан әуелі сары үйек жыландай иреленделп салтанатты шеру шықты.

Олар орыс қосынан ұзай бере аша түбектің бір пұшпағынан бес мыңдай жүктеулі түйе орындарынан көтерілді. Олардың соңында да көк сүңгілі әскер. Қиқалақтаған арбалар.

Бұл — Ташкентке бара жатқан алғашқы керуен.

Салтанатты шеру жал басындағы жағалай самсап тұрған қазақ сарбаздарына жете бере кідірді.

Ханды патша ұлығының өзі шығарып салып келеді екен. Ең алдымен өзі келіп ханның қолын алып, төс түйістіріп қоштасты. Сосын қалған сары ала иықтары кеп қоштасты.

Ханнан кейін Нұралы, Ералы, Қожахмет қатар келе жатқан. Кідірген жерде Нұралы мен Ералы әкесінің қасына қарай ығысып, Қожахмет екі топқа қосылмай арада жалғыз тұрып қалды.

Су жаңа көк мауыты киінген ханзада осыдан бір ай бұрын асық атып, тай қуып жүрген жалақ бет балаға атымен ұқсамайды. Шебердің қолынан енді шығып, ине-жібі әлі алынбаған қуыршақтай үлбіреп тұр. Салтанатты шеруден іргесін бөлектеп, оқшау ошарылып тұрған сары ала топқа жаудырай қарайды.

Қасына әуелі әкесі барып:

— Ал, балам, үлкен азамат болды деген осы. Ақылды бол!— деп маңдайынан сүйіп, арқасынан қақты.

Сосын Нұралы, Ералы, Нияздар барып бір-бір құшақтап бетінен сүйді.

Ең соңынан Тұяқ барды. Ханзада оның қолынан ұстай алды:

— Тұяқ, менің жорға тайым саған аманат,— деді.

Досы ырсиып күлген болды. Үлкендерден көргенін істеп арқасынан қағып, енді ажырағалы жатыр еді, Қожахмет жеңінен тартты.

— Айтпақшы, менің асық салған қалтамды Айшуаққа берерсің.

Тұяқ басын изеді.

— Анама айт, сен келген сайын маған көп қылып балқайнатып беріп жіберсін.

Анадай жерде әзір осында қалатын Мырзатай, Байбек, Итжемес, Қалбектер тұрған. Олардың қасында — баягыда қырға екі рет барып қайтқан Сартайлақ, Балпақ сары және үш-төрт жас орыс жігіттері тұр. Қожахмет бүгіннен бастап солардың қасында болмақ.

— Жарайды, зекетім, жолаушыларды жолдарынан қалдырма,— деді Мырзатай дауысы қалтырай шығып.

Сол-ақ екен ханның да екі шықшытының астына екі ине қадала қалғандай жұтынтпай барады.

Мырзатай топтан бөлініп жиенінің қасына барды. Оған Сартайлақ пен Балпақ ерді.

Ханзаданың екі жанары тамып кетер екі тамшыдай мөлдіреп тұр. Күлген боп ыржиып әкесіне қарап негін қақты.

— Жарайсың, міне, жігіт!— деп баяғы Балпақ сары баланы иығынан сипады.

Қатар тұрған төртеудің төртеуінің де жанарлары шықтанып тұрғандай көрінді.

Мырзатай мен Қожахметтікі бір жон. Ал мына екі орыстікі не? Қай бір екі туып бір калғандары! Бірақ бұлар да жерден шыққан жоқ шығар. Бәріміз де аргы тегіміз Адам ата, Хауа анадан тараған бір нәсілміз ғой. Жаутаңдап жат қолында қалып бара жатқан баланы аяп тұрған шығар. Қия алмай құр сүлдесі тұрған бұны аяп тұрған шығар... Әлгі ұлық қайтып тұр екен?!...

Хан сыр алдырып алғысы келмегендей дереу бұрылып кетті. Шошақ бөрік сары ала топ аттарына қамшы басты.

Салтанатты шеру қазақтар тобы қашан жал асып кеткенше, сол арада топылып тұрды да қалды.

Әбілқайыр қара жалдан енді асып бара жатқанда ғана артына бұрылды. Сары ала шеру сол арада әлі тұр екен. Бір қапталында көзге көрінер-көрінбес кішкене шоғыр қарауытады. Ол — ханзада.

Екі өкпесін әлдене шымшып алғандай болды. Содан қашан бес-алты жал асып, қара үзіп кеткенше ешқайда бұрылып қарамай, атының құлағының арасынан жылт-жылт сығалап тұрған көкжиекке қарап телмірді де отырды.

Бір түнемеліктен кейін қазақ қосыны төртке бөлінді. Орта жүз рулары ығі-жақсыларын Жәнібек пен Шүрек бастап Торғай бетке шығыска тартты.

Бөкенбай мен Есетке ерген жетіру тобы «Қарғалы, Елек, қайдасың?»— деп тұпа-тура батысқа бағыт алды.

Нұралының қасындағы бай ұлы би, батырлары Жем, Темірге бет түзеді.

Мұғаджарды қос қапталдап көшіп-қонатын әлім ата бас көтерерлері хан қасында.

Кеше ғана Ор бойында қақырадай боп айдынданып шыққан қазақ тобы ұланғайыр далаға шыққан соң жан-жағынан әр шы бөрі әр жаққа тартып жұлымдап тастаған өлген жылқының қаң-

қасындай ырсиды да қалды. Ташкенттің кан базарына түскелі өз алдына бір қара құрым қосын боп шұбарытып келе жатқан орыс керуенінің алдына түсіп, әбден артынып-тартынған қара нарды жетелеген көк есектей сидаң-сидаң бөкі берді.

Хан маңындағы жабыр-жұбыр азайғалы өзімен өзі. Ешкіммен тіл қатысқан емес. Жылмиған жазықтарды, қылымси бұлтиған құм бұйраттарды, жоғалған түйедей әр жер-әр жерден оқшау маңқиған қырандар мен құс тұмсық қара жалдарды өмірінде алғаш рет көріп келе жатқандай көкжиекке тесіле қалыпты. Қанша күн жүрсе де, сол отырысы отырыс.

Жан-жағы — сол жазық үстірт, дөңбек дөң, қақалып өскен қалың изен, жусан, бұйырғын, сусын көшкен шағылдың бетіндей шыршық атып шимайланып жатқан селеулі дала.

Көз алдында — ала бажақ аша түбек, қаққан қазықтай қадала тізілген ұзын шұбақ саптар, жымсия қарап, шіңгірлей сөйлейтін жалтыр мандай ұлық.

Ойында — ол айтқан сөздер, өзі айтқан сөздер, қасындағылардың сары ала иық ұлықпен жолығысқа бара жатып айтқан сөздері, келе жатып айтқан сөздері...

Мұндай хәлді адам алғаш рет тақымына сойыл басып барымтаға барып қайтқанда бастан кешсе керек еді. «Ана жерде жөткіріліп қалмадым ба...» «Мына жерде сойылым қағыс тимеді ме...» «Әлгі аунатып кеткен жылқышым бел омыртқасын үзіп алып жүрмесе, не қылсын...» «Алдарындағы мынау көп көк аланың бұған қаншасы тиер екен...» «Ауылға жеткенше арттарынан қиқу шыға ма, жоқ па...»

Мұндай хәлді жас жігіт алғаш ұрын барып келе жатқанда бастан кешсе керек еді... «Қалыңдығым қалай өзі, күлегештеу емес пе...» «Көзіндегі көп жарқыл сұлулықтың белгісі ме, тұзы жеңілдіктің белгісі ме...» «Қоржынымды ашқан жеңгелердің жырқыл-жырқыл күлгендері несі: апарғандарымды қорашсынғандары ма, жоқ көңілдері бітіп мәз болғандары ма...» «Қайнатамның қабағы тым қыртыс-тыртыстау емес пе...» «Қайнеңсмнің ерні түріктеу екен, безеңдеген безер біреу болып жүрмесе жарар еді...» «Қайындарым аусарлау емес пе екен, үйір сағынған сәуріктердей қараптан қарап шабынып, көкіректерін желге төсей береді екен...»

Мұндай хәлді адам, не де болса, басына бір үлкен өзгеріс түскелі тұрғанда кешсе керек еді.

Бірақ, бұдан артық не өзгеріс керек... Тек бұл ғана емес, мына дала, мына жұрттың ендігі тіршілігі қалай-қалай құйқылжыр екен... Алғашқы жолығыстың өзі нені сездіріп, нені аңғартты... Ақ патшаның ұлығы әп дегеннен әупірімдікке баспай қасы мен қабағына қарады ғой... Бұл тым бұлданыңқырап кеткен жоқ па... Ұлық не деп отырды екен... «Мынау оп-оңай ұпай бере қоймас қақсал сұм ғой,»— деді ме екен, жоқ: «Пәтшу, көн тулағы бұтына жабысып жүріп, мынаның талтаңдауын-ай!»— деді ме екен... Жалтыр мандай ұлықтың қаймыжық ерніне қаймақтай жабы-

сып ән тұрған да қойған жұмсақ күлкі қоштағаны ма екен, әлде мошқағаны ма екен...

Не де болса, бұл жолы Ор бойынан еңсесі жығылмай тік кетті. Баяғыдан бері сөзіне бірде илігіп, бірде илікпей жүрген көп керенау аша түбектегі ала бажақтың өзіне естерінен тана жаздады ғой... Олар бұдан бұрын бұндай құрмет көрген қай хан, қай заданы біледі екен...

Жалтыр мандай ұлық та нағыз бір сәйдың тасын бір сайға қосқан нағыз ақ қапталдың сойынан сияқты. Не істесе де, жігін білдірмей жымдастыра қойғыш екен. Ұрының атындай лыпып тұрған жоқ па!.. Ұрымталды қалай біле қойғыш... Кешегі қоштасар дастарқаннан кейін билер мен батырларға тарту-таралғы тартқаны қандай қатып кетті... Қазынаның тағы да екі мың сомының көзіне су құйылды дейді. Құйылса, құйылсын... Баяғыдан бері қол-аяғы орыстың көк ала шүберегіне оратылып арқандалып қалған деп бұны кекетіп жүргендер кеше сый-сияпа үлестірген тұста өздері мал сойып жатқан жердегі жынға таласқан иттей тап-тап беріспеді ме... Енді не дер екен... Ертең-ақ ауылдарына ақ тауды айырып, қара тауды қайырғандай болып қақырайып барар-ау... Олардың кекигенін көріп, анада кекшиіп келмей қалғандардың іштері тұз жалағандай қыз-қыз қайнар-ау...

Әбілқайырдың бұл сапардағы ең үлкен олжасы осы... Талай шалқақ мойынның артық омыртқасын сөгіп алғандай, ендігері өзіне асқақтай қарай алмайтындай қылғаны...

Әбілқайырдың бұл сапардан ең алдымен ұққаны — қазақтың баяғы салқам сері дәуреннің өтіп бара жатқандығы. Ендігі жерде ол айналасымен бұрынғыша алысып-жұлысып өмір сүре алмайды, ауыз жаласып, жең ұшынан жалғасып қана өмір сүре алады. Демек аңдысып қана өмір сүре алады...

Мұндай тұста білектен гөрі білікке салмақ көбірек түсіңкірейді.

Ендеше бұл баяғыдан бергі мысықтабандап білдірмей ұмсынып келе жатқан нысанасына бір табан да болса, жақындай түседі деген сөз.

Әбілқайырдың бұл сапардан бір сезгені — ақ патшаның ұлықтары күштеріміз жетеді деп күдірейе кетер көпек төбеттерден гөрі аңысыңды аңдап абайсызда тап берер тәсілқой тазыларға келіңкірейді екен. Олармен үнсіз аңдысудың өзі жоңғармен сарт-сұрт салғыласудан оңайға түсе қояйын деп тұрған түрі шамалы. Бірақ, қайтеді... Шыдайды-дағы... Іргеден басып, күнара төкпектеген қара сойылдың астында қансырап жатып жан тапсырғаннан гөрі іргеден сығалап өзіңді баққан сұқты көзбен аңдысып отырып бала өсіріп, мал баққаның әлдеқайда дұрыста шығар... Жер бетінен көзін жойғысы келмейтін ілгері тілеулі қауымға түптеп келгенде, қызыл қарын жас баланың қамынан артық мұрат болмаса керек. Ол жолда қамқор әке, қамқор ана неге пейіл болмаушы еді?!

Міне, бұл да, өз баланының өзі тұзаққа апарып түсірген тор-

ғайдай, бір баласын тағы да білегінен ұстатып шырылдатып жат қолына тастап кетіп келе жатқан жоқ па!

Көз алдына — анадағы бір қоштасар сәттегі Қожахмет келді. Асау тайға алғаш мініп тұрған баладай жаудырай қарайды. Тақымындағы тайдан әрі қорқып, әрі қимай тұрған сәби жанарына көзің түскенде ет-жүрегің езіліп жүре бермеуші ме еді. Сол сәтте сезімнің дегенін қылсаң, ұмтылып барып балаңды жұлып ап, асау тайды арқасынан бір тартып, тайып тұрмас па ең. Өйтсең балаң өмір бақи қыл құйрықтың қарасын да көре алмай, құр тақым өтпес пе еді. Сондықтан да амалсыз төуекелге бел буасың... Көзі адырайып тұрған баланы ер үстінде ғұмыры өтер ер жігітке асаудан аунап түсуге қорықпау керек екенін ұқтырып басу айтып бағасың.

Қанаңды жарып шыққан балаңның болашағын ойлағандағы сол нар тәуекелге қанасын жарып шыққан жұртыңның болашағын ойлағанда да қайтып бармассың.

Кеше Қожахметпен қоштасқанда іштей қанша қан жылап тұрса да, артына бір қайырылып қарай алмай қайқайып кете барғаны да сондықтан.

Қожахмет, әрине, ештеңе түсінген жоқ. Қажет десеңіз, бұлардың қашан қайта айналып соғатындарын да білмейді. Тіпті оның орнына жаңа аманаттың қашан баратынынан да хабарсыз. Аманат деген сөздің не екендігін де ұқпайды.

Қожахмет түсінбесе де жұрты түсінсе болғаны да. Айналасындағылардың бірі қолдап, бірі қолдамаса да, аруақ қолдаса болғаны да...

Әбілқайыр Дәурен биікке жеткенше асықты. Неге екеніне өзі де түсінбейді, әйтеуір, мына сапарының мағынасын сездіретін бір нышан күтетіндей.

Жүргіншілер нысаналы қызыл үйікке зауал ауа жетті. Баяғы сол оқшау үйік. Баяғы сол астында кім жатқаны белгісіз оқшау төмпек. Бұл маңайда одан басқа қона кетер өзге биік жоқтай қашан келсең де, айналсоқтап шықпай жүрген тарғыл бүркіт. Бұлардың қарасын анадайдан көріп қап далақтап ұша жөнелді. Сосын алысқа ұзап шығынып кетпей көз жетер биікте шүйіп жүрді.

Дәурен биіктің, тарғыл бүркіттің бұнысы қалай? Барып келе жатқан сапарының мына далаға ешқандай елеулі өзгеріс әкелмейтін болғаны ма? Сол баяғы үйреншікті далбаса тіршілік сол қалпымен жалғаса беретін болғаны ма? Неге мынау қызыл томпақ топырақ қылп етпей жатып алады? Неге сонау тарғыл бүркіт тышқан аулап жүргендей бей-жай шүйіп, манаурай ұшады? Неге сонау батуға еңкейген қызыл шұпақ күн бәз-баяғы қалпында күлім-күлім етеді. Кісі тіксінердей ештеңе жоқ болғаны ма...

Ендеше оған бола неге қобалжиды? Бұған да керегі сол кісі тіксінетіндей ештеңе болмағаны емес пе еді? Бұның дұшпандары оның бұл әрекеті дүниені қаран суға алдыратындай әбден дүрліктіріп бақпап па еді?! Солары бекер боп шықса, дүниені қаран

су алатындай сиқ қауып жоқ боп шықса бұған одан артық не керек еді?! Е, құдай, өзің қолда. Е, аруақ, өзің жақ бол...

Әлгінде ғана үрейлене лүпілдеп тұрған жүрегі кенет атша тулап дүрсілдеп ала жөнелгені...

Мұқамбет қожа жұрттың тізесін тағы да топырақка тигізіп, тағы да алақандарын жайғызып, тағы да бет-ауыздарын сипатты.

Қалың шоғыр нысаналы биіктен жайлап түсіп, жөнге шықты. Дәурен биікке жеткенше көк желкесіне шаншу қадалғандай сіресіп келе жатқан хан енді жалтақ-жалтақ артына бұрылып қарай береді. Қанша қараса да, сол баяғы үйреншікті көрініс. Бұлк етпестен бүк түсіп жатқан қызыл үйік. Шырқау аспанға шығып ап, қаннен-қаперсіз қалықтап жүрген тарғыл бүркіт. Жүрісінен жаңылмай жарқылдай күліп, жерге еңкейіп бара жатқан күн көзі.

Келесі бір айғыр жалға көтеріліп тағы қарап еді. Күн көзі ұясына қонып, балқытқан күміс теңгедей еріп жоғалып барады. Тарғыл бүркіт атымен көзге шалынбады. Батар күннің шапағы шарпыған қызыл үйік қашып бара жатқан түлкінің жонындай жымың-жымың етеді.

Мынау не? Бұл алқаптың күн батардағы үйреншікті көрінісі ме, жоқ мұның көзіне әдейі түсіп тұрған әлде бір нышан ба?!

Қызыл түлкі аяғы жерге тимей жұлдыздай ағып келеді. Сыландаған құйрығын біресе қараған, біресе шеңгел іледі. Қайқиған жонын бір мұп-мұздай алақан сипап жатқандай. Тұла бойы түршігіп барады. Түйменің тесігіндей кішкене тұмсығына дем жетпейді. Түйенің құмалағындай кішкене жүрегі көкірек қаңқасынан пана таба алмай сонау шұбалған құйрықтың астына қарай зуылдай қашып бара жатқандай. Енді сәлден соң бір бұтаның түбіне домалап түсіп қалатындай.

Апырау, бұл қырық бұлтақ түлкі емес пе еді? Жаны қысылғанда айлаға баспайтын ба еді? Бұлтармайтын ба еді. Сонда қандай әзірейіл құғыншы болса да, көз жазып қала бермеуші ме еді? Бұл неге жұлдыздай жүйткіп қашқаннан басқа қайран таба алмай келеді? Бұған не болған? Әлде түлкіліктен қалып, қит етсе төрт аяғына жалынған қоянға айналғаны ма? Алпыс екі айланың орнында үңірейген үрейден басқа ештеңе қалмағаны ма? Үрей құйрығынды былғағаннан басқа не бітіруші еді?! Бұнысы қалай? Бұған зәресі осынша ұшатындай не көріпті? Бұның зәресін осынша алатындай қандай тажал тап берді? Бұл соншама неден қорықты?

Шөп арасында бүлкектеген түлкінің көктегі қыраннан басқа не жауы болатын еді? Зымыраннан шолған қыран жанар болмаса, жерден жарты құлаш, бір құлаш, екі құлаш биіктен жыртпа қараған жыртқыш көзден кез келген бұтаны-ақ қалқалап құтыла бермеуші ме еді?!

Апырай, бұл жолы қызылсыраған қыранның астында сауы-

рын қалай ашып алды екен? Ондай ағаттықты қалай жіберіп жүр? Бас тығар қалқасы жоқ бұндай қу тақырға қалай шығынып кетіп жүр? Енді бұл арадан құтыла ала ма, жоқ па?

Көктегі қызыл көз қыран бұны осынша қуғанша неге сорғалап түспеді? Неге бел омыртқасын сытырлата сындырып бүрмейді? Неге жұмыр басын аңдыздаған тырнақтың астына алып, тұмсығымен топырақ қаптырып сілкілемейді? Аяғаны ма, қалай... Қанатының сусылы қыр арқасын ызғар болып қарып шүйіп-шүйіп келеді де қайта биіктеп кетеді? Әлде әдейі әбден болдыртып барып алайын дегені ме? Барар жер, басар тауын қалдырмайын дегені ме? Әлде айласына сеніп сылаңдаған немені жер бетіндегі барлық бақа-шаян, құрт-құмырысқаның алдында әбден масқара етейін дегені ме? Апырау, бұнысы қалай?!. Бұл мына қалпымен әлі қашанға дейін қашады? Қашқанмен құтыла ала ма өзі? Мынау төбесінен әсәсілдей төніп келе жатқан тарғыл коқат не? Құс па өзі? Жоқ, мұның баяғыдан ізін бағып, қолға түсіре алмай келіп, қапысын енді тауып тап берген тылсым жендет пе? Жоқ, көз алдында ғайыпқа айналып таусылғалы тұрған талай-тағдыры ма?... Не?... Не?.. Не?..

Сорғалап төніп қалған, екі иығына мініп қалған көк тағысы қайқаң етіп қайта биіктейді. Сақ-сақ күлгендей саңқ-саңқ үн шығарады... Құдай-ау, мынау не өзі — құс па, адам ба?

Зымырап қашып келе жатып көкке қарайды. Төбесіндегі құс... Құс болғанда да тырнағы соқиған бүркіт... Бүркіт болғанда да көдімгі Дәурен биіктің басынан шыр айналып шықпайтын тарғыл бүркіт...

Бұнысы қалай? Мана жайбарақат жайына самғап жүрген манаурай қалықтап жүрген маубас мақұлыққа мұншама не көрінген?! Оны не түлен түртті? Далиған мына далада шеңгелін қызылдайтын өзге ештеңе таба алмағандай бұған түскені қалай?

Әлде бірдеңеден ашынды ма екен? Неден ашынады? Не деп ашынады? Бұл аруақ шамырықтырардай не істеп еді сонша? Аруақ баққан киелі бүркіт айдаладағы қаңғыма түлкіге не деп шамданады?

Осы қашып келе жатқан өзі кім? Расында да түлкі ме?.. Жоқ, түлкіге айналып кеткен басқа бір мақұлық па? Түлкінің мынандай бес саусағы болатын ба еді? Егер түлкі болмаса, қайтып бұлай жер бауырлап жымып қаша алады? Аш белі қайқаңдағанда кіндігімен жер сыза жаздайды. Аяқ-қолы жерге тимейді. Сонда бұл түлкі болмағанда не болады?

Тарғыл бүркіт үсті-үстіне шаңқылдайды? Не деп шаңқылдайды? Бұған не істемейсің дейді? Неге қашасың дей ме? Неге қасынып қарсы шаппайсың дей ме? Неге айлаға жүгінесің дей ме? Қайратқа жүгінгенде не тапты? Қарсы шапқанда не тапты? Бұқпағанда, бұқпақтамағанда не тапты? Жан-жағына жалтақ-жалтақ қарап бас сауғалар пана іздемегенде не тапты? Мынау тарғыл бүркіттің баяғыдан бері бұл маңайдан көріп келе жатқаны шашылған қан, кураған сүйек емес пе еді? Қайсар болам деп қансыраған басқа не тапты солар... Сонда бұл не дейді? Жер

басып тірі жүрмендер дей ме?.. Не дейді? Тірі жүр десе, бұдан басқа қандай амалдары қалып еді? Айладан басқа қорғаны қайсы? Бөтенді көрсе жата келіп алысқаннан шыққан мүйізі қайсы? Өзімнен басқаның дегенін қылмаймын деп өлермендікке басқанда не тапты? Бөгденің бәрін жоу тұтпай, тіл табысуға тырысса, одан әлдеқашан сүйектері қурап қалған аруақтардың несі құрайды екен? Әлде олар бәрің де осылай көктей солып қуарып-қуарып қасымызға жатыңдар дей ме? Ендеше, бұл олардың айқанымен жүрмейді, әлдеқашан сүйегі қураған аруақтардың көңілін ауламай, жарыққа талпынған жыртық өкпе тірілердің күйін күйіттеп, жоғын жоқтайды...

Ол үшін де жазықты болатын болса, аруақтар қылатынын қылып алсын...

Манадан бері құлазып босап қалған қуыс кеудесіне лүп етіп бірдеңе түсіп кеткендей. Жүрегі ғой... Үйреншікті қанасын қайта келіп тапқаны ғой. Тыпыршып тулап жатыр екен дейді. Сол-ақ екен манадан бері өз-өзінен үгітіліп күйреп бара жаткандай көрінген қу сирақтарына қуат дарып, серейіп-серейіп шыға келген екен дейді. Жермен-жексен боп омырылып-опырылып бара жатқан бел омырткаларына әл бітіп, күдірейіп-күдірейіп шыға келген екен дейді. Салақ қойшының ұлтарағындай сатпақтанып, ені шекесін сабалап келе жатқан салпаң құлағы айбар жиып, едірейіп-едірейіп шыға келген екен дейді. Жалт бұрылып қарсы атылды. Аспанға атылды. Төбесінен сорғалап төніп келіп қалған тарғыл бүркіттің өзіне тап-тап берді. Аузын ашып, тісін ақситты. Іліксе қиып түсуге бел буды.

Көзіне қан толған ашулы бүркіт, қапелімде, селт ете қалғандай болды. Көсей тесеп келе жатқан көгіс тырнағын жалма-жан тартып әкеткендей болды. Қанатын далбаң-далбаң қағып қаша жөнелгендей болды. Біраз жерге дейін лақтырған кесектей зымырап барып қайта самғады. Әлі де болса мұның маңайынан кете алмай, шыр айналып шүйіп жүр. Бірақ, бұрынғыдай: «Бұл неткенің?» дегендей көзі қанталап, көрлене шүйімейді. Ай дала да бүйірін соғып, тілі салақтап, өкпесі өшіп шоқиып отырған бұны мүсіркеп, қиып кете алмай жүргендей айналып ұшады.

Бұл солай біраз отырды. Жан-жағына көз салды. Бас сауғалатар сая іздеді. Анадайдан бірдеңені көрді. Бөксесін сүйретіп қасына барды. Арбиған-арбиған қос дөңгелек. Тот баспаған. Жылтырап тұр. Соған қарағанда әлдекайда бағыт алып бара жатқан қозғалыс үстіндегі бірдеңе. Қазақ арасына жиі келіп тұратын тарғыл шапан саудагерлердің арбасына келіңкіремейді. Өңшең шойын... Үңірейіп аузын ашқан әлденесі сопайып тағы тұр. Әлгі от құсатын зеңбірек дейтіні осы емес пе екен? Ендеше мұның қасына қайдағы бір тарғыл бүркіт түгілі шайтан да жолай алмайды. Ендеше қандай қуғыншыдан да құтылғаның. Өзінің біраз келеңкесі де бар екен. Сұлк түсіп жата кетті. Көзі тағы да көкке түсті. Манағы тарғыл бүркіт әлі шүйіп жүр. Мұның ендігі күні не болар екен деп аландай шолып айналсоқтап жүргендей...

Ентігіп демі бітіп бара жатқандай болған соң оянып кетті. Өз көзіне өзі сенбей біраз жатты. Қараңғы түн. Терiскейден мұп-мұздай леп еседі. Тамып-тамып кетердей боп салбырай төніп тұрған жарық ноқаттар. Дала түнінің баданадай жұлдыздары. Білгір балгердің санап тартпай уыстап шаша салған құмалағындай быт-шыт бытырап жатыр. Тағдырдың жазуындай боп тас төбеңнен самсай қарайды.

Жастықтан басын көтерді. Айдалада жатыр. Анадай жерде бірдеңе сеңдейді. Әлгінде ғана түсінде көрген шойын зеңбірегі осы емес пе еді?! Бұл мұнда қайдан жүр?

Сонда барып есіне түсті. Бұлар мана жүріп-жүріп келіп аї бата осында тоқтаған. Жүріс соқты көліктердің жүгін шешіп, белдерін босатқан. Ханның қасында қалған азғантай нөкер өзөзінен елегізіп, сондарындағы ауыр керуенмен бірге түнеген. Бірбіріне қара болайық дескен. Анау бұның бас жағында үңірейіп тұрған, расында да зеңбірек. Керуенде ондай зеңбіректің бес-алтауы бар. Бұл мана күндіз «Осындайдың біреуін белдеуіме байлап қойсам, мені қандай жау ала алады?!» — деп ойлап келе жатқан. Ал, бірақ, әлгі тарғыл бүркіті қайдан жүр? Дәурен биіктен күн барында өткен сияқты еді ғой. Киелі үйік ешқандай нышан білдірмеген. Тек ең соңғы рет бұрылып қарағанда, оның батар күннің шапағына боянып, қашып бара жатқан түлкінің жонындай боп жымыңдай қызарғанына тіксініп қалған. «Нышаны осы болмағай»,— деп ойлаған. Түлкіні елестеткені бұны қоштағаны ма, мошқағаны ма? Ол түлкіге айналса, ендігәрі оның басына тарғыл бүркіт қайдан қонып отыра алады?! Әуелден, сірә, түлкі мен қыранның тұз-дәмі жарасып көрген бе? Темір шеңгел көк тағысы түз қылтыңын опыр-топыр жайратып тастамаушы ма еді? Сондай ақыр түбі жайрап қалар түлкіліктен не пайда? Сонда ашу сияқты ақылдың да баянсыз болғаны ма?!

Соны ойлағанда манағы Дәурен биіктің маңында қалған тарғыл бүркіт соңынан ілесіп ұшып келе жатқандай көрінген. Кім біліпті, киелі құс қараңғыда да жол табатын шығар. Көк жиектен тұтаса жылжып келетін қою қараңғыға араласып, ол да қуып жетіп қалғандай көрінген. Бір түрлі елегізіп жон арқасы шымырлап қоя берген. Күндегідей шошайып оқшау жүрмей, соңындағы қара құрым керуенге араласып кеткен. Жабыр-жұбыр мол шоғырдың ішіне енген соң дені жайылып «Тәйірі, тарғыл бүркіт түнде ұшып жарғанат болып кетті дейсің бе? Өзінің құтты биігіне қонып отырған шығар»,— деп ойлаған. Бірақ аял жасап, түнемеге келгенде қайтадан елегізген. Оқ дәрінің исінен өлі-тірінің бәрі қорқады ғой деп, төсегін зеңбіректің ық жағына салдырған.

Сонда әлгі көргені не? Аруақтар көзіне күндіз елестетпеген нышанды түнде түсіне кіргізгені ме? Тарғыл бүркіттің мұны қызыл түлкі қылып қуалап көргені, канша дегенмен, аруақтардың шамырқанғаны ғой. Жеме-жемге келгенде төбесінен сорғалап түспегені, не десе де, бұның басындағы хәлді түсінгені ғой. Сонда да айналсоқтап шыға алмай жүргені, қайтсе де желеп-жебейтін пейілдерінен таймағаны ғой.

Ендеше, баяғы Мәті бп айтқан түлкі дәуренінің біржола орнағаны ғой. Ал, сонда бұның әлгі тағдырдың жазуындай тарғыл бүркіттің өзіне тап-тап бергені не болғаны? Өлермендігі ме, өміршеңдігі ме...

Не де болса, келешек көрсетер...

Қалың ой құшағындағы хан жылы төсекке тереңдеп сүңгі түсті. Аспанға қарап еді — манағы бадана жұлдыздар жымжылас жоғалып, орнына бір күлгін қараңғы майлақы мұнар жайлапты.

Суыт жолаушы күн батқасын жөнді дұрыстап бағдарлай алатын жұлдыз көрінгенше, ал жұлдыз жоғалғанда айналаға жарық түсіп таң сыз бермей тұрып еру көшті жолға салмайтын. Ондай алакеуімде аттанған керуенді әлденелер алжастырып, адастырып кетеді деуші еді.

Хан да тәтті ұйқыдағы керуенді оятқысы келмеді.

Көкірегі алға ұмтылғанмен көзі аяқ-жөнді әлі жыға таныл үлгере қоймаған, таң сесі әлі біліне қоймаған елең-алаң кез еді.

Июль, 1980 жыл — август, 1983 жыл.

МАЗМҰНЫ

Бірінші бөлім

ТӘУЕКЕЛ
3

Екінші бөлім

ЕЛЕҢ — АЛАҢ
172

Абиш Кекильбаев

ПРЕДРАССВЕТНЫЕ СУМЕРКИ

Роман

(На казахском языке)

Редактор *Б. Шаханов*
Художник *А. Бейсенбинов*
Художественный редактор *Н. Нурмуханбетов*
Технический редактор *Н. Галицкая*
Корректор *Г. Ескубекова*

ИБ 2625

Теруге 26.06.84 жіберілді. Басуға 15.11.84 қол қойылды. УГ15064. Қалпы 60×90¹/₁₆. № 1 баспа қағаз. Қаріп түрі «Мектеби». Шығыңқы басылыс. Шартты баспа табағы 27,0. Шартты бояу көлемі 27,7. Есепті баспа табағы 31,0. Тиражы 30 000 дана. Заказ № 1095. Бағасы 2 с. 30т.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің Халықтар достығы орденді «Жазушы» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспектісі, 143 үй.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің «Кітап» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің Кітап фабрикасы, 480124, Алматы қаласы, Гагарин проспектісі, 93 үй.

Кекілбаев Әбіш.
К 28 Елең-алаң: Роман.— Алматы: Жазушы, 1984.— 432 бет.

Белгілі жазушы Ә. Кекілбаевтың оқырманға ұсынып отырған «Елең-алаң» атты бұл жаңа шығармасы автордың мұнан бұрын жарық көрген «Үркер» атты романының заңды жалғасы. Бұл екі кітаптың да негізгі желісіне Казақстанның Россияға өз еркімен қосылуы кезеңіндегі оқиғалар өзек болған. «Елең-алаңда» оқушылар өздеріне «Үркерден» таныс Әбілқайыр, Жәнібек, Есет, Тевкелеев, тағы басқа көптеген кейіпкерлермен қайта кездеседі. Сонымен бірге бұл романда автор Орынбор экспедициясының бастығы Кириловтың, Орал заводтарының билеушісі Татищевтің және де біраз жаңа кейіпкерлердің бейнесін жасаған.

Романның арқауы негізінен тарихи деректерге құрылған.

К $\frac{4702230200-186}{402(05)-84}$ 44—84

Каз 2



